

## БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДАҒЫ КІТАПХАНАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

**Қойшыбаева Алтын Боранбайқызы**  
**Қызылорда қаласы № 5 И.В.Панфилов атындағы**  
**мектеп-лицей кітапханашысы**

XXI ғасырдағы мектеп кітапханасының негізгі міндеті білім алушылардың ақпараттық мәдени тұлғасын, білім алу құқығы, еркіндік, бақыт, әлеуметтік қорғау, дұрыс қарым-қатынас тәрбиесін қалыптастыру болып табылады. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге», – деп Абай атамыз айтпақшы барлық адам баласы үшін кітап – рухани азық. Осы рухани азығымызды жетілдіруде, кітапхананың барлық қауымға тигізері мол. Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбие сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық.

Кітап- адамгершіліктің қайнар көзі, адамзаттың байлығы, өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, өнер білім бұлағы, оқу тәрбие құралы. Еліміздің жаңа даму сатысында стратегиялық бағыт-бағдардан бастау алған білімді, ізденімпаз оқырмандарымыздың ақпаратқа деген сұранысы жоғары. Сондықтан да халқымыздың ғасырлар бойы саралап, сақтап келген мұрасын XXI ғасыр жаһандану кезеңінде озық ойлы ғылыми кітаптармен, мультимедиялық басылымдармен толықтыру – уақыт талабы. Басты мақсатымыз- Қазақстан азаматтарының әлемдік-ақпараттық ресурстарға қажеттілігін қамтамасыз етуде қорды санымен емес, сапасымен, ақпараттық құндылығымен арттыру. Өсіп келе жатқан жас ұрпақ білімді кітаптан алары сөзсіз. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымның дамуы бағытында білім беру мазмұнын жаңарту бойынша елеулі жұмыстар жүргізілуде. Жаңартудың негізгі мақсаты, ол – орта білімнің сапасын көтеру. Осыған орай еліміздегі бірден-бір рухани қазына ордасы – мектеп кітапханасының алар орны зор. Осыған орай еліміздегі бірден-бір рухани қазына ордасы – мектеп кітапханасының алар орны зор. Мектеп кітапханасы бүгінгі жаңартылған білім мазмұнының ресурстық орталығы. Өскелең ұрпақтың талаптарын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту тұрғысында мектеп кітапханасының қосар үлесі бар. Мектеп кітапханасы – оқушыға әдебиет таңдау, оқырмандық қызығушылығын кеңейту, мұғалімге кәсіби өсуге көмектесуші, оқуға, дүниені тануға қозғау салушы болып табылады. Мектеп кітапханасы қазіргі таңдағы жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі, бүгінгі жаңартылған білім мазмұнының ресурстық орталығы. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мектеп кітапханасы жұмысының міндеті:

- оқушылар мен ұстаздарға қолда бар барлық оқу-әдістемелік және қосымша қолданыстағы немесе медиа ресурстармен тегін және еркін қолдануын қамтамасыз ету;
- оқушылар мен ұстаздарға жаңа ақпараттық технологияларды енгізу негізінде кітапхана ұсынатын қызмет түрлерін жетілдіріп, қолайлы оқу кітапханалық ортаны ұйымдастыру;
- экологиялық сауаттылық, азаматтық, патриоттық сана-сезімге тәрбиелеу;
- қолданушының шығармашылық әлеуметін дамыту, оқушылар мен мұғалімдердің ақпараттық мәдениетін дамыту;
- танымдық белсенділігін дамыту, оқуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, жұмысқа шығармашылық қарым-қатынасы;
- жауапкершілік сезімге тәрбиелеу, оқушылардың дербестігі және еңбекқорлығы;
- Оқушылардың құқықтық сана сезімін қалыптастыру, заң алдында жауапкершілігін арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын түсіндіру.
- салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Біздің рухани құндылығымыз, теңдессіз байлығымыз, өткен замандардың тұңғыш тереңінен сыр шертетін тарихты да, әдебиетті де, басқа ғылым кереметтері де, талай оқиғалардың куәсі, талай жаңалықтардың көзі – осы кітаптар ешқашан мәнін жойған емес.

"Кітап маған тақтан да қымбат", - деп көрсеткен Шекспир. Бұл сөзден түйер ойымыз, адамға жан азығы, рухани байлығы бола білген - кітап. Сол себепті оның орны тақтан да жоғары. М.Жұмабаев «Кітап оқудың маған тигізген пайдасын сіздерге айтып жеткізе алмаймын» деген еді. Кітаптың осыншалықты зор қасиетін жас ұрпаққа ұғындыратын, оларды кітапты сүйе білуге, оның құдіретті нұрын таратуға дағдыландыратын орынның бірі-кітапхана. Осыған орай мектеп кітапханасын тәрбие мекені, білім ордасы десек, артық айтқандық емес. Біз кітаппен өсіп, одан рухани нәр алып өскен ұрпақпыз. Сондықтан біз үшін кітап-өте қасиетті дүние.

Әр кітапханашы өз кітапханасындағы кітабын балапандай мәпелеп күтіп, сақтап, олардың неғұрлым оқырманның қолынан өткенін қалайды. Осы оқырманның қолына қызықты кітаптар ұсыну үшін кітап қорын көбейтудің жолдарын іздейді.

Қазақстан егемендік алған жылдар ішінде орта жалпы білім жүйесінде отандық оқулықтар жасалып, тәжірибеге енгізілуде, бұл мемлекеттің жас ұрпақты тәрбиелеу мен оларға білім беру басты назарда тұрғандығының айғағы.

Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Халқына Жолдауында: “Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” деген салиқалы үндеуінде айтқандай, әлемдік кеңістікке енуде ағылшын тілінің маңызы зор. Болашақ жастарымыз өз тілін ардақтай

отырып, заман талабы тудырып отырған үш тілде еркін сөйлеп, әлемнің кез-келген жерімен еркін байланысқа түсіп жатса еліміздің ертеңінің көркейте түсері сөзсіз. Осы мақсатта мектеп кітапханасы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай сөздіктер, көркем әдебиеттер ұсынады. Қазіргі таңда кітапхана ісі заман талабына қарай күрделеніп, әрбір қызмет аясында жаңа технологиялар негізделген белестердің орын алуы, кітапханашы мамандығын жаңа бетбұрысқа қалыптастырып келеді. Біздің ұлттық мүддеміз кітапханашының бет-бедерін жаңарту, жаңғыру жолдарында жұмыс жүргізу, оқырмандардың кітапханаға деген көзқарастарын қалыптастыру. Ал бүгінгі мақсат-дамушы емес, дамыған елдермен терезе теңестіру. Бұл тек төл тарихымыз бен әдебиетіміз арқылы ғана жемісті бола алады. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері кітапханамыз жаңа буын оқулықтармен, электронды және көркем әдебиеттермен толығып келеді. «Аруна», «Мектеп», «Жазушы» кітап баспаларынан шыққан оқулықтар, көркем әдебиеттерді айтуға болады.

Кітапхана қорын толықтыру ісінде заман талабына сай жаңа ізденістер мен идеялар қажет, бұл ретте оқырман талап-тілегі басты назарда тұруы тиіс. Бұл жұмыс жауапты, зерделі, ілгерілеудің қозғаушы күші ретінде кітапхана қорын жинақтауда ақпараттар тасқындаған замандағы оқырманның сұранысына сәйкес белсенділікті, көп ізденуді талап етеді.

«Мәдениет, өнер ұлы болмайынша, ұлт ұлы болмайды» дегендей, мемлекетіміздің болашағы жастардың мәдениет танымдылық қабілетін қалыптастыратын мәдени ортаның бірі кітапхана. Рухани байлық кітап оқу арқылы молаяды. Ал бүгінгі таңда жас ұрпақты кітап оқуға баулуды түрлі іс-шаралар арқылы жүзеге асырып отырамыз. Еліміз үшін елеулі күндерді естен шығармау кітапхана жұмысының бір тармағы деп танып, оқырмандар конференциясы, тәрбие сағаттары интерактивті тақтаны пайдалана отырып өткізілген «Алтын сақа» ойыны оқушылардың тіл байлығын, сөздік қорын пайдалана алуға, өзін көпшілік алдында ұстау дағдысына, сөйлей мәдениетіне үйретеді. Кітапханаға оқушылар жиі келіп, кітап жаздырып алу арқылы білімдерін толықтырады. Кітапхана- оқушылардың ой-өрісін дамытып, шығармашылықпен жұмыс істеуге үлкен ықпалын тигізеді. Сондықтан да кітапхана оқырмандардың кітаптан алған білімін санасына сіңіріп, көкірегіне тоқып, алған білімдерін ел игілігіне жұмсап жатса өте жөн болар еді. Олай болса еліміздің ертеңін нұрлы ететін жастарды өсіру үшін, ұлт намысын жоғары қоя білетін, елінің сөзін сөйлейтін ұрпақты тәрбиелеуде ақпарат құралдарын насихаттау біздің қолымызда. Бүгінгі оқушы ертеңгі ел маманының еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін артуы, олардың бойында ұлттық намыс, отаншылдық, адамгершілік қасиеттерінің ұлғая түсуі жолында кітапхана қызметкерлері - халқымыздың қилы тарихын, өнегелі әдет - ғұрпы мен салт - дәстүрін, мәдени мұраларын, әдебиет қазыналарын, тереңнен толғайтын сөз өнерін оқырмандарға кітап арқылы насихаттай білуі қажет.

\* \* \* \* \*

### Құстар-біздің досымыз!

Сарсенова Гульмира

Қызылорда қаласы №5 И.В.Панфилов атындағы  
мектеп-лицей кітапхана меңгерушісі

**Сабақтың тақырыбы:** «Құстар-біздің досымыз!»

**Сабақтың мақсаты:** Оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, құстардың түрлерімен таныстыру.

**Тәрбиелік:** Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту, адамгершілікке тәрбиелеу, заңды қорғауға, Отанға адал қызмет етуге тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар:** Суреттер, топқа бөлуге қажетті құралдар, пазлдар, интерактивті тақта.

**1-бала:**

*Сәуір міне келді жайнап*

*Көктемнің бұл айы.*

*Құс біткеннен төгілген ән*

*Бейне көктем жырлары.*

**2-бала:**

*Сағынышпен жеткен*

*Қуануа бер көктем.*

*Жайна нұрлы гүлдің*

*Көктем тірлік айғағы!*

Кітапханашы: -Сәлеметсіздерме, достар! Сіздерді «Құстар-біздің досымыз!» атты тәрбие сағатымызды тамашалауға шақырамыз! Көктем мерекесі «Құс күнімен» құттықтаймыз! Бұл мереке – табиғаттың қысқы ұйқыдан оянуын танытатын көктем хабаршысы. Жер бетінде 8600-ге жуық құстардың түрі бар. Біздің Республикамызда 474 құстың түрі бар.

«Көктем вальсі» әуенімен билеп «Көктем» келеді:

*Сәлем достар аманба?*

*Мынау бейбіт заманда.*

*«Құс көктем жаршысы»*

Ән саламын құс үнімен,  
Сәнденемін нұр гүлімен.  
Құттықтаймын бәріңді,  
Құс мереке күнімен.

Кітапханашы: Тақтада үлкен теректің басында тоқылдақтың қонып отырған суретін көрсете келе әңгімелейді. Ерте-ертеде жапан түзде жалғыз Терек өмір сүріпті. Жастайынын айналасына сүйсіне қарап ержетіп, бұғанасы бекіп кемеліне келген кезінде кенеттен сырқаттана бастапты.

Бұтақтары сынып, қотыр қабығының әр жеріне құрт түсіпті. Құрты көбейіп, әр жерін тесе бастапты. Тұла бойы қақсап ауырған соң амал бар ма?

-Уа, жаным-ай, жаным. Енді не қылайын. Құрт ауруына шалдықтым. Өзегімді тесіп жеп барады, бұтақтарым сырқырайды, жапырақтарым сыздайды жәрдем ете көріңдер.-деп терек күні-түні көмек сұрайды. Оның даусын естіп Ақ көгершін ұшып келеді.

-Терек ата, ауруыңыз жаман екен. Мен дәрігердің кім екенін білмеймін, дегенмен іздеп келейін,-деп ұша жөнеледі.

Көгершін ұшып келе жатып сауысқанға жолығады. Оған бар жайды баяндайды. «Терекке жақсылық жасай көр», -дейді.

Әркімнің өз жұмысы бар ғой, менің көмектесуге уақытым жоқ-дейді

-Сауысқанның уақыты жоқ болса, біз көмектесіп мына тапсырманы орындап жіберейік.

### **Неше құс? Ойыны**

#### **1 топ**

Көлден ұшса жеті қаз,  
Қайтып қонды екі қаз.  
Қонбады оның нешеуі  
Қане, кім тез шешеді?

#### **2 топ**

Су құйып ем астауға,  
Үш қаз ұшты аспанға.  
Үш қасқалдақ, бір қазан,  
Екі үйрек, бір сазан,  
Бір көксерке, бір қарға  
Қосылды кеп бұларға

#### **3 топ**

Тауықтардың біреуі  
Бес балапан шығарды.  
Көптен күтіп жүр еді,  
Інім қатты қуанды.  
Он жұмыртқа бастырған,  
Қарай алмай шаршады.  
Тауығының астыңда  
Жатыр әлі нешеуі?

Көгершін одан әрі ұшып қалың тоғайдың маңынан Қырғауылды көріп, мән жайды айтып еді, ол да өзінің көмектесе алмайтынын айтады. Қырғауыл үшін біз көмектесіп жіберейік.

Енді алдарыңызға берілген пазлдардан, құс суретімен сол құсқа байланысты мақал мәтелді құрастырамыз.

1 топ

2 топ

3 топ

Көгершін одан әрі ұшып, қалың тоғай ішінен бұлбұлдың үнін естіп мән-жайды оған да баяндайды.

-Кешір, Көгершін. Маған ренжіме, менің өз кәсібім бар ғой. Менің әнімді ормандағы аңдар, құстар түгілі адамдар да жақсы көреді. Мен үшін адамдардан көмек сұра,-дейді.

Кәне, бұлбұлдың тілегін орындап тапсырма орындайық.

1 топ

Екі айыр құйрығы,  
Қияқ мұрт қанаты,  
Ұшқырлардың жүйрігі.

2 топ

Шүнтиып қос құлағы,  
Түнде көрер қырағы.

3 топ

Түнде жортады,

Жарықта қорқады.

Көгершін әрі ұшып кетеді

Айдын көлде сыланып жүзіп жүрген Аққуға келеді. Оған да теректі емдей көр деп тілек өтініш айтады. Сонда Аққу:

-Мен қасиетті де киелі құспын ғой. Мен бұл жерден кете алмайын. Маған көп құстар келеді. Ақыл-кеңес сұрайды. Мен саған да ақыл айтайын. Сен осы тоғайда үйсіз-күйсіз, жұмыссыз жүрген құстар бар, солардың бірін тап та, өтініп көр. Мүмкін солардың біреуі саған ілесіп, Теректі емдеп қалар, -дейді. Аққу бара алмады.

Енді біз теректі аман алып қалу үшін құстың ұясын жасайық.

Көгершін Аққудың ақылын тыңдап, ормандағы сенделіп жүрген құстардың ішінен бір құсқа кез болады. Ол құс көгершіннің тілегін орындап, онымен бірге Терекке келіп, оның өзегін құрттан тазартады.

Балалар, сендер қалай ойлайсындар бұл қандай құс. Балалар: Тоқылдақ, тоқылдақ.

Кітапханашы: Олай болса бүгінгі ертегілерімізге қандай тақырып ойлауға болады.

Балалар:

**Тоқылдақ-орман дәрігері.**

Кітапханашы: Содан бері әлгі Терек жайқалып өсіп тұр екен. Тоқылдақтар ағашты құрттардан, шіруден сақтайды. Ал жасыл өсімдіктерді, ағаштарды күтсек, біздің денсаулығымызға пайдалы екенін білесіңдер.

-Өте жақсы, құстар өте пайдалы, олар ағаштардың құрттарын шоқып жейді. Сонда ағаштар жақсы өседі, ауадағы зиянды заттарды бойына жұтып, таза ауа бөліп шығарады. Сол таза ауаны біз жұтамыз.

Осымен бүгінгі «Құстар біздің досымыз» атты сабағымыз аяқталды.

\* \* \* \* \*

### **Воспитание творчеством. Первые шаги**

**Лысенко М.А., педагог Дополнительного образования ГККП**

**«Городской дворец школьников»**

**художественный Руководитель студии классического Танца «Волшебный башмачок»**

В статье предоставлены основные принципы, методы и средства обучения классическому танцу на начальном, этапе подготовки детей к творческой деятельности в самостоятельном хореографическом коллективе.

Сегодня хотелось поговорить о том, нужен ли в детском самостоятельном коллективе классический экзерсис? Для меня ответ на этот вопрос всегда утвердителен. Да, нужен, потому что классический танец-это веками отработанная и проверенная система занятий у станка и на середине класса, которая наилучшим образом готовит юного танцора к решению сложных танцевальных задач. Классический танец-это основа, которая обогатит психофизическую сферу ваших учеников, поможет усовершенствовать пластику и выразительность юных артистов, разовьет координацию и приучит изначально правильно выполнять все каноны любого вида хореографии. Но как же пользоваться этой системой знаний?

С чего начать обучение? Как обучать? Какие методы и средства использовать? Какие элементы движений применять? Первый шаг-это оценка анатомических, психофизических и музыкально-ритмических способностей ребенка. Исполнение номеров классического танца всегда предполагает наличие у танцора изначальных данных - способности к выворотности, мягкости и крепости мышечно-связочного аппарата, что дает возможность развития высокого балетного шага, легкости и красоты прыжка и способности к устойчивости (апломбу). Все это можно оценить с помощью специальных упражнений («лягушка», «бабочка», прыжки на месте, поднимание на полупальцы, «стеночка»). Координация движений и музыкальность проверяются с помощью элементарных танцевальных движений под музыку с добавлением движений рук и головы, сменой направления движения, сменой темпа музыкального сопровождения. (подсказки, галоп, марш, танц. шаги). Музыкальный ритм проверяем с помощью различных ритмических схем с хлопками и притопами.

Теперь поговорим о том, как обучать. Элементы классического танца трудны для исполнения ребенком, но они очень хорошо воспитывают не только тело, но характер танцора. А классическая музыка обогащает душу ребенка, повышает его умственные способности и психические процессы: внимание, память, восприятие, воображение и волю.

Какие методы мы используем в своей работе? Первый и самый главный метод- это метод показа. Здесь большое значение приобретает личность самого педагога, его внешний вид. Хореограф всегда должен выглядеть так, как он хочет, чтобы выглядели его ученики, поскольку на занятии он для них - единственный и главный пример для подражания. Дети -это наше зеркало. Они замечают все: как учитель одет, причесан, в каком он настроении, как он общается с другими людьми, детьми. Здесь на первое место выходит самоконтроль учителя. Никогда не показывайте движение формально. Поскольку первое впечатление от показа всегда самое сильное, ребенок воспримет движение именно так, как вы показали его в первый раз. Очень полезно при первом показе попросить детей быть только «зрителями»- покажите движение полностью, под музыку, в полную силу и с удовольствием, как говорят хореографы: «Вкусно!» Поверти, этим вы произведете впечатление на детей! И только после этого, подключите к показу учеников.

Второй метод- словесный. Он эффективен, когда ваш голос и речь убедительны. Объясняя упражнение, называйте самые ключевые моменты движения. Если объясняете исполнение комбинации движений, называйте

элементы профессиональными терминами. В классическом танце термины на французском языке. Дети запомнят, термины и будут общаться, с вами на одном танцевальном языке. Объясняйте движение ровным, четким и громким голосом - так вы удержите внимание большинства в поле своего зрения.

Но здесь важно осознать, что не будет никакого эффекта от обучения, если вы показываете движение детям, и они, глядя на вас, автоматически повторяют. Попробуйте, сидя на стуле, или стоя, не двигаясь, «проговорить» движение - разложить его на отдельные элементы, называя их по - порядку, от начала движения до конца. Пусть учащиеся по вашим словам попробую воспроизвести сказанное. Это научит ваших учеников во-первых - слышать вас; во - вторых - думать, мыслить и осознавать услышанное; а в- третьих - применять полученные навыки на практике.

Третий метод - метод упражнения. Он учит ребенка трудиться. Этот метод знаком всем. Здесь важно только сказать, что неприемлемо показывать движение ребенку бесконечное количество раз! Двух-трех раз вполне достаточно. А дальше давайте возможность ребенку упражняться самому.

Теперь немного поговорим о средствах, о том, что можно применять на практике на начальном этапе обучения. На первом занятии мы обычно проводим так называемые «Знакомство с собой.» Здесь мы рассказываем, показываем детям, что главным инструментом в танце является тело человека, его пластика. Мы с детьми исследуем ноги, руки, корпус, спину, называем правильно части тела. Для многих детей, как показывает опыт, эта информация является новой. Так же на первом занятии мы изучаем такие понятия, как «право», «лево», «правая и левая нога». Затем изучаем направление в пространстве. И только потом приступаем к изучению элементов классического танца - позиции ног и рук. Образно объясняем положение рук в позициях, делая при этом понятные детям образные сравнения. Их каждый педагог может придумать сам. Для выработки навыка музыкального исполнения движения просим детей считать под музыку или «проговаривать» движения ногами! Здесь работает принцип - когда ноги «слышат» движение - они правильно танцуют.

В заключение хочется сказать, что работа с начинающими юными танцорами достаточно многоемка и трудна. Но вместе с тем, в ней для педагога открывается много возможностей и интересных моментов для проявления личного творчества и сотворение своего уникального профессионального опыта, который позволяет экспериментировать, создавая оптимальные варианты обучения.

Литература:

1. В. Звездочкин «Классический танец» Ростов-на-Дону, 2003 г.
2. Т.Барышникова «Азбука хореографии» МД999 г.
3. Т.Пуртова, А.Беликова, О.Кветная «Учите детей танцевать» ГИЦ «Владос» 2003 г.
4. Танцевально-игровая гимнастика «Сафи-дане» Санкт-Петербург, 2000 г.
5. А.Лук «Психология творчества»М, 1978 г.

\* \* \* \* \*

Қарағанды облысы, Шет ауданы, Талды ауылы  
Талды жалпы орта білім беру мектебінің  
бастауыш сынып мұғалімі Аханова Кулима

**Тақырып: «Геометрия – геометриялық фигуралар мен олардың қасиеттері»**

**Түсінік хат.**

«Геометрия – геометриялық фигуралар мен олардың қасиеттері» авторлық бағдарламасы 4 сынып оқушыларына арналған. Геометрияны оқыту әдістемесі оқушылар сабақта көзбен көру арқылы салыстыра отырып көлемдерін анықтай алуды үйренеді. Сабаққа танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін қанағаттандырумен қатар интеллектуалдық сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндіктерін туғызады.

**Курстың мақсаты:** білім, білік және дағдыларды игерту, танымдық және коммуникативтік іс – әрекетке, өздігінен білім алуға және еңбекке бейімдеу. Оқушының ақыл – ойының геометриялық стилін, интеллектуалдық сапаларын дамыту, меңгерген геометриялық білімін өмірде қолдануға жан – жақты дайындауды жүзеге асыру.

**Курстың міндеттері:**

- оқушылардың геометриялық қызығушылығын ояту, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;
- алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;
- ойын жүйелі жеткізуге дағдыландыру, ұқыптылыққа, білімділікке, геометриялық фигураларды дұрыс сыза білуге тәрбиелеу;

**Арнаулы курсты оқытуға қойылатын талаптар:**

1. геометриялық фигураларды ажырата алуы және олардың қасиеттері;
2. геометриялық ұғымдар, геометриялық ұғымдарды тану, мағынаны түсіну;
3. геометриялық фигураларды дұрыс сызу, сызғыштың көмегімен кесіндінің ұзындығын өлшей алуы;
4. периметрін табу;
5. ауданың есептеу;
6. шағын тест алу.

«Геометриялық фигуралар және олардың қасиеттері» курсы оқып үйрену нәтижесінде білуі тиіс:

1. геометриялық фигураларды латын алфавитінің әріптерімен белгілеуді және сол белгілеулер бойынша оқи алуы;
2. тік төртбұрыш (шаршының) ауданы және периметрін есептей алуы тиіс;
3. тік бұрышты параллелипипедтің (текшенің) көлемін табу;
4. геометрия бойынша есептер шығара білуі.

Курстық бағдарламаның негізгі мазмұны: Барлығы – 34 сағат.

**I бөлім. Кіріспе бөлім.** (1 сағат) Геометрияның негізгі түсініктері.

**II бөлім. Геометрия – геометриялық фигуралар мен олардың қасиеттері.** (8 сағат)

1. кесінділерді, нүктелерді, бұрыштарды, тік төртбұрыштарды, шаршыларды сызғызу;
2. үшбұрыш, тіктөртбұрыш, шаршы, көпбұрыш, шеңбер – бұлар жазық геометриялық фигуралар екенін ұғындыру;
3. кесінді сызғызып сол нүктелердің қайсысы кесіндіге тиісті екендігі, сынық сызық, сынықтың буындары туралы мағлұмат;
4. бұрыш, бұрыштың таңбасы, бұрыштарды өлшеу, қосымша сәулелермен құрылған бұрыш жазыңқы деп аталатынын айту;
5. бұрыштарды салыстыру, кез келген бұрышты өлшеуге болатынын түсіндіру;
6. бұрышты транспортирмен өлшейтінің, транспортирдің құрылысы мен қолданылуы туралы түсінік беру;
7. циркульдің құрылысы мен қолданылуы туралы түсінік беріп, бір ашасы қадалған нүктеден екінші ашасын айналдыра жүргізілгенде шыққан сызықты шеңбер деп атайтынын, дөңгелек пен шеңбердің центрі, радиусы, диаметрі туралы ұғындыру;
8. кесінділерді салыстыру, ұзындық бірліктерінің арасындағы байланыс.

**III бөлім. Ауданды палеткамен өлшеу.** (1 сағат)

Палетканы пайдаланып, фигураның ауданын есептеу.

**IV бөлім. Фигуралардың ауданы мен периметрін таба білуге үйрету.** (15 сағат)

1. фигуралардың ауданын салыстыру;
2. тік төртбұрыштың ауданы;
3. шаршының ауданы;
4. геометриялық фигураларды латын әріптерімен белгілеу;
5. үшбұрыштың элементтері;
6. көпбұрыштың ауданы;
7. үшбұрыштың ауданы;
8. көпбұрыштың ауданын басқа геометриялық фигуралардың көмегімен өлшеу;
9. фигуралардың симметриялығы;
10. фигуралардың ауданын тауып, оны палеткамен өлшеп үйрену.

**V бөлім. Тік бұрышты параллелипипед. Текше.** (6 сағат)

- . тік бұрышты параллелипипед және куб, көлемді фигуралар;
- . параллелипипед фигурасымен таныстыру, оның сызылу жолын үйретіп, дұрыс сыза білуге тәрбиелеу;
- . кубтың моделін жасатып, өзіндік жұмыс алу;
- . конус, пирамида, призма, цилиндр – геометриялық денелер деп аталатынын түсіндіру.

**VI бөлім. Геометриялық мазмұнды есептер шығару.** (3 сағат)

1. периметр, ауданды табуға есептер шығару;
2. кері есептер.

**Күтілетін нәтиже:** «Геометрия – геометриялық фигуралар мен олардың қасиеттері» таңдаулы курсы оқып үйренуді көлемді фигуралар немесе геометриялық фигуралардың нүктелерден және түзулерден тұратынын ұғынады. Әр бала жазықтықтағы және кеңістіктегі фигураларды бейнелей білу қабылеттерін арттырады. Меңгерген геометриялық білімін өмірде қолданып практикамен ұштастыра біледі.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Т.П.Кучер, Ә.С.Акрамова, Г.И.Кукарина, А.Қ.Әділбекова. Математика. Алматы «Атамұра», 2010.
2. Т.Оспанов және авторлар. Бастауыш мектеп. 1996.
3. О.Б.Глушкова, В.А.Черепенко. Оқушының анықтамалығы. «Алматыкітап баспасы» ЖШС. 2009.
4. В.П.Слепнева. Бастауыш сынып оқушыларына арналған қысқаша анықтамалық. Көкшетау. 2012.
5. Бастауыш сыныпта оқыту әдістемелігі. 2012.

\* \* \* \* \*

## Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттырудың маңыздылығы

Ахметова Жанар Абаевна. Омарова Маржан Кайдарқызы  
Қарағанды облысы №18 ЖББОМ бастауыш сынып мұғалімдері

Өркениетті мемлекеттің де негізгі тірегі – білімді де білікті, іскер де белсенді адамдар. Демек, заман талабына сай қоғамды көркейтіп, дамытатын шәкірттер тәрбиелеу біздің міндетіміз. Мектеп – келешек ел басқарар, елі мен халқын гүлдентер, мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды шыңдайтын киелі ұя. Қазіргі еліміздің жас ұрпағы білімді тұлға ретінде, таланты мен талабы әлемдік стандарттарға сай келетін, бәсекеге төтеп бере алатын деңгейге жеткізу ұстаздарға жүктелетін аманат деп есептеймін.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары еліміздің білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқын көрсетілген. Олай болса, қазіргі білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – жаңашыл, шығармашылық қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, алға қойған мақсаттарды орындау үшін еліміздегі оқу білім алушыларымыздың шығармашылық әлеуетін жан-жақты өсіру болмақ.

Бүгінгі күннің мұғалімі – шығармашылық адам. Ол қаншалықты ізденсе, болашақ ұрпаққа соншалықты сапалы білім бермек. Мұғалімнің сапалылығы адамгершілік, имандылық сезімдердің жоғарғы дәрежеде қалыптасқан деңгейі, балаға деген сүйіспеншілік, ізгілік, педагогикалық байқағыштық, кез-келген жағдайда жол таба білетіндігі.

Елбасы Н.Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды.

Ұлттық жоспардың мақсаты - Қазақстан білім сапасын жетілдірудегі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс – шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету.

Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында – «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр» деген болатын. Қазіргі кезде пәнде оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор.

Бүгінгі таңда пәнді сапалы оқыту ізденістері – пән мұғалімін толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі.

Осы орайда кез - келген педагогикалық жаңа технология оқушылардың сабақ барысындағы белсенділігін арттыруға тікелей әсер етуі керек. Демек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы арқылы алуға тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасады. Теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық - ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сыни тұрғыдан ойлау барысында, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, дүниетану сабақтарында зерттеу жұмысын жүргізу тәсілдерін қолдану арқылы оқушының өзіндік ой пікірін, қалыптастыруға, оның нақты айғақтармен дәлелдеп шығуларына көп көмек береді.

Берілетін тапсырмаларды мейлінше түрлендіріп отырғанда, баланың өздігінен ізденуі, зерттеушілік қызығушылығы арта түседі. Оқушының бойында сенімділік, үлкен жауапкершілік, тапсырманы толық орындауға деген қызығушылық пен құштарлық пайда болады. Баланың болашақтағы өміріне таңдау жасауына көп көмек болып табылады. Мынандай құрылымдары күнделікті сабақ барысында қолдануды қалыптастырғанда функционалдық сауаттылық даму қалыптасады:

- оқушыға деген сенімділік, оның жан дүниесін сезіне білу;
- күнделікті оқу-тәрбие үрдісін дұрыс жоспарлай білу;
- оқушының іскерлігін болжай алу;
- қабілетін ескере отырып берілетін тапсырманың жүйелілігі;
- берілген тапсырманың көлемі емес тиімділігі мен сапасы.

Бүгінгі шәкірт – ертеңгі күнгі әр түрлі саланың маман иесі. Ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннің «Егер балалар бірдеңе түсінбейтін болса», оқытушы оларды кіналауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кіналауға тиіс» – деген қанатты сөздерді ұмытпауымыз керек.

Еліміздің болашағы жарқын болуы үшін ең алдымен білімді ұрпақ қажет. Елбасы Н.Назарбаев 2014 жылы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында «Білім беруді дамыту бағдарламамыз жалғаса береді. «Нұрлы жол» Жаңа экономикалық саясат - әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына бару жолындағы біздің ауқымды қадамымыз» - деп атап көрсеткен.

Елдің ертеңі білімнің тереңдігі мен өлшенеді демекші. Үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Сондықтан білім беру саласының басты мақсаты оқушыларды

өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту және олардың шынайы өмірде дара тұлға етіп қалыптасуына ықпал ету.

«Шәкірт – нығырлай беретін ыдыс емес, керісінше тұтандыруды талап ететін шырақ» демекші оқушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп дайындау мектептің басты мақсаттарының бірі.

Қорыта айтқанда, әр сабақта оқушының жан дүниесіне еніп, бар білімді сан түрлі тәсілдер арқылы оқушы бойына дарытқан жөн. Өйткені, бала – өміріміздің болашағы. Оларды біліммен сусындатып, өмірге деген көзқарасын қалыптастырып, саналы азамат етіп тәрбиелеу – барша ұстаздың қасиетті міндеті.

\*\*\*\*\*

## **ЗНАЧЕНИЕ ИГРЫ В ДОШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ**

**Глубоких Ольга Геннадьевна**  
**ЧУ «Гвоздичка»**

Дошкольный возраст – первоначальный этап усвоения общественного опыта. Ребенок развивается под воздействием воспитания, под влиянием впечатлений от окружающего мира. У него рано появляется интерес к жизни и работе взрослых. Игра – наиболее доступный ребенку вид деятельности, своеобразный способ переработки полученных впечатлений.

К игре детей побуждает стремление знакомиться с окружающим миром, активно действовать в общении со сверстниками, участвовать в жизни взрослых, осуществлять свои мечты.

Игра – важное средство умственного воспитания ребёнка. Знания, полученные в детском саду и дома, находят в игре практическое применение и развитие. Воспроизводя различные события жизни, эпизоды из сказок и рассказов, ребенок рассуждает над тем, что видел, о чем ему читали и говорили, смысл многих явлений, их значение становится для него более понятным.

Игра представляет собой особую деятельность, которая расцветает в детские годы и сопровождает человека на протяжении всей жизни. В настоящее время общепризнанно, что игра является ведущей деятельностью ребенка дошкольного возраста.

Игра занимает в жизни дошкольника особое место. Исследователи (Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин и др.) отмечают, что именно самостоятельные формы игры имеют в педагогике самое важное значение для развития ребенка. В играх наиболее ярко проявляется личность ребенка.

Н.К. Крупская писала: «Для ребят дошкольного возраста игры имеют исключительное значение, игра для них учёба, игра для них труд, игра для них серьёзная форма воспитания. Игра для них – способ познания окружающего. Играя они изучают цвета, форму, пространственные отношения...».

К.Д. Ушинский определил игру как посильный для ребенка способ вхождения во всю сложность окружающего мира взрослых. Путем подражания ребенок воспроизводит и усваивает основные стороны человеческих отношений. По мнению Д. В. Менджерицкой игра призвана решать задачи на развитие нравственных и общественных качеств и игра должна носить развивающий характер и происходить под контролем взрослого.

Не смотря на важность игры как всестороннее развитие ребенка, игра вытесняется учебной деятельностью. Большая часть времени родители посвящают подготовке детей к обучению.

Поэтому лучшим и проверенным средством формирования детской личности дошкольного возраста является активная деятельность самого ребенка. Игра в этом отношении имеет ряд преимуществ. Она является важным средством контроля в жизни детей, дает большую возможность для проявления детской непосредственности, положительных чувств и поступков. Характер ролевых и строительных игр способствует воспитанию у детей добрых и осознанных взаимоотношений. Усвоение различных правил помогает регулированию детских взаимоотношений.

Ребенку нужна активная деятельность, способствующая повышению его жизненного тонуса, удовлетворяющая его интересы, социальные потребности. Игра имеет большое образовательное значение, она тесно связана с обучением на занятиях, с наблюдением повседневной жизни. В творческих играх происходит важный и сложный процесс освоения знаний, который мобилизует умственные способности ребенка, его воображение, внимание, память.

Известно, что игра возникает в том случае, когда у ребенка имеются яркие, конкретные представления о каком-либо событии или явлении. Которое ему интересно и которое оказывает на него большое эмоциональное воздействие. Поэтому основной путь влияния на выбор темы игры – создание у детей таких представлений. Знакомство с трудом взрослых, с событиями общественной жизни, чтение и рассказывание художественных произведений, сказок. Просмотр фильмов дают материал для игры, заставляют работать воображение. Часто хорошие игры возникают по инициативе детей. В таком случае важно вовремя поддерживать интересную идею, направить усилия дошкольников на ее осуществление.

Условно игры можно разделить на две основные группы: сюжетно-ролевые и игры с правилами.

Сюжетно-ролевые игры – это игры на бытовые темы, тетрализованные игры, игры – забавы, развлечения.

К играм с правилами относятся дидактические игры и подвижные игры.



Сюжетно – ролевая игра ребенка носит творческий характер, где дети берут на себя роли и воспроизводят деятельность и отношения взрослых с вами и занимательностью сюжета. В таких играх дети способны на интересную выдумку, они сами вносят разнообразие в ту или иную игру. Детская инициатива оказывает огромное влияние на воспитание не только на одного ребенка, так и на всю группу.

Игры с правилами имеют другое назначение: они дают возможность систематических упражнений, необходимых для развития мышления, чувств и речи, произвольного внимания и память, разнообразных движений. Каждая игра с правилами имеет определенную дидактическую задачу, но в конечном, счете она направлена также на решение основных воспитательных задач. Дидактические игры особенно интересуют детей своей занимательностью и содержанием: отгадать, найти, назвать. Дети добиваются результата в игру, руководствуясь определенными правилами. Интерес к качеству игровой задачи проявляется: аккуратно сложить узор, верно, подобрать картинку и так далее.

Интересная игра повышает умственную активность ребенка, и он может решить более трудную задачу, чем на занятии.

Но это не значит, что занятия должны проводиться только в форме игры. Обучение требует применения разнообразных методов.

Игра дает хорошие результаты только в сочетании с другими методами: наблюдениями, беседами, чтением и др., т.к. играя, дети учатся применять свои знания и умения на практике.

В играх с правилами требуется обобщение знаний, самостоятельный выбор в решении поставленной задачи.

Иногда родители, желая воспитать своего ребенка очень ответственным, грамотным, стремятся как можно раньше приобщить его к учебной деятельности (например, наняв репетитора и «усадив» его за изучение иностранных языков), не оставляя времени на игры, тем самым снижая социальность в развитии ребенка. Развитие ребенка становится дисгармоничным (например, ребенок очень хорошо умеет считать, писать, но оказывается совершенно не умеет налаживать контакт со сверстниками; в худшем случае – у ребенка может случиться нервное перенапряжение, могут возникнуть проблемы с поведением, навязчивые страхи и т. п.).

Именно в дошкольном возрасте возникает умение вести себя в соответствии с принятыми на себя ролями, что очень важно для дальнейшего социального развития ребенка.

Основной вид деятельности детей дошкольного возраста – игра, в процессе которой развиваются духовные и физические силы ребенка: его внимание, память, воображение, дисциплинированность, ловкость и т. д. Кроме того, игра – это своеобразный, свойственный дошкольному возрасту способ усвоения общественного опыта.

В игровой деятельности формируются многие положительные качества ребенка, интерес и готовность к предстоящему учению, развиваются его познавательные способности. Игра важна и для подготовки ребенка к будущему, и для того, чтобы сделать его настоящую жизнь полной и счастливой. Чтобы выполнить эту задачу, необходимо создать в детских садах все условия для разнообразных игр, внимательно, с уважением относиться к ним, вдумчиво, умело руководить ими.

Играя, дети учатся жить!

### Литература:

1. Еремеева В. Д. Мальчики и девочки. Учить по – разному, любить по – разному. Нейропедагогика – учителям, воспитателям, родителям, школьным психологам. – Самара; Учебная литература, 2005. – 160с.
2. Губанова Н. Ф. Игровая деятельность в детском саду. Для работы с детьми 2 – 7 лет.: Мозаика – Синтез. 2015. – 128 с.
3. Скоролупова О. А. Логинова Л.В. ИГРАЕМ? ... ИГРАЕМ!!! Педагогическое руководство играми детей дошкольного возраста. – М.: «Издательство Скрипторий 2003». 2006. – 111 с.

\* \* \* \* \*

Мадиева К.Қ.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті  
Қарағанды жоғары политехникалық колледжі

Энергия есебімен біркелкі емес балкулар температуралық модельінің  $\mathcal{E}$  - аппроксимациясы

Аннотация.

Сығылмайтын балқытудың стационарлы модельі  $\mathcal{E}$  - аппроксимация құрылды. Металды балқытуға арналған гидродинамикалық теңдеулер шешімі туралы теорема дәлелденді. Энергия диссипациясын есепке алатын біркелкі емес балкулардың температуралық модельі есептерінің шешімі туралы теорема дәлелденді. Аналитикалық сияқты сандық сығылмайтын жабысқақ тасқын үшін, шектік есептер тұрақтылығын қамтамасыз ететін Навье-Стокс теңдеуін зерттеуге арналған Галеркин әдісі іске асырылды.

Навье-Стокстың стационарлы емес теңдеулері үшін бастапқы-шектік есептерді қарастырайық.  $\Omega \subset R^2$  аумағындағы [41] біркелкі емес балқудың температуралық модельін қарастырайық:

$$\rho \frac{\partial v}{\partial t} + (v \cdot \nabla)v = \mu \Delta v - \nabla p + e\theta\rho + \rho f, \quad (1)$$

$$\frac{\partial \rho}{\partial t} + (v \cdot \nabla)\rho = 0, \quad (2)$$

$$\operatorname{div} v = 0, \quad (3)$$

$$\rho \frac{\partial \theta}{\partial t} + (v \cdot \nabla)\theta = \operatorname{div}(\lambda(\theta)\nabla\theta) + \mu\sigma, \quad (4)$$

$$\sigma = \sum_{i,j=1}^2 \frac{\partial v_i}{\partial x_j} + \frac{\partial v_j}{\partial x_i}, \quad (5)$$

бастапқы-шектік шарттармен:

$$v|_{t=0} = v_0(x), \rho|_{t=0} = \rho_0(x), \theta|_{t=0} = \theta_0(x), v|_S = 0, \frac{\partial \theta}{\partial n}|_S = 0, t \in [0, T], \quad (6)$$

мұндағы  $\sigma$  - энергиялар диссипациясы,  $\mu$  - балқу жабысуы,  $\lambda(\theta)$  - жылуөткізгіштік коэффициенті,  $n$  -  $S$ ,  $e = [0,1]$  шекарасы сыртқы нормальі.

(1) - (6) есептерінің шешімі Смагулова Ш. С. және Кажихова А. В. [42,43] еңбектерінде зерттелген. (1) - (5) теңдеулер жүйесі эволюциялы емес, сондықтан бөлшектік қадамдар әдісін қолдану қиынға соғады. Осыған байланысты, (1) - (5) аппроксимация жүйелері оқылып және көмекші есептер шешімінің болуы туралы теорема зерттелуде.

$S$  тегіс шегімен  $\Omega \subset R^2$  шектелген аумағында балқу қозғалысы жүріп жатыр. Қарапайымдылық үшін  $S$  шекарасы салмақты және балқу мен сыртқы ортада жоқ деп қарастырайық.

(1) - (5) теңдеулер жүйесінаппроксимациялайтын, аз параметрлермен теңдеулер жүйесін қарастырайық:

$$\rho^\varepsilon \frac{\partial v^\varepsilon}{\partial t} + (v^\varepsilon \cdot \nabla)v^\varepsilon = \mu \Delta v^\varepsilon - \nabla p^\varepsilon + e\theta^\varepsilon \rho^\varepsilon + \rho^\varepsilon f - \rho^\varepsilon \frac{v^\varepsilon}{2} \operatorname{div} v^\varepsilon, \quad (7)$$

$$\frac{\partial \rho^\varepsilon}{\partial t} + (v^\varepsilon \cdot \nabla)\rho^\varepsilon = 0, \quad (8)$$

$$\varepsilon p^\varepsilon + \operatorname{div} v^\varepsilon = 0, \quad (9)$$

$$\rho^\varepsilon \frac{\partial \theta^\varepsilon}{\partial t} + (v^\varepsilon \cdot \nabla)\theta^\varepsilon = \operatorname{div}(\lambda(\theta^\varepsilon)\nabla\theta^\varepsilon) + \mu\sigma^\varepsilon, \quad (10)$$

$$\sigma^\varepsilon = \sum_{i,j=1}^2 \frac{\partial v_i^\varepsilon}{\partial x_j} + \frac{\partial v_j^\varepsilon}{\partial x_i}, \quad (11)$$

бастапқы-шектік шарттармен:

$$v^\varepsilon|_{t=0} = v_0(x), \rho^\varepsilon|_{t=0} = \rho_0(x), \theta^\varepsilon|_{t=0} = \theta_0(x), v^\varepsilon|_S = 0, \frac{\partial \theta^\varepsilon}{\partial n}|_S = 0, t \in [0, T], \quad (12)$$

Теореманы дәлелдемес бұрын қажет анықтаманы реттеп алайық.

Анықтама 1. (1) - (6) есептерінің шешімі деп туындылармен бірге қосылып, (1) - (5) теңдеулер жүйесіне шығатын, (1) - (6) теңдеулерін қанағаттандыратын  $(v, p, \rho, \theta)$  функциясын айтамыз.

Сәйкесінше (7) - (12) есептерінің шешімі беріледі.

Теорема 3.

$f \in L_p(Q)$ ,  $\Omega \subset E^2$ ,  $v_0(x) \in W_p^1(\Omega)$ ,  $0 < m \leq \rho_0(x) \leq M < \infty$ ,  $\lambda(\theta)$  - үзіліссіз

дифференциалды  $\theta$ ,  $\rho_0(x) \in W_p^1(\Omega)$ ,  $p > 2$ ,  $\lambda(\theta) \sim \theta^2$ , кезінде  $\theta \rightarrow \infty$ ,

$\theta_0(x) \in L_\infty(\Omega)$ ,  $\theta_0 \in L_p(\Omega)$ ,  $\varepsilon > 0$ ,  $S \in C^2$ ,  $\mu > 0$ . болсын. Онда (7) - (12) есептері үшін жалғыз

шешім болады және шешімі баға орнына тәуелді болады:

$$\left\| \frac{\partial v^\varepsilon}{\partial t} \right\|_{L_p(0,T,L_p(\Omega))} + \|v^\varepsilon\|_{L_p(0,T,W_p^2(\Omega))} + \frac{1}{\varepsilon} \|\operatorname{div} v^\varepsilon\|_{L_p(0,T,L_p(\Omega))} + \|\rho^\varepsilon\|_{W_p^{1,1}(Q)} +$$

$$+ \|\theta^\varepsilon\|_{W_p^{2,1}(Q)} \leq C < \infty,$$

мұндағы  $C$  -  $\varepsilon$ -тәуелсіз тұрақты.

Теореманы дәлелдеу үш кезеңнен тұрады: бағалауды алу, жуық есептеулерді құруға арналған Галеркин әдісінің қолданысы мен шектік ауысу.

Бағалау. Максимум принципіне сай  $0 < m \leq \rho_0^\varepsilon(x) \leq M < \infty$ . (7) теңдеуін  $v^\varepsilon(x,t) \in L_2(\Omega)$

жазықтықтағы  $v^\varepsilon(x,t)$ -ға көбейтеміз және жеке-жеке интегралдаймыз.

Коши теңсіздігін қолданып:

$$\left| \int_{\Omega} \rho^\varepsilon(f, v^\varepsilon) dx \right| \leq \left( \int_{\Omega} \rho^\varepsilon |v^\varepsilon|^2 dx \right)^{\frac{1}{2}} \left( \int_{\Omega} \rho^\varepsilon |f|^2 dx \right)^{\frac{1}{2}},$$

теорема негізінде келесі бағалауды аламыз:

$$\|v_x^\varepsilon\|_{L_p(0,T,L_p(\Omega))} + \frac{1}{\varepsilon} \|\operatorname{div} v^\varepsilon\|_{L_p(0,T,L_p(\Omega))} \leq C < \infty. \quad (13)$$

(10) теңдеуін  $\theta_t^\varepsilon$  көбейте отырып және  $\Omega$  аумағында интегралдай отырып келесіні аламыз:

$$\frac{1}{2} \frac{d}{dt} \int_{\Omega} \lambda(\theta^\varepsilon) \theta_x^{\varepsilon 2} dx + \int_{\Omega} \rho^\varepsilon \theta_t^{\varepsilon 2} dx = \int_{\Omega} \frac{1}{2} \left\{ \lambda(\theta^\varepsilon) \theta_x^{\varepsilon 2} \cdot \theta_t^\varepsilon \right\} dx + \int_{\Omega} \mu \sigma^\varepsilon \theta_t^\varepsilon dx -$$

$$- \int_{\Omega} \rho^\varepsilon (v^\varepsilon \cdot \nabla) \theta^\varepsilon \cdot \theta_t^\varepsilon dx.$$

Оң жақта тұрған интегралды бағалай отырып жеке-жеке интегралдаймыз:

$$\max_{0 \leq t \leq T} \|\theta_x^\varepsilon\|_{2,\Omega}^2 + \|\theta_t^\varepsilon\|_{2,Q}^2 \leq C.$$

Энергия теңдеуін ашып жазайық

$$\rho^\varepsilon \theta_t^\varepsilon - (\lambda(\theta^\varepsilon) \Delta \theta^\varepsilon) = \mu \sigma^\varepsilon - \rho^\varepsilon (v^\varepsilon \cdot \nabla) \theta^\varepsilon + \lambda(\theta^\varepsilon) \cdot \theta_x^{\varepsilon 2} \text{ және оны } \frac{1}{\rho} \Delta \theta^\varepsilon \text{ көбейтейік. } \Omega$$

интегралдағаннан кейін аламыз:

$$\frac{1}{2} \frac{d}{dt} \int_{\Omega} \theta^{\varepsilon 2} dx + \int_{\Omega} \lambda(\theta^{\varepsilon}) \frac{1}{\rho} (\Delta \theta^{\varepsilon})^2 dx = \int_{\Omega} \left( \rho(v^{\varepsilon} \cdot \nabla) \theta^{\varepsilon} - \mu \sigma - \lambda(\theta^{\varepsilon}) \theta_x^{\varepsilon 2} \right) \times \\ \times \frac{1}{\rho} \Delta \theta^{\varepsilon} dx.$$

$t$  айнымалысы бойынша интегралдағаннан кейін, оң жақтағы интегралды бағалай отырып келесіні табамыз:

$$\max_{0 \leq t \leq T} \left\| \theta_x^{\varepsilon} \right\|_{2, \Omega}^2 + \left\| \Delta \theta_t^{\varepsilon} \right\|_{2, Q}^2 \leq C. \text{ Соңында келесіні аламыз:}$$

$$\left\| \theta^{\varepsilon} \right\|_{W_p^{2,1}(Q)} \leq C < \infty. \quad (14)$$

(8) теңдеудің  $\Delta \rho^{\varepsilon}$  көбейте отырып және  $\Omega$  аумағында жеке-жеке интегралдай отырып келесіні аламыз

$$\frac{1}{2} \frac{d}{dt} \left\| \nabla \rho^{\varepsilon} \right\|_{2, \Omega}^2 + \int_{\Omega} (v^{\varepsilon} \cdot \nabla) \rho^{\varepsilon} \Delta \rho^{\varepsilon} dx = 0. \text{ Осыдан есептік бағалау максимумына байланысты (13):}$$

$$\left\| \rho^{\varepsilon} \right\|_{W_p^{1,1}(Q)} \leq C < \infty. \quad (15)$$

Жағымсыз норма бойынша  $p^{\varepsilon}$  бағалай отырып [44], келесіні аламыз:

$$\left\| p^{\varepsilon} \right\| \leq C \left\| \nabla p^{\varepsilon} \right\| < \infty. \quad (16)$$

Егер  $v^{\varepsilon}, p^{\varepsilon}$  - Стокстің келесі сызықтық есеп шешімі белгілі болса:

$$\mu \Delta v^{\varepsilon} - \nabla p^{\varepsilon} = f, \quad (17)$$

$$\varepsilon p^{\varepsilon} + \operatorname{div} v^{\varepsilon} = 0,$$

$$v^{\varepsilon}|_{S=0} = 0, \quad \frac{\partial \rho^{\varepsilon}}{\partial n} \Big|_S = 0,$$

онда  $f \in L_p(\Omega)$  шарт бойынша келесі теңсіздік орындалады:

$$\left\| v^{\varepsilon} \right\|_{W_p^2 \cap W_p^1} + \left\| p^{\varepsilon} \right\|_{W_p^1} \leq C \|f\|_{L_p}. \quad (18)$$

(17) есебінен  $f = -\rho^{\varepsilon} \frac{\partial v^{\varepsilon}}{\partial t} + (v^{\varepsilon} \cdot \nabla) v^{\varepsilon} - \ell \theta^{\varepsilon} \rho^{\varepsilon} - \rho^{\varepsilon} f - \rho^{\varepsilon} \frac{v^{\varepsilon}}{2} \operatorname{div} v^{\varepsilon}$  алайық. Максимум

принципін қолдана отырып Коши теңсіздігінің оң жақ бөлігін бағалайық:

$$\left\| f \right\|_{L_p(\Omega)}^2 \leq CM \left\| v_t^{\varepsilon} \right\|^2 + \int_{\Omega} |v^{\varepsilon}|^2 |\nabla v^{\varepsilon}|^2 + |f|^2 + \ell |\theta^{\varepsilon}|^2 dx \quad (19)$$

(13), (14) ескере отырып келесі бағалауды аламыз:

$$\begin{aligned}
& \int_{\Omega} |v^\varepsilon|^2 |\nabla v^\varepsilon|^2 dx \leq \max_{\Omega} |v^\varepsilon|^2 \int_{\Omega} |\nabla v^\varepsilon|^2 dx \leq \|v^\varepsilon\|_{L_p(\Omega)} \|v^\varepsilon\|_{W_p^2(\Omega) \cap W_p^1(\Omega)} \|\nabla v^\varepsilon\|^2 \leq \\
& \leq \delta \|v^\varepsilon\|_{W_p^2(\Omega) \cap W_p^1(\Omega)}^2 + C_\delta \|v^\varepsilon\|_{W_p^1(\Omega)}^2. \quad (20)
\end{aligned}$$

Умножим уравнение (1.53) скалярно на  $v^\varepsilon(t)$  в пространстве  $L_2(\Omega)$ , затем оценим интегралы по абсолютной величине сверху и, применяя неравенства теорем вложения, получим следующую оценку:

$$\begin{aligned}
& \int_{\Omega} |\nabla v^\varepsilon| |v^\varepsilon| |v_t^\varepsilon| dx \leq C \|\nabla v^\varepsilon\|_{L_p(\Omega)} \max_{\Omega} |v^\varepsilon| \|v_t^\varepsilon\|_{L_p(\Omega)} \leq \\
& \leq C \|v^\varepsilon\|_{L_p(\Omega)}^{\frac{1}{2}} \|v^\varepsilon\|_{W_p^2(\Omega) \cap W_p^1(\Omega)}^{\frac{1}{2}} \|v^\varepsilon\|_{W_p^1(\Omega)} \|v_t^\varepsilon\|_{L_p(\Omega)} \leq \\
& \leq \delta \|v_t^\varepsilon\|_{L_p(\Omega)}^2 + \delta \|v^\varepsilon\|_{W_p^2(\Omega) \cap W_p^1(\Omega)}^2 + C_\delta \|v^\varepsilon\|_{W_p^1(\Omega)}^2. \quad (1.67)
\end{aligned}$$

Следуя методике оценки в работах [45,46], в конечном итоге получим:

$$\|v_t^\varepsilon\|_{L_p(0,T,L_p(\Omega))} + \|v^\varepsilon\|_{L_p(0,T,W_p^2(\Omega))} + \|\nabla p^\varepsilon\|_{L_p(0,T,L_p(\Omega))} \leq C < \infty, \quad (1.68)$$

где  $C$  не зависит от значения малого параметра  $\varepsilon$ .

Установим еще одну оценку глобального по времени характера, константа в которой зависит только от данных задачи. Эта оценка в дальнейшем гарантирует компактность последовательности приближенных решений.

Лемма 1. Для любого  $\delta$ , такого, что выполнено условие  $0 < \delta < T$ , справедливо неравенство

$$\int_0^{T-\delta} \|v^\varepsilon(t+\delta) - v^\varepsilon(t)\|^2 dt \leq C \delta^{\frac{1}{2}}.$$

Доказательство. Зафиксируем  $\delta, t$  таким образом, чтобы выполнялось неравенство  $0 \leq t \leq T - \delta$ .

Рассмотрим уравнения (1.53) – (1.57) на интервале времени  $\tau \in (t, t + \delta)$ . Умножим уравнение (1.53) скалярно на произвольную функцию  $\Phi$  в пространстве  $L_2(\Omega)$ . Тогда:

$$\begin{aligned}
& \frac{d}{d\tau} (\rho^\varepsilon v^\varepsilon, \Phi)_{L_2(\Omega)} = (\rho^\varepsilon (v^\varepsilon \cdot \nabla) \Phi, v^\varepsilon)_{L_2(\Omega)} + \frac{1}{2} (\rho^\varepsilon \operatorname{div} v^\varepsilon \cdot v^\varepsilon, \Phi)_{L_2(\Omega)} + \\
& + (\rho^\varepsilon f, \Phi)_{L_2(\Omega)} - (\theta^\varepsilon \rho^\varepsilon, \Phi)_{L_2(\Omega)} - \mu (v^\varepsilon, \Phi)_{L_2(\Omega)} + (p^\varepsilon, \operatorname{div} \Phi)_{L_2(\Omega)},
\end{aligned}$$

где  $\Phi = v(t + \delta) - v(t)$ .

Проинтегрируем это тождество по переменной  $\tau$  в пределах от  $t$  до  $t + \delta$ , положим

$\Phi = v^\varepsilon(t + \delta) - v^\varepsilon(t)$ . Выражение  $\rho^\varepsilon(t + \delta)v^\varepsilon(t + \delta) - \rho^\varepsilon(t)v^\varepsilon(t)$  запишем в следующем виде

$\rho^\varepsilon(t + \delta)(v^\varepsilon(t + \delta) - v^\varepsilon(t)) + (\rho^\varepsilon(t + \delta) - \rho^\varepsilon(t))v^\varepsilon(t)$ , а затем разность между

$\rho^\varepsilon(t + \delta) - \rho^\varepsilon(t)$  найдем путем интегрирования уравнения (1.54) в пределах от  $t$  до  $t + \delta$ .

Полученное соотношение проинтегрируем по переменной  $t$  от 0 до  $t + \delta$  и для каждого слагаемого в правой части используем оценки из работ [40], [47] на основании которых выводим оценку леммы 1. Перейдем к построению приближенных решений методом Галеркина.

Пусть  $\{\varphi_j\}_{j=1}^{\infty}$  - ортонормированный базис в пространстве  $L_2(\Omega)$  из  $W_p^2(\Omega) \cap W_p^1(\Omega)$ . Причем справедливо соотношение  $(\varphi_{jx}, \omega_x)_{L_2(\Omega)} = \lambda_j (\varphi_j, \omega_j)_{L_2(\Omega)}$ . Приближенное решение  $v^{N,\varepsilon}(t)$  ищем в виде  $v^{N,\varepsilon}(t) = \sum_{k=1}^N C_k^N(t) \varphi_k$ , где  $C_k^N(t) \in C^1[0, T]$ . Плотность  $\rho^{N,\varepsilon}(t)$  - есть классическое решение задачи:

$$\begin{aligned} \frac{\partial \rho^{N,\varepsilon}(t)}{\partial t} + (v^{N,\varepsilon}(t) \cdot \nabla) \rho^{N,\varepsilon}(t) &= 0, \\ \rho^{N,\varepsilon}|_{t=0} &= \rho_0^M(x), \end{aligned} \quad (1.69)$$

где  $\rho_0^M(x)$  - гладкая начальная функция.

Последовательность  $\rho_0^M(x)$ ,  $M = 1, 2, \dots$  сходится к  $\rho_0(x)$  в нормах  $L_p(\Omega)$ ,  $W_p^1(\Omega)$ , Давление  $p^{N,\varepsilon}(t)$  - есть классическое решение задачи:

$$\begin{aligned} \operatorname{div} v^{N,\varepsilon} &= \varepsilon p^{N,\varepsilon}, \\ \int_{\Omega} p^{N,\varepsilon} dx &= 0. \end{aligned} \quad (1.70)$$

Температура  $\theta^{N,\varepsilon}(t)$  - определяется как классическое решение задачи:

$$\begin{aligned} \rho^{N,\varepsilon} \left[ \frac{\partial \theta^{N,\varepsilon}(t)}{\partial t} + (v^{N,\varepsilon}(t) \cdot \nabla) \theta^{N,\varepsilon}(t) \right] &= \operatorname{div} (\lambda(\theta^{N,\varepsilon}(t)) \nabla \theta^{N,\varepsilon}(t)) + \mu \sigma^{N,\varepsilon}, \quad (1.71) \\ \theta^{N,\varepsilon}|_{s=0} &= \theta_0^M(x), \quad \frac{\partial \theta^{N,\varepsilon}(t)}{\partial n} \Big|_S = 0, \quad t \in [0, T], \end{aligned}$$

где  $\theta_0^M(x)$  - начальная гладкая функция, удовлетворяющая уравнению:

$$\frac{\partial \theta_0^M(t)}{\partial n} \Big|_S = 0, \quad t \in [0, T].$$

Функции  $C_k^N(t)$ ,  $k = 1, 2, \dots, N$ , определяются системой обыкновенных дифференциальных уравнений с коэффициентами, зависящими операторным образом от  $\rho^{N,\varepsilon}(t)$ ,  $p^{N,\varepsilon}(t)$ :

$$\begin{aligned} \rho^{N,\varepsilon} \left[ \frac{\partial v^{N,\varepsilon}(t)}{\partial t} + (v^{N,\varepsilon}(t) \cdot \nabla) v^{N,\varepsilon}(t) + \frac{1}{2} v^{N,\varepsilon}(t) \operatorname{div} v^{N,\varepsilon} \right] &- \mu \Delta v^{N,\varepsilon}(t) + \\ + \nabla p^{N,\varepsilon}(t) - \ell \theta^{N,\varepsilon}(t) \rho^{N,\varepsilon}(t) + \rho^{N,\varepsilon}(t) f, \varphi_j & \Big|_{L_2(\Omega)} = 0. \end{aligned}$$

На основе принципа Шаудера из последовательностей  $\{v^{N,\varepsilon}\}, \{\rho^{N,\varepsilon}\}, \{p^{N,\varepsilon}\}, \{\theta^{N,\varepsilon}\}$  можно выделить подпоследовательности (табл.1.3).

Таблица 1.3 – Сходимость последовательностей  $\{v^{N,\varepsilon}\}, \{\rho^{N,\varepsilon}\}, \{p^{N,\varepsilon}\}, \{\theta^{N,\varepsilon}\}$

Последовательность	Сходимость	Пространство
$v^{N,\varepsilon} \rightarrow v^\varepsilon$	слабо	$L_p(0, T, W_p^2(\Omega))$
$\theta^{N,\varepsilon} \rightarrow \theta^\varepsilon$	слабо	$W_p^{2,1}(Q)$ ,
$\rho^{N,\varepsilon} \rightarrow \rho^\varepsilon$	*слабо	$W_p^{1,1}(Q)$ ,
$v^{N,\varepsilon} \rightarrow v^\varepsilon$	сильно	$L_p(0, T, L_p(\Omega))$ ,
$\theta^{N,\varepsilon} \rightarrow \theta^\varepsilon$	сильно	$L_p(0, T, L_p(\Omega))$
$v_t^{N,\varepsilon} \rightarrow v_t^\varepsilon$	слабо	$L_p(0, T, L_p(\Omega))$ ,
$p^{N,\varepsilon} \rightarrow p^\varepsilon$	слабо	$L_p(0, T, W_p^1(\Omega))$

Тем самым теорема 3 доказана.

\* \* \* \* \*

### Жаңаша білім беру, жаңаша жұмыстану заман талабы

**Ныгметова Еркеш Нурдильдиновна**  
**Калтаева Алия Алдановна**  
**Қарағанды облысы №18 ЖББОМ**  
**бастауыш сынып мұғалімдері**

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс –тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?» және де екіншісі – ол да маңызы жағынан біріншіден еш кем емес: «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?». Осындай сұрақтарға байланысты ҚР-ның педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары ашылған.

Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек

Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

«Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - деп Ахмет Байтұрсынұв айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді.

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды. ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік. Білім беру саласында қол жеткізілген бітімнің мәні оқушылар үшін білімнің де, дағдылардың да тең дәрежеде маңызды екендігіне саяды. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал ХХІ ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында мықты дағдыларды игеріп, оқытудың тиімді құралы ретінде оларды қалай пайдалану әдістемелерін меңгеруге тиіс, сондай-ақ, оқу үдерісін бақылауда ақпараттық-басқару жүйелерін, оқыту барысында оқыту әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана білгені жөн. Сол әдіс-тәсілдердің бірі — Ынтымақтастық оқу – оқыту мен оқу тәсілі.

Ынтымақтастық оқу – бұл оқыту мен оқу тәсілі, аталған тәсіл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуін білдіреді. Ынтымақтастық оқу оқуды табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылдауға негізделген, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі және осы әңгімелесу арқылы білім алады.

Ынтымақтастық оқу сыныпта пайдаланатын әдіс қана емес, жеке философия болып табылады. Адамдар топтарға бірлескен барлық жағдайларда топтың жекелеген мүшелерінің қабілеті мен іске қосқан үлесі құрметтеліп, атап көрсетілетін, адамдармен жұмыс істеудің басқатәсілі орын алады. Топтың жұмысы тиімді болуы үшін билік пен жауапкершілік топ мүшелері арасында бөлінеді. Ынтымақтастық оқудың негізгі аспектісі топ мүшелерінің ынтымақтастықарқылы бітімге, келісімге қол жеткізуіне негізделген.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға жас ұрпақты тәрбиелеу, оларды келешекке кемел біліммен дайындау мұғалім үшін аса жауапкершілікті талап етеді. Топтық жұмыстар арқылы оқушылардың арасында ынтымақтастық орнайды, осының арқасында оқушылар бір-бірімен әңгімелесу арқылы білім алады. Дәстүрлі оқыту кезінде, бір сарынды оқулықпен мұғалімнің пікірін тыңдау мен ғана шектеліп қалатын. Ал бүгінгі оқыту оқушының жан-жақты дамуын және оны ұйымдастыруды қажет етіп отыр.

\* \* \* \* \*

#### **Тіл пәндері сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту**

**Қарағанды облысы, Бұқар Жырау ауданы, Баймырза ауылы  
«Калинин ЖББОМ» КММ**

**Хуанган Аягул – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі  
Мырзаканова Тогжан Мейіржановна – қазақ тілі пәнінің мұғалімі**

ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік - экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында білім беру ұйымдары жастарға білім беріп қана қоймай алған білімдерін өмірдің түрлі жағдайларында пайдалана алуды үйретуі керек екендігін айтып, үкіметке оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың бес жылға арналған Ұлттық шаралар жоспарын дайындау жөнінде нақты тапсырма берген.

Осы тапсырманың негізінде маусым айында Үкіметтің 25 маусым 2012 жылы №832 қаулысымен бекітілген «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс - қимыл жоспары» қабылданды. Ұлттық жоспардың мақсаты – Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау болып белгіленген.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор.



Ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінбей қиналатындығын дәлелденген. Бұлар мектептен білім алса да, ал қызмет жасағанда қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен. Қарапайым ақпараттың мазмұнын түсіне алмай. Олар радио, теледидардан берілген ақпаратты түсіне алмай, күнделікті өмірдің есебін білмейтін болып шыққан. Соның салдарынан жұмыссыздық, өндірістегі апат, жазатайым оқиғалар, жарақат алулар көбейіп кеткен. Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша адамдардың сауатсыздық деңгейінің төмендеуі, оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан емес, оқырман болуға үйретпеуден болған көрінеді.

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің орны зор. Тіл пәндерінің алатын орны ерекше. Сондықтан, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану – әдебиет пәнінің басты мақсаты болып есептелсе, тілдің өзіндік қалыптасқан ережелерін, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету –тіл пәнінің басты міндеті болып танылады.

Тіл грамматикасын терең меңгерген оқушы, қоғамның кез келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады.

Оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әр түрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білу керек. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып өз шәкірттерімізге жеткізіп, өз бетімен жұмыс істеуіне үйрету керек. Орта буын оқушыларының арнайы ереже дәптерлері, альбомдар, сөздіктері, конспекттері, хронологиялық кестелері болуға тиіс.

Сонымен бірге, шығармашылық дәптері бөлек болғаны дұрыс. Оған оқушы өздеріне ұнаған мақал-мәтелдерді, афоризмдерді, шешендік сөздерді де жазып алып жүруге баулу керек. Осы ретте, шығармашылыққа жақын кейбір оқушылар сол дәптерге қысқа әңгіме, мақала, күнделік, пікір жазып үйренуіне мүмкіндік туады. Тілді үйрету алдына үлкен міндеттер, оқушыларға түсіндірудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру қажеттілігі қазіргі таңда да қарастырылып келе жатқан мәселе.

Демек, тіл ғылымының үздіксіз дамуының нәтижесінде, адам баласы ой-санасының, дүниетанымының өсуіне байланысты оқыту әдістемесі де қатар жетіліп байып отыр. Өйткені, озат мұғалімдер тәжірибелерінен толығып оның мазмұны мен жүйесі, құрылысы, кеңейіп, байып отырады. Қоғам ілгері дамыған сайын оқыту мазмұны да күнделікті жаңарып, жетіліп отырады.

Тіл - халықтың байлығы, айнасы. Оның тазалығын сақтау - үйретуден.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту - бүгінгі заман талабы. Осы ретте, тіл пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор.

Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылықты жүзеге асырудың басты міндеті - оқушылардың теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолдануымен қатар тәуелсіз еліміздің келешегіне үлкен жауапкершілікпен қарауға үлестерін қосу болып табылады. Осы ретте, тіл пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор.

\*\*\*\*\*

**Қызылорда қаласы Үш тілде оқытатын мамандандырылған  
сыныптары бар дарынды балаларға арналған  
«Мұрагер» мектебінің физика пәнінің мұғалімі  
Жұмағұлова Шынар Абдуллақызы**

<b>Сабақтың тақырыбы:</b> Жарық кванттары туралы планк гипотезасы. Планк формуласы.		<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b> Жұмағұлова Шынар Абдуллақызы
СЫНЫП: 9	<b>Қатысқан оқушылар саны: 12</b>	Қатыспаған оқушылар саны: 0
Сабақ негізделген оқу мақсаттары	Жарық кванттары туралы Планк гипотезасын тұжырымдау, Планк формуласын есеп шығаруда қолдану	
Сабақ нәтижесі:	<p><b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындай алады. Сұраққа жауап бере алады. Планк формуласын есеп шығаруда қолдана алады.</p> <p><b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды.</p> <p><b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша</p>	

	қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. Қиын есептерді шығара алады.
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады.
Гілдік құзіреттілік	Планк гипотезасы, Планк формуласы
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, жариялау, түсіндіру, салыстыру, талдау; Рефлексия.
Пәнаралық байланыс	Математика
Алдыңғы оқу	Атомның құрылысы, абсолют қара дене

**Сабақтың жоспары**

Жоспарланған уақыт	Сабақ барысы :
<b>Басталуы</b> 2 минут	<p><b>Ұйымдастыру кезеңі 2 минут</b>  <b>Топтарға бөлу</b>  - Оқушылармен амандасу;  - Оқушыларды түгелдеу;  - Сабақтың мақсат міндетімен таныстыру;  Жетон тарату арқылы оқушыларды үш топқа бөлемін. <i>Оқушыларға Резерфорд моделі, Томсон моделі, абсолют қара дене моделі салынған суреттер таратылады. Содан кейін оқушылар осы суреттер арқылы 3 топқа бөлінеді.</i></p>
5 минут	<p align="center">  </p> <p><b>Оқушылардың алдыңғы тақырыпты қалай меңгергендерін тексеру Блиц- турнир</b>  (Топтық жұмыс)  <b>“Томсон моделі” тобына:</b>  1. Жылулық сәулелену немесе сәуле шығару деген не?  2. Кернеуді төмендеткенде неліктен электр шамының жарықталынуы нашарлайды да, ал сәулелену қызғылт түске ауысады?  <b>“Абсолют қара дене” тобына:</b>  9. Абсолют қара дене дегеніміз не?  10. Абсолют қара дененің моделін жасап, сыныпқа көрсетіп беріңдер? (қойылым)  <b>“Резерфорд моделі” тобына:</b>  11. Абсолют қара дененің температурасы 100 К деп алып, оның сәуле шығару қабілетін анықтаңдар?  12. Стефан – Больцман заңы қалай тұжырымдалады?</p>

<p>Жаңа білім 13 минут</p>	<p><b>Білу және түсіну</b>  <b>Берілген мәтіндерді балалар оқып алады.</b>  <b>«Жариялау» әдісі</b>  (Әрбір топ берілген сұрақ бойынша өз позициясын жариялау керек. Бұл үшін топ ішінен спикер берілген уақыт ішінде (5 минут) басқа қатысушылар алдында сөйлеп, топ ұстанымын жеткізеді.)</p> <p style="text-align: center;"><b>Планк гипотезасы:</b></p> <p>Абсолют қара дене жылулық сәулелерді үздіксіз шығара да, жұта да алмайды; оларды тек үзікті үлес –квант түрінде ғана шығарады немесе жұтады. Сәуле арқылы тарайтын немесе жұтылатын бір үлес энергия <i>квант</i> деп аталады.</p> <p>Дененің үзікті шығаратын немесе жұтатын бір үлес энергиясы:</p> <p><math>E_0</math> – ең кіші энергия үлесі;  <math>v</math> –сәуленің жиілігі;  <math>h</math> –Планк тұрақтысы.</p> <p>Мұндағы <math>n</math>- электромагниттік сәуле энергиясын таситын фотондар саны. Фотон – тыныштық массасы 0 – ге тең элементар бөлшек. <math>E_0</math>- әрбір фотонға тиесілі ең кіші бір үлес энергия, яғни бір квант.</p>
--------------------------------	--

<p>Ортасы 10 минут</p> <p>Аяқталуы Сабақты бекіту 5 минут</p>	<p><b>Қолдану.</b> Есептер шығару  Жұптық жұмыс</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>□. Фотонның энергиясы <math>3,8 \cdot 10^{-19}</math> Дж. Электромагниттік сәуленің толқын ұзындығы қандай? <math>h = 6.63 \cdot 10^{-34}</math> Дж · с, <math>c = 3 \cdot 10^8</math> м/с</li> <li>□. <math>3 \cdot 10^{-9}</math> м толқын ұзындығына сәйкес фотон энергиясы неге тең? <math>h = 6.63 \cdot 10^{-34}</math> Дж · с, <math>c = 3 \cdot 10^8</math> м/с</li> <li>□. Жиілігі <math>10^{15}</math> Гц жарық жазық айнаға түседі. Фотонның энергиясын есептеңдер? <math>h = 6.63 \cdot 10^{-34}</math> Дж · с</li> </ul> <p>Есептер шығарылып, тақтада талданады</p> <p><b>Талдау.</b> “Сұрақ-жауап” әдісі</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>3. Классикалық физика бойынша денелер сәулелерді қалай шығарады немесе жұтады?</li> <li>4. Планк гипотезасы неліктен классикалық пайымдауларға қайшы келеді.</li> <li>5. Квант дегеніміз не? Жарты квантты алуға бола ма?</li> <li>6. Шығатын немесе жұтатын сәуле дене энергиясын өзгерте ала ма?</li> <li>7. Жылулық сәулелену қандай энергияның есебінен орын алады?</li> </ol>
---	--

<p>Бағалау 2минут</p> <p>Кері байланыс 3 минут</p>	<p><b>Бағалау парақшасы Дұрыс жауапқа 5 балл.</b></p> <table border="1" data-bbox="406 1310 1388 1512"> <thead> <tr> <th>Оқушының аты-жөні</th> <th>Блиц – турнир</th> <th>«Жариялау әдісі» Топтық жұмыс</th> <th>«Жұптық жұмыс» Есептер шығару</th> <th>«Сұрақ-жауап» жеке жұмыс</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p><b>«Рефлексия»</b>  Күншуақ әдісі  Оқушылар барлығын түсінсе күнді, жартылай түсінсе – күн мен бұлтты, ештеңе түсінбесе – бұлтты таңдайды.</p> <p>Түсіндім                      Жартылай түсіндім                      Түсінген жоқпын</p>	Оқушының аты-жөні	Блиц – турнир	«Жариялау әдісі» Топтық жұмыс	«Жұптық жұмыс» Есептер шығару	«Сұрақ-жауап» жеке жұмыс	Балл												
Оқушының аты-жөні	Блиц – турнир	«Жариялау әдісі» Топтық жұмыс	«Жұптық жұмыс» Есептер шығару	«Сұрақ-жауап» жеке жұмыс	Балл														

<p><b>Қосымша ақпарат</b></p>		
<p>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсегуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс  Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері  АКТ-мен байланыс  Құндылықтарда</p>

	Ғы байланыс
<p><b>Рефлексия</b></p> <p>Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма?</p> <p>Бүгін оқушылар не білді?</p> <p>Сыныптағы ахуал қандай болды?</p> <p>Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?</p> <p>Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?</p>	<p><b>Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>6. Сабағымда дайындалған мақсаттар блум таксономиясының білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейлеріне сай, бағалау критерийлерінің талаптарына байланысты құрылды. Яғни құрылған мақсат қолжетімді, шынайы.</li> <li>7. Оқушылар сабақ үдерісінде Планк гипотезасының физикалық мағынасын түсінді, формуланы түрлендіріп есеп шығарды.</li> <li>8. Сынып оқушыларын топқа бөліп алғаннан кейін оқушылар арасында жағымды ахуал орнады. Ол топтық жұмыс барысында көрініс тапты.</li> <li>9. Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды. Себебі оқушылар топтағы жасаған жұмыстарын бағалауды үйренді.</li> <li>10. Мен берілген 40 минут ішінде толықтай үлгердім. Себебі менің пайдаланған әдістерім тиімді, уақытқа сай жоспарланған.</li> </ol>
<p><b>Қорытынды бағамдау</b></p> <p>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p> <p>1: Сабақ мақсатының сараланып қойылуы.</p> <p>2.Топтық жұмыс барысында оқу әңгімелері өрбіді</p> <p>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p> <p>1: Дескриптор бойынша шынайы бағалауға ықпал етуі</p> <p>2.Есептер шығару барысында формуланы түрлендіру дағдылары қалыптасты</p> <p>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?</p> <p>Сабақ барысында сынып оқушылары және жеке оқушылар есеп шығару арқылы білімдерін бекітіп, менің келесі сабағымды жетілдіретінін білдім.</p>	

**Қызылорда қаласы Үш тілде оқытатын мамандандырылған сыныптары бар дарынды балаларға арналған «Мұрагер» мектебі  
Кулова Айнур Оразовна физика пәнінің мұғалімі**

<b>Сынып:</b> 10	<b>Пәні:</b> Физика	<b>Үш тілде оқытатын мамандандырылған сыныптары бар дарынды балаларға арналған «Мұрагер» мектебі, Қызылорда қаласы</b>
<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b>	<b>Кулова Айнур Оразовна, физика пәнінің мұғалімі</b>	
<b>Сабақтың тақырыбы</b>	Тізбек бөлігіне арналған Ом заңы.	
<b>Жалпы мақсаттар:</b>	Ток күшінің өткізгіш ұштарындағы кернеуге сызықты тәуелділігін тағайындау;тізбек бөлігіне арналған Ом заңын тұжырымдау;өткізгіштің электрлік кедергісі, меншікті кедергі ұғымдарын қалыптастыру;	
<b>Ресурстар:</b>	Оқулық, интерактивті тақта, сабаққа қажетті ресурстар,	
<b>Әдіс - тәсілдер</b>	Тәсілі : жеке, жұппен, топпен6	
<b>Оқыту нәтижесі:</b>	Ом заңы арқылы тізбек бөлігіндегі ток күші ,кернеу,кедергілерді есептей алады. Өткізгіштің меншікті кедергісінің қандай шамаларға тәуелділігін біледі ..	
<b>Түйінді идеялар</b>	Тізбек бөлігіне арналған Ом заңы.Электр кедергісі .Өткізгіштің меншікті кедергісі	
<b>Дерек көздер</b>	Оқулықпен жұмыс, Электронды оқулық, амперметр, вольтметр, ток көзі, кілт,жалғағыш сымдар АЗ,маркер,смайликтер	



Сабақтың барысы	Мұғалімнің іс - әрекеті	
Ұйымдастыру кезеңі:	1 мин	Ынтымақтастық атмосферасын құру. Шаттық шеңбері «Жүректен жүрекке» мұғалім бірінші тілек білдіреді
	3 мин	Қиылған қағаздарды таңдап, I, U, R. ажырату арқылы топқа бөлінеді. Топ ережелерін басшылыққа алып, топтық жұмыс жасайтындарын айтады
Қызығушылығын ояту:	10 мин	Интерактивті тақтаға «Серпілген сауал» 1) Электр тогы дегеніміз не? 2) Электр тогының әсерлері. 3) Ток күші деп нені айтады? Ток күшінің өлшем бірлігі. 4) Электр кернеуі дегеніміз не? Электр кернеуінің өлшем бірлігі
Мағынаны ажырату	20 мин	Тізбек бөлігіндегі ток күші- осы бөліктің ұштарындағы кернеуге тура пропорционал өткізгіштің кедергісіне кері пропорционалдығын 80- сурет бойынша жеке оқытып, жұппен, кіші топта түсіндіруді тапсырады. тәжірибе негізінде сызба бойынша көрсетеді. Деңгейлік тапсырмалар.
Бүгінгі танысқан термин сөздерді сөздік дәптерге түсіру.		
Сергіту сәті	1 мин	Бейне жазба
Ой - толғаныс	15 мин	Әр топқа деңгейлік тапсырмаларды тест түрінде беріледі. Топ жетекшілеріне топ мүшелерін бағалау үшін критерийлер беріледі.
		<p><b>Choose the correct answer</b></p> <p>1) How many coulombs of charge passes through a 2 A lamp in 5 minutes? A) 300 B) 600 C) 200 D) 400</p> <p>2) How many electrons pass through a 1,6 A lamp within 10 minutes? (1 e=1,6×10<sup>-19</sup> C) A) 1021 B) 6×10<sup>21</sup> C) 3×10<sup>21</sup> D) 6×10<sup>20</sup></p> <p>3) What is the equivalent voltage? A) 2 V B) 5 V C) 1,5 V D) 1 V</p> <p>4) What is the equivalent voltage? A) 6 V B) 3 V C) 0 D) 1 V</p> <p>5) When a charge of 8 C passes through the cross-sectional area of a conducting wire, a 2 A current flows through the wire. What is the time required for 2A current to occur in the wire? A) 1 s 4 B) 4 s C) 2 s D) 10 s</p> <p>6) 15×10<sup>21</sup> electrons passes through the cross-</p>

		sectional area of a conducting wire within 5 minutes. What is the current flowing through the wire? (1e=1,6×10 <sup>-19</sup> C) A) 4 A B) 3 A C) 8 A D) 7,5 A	
<b>Бағалау</b>	1 мин	Постерлер астына топтар ақылдасып, арқылы басқа топтарды бағалайды. Топ жетекшісі өз топ мүшелерінің жұмысын бағалайды. Топтық жұмыстардың жиынтық бағасы қойылады.	
<b>Рефлексия</b>		Кері байланыс «Бір сөйлем» әдісімен әр топтан бір оқушы сабақты бір сөйлеммен қорытындылайды. Стикерлерге ұсыныстарын жазып, білім ағашына жабыстырады /2 минут/ Ағылшын тілінде ойларын 1,2 сөйлеммен жеткізу.	
<b>Үй жұмысы</b>	1мин	§38,3.18,19-жаттығу «Тізбек бөлігіне арналған Ом заңы. Меншікті кедергі» тақырбына ағылшын тілінде шағын мәлімет жазу.	

**Қызылорда қаласы Үш тілде оқытатын мамандандырылған сыныптары бар дарынды балаларға арналған «Мұрагер» мектебі  
Мәделханова Әйгерім Хұсайынқызы физика пәнінің мұғалімі**

<b>Сабақ жоспары</b>	<b>Мектеп: Үш тілде оқытатын мамандандырылған сыныптары бар дарынды балаларға арналған «Мұрагер» мектебі, Қызылорда қаласы</b>
<b>Күні 07.03.17ж</b>	<b>Мұғалімнің аты-жөні: Мәделханова Әйгерім Хұсайынқызы, физика пәнінің мұғалімі</b>
<b>Сынып: 10 сынып</b>	<b>Оқушы саны: Қатыспағандар саны:</b>
<b>Сабақ тақырыбы</b>	Магнит өрісі. Ампер күші
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	<b>1)</b> Сол және оң қол ережесін білу 2. $F=IBL\sin\alpha$ мен формуласын білу және түсіну.
<b>Сабақ мақсаттары</b>	- магниттің полюстерін білу; - тұрақты токтың магнит өрісін пайда ететіндігін білу; - Түзу және дөңгелек өткізгіштің төңірегіндегі магнит өрісін білу;

Тілдік мақсаттар	<p><b>Арнайы пәндік лексика және терминология:</b>  Тұрақты магнит- Permanent magnet  Магнит өрісі- magnetic field  Магнит өрісінің күш сызықтары- The magnetic field lines  Магниттік полюстер- magnetic poles  Оңтүстік полюс -South Pole  Солтүстік полюс - North Pole</p> <p><b>Диалог үшін пайдалы баянды сөйлемдер:</b>  Магнит өрісінің негізгі қасиеттері: 1) Магнит өрісін магниттелген денелер, тогы бар өткізгіштер және қозғалыстағы зарядталған денелер тудырады; 2) Магнит өрісінің күш сызықтары тұйықталған; 3) Магнит өрісі құйынды өріс (күш сызықтары тұйықталған өріс).  <b>Оң бұрғы ережесі:</b> егер бұрғының ілгерілемелі қозғалысы токтың бағытымен сәйкес келсе, онда бұрғы тұтқасының айналу бағыты өрістің магниттік күш сызықтарының бағытын көрсетеді.</p> <p><b>Ампер гипотезасы:</b> Тұрақты магниттің магнит өрісі зат молекуласының ішінде айналушы микротоктармен туындайды. Табиғатта электрлік зарядтар сыяқты магниттік зарядтар болмайды.</p>	
Құндылықтарды дарыту	<p>Қоғамның дамуы үшін физиканың маңыздылығын түсіну.  Физикалық білім жүйесін саналы түрде игеру логикалық ойлаудың, жадының, назар аударудың, елестетудің, ойлау қабілеттерінің, икемділік пен дарынның дамуына ықпал етеді.  Қалыптастырушы бағалау кезінде оқушылар академиялық әділдікті сақтайды.</p>	
Пән аралық байланыстар	<p>Есептер шығару кезінде математикалық теңдеулерді пайдаланады.  ИКТ пайдаланып мәліметтер іздейді.</p>	
Бастапқы білім	<p>Бағалауды жүргізу үшін оқушыларға берілген тапсырмада жұмысты түсіндіру үшін төмендегілерді ұсыну қажеттілігі көрсетілуі тиіс:  1. Сурет және сызба арқылы күш сызықтарының бағытын дұрыс көрсете алады.  2. Электр тогының болу шарттарын еске түсіру  3. Нақты айғақты дәлелдей білу  4. Конструкцияларының сызбасын берулері және өз конструкцияларын жасау және сынақтан өткізу</p>	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 7минут	<p>Сабақ басында:  - Ынтымақтастық ортаны қалыптастыру.  - техника қауіпсіздік ережесін қайталау.  «Мозайка әдісі» арқылы оқушыларды топқа бөлу</p>	
Сабақтың ортасы 15-20минут	<p>Жаңа сабақ. <b>Магнит өрісі</b>  <b>Магнит өрісі</b>-қозғалыстағы электр зарядтарының (тогы бар өткізгіштің) әсерлесуін қамтамасыз ететін материяның ерекше түрі.  <b>Тұрақты токтың магнит өрісі</b>  Электрлік және магниттік құбылыстар арасындағы терең байланыстың бар екендігін көрсетуші бірінші тәжірибелерді 1820 жылы даниялық физик Х.Эрстед жүзеге асырды. Бұл тәжірибелер ток өтіп тұрған өткізгішке жақын орналасқан магниттік тілшесіне күш әсер ететіндігін көрсетті. Осы жылы А.Ампер параллель токтардың өзара әрекеттесу заңын анықтады. Тогы бар өткізгіштер бір-бірімен тікелей емес, ал магнит өрісі арқылы әрекеттеседі.</p> <p><i>Эрстед тәжірибесі:</i>  а) Тізбекте электр тогы жоқ кезінде компас тілшесі (магниттік тілше) солтүстікке бағытталған.  б) Егер тізбекті тұйықтасақ (электр тогы болса) компас тілшесі бағытын өзгертеді</p>	
5 мин		

<p>3 мин</p>	<p>(ориентациясын өзгертеді).</p> <p><b>Өткізілген тәжірибе бойынша қорытынды жасаймыз:</b> Ток өтіп тұрған өткізгіш маңында магнит өрісі пайда болады. Осы өріс магниттік тілшеге әсер етіп, оның орналасуын өзгертеді. Тоғы бар өткізгіш және магниттік тілше арасындағы өзара әрекет күші <b>магниттік күш</b> деп аталады. <b>Кез келген тоғы бар өткізгіш айналасында магнит өрісі бар болады.</b> Солай етіп, қозғалмайтын электр зарядтары айналасында тек қана электр өрісі болады, ал қозғалатын электр зарядтары (электр тоғы) айналасында электр және магнит өрістері болады.</p> <p style="text-align: center;">Электр және магнит өрістерінің пайда болуы</p> <p><b>Магнит өрісінің негізгі қасиеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>3. Магнит өрісін магниттелген денелер, тоғы бар өткізгіштер және қозғалыстағы зарядталған денелер тудырады;</li> <li>4. Магнит өрісінің күш сызықтары тұйықталған;</li> <li>5. Магнит өрісі құйынды өріс (күш сызықтары тұйықталған өріс).</li> </ol> <p style="text-align: center;"><b>Тұрақты магниттің және тоғы бар катушканың магнит өрістері:</b></p> <p style="text-align: center;">Жаңа тақырып бойынша «Топтық», «Жұптық», «Жеке жұмыстар» жүргіземін. Тапсырмалары:</p>			
<p>5 мин</p> <p>Қорытынды бөлім. 3 мин</p>	<p style="text-align: center;"><b>Топтық жұмыс</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Тұрақты магниттің өрісін күш сызықтарымен кескіндеңіз</li> <li>2) Қайсы суретте магнит өрісінің күш сызықтары дұрыс және қәте көрсетілген       <ol style="list-style-type: none"> <li>1) _____</li> <li>2) _____</li> <li>3) _____</li> </ol> </li> <li>3) Соленоидтағы токтың магнит өрісінің күш сызықтарын сызып көрсетеңіз және полюстерін анықтаңыз</li> <li>4) Қайсы суретте тізбектегі токтың және магнит өрісінің күш сызықтары дұрыс көрсетілген       <table style="margin-left: auto; margin-right: auto;"> <tr> <td style="text-align: center;">№1</td> <td style="text-align: center;">№2</td> <td style="text-align: center;">№3</td> </tr> </table> </li> <li>5) Суреттегі өткізгіштерге әсер ететін Ампер күштерінің бағытын анықтаңдар.</li> </ol> <p style="text-align: center;"><b>Жұптық жұмыс</b></p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="text-align: center;">  <p>перпендикуляр</p> </div> <div style="text-align: center;"> <p><b>Жеке жұмыс</b></p> <p>Тақырыпқа сәйкес тапсырма орындау, ой шешімін табу.</p> <p>I. </p> <p>Актив бөлігінің ұзындығы 5 см болатын өткізгішке 50 мН күшпен әсер ететін магнит өрісінің индукциясы қандай? Өткізгіштегі ток күші 25 А. Өткізгіш магнит өрісінің индукциясына орналасқан.</p> </div> </div> <p>II. Біртекті магнит өрісінде индукция сызықтарына 30° бұрыш жасай орналасқан 0,5 м бойымен 3 А ток өтіп жатқан өткізгішке әсер еткендегі магнит өрісі индукциясы</p> <p>III. Индукциясы 0,4 Тл біртекті магнит өрісіне перпендикуляр орналасқан актив ұзындығы 0,5м 2Н күш әсер еткенде, ондағы ток күші?</p> <p>IV. Индукциясы 7,5 Тл біртекті магнит түзу өткізгіш арқылы 4 А ток өткен кезде 20 см ұзындығына 3 Н күш әсер ететін болса, оның магнит күш сызықтарымен жасайтын бұрышы ?</p> <p>Ойды түйіндеу Рефлексия ( кері байланыс) (бүгінгі жасалған іс-әрекетке көз жүгірту) «Өрмекшінің торы» әдісі арқылы Оқушылар өзара топтасып өрмекшінің торын құрып, өзін-өзі бағалайды. Қалың пресс жіп,</p>	№1	№2	№3
№1	№2	№3		



	Бағалау парағы бойынша қорытынды жасау	Бағалау парағы бойынша қорытынды жасау	бағалау парағы
2 мин	Үйге тапсырма 10.1. Магнит өрісі. 10.2. Ампер күші 21-жаттығу №1,2 есептері		

**Учитель истории, директор КГУ «Школа-центр дополнительного образования №29» акимата города Усть-Каменогорска Восточно-Казахстанской области  
Воробьев Борис Борисович**

<b>Наименование занятия</b>	<b>Образование Казахского ханства, его основатели</b>
<b>Общая цель</b>	Посредством сочетания индивидуальной и групповой работы познакомиться с процессом образования Казахского ханства, рассмотреть личности основателей государства – султанов Жаныбека и Керей, выявить историческую взаимосвязь образования Казахского ханства с идеей «Мәңгілік ел»; продолжить формирование умений слушать и слышать друг друга, выделять главное, формировать навыки критического мышления школьников.
<b>Результаты обучения для учителей</b>	Учащиеся умеют выделить основные причины образования Казахского ханства, дают характеристику ханам-основателям, умеют взаимодействовать в группе, критически оценивать основные события исторического периода.
<b>Источники, оснащение и оборудование:</b>	Дополнительные материалы, выдержки из различных источников Историческая карта, презентация по теме.
<b>Этапы урока</b>	<b>Деятельность учителя</b>
<b>Организационный момент</b>	Деление на группы. Создание коллаборативной среды посредством деления на группы. Используется стратегия «Найди свою группу» (ученики получают карточки с названием племен, видом налогов, необходимо найти свою группу по соответствию)
<b>Определение темы, цели и задач урока</b>	1. Постановка целей урока. 2. Мотивация учащихся на учебную деятельность через осознание целей урока. В ходе урока необходимо ответить на следующие вопросы: - Где было образовано государство? - Когда было образовано? - Причины образования? - Кто является создателем государства? - Основные источники по данной проблеме.
<b>Актуализация знаний учащихся</b>	Повторение материала, необходимого для перехода к изучению нового материала: Проверочная работа на знание материала – исторический диктант на соотнесение государств и фактов: <u>Могулистан</u> – Есен-Буга, улус Чагатай, Алмалык. <u>Ақ Орда</u> - Барак, Орда Еджен, Восточный Дешти-Кыпчак. <u>Ногайская Орда</u> – междуречье Волги и Урала, Едыге. <u>Ханство Абулхайра</u> – Шайбаниды, поход против ойратов.
<b>Мозговой штурм Опора на базовые знания учеников.</b>	<b>Беседа с классом:</b> -С историей каких государств, существовавших в послемонгольский период, вы уже знакомы)  - Сделайте предположение о дальнейшей судьбе этих государств.
<b>Изучение нового материала</b>	Учитель задает проблемный вопрос классу: <b>-Проследите историческую взаимосвязь образования Казахского ханства с идеей «Мәңгілік ел».</b>  Работа с материалами презентации по теме: необходимо самостоятельно при просмотре презентации выделить ключевые моменты и внести в тетрадь ответы на поставленные вопросы.

<b>Групповая работа с опорой на презентацию и материал учебника</b>	<p>Групповая работа.</p> <p>Стратегия кластер «Классический» на тему «Казахское ханство в начальный период существования» - используется материал презентации, учебник «История Казахстана», 10 класс.</p> <p>Повторяем правила работы в группах.</p> <p><b>Вырабатываются основные критерии оценивания:</b> полнота ответа-информативность, умение выделить ключевые моменты, оригинальность.</p> <p>Наблюдение за деятельностью учащихся.</p> <p>Стратегия «Волонтерское движение»- учащиеся выбирают волонтера, который с опорой на кластер, переходя из группы в группу рассказывает материал.</p>
<b>Подведение итогов урока</b>	<p>Формативное оценивание кластеров, выработка оценочного суждения учащихся.</p> <p>Возвращаемся к проблемному вопросу: <b>Проследите историческую взаимосвязь образования Казахского ханства с идеей «Мәңгілік ел».</b></p> <p>Стратегия «Чемодан в дорогу»</p>
<b>Этап рефлексии</b>	<p>Выборочно слушаются выступления учащихся.</p>
<b>Домашнее задание</b>	<p>Найти в Интернете дополнительные сведения о ханах-основателях Казахского ханства- сделать сообщения, презентации.</p>

**Воспитатель дошкольного класса**  
**КГУ «Средняя школа №15» акимата города Усть-Каменогорска**  
**Восточно-Казахстанской области**  
**– Воспитатель - Educator: Имантаева Наталья Романовна**

**Дата - Date:**

- **Тема - Theme:** «Кто живет на страницах Красной книги»

- **Цель - Aim:** Уточнить представление о животных и растениях, занесённых в Красную книгу Казахстана. Развивать внимание, память, речь, обогащать словарный запас. Воспитывать любовь к родному краю.

**Словарная работа- Dictionary work** - Красная Книга

**Оснащение – Equipment:** иллюстрации

**Предварительная работа - Preliminary work:** беседа, рассматривание иллюстраций

- **Multilingualism:** қызыл кітап - красная книга – red book

<b>Этапы деятельности</b> <b>Stages of activity</b>	<b>Действия педагога</b> <b>Teacher's activities</b>	<b>Деятельность детей</b> <b>Children's activity</b>
<b>Мотивационно – побудительный</b> <b>Motivational and incentive stage</b>	<p><b>Побуждение ребенка к процессу деятельности:</b></p> <p>Мы в кружок все соберемся.  Дружно всем мы улыбнемся  И пожелаем друг другу, друзья,  Хорошего, светлого, радостного дня.  Чтение телеграммы от лесовичка  <i>«Внимание! Внимание! У нас в лесу может случиться большая беда!  Многих животных и растений мы можем не увидеть никогда!  Что же нам делать тогда? О Красной Книге помните друзья всегда!»</i></p>	<p><b>Проявление</b> интереса к происходящему.  Дети встают в круг</p> <p>Внимательно слушают отвечают на вопросы.</p> <p>Проявляют интерес, слушают содержание телеграммы.  <b>(речевая деятельность, познавательная)</b></p>
<b>Организационно – поисковый</b> <b>Organizational and exploratory stage</b>	<p><b>Ориентирование детей на разрешение проблем:</b></p> <p>Ребята как вы думаете, о какой беде нам пишет Лесовичок?  Почему это может произойти, как вы думаете?  О какой книге говорится в телеграмме Лесовичка?  Как выдумаете, почему книгу назвали Красной?</p>	<p><b>Включение детей в процесс деятельности</b>  Отвечают на вопросы</p> <p>- Могут исчезнуть животные и растения.  - Истребление животных, уничтожение растений.</p>

	<p>Ребята, сегодня я вам расскажу, о том, как появилась Красная книга.  Ребята, скажите, вы были в лесу?  Что вы там видели?  Вспомните, а какой там был воздух?  Как вы думаете, он отличается от воздуха, которым мы дышим возле дорог, дома?  <i>Раз, два, три, четыре, пять – мы отправимся гулять.</i>  <i>А куда? Угадайте загадку, друзья.</i>  <i>«Мы отправимся туда, где зеленый лес, трава,  Для зверей, здесь дом родной,  А мы лишь гости здесь с тобой». (В лес)</i>  <b>Игровое упражнение «Кто, кто в лесочке живет! »</b>  Цель: закрепить знания о жилище животных  Вот, мы с вами и оказались в лесу, люди используют природу, рубят леса, потому что им нужна древесина, из них делают доски, чтобы строить дома, делать мебель, из – за этого страдает здоровье людей и многих животных и растений. А ведь лес – это дом для животных и растений. Поэтому они гибнут, больше становится редких животных и растений в нашей стране, и в других странах тоже.  Задумались люди: как остановить это безобразие, не допустить исчезновения ни одного живого существа. Поэтому решили, что растения и животных необходимо охранять.  Ученые решили издать Красную Книгу. Но почему именно красную, а не какого-либо другого цвета? Потому что красный цвет – цвет опасности! Внимание! Остановись, оглянись, подумай, человек! Подумай о природе! Не слишком ли вольно мы пользуемся щедростью природы? Все только берем и берем.  <i>Дерево, трава, цветок и птица  Не всегда умеют защититься.  Если будут уничтожены они,  На планете мы останемся одни.</i></p>	<p>- цвет опасности</p> <p>Слушают воспитателя</p> <p>Рассказывают истории из личного опыта</p> <p>потому что в лесу много деревьев, они защищают нас от пыли, грязного воздуха, от загазованности машин.  Растения очищают воздух и притягивают пыль</p> <p>Отгадывают загадку</p> <p>перечисляют диких животных</p> <p>слушают воспитателя</p> <p>Вспоминают правила поведения в лесу</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ходить по тропинкам.</li> <li>2. Не ломать ветки деревьев.</li> <li>3. Не топтать цветы, травы.</li> <li>4. Не кричать, не включать громко музыку.</li> <li>5. Не разорять птичьи гнезда.</li> <li>6. Не ловить насекомых, не рвать паутинки.</li> <li>7. Не разрушать грибницы.</li> <li>8. Не ловить мальков и лягушек.</li> <li>9. Не разорять муравейники.</li> <li>10. Не оставлять не затушенных костров.</li> </ol> <p>внимательно слушают о необходимости Красной книги</p>
<p><b>Рефлексивно – корректирующий Reflective and corrective stage</b></p>	<p><b>Анализирует результаты деятельности детей</b>  Подводит итог. Благодарит детей за активную работу на занятии.</p>	<p><b>Осознают результаты своей деятельности</b>  Подводят итог, читают стихи.</p>

**Ожидаемый результат - The expected result:**

**Воспроизводят - Reproduce:** называют животных и растения, занесенные в Красную Книгу

**Понимают - Understand:** что красота природы бесценна, поэтому ее надо охранять.

**-Применяют - Apply:** делают умозаключения на основе имеющихся сведений.

\* \* \* \* \*

Тема: Суффикс.

УРОК: русский язык	Школа: Саздинская	
Дата: 22.11.2017	Имя учителя: Возниковцева О.Н.	
КЛАСС: 2	Количество присутствующих: 12	Количество отсутствующих: -
Цели обучения, которым посвящен урок	2.1.4.1 участвовать в диалоге, высказывая свое мнение и выслушивая мнения других 2.2.4.2 определять художественные и нехудожественные тексты (стихотворение, рассказ, статья) 2.3.7.5 определять значимые части слова; писать слова с суффиксами -оньк-, -еньк- и употреблять их в речи	
Развитие навыков:	1.4 Участие в диалоге, соблюдая речевые нормы в зависимости от ситуации общения 2.4 Определение типов и стилей текстов 3.7 Соблюдение орфографических норм	
Предполагаемый результат:	<p><b>Все учащиеся смогут:</b> Узнать о суффиксе. Узнать об обозначении суффикса в слове.</p> <p><b>Большинство учащихся смогут:</b> Найти информацию о новой части слова. Выделять суффиксы. Отгадывать литературную загадку. Выписывать по образцу слова. Образовывать однокоренные слова при помощи суффиксов. Высказывать мнение, дополняя предложения опорными словами. Определить художественные и нехудожественные тексты (стихотворение, рассказ, статья) и выделить их признаки.</p> <p><b>Некоторые учащиеся смогут:</b> Рассказать о бережном отношении к школьным вещам.</p>	
Языковая цель	<p><b>Основные термины и словосочетания:</b> Состав слова, части слова, суффикс, приставка, корень, однокоренные слова, родственные слова, пословица, сказка, рассказ, стихотворение, вопрос, предложение, упражнение, ответ, пословица.</p> <p><b>Используемый язык для диалога/письма на уроке:</b> <i>Вопросы для обсуждения:</i> Почему в школе нужно учиться, а не бездельничать? Почему к школьным вещам нужно относиться бережно?</p>	
Материал прошедших уроков	Звуки и буквы, гласные и согласные звуки, печатные и рукописные буквы, алфавитные названия букв, слог, язык – средство человеческого общения, высказывание, текст, языковые и неязыковые средства общения, устная и письменная речь, предложение, прописная буква в начале предложения и в собственных именах, сила голоса и темп речи, алфавитный порядок слов, перенос слов, ударные и безударные гласные, мягкий знак на конце и в середине слов, твердые и мягкие согласные, правописание жи-ши, ча-ща, чу-щу, чк, чн, нщ, рщ, шн, звонкие и глухие согласные, звук [й], разделительный Ъ, состав слова, окончание, корень, приставка, родственные и однокоренные слова.	
<b>План</b>		
Временное планирование	Планируемые мероприятия	
1-2 мин	<p><b>Создание положительного эмоционального настроения</b> Вот учитель входит в класс. Что мы делаем сейчас?</p>	

	<p>Встали дружно.          Что нам нужно?          Вот учебник, вот тетрадь,          Их не надо открывать.          Знает каждый ученик,          Будет нужен и дневник.          Не забудьте про пенал,          Чтоб на парте он лежал.          И. Пospешная          Деление на группы «Ладoшки»</p>
3-4 мин	<p><b>Актуализация жизненного опыта. Целеполагание.</b>  <b>Цель: ввод ситуации для открытия и постановки целей урока.</b>          Несколько учащихся говорят «Даша, дай списать!» ,«Дашка, дай списать!», «Дашутка,дай списать!», «Дашуля, дай списать!»          Кому из ребят даст списать и почему?          Как называются данные слова? Почему? (Докажите)          – Что такое корень слова?          – В этих же словах выделите суффикс.          – В чём затруднение?  <b>Выявление места и причины затруднения.</b>          – Какое задание выполняли?          – Как рассуждали, выполняя задание?          – Где возникло затруднение?          – Почему? (Не знаем, что такое суффикс и как он выделяется на письме)  <b>Построение проекта выхода из затруднения.</b>          – Какую цель мы поставим перед собой?  <i>Учащиеся с помощью учителя формулируют тему урока</i></p>
5-9 мин	<p><b>Работа над темой урока.</b>  <b>Цель: усвоение содержания темы.</b>  <b>Работа по учебнику.</b>  <b>(К, И) Минутка чистописания:</b> запись пословицы с соблюдением высоты, ширины и наклона прописных и строчных букв, их соединений.  <i>Работа с пословицей по плану:</i>          1. Чтение пословицы.          2. Объяснить значение непонятных слов .  <b>Учебник</b>          207          3. Выяснить смысл пословицы в целом: о чём она и чему учит?          4. Подобрать жизненную ситуацию, в которой можно употребить данную пословицу.  <b>(К, И) Исследовательская работа.</b>          Ученики с помощью учителя исследуют данный в учебнике текст стихотворения о суффиксе; находят информацию о новой части слова; делают вывод: где стоят суффиксы? Как они обозначаются? Образуют ли суффиксы новые слова?  <b>(К, И) Работа с правилом.</b>  <b>(Г)</b> Учащиеся, работая в группах и под руководством учителя, образуют новые слова, обозначающие детёнышей, из данных в учебнике частей слова; выделяют корень и суффикс.</p>
10-11мин	<p><b>Физминутка для глаз.</b>  <b>«В лесу»</b>          Ходит солнышко по кругу, (<i>Вращательные движения глаз.</i>)          Дремлет олениха. (<i>Глаза закрыты.</i>)          Мы идём с тобой по лугу тихо, тихо. (<i>Открыть глаза.</i>)          Мы походим по опушке и найдем тропинку.          (<i>Посмотреть вниз.</i>)          Вот сорока на верхушке (<i>Посмотреть вверх.</i>)          Клювом чистит спинку.</p>
12-22 мин	<p><b>Работа по теме урока.</b>  <b>Цель: выполнение практических заданий.</b></p>

	<p><b>Работа по учебнику.</b>  <b>(П)</b> Ученики читают в учебнике стихотворение К.И. Чуковского; образуют от выделенного слова однокоренные слова с помощью суффиксов <b>-к-, -очк-</b>; записывают полученные слова; выделяют суффиксы. Учащиеся высказывают мнение о поведении Коли. Дополняют и записывают предложения, используя опорные слова. Определяют вид текста: художественный или нехудожественный (стихотворение, рассказ, статья).  <b>(Г)</b> Организуется <b>игра-соревнование</b> между группами. Учащиеся образуют однокоренные слова с помощью суффиксов; записывают полученные слова и обозначают суффиксы.</p>
23-33мин	<p><b>Работа по теме урока</b>  <b>Цель: выполнение практических заданий.</b>  <b>(И) Самостоятельная работа.</b>  Учащиеся читают текст «Школьные вещи» и объясняют, почему к школьным вещам нужно относиться бережно. Определяют вид текста: художественный или нехудожественный (стихотворение, рассказ, статья). Списывают текст, вставляя пропущенные буквы. Обозначают в выделенных словах окончание, корень, суффикс.  <b>Включение в систему знаний и повторение.</b>  <b>(К, И) Игра «Самый внимательный».</b>  Наша-то <b>хозяйюшка</b>  Сметлива была,  Всем в избушке <b>работушку</b>  К празднику дала:  <b>Чашечку</b> курочка веничком метёт.  <b>Мышка</b> собирает крошки под окном,  По столу <b>котище</b> лапкою скребёт,  Половичку <b>курочка</b> веничком метёт.  <i>(Текст раздаётся каждому ученику. Нужно обозначить суффикс в выделенных в тексте словах. )</i>.</p>
34-37 мин	<p><b>Работа в тетради «Что я знаю и умею».</b>  <b>Цель: оценка уровня усвоения навыка по теме.</b></p>
38 -40 мин	<p><b>Итог урока. Рефлексия.</b>  Суффиксом называется ... При помощи суффиксов образуются ...</p>
<b>Дополнительная информация</b>	
<b>Дифференциация</b>	<b>Оценивание</b>
Мотивированные дети могут рассказать о бережном отношении к школьным вещам.	<p><b>Формативное оценивание.</b>  – Самооценивание в тетради «Что я знаю и умею».  - оценивание при помощи ладошки  – Определение уровня усвоения навыка по теме (тетрадь «Что я знаю и умею»).</p>

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы, Жетісай қаласы**  
**№119 жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі**  
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**  
**Боранова Алия Юсуповна**

**ТАҚЫРЫЫ: «Мұқағали Мақатаев – ақиық ақын»**

Балалық кез – әрбір адамзат ғұмырының ұмытылмас естен кетпес кезеңінің бірі. Өмірінің балалық балдәурен кезі қандай болмасын, мейлі ол қиындық пен қасіретке толы болсын, мейлі қуаныш пен еркеліктің құшағында өтсін, ол бәрібір адам өмірінің ұмытылмас та тәтті кезеңі болып қала бермек. Әрбір адам жасы есейе келе өткен күндерін есіне ала отырып, сол бір балалық шағы, бала болып ойнаған кездерін есіне ала отырып толғанысып: сағынышты ыстық леппен айтары сөзсіз.

Қазақ балалар әдебиетінен өз орнын алып, жалпы әдебиет деген «қазына аралында» ғасырдан-ғасырға жететін байлық қалдырып отырған көрнекті ақынымыз М.Мақатаев та балалық шақ, оның қызығы, қала берсе балаларға тәрбие берерлік көптеген өлеңдер жазды. Сол өлеңдері басқа өлеңдерімен қатар жинаққа еніп, балалардың сүйікті кітаптарына айналып, жарты ғасырдай олармен бірге өмір сүріп келеді. Бұдан кейін де өмір сүре бермек. Оның басты себебі, ақынның түсінікті де жеңіл тілі, адам психологиясын жете түсінуі, балаларды үлкен

адамдарша елеп олармен тез тіл табысып кетуінде сияқты. Себебі ол да бала болды. Артықшылығы, өсе келе жұртына танымал ақын болып жетілгені.

Қазіргі қазақ балалар поэзиясы – кең тынысты поэзия. Бала сезіміне, оның ой өрісіне ыңғайлай отырып, бүгін ол біздің бай қоғамдық және азаматтық өміріміздің барлық мәселелелерін поэзия тілімен әңгімелеуге көтерілді. Оның таырыптық байлығын айтқанда, бұл алдымен еске түседі. Поэзия тек баланың дүниетану мөлшерін кеңейту ғана емес, өмірдегі жақсы-жаман әрекеттің бәріне де бала сезімін ортақ етеді, оны ойлантады, шешім қабылдауға үйретеді. Мұның бәрі бала бойынша адамгершілік сезімді оятуға, оларды ерлік пен ізгі мінезге тәрбиелеуге қызмет етеді.

Оның өлеңдері ой-пікір анықтығы, жинақтылық, тапқырлық, бала сезіміне әсер етер сөз ойнақтылығы жағынан әсерлі келеді. Бұл күнде білім іздеп, білгенін үстемелеуші қаламгер ғана табиғи талантын қырнап, ұштайды, тапқырлықтың жаңа жолдарын, тың тәсілдерін таба алады.

Жанрдың ішкі мүмкіншіліктерін игере отырып, балалар поэзиясының кемелденуіне едәуір үлес қосқан ақын М.Мақатаевтың өзіндік орны бар. Оның өлеңдері ой-пікір анықтылығы, жинақтылығы, тапқырлығы, бала сезіміне әсер етер сөз ойнақтылығы жағынан әсерлі келеді.

Поэзия – сөз өнері. Поэзия арқылы қаламгер әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алады. Оны жанды көрініске айналдыра алады. Ол айналамыздағы дүниені, өмірді танып-білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік-эстетикалық сезіміміздің үлкен өнімді саласы. Сөз қолдану шеберлігі, көркемдік шеберлік дегеніміз – өмір құбылыстарын танып-білу, ұғып-түсіну қабілетімен көркем ой-сезім қуаттылығымен терең тамырланып, қабысып жататындығында.

Поэзияда тек тіл, сөз ғана емес, ой да көркем, бейнелі. Өлең тіліне көркемдік қуат дарытатын, сипат, өң беретін сол ой-сезім тереңдігі, өткірлігі, әсер-лілігі.

Өлеңге, өлеңмен жазылған шығармадағы әрбір суретке, әрбір сөзге поэзиялық сәулет, поэзиялық нәр, көрік беретін нәрсе – ақындық ой-сезімнің таңдауы, талғауы, көркемділігі.

Ғасырлар қойнауынан тартқан бай тарихы, сан-салалы дәстүрі, алуан стильдік тармағы бар әдебиеттің даму жолына тыңнан соқпақ қосу – кез-келген қаламгердің қолынан келе бермейтіні белгілі. Әр ақын сөз өнеріне айтарлықтай жаңалық алып келе бермеуі мүмкін. Ақын өз шығармалары арқылы танылып, кейінгі әдебиетке үлгі боларлықтай дәрежеде болса, ұлттық болмысты таныта алса ғана рухани қазынаға қосылған өміршең жаңалық болмақ.

Мұқағали Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысының бұрынғы Нарынқол ауданындағы Қарасаз топырағында дүниеге келген. Ақынның азан шақырылып қойылған аты – Мұқаметқали. Бірақ, «пайғамбардың атын алып жүру жас балаға ауырлық етеді», – деп ата-анасы оны кішкентай күнінен «Мұқағали» деп еркелетіп атап кеткен.

1948 жылы онжылдық мектепті бітіргеннен кейін ақын 1948-1949 жылдары ҚазМУ-дың филология факультетінде оқып, өзінің туған ауылында ауылдық кеңестің хатшысы, қызыл отау меңгерушісі, жергілікті комсомол қызметкері, жетіжылдық мектепте мұғалімдік қызметтерін атқарады. Мұқағали өлеңдерін ең алғаш мектептің қабырғасында жүргенде жазып, бірді-екілі туындылары аудандық баспасөз беттерінде жарияланған. 1970 жылы Жазушылар одағына мүшелікке қабылданып, 1973-1974 жылдары Мәскеудегі Әдебиет және өнер институтында оқыған болашақ ақын Қазақ радиосында дикторлық қызмет атқарғанда да, республикалық баспасөзде жұмыс істеген жылдарында да әдеби шығармашылық өмір тынысынан бір сәт те ажырамай, ақындық қабілетін одан әрі шыңдаған. «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімдерінде қызмет атқарып, Қазақстан Жазушылар одағының поэзия секциясында әдеби кеңесші болған, КСРО Жазушылар одағындағы қазақ әдебиеті бойынша кеңесші міндетін де атқарған.

Ақынның алғашқы жырлары 1948 жылы Нарынқол аудандық «Советтік шекара» газетінің беттерінде жарияланды. Жас ақын талантын алғаш рет елуінші жылдардың соңына таман Әбділда Тәжібаевтың аңғарып, сәтті сапар тілеп, бір топ өлеңдерін «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялатуы – оның ақындық жолын біржолата айқындап берді, әдеби өмірге еркін араласуына жол ашты.

Мұқағалидың 1954 жылы «Әдебиет және искусство» (Жұлдыз) журналында бір топ өлеңдері жарық көрді. «Қазақ әдебиеті» газетінде өлеңдер топтамасы оқырманға жол тартты. Арада он жыл салып, 1964 жылы тұңғыш кітабы «Ильич» атты поэмалар жинағы жарыққа шықты. Ал, 1966 жылы «Армысыңдар, достарым!» атты өлеңдер мен поэмалар кітабы, 1967 жылы «Қарлығашым, келдің бе?» атты жыр жинағы оқырман қолына тиіп, қаламгерлік беті айқындалған, өзіндік қолтаңбасы бар ақынның тұлғасын танытты. Ақын өмір бойы: «Нағыз ақын алдымен ойшыл, философ болуы керек. Поэзияда философ болу – өзін қоршаған әлемді ұғыну, әр заттың мәнін білу, ақырына дейін адам жанының инженері болып қалу» деген қағиданы ұстанған. Мұқағали өлең жазумен бірге шахматты, аңға шығуды, балық аулауды өте жақсы көрген. Мұқағали 1949 жылдың көктем айында жары Лашынмен отау құрады. Ақынның Алмагүл, Шолпан, Ләззат атты қыздары, Жұлдыз, Айбар деген ұлдары бар. Майгүл атты қызы 10 жасында көлік апатынан қайтыс болған. Қазіргі таңда ақынның төрт немересі бар.

«Поэзия! Менімен егіз бе едің? Сен мені сезесің бе, неге іздедің?!», – деп, тебіренетін Мұқағали бүкіл ғұмырын, жан дүниесін қалтқысыз өлең жолына арнады. Талантты да, шамырқанысты ғұмыр кешіп, үдете өнімді жазды. Таланты бай, ішкі рухани қуаты берік ақын небір тамаша лирикалық жырларын ұсынды. «Мавр» (1969),

«Дариға жүрек» (1972), «Аққулар ұйықтағанда» (1974), «Шуағым менің» (1975) жинақтары қазақ поэзиясында өзіндік белесті із қалдырып, өз оқырмандарын тапты.

Мұқағали Мақатаев «дәл қырықтың бесеуінде» «ұйықтап кетсем болғаны төсегімде» деп өлең жазып, дәл қырықтың бесеуінде бауыр циррозы ауруынан қайтыс болған. Тұңғыш кітабы «Ильич» 1964 жылы жарық көрсе, көзі тірісінде жарық көрген соңғы кітабы «Өмірдастанға» 1976 жылдың 2 ақпанында басуға қол қойылыпты. Осы он екі жылдың аралығында ақынның он бір кітабы жарық көріпті. «Ильич», «Армысындар, достарым!», «Қарлығашым, келдің бе?», «Мавр», «Шөп жапырақтары», «Сонеттер», «Құдыретті комедия», «Дариға жүрек», «Аққулар ұйықтағанда», «Шуағым менің», «Өмірдастан». Бірақ, ақынның жыл сайын дерлік шығып тұрған жыр жинақтары шетінен жұп-жұқа, кіп-кішкентай кітапшалар болатын. 1976 ақын қайтыс болғаннан кейін жарық көрген бір ғана «Өмір – өзен» кітабының көлемі (14, 5 табақ) көзі тірісінде жарық көрген бес кітабының көлемімен барабар болып шықты. Кешегі кеңес заманында бүкіл жазғанының тек төрттен бірі ғана шыққан қазақ ақыны тек Мұқағали. Оның атын да, даңқын да өзі өлгеннен кейін жарық көрген кітаптары шығарған. «Мен ХХІ ғасырдың құрдасымын. Бәлкім одан әрідегі ұрпақтардың туысымен да», – деп жазған екен ақын өз күнделігінде. Қазіргі таңда ақынның осы сөзінің шындығына біздің көзіміз толықтай жетіп отыр. Арамызда ақынның өмір тарихын, поэзиясын білмейтін қазақ жастары жоқ шығар.

\* \* \* \* \*

**Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Мектеп ауылы  
КММ "Мектеп негізгі мектебі" Мухамеджанова Асель Кобегеновна**

<b>Пән: Дүниетану</b>		<b>Мектеп:</b>
<b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:</b>		
<b>Күні:</b>		<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b>
<b>Сынып: 1</b>		<b>Мухамеджанова А.К.</b>
		<b>Қатысқандар саны: 7</b>
		<b>Қатыспағандар саны: 0</b>
<b>Сабақ тақырыбы</b>	<b>Денсаулық пен қауіпсіздік</b>	
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	<b>1.1.4.3. Үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру</b>	
<b>Сабақ мақсаттары</b>	<p><b>Барлық оқушылар:</b> Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік ережелерін сақтау керек екенін біледі, айта алады, үйдегі қауіпсіздік ережелерін біледі.</p> <p><b>Көптеген оқушылар:</b> Адам өміріне қауіп төндіру көздерін анықтап (үйдегі), одан қорғану жолдарын әңгімелей алады.</p> <p><b>Кейбір оқушылар:</b> Қоғамдық орындарда қауіпсіздік сақтау жайлы өз ойларын жеткізе алады, «Үйде қауіпсіздік ережесін сақта!» қауіпсіздік ережесін құрастырып.</p>	
<b>Бағалау критерийлері</b>	<p>1. Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік ережелерін сақтау керек екенін біледі, айта алады</p> <p>2. Үйдегі қауіпсіздік ережелерін біледі, түсіндіреді</p> <p>2. Қауіпсіздік ережесін тірек сөздер арқылы құрастыра алады, дәлелдей алады.</p>	
<b>Тілдік мақсаттар</b>	<p><i>Қауіп-қатер</i> <i>Жазатайым жағдай</i> <i>Өрт, су, апат, шығын, телефон шалу</i> <i>Үйде қай жер және қандай тұрмыстық заттар қауіпті деп ойлайсың?</i> <i>Қауіп-қатерді сезгенде көмекке шақыру (103, 101)</i></p>	
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	<i>Отбасылық мүлікке сақтылықпен қарау, шығын әкелмеудің жолын түсіну</i>	
<b>Пәнаралық байланыстар</b>	<i>Әдебиеттік оқу, қазақ тілі, жаратылыстану</i>	



<b>АКТ қолдану дағдылары</b>	Тұрмыста қолданылатын электр құрылғыларының жұмыс жасау жолдарын біледі.
<b>Бастапқы білім</b>	Өз үйіндегі бөлмелердің атауын, тұрмысқа қажетті құралдарды, қажеттіліктерін біледі.

**Сабақ барысы**

<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет</b>	
Сабақтың басы	<p><b>Сабақ басында:</b>            -«Өз үйіме саяхат» ойыны (берілген суреттерді талдай отыра (ыдыстар, газ, диван, шкаф, кереует, теледидар, компьютер т.б) топқа бөлу  <b>Ширату жаттығуы:</b>            Үйдегі қауіпсіздік сақтау тақырыбына арналған бейне фильм көрсету, талдау жасау, сұрақ-жауап арқылы.</p>	
Сабақтың ортасы	<p><b>1 тапсырма (Топтық жұмыс)</b>            Оқулықпен жұмыс, 84 бет            1 топ -бірінші суреттегі көріністі баяндап береді, қауіпті жағдайларды атайды.            2 топ -екінші суреттегі көріністі баяндап береді.            3 топ -екі суреттегі көріністерді салыстырып қорытынды жасайды  <b>2-тапсырма (Жеке жұмыс)</b>            Дәптермен жұмыс, 59 жұмыс парағы            1.Суретті мұқият қарап, қауіпті жағдайларды белгілей алады.            60 жұмыс парағы  <b>3.Тапсырманы оқып, сәйкестендіре алады.</b>  <b>4-тапсырма:</b>            Слайдта көрсетілген суреттерді және тірек сөздерді пайдаланып, қауіпсіздік ережесін құрастырады</p>	
Сабақтың соңы	<p><b>Кері байланыс</b>            «Таңба соқ»</p> <p><b>Бағалау:</b>            1. «Бағдаршам»            2. Бағалау парағы</p>	
<b>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</b> (Топтық, жеке жұмысты ұйымдастыру, жоғары деңгейлі (Блум -6 деңгей) тапсырманы құрастыру, т.б.)	<b>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</b>	<b>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</b>
Айналада кездесуі мүмкін қауіп-қатерге мысалдар келтіре алады.	<p><b>Дескрипторлар:</b>  <b>6. тапсырма:</b>            -Суреттегі көріністі сипаттай алады,            - Қауіп тудыратын заттарды атай алады            -бөлмелердегі қауіпті жағдайдың алдын-алуды айта алады.            2 тапсырма:            -Суреттегі қауіпті жағдайларды белгілей алады            -Сәйкестендіру тапсырмасын</p>	Денсаулық сақтау технологиялары. Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері. Осы сабақта қолданылатын <b>Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары</b>

	орындай алады 3-тапсырма: -Тірек сөздер арқылы қауіпсіздік ережесін құрастыра алады - Үйдегі қауіпсіздікті сақтауға үш мысал келтіреді	
<b>Сабақ бойынша рефлексия</b>  Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?	Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.	
<b>Жалпы баға</b> <b>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?</b> 1: 2: <b>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?</b> 1: 2: <b>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</b>		

**Амантаева Райхан Данатаровна**  
**Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы**  
**№9 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі**

**Тәрбие сағатының тақырыбы: Қайырымдылық – жылы жүректен**

**Мақсаты:** Баланың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату, жақсы-жаманды ажырата білуге, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Қайырымдылық туралы түсінік беріп, олардың бойында жанашырлық, қайырымдылық сезімдерін дамыту. Бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, имандылыққа, шыншылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, қайырымдылық жайында жазылған ұлағатты сөздер: «Жасаған жақсылығың сатулы болмасын», «Адамға қылған жақсылық өмірінде тозбайды», «Бір-бірімізге қайырымдылық, мейірімділік жоқ жерде бірлік пен ынтымақтастықтың ауылы да алыстай береді», т.б.

**Психологиялық дайындық.**

Жан-жағына нұр шашып  
Арайлап жарқын таң атса,  
Жер бетінде жайқалып,  
Көгеріп өссе көк майса,  
Жүрегім жыли бастайды.  
Оралғанда сапардан  
Алдымнан жақын жан шықса,  
Кездескенде достарым  
Құшағын маған кең ашса,  
Жүрегім жыли бастайды.

**I. Ұйымдастыру кезеңі**

Ф.Оңғарсынова «Жақсылық жасау туралы жыр» бейнеролик.

Мұғалім сөзі: Құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі «Қайырымдылық – адам жанының нұры» атты ашық тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

Тыныштық сәті

Балалар көзімізді жұмып, біраз демалып жақсы істерді көз алдымызға елестетейік. Біз қазір керемет, әрі сиқырлы, мейірімділік пен сүйіспеншілікке, қайырымдылық пен ізгілікке толы әлемге саяхат жасаймыз.

Бұл әлемнің ауасы тым таза, жұпар иісі аңқыған көгінде күн күлімдеп, әлемге жылы шуағымен, мейірімділік шашуда. Бәріміз де сол әлемге қарай қадам басайық! Біздің жанымызда достарымыз, олар ерекше адамдар, олардың жанында біз өзімізді еркін сезінеміз. Себебі, бұл жердегі тіршілік атаулының барлығы бір-біріне мейірімділікпен назар аударады. Сүйіспеншілік, мейірімділік, ізгілік нұры бізге қонып, жан-дүниемізді осы жақсы сезімге толтыруда. Ал енді балалар осындай жылы сезімді жүрегімізге орнатып, мәңгі есімізге сақтаған қалпымызбен, терең дем аламыз, көзімізді ашамыз. Адамдар осы әлемдегідей бір-біріне тек жақсылық, қуаныш, ізгілік сыйлап, қайырымдылық жасап жатса, қандай жақсы болар еді.

Ой шақыру:

Балалар, осы көрініс арқылы жан-дүниемізде қандай өзгерістерді сезіндік?

Бұл сиқырлы әлемнен біз қандай нұрды алып келдік?

Мейірімділік деген сөздерді қалай түсінесіңдер?

«Қайырымдылық», «жанашырлық» деген сөздерді қалай түсінесіңдер?

**Қайырымдылық** — көмекті қажет етушілерге (адам және барлық жандыларға) білдірілетін сүйіспеншілік пен нақты көмек. Қайырымдылық ізгіліктің анық көрінісі болып табылады. Қайырымдылық — адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін, адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді. Қайырымдылық ұғымының екі қыры бар. Бірі — рухани-экономикалық жағы (басқаның басына түскен ауыртпалықты қабылдау), Екіншісі — іс-тәжірибелік жағы (іс жүзінде нақты көмек беруге ұмтылу).

Адам өз ұрпағына қайырымдылықты жастайынан үйретіп, адамгершілік қасиеттерге баулуға ұмтылады. Біреуге жақсылық, жан-жануарларға, табиғатқа камқорлық жасау — қайырымдылықтың көрінісі. Рақымды, мейірімді, жан жылуы мол адамды қайырымды адам дейді. Ал ешкімге жаны ашымайтын, жүрегінің жылуы жоқ, қатыгез адамды қайырымсыз деп атайды.

Ата-бабаларымыз ұрпағына мұра етіп қалдырған тілі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Олар бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүрген. Ұрпағының білімді болғанын армандаған.

Адамға жақсылық жасау, қайырымдылық көрсету – халқымыздың мақтан етерлік дәстүрлерінің бірі. Бұл дәстүр қазақ тіршілігінде түрліше іске асып отырған.

1-оқушы. Көрші-қолаңның, ағайын туыстың жалғыз аты өлсе, оның етін көпшілік болып бөлісіп, орнына бірігіп ат сатып берген.

2-оқушы. Алыс сапарға аттанғанда, кедейлерге ет-май деп майда малын уақытша болса да қарасып, мініске деп жылқы берген. Көлік-жай деп көшуге, малға жем-шөп даярлауға түйе беріп көмектескен.

3-оқушы. Сауын деп кедей-кепшіктерге жаз кезінде сауынға мал берген.

**Мұғалім:** Ата-бабаларымыз қайырымдылық дегенді осылайша түсінісіп, осылай жүзеге асырып отырған.

Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы – жомарттық, кеңпейілділік. Ол адамға қызмет қылып, жақсылық жасауға пейілді жанға тән сипат. Атаны ардақтау, ананы аялау, досты сүю, қартты құрметтеу – бізге бабаларымыздан қалған дәстүр. Бұл да – елдігіміздің нышаны.

«Адам баласына қолыңнан келсе, жақсылық қыл, жасаған жақсылығың алдынан шығады,» деген екен. Бір-бірімізге жақсылық жасаудан жалықпайық, достар!

**Тренинг : « Шын жүректен »**

Өркенім өссін десең,

Кекшіл болма-

Кесапаты тиер еліңе.

Елім өссін десең,

Өршіл болма-

Өскеніңді өшіресің.

Жанашыры жоқ жарлыға

Жәрдемші бол асыға,

Қиын қыстау күндерде

Өзі келер қасыңа.

Бүгін сағы сынды деп,

Жақыныңды басынба

Қазыбек бидің халқымның кеңдігі, жомарттығы туралы айтқан осы бір өсиеті бүгінгі күнде де өміршеңдігін жойған емес.

Халқымыз кашан да қайырымдылықтан кеңде болмаған, жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған. Бұл қасиет оның болмысының ажырағысыз құрамдас бөлігі болса керек. Ата-бабалардың игі дәстүрін ұрпақтары жалғастырып келеді. Қазақта «Жетім көрсең жебей жүр», «Жетімнің көз жасы удан да ащы» деген сөздеріне қарамастан жетім мәселесі күрделеніп келе жатқаны жасырын емес.

**М. Әуезов : «Жетім»**

Атаң болса, анаңмен-

Алтыннан соққан қорғаның,

Ағаң болса ақылды-

Ешкімнен кем болмадың,  
Інің болса жанашыр-  
Семсер қылыш білегің.  
Ақылды қыз, ақылды ұл-  
Өкпе – бауыр, жүрегің.

**Көрініс. «Атаңа неқылсаң – алдыңа сол келеді»»**

Өтеді ғой... Өтеді барлығы да,  
Күн арқалап кетеді таңды мына,  
Менің жаным ашиды барлығына,  
Таң нұрына, адамның тағдырына.

Қазақта «Жақсыдан – шарапат, жаманнан - кесепат» деген мақал бар. Мұндағы «Шарапат» сөзі қайырым, мейірім деген мағынаны білдіреді. Шарапатты іс жасау кез-келген адамның қолынан келеді, бірақ оны тек адамгершілігі жоғары, рухани әлемі бай, жан дүниесі таза адамдар ғана жасайды.

Ол басқаның жағдайын өз қамындай шынайы, жүрегімен қабылдап, қандай қиын болса да, амалын табуға тырысады, не сөзімен, не ісімен жәрдем береді, шарапатын тигізеді. Шарапатты адам – Абай армандаған кемел адам:

Өзек қуа ағады,  
Өзен судың саласы  
Алыстан сәлем береді  
Әдепті елдің баласы.

**Бейнеролик. «Ата- анаға құрмет»**

Оқушы: Қайырымдылық – асыл қасиет. Шексіз мейірімді, шексіз рақымды. Алла мұсылман құлдарына әрқашан да бір-біріне мейірімді, қайырымды болуға үндейді.

Оқушы: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Әуелі – надандық, екінші – залымдық, үшінші – еріншектік» - деп Абай атамыз айтқан екен. Міне, осы үш нәрседен бойымызды аулақ ұстайық.

Оқушы:

Кісіге адамшылық не керек?

Адамдық – өзге айуаннан артық демек.

Ит талаған төбеттей қалай дейсің,

Аямай әл келгенін жұтып жемек.

Мейірім – жақсы, залымдық жаман дейсің,

Қасқырлыққа қайтесің құр дөңгелеп.

Жан ашып, ешбір жанға жәрдем қылмай,

Өткен адам – өсіп-өсіп құлаған бір бәйтерек. (Ш.Құдайбердиев)

Оқушы: Өмірде еш өкініш болмасын,

Имандылық босын сенің жолдасың.

Оқушы: Бір-бірімізге қайырымдылық, мейірімділік жоқ жерде бірлік пен ынтымақтықтың ауылы алыстай береді. Ата-бабаларымыздан қалған асыл қасиеттерден жұрдай болсаң, қазақып деуге құқымыз бола қояр ма екен?

**Қорытынды. Мұғалім:** Бақыт жайлы пікір айтып қызулы топ таласты

Бірі оны үйден іздеп, бірі қырдан әрі асты.

Бірі айтады: бақыт деген- барлық байлық емес пе?

Керегінше киіп, ішсең «бақыттысың» демес пе?

Бірі айтады: «Жоқ, бақыт деген – қолың жетпес мансап қой»

Жұрттан гөрі жүрсең ерек, соның өзі жақсы ат қой.

Бірі айтады: «Бақыт деген- жүйрік мініп той тойлау»

Ісің болмай күйбеңменен, қарын тойса, қарт ойнау.

Бірі айтады: «Бақыт деген- адал жар мен перзент қой!»

Ынтымаққа ырыс келген, ол да саған келмек қой

Пікірлердің таласына осылай мен жолықтым

Бақыт адам баласына келмес оңай соны ұқтым.

Безбеймін мен баладан да, байлықтан да, жардан да

Мансап жетпес бар адамға үлестіріп алғанда

Үміт үзбей іздейді олар, таңдап сол бір уақытты,

Оны алыстан іздемелік, жүректен тап бақытты!- деп ақын ағамыз айтқандай бір бірімізге бақыт сыйлар жүрек жылуымыз, мейірімділігіміз сарқылмасын! Аялы алақанымызды, қол ұшымызды созып, қайырымдылық жасап, көмек қолын күткен әрбір жанның жүрегіне жылылық ұялатып, өмірге деген көзқарасын өзгерту осы отырған барлық азаматтың борышы.

Ендеше болашағымыз бақытты болсын десек, бір бірімізге қолдан келер қамқорлығымызды аямалық ағайын!

\* \* \* \* \*

**Қарақия ауданы, Мұнайшы ауылы №7 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі  
Берсүгірова Нұрсұлудың математика пәніне арналған қысқа мерзімді жоспары**

<b>Сабақтың атауы</b>	<b>Қосу мен азайту өзара кері амалдар</b>	
<b>Сілтеме</b>	Кесте « Өлке» баспасы.	
<b>Жалпы мақсаттар</b>	АКТ, СТО технологиясының стратегияларын ықпалдастыра отырып, қосудың орын ауыстырымдылығы туралы түсініктерін пысықтау, Оқушыларды қосу мен азайтудың өзара кері амалдар екенін мысалдар арқылы түсіндіру. Қосынды мен айырманы және олардың компоненттерін меңгеруді жалғастыру. Математика пәніне қызығушылығын арттыру есептеу, логикалық ойлау әрекеттерін дамыту, ойларын дәлелдеуге бейімдеу, белсенділік танытуға дағдыландыру	
<b>Оқыту нәтижесі</b>	Қосудың орын ауыстырымдылық қасиеті туралы түсінік қалыптасады. Қосу мен азайтудың өзара кері амалдар екеніне көз жеткізеді. Олардың оқылуы мен атауларын меңгереді. Математика пәніне қызығушылықтары артып, есептеу, логикалық ойлау әрекеттері дамиды. Өз ойларын дәлелдеуге бейімделеді, сабақ арысында белсенділік танытуға ұмтылады.	
<b>Негізгі идеялар</b>	$2+1=3$ $3-2=1$ $1+2=3$ $3-1=2$ Қосу мен азайту өзара кері амалдар	
<b>Тапсырмалар</b>	<b>1- тапсырма</b> Тапсырмадағы суреттер бойынша қосу мен азайтудың кері амалдар екенін үш үйректің суреті арқылы сюжет бойынша есептер құрастырып, дәлелдеп түсіндіру.	<b>2- тапсырма:</b> Теңдіктер құр, салыстыр, оқы.
	<b>3- тапсырма:</b> Салыстыру.	<b>4- тапсырма:</b> Логикалық тапсырма
<b>Кейінгі тапсырмалар</b>	Кері байланыс	
<b>Үй тапсырмасы</b>	Ауызша қайталау	
<b>С А Б А Қ      Б А Р Ы С Ы</b>		
<b>Мұғалімнің жазбалары</b>	<b>Оқушының іс әректі</b>	
I. Ұйымдастыру кезеңі II. Өткенді қайталау III. Жаңа сабақ. Оқушылардың білімді белсенді меңгеруге дайындау кезеңі.. Жаңа сабақ. Сабақ мақсатымен таныстыру. <b>Мұғалімнің түсіндірмесі.</b> $2+1=3$ $3-1=2$ қосу мен азайту бір-біріне кері $3-2=1$ болып табылады. -Біз не істедік? -орындарын ауыстырдық. <b>2)</b> -мәндері өзгерде ме? <b>3)</b> өзгерген жоқ. -Олай болса қандай ереже шығаруға болады? Оқулықпен жұмыс: <b>1 тапсырма:</b> Оқулықпен жұмыс.1-тапсырманы оқушылармен бірге талдау.	Топқа бөліну Өткенді еске түсіру Психологиялық дайындық  Сабақ барысында диалогдық жұмыстарға қатысып отырады.  Топтық талқылау	

<p>Тапсырмадағы суреттер бойынша қосу мен азайтудың кері амалдар екенін үш үйректің суреті арқылы сюжет бойынша есептер құрастырып, дәлелдеп түсіндіру.</p> <p>Нәтижені дәлелдеу</p> <p>ІҮ. Жаңа сабақты бекіту.</p> <p><b>7. тапсырма:</b></p> <p>Теңдіктер құр, салыстыр, оқы.</p> <p><b>V. Сергіту сәті</b></p> <p><b>3- тапсырма:</b></p> <p>3. Салыстыр.</p> <p>3 * 2            3 * 1            2 * 1</p> <p>3 * 0            2 * 0            1 * 0</p> <p><b>4- тапсырма:</b></p> <p>Логикалық тапсырма.</p> <p>Дәптермен жұмыс</p> <p>VI. Қорытындылау.</p> <p>VII. Кері байланыс. Не білемін? Не білдім? Не білгім келеді? VIII</p> <p>Сабақты жалпы қорытындылау</p> <p>IX. Мадақтау. Формативті бағалау</p>	<p><i>Сурет бойынша теңдіктер құрастырып, мәнін табады</i></p> <p><i>Оқулықпен жұмыс</i></p> <p><i>Өз бетінше жұмыс жасайды. Сабақ бойынша өз ойларын білдіреді, қорытынды жасайды</i></p>
--	--

**Алагөзова Ардақ Жарылғапқызы. Орыс тілі пәнінің мұғалімі**  
**Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Мұнайшы ауылы**  
**«№7 орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі»**

**Открытый урок русского языка в 11 классе по теме: « Простые предложения».**

**Цель урока:**

- повторить материал об односоставных предложениях; формирование умений:
- различать односоставные и двусоставные предложения;
- находить односоставные предложения по их значению, структурным особенностям;
- правильно ставить знаки препинания в сложных предложениях, в состав которых входят односоставные предложения;
- использовать односоставные предложения в разных стилях речи, пользоваться двусоставными и односоставными предложениями как синтаксическими синонимами.

**Тип урока:** комбинированный.

**Орфоэпическая разминка.**

Диалог, монолог, договор, звонит, каталог, квартал, красивее, углубить, обеспечение, досуг, прибывший, газопровод, кулинария, торты, понял, поняла, черпать.

**Совершенствование знаний и умений.**

- Как называется предложение, грамматическая основа которого состоит из подлежащего и сказуемого?
- А если в предложении один главный член?
- На какие две группы делятся односоставные предложения?
- Как называются односоставные предложения, в которых главный член – подлежащее?
- Перечислить типы односоставных предложений, в которых главный член – сказуемое?
- Могут ли односоставные предложения быть распространёнными?
- Могут ли быть частью сложных предложений?

Теперь поведём более конкретный разговор о типах односоставных предложений. Отвечать будете по плану, а примеры будете находить в том листочке, который лежит у каждого на столе.

**План ответа.**

1. Что обозначает односоставное предложение?
2. Способы выражения главного члена предложения?
3. Привести примеры.
4. Сфера использования.

**Закрепление.** К. Паустовский «Осенью на Прорве». Задание: найти в тексте односоставные предложения (в том числе и те, которые являются частями сложного предложения), обозначить их грамматические основы, определить тип этих предложений.

**Контрольный срез.** Учащимся предлагается тест.

**Домашнее задание.** Творческая лаборатория. Написать сочинение «Зимние этюды». Использовать односоставные предложения.

**Определённо-личные предложения. Способы выражения сказуемого:**

- П. глагол в форме 1-го или 2-го лица ед. или мн. числа;
- П. глагол в повелительном наклонении;
- П. глагол 1-го лица буд. времени.

### **Неопределённо-личные предложения.**

#### **Способы выражения сказуемого:**

- глагол в форме 3-го л. мн. ч. наст. или буд. времени;
- глагол в форме мн. числа прош. вр;
- глагол в форме мн. числа условного наклонения.

#### **Безличные предложения.**

#### **Способы выражения сказуемого:**

1. безличный глагол: **Светлеет. Думается легко.**
2. личный глагол в безличной форме: **Пахнет ромашками.**
3. инфинитив: **Быть снегу.**
4. глагол-связка в сочетании с наречием, словами категории состояния или кратким страдательным причастием в форме среднего рода: **Стало холодно. Мне было легко. Не выпито всласть родниковой воды.**
5. безличный вспомогательный глагол + инфинитив: **Мне хочется подышать морским воздухом.**

Безличные глаголы употребляются в следующих формах:

- в форме 3-го л. ед. ч. наст. или буд. времени: **Смеркается. Будет смеркаться. Нездоровится. Будет нездоровиться.**
- в форме среднего рода единственного числа прошедшего времени: **Смеркалось. Нездоровилось.**
- в одной форме условного наклонения: **Смеркалось бы. Нездоровилось бы.**
- в неопределённой форме: **Смеркаться. Нездоровиться.**

Глаголы, которые обозначают действия, происходящие сами по себе, без действующего лица (предмета), называются безличными.

Безличные глаголы не изменяются по лицам и числам, т. е. не спрягаются.

Безличные глаголы обозначают явление природы или состояние человека: **Скоро стемнеет. Меня знобит.**

### **Тест по русскому языку. Односоставные предложения.**

#### **1-й вариант.**

1. Прямой порядок слов в:
  - А) Лёгкий туман повис над рекой.
  - Б) Сочинение он перечитал внимательно.
  - В) Над дорогой пыль дрожала.
  - Г) Гордо высится роца вековых дубов.
  - Д) В саду мы работали хорошо.
2. Побудительное предложение в:
  - А) Что же ты, моя старушка, приумолкла у окна?
  - Б) Как пахарь, битва отдыхает.
  - В) Словно разъярённый зверь, река металась в своих берегах.
  - Г) Хлеб соль ешь – а правду режь.
  - Д) Как хорошо в лесу!
3. Укажите безличное предложение:
  - А) Давайте поработаем.
  - Б) В дверь постучались.
  - В) Уходим завтра в море.
  - Г) Не из Москвы ли будем?
  - Д) Пахнет сеном над лугами.
4. Нераспространённое предложение:
  - А) Катятся ядра, свищут пули...
  - Б) Скучная картина.
  - В) Весело сияет месяц над селом.
  - Г) Раскрылось небо голубое меж облаков.
  - Д) Весело жить в такой земле!
5. Определённо-личное предложение в:
  - А) Парк давно закрыли.
  - Б) Соловья баснями не кормят.
  - В) Авось, увидимся когда-нибудь.
  - Г) Цыплят по осени считают.
  - Д) Думать о нём некогда.
6. Определите тип простого предложения: Мне холодно.
  - А) Двусоставное предложение.
  - Б) Односоставное определённо-личное.
  - В) Односоставное безличное.
  - Г) Односоставное назывное.
  - Д) Односоставное неопределённо-личное.
7. Безличное предложение в:
  - А) Ведут ко мне коня.
  - Б) Оттуда тянуло холодом.
  - В) Нам долго не открывали дверь.
  - Г) Привыкнешь к городскому шуму.
  - Д) Скучал я без дела.
8. Укажите назывное предложение:
  - А) Мы очень хотели учиться.
  - Б) Опять Егорушка лежал на траве.
  - В) Мне было десять лет.
  - Г) Две тысячи седьмой год. Январь.
  - Д) У меня нет времени.
9. Укажите неопределённо-личное предложение:
  - А) Ужинали рано, в девятом часу.
  - Б) Любовь к родному краю меня томил, мучила и жгла.
  - В) Учился я хорошо, в школу ходил с удовольствием.
  - Г) Вокруг бушевала не просто вода.
  - Д) Становилось свежо, и мне пора было отправляться домой.

10. Укажите обобщённо-личное предложение:  
 А) А на улице что не идёшь?  
 В) Потерянное доверие не скоро найдёшь.  
 С) Большой костёр развели на берегу.  
 Д) В слободе играют на гармонике.  
 Е) Те минуты позабыть нельзя.
11. Определить вид простого предложения:  
 Леса – хранители вод.  
 А) Односоставное назывное.  
 В) Двусоставное предложение.  
 С) Односоставное безличное.  
 Д) Односоставное определённо-личное.  
 Е) Односоставное неопределённо-личное.
12. Укажите прямое дополнение.  
 А) Обсуждать с друзьями.  
 В) Увлечаться спортом.  
 С) Размышлять о вечном.
- Д) Гордиться сыном.  
 Е) Законспектировать статью.
13. Чем выражено подлежащее в предложении:  
 Семеро одного не ждут.  
 А) Существительным.  
 В) Нет подлежащего.  
 С) Словосочетанием.  
 Д) Местоимением.  
 Е) Числительным.
14. Укажите предложение с составным именным сказуемым.  
 А) Он был высокого роста.  
 В) Я должен был признать свою ошибку.  
 С) Молодой Дубровский хотел заняться делами.  
 Д) Вдали показался дымок поезда.  
 Е) На второй день щегол начал петь.

### На Прорве

Старое русло Оки. Его называют Прорвой. Берега здесь сплошь покрыты ольхой, шиповником, ежевикой. Нигде не видел я таких репейников, колючек, огромных грибов-дождевиков.

Густые заросли трав подходят к самой воде упругой стеной, и с лодки часто нельзя высадиться на берег.

Я люблю эти глухие места и каждую осень провожу здесь несколько недель. Устанавливаю палатку. В ней тепло и сухо. Вечером при свете фонаря я даже читаю недолго. На Прорве слишком много помех. То за кустом крикнет какая-то птица, то ударит хвостом пудовая рыба, то оглушительно выстрелит в костре ивовый прут. Начинает разгораться зарево, и мрачная луна всходит над просторами вечерней земли.

Осенняя ночь тянется медленно, ей нет конца. К рассвету лицо обжигает лёгкий морозец. На востоке наливается тихим светом заря. Воздух густ и прохладен. Пахнет травянистой свежестью и осокой.

#### Задание.

Найдите в тексте односоставные предложения (в том числе и те, которые являются частями сложного предложения), обозначьте в них грамматические основы, определите тип этих предложений.

### Назывные предложения.

Главный член – подлежащее.

Чем может быть выражено подлежащее:

-именем существительным: Мороз и солнце! Пушистый снег.

-количественно-именным словосочетанием: Две тысячи седьмой год.

-цельным словосочетанием: Волнение среди публики, скандал!

**Назывные предложения обозначают (называют):**

-предмет или явление: Жара. Безветрие.

-время действия и место действия: Утро. Озеро.

-указание на предмет или явление при помощи указательных частиц **вот, а вот, вот и, вон**: Вот моя деревня! Вот мой дом родной!

**Назывные предложения ёмки, лаконичны, динамичны, сразу вводят в ситуацию: Синий вечер! Серебристый снег!**

**Сфера использования:** художественная литература, публицистика.

**Сравни!**

**Свежее утро!** – назывное предложение. (Свежее – определение).

**Утро свежее!** – двусоставное предложение. (Свежее – составное именное сказуемое).

**Сравни!**

**Ночь. Полное безмолвие** – назывные предложения.

**Во льдах полное безмолвие** – двусоставное неполное предложение.

### ПОЧЕМУ?

(В назывных предложениях возможны только второстепенные члены предложения, относящиеся к группе подлежащего. Если второстепенный член относится к группе сказуемого, то это неполное двусоставное предложение).

**Домашнее задание.** Написать сочинение «Зимние этюды».

Использовать односоставные предложения.

\* \* \* \* \*



**Сагинова Гулмира Орунбасаровна**  
**Бастауыш сынып мұғалімі**  
**Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Мұнайшы ауылы**  
**«№7 орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі»**

**Тәрбие сағаты**

**Ата-баба дәстүрі-ұрпаққа өнеге**

Мақсаты: Оқушыларға халық өнегесін үйрету,еліміздің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру,оқушы бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру.

Түрі: тәрбие-өнеге сабағы.

Әдіс-тәсілі: баяндау, сұрақ-жауап, сахналық көрініс

Көрнекіліктері: видеопроектр,слайд көрмелері,буклет

Барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Хор ҚР-ның әнұраны «Менің Қазақстаным»

III. Мұғалімнің кіріспе сөзі. /мақсаты,жоспары түсіндіріледі/

Ж о с п а р:

1. Салт-дәстүрің – асыл қазынаң.

2. Жеті атаны білудің мәні.

3. Тыйым сөздер.

4. Даналық сөздер – тәрбие құралы.

5. Ізгіліктің көзіндегі дәстүріміз бар еді...

6. Ұмыт қалған дәстүрлер.

7. «Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен...»

М.Шаханов «Құдіретті төрт ана» - өлеңін оқып беру

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала!

Әр адамда өз анасынан басқа да

Жебеп жүрер,демеп жүрер арқада

Болу керек құдіретті төрт ана:

Туған жерні –түп қазығы,айбыны,

Туған тілі –сарқылмайтын байлығы,

Туған дәстүр,салт-санасы - тірегі

Қадамыңа шуақ шашар үнемі.

Және туған тарихы,еске алуға қаншама,

Ауыр әрі қасіретті болса да.

Төртанаға әнін жалғай алмаған,

Пенделердің басы қайда қалмаған?

Төрт анасын қорғамаған халықтың,

Ешқашанда бақ жұлдызы жанбаған.

Қасиетгі бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,

Төртана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы.

1-оқушы: Жер жүзінде екі мыңнан астам ұлт пен ұлыс тіршілік етеді десек,солардың әрқайсысының өзіне ғана тән әдет-ғұрыптары,салт-дәстүрлері бар. Олар –халық мәдениетінің аса мәнді құрамдас бөлігі, одан сол халыққа жататын адамдар мәдениетінің деңгейі,рухани байлығы,басқа ұлттар мен ұлыстардан,халықтардан айырмашылығының барлық белгілері

танылады. Сонымен қатар салт-сана,дәстүр қатып-семген,мәңгі өгермейтін нәрселер ем ес, елдің экономикасының,мәдениетінің өркендеуіне ілесіп, олардың озықтары одан әрі дамып,жаңғыра түседі, тозықтары қолданыстан қалып,ұмыт бола береді.

2-оқушы: Дәстүрсіз халық жоқ. Барлық елдер секілді қазақтың да өз дәстүрі,ата-бабалары салған сара жолы,жөн-жобасы,бұлжымас заңы бар.

3-оқушы: Қазақ – дәстүрі бай және оны қатаң сақтайтын халық. Туған халқының мінез-құлқын, наным-сенімін жете зерделеген ғұлама- Ахмет Байтұрсынов қазақтың Құдайдан кейінгі қорқатыны дәстүр бұзушылық екенін айтады. Қазақ дәстүрді білмегенді,сыйламағанды надан,тәрбиесіз,көргенсіз дейді.

Бұл - өте ауыр сөз, ауыр кінә,бірақ әбден орынды баға.Ұлттық салт-сана,дәстүр,әдет, әдептен аттап өтпейді.

Және оны берік ұстайды,жас ұрпаққа үйретеді. Салт-дәстүрді сыйламағандар ауыр жазаланады.Ата-баба

дәстүрін,ғұрыпты аттамайды.Ата жолына кім болса да бас июге тиіс. Бұл - ел-жұртыңды сыйлағаның.

Қазақтың туыстық,құда-жекжаттық,той-томалақ өткізу,өлім жөнелту,аруақ сыйлау, үлкен-ді,ата-ананы

құрметтеу, қыз ұзатып,келін түсіру, жүйелі сөзге жығылу,тоқтау, обал-сауап, дастархан,шаңырақ, қонақ

сыйлау, т.б. салт-дәстүрлерінде қаншалық адамгершілік, ізгілік, көрегендік жатыр десеңізші. Осындай

дәстүрлерімізді ардақтап, қадір тұтуға ақыл-парасаты,мәдениеті, білім-білігі жетпеген жетесіз надан,көргенсіз

болмағанда не болады?!

4-оқушы: Қазақтың ертеден-ақ ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан өзіндік ізгі қасиеттері, дәстүрлері, әдет-ғұрыптары бар. Сондай киелі дәстүрлеріміздің бірі – рулас ел ұрпақта-рының жеті атадан асқанша бір-бірімен қыз алысып, қыз беріспеуі. Бұл дәстүр – текті, дені сау, таза ұрпақ өсуінің кепілі. Өз ұрпағына жеті атасын үйрету атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі екені аян. Бабамыз «Жеті атасын білмеген жетесіз» деп балаларына жеті атасын, шыққан тегін үйретуді парыз санаған.

5-оқушы: Бұрын балаға 7-9 жасында әкесінен бастап ағайын-туысын, нағашы жұртын, алыс-жақынды таныстыруға, ата-тегін, руын, ел-жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлінген.

«Жеті атасын білу» заң болған. Әкесі, атасы балаға тек жеті атасына дейінгі балаларының атын жаттатып қана қоймай, олардың қандай адам болғанын, ел жұрты үшін жасаған ерлігі, өнегелі істері жайында әңгіме еткен. Сол арқылы бала ата дәстүрін жалғастырса екен деген мақсат көздеген.

6-оқушы: «Жеті атасын білген ұл жеті жұртқа жөн айтар» деген аталы сөзді арқау етіп, баласына ата тарихын жастайынан жаттатқан. Ел-жұрт тарихын білу ер-азаматты ерлікке, елдікке, Отан сүюшілікке баулитынын білген.

Мұғалім:

Сұрақ: Жеті атаға кімдерді жатқызамыз? Кім өзінің жеті атасын айтып бере алады?

/ Бала, әке, ата, арғы ата, баба, түп ата, тек ата /

7-оқушы: Қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі – тыйым сөздер. Бұл сөздер арқылы есі кірген балаларды жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтандырып отырған.

Мұғалім: Халқымызбен бірге ежелден жасасып келе жатқан тыйым заңдары бар. Ол жасқа да, жасамысқа да ортақ. Солардың бірі мыналар: Малды теппе, тізеңді құшақтама, бос бесікті тербетпе т.б. өт көп. Ал сендер қандай ырым-тыйымдарды үлкен кісілердің аузынан жиі естіп жүрсіңдер? / Оның себебін түсіндіріп бере аласыңдар ма? /

8-оқушы: Қазақ халқы ежелден ұрпақ тәрбиесіне басты назар аударған. Ұлын – қонысым, қызын – өрісім деп ойлайтын туған халқымыз баласының тәрбиелі, өнегелі болып өсуін қадағалап отырған. «Үйінде ұл-қызы бардың көрінде сөнбес жұлдызы бар» деп түсінген. Халық балаға жасында берілген тәрбиенің маңызын ерекше ұғынған. Ұл-қыздың тәрбиесіне байланысты өмірлік ережелерді, өмір тәжірбиесінен алынған сөздерді ұрпақ тәрбиелеуде тиімді қолдана білген.

Мұғалім: Тәрбие құралы – даналық сөздер. Бала тәрбиесіне қатысты үйлеріңізде ата – аналары-ңыздың жиі қолданатын сөздері бар ма? Сол айтылған сөздерді білеміз бе, білсек айтып көрейік.

9-оқушы: «Салтын сүйген – халқын сүйеді» немесе «Әр елдің салты басқа» деген дана халқымыз.

Маңғыстау өлкесі – салт дәстүрін мықты ұстанған, салт-дәстүрдің қаймағы бұзылмаған текті өңір. Осы ата жолын ұстануының арқасында көптеген жағымсыз теріс қылықтардан, лас іс-әрекеттерден ұрпағын сақтап, тыйып ұстап келе жатыр.

Мұғалім: Өз жерлеріңдегі бүгінгі күні көз адаыңызд өтіп жүрген ізгіліктің көзіне айналған қандай салт-дәстүрлерді атап бере аласыңдар?

Мұғалім: Сұрақ: «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дегендей бүгінде ұмыт болған, заман көшіне ілесе алмай, заман талабына үндеспейтін, тіпті елдің тұрмыстық-экономикалық жағдайын қайшылық келтіретін қандай салт-дәстүрлерді естулерің бар? Атап бере аласыңдар ма? Болмаса бүгінде мазмұны сақталған, кейбір өзгеріске ұшыраған қандай дәстүрлер бар?

Мұғалім:

Қазақтың күнделікті тұрмысының өзінде өлең айту - салтқа айналған. Сондықтан қазақ халқының өмірінің өзін өлең, ән-жырсыз бөліп алып қарау әсте мүмкін емес.

Біреудің кісісі өлсе қаралы - ол,

Қаза көрген жүрегі жаралы - ол.

Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,

Зарланып неге әнге салады ол?

Күйеу келіп, қыз ұзат, тойынды қыл,

Қыз таныстыр, қызыққа жұрт ыржаңшыл.

Қынаменде, жар-жар мен беташар бар,

Өлеңсіз солар қызық болама гүл?

Бала туса, күзетер шілдехана

Олар да өлең айтар шулап жана

Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,

Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара.

Туғанда дүние есігін ашар өлең.

Өлеңмен жер қойнына кірер денең

Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен

Ойлансаңшы, бос қақпай елең – селең.

- Бесік жыры

- Тұсаукесер жыры

- Жар-жар

- Тойбастар
- Беташар
- Бата түрлері
- Жарапазан
- Сыңсу.

Бекіту сұрағы :

-Дәстүр ұстау,салтын сақтау,әдеп,иман не үшін қажет?

/Оқушылардың пікірі сұралады/

10-оқушы:

Салт-дәстүрім –ата-бабам мұрасы.

Ата салтын қадірлеген қазағым,

Ардақтаған ата-баба аруағын.

Салт – дәстүрді осы күнге жеткіздің,

Көтерсең де тастай ауыр салмағын.

Салт-дәстүрің қазынаң мен байлығың,

Шапағатың,мейірімің, саулығың.

Дәстүріңді сақтап қалу жолында

Тарттың талай көп азабын тағдырдың.

Адам жоқ салт-дәстүрді қадірлемес,

Қасиетін дәстүрдің бәрі білмес.

Салт-дәстүрін білмеген адам болса,

Өміріне шапағат өңі кірмес.

Атам қазақ осылай айтып кеткен,

Ұрпағына дәстүрін тарту еткен.

Қазағым, ынтымағың мықты болсын,

Ел едің дәстүріңді сыйлап өткен.

#### **Қорытындылау.**

Қазағымның салт-дәстүрі жаңғырған.

Тәлімді ой сынағы, тәрбие көзін қалдырған.

Салт-дәстүрді ардақтайық баршамыз:

Қазақ атты,үлкен-кіші,барша жан! –дей келе бүгінгі тәрбие сағатын аяқтаймыз.

Қазақ халқының әрбір тұжырымды ойы,мақал-мәтелі,тыйым сөздері,мақал-мәтелі,тыйым сөздері – тәрбиенің

мол мұрасы екендігін, оның күнделікті өмірде қажеттілігін көрдік. Халқымыздың әдет-ғұрып пен

дәстүрін,тарихын біліп, оны қастерлеп,бүгінгіміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру -

әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз

екендігін жадымыздан шығармағанымыз абзал.

\* \* \* \* \*

**Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы, Мектеп аулы  
КММ «Мектеп негізгі мектебі»  
Балахметов Есен Есілбайұлы Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі**

Сабақ тақырыбы:	Футбол ойынның негізгі ережесі әдіс – тәсілдері
Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары: (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.1.4.4 Қимыл-қозғалысты орындау кезіндегі өзінің және өзгелердің қолынан не келетінін білу және анықтау
Сабақтың мақсаты:	Футбол ойынындағы ең негізгі ережелерді үйренеді Барлығы тапсырманы түсінеді толық орындай алады Көбі тапсырманы көрсете алады Кейбірі түсінгенін көрсете алады, бірақ көмек қажет
Ойлау деңгейлері:	Білу Түсіну Қолдану
Бағалау критерийі:	Қауіпсіздік техникасын сақтайды ойынының ережелерін біледі Қауіпсіздік техникасын сақтайды.

	Ережелерді біледі. Футболдағы ойын стратегияларын талдайды. Әдістер мен ережелерді тәжірибеде қолданады. Доппен тиімді әрекет ету әдістерін үйренеді	
Тілдік мақсаттар:	Футбол – футбол – football Футбол тілінде сөйлейді Академиялық тіл	
Құндылықтарға баулу:	11. Салауатты өмір салтын насихаттау «Мәңгілік ел» 12. Футбол ойынын оқушыларға танымал ету . 13. Қарсыласына деген сыйластыққа тәрбиелеу .	
Пәнаралық байланыс:	Тарих, математика	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы	<p><b>Ынтымақтастыру атмосферасын орнату.</b> Оқушыларды сапқа тұрғызу, сәлемдесу.</p> <p><b>Сергіту.</b> “Шаттық шеңбері” оқушыларға жылы сөздер жазылған смайликтер таратып беру. (Оқушылар шеңберге тұрып, смайликтердегі сөздерді оқып, бір біріне жақсы көңіл сыйлайды).</p> <p><b>Жалпы жетілдіру жаттығулары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Б. Қ. Аяқ иық көлемінде қол белде басты оңға екі рет, солға екі рет айналдырамыз.</li> <li>Б. Қ. Аяқ иық көлемінде қолды иыққа қою. Бір, екі иықты алға айналдыру. Үш, төрт артқа айналдыру.</li> <li>Б. Қ. Аяқ иық көлемінде оң қол жоғарыда, сол қол төменде. Бір, екі алға. Үш, төрт артқа қолды ауыстыра сілтеу.</li> <li>Б. Қ. Аяқ иық көлемінде оң қол жоғарыда сол қол белде. Бір, екі солға иілу.</li> <li>Б. Қ. Қолды белге қойып секірудің әр түрлі әдістерін жасаңыз</li> </ol>	ысқырғыш
Сабақтың ортасы	<p><b>Жаңа тақырыпты игеру.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Жаңа сабақты түсіндіру, тақырып пен мақсатымен таныстырып өту.</li> <li>Көрнекілік суреттер арқылы түсіндіру, практикалық түрде орындап көрсету.</li> <li>Оқушыларға жаңа сабақ жаттығуларын орындату.</li> <li>Футбол ойнау ережесін үйрету.</li> </ol> <p>Футбол ойынның тарихы: Футбол ойынның негізгі ережесі: 1 - жаттығу. 2 - жаттығу. 3 - жаттығу</p> <p>Допты алып жүру 1. Теориялық түсіндіру. Футбол ережесін үйрету. Футбол ойыны допты жүргізу тоқтату, айла тәсіл жасаудан, аяқ ұшымен жүргізу, тебуден тездікте ойнаудан тұрады. Футболшылар алға қарап тездікпен жүгіріп кенеттен тоқтап бұрылып білу керек. 2. Оқушыларды сапқа тұрғызып екі сапқа бөлу. Бірінші тобын, оң қапталға екінші тобын сол қапталға тұрғызамыз. Жаттығу барысында оқушылар белгіленген жаттығуды толық орындау керек.</p> <p>Допты тебу. Допты тебу футболшылар негізгі ойын тәсілі. Допты қозғалыста алып жүру, допты аяқтың ұшымен тебу жанымен, қапталмен, ұшымен, санмен теуіп жүргізе білу. (Оқушылар кезекпен қайталау) Допты тоқтату. Допты жеке өзі алып жүріп тоқтата білу керек. Аяқ ұшымен, жанмен, кеудемен тоқтату. Допты қақпаға соға білу тәсілдерін жетілдіру. (Оқушылар кезекпен қайталау) Допты алып жүру. Допты тіке алып жүргенде табанның ішкі жағымен алып жүрген тиімді, қысқа бағытқа алып жүргенде алақан ішкі жағымен алып жүру тиімді. (Оқушылар кезектесіп қайталау) Допты торсықтар арқылы жүргізу.</p>	Футбол добы, ысқырғыш, шығыршық, кедергі, суреттер.

	<p>Допты белгілеген жерден торсықтардан айналып жүргізу алақан ішкі жағымен жүргізу. (Оқушылар кезектікпен қайталау)  Қақпашының ойыны.  Қақпашының ойыны футболшыларға өте қажет. Ойында шапшаң қозғалу, ойын тәсілін білу керек. Допты қағып жіберу, ұстап алу, қысқартылған ережемен ойнау. Допты алма - кезек тебу арқылы алып жүреді. Допты тіке бағытта алып жүргенде табынның ішкі алқымымен теуіп алып жүрген қолайлы, ал қисық бағытта алып жүргенде алқымның ішкі бөлігімен теуіп алып жүрген тиімді.  4 - жаттығу  Допты тартып алу.  Допты тартып алу - өте күрделі тәсіл. Қарсыластан допты тартып алу үшін доп иесінің ойын жоспарын болжай білу керек. Допты тартып алуда аттап басуды, тез жетуді басқа да тәсілдерді қолдануға болады.  5 - жаттығу  Қақпашының ойыны  6 - жаттығу  Допты ойынға қосу</p> <p>1. Игерген әдіспен екі жақты ойын: Футбол ойнау</p> <table border="1" data-bbox="375 772 1029 1299"> <thead> <tr> <th>Бағалау критерийі</th> <th>Дескриптор</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td rowspan="5">Футбол ойынның негізгі ережелері мен әдіс – тәсілдерін меңгереді</td> <td>Қауіпсіздік техникасын сақтайды</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>Ережелерді біледі</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Футболдағы ойын стратегияларын талдайды</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Әдістер мен ережелерді тәжірибеде қолданады</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>Футбол ойыны бойынша білімдері жинақталды</td> <td>1</td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл	Футбол ойынның негізгі ережелері мен әдіс – тәсілдерін меңгереді	Қауіпсіздік техникасын сақтайды	2	Ережелерді біледі	1	Футболдағы ойын стратегияларын талдайды	1	Әдістер мен ережелерді тәжірибеде қолданады	2	Футбол ойыны бойынша білімдері жинақталды	1	
Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл														
Футбол ойынның негізгі ережелері мен әдіс – тәсілдерін меңгереді	Қауіпсіздік техникасын сақтайды	2														
	Ережелерді біледі	1														
	Футболдағы ойын стратегияларын талдайды	1														
	Әдістер мен ережелерді тәжірибеде қолданады	2														
	Футбол ойыны бойынша білімдері жинақталды	1														
Сабақтың соңы	<p>Рефлексия асық арқылы көрсету:  1Алшы – барлығын түсіндім  2Тәйкі – енді түсініп келемін  3Бүк – түсінбедім</p>	<p>Футбол добы, ысқырғыш, шығыршық, кедергі, суреттер , асықтар .</p>														

**Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы Асық ата кенті  
№112 жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
Математика пәнінің (ІІІ деңгей бітірушісі) мұғалімі  
Джанзакова Гульбану Каттибековна**

**ТАҚЫРЫБЫ: Қазақ халқының байырғы өлшем бірліктері**

Еліміздің әрбір парасатты азаматы, ең алдымен, өз халқының тілін, дінін, өткенін білуі қажет, себебі өзін, өз халқының жақсысын түсіне білген адам ғана өзгені де сыйлай алады. Туған тілінің асыл қазынасының тұнығынан тұшынып іше білген, оның інжу- маржанын мөлдіретіп тізіп ала білген ұрпақ қана халқын сүйеді, елінің ертеңін ойлайды. Байтақ далада сан ғасыр көші - қонды күндер кешкен қазақ халқы жан сезімін өлең – жырмен ағытқан, ақыл мен ойдың кені даналық сөз өнерінде деп қадірлеген, қылпылдап тұрған қылышқа қыңбаса да, жүйелі сөзге жүгінген. Сөз асылы жыраудан – жыршыға, атадан – балаға ұласып, тот баспай, ғасырлар аттап, біздің дәуірімізге жеткен.

Қазақтың барлық сөзінің шегі, өлшемі болған. Адамдар әрбір өлшемнің атқаратын міндеті бар екенін білген, сөйтіп оны ішкі рухани салмақтың сыртқы көрінісі деп қараған. Заттың сыртқы өлшемі, оның биіктігі мен тереңдігі, қаттылығы мен жұмсақтығы – бәрі түйсікке әсерін тигізетін құбылыстар.

Бүгінгі таңда қазақ өлшемдері көпшілік ортада жиі қолданыла бермейді. Себеп те бар шығар. Алайда, көркем әдебиетті оқып жатып, кейде түсінбей қалып жататын жайымыз бар. Ондағы жазылатын өлшем бірліктері көнерген сияқты болып көрінуі де мүмкін. Шын мәнінде қазақ халқында өлшем бірлікке байланысты айтылатын әдемі сөздер жеткілікті.

Мәселен, өлшем бірліктерін білдіретін қазақтың көне сөздері өте көп кездеседі. Адамзат дүниесі дән өлшейтін мысқалдан бастап, астық өлшейтін шойын таразыларға толы. Қазақтың байырғы өлшем сөздерінің өзін нақтылы, жобалы өлшемдер, жер арақашықтығын білдіретін, салмақты, ұзындықты, көлемді, уақытты, жас мөлшерін білдіретін, қатты және сұйық заттардың өлшем бірліктері бола алатын түрлерге іріктеуге, саралауға әбден болады.

**Сан сұрақ сыры**

**Халық айтса қалт айтпайды.**

«Жеті ата» деген не?

**Жеті ата-ғұрып.** Әр адамның жеті атасын білуі парыз. Ол көрегенділік пен білімділікті білдіреді. Қазақ жеті атасын білмесе «жеті атасын білмейтін жетесіз» деп сөгеді. Жеті атаны үйрету ата-ана борышы. Жеті атаға: өзі, әкесі, атасы, бабасы, бабасының әкесі, оның әкесі, бабасы және оның әкесі. Қазақта «жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген мәтел бар. Мұндағы жеті жұрт деген не? Баланы жеті атасын білуге үйрету сандар арасындағы қатыстар «кейін келеді», «арасында» сияқтыларды білуге тәрбиелейді.

**«Дүре салуда» математикалық заңдылық бар ма?**

Дүре салу- жазаның масқара, ең ауыр түрі. Жазалының құйрығын түріп қойып, қамшыны суға салып, 25,50,75,100 рет соғу. Мұндайда қамшы 4,8,16,32 өрмеде болуы мүмкін. Оны би анықтайды. Дүре салу кезінде адам өліп кетсе, құны сұралмайды. Дүре саны мен өрме санына зейін аударсақ, әуелгі сан екі есе артып отырады. Бұл арифметикалық қатар мүшелері. Оның алдыңғысын, дүре айырмасы арқылы басқасын табуға болады.

**«Зекет беру» математикаға бағына ма?** Зекет жинау-УІ ғасырдан бері келе жатқан салық түрі. Мал өнімінен, табысынан берілетін зекет шамасы мынадай: 40 қойдан бір қой, бес түйеден бір түйе, отыз сиырдан бір сиыр беріледі. Егер табысың болмаса, зекет жиналмайды. Сонымен, қорыта айтылғанда, табысыңның қырықтан бір бөлігі зекет деп аталады.

**«Қырық» санына байланысты қандай салт-дәстүрді білесің?**

Қазақта қырыққа байланысты тиым сөздер, салт-дәстүр, салық түрі, т.т бар. Бұл қазақтың санау жүйесін көрсетеді. Мысалы, адам қайтыс болғаннан кейін, қырық күннен кейін, оны еске алып садақа істейді. Қызға қырық үйден тию мәтелі, қызды, ел-жұрттың тәрбиелейтіндігін білдіреді.

**«Қазақта» санау жүйесі болған ба?**

Қазақта санау жүйесі болған. Олар бір-бірлеп те («Қуырмаш» ойынын еске алсақ), екеулеп те (қосақ), үштеп те (адамның үшін беру, үшен) жетілеп те, тоғыздап та, қырықтап та (зекет) санаған. Қазақтың ондап та санағандығына дәлелдер көп (қазақтың көбейту әдісі, бір саусақ, екі саусақ, жұдырық). Бұлар қазақтың мәдениеті жоғары халық екендігінің дәлелі.

**Қазақтардың көбейту ережесін білесің бе?**

Тоғызға көбейту ережесін-қазақтың көбейту ережесі дейді. Санды тоғызға көбейту үшін, мысалы 5-ті 9-ға көбейту үшін, алақанды жайып, сол қолдан бесінші саусақты бүксек, бүгілген саусақтың сол жағында тұрған саусақ қырықты, ал оң жағындағы саусақтар бірлікті көрсетеді. Сонда 45 дегенді оқимыз.

**9,37,47,108 сандарының сырын білесің бе?**

Тоғыз – тақ сан. Тоғызға байланысты қазақ арасында түрлі өлшемдер туған. Соның бірі-айып өлшемі. Ел арасында ас бергенде, дау-шарада бір тоғыздан үш тоғызға дейін төленетін зат болған. Ол түйе бастаған 8 жылқы, жақсы ат бастаған сегіз ұсақ мал, 8 сом күміс бастаған ақша. Қыз жасауы да тоғыз шапан, тоғыз ішік,

тоғыз бешпет, тоғыз білезік, тоғыз көйлек, т.т. түрінде болған. Кейде бір тоғыздың өзі бірнеше тоғыздан да тұрған. Бұған қарағанда қазақ арифметикалық прогрессиямен еркін пайдаланғандығы көрінеді. Байлар жылқыларын да үйірмен санаған. Үйірде негізінен 9 жылқы болған.

#### **Ұзындыққа, қашықтыққа қатысты өлшем бірліктер**

Өлшем – мөлшер, мөлшердің сандық бірлігі. Мөлшерсіз дүние жоқ. Әлемнің де, табиғаттың да өзіндік жарасымды өлшемі, мөлшері бар. Өлшем - өндірілетін өнімдердің, күнделікті тіршілік-тұрмысқа қажетті заттардың сандық және сапалық көрсеткіші, оның ұзындық, қалыңдық, көлемдік, сондай-ақ жол сапарға байланысты оның қашықтық мөлшері бар. Бұл замандағыдай дәлдік өлшем аспап-жабдықтары жоқ ертеде мөлшер негіздеріне қоршаған орта көріністері, төңіректегі табиғи заттардың, бүтін бітімі немесе бөлігі, еңбек құралдарының үлгісі, мал өрісі көші-қон шегі, өзге де материалдар сандық және салыстырмалы түрде, сондай-ақ адамның дене тұрқы да алынған. Қазақ даласының ерте дәуірінде бастау алған байырғы өлшем бірліктерінің атаулары бүгінгі ұрпақ құлағына жат естіліп, ұғымына қабыспайуы мүмкін. Әйтсе де ата-бабалар өткен жол – тарихи тәлім, өнеге.

#### **Өте жақын деген мағынада айтылатын қашықтық өлшемдері**

1. Аттам (бір аттам) жер
2. Бөрік тастам жер.
3. Иек артпа жер.
4. Қозы көген жер.
5. Қол (құлаш) созым жер.
6. Қырық қадам.
7. Тас лақтырым жер.
8. Таяқ тастам жер.
9. Сідік шаптырым жер.

Біздің халқымыздың ауыз әдебиетінде татымдай, шынтақтай, қолдаяқтай, шейін, дейін, қарай, таман, салым, тарта, жуық, таяу, торсықтай, есе, рет, қиян – қырлы, қара – құрым, үш тұмша, найза бойы, баданадай, қарыс, қадақ, тұтам, тамам, уыс, күректей, қасықтай, астаудай, шымшым, шаршы, кез, елі, қырық құрау, қарыс, аршын, адым, таспа, сүйем, батпан, тамшы, титтей, шайнам, табан, шайқам, әммә, тарыдай, уыс, бір ауық, кесек, тақыр, мысқал, азды - көпті, айшылық, күншілік, жылшылық, ұдай, құлаш, ықылым, кешелі – бүгінді, шым – шымдап, тосат, пұт, қылаң, мүшел, барабар, қат, т. б. сөздер өлшем бірліктері ретінде қолданылып келген.

#### **Жақын деген мағынада айтылатын қашықтық өлшемдері**

1. Ат жетер жер.
2. Ат шаптырым жер.
3. Аяқ жетер жер.
4. Әудем жер.
5. Қозы көш жер.
6. Құнан шаптырым жер.
7. Тай шаптырым жер.
8. Сәскелік жер.
9. Талай жер.

#### **Өте алыс деген мағынада айтылатын қашықтық өлшемдері**

1. Айшылық жер.
2. Ит өлген жер.
3. Қырық күншілік жер.

#### **Адам бойына байланысты тереңдік өлшемдер.**

1. Тобыққа дейін.
2. Тізе бойы.
3. Белуар (белбуар) бойы.
4. Кіндік бойы.
5. Кісі бойы.

#### **Саусақпен өлшенетін ұзындық (қалыңдық) өлшемдері**

1. Елі – саусақтың көлденең қалыңдығы, ені
2. Тұтам – бес саусақпен тұтқандағы көлемге шамалас, 5 – еліге тең ұзындық өлшем.
3. Сүйем – бас бармақ пен сұқ саусақ аралығымен өлшенетін өлшем.
4. Сындық сүйем – сұқ саусақтың буыны бүгіліп барып белгіленетін өлшем. Бір сүйемнің  $\frac{3}{4}$  бөлігі.
5. Қарыс сүйем – бас бармақ пен орта саусақтың аралық мөлшері.
6. Сере – сұқ саусақ пен шынашақтың кере созылған арасы. Бір сүйем ұзындыққа тең өлшем.
7. Қарыс – бас бармақ пен шынашақтың аралық мөлшері.
8. Кере қарыс – бас бармақ пен шынашақтың кере созылғандағы аралық мөлшері. Кейде жарты қарыс деп те атайды.

#### **Қолмен өлшенетін ұзындық өлшемдері**

1. Білем – саусақтың ұшы мен қолдың бірінші буынының аралығы.
2. Шынтақ – қолдың бас пен шынтақ аралығы.
3. Қолтық – қолдың басы мен қолтықтың аралығы. Кез деп те атайды.
4. Құлаш – иық деңгейінде созылған екі қол ұшының арасы.
5. Кере (сала) құлаш – иық деңгейінде кере созылған екі қол ұшының арасы.

#### **Аяқпен өлшенетін ұзындық өлшемдері**

Табан – Аяқтың өкшесі мен башпайдың ұшының аралығы  
Адым (қадам) – Жүру кезіндегі екі аяқтың аралық қашықтығы  
Аттам – Екі аяқты кере созғандағы қашықтық.

#### **Саусақпен өлшенетін сыйымдылық өлшемдері**

1. Шымшым – Ұсақ затты бас бармақ және сұқ саусақпен қысып алғандағы өлшем.
2. Шөкім – Ұсақ затты үш саусақтың ұшымен қысып алғандағы өлшем.
3. Бір уыс – Қос саусақтарын жұмдастыра бүккендегі өлшем.
4. Қос уыс – Қос қолдың саусақтарын бірге жымдастыра, бүккендегі өлшем.

\* \* \* \* \*

**Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы**  
**«Қ.Қайсенов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**  
**I санатты бастауыш сынып мұғалімі**  
**Балкыбекова Бактыгүл Карамановна**

**ТАҚЫРЫБЫ: Бастауыш сынып оқушыларына білім беруде**  
**оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану**

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Бастауыш мектеп- оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы, қиын да жауапты іс. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс- тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Қазіргі заманның талабына сай болу және жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған проблемаларды шешу негізгі мақсат болып табылады, олар:

- баланы оқи білуге үйрету
- баланы ойлауға үйрету
- баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

Осыған орай мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер үстінде. Әр педагогтың міндеті-оқушының шығармашылық ойына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру.

Бұл технология несімен өзіне баурап алғандығын бірнеше сұрақ- жауап ретінде бергім келіп отыр.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы немен қызықтырады?

- Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен.
- Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің /стратегияларының/ көптігімен.
- Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы екендігімен.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының өзге технологиялардан қандай ерекшеліктері бар?

- Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы /қызығышылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс/
- Негізгі үш кезеңінің маңыздылығы.
- Стратегиялардың психологиялық астары мен ерекшеліктері.

Осы жобамен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлануға үйретеді.

Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс- әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға, жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылуы,ізденуі. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

«Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының модулдерін ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды.

Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға, шешім қабылдауға үйрету.

Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу.

Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шыңдалған, бірін – бірі толықтырған ойлау. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай – қайсысы болсын сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор.

Жаңа білімді қабылдау, бекіту, іскерлік пен дағдыны тәрбиелеу барысында жұмыс жүйесін, оқушылардың дербес белсенді әрекетін дамытуда, өздік жұмысының тиімділігін арттыруда «Сын тұрғысынан ойлау» барысындағы әдіс-тәсілдер білімді меңгертудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болатынын тәжірибе көрсетті. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы ұстаз бен оқушыны ізденуге жетелейтін, шығармашылық шабыт беретін, болашаққа деген үмітті арттыратын бағыт.

Әр оқушыда өзін – өзі дамыта, жетілдіре бақылай алатын дағды қалыптастыру, соған сәйкес өз бетінше білім алуға үйрету, дамудың ең биік шыңына жету болып табылады. Яғни, ең алдымен, шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді. Оқушы ойын осылайша шыңдауға мүмкіндік туады.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына шараларды білу қажет:

- 1.Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін уақыт керек.
- 2.Оқушыларға ойланып, толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
- 3.Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.



4. Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс – әрекетін қолдану.

5. Кейбір оқушылардан жауабының, сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.

6. Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Сын тұрғысынан ойлау технологияларын пайдалану нәтижесінде қазіргі оқушының:

- Сабаққа қызығушылығы артады;
- Нақты өз деңгейінде бағаланады;
- Жеке қабілеті айқындалады;
- Өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді;
- Даму мониторингі айқын көрінеді;

Өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет. Тек сонда ғана олар:

- Мен осы мәселе туралы не ойлаймын?
- Осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы білетініме сәйкес пе?
- Маған бұл жаңа ойлар қаншалықты әсер етті, - деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді.

Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының алғы шарттары:

- Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау;
- Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағалау;
- Қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру;
- Әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау;
- Тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауабын соңына дейін тыңдау;
- Жауап беруге тілек білдірмеген баланың өз еркінсіз, қинап сұрамау;
- Жеке тұлға ретінде «Мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа технологиялардың бірі – сын тұрғысынан ойлауды дамыту қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Осындай әдістеме негізінде жасөспірімдерге терең де тиянақты білім беруді өз тәжірибемде жиі қолданамын.

Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшағандығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Оқушылардың шығармашылығын, танымдық белсенділігін арттыруда шығармашылық сабақтарды өткізудің, оқушының өз бетімен ізденіп, шығармашылық ой-өрісін арттыруда алатын маңызы ерекше.

Оқушыларым қазіргі таңда топпен, жұппен жұмыс атқара біледі. Өз ойларын ашық, нақты және сыни тұрғыдан ойлай біледі. Оқушыларымыздың сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілді.

\* \* \* \* \*

**Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы  
№125 жалпы орта мектебі Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі  
Есентаева Алтынай Алдибаевна**

### **ТАҚЫРЫБЫ: АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ**

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Сондықтан да оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, барлық оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талап қойылды. Осы талаптарды ескере отырып, алдыма қойған мақсатым — оқушыны оқуға қызықтыратын, қабілетін арттыратын жағдай жасау. Оның бастысы — оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың ойлау дағдыларын жетілдіру, өздігінен білім алу процесінде бірлесе әрекет етуге үйрету.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Айта білетін адам табылса, тіл пайдалануға әрқашан жарайды. Тек айта білетін адам табылуы қиын», – деген.

Қазақстан әлемдік білім беру кеңістігіне енуі отандық білім дамуының стратегиялық жоспарын әзірлеуді және ұлттық білім жүйесінің жетістіктері мен білім дамуындағы жалпы әлемдік үрдістерді ескеретін жаңа үлгісіне көшуді талап етуде. Білім бере отырып, тиімді жолмен жаңа заман тұлғасын қалыптастыру әр ұстаздың мақсаты екені белгілі. Білім мазмұнын жаңартудың ғылыми негізіне оқушы белгілі бір қажетті біліктер мен дағдылардың иесі, оқу әрекетінің субъектісі, әр түрлі мәдениеттер мен өз көзқарасы тұрғысынан білімді, сауатты, өз ойын дұрыс әрі шебер жеткізе білетін, мәдениетті тұлға болуы керек. Ағылшын тілін оқытуда ең алдымен тәжірибелік мақсат қойылады, оған оқушылардың сөздік қорларын байыту, сауатты жазуға үйрету, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет. Ал бұл іс-әрекеттерді сауатты да дұрыс жүзеге асыру үшін грамматикалық жұмыс жүргізілуі керек.

Сыни ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез – келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуы қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала,

үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі. Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады:

*Біріншіден*, сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады.

*Екіншіден*, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қабілеті жоқ, керісінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыру мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін.

*Үшіншіден*, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тумысынан білуге құмар болып келеді. Өзінің жеке қызығушылықтарымен қажеттіліктеріне жауап беруге талпынады.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы *қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс* кезеңдерінен түзіледі.

### **Қызығушылықты ояту**

Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін “Топтау”, “Түртіп алу”, “Ойлану”, “Жұпта талқылау”, “Болжау”, “Әлемді шарлау” т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өзі білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады

### **Мағынаны ашу**

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны ашу (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында V – “білемін”, — — “мен үшін түсініксіз”, + — “мен үшін жаңа ақпарат”, ? – “мені таң қалдырады” белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

### **Ой толғаныс**

Үйренушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады. Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған “Бес жолды өлең”, “Венн диаграммасы”, “Еркін жазу”, “Семантикалық карта”, “Т кестесі” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді уақытында игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы білімнің дайын күйінде берілмеуі. Нақты жағдайда «мынаны былай жазу немесе айту керек» деп көрсетпей, оқушының өзінің шығармашылық ойлауының орын алуына мүмкіндік беру, шешім қабылдауға үйрету, жауапкершілігін арттыру. Қорыта айтқанда, инновациялық білім беру әдістемелерінің ішінде сын тұрғысынан ойлау технологиясы — тиімді құралдың бірі. Инновациялық білім — іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет пәндердің мазмұнын тереңдетуге, ұстаздың кәсіптік шеберлігін арттыруға, оқу ісін дамытуға бағытталған. Ең бастысы, оқушыны келешек өмірге дайындап, білім-біліктерін, іскерлігін өмірде қолдауға жағдай жасайды.

\* \* \* \* \*

**Аягөз қалалық «№ 9 бастауыш аралас мектеі» КММ  
Бастауыш класс мұғалімі Азиковна Лаура Азиковна**

<b>САБАҚ:</b> Дене мүшеш сау болсын. Міржақып Дулатов. Байлық.	<b>Мектеп:</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Мұғалімнің есімі:</b>	
<b>СЫНЫП: 2</b>	<b>Қатысқандар саны:</b>	<b>Қатыспағандар: 0</b>
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)</b>	2.1.1.1 - шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру 2.2.1.1 - мәтінді дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу; 2.3.1.1 - мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру	
<b>Сабақ мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар:</b>	
	Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді.	
	<b>Оқушылардың басым бөлігі:</b>	
	Тақырыптың маңызы туралы дәлелдеп айтып бере алады.	
	<b>Кейбір оқушылар:</b>	
	Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алады.	
<b>Бағалау критерийі</b>	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
<b>Ресурстар</b>	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.	
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Музыка, қазақ тілі, тарих.	
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)</b>	
Басталуы 5 минут	Топқа бөлу <b>2 минут</b> <b>Психологиялық ахуал қалыптастыру:</b> <b>«Көрші»</b> Мақсаты: әрбір қатысушының сол топтың бір мүшесі екендігін сезінуі, бір-біріне жылылық сыйлау. Нұсқаулық: Көршінді оң жақтан құшақта, Көршінді сол жақтан құшақта. Оң жақтағы көршіңе бір жымылып, Сол жақтағы көршіңе бір жымылып, Бүгінгі тренинг барысы, Біз үлкен отбасы.	
Ортасы 20 минут	_« <b>Үш қадамды сұхбат</b> »-әдісі арқылы оқушылар мазмұнын айтады  <b>Микс-фриз-групп</b> Оқушылар билеп, сыныптың ішін аралап жүреді, әуен тоқтағанда оқушылар қатып қалады, сұрақ қойылады. Мысалы : -Мәтінде неше кейіпкер бар?	
Сергіту сәті 2 минут	<b><u>Сергіту сәті «Қыдырып қайтайық»</u></b>	
Аяқталуы 20 минут	<b>Синтез</b> <b>Сэйм-Бат-Дэфэрэнт</b> -әдісі арқылы тақтада қолдануға болмайтын сөздер жазылған:	

	<p>Үлкен ,батыр, күшті, алып денелі.          -Осындай қазағымыздың ең алғашқы балуаны?          -Қажымұқан Мұңайтпасов ол кім?  <b>5. Оқулықпен жұмыс:</b>          1.Оқушыларға мәтінді «<b>графикалық оқу</b>» әдісі арқылы талдап оқу ұсынылады          Мәтіндегі негізгі кейіпкерлердің әрекетін 5 критерий бойынша кестеге орналастырады.          Критерийлер:  <b>Графиктік кесте:</b>          X-1.Қалыпты жағдай;          2. Қалыпты қарым қатынас;          3.Эмоцияға берілу          4. Тығырықтан шығу, келісім, ұсыныс; 5. Таңқалдыратындай жағдай.          Y- Сөйлемдер саны.  <b>Джот-Тотс (Үстелдегі жазба)</b>          Әр оқушы мәтін мазмұнына байланысты кезек-кезек сөздерді айтып отырып жазады,содан кейін ортаға сөздерді араластырып қояды. Әр оқушы кез-келген бағытты таңдап (көлденеңінен, тігінен, диагональбойынша) сөйлемдер құрастырады</p>
--	--

**Үйге тапсырма: оқу, дәптермен жұмыс.**

<p><b>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</b></p>	<p><b>Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</b></p>	<p><b>Пәнаралық байланыс</b>  <b>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері</b>  <b>АКТ-мен байланыс</b>  <b>Құндылықтардағы байланыс</b></p>
--	--	--

<p><b>Рефлексия</b>          Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма?          Бүгін оқушылар не білді?          Сыныптағы ахуал қандай болды?          Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?          Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p><b>«Бағдаршам» әдісі</b></p>  <p><b>«Бағдаршам»</b></p> <p>Сабақта көп нәрсені түсінбедім, сабақтағы мәліметтер маған керек емес, сабақтағы белсенді бола алмадым, жауап берген жоқпын</p> <p>Сабақ қызықты болды, белсенді болдым, сабақта пайдалы мәліметтер алдым, орнымнан жауап бердім, бірнеше тапсырма өзім орындадым, сабақта мен өзімді жақсы сезіндім</p> <p>Сабақта белсенді болдым, сабақта көп пайдалы мәліметтер алдым, көп жұмыс жасадым, өзіме тиісті баға алдым, маған бәрі түсінікті болды</p> <p><small>www.themegallery.com</small></p>
--	---

**Қорытынды бағамдау**  
 Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?  
 1:  
 2:  
 Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?  
 1:  
 2:  
 Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?

## «Адам өміріндегі жарнаманың маңызы»

**Білім алушы: Арал индустриалды-техникалық колледжінің  
I-курс білім алушысы Жеткерген Сенім  
Жетекшісі: Қызылорда облысы, Арал қаласы  
Арал индустриалды-техникалық колледжі  
Аймурзаева Лаура нарықтық экономика негіздері пәнінің оқытушысы**

Біз, күн сайын ақпараттың үлкен ағынымен кезігеміз. Оның белгілі бір бөлігін қабылдаймыз және соған сәйкес өзіміздің іс-әрекетімізді ойластырамыз, ал қалған бөлігін, керісінше, мүлде қабылдамаймыз. Жарнама да солай. Ол біздің күнделікті тіршілігімізде үнемі кездесіп отырады, әрі бізге көптеген эмоция, сезім, ақпарат легін бағыттайды. Тұтынушылар жарнаманың кейбіреуіне қызығушылық танытып жатса, енді бірі көп көңіл бөлмеуге тырысады. Біздің жарнама дегенде бар білеріміз – ол бір топтың немесе бір фирманың өнімінің жақсы жағын насихаттап, мақтайды деген үстірт түсінік қана. Егер тереңірек зер салып, үңіле түссек, жарнама тарихының да өзіндік кезеңдері мен түрлері бар екеніне куә боламыз.

Жарнамаға берілген көптеген анықтамалар бар. Біріншіден, жарнама – коммуникацияның ақылы түрі. Алайда жарнаманың кейбір түрлері, мысалы, әлеуметтік жарнама бұқаралық ақпарат құралдарында тегін жарияланады. Екіншіден, жарнамада берілетін хабарламаға ақыны демеуші төлеп қана қоймай, оны теңдестіреді. Үшіншіден, көп жағдайда жарнама сатып алушыны бір нәрсеге иландыруға немесе оның таңдау жасауына әсер етуге тырысады, алайда, кейде жарнама тұтынушыны тауар немесе қызмет түрімен таныстыруға бағытталады. Төртіншіден, жарнамалық хабарлама болашақ сатып алушылар аудиториясын кеңейту мақсатында әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылады.

Жарнама барынша маңызды нарықтық құралға айналып барады. Жоғары дәрежедегі бәсекелестік бар және әр сатушы тұтынушының сұранымын қанағаттандыра алатын дамыған нарықтық жағдайда, жарнама бәсекелестік күрестің шешуші факторы бола алады және сол арқылы өзінің пәрменділігін арттыруда. Бірақ тауарды сатып алу циклінің әр кезеңі жарнамада өзінің ерекшеліктері бар. Жарнаманы тек коммерциялық қажеттілікті өсіру құралы («жарнамалық прессинг» деп айтылатындай) ретінде қолдану тиімсіз нәтижеге әкеледі. Жарнама барынша көп ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатса да, XIX ғасырдың ортасында ғана БАҚ-қа ене бастады, яғни қоғамда кеңінен орын алды.

XIX ғасырдың аяғында АҚШ-та, XX ғасырдың 30 жылдары Францияда бұрынғы қалыптасқан жарнамалық агенттіктер қайта құрылып, олардың ақпарат кеңістігіндегі бүгінгідей қажеттілікке жетуіне жарты ғасырдай уақыт кеткен.

Жарнама адамзатқа ерте замандардан белгілі болған. «Жарнама» сөзі француз тілінде *reclame* – айқайлап айту, жар салу, жариялау дегенді білдірген. Яғни тауарлар мен қызмет түрлерінің тұтынушылық қасиеті туралы әр түрлі іс-шаралар, бір нәрсені хабарлау деген. Қазіргі жарнама әкесі болып Альберт Ласкер атанған. А.Ласкер (1880-1952) еврей отбасында Германияда дүниеге келген. Өсіп-өнген жері АҚШ. Мектеп кезінен журналистикамен айналысқан. 18 жасында «Лорд-Томас» жарнама бюросында жарнамалар жасаған. Ол жарнамаға мынадай түсініктеме берген: «жарнама – бұл баспа түріндегі сауда». Осындай анықтама радио мен телевидение пайда болмай тұрып берілді.

Жарнама қай кезде де адамдармен тиімді болатындай қарым-қатынасқа бағытталады. Жарнамалық шығармашылық әлемдік мәдениеттегі өзінше бөлек объект. Жарнаманың көрнекті әрекеттерінің көп ғасырлы дәстүрлері бар. Адам өзін тұлға ретінде сезіне бастағаннан бері өздерінің жеке қасиеттері мен керемет сапаларын көрсету тәсілдерін меңгере бастады. Мұны бәрінен бұрын, киініп, денелерін бояп, сурет салу арқылы жасады. Осы кезде суреттік жарнама пайда болды. Адамдар суреттер мен мүсіндерді тек қана үңгір қабырғаларын бояу арқылы ғана емес, сонымен қатар өздерінің маңдайларына, мұрындарына, қолдары мен аяқтарына да салу арқылы меңгерді. Әдет-ғұрыптық тату (яғни біз оны татуаж дейміз) дәстүрлері бүгінгі күнге дейін сақталған. Орталық Африкада, Австралияда және Оңтүстік Америкада татуаждың саяси функциясын көрсететін тайпалар өмір сүрді. Татуаж бойынша тайпа заттарын, саяси дәрежесін, жеке қасиеттерін, жігерлілігін, батылдығын көруге болады.

Жеті мың жыл бұрын жазу пайда болды және ежелгілер оны жарнамалық мақсатта қолдана бастады. Фин саудагерлері теңізде жүзіп жүріп, жағалаудағы тастарға, ең жақсы бұйымдарды тек өздерінен сатып алуға болатынын хабарламалар арқылы тастарға жазып кеткен. Жарнама мәтіндерінің ең көнесі Мемфистегі түс жору хабарламасы. 2500жыл бұрын таста былай деп жазылған: «Мен, Крит аралынан Риномын, Құдайлардың көмегімен түс жоримын» деген.

1450ж Иоганн Гутенберг ойлап тапқан баспа станогы жарнамалық кәсіптің жаңа дәуірін бастады. Осы баспа станогінің арқысында жаңалықтың уақытылы таралуы мүмкін болды. Бірінші басылған жарнамалық хабарлама 1472 жылы жарық көрді. Жарнама Лондонның бір шіркеуінің есігіне жабыстырылған, онда діни кітаптың сатылуы жөнінде ақпарат берілген.

Кейінен жарнама кеңінен таныла бастады. Ол барлық салаға еніп, таратудың барлық тәсілдерін меңгере бастады. Жарнама дамуының жаңа қадамы журналистика факультетінің ашылуымен сәйкес келді. Бұдан былай

жарнамалық кәсіп басылымдармен байланысты дамыды. Жарнаманың жаңа түрлері өркендей бастады. Арнайы жарнама баспалары, жарнама агенттіктері, ірі жарнама компаниялары ашылды.

Жарнама - мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде жанданып отырды. ХІХ-да жарнамалық мәтінді, жарнама шынайы және сенімдірек ететін сурет толықтырды. Жарнама кәсіптік іске айналды. Мәтін дайындаумен айналысатын жарнама агенттіктері құрылды. Жарнама мәтініне жиі үш сыйқырлы сөз – «жаңа», «арзан», «соңғы» сөздері енгізілді. Олар қазіргі кезде де жарнамалық тиімділіктің негізін құрайды. Адамдарды арзан, әрі жаңа тауарға қызықтырады. Арнайы дүкендерде суретті маңдайшалар немесе жарнамалық белгілер болды. Сағат дүкендерінде ағаштан немесе басқа материалдардан жасалған үлкен қалта сағаттарының суреті, жеміс-жидек дүкендерінің маңдайшасында алтын түстен құмырада салынған неше түрлі жемістердің суретін бейнеленді. Ал шаштараздарда сабындалған адаммен оның қасында ұстарасы бар шаштараз суреті бейнеленді. Бұл сонда әр дүкеннің мағынасын білдіріп тұратын белгілері болды. Электр тоғы бар қалаларда кешке жақын витриналарда шамдар жанып тұрады. Бұл витриналар тауарды көбірек мөлшерде көрсету үшін пайдаланылады. Неғұрлым тауарлар көп көрсетілсе, соғұрлым витриналар бай саналады.

Жарнама материалдары көптеген мақсатта қолданылады. Жарнама тек бір мақсатты ғана көздейтін сияқты болып көрінуі мүмкін, бірақ шын мәнінде олай емес. *Жарнаманың негізгі мақсаттары* мыналардан құралады:

- сатып алушының көңілін аудару;
- сатып алушыға тауар (қызмет) сатып алудың пайдасын көрсету;
- сатып алушыға тауарды қосымша зерттеу мүмкіндігін ұсыну;
- тұтынушыда тауар немесе қызмет туралы білімнің белгілі бір деңгейін қалыптастыру;
- өндіруші фирманың немесе сатып алушының жақсы бейнесін (имидж) жасау, сонымен қатар тұтынушылардың және іскер серіктестердің сауда немесе өндіріс маркасын жасау;
- осы тауар мен қызметке қажеттілік қалыптастыру;
- фирмада жағымды қатынас қалыптастыру;
- сатып алушыға бәсекелес фирмалардан емес осы фирманың жарнамаланған тауарын сатып алуын ояту;
- тауар, қызмет сатылымы белсендігін арттыру;
- тауар айналымын жеделдетуге әсер ету;
- бір тұтынушыны тауарды үнемі сатып алушы ету немесе осы фирманың тұрақты клиенті ету;
- басқа фирмаларға сенімді серіктес бейнесін қалыптастыру;
- тұтынушыға фирма туралы және оның тауары туралы ескеру.

Іс жүзінде жарнама бір ғана мақсатты көздемейді, тәртіп бойынша бір жарнамалық өнеркәсіпте жарнамалар байланысып жатады. Жарнаманың мәні төмендегілермен байланысады:

- тұтынушылар үшін тауар мен қызметтің жаңа жарнамасы;
- тауар және қызмет жарнамасы клиентке таныс, демеуші жарнама ретінде;
- белгілі бір тұлғаның жарнамасы (мысалы, банк президенті);
- бәсекелестіктен алшақтату;
- жарнамашының іскерлігін әшкерелеу.

Жарнаманың қандай түрін қолдану керектігі көптеген себептерге байланысты. Мысалы жарнамалайтын өнімге, жарнама берушінің қаражат мүмкіншілігіне, сонымен қатар жарнаманың тұтынушыға жылдам жеткізілуіне т.б.

#### **Жарнама түрлері:**

- Баспалық жарнама
- Радиожарнама
- Тележарнама
- Сыртқы жарнама
- Көліктегі жарнама
- Пошталық жарнама
- Интернет жарнама

Күн сайын миллиондаған адамдар газет оқиды. Газеттік жарнамаларға бәрінің көзі үйренді. Газеттік жарнамаға тез жауап беріледі және де газеттік жарнама өте тиімді, бағасы әлде қайда арзан.

Жарнаманың тағы бір түрі – журналдағы жарнама. Егер газет барлық тұрғындарға таратылса, онда журнал белгілі бір оқырман аясына таралады. Газет жарнамасы тез оқылады, ал журнал жарнамасы апта, ай бойы тұрады. Дегенмен газет қағазында сапалы сурет ала алмайсыз, ал журнал қағаздары өте сапалы. Газеттің артықшылығы хабарлама жарық көруден 1-2 күн бұрын тапсырыс ала алады, ал журналға бірнеше апта бұрын беріледі. Ал радио мен теледидар қуатты жарнама құралы. Көп адамға оқығанға қарағанда есте сақтау оңай.

Радиодағыдай, теледидарда да екі элемент қажет: адам дауысы мен әдемі сәйкес әуену. Радионың кемшілігі құлақтың көз сияқты тез қабылдай алмауында. Ал, теледидарда жарнаманың барлық түрлері бар.

Әлем бойынша жарнамаға жыл сайын 250 млрд доллар жұмсалады. Мысалы, АҚШ, Жапония, Франция, Германия, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, т.б. елдер қаржыны жарнамаға аямай құяды.

Кейде жарнама тек тауардың бар болуы туралы хабарлап, тұтынушы еркімен сатып алуды, алмауды қарастырса, онда қазіргі кезде жарнама бұл тауарды тұтынушыға еріксіз алғызуға болып саналады. Көбіне жарнама айтылған қасиеттері жоқ тауарды ұсынады.

Мұндай жарнаманы өтірік жарнама деп айтады. Ол тұтынушының ойын шатастырып, оған шығын әкелуі мүмкін. Жарнама тағы қай кезде өтірік айтады? Орындалмайтын уәде бергенде. Мысалы, бұл жастықты

қайтарады! Яғни жап-жас күйінде қаласың немесе бұл дәрі рақты емдейді. Сонымен қатар қымбат тауарға арзан баға қойған жарнама өтірік айтады. Кейде жарнамада жастардың еліктейтін «жұлдыздары» сол тауарды тұтынатындай етіп көрсетіледі. Бірақ бұл да өтірік. «Жұлдыз» үшін бұл ақша табу ал жарнамаға шығарылған ақшасын сатушы, сол өткізілген тауардан шығарып алады. Адамдар жарнамада тауар фирмасы, не мекен-жайы жазылмай тек телефон нөмірі ғана берілсе, сақ болулары керек. Сонымен қатар жарнаманың артықшылықтары мен кемшіліктері болады.

Алдымен артықшылықтарына тоқталып өтер болсақ:

Жарнама тұтынушыларға тауар бағасы соңғы артықшылықтары және нарықтағы қызметі туралы ақпарат береді;

Жарнама бағаның жиі түсуіне әкеледі және тұтынушының ақшасын үнемдеуге мүмкіндік береді;

Жарнамадан түскен табыстан газет пен журнал шығынын және т.б. төлейді;

Жарнама сұранысты керекті деңгейде ұстауға көмектеседі.

Ал енді кемшіліктеріне тоқталсақ:

Жарнама мазмұны көбіне дұрыс баяндалмайды және тұтынушы шатастырады;

Жарнама тауардың құнын көтеріп жіберіп, көп шығынды талап етеді;

Тұтынушыға керек емес тауарды алғызады;

Жалпылама ақпараттандыру жарнамаға тәуелді

Жарнама функциясы оның мәні мен мақсаты арқылы анықталады. Олардың көп түрлілігіне төмендегілерді меңзеуге болады:

тауарды және оның өндірушісін немесе сатушысын идентификациялау;

тауарды, қызметті және идеяны алға жіберу;

сатып алушыларға таныстыру немесе ақпараттандыру;

сұраным қалыптастыру және т.б.

Жарнама осы жағдайларда тауардың бар екенін, оның құнын, ерекшелігін ақпараттандыруы керектігі туындайды. Әрине, жарнаманың функциясын ескере отырып, ең алдымен жарнаманы сатып алуды ұйымдастыру керек. Міне, жарнаманың негізгі міндеті, басты функциясы осында. Жарнаманы - тауарды нарықта қозғалтудың оңтайлы тәсілі екендігін экономиканың бүгінгі тынысы дәлелдеп отыр.

Жарнама өзінің негізгі міндетін орындау үшін сатып алушылардың назарын аударуға, жүрегін жаулауға, жол табуға тырысады. Содан кейін оларды еліктіреді. Ақырында тауар алуға мәжбүр етеді. Тың тәсілдерді іздеу ғасырдан ғасырға жалғасып келіп, қазіргі кездегі формаға әкелді. Жарнама шындыққа сәйкес және сенімді, қазіргі өмір талабына сай және сауатты, түсінікті және нақты болуы тиіс. Әдемі және ұсқынсыз, надан және есті жарнамалар тез есте қалады. Бұлыңғыр және қарапайым жарнамалар есте қалмайды. Жарнама белсенді және эмоционалды болғаны дұрыс. Тек сонда ғана ол тұтынушының ойлау инерциясын жаулап алады. Жарнама жоқ нәрседен құрастырылмайды, ол бар нәрсені көрсетуге, көпшілікке таратуға бағытталады. Жарнама ісіндегі бірнеше мамандар былай деп ескертеді: әр жарнамалық хабарламалар тұтынушының қоғамдық құрылымындағы жағдайын қозғайды. Басқаша айтқанда, жарнама тұтынушыға қосымша ләззат береді немесе бағыт-бағдарын жолғалтқан адамға ұқсас мазасын күйге түсіреді.

Қорыта айтқанда, жарнама жасау біздің қоғамдық-ғылыми өмірімізге немесе экономикалық қатынастар жағдайында қолданысқа енуі өткен ғасырдың отызыншы жылдарында белгілі болды. Қазір жарнама барынша маңызды нарықтық құралға айналып отыр. Жоғары дәрежедегі бәсекелестік бар және әр сатушы тұтынушының сұранымын қанағаттандыра алатын дамыған нарықтық жағдайда, жарнама бәсекелестік күрестің шешуші факторы болып табылады. Сол арқылы өзінің пәрменділігін арттырады. Сонымен ең алдымен жарнама, бұл тек қана ақпарат. Ол саған қандай бір затты сатып ала аласын деп қана хабарлайды. Жарнама бұл затты бәрібір сатып алу, немесе сатып алмау бұл тек қана өзімізге байланысты.

\* \* \* \* \*

### **«Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс»**

**Жетекшісі: Қызылорда облысы, Арал қаласы**

**Арал индустриалды-техникалық колледжі**

**Қараева Айгүл тарих пәнінің оқытушысы**

**Білім алушы: Арал индустриалды-техникалық колледжінің**

**III-курс білім алушысы Қанадбек Ғабит**

Халқымыз өзінің өмірге деген көзқарасын, әлем танудағы түйсік-түсінігін, пәлсапасын, таңым көзін атабабадан мұра болып қалған кең байтақ даласының еркіндігімен, бостандық пен азаттық жолындағы мәңгілік күресімен тікелей байланыста қарастырады. Сондықтан да қазақтар үшін ең бастысы — еркіндік пен бостандық. Сондықтан да өз өмірін осы жолға арнап, ел еркіндігі үшін өмірін қиған Кенесары есімі ел есінде ар-намыстың, ерліктің, қаһармандықтың белгісіндей, хас батырлықтың белгісіндей мәңгі сақталмақ.

Ресей империясының қазақ даласындағы хандық билікті жоюы, шекаралық аймақтарда жаңа бекіністерді салып, қазақ жерлерін күштеп тартып алуды одан әрі жалғастыруы, қазақ қоғамында әлеуметтік қатынастардың

шиеленісуі Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің шығуына себеп болды. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс 1837-1847 жылдар аралығын қамтыды.

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс 1837-1847 жылдар аралығын қамтыды, биыл 2017 жылы көтерілістің басталғанына 180 жыл толғаны бәрімізге мәлім. Қазақтардың XVIII-XIX ғасырларда болған басқа барлық көтерілістермен салыстырғанда Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күрестің ерекшелігі, оған үш жүздің бұқара халқы түгелдей қатысты. Бұл күрестің кең қанат жайып, бүкілхалықтық сипат алуы, Кенесары күресінің өзіне тән саяси ерекшелігі деу керек.

Кенесары Қасымұлы – саясатшы, мәмілегер, батыр, қолбасшысы, Абылай ханның ісін жалғастырушы, ең соңғы хан. Сұлтан Кенесары 1802 жылы дүниеге келген. Ол Қасым сұлтанның баласы, Абылай ханның туған немересі еді. Көтерілістің болашақ басшысы Кенесары бала кезінен-ақ ат құлағында ойнады, құралайды көзге атқан мерген болды. Ол өзінің әділдігімен, ерік-жігері, қажымас қайратымен және жүрек жұтқан батылдығымен, қайтпас қайсар қаһармандығымен танылған. Оның бойында ұйымдастырушылық және әскери қолбасшылық таланты мол болатын. XIX ғасырдың орта кезіндегі орыс зерттеушілерінің бірі Л. Майер «Кенесарыға көзсіз ерлік тән еді» деп жазды. Кенесарының ұлт-азаттық көтерілісте қандай қолбасшы, тарихта қандай ұлы тұлға болғандығы туралы орыс тарихшысы Н.Середаның өзі былайша тамсана ой толғайды: «Кенесары өз жасақтарының мәртебелі әміршісі бола білді. Оның рухы дем берген жауынгерлерге еуропалық әскер қолбасшыларының өзі қызығар еді. Жортуылда жолындағының бәрін жайпайтын дала дауылындай екпінді де тегеурінді.

Кенесары ешбір бөгет алдында кідірмейтін, қайта кездескен кедергі оның қайрат-жігерін жанып, шамырқандыра түсіп, көздеген мақсат жолындағы тос-қауылдарды талқандар керемет күш бітіріп, одан сайын өршелендіріп жіберетін. Кенесарының бойындағы күллі осындай қасиеттерді көшпенділер биік бағалап, оның қарекет-қимылына қатысушылардың жүрегі басшысына деген шексіз сүйіспеншілікпен соғып, жанын пиде етуге дейін барғызады». Ал енді ағылшындық Томас Аткинсон Кенесары Қасымұлы туралы былай деп жазды: «Кенесары қазақтардан ғажайып жауынгерлер даярлады. Найза мен айбалтаны тамаша игерген, шапшаңдығына көз ілеспейтін Кенесары жігіттері өзінен күші басым жаудан қаймықпай соғысып, жеңіп шыға беретінін естігенім бар. Егер білікті офицерлері болса, қазақтар әлемдегі ең әйгілі атты әскер құрар еді. Оларға тарихта даңқы асқан Шыңғыс хан жиһангерлерінің керемет қасиеттерінің бәрі тән».

Замандастарының сипаттауына қарағанда, ол ашық жүзді, орта бойлы болған. Аз сөйлеп, көп тыңдайтын, өзін-өзі аса байсалды ұстай білетін. Әңгімелескен адамының пікіріне әрқашан мұқият назар аударатын. Қонақжай қасиеті ерекше күшті еді. Әкесімен және ағаларымен бірге жүрген кездерінде олардан қолбасшылық тәжірибесін едәуір үйреніп алған болатын.

Қазақ тарихнамасында Кенесары көтерілісі туралы алғаш рет өз ой-пікірін баспа бетінде ашық білдірген Шоқан Уәлиханов болатын. Ол орыс әскерінің офицері болғандықтан, алғашқыда бұл ұлт-азаттық қозғалысқа империялық саясат ықпалымен баға берді: «Бүлікші сұлтан Кенесары –феодалдық-монархиялық қозғалысқа бас болып, хандық билікті қалпына келтіруге тырысты, Орта Азия феодалдық мемлекеттеріне ұқсас қазақ хандығын құрғысы келді», – деп жазды. Кенесары басқарған қозғалысқа орыстың отаршылдық пиғылы әсерімен ой қосқан Шоқан келесі бір еңбегінің түсіндірмесінде «осы кезеңде ескі мен жаңашылдық», яғни «мұсылмандық шығыс және орыстық құбылыстар» бір-бірімен теке-тіреске түскенін айтып, Кенесарыға оң баға береді.

Көтерілістің мақсаты – Қазақстанның Абылай хан кезіндегі аумақтың тұтастығын қалпына келтіру әрі Ресейдің құрамына кірмеген жерлерді сақтап қалу.

Көтерілістің басты қозғаушы күші: Қазақ шаруалары. Сонымен қатар егіншілер, старшындар, сұлтандар да ат салысты. Кенесарыны анағұрлым белсенді қолдаған рулар: Қыпшақ, Төртқара, Жағалбайлы, Табын, Тама, Бағаналы, Шекті, Алшын, Керей, Жаппас, Арғын, Үйсін, Дулат т.б. Кенесарыға белсенді қолдау көрсеткендердің бірі оның әпкесі Бопай. Ол өзінің күйеуі Семеке мен оның туыстары сұлтан Сортек пен Досан Әбілқайыровтарды Кенесарыға қосылуға үгіттейді. Олар көнбеген соң күйеуін тастап, баласымен көтерілісшілерге қосылып, Кенесарының бір отрядын басқарады. Кенесары әскернің жеке отрядтарын басқарған батырлар: Ағыбай, Иман, Жоламан Тіленшіұлы, Бұқарбай, Бұғыбай, Аңғал батыр, Жеке батыр Байсейіт батыр, Сұраншы батыр.Көтеріліске әр түрлі ұлт өкілдері қатысты: орыс, өзбек, қырғыз, қазақ т. б.

Кенесары Ресей отаршылдығына қарсы азаттық соғысты бастамас бұрын бірнеше дипломатиялық қадамдар жасады. 1837 жылдың көктемінде патша үкіметіне жаңа бекіністер жүйесін салудан бас тартып, салынған бекіністерді бұзуды, орыс әскерлерінің қазақ даласына ішкерілей енуін тоқтатуды талап етіп бірнеше хат жолдаған болатын. Сол хаттарының біріңде: "Ата — бабаларымыз мұра еткен жерлер қазіргі патша тұсында бізден тартып алынып, ол жерлерде бекіністер салынып, сонысымен тұрғындарды өте қиын жағдайға ұшыратуда. Бұл тек біздің болашағымыз үшін ғана емес, сонымен бірге бүгінгі өмір сүруімізге де қауіпті", - деп көрсетеді. Бірақ, Кенесарының бұл хаттары патша әкімшілігі тарапынан жауапсыз қалдырылды. Одан кейін Кенесары 1837 жылдың күзіне қарай ашық күреске шығады. Қараша айында Петропавлдан оңтүстікке қарай бара жатқан керуенді қорғаушы Ақтау бекінісінің казак отрядына шабуыл жасайды. Кенесары 1838 жылы өзінің адамдарын Батыс Сібір генерал-губернаторына жіберіп, оған арнайы хат жолдады. Хатында Ақтау бекінісі мен Ақмола приказын жоюды, Омбыда тұтқында отырған өз адамдарын түгел босатуды талап етті. Генерал-губернатор Кенесарының адамдарының барлығын да саптағы мың солдаттың арасынан өткізіп, дүре



соқтырды. Олардың әскерге жарайтындары тұрақты армия қатарына алынып, қалғандары Шығыс Сібірге жер аударылды. Генерал-губернатордың бұл қылығы Кенесары сұлтанның ашу-ызасын келтіріп, көтерілісті бастап жіберуін тездетті. Ол старшина Симоновтың әскери жасақтарына өлтіре соққы беріп, көптеген қару-жарағы мен оқ-дәрісін тартып алды. 1838 жылы Кенесарының сарбаздары Қоңырқұлжа Құдаймендіұлының ауылдарына шабуыл жасады, оның 12 мыңға жуық жылқысын айдап әкетті. Ақмола төңірегіндегі бекіністер тұрғындарының 2,5 мың малы қоса кетті. Ақмола бекінісі мықты қорғалатын. Ақмола бекінісін аға сұлтан Қ. Құдаймендіұлы мен әскери старшина Карбышев бастаған отряд қорғады.

Кенесары шабуылды 1838 жылдың 7 тамызында таң саз бере бастады. Оның сарбаздары бекіністі өрт шығаратын жебелермен атқылады. Бекініс өртке оралды. Кенесарының даңқты батырларының бірі Басықара бекіністің ішкі жағасына баса-көктеп кіріп барып, сұрапыл ұрыс салды. Ол осы шайқаста ерлікпен қаза тапты. Бекініске Ағыбай, Иман, Бұқарбай батырлардың сарбаздары басып кірді. Сұлтан Кенесарының туған қарындасы Бопай бастаған сарбаздар Көкшетау округының ауылдарына шабуыл жасады.

1838 жылдың аяғына қарай Кенесары Орынбор әскери губернаторлығына қарасты Ырғыз бен Торғай жаққа көшеді. Ол кездегі Орынбордың генерал-губернаторы граф В.А.Перовский алғашқы кезеңде көтерілісшілермен арақатынасты бейбіт жолмен шешуге тырысқан еді. Арадағы келіссөздер барысында В.А.Перовский Кенесарыға көмектесетін болады. Жылдың аяғында Кенесары мен В.А.Перовский арасында уақытша бітім жасауға қол жетеді. Ол бітім бойынша Кенесары бастаған көтерілісшілер шекара шебіне шабуыл жасамауға уәде береді. Кенесарының тұтқынға алынған туған-туыстарының барлығы да түрмеден босатылды. Арада уақытша бейбіт келісім кезеңі басталды.

1841 жылдың қыркүйек айында қазақтың үш жүзінің атынан жиналған ықпалды билер мен сұлтандар Кенесары Қасымұлын ата салт бойынша ақ киізге салып көтеріп, бүкілқазақ халқына билігі жүретін хан етіп сайлады. Осылайша, Қазақ хандығы қайта құрылып, қазақ мемлекеттілігі қайтадан қалпына келтірілді. Ресей империясының билігі орныққан Ертіс, Есіл, Орал шептерінің бойындағы аудандардан басқа Қазақстанның барлық жерлеріне Кенесары ханның билігі жүрді. Мемлекеттік құрылыс қайта ұйымдастырылды. Хан Кеңесі құрылды. Дипломатиялық қызмет ұйымдастырылды. Салық жүйесіне өзгерістер енгізілді. Әскери мәселеде далалық соғыс жағдайына ыңғайлы жасақтар ұйымдастырылды.

Кенесары Орынбор губернаторымен уақытша келісімге келгеннен кейін, 1841-1842 жылдары Қоқан хандығының қол астындағы қазақ жерлерін азат ету үшін күрес жүргізеді. Бұл күрестің нәтижесінде Созақ, Сауран, Ақмешіт, Жаңақорған қалалары қоқандықтардан азат етіліп, Түркістан қаласы қоршауға алынады. Осыдан кейін Қоқан хандығы Кенесарымен келіссөз жүргізуге межбүр болды. Қоқандықтарды талқандауда Сырдария бойындағы Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған қазақтардың Кенесарыға қолдау көрсетіп, шайқастарға белсенді қатысуы үлкен рөл атқарды.

1842 жылы Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский Петербургке қызметке шақырылып, оның орнына Орынборға генерал-губернатор болып Обручев тағайындалады. Обручевтің Перовскийге қарағанда Кенесарымен арадағы мәселені шешуде көзқарасы басқаша болды. Ондай жағдайды пайдаланған Сібір губернаторы Горчаков осы жылы Кенесары ауылдарына Сотниковтың басқаруымен отряд жібереді. Нәтижесінде, Орынбор әкімшілігімен жасалған бітім Горчаковтың тарапынан бұзылды. Ал, 1843 жылдың 27 маусымында патша І Николай Кенесары Қасымұлы бастаған күресті басу үшін қазақ даласына ірі көлемдегі әскери жорық ұйымдастыру туралы бұйрық шығарды. Сонымен қатар, Кенесары ханның басын кесіп әкелген адамға 3000 сом сыйлық тағайындады.

1843 жылдың көктемінде патша әкімшілігі қазақ даласына үш отрядты бірдей жіберуді ұйғарды. Көтерілісшілерге қарсы старшина Лебедев басқарған 300 солдаттан тұратын жазалаушы отряд жіберілді. 1843 жылдың тамыз айында сұлтандар А. Жантөреұлы мен Б.Айшуақұлы бастаған екінші әскер жабдықталды. Патша үкіметінің әскерлері жергілікті жер жағдайын нашар білді. Кенесары хан патшаның жазалаушы отрядтарын бір-біріне қосылуына мүмкіндік бермей, жеке-жеке соққы беруді ойластырды. Ал, кейіннен Кенесарыға қарсы шайқаста көрсеткен дәрменсіздігі үшін Лебедев Орынборға шақыртылып, қызметінен босатылып, сотқа тартылады. 1844 жылы шілденің 20-сынан 21-іне қараған түні Кенесары хан Тобыл өзенінің жоғарғы ағысында Жантөре сұлтанның әскеріне күйрете соққы берді. Кескілескен шайқаста сұлтанның 44 адамы қаза тапты. 1844 жылғы тамызда Екатерина станицасына шабуыл жасады. Бекіністің маңындағы елді мекенді өртеп жіберді, 40 адамды тұтқынға алды, қыруар малды айдап әкетті. Сонымен қатар мылтық, тапанша, қылыш, найза сияқты көптеген қару-жарақ түрлерін олжалады. Арнайы жіберілген жазалаушы отряд Кенесарының ауылына жете алған жоқ. Үкімет басындағыларды абыржушылық пен үрей биледі. Сол себепті Кенесарыға бірнеше бағытта әсері шабуылдар ұйымдастырып, оны Жетісу аумағына ығыстырып тастайды. Қытайдан көмек сұраған Кенесары қарсы жауап алады, ал қырғыз бауырларымыз да қазақтармен ашық шайқасқа түседі. Себебі қырғыздарды орыстар қазақтарға айдап салады.

1846 жылдың басында Кенесары хан әскерлерімен Балқаш көлінің маңына қоныс аударады. Патша үкіметі қазақ даласындағы Кенесары бастаған көтерілісті біржола жою үшін енді генерал-майор Вишневскийдің басқаруымен үлкен отряд аттандырады. 1846 жылы Кенесары хан қоқандықтардан Әулиеата (Тараз), Мерке қалаларын қайтарады. Осындай шиеленіскен жағдайлардың барысында 1847 жылғы сәуірде Кенесары он мыңдай қолмен Қырғызстанның жеріне басып кірді. Қырғыздармен шайқас Ыстықкөл мен Шу өзенінің жоғарғы ағысы аралығында Кекілік сеңгір тауының қойнауында өтті. Кенесары ханның соңғы шайқасы болады.

Қырғыз манаптары мен Вишне夫斯基дің отряды және Қоқан хандығының әскерлері "Алмалы сай" шатқалында Кенесарының сарбаздарын үш жақтан қоршауға алады. Таулы аймақ хан Кененің сарбаздарына басымдық көрсетуге мүмкіндік бермеді. Сонымен қатар, Рүстем сұлтан мен Сыпатай батыр бастаған жасақтардың ұрыс алаңынан кенеттен шегініп, кетіп қалуы да жағдайды қиындатқан болатын. Өздерінен бірнеше есе күші көп жаумен болған қаһармандық шайқаста Кенесары хан 32 қазақ сұлтанымен бірге тұтқынға түседі. Қырғыздардың қолына тұтқынға түсіп қалған Кенесары хан патша чиновниктерінің алдауына түсіп, сыйлықтар алған қырғыз манаптарының тарапынан өлтірілді. Кенесары ханның қасіретті өлімінен кейін оның ісін баласы Сыздық сұлтан жалғастырды.

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық соғыстың жеңілуінің негізгі себептері мыналар: қазақ халқының бір тудың астына біріге алмауы, кейбір ру басыларының ауызбірлігінің болмауы және де кейбір қазақ билеуші топ өкілдерінің патшалық Ресейді жақтауы, Кенесарының бірнеше бағытта Ресей, Қоқан, Бұхар хандықтарымен күрес жүргізуі болды. Сонымен қатар, ол өзін жақтамаған кейбір қазақ және қырғыз ауылдарына шабуыл жасауы. Дегенмен де, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күрес жеңіліс тапқанымен, ол қазақ халқының тарихында мәңгілік өшпес із қалдырған, Кенесары Қасымұлының Астана қаласында тамаша ескерткіші, оның есімімен аталатын үлкен көше бар. Қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғыртуға тырысқан, тарихи маңызы зор күрес болды. Кенесары қазақ халқын бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күреске жұмылдырды. Кенесары көтерілісі табысқа жетпесе де, оның ұлы істері халық есінде мәңгі сақталады.

\* \* \* \* \*

**Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Қарақол ауылы, Қарақол орта мектеп-бақшасы»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі  
Даукенова Раушангүл Төкеновна**

Сабақтың тақырыбы: Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым қожа» әңгімесі

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Б.Соқпақбаевтың өмір жолын айтып өту, «Менің атым Қожа» әңгімесінің мазмұнын, идеясын ашу;

Дамытушылық: Оқушының ой-өрісін, сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту, мәнерлеп оқуға дағдыландыру;

Тәрбиелік: Әңгіме арқылы оқушыларды шыншылдыққа, достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Әдіс-тәсілдері: баяндау, тіл дамыту, сұрақ-жауап, түсініп оқу.

Сабақтың көрнекілігі: портрет, слайд, сөзжұмбақ, суреттер, журналдар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Психологиялық дайындық:

- Көз не үшін керек? (Жақсылықты көру үшін керек.)
- Құлақ не үшін керек? (Ақылды тыңдау үшін керек.)
- Екі қол не үшін керек? (Біреуге көмектесу үшін керек.)
- Екі аяқ не үшін керек? (Алыс жерлерге бару үшін керек.)
- Олай болса, сендердің барлық мүшелеріңе саулық тілеймін!

Орнымызға отырып, сабағымызды бастайық.

II. Үй тапсырмасын сұрау:

12. Тест тапсырмалары бойынша өткен сабақты пысықтау (ауызша);

13. Жұптық жұмыс бойынша тексеру (белгі бойынша қате, дұрысын көрсету).

III. Жаңа тақырыппен жұмыс:

Жаңа сабақтың тақырыбын сөзжұмбақ арқылы шығару:

				Қ	А	Ж	Ы	М	Ұ	Қ	А	Н
			Ш	О	Қ	А	Н					
	М	І	Р	Ж	А	Қ	Ы	П				
М	Ұ	Х	Т	А	Р							

- «Жиб – Жица күресі» әңгімесі кім туралы? (Қажымұқан)
- «Қырық жас түлегі» әңгімесі кім туралы? (Шоқан)
- «Шешенің балаларын сүюі» өлеңін кім жазды? (Міржақып)
- «Жетім» әңгімесінің авторы кім? (Мұхтар)
- Балалар, бүгін біз жаңа «Балалық шаққа саяхат» атты бөлімді бастаймыз. Бұл бөлімде балалар әдебиетінің негізін салған ақын-жазушылардың туындыларымен танысасындар.
- Реферат арқылы оқушы Б.Соқпақбаевтың өмірімен таныстырады.
- Бүгінгі жаңа сабағымыз Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» атты шығармасымен танысамыз. Бұл әңгімеде жан құбылысының әр оқушының басында кездесуі мүмкін сәтті кезі сипатталады.
- Ой толғаныс. Фильмдегі музыка ойналды.
- -Музыка сендерге таныс па?

- «Менің атым Қожа» атты киноны кім көрді?
- Ол не жайлы? Дарынды кинорежиссер Абдолла Қарсақбаев түсірген балалар фильмі.

(Оқушылардың ойларын тыңдау.)

1. «Ой таным» әдісі бойынша «Қызықты деректер» бөліміне кезек берейік. Қандай деректер дайындап алып келдіңдер?

а) «Сүйікті «Айгөлек» журналының «Сұра, жауап береміз» айдарында осы «Менің атым Қожа» фильмінде басты ролді ойнаған Нұрлан Санжар жайлы былай деген:

«Қазақфильм ұлттық компаниясының» телевизиялық фильмдер бірлестігінің редакторы кинодраматург болып қызмет істейді.»

ә) Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» туындысы бойынша түсірілген фильм 1967 жылы Балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қаласында өткен Халықаралық фестивалінде арнаулы жүлдемен марапатталды.

б) «Менің атым Қожа» фильмінде бірге ойнаған балалардың қазіргі өмірінен хабар берейін. Жанар – қазір энергетика инженері, Дәулет – әскери дәрігер, ал Сұлтан – әскери журналист, зейнеткерлікке шыққанда қайтыс болыпты. Қожа роліндегі Нұрлан Жанармен 40 жыл өткен соң, киноның түсірілгеніне 40 жыл толуына арналған кездесуде бір-бірін көріп жүздесіпті.

3. Суреттермен, журналға шолу жасау.

Оқулықпен жұмыс:

- Енді жазушының сол шығармасымен жақынырақ танысу үшін бір үзіндісін оқып көрелік. ( Мұғалім әңгімені мәнерлеп оқып түсіндіреді)

Слайдтан суреттер көрсетіп отыру.

Дәптермен жұмыс:

Топтастыру әдісі бойынша Қожа мен Жантасты салыстыру.

тентек	Қожа	Еліктегіш
жақсы оқушы	шыншыл	ұяты бар ұмытшақ
	арам	Жантас нашар оқушы
	қу	өтірікші жағымпаз

Дәптерлеріне жазғызу.

Сергіту сәті: «Жақсы - жаман» ойынын ойнату.

Бірнеше сөздер айту, оқушылардың бір тобы жақсы жағын, бір тобы жаман жағын айтады. Мысалы: от - тоңғанда жылынамыз, дұрыс қолданбасаң күйіп, жанып кетесің. Су-шөлімізді қандырамыз, шомыламыз, байқамасақ тұншығамыз, үстіміз су болып ауырамыз.

Түсінгендерін тексеру: «Бәйге» ойыны.

Әңгімені ойын арқылы пысықтау.

Ережені түсіндіру (жазу).

Басты кейіпкер- көркем шығармадағы оқиғаға қатысатын негізгі басты адам. Жазушы оның жеке сипатын, іс – әрекетін, мінез – құлқын басқалардан гөрі анық танылатындай етіп суреттейді.

«Ой толғау» әдісі бойынша шығармашылық тапсырма.

1. Әңгімеде Қожа мұғалім сабақ сұрай бастағанда қатты не істеді. (Өкінді)
2. Өз бастарыңда болған оқиға бойынша өкінген кездеріңді айтып беріңдер.
3. «Өкініш» тақырыбына ауызша әңгіме құрау.

Қорыту:

Сұрақтар арқылы әңгімені қорыту.

1. Әңгіме саған ұнады ма?
2. Үйге қандай тапсырма берілген екен?
3. Әңгімеде басты кейіпкер кім?
4. Әңгімеден Қожаның ішкі ойын тауып оқы.
5. Қожа Анфиса Михайловнаның сабақ сұрау тәсілін кіммен салыстырады?
6. Сабаққа дайындалмай келгеніне Қожаның қатты өкінгенін неден байқауға болады? Әңгімеден сол жерлерді тауып оқып бер.
7. Өзіңде Қожаның басында болған оқиға болды ма?
8. А.Михайловнаның Жантасқа айтқан ескертуін тауып оқы.
9. Жантасты қандай бала деп ойлайсың?
10. Бағалау: оқушылардың білімдерін бағалау.
11. Үйге тапсырма: әңгімені мәнерлеп, түсініп оқып келу, әңгімелеу.
12. Аяқтау: сабақты аяқтау.

\* \* \* \* \*

**Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Қарақол ауылы, Қарақол орта мектеп-бақшасы»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі  
Искакова Сауле Оразкановна**

**Қысқа мерзімді жоспар**

<b>Күні:</b>	<b>Мұғалім:</b> Искакова С. О.
<b>Сынып:</b> 1 «А»	<b>Қатысқандар саны:</b>
<b>Пән:</b> Математика	
<b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:</b> Сандар мен цифрлар.	
<b>Сабақ тақырыбы :</b> 1.1. <i>Натурал сандар және нөл саны.</i>	
<b>Оқу мақсаттары:</b>	1.1.1.1 Натурал сандардың және нөл санының құрылуын түсіну; 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау; Олардың натурал сандар қатарындағы орнын анықтау.
<b>Сабақ мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> 10 көлеміндегі сандарды санай алады; <b>Көптеген оқушылар:</b> 10 көлемінде тура және кері санай алады; <b>Кейбір оқушылар:</b> Сандардың натурал сандар қатарындағы орнын анықтай алады.
<b>Бағалау критерийлері</b>	10 көлеміндегі сандардың құрылу жолын түсіндіреді; 10 көлемінде тура және кері бағытта санайды; Сандардың натурал сандар қатарындағы орнын анықтайды.
<b>Тілдік мақсат</b>	–10 көлеміндегі сандарды тура және кері санай алады. Олардың натурал сандар қатарындағы орнын біледі. –реттік санау; нешінші? –Сен нешінші сыныпта оқисың? Сен нешінші қатарда отырсың?
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	Сабақ барысында оқушылардың бір-бірін тындау, көмектесу, бірлесіп тапсырманы орындау, диалогтік сөйлесу мәдениеті қалыптасады.
<b>Пәнаралық байланыстар</b>	Сауат ашу, көркем-еңбек.
<b>АКТ қолдану дағдылары</b>	АКТ, слайд
<b>Бастапқы білім</b>	Оқушылар 10-ға дейін санай алады.
<b>Сабақ барысы</b>	
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет</b>
Сабақтың басы 5 мин	<b>Оқушыларды ұйымдастыру кезеңі:</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• оқушыларды тугендеу, сабаққа дайындықтарын тексеру</li> <li>• ынтымақтастық ахуал орнатып, шаттық шеңберін құру</li> <li>• әр түрлі кәмпиттермен топқа бөлу</li> <li>• оқушы назарын шоғырландыру:</li> </ul> <b>Миға шабуыл:</b> «Өрмекші торы» әдісі арқылы оқушылармен он көлемінде тура және кері ретпен санауды қайталаймыз. <b>Бағалау:</b> Шапалақтау

<p>Сабақтың ортасы</p> <p>20 мин</p>	<p><b>1-тапсырма: «Егжей-тегжейлі білуге арналған»</b> әдіс арқылы 10 оқушыны тақтаға шақырып, бір қатарға тұрғызып, қалған оқушыларға солдан оңға, оңнан солға қарай санату.</p> <p>–Кім бірінші тұр? (оқушының атын атап) санау бойынша нешінші болады? (ең соңғы тұрған оқушының атын атап) санау бойынша нешінші тұр?</p> <p>– Барлық оқушыларды ретімен санату.</p> <p>–«Он оқушы» және «Оныншы оқушы» сөз тіркестерінде қандай айырмашылық бар? (Ретімен санадық)</p> <p><b>14. Бағалау: Мұғалім тарапынан мадақтау.</b></p> <p><b>2-тапсырма: «Суретке қарап сөйле!»</b> әдісі. Оқулықтағы суретпен жұмыс.</p> <p>– Айжан сөреден неше кітап алды? (Бес кітап)</p> <p>– Айжан сөреден нешінші кітапты алды? (Бесінші )</p> <p>– Сөредегі кітаптарды ретімен санаңдар.</p> <p><b>Бағалау: Смайликтер арқылы</b></p> <p><b>Сергіту сәті. «Көңілді күн»</b></p> <p>3-тапсырма : <b>«Ойлан, жұптас, талқыла»</b> әдісі. Көңілді клоундардың реттік санын анықта.</p> <p>1) Клоундардың қайсысы оң жақтан үшінші тұр?</p> <p>2) Балпақ сол жақтан нешінші тұр?</p> <p>3) Оймақ оң жақтан нешінші тұр?</p> <p>4) Сол жақтан жетінші тұрған кім?</p> <p><b>Бағалау: «Бас бармақ» арқылы</b></p>
<p>Сабақтың соңы</p> <p>5 мин</p>	<p><b>Бекіту кезеңі: «Допты лақтыру»</b> әдісі</p> <p><b>Бағалау: «Бағдаршам» арқылы</b></p> <p><b>Кері байланыс: «Бес бармақ»</b> Тақырыпты жақсы меңгердім деген оқушылар өз ойларын нақты түйіндеп, тақырып бойынша түсінгенін зерделей алады.</p>
<p><b>Саралау–оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз?</b></p> <p><b>Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</b></p>	<p><b>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</b></p>
<p>Саралауды сабақтың кез келген кезеңінде қолдануға болады. Саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған тәсілдің бірі: қорытынды тәсіліне сәйкес тапсырмалар ұйымдастырылады.</p>	<p>«Шапалақтау»</p> <p>«Мұғалім тарапынан мадақтау».</p> <p>«Смайликтер»</p> <p>«Бас бармақ»</p> <p>«Бағдаршам»</p>
<p><b>Сабақ бойынша рефлексия</b></p>	<p>Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.</p>
<p>Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?</p>	<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсатына сәйкес алынған оқу мақсаты қолжетімді болады деп ойлаймын. Сабақтың кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаланып, жоспарланған сабағымның нәтижесін жақсы жағынан көре аламын деп отырмын. Оқушылардың пәнге қызығушылығын артып, оқуға деген ынтасы, ойлау қабілеттері де дамиды. Сабақта саралау дұрыс жүргізілу үшін тапсырмалар алынды. Сабақ жоспарынан ауытқулар болуы мүмкін, себебі тақырыпты меңгеру кезінде түсінбей, жеке түсіндіру жұмыстары жүргізілген кезде.</p>
<p><b>Жалпы бағалау</b></p> <p><b>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты):</b></p> <p>1. Тапсырмалардың сараланып берілуі.</p> <p>2. Кері байланыс.</p> <p><b>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?</b></p> <p>1. Оқушылардың белсенділігін арттыру.</p> <p>2. Теориялық білімдерін жетілдіру.</p> <p><b>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?</b></p> <p>Қиындығы әртүрлі тапсырмалар беру арқылы есептеу дағдыларын әлі де жетілдіру мақсатында жұмыстар жүргізу.</p>	

**Восточно-Казахстанская область, Урджарский район,  
КГУ «Каракольская средняя школа-сад», учитель русского языка и  
литературы Макалова Айман Капасовна**

**Внеклассное мероприятие «Весёлый марафон».**

**Цели мероприятия:**

1. Актуализировать знания учащихся по русскому языку;
2. Развивать логическое, творческое мышление;
3. Научить быстро и правильно выполнять задания;
4. Выбатывать умение работать коллективно, индивидуально;
5. Воспитывать познавательный интерес к языку.

**Ход мероприятия:**

**Слово учителя:**

Добрый день, уважаемые гости, дорогие друзья! Сегодня мы с вами собрались на «Весёлый марафон». Этот марафон мы проведём с вами в форме игры. Объективные жюри будет следить за ходом нашего марафона. Наш марафон будет состоять из восьми туров. Каждый

правильный ответ - 5 баллов.

Ребята, я знаю, что многие из вас любят спорт, ибо спорт – это задор, соревнование, хорошее настроение. Сегодня на нашем «Весёлом марафоне» будут свои старты и финиши, победы и возможные неудачи. Но всех нас объединяет общее желание много знать и уметь, а это главное на пути к знанию.

А теперь разрешите познакомить вас с членами жюри (перечислить имена членов жюри).

**II. Приветствие команд**

**Команда «Знание»**

«Мир освещается солнцем, а человек знанием».

**Команда «Умники»**

«Сильный победит одного, а умный тысячи».

**2. Приветствие жюри.**

Вам и слава и почёт!

Все мы любим точный счёт.

**Ведущий:** Уважаемые жюри просим вас оценить приветствие обеих команд.

**Команда «Знание» -**

**Команда «Умники» -**

**III тур «По алфавиту».**

**Ведущий:** Всем членам команд построиться согласно своим именам по алфавиту. Какая команда сделает это быстрее, та команда побеждает.

**Жюри** оценивают выполнение заданий обеих команд.

**Команда «Знание» -**

**Команда «Умники» -**

**IV тур «Слово - змейка»**

**Ведущий:** Один ученик от команды за одну минуту должен написать на доске слова в таком порядке, чтобы второе слово начиналось с последней буквы первого.

Например: адрес – сон - небо- окно – ободок – кружка – арбуз и т. д.

Киоск – кукла – ананас – сок – кошка – апельсин – нога и т. д.

**Жюри** оценивают выполнение заданий обеих команд.

**V тур «Один много»**

**Ведущий:** Я называю вам существительные в единственном числе, а вы мне в ответ - во множественном числе. Команды отвечают хором.

**Команде «Знание»**

**Команде «Умники»**

Парта, друг, река, ручка,

урок, лист, собака, ребенок,

дерево, школа.лев, окно.

**Жюри** оценивают выполнение заданий обеих команд.

**VI тур «Ты мне, я - тебе» (домашнее задание)**

**Ведущий:** Команды загадывают заранее приготовленные друг другу загадки

Загадки команды «Знание» Загадки команды «Умники»

**Жюри** оценивают выполнение заданий обеих команд.

**Команда «Знание» -**

**Команда «Умники» -**

**VII тур «Закодированное слово»**

**Ведущий:** Нужно записать лишь первые буквы. Должно получиться новое слово.

**Команде «Знание»**

**Команде «Умники»**

6. Шарф, кровать, обувь,

\* жираф, урок, резинка, нота, арбуз,

лето, ананас. (школа)

Лёд. (журнал)

7. Краска, апельсин, ручка,

\* зима, ель, мебель,

акварель, нота, дом, альбом.лесник, ястреб.

(карандаш) (земля)

8. Кот, аспирин, редиска, белка, атлет, боль, уши,  
тетрадь, автобус. (карта) школа, кошка, ананас. (бабушка)

**Музыкальная пауза** (выразительное чтение стихотворения о языке)

**Жюри** оценивают обеих команд.

**VIII тур «Какие слова спрятались?»**

**Ведущий:** Капитаны обеих команд по очереди берут из шкатулки слова. Вам нужно будет переставить слова так, чтобы получилось новое слово.

**Команде «Знание» Команде «Умники»**

Мабуга, гурд, доран, Лямзе, тарпа, боен,

Ровако, гакни, лонсце. Факш, восло, нокн.

**Игра со зрителями.** (решить кроссворд)

**Жюри** оценивают обеих команд.

**IV. Конкурс капитанов «Найди лишнее»**

**Ведущий:** Капитанам обеих зачитывается по четыре слова. Они должны назвать лишнее слово и объяснить почему слово является «лишним»

**Капитану команд «Знание»**

- утка, гусь, курица, корова.

- груша, яблоко, огурцы, виноград.

- ворона, кошка, сорока, воробей.

**Капитану команд «Умники»**

- лошадь, овца, волк, верблюды.

- банан, баклажан, апельсин, лимон.

- тетрадь, учебник, игрушка, пенал.

**Жюри оценивают** обеих команд.

**10. Подведение итогов.**

**Ведущий:** Молодцы! Наш марафон подошёл к концу. Все активно участвовали. Пока жюри подводит итог игры я хочу завершить наш турнир высказыванием К.Паустовского: «Нам дан во владение самый богатый, меткий, могучий, поистине волшебный русский язык. И мы всегда должны беречь и любить русский язык».

**Жюри** объявляет общий счёт игры и называет команду – победительницу.

**Ведущий:** Всем спасибо! До свидание! До новых встреч!

\* \* \* \* \*

**Қарағанды облысы Теміртау қаласы № 4 ЖББОМ  
география пәні мұғалімі  
Есенбаева Светлана Орынбаевна**

Пән аты: география Сынып: 6

Сабақтың тақырыбы: Дүниежүзілік мұхит және оның бөліктері

Сабақтың мақсаты: *Білімділік:* Дүниежүзілік мұхит туралы түсінік бере отырып тақырыпты меңгерту, «материк», «арал», «түбек», «теңіз», «шығанақ», «бұғаз» ұғымдарын қалыптастыру.

*Дамытушылық:* Шығармашылық ізденіске баулу, картаны меңгере отырып, картадан мұхиттарды және оның бөліктерін көрсете білуге үйрету.

*Тәрбиелік:* Ойын арқылы ізденімпаздыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.

*Сабақтың түрі:* аралас сабақ

*Сабақтың әдісі:* Түсіндірмелі-иллюстративті және жартылай іздену әдісі.

*Сабақтың көрнекілігі:* Дүние жүзінің физикалық картасы, глобус, атлас, тірек-сызба

*Сабақтың барысы:* I Ұйымдастыру кезеңі

Сабақтың мақсатымен таныстырып, өтілетін сабақтың ерекшелігін ескерту.

II Үй тапсырмасын сұрау. Жердегі су

1. Күн жүйесі планеталарының ішінде қай планетада су сұйық күйде таралған? Жерде

2. Жер бетіндегі су қандай қабықты құрайды? Гидросфера.

3. Гидросфераны құрайтын жер бетіндегі суға не жатады? Мұхиттар, теңіздер, көлдер, өзендер, бөгендер, мұздықтар

4. Гидросфераның маңызы қандай? Тіршілік үшін.

5. Тұщы суды не үшін пайдаланады? Өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, күнделікті тұрмыста.

6. Табиғаттағы су қалай жылынып, суынады, климатқа әсері бар ма? Баяу жылынып, баяу суынады, сондықтан жаз бойы күн сәулесінен мол жылу жинап, қыста планетамыздың ауасын жылытады.

7. Құрлыққа түсетін жауын-шашын түрі – қар, жаңбыр, бұршақ.

Деңгейлік тапсырмалар:

1. Бұлт қалай түзіледі?

2. Дүниежүзілік су айналым деген не?

3. Табиғаттағы су айналымның маңызы қандай?

III Жаңа тақырып: Мұғалімнің кіріспе сөзі:

Балғын бөбек ақыл – ойдан нәр алған,

Айтты суға, ағып тұрған қраннан:

- Сен қайдансың? Неден пайда болғансың?

- Мұхиттанмын, мен мұхиттан жаралғам!

Сосын бөбек ақыл – ойдан нәр алған,

Көк орманда жасыл – желек оранған.

- Сен қайдансың? – деп сұрады одан да

- Мұхиттанмын, мен мұхиттан жаралғам!

- Сен, газды су, көпіршік боп таралған,

Сен қайдансың? Неден пайда болғансың?

- Біліп қой, дос, мен шалғайдан келгенмін.

- Мұхиттанмын, мен мұхиттан жаралғам!

Балғын бөбек ақыл – ойдан нәр алған,

Боз тұманнан, бұталарға оралған.

- Сен қайдансың? – деп сұрады, ол айтты:

- Мен де, досым, Көк мұхиттан жаралғам!

Ғаламат па? Болмаңыздар шүбәлы,

Бозғылт тұман, мама бұлттар шұбады.

Ішкен шайың, қырау мен шық, әр тамшы,

Барлығы да мұхиттан боп шығады!

Ендеше балалар, жер ғаламшарындағы барлық судың атасы, адамзатқа әлі түсініксіз болып жатқан өзгеше әлем дүниесі – мұхиттар әлеміне арналған сабағымызды бастайық.

1. Дүниежүзілік мұхит түсіндіру.

Жер шарындағы мұхиттарды атап, глобустан және жарты шарлар картасынан көрсетіңдер. Жер шарының су басып жатқан бөлігін дүниежүзілік мұхит деп атайды. Дүниежүзілік мұхит Жер бетінің  $\frac{3}{4}$  бөлігі немесе 361 млн км<sup>2</sup> тиеді. Мұхиттың кез келген нүктесінен құрлықты кесіп өтпей-ақ, келесі нүктесіне жетуге бола ма?

(Картамен жұмыс)

Дүниежүзілік

мұхит біртұтас, ол еш жерде бөлінбейді, тек аттары ғана әр түрлі.

2. Құрлықтың бөліктерін тірек-сызба арқылы түсіндіру

Мұхиттар мен теңіздер қоршап жатқан құрлық жер материктер немесе континенттер деп аталады. Дүниежүзілік мұхиттар құрлықты неше бөлікке бөліп жатыр? Дүние жүзінде қандай материктер бар?

Құрлықтың бөліктері

Материктер Аралдар Түбектер

Материктердің өзіне тән ерекшелігі: Тақтамен жұмыс: Ескерту: интерактивті тақтада орындау

Еуразия – ең үлкен;

Солтүстік Америка – солтүстік жарты шарда орналасқан;

Африка – ең ыстық;

Оңтүстік Америка – ең ылғалды;

Аустралия – ең кішкентай;

Антарктида – ең суық..

Дәптермен жұмыс: Термин сөздер: Құрлықтың барлық жағынан су қоршаған шағын бөлігі арал деп аталады. Құрлықтың су кеңістігіне терең сұғынып кіріп тұрған бөлігін түбек деп атайды.

3. Өзара оқыту сабағы

Материктер мен аралдар біртұтас дүниежүзілік мұхитты төрт бөлікке – төрт мұхитқа бөледі.

Мақсаты: Дүниежүзілік 4 мұхитты өзара оқу арқылы, мәтінді меңгеруге үйрету.

Шарты: Жұмыс 4- топқа бөлінеді 4-топ 4-мұхитты меңгеріп әңгімелейді

1. Әрбір

топ тапсырма алады. Дайындалуға уақыт беріледі

2. Дайындалған соң топтан оқушы өз меңгергенін айтып береді, яғни «мұғалім» рөлінде болады, ал оқушылар оны тыңдайды.

Өзара оқыту сабағында алған білімдерін тексеру:

1. Материктер мен аралдар мұхиттарды қандай бөліктерге бөледі?

2. Жер бетінде қандай мұхиттар бар?

3. Жер шарындағы ең үлкен мұхиттың көлемі қанша ?

4. Тынық мұхиты қай материктер аралығындағы аумақты алып жатыр?

5. Бүкіл дүниежүзілік мұхиттың ең терең жері қайсы?

6. Дүниежүзіндегі

ең кішкентай мұхитты ата?

7. Қандай материк

жағалауларымен шектеседі?

Сергіту сәті: Жаңбыр жауды



#### 4. Мұхит бөліктерін тірек-сызба арқылы түсіндіру

##### Мұхит бөліктері

Теңіздер

Шығанақтар

Бұғаздар

Беринг, Каспий

Мексика, Бенгал

Беринг, Дрейк

Дәптермен жұмыс: Термин сөздер: Теңіз – мұхит суының қасиеті мен жануарлар дүниесі жөнінен оқшауланып тұратын бөлігі. Шығанақ - мұхиттың немесе теңіздің құрлыққа сұғына еніп жатқан шағын бөлігі. Бұғаздар – екі жағынан материктердің немесе аралдардың жағалары қысып шектеп тұрған еңсіз су айдыны.

Нұсқа бойынша топтық жұмыс

IV. Бекіту: Географиялық диктант «Сиқырлы сандар» Кім жүйрік? Жеке жұмыс

Мақсаты: Сабақта меңгерген білімдерін, географиялық диктант арқылы тексеру.

Шарты: мұғалімнің жұмбақтап оқыған объектілерін дәл тауып, цифрларды картаға орналастыру.

Интерактивті тақтада жазылуы:

- |              |                |
|--------------|----------------|
| 1. Греландия | 2. Арабия      |
| 3. Мексика   | 4. Беринг      |
| 5. Мариан    | 6. Жерорта     |
| 7. Жапон     | 8. Скандинавия |
| 9. Тасмания  | 10. Дрейк      |

Оқылуы:

1. Мұхиттың ең терең жері №5.
2. Қызыл теңіз бен Парсы шығанағының аралығындағы ең үлкен түбек №2.
3. Аустралияның оңтүстігіндегі арал №9
4. Еуропа мен Африка материгі аралығындағы теңіз №6
5. Екі теңіз бен екі мұхитты қосып, екі материкті және екі мемлекетті бөліп тұрған бұғаз №4
6. Дүние жүзіндегі ең үлкен арал №1
7. Солтүстік Американың оңтүстігіндегі үлкен шығанақ №3
8. Тынық мұхитының теңізі №7
9. Еуразияның солтүстік батысындағы түбек №8
10. Ені ең кең Оңтүстік Америка мен Антарктиданы бөліп тұрған бұғаз №10

V Қорытындылау

1. Гидросфера қабатының негізгі бөлігін не құрайды? А) өзен Б) мұхиттар С) жер асты суы 2. Дүниежүзілік мұхиттың алып жатқан ауданы? А) 361.2 Б) 361.1 С) 316.
3. Мұхит суының температурасы неге байланысты? А) желге Б) күнге С) тереңдікке
4. Тұздылық немен өлшеді? А) пайызбен Б) промиллемен С) санмен
5. Тұздылық ең жоғары теңіз? А) Каспий Б) Жапон С) Қызыл
6. Мұздықтар нешеге бөлінеді? А) 2 Б) 3 С) 4
7. Муссондар деген не? А) ағыс Б) жел С) ауа

VI. Бағалау:

VII Үйге тапсырма: Кескін картаға мұхит және құрлықтың бөліктерін белгілеу

\* \* \* \* \*

#### Дайындаған: №37 орта мектептің география пәні мұғалімі Бижекеева Гүлбаршын

**Сабақтың тақырыбы:** Дүниежүзілік мұхит және оның бөліктері

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға мұхит су және мұхит суының негізгі қасиеттері, оның ендік бойынша ерекшеліктері туралы білім беру.

§9. Дүниежүзілік мұхит суы. (6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** Оқушыларға мұхит су және мұхит суының негізгі қасиеттері, оның ендік бойынша ерекшеліктері туралы білім беру:

**Сабақтың типі:** Жаңа білімді меңгерту

**Сабақтың әдіс, тәсілдері:** СТО, ОЖТ, АКТ, ОУБ, т.б.

**Сабақтың түрі:** аралас сабақ

**Көрнекілігі:** Дүниежүзілік мұхиттар картасы, тест жұмыстары, бір литр судағы 35 грамм тұз, сандар тізбегі сызбасы.

**Күтілетін нәтиже:**

- Оқушыларда мұхит суы туралы білім қалыптасады;
- Мұхит суының қасиеттері туралы біледі;
- Күннің түсу бұрышының мұхит суына әсерін біледі;
- Жеке, жұппен, топпен ынтымақтастықта жұмыс жасай алады:

**Бағалау критерийлері:**

- Оқушыларда мұхит суы туралы білім қалыптасауы;

- Мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторлар туралы білуі;
- Дүниежүзілік мұхиттың географиялық орнын картадан көрсетуі;
- Мұхит суының қозғалыстарын анықтай алуы;
- Жеке, жұппен, топпен ынтымақтастықта жұмыс жасауы.

Сабақтың барысы:

### I. Ұйымдастыру кезеңі:

**Су асты патшалығына ойша саяхат.** (Оқушылардан шеңбер құрып отыруды, қолдарын тізесіне немесе үстел үстіне қоюды, аяқтарын айқастырмауды өтінізіз. Арқаларын тік ұстауын қадағалаңыз. Жайлы, баяу музыка қойыңыз).

Мұғалім: Көзіңізді жұмыңыз және бірнеше рет терең тыныстаңыз; денеңізді босатыңыз. Бірнеше секундтан соң теңіз түбіне саяхат жасаймыз.

Теңіз жағасымен келе жатқаныңызды елестетіңіз. Толқындардың жеңіл шалпылына, шағалалардың шуылына құлақ түріңіз. Жалаң аяқтарыңызбен құмды сезініңіз. Шалғайдан қара нүкте көріп тұрсыз: ол жақындаған кезде дельфин екенін түсіндіңіз. Ол сізді теңіз түбіне алып кету үшін келді. Ол өте әдепті жәндік, сізді шыдамдылықпен күтіп тұр. Жайлап оның арқасына отырыңыз, мықтап ұстап, жолға шығыңыз. Дельфиннің арқасында жайланып отырып, өзіңді қауіпсіз сезіну, су астында жүзу қандай керемет. Жан-жағыңызға қараңыз: мұнда кемпірқосақ тәрізді арлы-берлі жарқырай қалқыған әсем балықтар қаншама. Теңіз түбіне бойлаған сайын айнала қалайша өзгереді, суда тербелген қаншама ғажайып балдырлар. Қараңызшы, қандай орасан зор балықтар, ал енді анау жаққа көз тастаңыз... бұл орасан зор сегізаяқ. Су асты- неткен қызықты әрі ғажап әлем. Сіз бір нәрсені байқадыңыз ба? Мұнда неткен тұңғыш, толық тыныштық. Осы тыныштық күйде болыңыз. (Мұғалім бірнеше секунд үнсіз қалады). Ал қазір жоғарыға, өз әлемімізге кері қайтуға дайындалыңыз. Айналаға жіті қараңыз. Ғажап түстерге тағы бір рет қараңыз және тыныштыққа құлақ түріңіз. Осындай тыныштық сізге самалдай әсер береді. Енді дельфин кері қарай жолға шықты. Сіз су бетіне шықтыңыз, жағаға жақындадыңыз. Дельфиннің арқасынан түсіңіз, оны сипалаңыз және осындай ғажап саяхатқа апарғаны үшін ризашылық білдіріңіз.

Сыныпқа оралыңыз және өз орныңызға келіңіз. Бірнеше секундтан соң көзіңізді ашыңыз, осы түйсінген тыныштықты өз бойыңызда сақтауға тырысыңыз.

Оқушылардан қандай сезімде болғанын сұрау.

**Топтар:** «Тынық», «Атлант», «Үнді», «Солтүстік Мұзды мұхит».

### II. Жаңа сабақ жоспары:

#### П. Мәтінмен жұмыс Тестпен жұмыс Сандар сөйлейді

**Мәтінмен жұмыс:** Негізгі мақсаты оқушылар тақырыпты оқып, ашық түрде бір бірімен пікір алысады. Пікір кезінде мынадай сұрақтар төңірегінде өрбиді.

8. Дүниежүзілік мұхит суы неден пайда болған?
9. Мұхит суының температурасы неге байланысты өзгереді?
10. Мұхит суының тұздылығының жоғарлығы мен төмендігі неге байланысты?
11. Мұздар қалай пайда болады?
12. Мұхиттардың құрлыққа әсері қандай?

#### 13. Тестпен жұмыс:

14. гидросфера қабатының негізгі бөлігін не құрайды? А)өзен Б)мұхиттар С)жер асты суы
15. Дүниежүзілік мұхиттың алып жатқан ауданы? А)361.2 Б)361.1 С)316.2
16. Мұхит суының температурасы неге байланысты? А)желге Б)күнге С)тереңдікке
17. Тұздылық деген не, оны немен өлшеді? Жаз
18. Тұздылық ең жоғары теңіз? А)Каспий Б)Жапон С)Қызыл
19. Не себепті тұздылық қоңыржай, поляр маңында төмен? Жаз
20. Мұздықтар нешеге бөлінеді? А)2 Б)3 С)4
21. Мұзтаулар қалай пайда болады? жаз
22. Мұхиттық климат деген не? жаз
23. Муссондар деген не? А) ағыс Б)жел С)ауа

Оқушылар тестті орындап болған соң сағат бағыты бойынша қасындағы оқушыға беріп, тақтадан тексеріп, шкала бойынша бағасын белгілейді.

**Қорытынды:** Оқушылардың дүниежүзілік мұхит суы туралы алған білімдерін қорытындылап, бағалау.

**Үйге тапсырма:** тақырыпты оқып келу, кескін картаға мұхиттардың температурасын түсіру.

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға мұхит су және мұхит суының негізгі қасиеттері, оның ендік бойынша ерекшеліктері туралы білім беру.

\* \* \* \* \*

**ШҚО Аягөз қаласы «Оспанкүл Менаяқұлы атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
Бейнелеу пәнінің мұғалімі Мырсеитова Алмагуль Секербаевна**

**Сабақтың тақырыбы:** «Үш заттан құралған натюрморт»

**Сабақтың мақсаты:**

**а)білімділік:** Оқушыларды бейнелеу өнері пәнінде заттың өзіне қарап бейнелеуге баулу. Затты бір-бірімен салыстыра отырып бейнелеуге үйрету.

**б)дамытушылық:** живопись өнерінің натюрморт жанры туралы білімдерін тереңдету.

**в)тәрбиелік:** Оқушыларды өнер танушылыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** жаңа сабақ, жазықтықта (қағаз бетінде) бейнелеу.

**Сабақтың әдісі:** баяндау, үйрету, практикалық.

Пәнаралық байланыс: математика, композиция, сурет.

Сабақтың көрнекілігі: 4 кезеңдік сурет салу үлгісі, қойылым, түрлі суреттер, натюрморттар, т.б.

**Сабаққа қажетті құрал-жабдықтар:** ақ қағаз, акварель бояу, қылқалам, су құятын ыдыс, карандаш бояулар езуге араластыруға қажетті палитра.

Сабақтың барысы:

**I. Ұйымдастыру кезеңі:** Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру, құрал-жабдықтарын түгендеу, назарларын сабаққа аудару.

## **II. Өткенді қайталау.**

Өткен сабақтарға байланысты бірнеше сұрақтар қойылады.

- Кескіндеме өнерінің басты құралы не? (Түс)
- Табиғат әлемінде кездесетін түстер екі топқа бөлінеді, ол қандай? (Жылы және суық түстер)
- Хроматикалық түстерді атаңдар? (қызыл, сары, көк, жасыл т.б.)
- Ахроматикалық түстерді білесіңдер ме? (ақ, қара,сұр)
- Локальдік түс дегеніміз не? (нәрсенің өз түсі)
- Кескіндемелік түс дегеніміз не? (нәрсенің алыс жақындығын,күннің әсеріне байланысты түстердің өзгеруі)

Мүсіннің қандай түрлері бар? (монументальды және қондырғылы)

- Анималистік жанр дегеніміз не? (аңдардың, жануарлардың бейнесін салу)
- Акварель бояуы қандай болады? (мөлдір, нәзік)

жылы түстер

суық түстер

Ахроматикалық түстерге түссіз түстер: ақ, сұр, қара түстерінің реңдері жатады.

Хроматикалық түстерге түрлі түстердің бәрі жатады.

## **III. Жаңа сабақ.**

Натюрморт-бейнелеу өнерінің бір жанры болып табылады. Бұл жанр алғаш рет XVII ғасырда Голландияда және Испанияда пайда болған. Суретшілер ыдыстарды, гүлдер мен жемістерді, көкөністерді, маталарды бейнелегенді ұнатады. Бейнелеу өнерінің бұл жанры Натюрморт деп аталады.

Натюрморт жанрының дамуына үлес қосқан мынадай Голланд суретшілерін атауға болады: Давид Байли (1584-1657 ж.ж), Рембрандт (1606-1669 ж.ж), Фердинат Боль (1616-1680 ж.ж), Виллем Кольф (1619-1693 ж.ж).

«Натюрморт» француз сөзінен алынған. Қазақша «өлі табиғат» немесе «тыныш, қозғалмайтын зат» деген мағына береді. Натюрморт «өлі табиғат» немесе «өлі зат» аталғанымен, сонда бейнеленген заттар арқылы табиғи өмірді, заман келбетін, тіпті бір халықтың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, тарихын танып білуге көмектеседі.

«Натюрморт» халықаралық термин болғандықтан, біз де «натюрморт» деп пайдаланамыз. Негізінен натюрмортта заттар саны көп болуы міндетті емес. Олар тақырыбына, мазмұнына байланысты өзара үйлесімді таңдалып қойылады. Натюрморттың тақырыбы әр түрлі болуы мүмкін.

Натюрморт күрделі және қарапайым болып екі топқа бөлінеді. Қарапайым натюрмортқа бір немесе үш заттан қойылған қойылымды жатқызады, ал күрделі натюрмортқа бес заттан жоғары қойылған композицияны жатқызады. Натюрморттың композициялық орталығы болуы шарт.

Натюрмортты бір немесе бірнеше заттар арқылы құрауға болады. Натюрморт салуға үйрену бейнелеу өнерінде сауатты сурет салуға бейімделудің алғашқы шарты болып табылады. Ендеше натюрморт бейнелеу, ереже заңдылықтарын меңгеру үшін алдымен пішіндері қарапайым үш заттан тұратын натюрморт бейнелеп көрейік, олар-құмыра, алма мен алмұрт.

Бұл заттардың пішіндері, көлемдері және түстері әр түрлі. Кез келген заттарды бейнелеу үшін олардың жеке-жеке көлемін және бір-біріне өлшемдік қатынасын (бір-бірінен қаншалықты үлкен не кіші), кеңістікте орналасуын мұқият қарап зерттеп алу керек. Тек содан соң бейнені түсіруге арналған қағаздың орналасу бағытын (тігінен немесе көлденең) бейнеленетін заттардың көлеміне, кеңістікте орналасу ерекшелігіне байланысты таңдап алынады.

Сурет әдетте жүйелі кезеңдермен біртіндеп бейнеленеді. Ол кезеңдер бейнеленетін заттардың көлемінің күрделілігіне қарай 3-4 немесе одан да көп кезеңдерден тұрады.

Сұрақтар:

1. Мына суреттерде не бейнеленген?
2. Бірінші планда не бар? Екінші планда ше?
3. Үшінші, төртінші планда не бейнеленген?

#### **Натюрморттың орындалу кезеңдері**

Қағаздың ортақ нүктесін тауып, заттардың шеткі нүктелерін анықтау Нұсқаның толық көрінісін көмекші сызықтар арқылы шығарып салу Нұсқадағы жалпы заттардың түстерін анықтау, көлеңке жарығын белгілеу Нұсқаның түстерін политраның көмегімен анықтау

Алғашқы кезең-заттардың жалпы алатын орнын қағаз бетіне үйлестіріп, белгілеу. Есте сақтайтын нәрсе заттар бейнесі қағаздың ортасынан, жан-жағынан өте көп орын алмауы тиіс немесе қағаз шетіне өте жақын орналаспауы керек.

Екінші кезеңде қағаз бетіне белгіленген заттардың орындарының ішіне жекеленген заттардың өздеріне тән бөліктерінің пропорциялық қатынастарын (өлшемдік қатынас) салыстыра отырып геометриялық денелер пішінінде бейнелейміз. Зат көлемін дұрыс бейнелеу үшін оның тасаланып көрінбей тұрған жерлерін де бейнелеу керек. Сөйтіп көмекші сызықтар арқылы заттардың дәл бейнесін анықтап бейнелейміз. Заттар бейнесінің дұрыстығын тексерген соң көмекші сызықтарды өшіріп тастаймыз.

Жұмыс барысында жасырын суретті табу.

Тапсырма: Берілген жасырын суретті табу үшін төрт ұяшықтың біреуін ашып, жасырын суреттің төрттен бір бөлігін көріп, толық суреттің атын жаңылмай табу керек.

Келесі үшінші кезеңде заттарға түскен жарық пен көлеңкенің алып жатқан орындарын анықтап, олардың шекараларын белгілейміз. Жарық заттарға сол жағынан түскендіктен, негізгі ең қою көлеңке заттардың оң жағында орналасқан, ал жарықтың тікелей түсіп ең жарықтанған жылт бөлігі заттардың сол жағында орналасқан.

**IV. Сабақты қорыту.** Бүгінгі өткен сабағымызды қорыта келіп тақтада ілулі тұрған сөздерге жауап беру арқылы бүгінгі сабақтан нені ұқтық, нені үйрендік соны білеміз.

«Кім жылдам» Рефлексия.

Шарты: Тақтада аяқталмаған сөйлемдер тұрады, әр оқушы сөйлемдерді жалғастырып жазады.

1. Бүгін мен білдім.....
2. Маған қызықты болды.....
3. Қиын болды.....
4. Мен түсіндім.....
5. Енді менің қолымнан келеді.....
6. Мен сезіндім.....
7. Мен үйрендім.....
8. Мені таң қалдырды.....
9. Мен жасап көремін.....
10. Сабақ маған.....

**V. Бағалау.** Оқушылардың жұмыстарын тексеріп, жақсы шыққан жұмысты мадақтап көрсету. Сабаққа қатысына қарай оқушыларды бағалау.

\* \* \* \* \*

#### **Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің «Сарытерек орта мектебі» КММ География пәнінің мұғалімі Тлеуова Алима Есимхановна**

Сабақтың тақырыбы: Аустралия климаты. Өзендері мен көлдері.

**Сабақтың мақсаттары:**

**Білімділік:** Аустралия климатына әсер ететін факторлар және өзіндік ерекшеліктері, өзендері мен көлдерінің таралуы жер бедері мен климатына байланыстылығын, Крик дегеніміз не, олардың таралған аймақтары туралы оқулық мәтіні бойынша анықтау;

**Тәрбиелік:** Өзен, көл, криктер туралы түсінік бере отырып, табиғат көркемдігін түсіне білуге үйретіп, эстетикалық тәрбие беру, экологиялық сауаттылыққа баулу;

**Дамытушылық:** Климат, физикалық карталармен жұмыс істеп жекелеген өзендер мен көлдерге сипаттама беруге үйрету, жаңа технологияны меңгерту және қосымша тапсырмалар беру негізінде, логикалық ой-өрісті қамту;

<b>Сабақтың типі:</b>	Жаңа білімді меңгерту.
<b>Сабақтың түрі:</b>	Ашық сабақ
<b>Сабақ әдісі:</b>	Түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап, Австралия картасымен жұмыс
<b>Көрнекілігі:</b>	Оқулық, Австралия картасы, сызбалар, интерактивті тақта
<b>Пәнаралық байланыс:</b>	биология, география, экология.

**Сабақ барысы:**

- I. Ұйымдастыру кезеңі (Оқушыларды топқа бөлу)
- II. Үй тапсырмасын тексеру.
- III. Жаңа білімді меңгерту.
- IV. Оқушылар білімін бекіту.
- V. Үй тапсырмасын беру.
- VI. Жаңа сабақты қорытындылау
- VII. Бағалау

**I. Ұйымдастыру кезеңі**

Оқушылармен амандасып, 3 топқа бөлу. (5 мин)

**II. Үй тапсырмасын тексеру.**

Оқушыларға берілген Австралияның мини картасындағы сөздер бойынша «ЭССЕ» жазу, баяндау. (10 мин)

**III. Жаңа сабақ (15 мин)**

**VI. Бекіту**

Сабақтың басында таратылған мини карталардағы сөздерді қолданып 3 топ сабақты бекіту плакатын жасап, қорғау. (15 мин)

**V. Бағалау**

Сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды 5 балдық жүйемен бағалау.

\* \* \* \* \*

**Восточно-Казахстанский область Аягозский район  
КГУ «Общеобразовательная средняя школа №7»  
учитель истории Калиева Жазира Гизатовна**

**Интеллектуальная игра «Мой Казахстан»,  
посвященная дню Независимости Республики Казахстан.**

**Цели:**

- *Воспитание у подрастающего поколения патриотизма и любви к Родине.*
- *Уважение к законам и символам своего государства.*
- *Воспитание нравственности и духовности на основе обычаев и традиций.*
- *Контроль знаний по истории Казахстана, географии Казахстана, по казахскому, английскому и немецкому языкам.*
- *Расширение кругозора.*

**Ход мероприятия:**

Здравствуйте, уважаемые учителя и ученики! Поздравляю вас с днем Независимости Республики Казахстан! Сегодня мы проведем интеллектуальную игру «Лидер XXI века», которая поможет вам проконтролировать и расширить свои знания по истории и географии Казахстана, по языкам, знанию обычаев и традиций казахского народа, знание символики нашего государства.

Ответы участников оцениваются по пятибалльной системе.

Представляю участников сегодняшней игры:

**1- тур «Байға»**

В этом конкурсе участники должны проявить свои знания и быстроту реакции. Отвечает тот, кто первым поднимет карточку после вопроса ведущего.

- Что в переводе обозначает слово «Наурыз»? (**Новый день**)
- Как называется национальная валюта Казахстана? (**тенге**)
- Как называется напиток из кобыльего молока? (**кумыс**)
- Как звали любимую бабушку Абая? (**Зере**)
- Сколько раз можно встретить Новый год в Казахстане? (**2 раза**)

- Как называется жилище, приспособленное к кочевому быту казахов? (**юрта**)
- Как называется напиток из верблюжьего молока? (**шубат**)
- Как называется импровизированный поэтический спор акынов? (**айтыс**)
- Кто автор произведения «Путь Абая»? (**М.Ауэзов**)
- Как называется место в юрте для почтенных гостей? (**тор**)

**2-тур «Портреты заговорили»:**

Перед вами портреты. Вы должны указать портрет того исторического деятеля, к которому относится мой рассказ. Жюри оценивает ответ в 2 балла. На обсуждение 1 минута, капитан сообщает правильный ответ.

Джунгары не щадили никого. Люди в панике убегали, прихватив самое необходимое. Поэтому, еще удивительнее было увидеть юрту, одиноко стоящую, и хозяина, не собирающегося в дорогу. Джунгары спросили: «Почему ты не собираешься в путь?» На что он ответил: «В моей юрте ласточка скоро выведет птенцов, не разрушать же гнездо». (**Толе-би**).

«Нет, не раб он, - утверждала жена бая, - рабы так не едят. Рабы так не ведут себя: на голую землю не садится, на пищу не набрасывается, руки не помыв, к еде не притрагивается». В русских летописях его называли царевичем сибирским.

**(Абылай-хан)**

Он не оставил своей биографии, как это делали некоторые философы и служители ислама. Не сделали этого и его ученики. (**Аль-Фараби**)

Слава пришла к нему в 25 лет. Он говорил: «Соберешь вокруг себя болтунов, – опозорят. Обманешь друга единожды – потеряешь его доверие навсегда». Особенно возрос его авторитет при хане Тауке.

**(Толе-би)**.

При рождении он получил имя Ибрагим, но мать дала ему другое имя, означающее "проницательный". Самовластный отец хотел видеть в сыне будущего влиятельного наследника, знаменитого бая. Но юноша встает на сторону обездоленного народа. Это приводит к разрыву с отцом. Его творчество явилось воплощением духовных, творческих сил казахского народа. О жизни и творчестве этого великого человека написан роман. (**Абай Кунанбаев**)

Создал в Казахстане сеть народных школ, научно разработал, написал учебные и методические пособия. В "киргизской хрестоматии" использовал новый алфавит. Сочиненные им стихи и рассказы положили начало развитию детской казахской литературы. (**Ыбырай Алтынсарин**)

**4-тур «Казино»**

Учащиеся сами выбирают темы для вопросов:

- . Какой праздник отмечает народ Казахстана 16 декабря? (**День Независимости**)
- . Какой день мы празднуем 8 мая? (**День Вооруженных Сил РК**)
- . В 2005 году мы отмечаем 60-летие Великой Победы. Назовите дату этого праздника. (**9 мая**)

«Личность в истории»

14. У англичан – Шекспир, у русских – Пушкин, у немцев – Гёте, а кто у казахов? (**Абай**)
15. Просветитель, путешественник, этнограф, исследователь истории и культуры народов Средней Азии и Казахстана. Один из самых образованных людей своего времени. Блестящий офицер. (**Шокан Валиханов**)
16. Назовите первого казахстанского космонавта? (**Тохтар Аубакиров**)

«Государственные символы Казахстана»

24. Кто авторы герба РК? (**Малибеков, Уалиханов**)
25. Кто автор флага? (**Ш.О. Ниязбеков**)
26. Кто авторы Гимна? (**Композиторы: М.Толеубаев, Л.Хамиди, Е.Брусиловский; поэты: М.Алимбаев, К.Мырзалиев, Т.Молдагалиев, Ж.Дарибаева**)

«Традиции и обряды»

2. Казахский национальный вид борьбы? (**О**)
3. В начале этой игры участвуют 10-20 человек, но в конце игры замечают, что число пар участников резко уменьшилось. Почему? Как называется игра? (**Ак сүйек. В эту игру молодые люди играют в лунную ночь.**)
4. Этот обряд посвящен первому шагу ребенка. Ножки малыша символически связаны семицветной веревкой. Семь цветов – семь символов: белый – символ чистоты, синий – надежды, красный – победы, зеленый – спокойствия, желтый – теплоты и добра, коричневый – силы и мужества. А что символизирует черный цвет? И как называется этот обряд? (**черный – благодество; «Т кесу»**)

«География Казахстана»

- . Астана – уже четвертая столица Казахстана. Какие города до неё были столицами нашей Республики. (**Кызыл-Орда, Тараз /Аулие-ата/, Алматы, Астана**)

- . Название каких гор, расположенный в Казахстане, в переводе на с тюркского на русский язык обозначает «небесные горы»? (*Тянь Шань*)
- . Устья каких рек Казахстана называют слепыми? Назовите их. (*Слепыми называются реки, у которых устья никуда не впадают. Например: Чу, Эмба, Нура*)

«Пицца»

1. Назовите компоненты «Наурыз коже»? (*Соль, сода, сур ет, молоко, пшеница, просо, рис*)
2. Как называются специальные ложки для шубата? (*ожау*)
3. По обычаю новых соседей казахи встречают угощением обязательно белого цвета – «акалып шығу», чтобы выразить надежду на чистоту их будущих отношений. А как именуют казахи молочные изделия – молоко, кумыс, шубат, айран и т.п. (*«ак» - белый*)

**Подведение итогов. Награждение победителей.**

\* \* \* \* \*

**«Стандарт емес есептер шығару»**

**Ақпәтер орта жалпы білім беретін мектебі  
математика – физика пәні мұғалімі Айтжанова Анаргүл Қойшықызы**

Қоғамның қазіргі даму сатысында адамның ақыл – ойы, оның шығармашылық потенциалы ерекше мәнге ие болып отырған кезде оқушыларға білім берумен қатар, олардың ақыл – ой белсенділігін, шығармашылық іс – әрекетін дамыту мәселесі тұр.

Оқушылардың математикалық даму дәрежесі олардың есеп шығара білуінен анық байқалады. Есеп дегеніміз - әрбір оқушының ақыл – ойын ұштаудың негізгі құралы. Әдеттен тыс, қызықты есептердің шешімін табу оқушылардың математикалық шығармашылығында маңызды орын алады. Ең әуелі, есеп шығаруды үйрену оның шешімін табу екенін есте ұстаған жөн. Д. Пойа «Математикалық таным» кітабында былай деп жазады: «Егер сіз жүзуді үйренеміз десеңіз, тайсалмай суға сүңгіп кетіңіз, ал есеп шығаруды үйрену үшін оның шешімін табыңыз».

Кез – келген қиын есепті шығару оқушылардан үлкен еңбекті ерен күші мен табандылықты талап етеді. Бұл қасиеттер оқушының есепке ынтасы ояғанда күшейе түседі. Қызықты есептер ақыл – ой энергиясын қозғалысқа келтіргендіктен, оларды шешу оңайға түседі, сондықтан мен өзім оқушылар қызығып, өз еріктерімен шығаратын есеп таңдауға тырысамын.

Оқушылардың математикалық қабілеттерін дамыту да әзіл есептер мен математикалық ребустарды пайдаланамын. Есепті шығара алатынына оқушының сенімді болуы да табысқа жеткізетін маңызды фактордың бірі. Есеп шамадан тыс қиын болса, оқушының шамасы таусылып, ойлау нәтижелігі төмендейді, әрі қарай үйренуіне нұқсан келеді.

Есептерді ептілікпен таңдау оқушылардың сенім күшін, жігері мен қызығуын және оның қолынан келетініне сенімін күшейтеді. Әрбір есепті шығару процесіндегі төрт сатыны оқушылар білу керек: 1) есептің шартын ұғу; 2) жоспар құру; 3) жоспарды жүзеге асыру; 4) «Артқа көз салу» яғни табылған шешімді пысықтап үйрену.

Оқушылардың шығармашылық есептерді шығаруы олардың білім дағдысы арқылы іске асады. Оқушының шығармашылық іс – әрекетке бейімдейтін, ақыл – ойын дамытатын құрал деп қызықты есептерді (логикалық есептер, басқатырғылар) айтуға болады. Осындай есептер іс – әрекеттерді жетілдіріп, ақыл – ойды жаттықтыратын көмекші құрал ретінде пайдалануға болады. Мұндай есептер сан алуан болғанмен төмендегідей ортақ қасиеттер бар:

Қызықты есептерді шешу жолы белгісіз. Олардың шешіміне жету «ойдың браундық қозғалысы» тәрізді, яғни байқап көру, қателесу әдісімен іске асады. Байқап көру арқылы іздену жеке жағдайларда негізгі шешімге бастайтын тізгінді қолға ұстатады;

Қызықты есептер оқушының пәнге қызығуына, белсенділігіне негіз болады. Есептің сюжетінің шешілу жолының әдеттен тыс болуы оқушының көңіліне әсер етіп қайткенде де оны шығаруға итермелейді;

Қызықты есептер ойлау заңдылықтарын білуге негізделіп жасалады. Міне осындай есептер түрлерін жүйелі түрде қолдану оқушылардың ойлау қабілеттерін арттырады. Қызықты есептерді шығару көбінесе байқап көріп іздену процесімен жүреді. Ойша болжай білу оқушылардың бойындағы тапқырлық пен аңғарымпаздықты байқатады. Тапқырлық - шығармашылықтың ерекше көрінісі, ол талдау, салыстыру, жалпылау, байланыстарды анықтау, ұқсастыру, тұжырымдау ой қорыту нәтижесінде байқалады.

Ал аңғарымпаздықтың белгісі нақты жағдайды ой елегінен өткізіп өзара байланыстарды анықтай білу, есеп шығарушы бір тұжырымға келіп, ойын топтайды. Аңғарымпаздық өз білімін кәдеге асыра білудің көрсеткіші болып табылады. Қызықты есептердің шешімін болжауға қол жеткізетін тапқырлық пен аңғарымпаздық оқушылардың бойында дамыту қажет. Алайда, қызықты есептерді шығару үшін байқау және қателесу әдісі оншалықты сенімді әрі жан – жақты емес. Неғұрлым тиімді әдіс – оқушылардың ақыл – ой әрекетінің анализ, синтез, салыстыру, ұқсастыру, дәрежелу тәсілдері маңызды әрі тиімді.

Бірнеше есептерді қарастырып көрейік:

1 – есеп. Әріптерді сандармен ауыстырып, бірдей әріптер, бірдей сандарға әр түрлі әріптерді әр түрлі сандармен ауыстырыңдар.

А У Ы Л  
Қ А Л А

А У Д А Н

Шешуі: Қосылғыштары төрт орынды, ал қосындысы бес орынды  $A + Қ = 10$  болу керек, одан  $A = 1$  тең, ал  $Қ = 9$  тең екенін табамыз, осыдан  $У = 0$  бірақ  $0 + 1 = 1$  онда  $Д$  деген  $A - ға$  тең болып кетеді сондықтан  $Д = 2$  тең болу керек енді біршама айқындала түскендіктен байқау әдісін пайдаланып  $Н = 8$   $Л = 7$ . Толық шешімі мынандай:

1 0 4 7  
9 1 7 1

1 0 2 1 8

Мынандай есептер оқушыларды қызықтырады олар осы жолмен есеп құрастыруға тырысады.

2 – есеп. Мәлік, Қанат, Қайрат, Қуат төртеуі далада ойнап жүр. Егер Қанаттың ең биік еместігі, бірақ ол Мәлік пен Қуаттан биік, ал Мәлік Қуаттан биік еместігі, бірақ ол Мәлік пен Қуаттан биік, ол Мәлік Қуаттан биік еместігі белгілі болса, әр баланың бойдары қандай?

Шешуі: Қанат > Мәлік, Қанат < Қуат

Бірақ Қанат ең биік емес, ендеше бұдан шығатын қорытынды, ең биігі Қайрат, Мәлік Қуаттан биік болса, онда ең қысқасы – Мәлік. Бойларының кему ретіне қарай: Қайрат, Қанат, Қуат, Мәлік.

Мұндай есептер шығаруда оқушылардың шығармашылық белсенділіктерін де қажеті бар екенін де қажеті бар екенін көрсетеді, танымдық шығармашылық іс – әрекеті биік деңгейін көтереді.

\* \* \* \* \*

**Аты-жөні: Даулеткалиева Раушан Амантаевна**

**Білімі: жоғары Еңбек өтілі: 20 жыл Санаты: I**

**Мамандығы: химия биология пәні мұғалімі**

**Жұмыс орны: Ақпәтер орта жалпы білім беретін мектебі**

<b>Тақырыбы</b>	Тотығу-тотықсыздану реакциялары		Сыныбы: 10
<b>Мақсаты</b>	Тотығу –тотықсыздану реакциялары туралы мәлімет бере отырып, тақырыптың мазмұнын, негізгі идеясын түсінуге жағдай жасау,есептердің шығарылу жолдарын үйрену .		
<b>Жалпы мақсат</b>	Тақырыпты түсініп оқи білуге баулу. Тілін, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру		
<b>Күтілетін нәтиже</b>	1. Реакция теңдеулеріндегі формулалардың тотығу дәрежелерін анықтай алады. 2.Тотықтырғыш пен тотықсыздандырғышты ажыратады. 3. Реакция теңдеулеріне коэффициенттерін қойып дәлелдейді.		
<b>7 модульдің қолданылуы</b>	АКТ”, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.		
<b>Қолданылатын әдіс-тәсілдер</b>	Миға шабуыл,Автобус аялдамасы әдісі, Мозайка.		
<b>Қолданылатын ресурстар</b>	Флипчарт, маркерлер, портреттер, тақта, стикерлер, ноутбук		
<b>Ұйымдастыру кезеңі</b>	«Мозайка» әдісі бойынша сурет арқылы сыныпты топқа бөлу топқа бөліп психологиялық ахуал қалыптастырдым	Оқушылардың мұндағы мақсаты суреттер арқылы өз жұптарын тауып, бір топ болып құралу.	
<b>Тренинг</b>			
Сабақ кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	
Білім	Миға шабуыл	Үйге берілген тапсырма сұрақ-жауап арқылы диалогқа түсу. Слайдта берілген сұрақтарға жауап беру, топпен тапсырманы орындау	
Қызығушылықтарын ояту			
Түсіну	Сұрақтар арқылы жаңа тақырыпты ашады	Сұрақтар жауаптары арқылы ассоциация құру.	
Қолдану	Әр топқа тапсырмалар беру	Әр топқа тапсырма беру және таратып беру	





Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған іс-әрекет	
Сабақтың басы	Қызығушылықтарын ояту: Балалармен сәлемдеседі: «Сәлеметсіңдер ме, балалар!» , Сыңғыр-сыңғыр соғамын. Келіңдер деп шақырамын, Бәріңе дос боламын Мектеп қамқор – анамыз	
Сабақтың ортасы	<p><b>Мағынаны ажырату.</b> Сурет бойынша өз ойларын айту. 1. Суретке қарап қандай тақырып қояр едің? Неге? 2. Мектепте неге үйретеді? 3. Мектепті сен неге теңер едің? Сабақтың мақсатымен таныстыру.</p> <p><b>Өлеңді тыңдату, оқу.</b> Ө Тұрманжановтың «Мектеп – біздің анамыз» өлеңінің осылай аталуын өз сөзіңмен дәлелде Мәтіндегі сөздермен жұмыс. Күзге сүйеп күн иек-уақыт күзге айналып. Шөмеле-шошайтып үйілген шөп. Қырман-астық бастыратын алаң. Межелі кез-мөлшерлі уақыт. Ой толғау Сқзжұмбақты шешу.</p> <p><b>Жұптық жұмыс</b> Тапсырма Оқулықтағы суретке қарап, мына сұрақтар бойынша диалог құрып, әңгімелесу. 1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Оны қайдан білдің? 2. Балалардың көңіл күйі қандай? <b>Бағалау.</b> Жұптар бір-бірін бас бармақ арқылы бағалайды. Сергіту сәті.</p>	
<p><b>Сабақ бойынша рефлексия</b></p> <p>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта дифференциация дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</p>		<p>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>



**Кажкенов Мирхан Сансызбаевич**

БҚО. Казталов ауданы. АОЖББМ. Бейнелеу өнері пәндері мұғалімі.

СТО бағдарламасы бағытында мүсіндеу өнері пәні бойынша оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы жүргізілген сабақ.

Бұнда сабақ құрылымы үш кезеңнен тұрғанымен, ондағы қолданылатын стратегиялар ауыса береді.

**Сабақтың жоспарлау критеріі:**

- 1. Нақты. 2. Айқын. 3. Қол жетімді. 4. Өлшемелі.

**5 – сынып. Мүсіндеу сабағы. 2-слайд**

**Сабақтың тақырыбы:** «Анималистік жанрда үй жануарларын сомдау» тақырыбы аясында мүсіндеу пәнінен қысқа мерзімді этюдтер жапсыру.

**Мақсаты:** Анималистік жанрда жұмыстана отырып, үй жануарларының өзіндік ерекшеліктерімен қасиеттерін ұғынып, жануарлардың пластикалық дене бітімдерін зерттеу, сезіну арқылы образ беріп, көз жеткізген ізденістерінен шабыттанып сомдаған этюдтерінен ләззат алу.

**Күтілетін нәтижелер:**

- 1. Үй жануарларын зерттей отырып, олардың өзіндік қасиеттерімен ерекшеліктерін ұғынады.
- 2. Жануарларға осы ерекшеліктеріне қарай өз қалауларына қандайда бір образ, іс әрекет беруді үйренеді.

3.Танып білген білімдерін саралап, жануарлар бейнесін сомдайды.

4.Сомдалған мүсіндеріне қорғау жұмыстарын жүргізе алады.

**Не арқылы бағаланады:**

1.Берілген мәтінге, бес жол өлең стратегиялары арқылы.

2.Көрсетілген слайттар бағытында қойылған жоғары деңгейдегі сұрақтар аясында ой шақыру, эссе жазу арқылы.

3.Дискуссиялық карта стратегиясы, саз балшықпен сомдаған этюдтері арқылы.

4.Галереяға саяхат, автор орындығы арқылы.

**Сабақтың түрі:** Аралас.

**Түрі:** Сын тұрғысынан ойлау.

**Әдістері:** Бес жол өлең, Ой шақыру, Эссе, Дискуссиялық карта, Галереяға саяхат, Автор орындығы стратегиялары, шығармашылық, компьютерлік, интерактивтік.

**Көрнекілігі:** слайд, компьютер, интерактивті тақта, бейне таспа.Құралдар: Дәптер, қарындаш, қағаз, саз балшық, су, сүлгі, қалақша, ұштық, тақтайша.

**Пәнаралық байланыс:** Дүние тану, қазақ тілі, әдебиеті

**Сабақ барысы:** Жалпы үш кезеңнен тұрады.

I. Қызығушылықтарын ояту; -Итермелеу сатысында. (Галереяға саяхат)

II. Мағынаны тану; -Конструкциялық сатысында (Тірек симв, Бес жол өлең)

III. Толғаныс; -Нұсқалау сатысында. (Ой шақыру, Эссе, Дискуссиялық карта, Галереяға саяхат, Автор орындығы стратегиялары қолданылды)

**С а б а қ б а р ы с ы :** Итермелеу сатысы; Ұйымдастыру. Оқушылардың назарын аудару мақсатында төменгі деңгейдегі сұрақтар арқылы бағыттау. Сұрақтар тек «иә» деп барлығы бірге жауап беретіндей болуы шарт.

Мұғалім: Балалар сабаққа түгелдей әзірмізбе?, Жақсы оқитын оқушы болғыларың келедіме?, Әдемі суреттер сала алатын суретші болған жақсыма?, Неше түрлі әдемі-әдемі мүсіндер жасай алатын мүсінші де болғыларың келеме?, Үй тапсырмасын орындап келдіңдерме?.

Мұғалім: Керемет. Балалар! Жалпы мақсат айқын, бәріміздің ойымыз бір.

Жақсы оқитын, суретші, мүсінші, шебер бала болу. Ендеше айқын мақсатымызға жету үшін осы сәттен бастап берілген тапсырмаларды орындап деңгейлеп өсіп, сыныбымызды жоғарылатуымыз қажет. Сіздердің осы орындап келген үй жұмыстарыңды және жалпы сабақ барысында алдада берілетін тапсырмаларды ескеріп сыныптық жүйеде және балдық көрсеткішпен қорытынды бағалаулар жүргізіліп отырады. Бұл көрсеткіштер мынадай жүйеде болады. Танысып қойыңдар.

Сыныптық бағалау жүйесі. (1 Көрнекілік.)

1- сынып. Үй тапсырмасына 20-бал. (Галереяға саяхат)

2- сынып. Тапсырма 10 бал. (Бес жол өлең)

3- сынып. Тапсырма 15 бал. (Ой шақыру,Эссе)

4- сынып. Тапсырма 15 бал. (Дискуссиялық карта)

5- сынып. Тапсырма 40 бал.(Сарамандық жұмыс)

Нәтижеге қол жеткізу; Бұл жалпы сыныптық көрсеткіш бойынша бағалау

1-5 сыныптарға көшу сатысы бойынша болады. Бұны көшбасшы ретінде тапсырмаларды орындаудағы әр үздіктер орындап отырады.

Мұғалім: Жақсы ендеше үй тапсырмасын тамашалау үшін шағын галерея ұйыдастырайық. Барлық жұмысты қабырғаға іліп тамашалап ой шақырайық. 2 минут уақыт беріледі.

Мұғалім: Міне әрбірің үй жұмыстарыңды галереяда презентациялап көпшілік назарына ұсындыңдар. Кімнің жұмысы үздік шықты деп ойлайсыңдар.

Оқушылар: .....жұмысы бізге ұнады.

Мұғалім: Үздік жұмыс авторына үлкен құрмет көрсетіп, сыныптың көшбасшысы деп қабылдап сыныпты 2-сыныпқа көшіру мәртебесіне ие болуымен құттықтаймыз. Алға шығып қызыметіңізді орындауыңызды сұраймыз. Рахмет отырыңыз.

Мұғалім: Келесі алдарыңызда тірек символдары, анималистік жанрдағы суреттер ілінген. Осы суреттер арқылы бүгінгі сабағымыздың тақырыбын кім табар екен. Бұл жұмбақ оңай кім шапсаң ізденеді екен, кәнекей.

Оқушылар: «Үй жануарлары»

Конструкциялық сатысы;

Мұғалім: Дұрыс жарайсың яғни «Анималистік жанрда үй жануарларын сомдау». Сағанда зор құрмет бірінші бастайсың, балалар осы

суреттердің ішінен өз таңдауларың бойынша бір суреттен алыңыздар. Жақсы, енді сабағымыздың мақсаты: Анималистік жанрда жұмыстана отырып, үй жануарларының өзіндік ерекшеліктерімен қасиеттерін ұғынып, жануарлардың пластикалық дене бітімдерін зерттеу, сезіну арқылы образ беріп, көз жеткізген ізденістерінен шабыттанып сомдаған этюд-нен ләззат алу. Яғни бұл мақсатта айқын, жаңағы менің сұрақтарыма «иә» деп жауап берген сіздердің мақсаттарыңмен ұқсастық барма?

Оқушылар: .....бар, сәйкес, жоқ.

Мұғалім: Әрине ұқсас, екеуі де осы бір мақсат. Ендеше алға. Келесі тапсырма мәтінмен жұмыстану сәті. Мәтінде берілген әңгімені оқып шығыңдар. 4 минут уақыт беріледі.

Үй жануарлары: Халық ұғымында әр малдың пірі, киесі бар деп түсіндіріледі. Түйе атасы - Ойсыл қара, сиыр атасы – Зеңгі баба, жылқы атасы – Қамбар ата, қой атасы – Шопан ата, ешкі атасы – Сексек ата дей отырып, қазақ атамыз түйе - байлық, қой - мырзалық, ешкі – жеңілдік, жылқы – сәндік, сиыр – ақтық деп, төрт түлік малдың қадір қасиетін білген. Мысалы сиырлы кісі-сыйлы кісі, түйелі кісі - күйлі кісі, көшпенді елге түйе қол, жылқылы елге – бие қол деген екен.

Төрт түлік бойында болатын жақсы қасиеттің бәрі түйе малының бойынан табылған. Мысалы: түйесі бардың – киесі бар, көтерем деп түйеден безбе – салтанатың емес пе? «Тебеген деп биеден безбе – қос қанатың емес пе» деген. Түйенің сүті шұбатты ұлттық сусынға, жүн-терісін киім кешекке, етін тамақ, өзін шөлге төзімді көлік қылып пайдаланған.

Қой шаруашылығы – қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі мал шаруашылығының саласы. «Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл – көсір» деген. Мүшелік жыл санауда қой сегізінші жыл. Қойдың етін, сүтін ас, жүн-терісін киім кешекке, пайдаланған.

Сиыр мүшелдік жыл санауда – екінші жыл. Сиыр еті, сүті, терісі адамға пайдалы. «Сиыр – бір үйдің асыраушысы» бекер айтылмаған. Сиырдың сүті мен етін ас-сусынға, жүн-терісін киім кешекке, пайдаланған.

Қазақ халқының ерекше қастерлеген және жанына жақын санаған қасиетті түлігінің бірі – жылқы. Жылқы сүті қымызды ұлттық сусын, жүн терісін киім кешек, етін тамақ, өзін жүйрік көлік қылып пайдаланған. Көш көлігі, елді, жерді қорғау мақсатында қолға үйретілген. Мысалы: адамгершілігі мол, сабырлы да салмақты адамды «жылқы мінезді» деген. Жылқы – жеті қазынаның бірі.

Мұғалім: Жалпы әңгіме не жөнінде баяндалған. Осы әңгіме ішінен қолдарыңдағы суретте бейнеленген жануарлар жөнінде мағұлыматтар кездесті ме?

Оқушылар: Кездесті, бар екен.

Мұғалім: Кімде қандай жануарлар?... Жаңа тапсырма! Қолдарыңдағы бейне бойынша жұптасыңдар. Келесі тапсырманы жұп болып бір-біріңмен ақылдаса отырып орындайсыңдар. Яғни «Бес жол өлең» тапсырмасы.

1. Кім? Не?
2. Қандай?
3. Не істейді?
4. Төрт сөзден сөйлем.
5. Бір сөз синонимін ата?

Осы сұрақтарға қолдарыңдағы бейнеге сәйкес жауап жазасыздар.

6 минут уақыт беріледі.

Оқушылар: 1. Жылқы.

2. Әдемі, кербез.
3. Шабады, кісінейді, қоректенеді.
4. Жылқы- жеті қазынаның бірі.
5. Жылқы-көш көлігі.

Жазбаша түрде жауапты орындауларына мүмкіндіктер беріп аралап қадағалап отыру қажет.

Мұғалім:-Жақсы, балалар! Бес жолды өлеңді ұйқасымен құрастырдыңдар.

Өздерің ақылдасып біреуің жауаптарыңды баяндаңдар.

Оқушылар: Біздер бұл бес жол... .

4 минут.

Келесі осы жұмыстардан бастау алып келіп қосымша әртүрлі образды беретін мүсіндермен толықтырып оқушыларды бағыттау үшін ой шақыру және алдағы мәселемен таныстыруға дайындау үшін интерактивті тақтадан анималистік жанрдағы слайттарды көрсету.

Мұғалім: Қазір слайтта көрсетілген репродукциялардан жоғары деңгейдегі сұрақтарға жауап іздеу. Мына тамашалап отырған көріністен сіздерде қандай сезім, қандай ой идеялар пайда болды? Бұндағы

қимыл-қозғалыс, іс-әрекет, мүсіндеудің пластикалық мәнерлілігі, жандылығының орындалуы қандайда бір образға байланысты болады. Яғни слайтқа қарап отырып орындаушының ойын оқуға тырысып сіздерде ой шақырып көріңдер. Ойларыңа келген идеяларың жөнінде эссе жазасыздар. 6 минуттай уақыт беріледі. Кәнекей кірісейік.

Нұсқалау сатысында;

Оқушылар: Мен бұл мүсінге қарап отырып..., Менің ойымша....

Бұнда оқушыларға асықпай ой жіберіп, өздерінше идея туғызып эссе жазғызу Осы анималистік жанры аясындағы жұмыстардан идея туғызу арқылы сабақтың тақырыбын ашу. Баяндауға 3 минуттай уақыт.

Мұғалім: Жақсы. Көңілге өте қонымды пікір. Сіздердің идеяларыңыз өте орынды деп білемін. Келісемін. Балалар міне қандай жақсы. Әдемі мүсіндерді, сіздер де осылай мүмкіндігінше образ беріп сомдай алатын болсаңдар жақсыда, қызық емеспе. Ол үшін сомдайтын кепкерімізді мұқият зерттеп олардың түр түсін, мінез- құлқын, өн бойындағы қасиеттерін, ұғыну қажет. Бүгінгі сабағымыздың мақсатыда осындай ізденіспен жұмыстану. Яғни сабақтың тақырыбы «Анималистік жанрда үй жануарларын сомдау». Бұрынғы сабағымызда бұл жанрдың тек анықтамасын ғана білген болсақ бүгін іздену бағыттары мен орындалу жолдарымен танысып жұмыстанатын боламыз. Міне сіздердің осы орындап келген үй жұмыстарыңнан бастап, басқада тапсырмаларды орындап, слайттарды тамашалап талқылауға қатысып өз ойларыңды, өз идеяларыңды білдіріп отырғандарың бәрі-бәрі ізденіс. 5 минут

Мұғалім: Келесі тапсырма Дискусиялық картамен жұмыс. Яғни айтқанда екі жақты пікір туғызу. Бұлар «Жануарлардың кейбірін адамдардың, үй жануарлары етіп қолға үйреткенін дұрыс деп ойлайсыңба?»

(Дискусиялық карта) жауаптар иә, жоқ болып екі топтамада да көрсетілуі қажет. Яғни қай жағынан келісесің, қай жағынан келіспейсің көрсетіп жазу.

Оқушылар: Олар.....

Мұғалім: Жауаптарыңа рахмет. Біз сабақтың басында мақсаттар қойдық, тапсырмаларды орындап сыныптық көрсеткішінің сыныптан сыныпқа көшу деңгейімен, жекелеген бағалаулардың жүйесімен танысып өз бағалауларыңның барысын бақылап отырдыңдар. Нәтижесінде бар күтілген бағыттар тегістей орындалды десем сендер келісемісіңдер.

Оқушылар: Бәріміз бірге .....

Мұғалім: -Шыңға жеттік. Барлық бөгеттерді бағындыру үшін білім қажет екенін дәлелдедіңдер!Сабаққа жақсы дайындалыпсыңдар, алғыр, ұшқыр ойларыңды жеткізе білдіңдер. Өмірде алатын, бағындыр шыңдарың көп болсын! Ал енді осы білімді саралап алға жүре беру. Мақсатқа толық жетуге келесі сағаттарымызда да осы бағытта жұмыстанауға шақырымын. Жалпы өз сыныбымызға осы сәтке келдік ендігі жерде тек сарамандық жұмыстар барысы. Ол барысының да өз заңдылықтары өз жолдары мен белестері бар. Үлкен сәттілік тілеймін....Үй тапсырмасына үй жануарларының төлдері, олардың атаулары, жас ерекшеліктері жөнінде мағұлымат жинақтап келесіздер. Сабақ аяқталды бәріңізге рахмет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.«Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде» 2011ж. С. Мирсейтова.

2.«Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту» Алматы

1999 ж. Б.Тұрғынбаева.

3. Тіл дамытуға «Әдістемелік құрал» 2009 ж. Ә.С.Әмірова,К.Е.Анартаева.

\* \* \* \* \*

**Құспанова Гүлмира Қайнешқызы**  
**Ақпәтер орта жалпы білім беретін мектебі КММ**  
**көркемсурет пәнінің мұғалімі**

**Сабақтың тақырыбы: Құрақтың түрлері**

**Сабақтың мақсаты:** Құрақ құру технологиясы бойынша бұйым жасай отырып, мән-мағынасын, түрлерін ұғынып композициялық құрылымдарын сезініп, көре білу арқылы шабыттанып жұмыстану.

**Күтілетін нәтиже:**

- Құрақтың түрлері мен атаулары жөнінде білімдерін толықтыру.
- Пішіндік құрылымдарына қарай композиция құрастыра алады.
- Алған білімдерін саралап, тиянақтылауға дағдылану арқылы шығармашылықпен жұмыстану.
- Орындаған жұмыстарын қорғай алады.

**Не арқылы бағаланады:**

- ББҰ стратегиясы
- Категориялық топтастыру стратегиясы.
- Галереяға саяхат.
- Автор орындығы.

**Сабақтың әдісі:** СТО

**Сабақтың типі:** Жаңа білімді меңгеру.

**Сабақтың түрі:** Білімін және іс-әрекет әдістерін жетілдіру.

**Сабақтың көрнекіліктері:** құрақ құру әдісімен жасалған бұйымдар, суреттер, үлгілер т.б.

**Сабақтың барысы:**

- Қызығушылықты ояту.
- Мағынаны тану.
- Ой толғаныс.

**Қызығушылықты ояту:**

**Үй тапсырмасын тексеру:** Қатты қағаздан ромб, үшбұрыш, төртбұрыш пішінде лекалл қиып келу.

Шаблондарды жинап алып, кері суырғызамын. Ромб пішіндестер- **1 топ**, үшбұрыштар- **2 топ**, төртбұрыштар- **3 топ**.

ББҰ стратегиясы толтырылады, 5 минут уақыт беріледі. Құрақ туралы не білетіндерін еске түсіріп жазу, ең маңызды ойларын анықтап, бірінші бағанды толтырамыз. Келесі берілген уақытта екінші бағанды толтырамыз. Үшінші бағанды сабақ аяғында толтырамыз.

**Мағынаны тану:**

«Құрақтың түрлері» тақырыбында жазылған мәтінді таратып, 5 минут ішінде мәтінмен танысады. Мәтіннің мазмұнында құрақтың түрлері, атаулары, мән-мағынасы туралы жазылған.

Тақтаға құрақтың түрлері төрт топқа бөлінеді:

- . Табиғат.
- . Жануарлар.
- . Геометриялық.
- . Аспан әлемі.

Құрақтың атауларын оқушыларға үлестіріп беремін. 4 топтың тұсына атауларын жапсыру керек. Құрақ атауларын әртүрлі өздерінше атайды. Қазақ, орыс, жапон, ағылшындардың тұсына атауларын жазу керек.

**13. Ой толғаныс**

3 топқа шаблондарына қарай құрақ үлгісінің суретін беремін, сол суретке қарап құрақ құрып, көктеп тігіп шығады.

Автор орындығы, галереяға саяхат стратегиялары арқылы жүргізіледі. Сабақтың аяғына қарай ББҰ стратегиясының «Үйрендім» бағанын толтырамыз.

Бағдаршам арқылы әр топ бір-бірін бағалайды.

\* \* \* \* \*

**Аты-жөні: Сарсекенов Айтқали Ибатович**  
**Білімі: жоғары Еңбек өтілі: 26 жыл Санаты: I**  
**Мамандығы: физика-математика пәні мұғалімі**  
**Жұмыс орны: Ақпәтер орта жалпы білім беретін мектебі.**

<b>Сабақтың тақырыбы</b>	§ 38. Қатынас ыдыстар § 39. Су құбыры
<b>Сілтеме</b>	Физика және астрономия. «Атамұра» 2012. Р.Башарұлы, У.Тоқбергенова, Д.Қазақбаева. Слайдтар.
<b>Жалпы мақсаты</b>	а) Қатынас ыдыстары мен су құбырларының құрылысы және жұмыс істеу принципі мен таныстыру ә) алған білімді тиянақтауға дағдыландыру б) ұқыптылыққа, жауапкершілікке, іскерлікке, өзін-өзі реттеуге үйрету
<b>Міндеттері</b>	Қатынас ыдыстары мен су құбырының құрылысы және жұмыс принципін түсіндіру
<b>Сабақта туындаған негізгі идеялар</b>	Күнделікті өмірдегі құбылыстарды салыстыра отырып, өзара байланысын түсіне білу
<b>Күтілетін нәтиже</b>	- сұрақтарға дұрыс жауапты бере білу - мысалдармен теорияны дәлелдей алу - теорияның нақты түсіндіре білу - белсенділікті дамыту
<b>Сабақтың жүрілуі бойынша мұғалімнің жазбалары: Мұғалімдер немен айналысады және оқушылар немен айналысады?</b>	
а) сандар бейнеленген карточкалар арқылы 4 топқа бөліну /2 мин/ ә) «Көңілді күн» тренинг (сыныптың бір-біріне жақсы сөздер айтуы) / 3 мин/	
<b>СТО сұрақтары</b>	<b>Сабақ барысында жасаған мұғалім мен оқушының іс-әрекеті</b>
<b>Сабақтың маңыздылығы не?</b> - оқушылар не алады? - бұрынғы білімін қалай пайдалана алады? - өмірден алған тәжірибесінің әсері? - сабақтың болашақта оқушыға қандай пайдасы бар?	- күнделікті өмірдегі мысалдармен ой қорытады - теорияны негізге ала отырып, ойын жинақтайды - өзара байланысты анықтайды - әр нәрсенің мазмұны мен құрылысын түсінеді
<b>Сын тұрғысынан ойлау үшін мүмкіндіктер</b> - еркін ойлауға қандай мүмкіндіктер жасалды? - өздігінен ізденуге қандай мүмкіндіктер жасалады?	1. Топ бойынша тапсырманы талдау /5 мин/ 2. Басқа топқа «Өкіл» жіберу (басқа топта түсіндіріп, білімді жинақтау үшін) /5 мин/ 3. «Өкілдің» жауаптарын топта талдау /5 мин/ 4. Эксперименттік тапсырма жүргізу /5 мин/ 5. Есеп шығару /15 мин/
<b>Мағынаны ажырату сатысы (жаңа ақпарат)</b> - оқушыларды белсене қатыстыру - стратегияларды жүйелі қолдану арқылы оқушылардың жұмысын ұйымдастыру (сауал қоя білу, талдау жасай білу, баяндау және қызу ой талқысын жасай білу қабілеттерін жетілдіру жолдарын беру) - оқушылармен бірлесіп жұмыс жасау, қарым-қатынас шеберлігін ұтымды пайдалана білу - оқулықтан басқа ақпараттар көзін ашу	<b>1. Топтық жұмыс /9+1 мин/</b> <b>1-топ:</b> Қатынас ыдыстары <b>2-топ:</b> Қатынас ыдыстардың жұмыс принципі <b>3-топ:</b> Су құбыры <b>4-топ:</b> Су құбырының жұмыс принципі <b>2. Эксперименттік тапсырма /5 мин/</b> Қатынас ыдыстардағы сұйықтың деңгейін анықтау. Кез келген пішінді қатынас ыдыстардағы тыныш тұрған біртекті сұйықтың еркін беттері бір деңгейде болады. Қысымдары тең болғанда, тығыздығы үлкен сұйық бағанының биіктігі тығыздығы аз сұйық бағанының биіктігінен кем болады. Қатынас ыдыстардағы әртекті сұйық бағандарының биіктігі олардың тығыздықтарына кері пропорционал. Су құбыры – күрделі қондырғы. • тұрмыстық су құбыры • өнеркәсіптік су құбыры
<b>Толғаныс (рефлексия)</b> - сабақта үйренгендерін бекіту,	<b>3. Есеп шығару /15 мин/</b> <b>№447.</b> Массасы 300 кг токарь станогы іргетасқа төрт аяғымен тұр. Егер

қолдану жолдарын беру - жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру	әр аяқтың ауданы 50 см <sup>2</sup> болса, станоктың табанына түсірген қысымы қандай? <b>№448.</b> Мұз 90 кПа қысымды көтереді. Массасы 5,4 т, шынжыр табанының жалпы ауданы 1,5 м <sup>2</sup> трактор осы мұздан өте ала ма? <b>№449.</b> Екі білікті тіркеме арбаның массасы жүгімен бірге 2,5 т. Егер әр доңғалағының жолмен жанасу ауданы 125 см <sup>2</sup> болса, тіркеменің жолға түсіретін қысымы қандай?
<b>Бағалау (түрлері)</b> - оқушының өзін-өзі бағалауы - топтың өзін-өзі бағалауы - мұғалімнің бағалауы - жалпы бағалау - критерийлер арқылы бағалау	Бағалау 7-8 – «5» 5-6 – «4» 3-4 – «3» Мұғалімнің бағалауы қойылады. <b>Үйге тапсырма: §38-39 оқу. 18-жаттығу</b>

**Сейтова Гүлбану Жумашевна**  
**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Ақпәтер орта**  
**жалпы білім беретін мектебінің I санатты саз пәнінің мұғалімі**

**Сыныбы:** 4 сынып

**Тақырыбы:** «Людвиг ван Бетховен»

**Мақсаты:** оқушыларды музыкаға баули отырып, сазгердің шығармаларын оқып білуге, олардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, өнерге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту арқылы шығарма үйрету;

**Күтілетін нәтиже:** Сазгердің өмір жолдарымен таныса алады, шығармалар таңдай алады. Интернет жүйесінен қосымша мәліметтер ала алады.

**Не арқылы бағаланады:** Сазгердің өмір жолдарын сатылап айту арқылы, шығармасын орындау арқылы, эссе, автор орындығы, ББҮ, Sinkuein стратегияларын орындау арқылы

**Сабақтың типі:** Білімді, іскерлікті, дағдыны жетілдіру

**Түрі:** сын тұрғысынан ойлау

Әдістері: Миға шабуыл (әңгіме), автор орындығы, ББҮ, Sinkuein стратегиялары

**Көрнекілігі:** Музыкалық шығармаларының көшірмесі, сазгердің әр түрлі суреттері, қалта телефоны, синтезатор

**Пәнаралық байланыс:** Фортепиано сыныбымен

**Сабақ барысы:**

I. Ұйымдастыру бөлімі

II. Үй тапсырмасын тексеру

III. Жаңа тақырыппен жұмыс

A) қызығушылықты ояту. Итермелеу әдісі

B) мағынаны тану. Мәтінмен жұмыс

B) Толғаныс. Нұсқалау сатысы: («Sinkuein» бес жолды өлең)

Ісәрекеттер:

I. Ұйымдастыру барысы

II. Үй тапсырмасын тексеру

**Мұғалім:** Балалар, сіздерге үйге «классикалық маған несімен ұнайды?» атты эссе жазып келу берілген болатын, енді сол эсселеріңізді тыңдайық. Оқушылар эсселерін оқиды, сосын бір-бірінің эсселерін үш түрлі скрипка кілгімен бағалайды: сары түсінбедім, жасыл келіспеймін, қызыл ұнады. Үздік эсселерді «Автор орындығында» орындату

*Сыныпта жәй дыбыста классикалық музыка ойнап тұрады.*

**Мұғалім:** олай болса, балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбын сканвордпен ашып алайық.

Тақтада сканворд сұрақтары жазылып тұрады.

- |  |          |
|--|----------|
| • Ре мажор гаммасындағы бесінші дыбыс  | Ля       |
| • Киіз үйдің орысшасы                  | юрта     |
| • Қазақтың музыкалық аспабы            | домбыра  |
| • Шығармадағы «өзгеру құбылу»          | вариация |
| • Соль мажор гаммасындағы үшінші дыбыс | си       |
| • Тізбектеліп құралған жеті нота       | гамма    |
| • Екі адам биілейтін би                | вальс    |
| • До мажордағы 4 дыбыс                 | фа       |
| • Ән айтатын адам                      | әнші     |



- |                                      |           |
|--------------------------------------|-----------|
| • Оркестрдегі ең үлкен домбыра       | бас       |
| • Фа мажорда 6 дыбыс                 | ре        |
| • Ең бірінші негізгі дыбыс           | тоника    |
| • Ән айтатын ең үлкен ұжым           | хор       |
| • Ре мажордағы 4 дыбыс               | соль      |
| • Моцарттың аты                      | Вольфганг |
| • Қайталау белгісі                   | реприза   |
| • Музыкалық дыбыстардың орысша атауы | нота      |

Сонымен, балалар, тақырыбымыздың аты «Людвиг ван Бетховен»

Тақтаға сазгердің портреті іліледі, астына туған жылы жазылады.

Сабағымызды «**Музыка жүрек тілі, ол сезімдер мен көңіл-күй әлемі. Ол дыбыстар**» деген Дмитрий Дмитриевич Шостаковичтің сөзімен ашайық.

#### **Мағынаны тану**

Музыканы тыңдата отырып, мәтінді үйлестіремін. Оқушылар оқиды, танысып, талқылайды. Сатылап оқып, талқылаған сайын тақтаға соған байланысты сурет ілінеді.

#### **ББҮ бағанын толтырамыз.**

Шығармаларына келгенде тақтаға үш шығармасы ілінеді «Сонато», «Мелодия слез», «К Элизе». Синтезаторда «К Элизе» шығармасын Мұғазова Перизат орындайды. Шығу тарихын айтады.

Оқушыларға қалта телефондарын алып, интернетке кіріп, Бетховен туралы қосымша мәліметтер алуларын сұраймын.

Интернетке кіріп бәрі бір-бірден қысқаша мәлімет береді. Сонымен қорытындылай келе **«Еңбек үйренемін десең ерінбе,**

**Өнерге үйренемін десең жиренбе»** деген сөзбен аяқтай келе бес жолды өлең құрастыру.

9. Кім? Людвиг ван Бетховен
10. Қандай? Әйгілі, дарынды, ұлы
11. Не істеді? Шығарды, жазды, орындады
12. Түйін. Бетховен Австрияның сазгері
13. Синоним. Адам

**Бағалау:** өте жақсы, белсенді қатысқан оқушыларға тиісті бағасын қойдым.

Қатысқандарыңызға рахмет!

#### **Людвиг ван Бетховеннің балалық шағы**

Людвиг ван Бетховен 1770 жылышағын неміс қалашығы Блинда дүниеге келген. Жанұя мүшелерінің барлығы музыкалық аспапта ойнайды. Атасы скрипкада ойнап капеллада хор ұжымында әнші болған, әкесі де Иоган ван Бетховен осы капеллада әнші болған. Кішкентай Людвигтың музыкаға құштарлығы ерте сезілген. Әкесі Бетховенді музыкаға үйрете бастайды. Бірақ ол тәжірибесі аз мұғалім, кей кезде қатты, адамды аямайтын жан болды. Әкесі Моцарттың әйгілі болғанын көре тұрып, өз баласын да сондай болғанын қалап баласына тыным бермейтін. Ол Людвигты клавешаға сосын скрипкаға, органға, альтқа күніне 7-8 сағаттан бір жаттығуды қайталауға мәжбүрлеген. Кей кезде әкесі баласын ұйқыдан оятып алып, дайындалған кездері болатын. Әкесінің достары келгенде ол баласын ала шауып аспапта ойнататын, нансының қарсылығына қарамастан, бірақ бала осының бәріне шыдап, өнерден бас тартпады. 8 жасында Бетховен Кельн қаласында алғашқы концертін берді. Басқа қалаларға шығып өз өнерін көрсетіп жүрді. Осының бәріне әкесі қанағаттанбай, баласы 10 жасқа толғанда мектептен алып кетеді. Әкесі баласының арқасында ақша тапқысы келеді. Бірақ семья жағдайы нашарлап, қаражаттан қиналып жүргенде, Людвигтың анасы ауырып қалады. 12 жасында бала жұмыс жасауға мәжбүр болады. Капеллаға органшы болып жұмысқа кіреді. Сөйтіп Бетховеннің балалық шағы ауыр да қиын болып өтеді.

#### **Университет ұстазы Неффеден дәріс алуы**

1782 жылы Бетховен өмірдегі ең бақытты жылдары деп айтуға болады. Керемет ұстаз, сазгер, органшы Неффе Людвигты көргенде бірден оның жақсы өнерлі музыкант екенін байқайды. Нефе Бетховенды Иоган Себастьян, Филип Эмануэл Бахтардың, Гендельдың Гайдн мен Моцарттың шығармаларымен таныстырады. Баланың таланын ұстазы қолпаштай жөнеледі. Ұстазының айттуымен шет тілдерді, яғни латын, француз, итальян тілдерін үйрене бастайды. Бетховен сазгер, пианист болып жетілген соң Венаға Моцартпен кездесуге келеді. Бетховен Моцарттың алдында өзінің шығармаларын орындап, оны таң қалдырады. Моцарттың таң қалғаны сондай ол былай дейді: «Қараңдар оған! Ол өзін бәріне айтқызады!». Бірақ Бетховеннің анасы қайтыс болып, екі әйгілі музыкантқа бірге болу бұйырмады. Жас жігіт жанұя ауырлығын мойнына алады, екі кішкентай інілерін өсіріп, өндіру керек болды. Опералық театрда, оркестрде, альтта ойнап, көптеген сабақтар береді. Сөйтіп Бетховеннің өміріндегі ең ауыр кездер басталады. Бонның көшелеріне қарап, орман, далаға сүйсініп, Рейннің жағасы көзіне жас келтіретін. Табиғатқа деген махаббатын ол мәңгілік сақтап қалады. Бонның үстінен өтіп бара жатқан Гайднмен кездесіп, ол Венаға әйгілі композитордан дәріс алуға кетеді.

### **Венаға келуі. Шығармашылығының өркендеуі**

1792 жылы 22 жасар композитор Венаға келіп өмірінің соңына дейін осы қалада болады. Ол кезде Вена тек Австрияның ғана емес бүкіл Еуропаның үлкен музыкалық қаласы болады. Венаға әйгілі музыканттар мен композиторлар жиналатын. Осында келіп концерттерін беріп, бірбірімен жарысатын. Бұл қалада Гайдн мен Моцарт тұрған. Сөйтіп Бетховеннің аты да шыға бастайды. Ол Венаны пианист ретінде өзіне қаратты. Бұл жердің халқын Бетховен шығармаларымен, өзінің шебер орындауымен, фантазиясымен таң қалдырады. Бара-бара клавесин ұнамай, жаңа аспап фортепианода ойнай бастайды. ХҮІІІ ғасырдың басында Кристафор ойлап шығарған аспап, сол кезде жайлап өзінің алдындағы аспаптарды қатардан шығара бастайды да тек фортепиано қатты, жарқын, әуенді дыбысты аспап Бетховенге ұнап, шебер орындауының арқасында барлық тыңдармандарын ризалап, өз қатарлы пианисттерді артта қалдырады. Өмірінің қайғысы Бетховеннің естімеуі болады. Бетховен қатты ауыр науқас болған соң достары да қатынаспай қалады, өзі де олардан қашақтай бастайды. Алған емі көмектеспей, саңыраулығы күшейе береді. Өмірден түңіліп, өз-өзіне қол жұмсағысы келеді. Бірақ музыкаға, өнерге деген махаббаты күштірек болып, соның арқасында күш алып көтеріле бастайды. Соңғы жылда ол көптеген шығармалар жазады. Семья құрғысы келіп Тереза Брунсвинге ғашық болады, аристократтардың семьясы екеуінің үйленуіне қарсы болады. Ауруы қайта дамыған Бетховен жалғыздыққа ұшырап, концерт беруден қалады. Адамдармен сөйлесіп, қарым-қатынас жасау үшін естіретін трубка киді. Ол музыка тыңдауға көмектесті. Жазып айтып-түсіндіру дәріптері пайда бола бастады.

### **Өмірінің соңғы жылдары**

Қартайған Бетховен ең ірі 9 симфониясын жазады. Құлақ естімеушілігіне бүйрек ауруы қосылып, 4 операция жасалады. Бірақ ешқандай көмек болмайды. Әйгілі композитор түнде көз жұмады. Оның қасында туыстарынан басқа ешкім болмайды. Оны жерлеу үлкен манифестациядай болады. Сүйегін 20 мыңдаған адам шығарып, қоштасады. Тірі кезінде соншама халыққа өз музыкасын сыйлаған ол Венаның мәйітінде жерленген. Боннда туып өскен үйі музейге айналған.

### **Бетховен шығармалары**

«Эгмонт», «Кориолан», «Крейцерова соната», «Фиделио», «Мелодия слез» тағы да басқа көптеген шығармалары бар.

\* \* \* \* \*

### **Файзуллина Кулян Батырбековна «АқпATER орта жалпы білім беретін мектебі » КММ биология пәні мұғалімі**

<b>Күні</b>	19.04.2017 ж
<b>Сыныбы</b>	6
<b>Тақырыбы</b>	Саңырауқұлақтардың жалпы сипаттамасы. Қоректенуі, тыныс алуы, спора арқылы көбеюі. Көп жасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақшалы саңырауқұлақтар. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар. Микориза туралы түсінік. Саңырауқұлақтардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы. Зертханалық жұмыс № 32 түтікшелі және қатпарлы қалпақшалы саңырауқұлақтардың жемісті денесінің құрылысы
<b>Мақсаты</b>	Білім алушыларға саңырауқұлақтар дүниесін, олардың жасушаларының құрылысын, біржасушалы саңырауқұлақтарға қандай саңырауқұлақтар жататынын түсіндіру, таныстыру.
<b>Күтілетін нәтиже</b>	Саңырауқұлақтардың құрылысын, көбеюін біледі, түрлерін ажырата алады.
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сәйкестендіру, тест, сұрақ-жауап, видеосабақ, топтық жұмыс,
<b>Керекті жабдықтар</b>	Ноутбук, тақта, плакат, ақ қағаз карандаш
<b>Сабақ кезеңдері</b>	<b>Мұғалімнің іс-әрекеті</b>
<b>Ұйымдастыру бөлімі</b>	<b>Амандасу, түгелдеу, сыныппен танысу</b> <b>Сыныпты үш топқа бөлу.</b> 1. Сапрофиттер, хлорифилл, паразиттер, Левенгук, цианобактериялар 2. Фагтар, жасушасыз, тұмау, алхоры теңбілі, жасушасыз 3. микология, гликоген, микориза, жеуге жарамды, улы. Сөздерді таңдап Вирустар, бактериялар және саңырауқұлақтар тобына бөлінеді. <b>Үй тапсырмасын тексеру</b> <b>I тапсырма</b> <b>Суреттерге сәйкес бактерия тізімінің шоғырлану түрін жазыңыз</b>

	<p><b>5- балл</b>  <b>Тест жұмысы</b>  <b>1.Күн сәулесі арқылы бейорганикалық органикалық заттарды түзетін ағзалар</b>  А. фототрофтар + В. сапрофиттер  Б. хемотрофтар Г. симбионттар</p> <p><b>2. Бактериялар мен бұршақ тұқымдастары секілді бір-біріне пайдалы әсер ете отырып тіршілік ететін ағзалар</b>  А. симбиоз + В. сапрофиттер  Б. хемотрофтылар Г. паразиттер</p> <table border="1" data-bbox="502 515 1093 1153"> <tr> <td data-bbox="502 515 805 929"></td> <td data-bbox="805 515 1093 929">Коккалар</td> </tr> <tr> <td data-bbox="502 929 805 1153"></td> <td data-bbox="805 929 1093 1153">Стептококкалар</td> </tr> </table> <p>Б. кокка Г. спирилла</p> <p><b>3. Астан улану және басқа да қауіпті инфекциялардың себепшісі болатын бактерия</b>  А. Түйнеме ауруын қоздырғышы В.түссіз трипонема  Б. пиогенді стептококка  Г.алтын түстес стафилакок +</p> <p><b>4. Ауру тудырушы бактерияларға тән негізгі сипаттамалардың бірі</b>  А. азот синтездеуші  В. сапротрофты  Б. ұлулық +  Г.хемосинтездеуші</p> <p><b>5. Шар пішінді бактерия қалай аталады?</b>  А. бацилла  В. вибрион</p>		Коккалар		Стептококкалар
	Коккалар				
	Стептококкалар				
<p><b>Қызығушылығын ояту</b></p>	<p><b>5- балл</b>  1.Тірі табиғат қалай жіктеледі? Жауап <u>өсімдіктер, вирустар, бактериялар</u>, саңырауқұлақтар  Саңырауқұлақтардың қандай түрлерін білесіздер ?</p>				
<p><b>Мағынаны тану</b></p>	<p>Видеоролик көрсету арқылы қысқаша түсіндіріп өтемін. Тақыпты бөлу  1.Саңырауқұлақтар, біржасушалы саңырауқұлақтар  2.Қалпақшалы саңырауқұлақтар  3.Зертханалық жұмыс барысы  Осы тақырыптар бойынша постер қорғату әр жақсы қатысып отырған оқушыға 5 баллдық жүйемен атқарған қызметіне байланысты бағалайды.</p> <p><b>Бекіту тапсырмалары</b>  <b>I тапсырма</b>  1.Споралар түзілетін және таралатын мицелийдің бөлігі <b>жемісті дене</b> деп аталады  2.Қалпақшалы саңырауқұлақтар <b>қалпақшадан</b> және <b>түбіртектен</b> тұрады  3.Саңырауқұлақтарды зерттейтін ғылым <b>микология</b> деп аталады.  4. Екі ағзаның пайдалы селбесуін <b>микориза</b> деп атаймыз.  5. Саңырауқұлақ жасушасының сырты <b>хитинмен</b> қапталған  Топ мүшелері жеке жеке орындайды әр дұрыс жауапқа 1 балл жалпы 5 балл</p> <p><b>II тапсырма</b>  Мына саңырауқұлақтардың ішінен улы және жеуге жарамдысын ажырат  <b>Жалған түлкіжем</b>, қозықұйрық, жерқұлақ, <b>боз арамқұлақ</b>, <b>көңілкеш</b>, <b>сұр шыбынжұт</b>, көңқұлақ, <b>жалған түбіртек</b>, бүріскі, ақ саңрауқұлақ әр дұрыс жауапқа 1 балл 5 балл</p>				

	<b>III тапсырма Кесте толтыру</b> Саңырауқұлақтар		<b>Жеке-жеке толтыру 5 балл</b>
	Өсімдіктерге тән белгілері	Жануарларға тән белгілері	
	<b>Зертханалық жұмыс</b>		
<b>Кері байланыс</b>	Бес саусақ әдісі		
<b>Бағалау</b>	Әр топтан бір көшбасшыға бағалау парағы беріледі		
<b>Үйге тапсырма</b>	Үйге тапсырма & 58 - А,В,С тапсырмалары & 60 – А,Ә,Б тапсырмалары зертханалық жұмыс қорытындысын жазып келу		

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қарасу ауылы  
Ақсай бастауыш жалпы білім беретін мектебінің  
бастауыш сыныптың I санатты мұғалімі  
Габдуллина Гулдария Губашевна**

**«Дидактикалық ойындар мен тапсырмалар»  
Қазақ тілі, 3 - 4 сынып**

Ұсынылып отырған 3 – 4 сыныптарға қазақ тілі пәнінен дидактикалық ойындар мен тапсырмалар бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар жинағы бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған. Дидактикалық ойындар мен тапсырмаларда шығармашылыққа жетелейтін тапсырмалар қолданылған. Бұл оқушылардың ой – өрісін, дүниетанымын кеңейтіп, шығармашылық қабілетін арттыруға, алған білімдерін жаңа жағдайда қолдана білуге көмегін тигізеді.

Бұл дидактикалық ойындар мен тапсырмалар бастауыш сынып мұғалімдеріне және сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек, қосымша деректер ретінде сабақ үрдісіне қолдану үшін ұсынылады.

### Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің мақсатының бірі – әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және қоғам қажеттіліктеріне сай көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру. Сонымен қатар заман талабына келсек, ұстаз алдында тұрған жүк ауыр десек те болады. Оның қызметін тұтастай адамтану ғылымы деп алсақ, бұл ғылым адамның күрделі де қызықты, шым – шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу шеберлігімен көрінеді. Әрбір мұғалім өзінің кәсіби шеберлігін жетілдіру мақсатында және технологияларды терең талдаудан өткізіп, өзіне тиімдісін таңдау қажет. Жаңа технология оқушыға тек білім негіздерін беріп қана қоймайды, сонымен қатар оны тұлға ретінде дамытуға бағытталған. Осы жұмыстағы негізгі міндет – бастауыш сыныпта оқушылардың ойын арқылы ойға жетелеу.

Ұстаздың жан – жақтылығы, үнемі ізденіс пен шығармашылық жолындағы талабының болуы шәкірт жүрегіне бірден – бір жол салады. Ондай ұстаздан шығармашыл, құзіретті және жаңа үлгідегі мұғалім күтіледі. Ал жаңаша мұғалім тәжірибенің өзгеруіне, яғни білімнің өзгерісіне талпыныстағы ұстаз. Осы үлгідегі өзгеріске бағытталған ұстаз келбеті менен де табылу керек екенін түсіндім. Бастауыш сынып оқушыларының қызығушылықтарын арттыруды, ойларының жетілуін, логикалық тапсырмаларды орындай білулерін негізге алдым. Яғни оқушылардың сыни ойлауы мен шығармашылық, танымдық қабілеттерінің дамуы ең алдымен сабақ үрдісіндегі қосымша мәліметтердің қызықты да танымды болуына байланысты. Не? қалай? неліктен? жазамын деген сауалдардың жауабына қазақ тілі пәнінен дидактикалық ойындар мен тапсырмаларды жинақтадық.

Ұсынылып отырған дидактикалық құрал 3 – 4 сыныптың қазақ тілін оқыту бағдарламасына сәйкес құрастырылған. Берілген тапсырмалар міндетті деңгейдегі көшіру, сызу емес, шығармашылық ізденіске, ойлануға бағытталған өзіндік жұмыстар. Тапсырмалар оқушылардың өз бетімен жұмыстануына, ізденіп орындауына құрастырылған.

**Мақсаты:**

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан оқушылардың бойында өздері күнделікті көріп жүрген заттары мен құбылыстарына сүйеніп, жан – жақты қырынан түсінуге, жас ерекшеліктеріне лайықты тұрғыда бақылауға жағдай туғызу. Әдістемелік оқу құралы арқылы оқушылардың ақыл-ойын дамытып, ізденіске жаттықтыруға болады. Беріліп отырған қызықты тапсырмалар, қызықты дәйектемелер оқушылардың ойлануына, өмірмен байланыстыра алуына жағдай жасайтындай деңгейді қамтиды.

#### Міндеттері:

- оқушылардың білімдерін тереңдете түсу арқылы шығармашылық шеберлікті қалыптастыру;
- деңгейлік тапсырмалар арқылы логикалық ойлауын дамыту;
- жұмыс түрлері арқылы олимпиадаларға қатыстыру;
- ізденімпаздыққа талпындыру.

#### Өзектілігі:

- Қазақ тілін оқытуда танымдық қызығушылықты, шығармашылықты меңгерту бүгінгі күннің өзекті мәселесі.
- Бастауыш сыныпта оқытылатын қазақ тілі пәні жалпы оқытудың бастапқы курсы болып есептеледі.

#### Күтілетін нәтиже:

1. Қазақ тілі сабақтарында алған білімдерін тереңдетеді, бекітеді.
2. Өз ойын жүйелі айта білу, сөйлеу қабілеттері артады;
3. Сыни тұрғыдан ойлауға үйренеді.
4. Танымдық деректермен қаруланып өз ойын еркін жеткізіп, ізденгіш, шығармашыл тұлға қалыптасады.

#### 2.1. Дыбыс және әріп.

Адам сөйлегенде дыбыс шығады. Бұл дыбыстардан сөздер жасалады. Сөздегі дыбыс саны әртүрлі болады.

**Мысалы:** жер, көк сөздері 3 дыбыстан тұрса, балақай, балапан сөздері 7 дыбыстан құралған.

Сөздің айтылуымен қатар жазылуы да бар. Сондықтан дыбыстар белгілі бір таңбамен белгіленеді. Әр дыбысқа берілген таңба әріп деп аталады. Яғни әріп – **дыбыс таңбасы**. Әріп пен дыбыстың айырмашылығы бар.

**Дыбыстарды айтамыз, естиміз. Әріптерді жазамыз, көреміз.**

Әріптердің қалыптасқан атаулары бар. Оларды есте сақтау үшін әріптер белгілі бір жүйеге келтірілген. Оны **әліпби** деп атайды.

**Қазақ әліпбиінде 40 әріп, 25 таңба, 37 дыбыс бар. Дыбыстар екіге бөлінеді: дауысты дыбыстар және дауыссыз дыбыстар.**

#### Тапсырмалар.

##### 1. Берілген сөздерді алфавит ретімен жаз.

А) Семей, Астана, Қарағанды, Өскемен.

Ә) Әсем, Сырым, Райгүл, Айбек

Б) Қалам, дәптер, өшіргіш, сызғыш

А) \_\_\_\_\_

Ә) \_\_\_\_\_

Б) \_\_\_\_\_

Дыбысы жоқ болса да,  
Алфавитте орны бар.  
Оқылмайтын жазса да,  
Қай белгі ол табыңдар.

Шешуі \_\_\_\_\_

##### 2. Өлеңді оқып, әр дыбыстың өз орнын тап.

«А» дегенің –Ана,

«Б» дегенің-бала.

«Б» дегенің –баға,

«Бестен» басқа алма.

Жуан

Жіңішке

Қатаң

Ұяң

Үнді

.....

### 3. У - дыбысының жазылуы

У - әрпі кейде дауысты, кейде дауыссыз дыбысты білдіреді.

Уыс –дауыссыз, өйткені дауыстының алдында тұр.

Суға -дауысты дыбыс, екі дауыссыздың ортасында тұр.

Тауық -екі дауыстының ортасында келсе, дауыссыз дыбыс.

У дыбысына біткен қимылды білдіретін сөздерге у дыбыс қосылғанда екі у жазылады. Мысалы: Жуу, қуу, буу

### 4.Берілген сөздердегі у қандай дыбыс екенін айт.

Уәзір, аудан, уыз, баяу, елу, саумал, зәулім, оқу, қурай, қауын, кесу, уық, сатушы, уыс.

Дауысты : \_\_\_\_\_

Дауыссыз : \_\_\_\_\_

### 5.Кестені толтыр.

Дауысты у

Дауыссыз у

Тулақ

Уәзір

_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____

### 6.Я, ю, ё әріптерінің жазылуы

я=й+а

ю=й+у

ё=й+о

я, ю, ё - әріптердің дауысты дыбыстар. Бұл әріптер жеке тұрып та, дауыссыздармен тіркесіп келіп буын құрайды.

Есік жоғын ұқтық, Люктен шықтық.

Елка деген-бұрыс, Шырша деген-дұрыс. Қ. Мырза Әли.

### 2.2. Сөз құрамы.

Сөз дыбыстардан құралады. Әр сөздің мағынасы болады. Сөз қызметіне қарай үшке бөлінеді. Олар: дыбысталуы бірдей, мағынасы бөлек сөздер (омоним). Мысалы: Ара – жәндік, ара – еңбек құралы.

Айтылуы әртүрлі, мағынасы жуық, мәндес сөздер (синоним). Мысалы: батыр, ержүрек, алыс, қашық.

Мағыналары қарама – қарсы сөздер (антоним). Мысалы: жоғары – төмен, ауыр – жеңіл.

Сөз – заттың, сапаның, қимылдың атауы.

#### 1.«Вагондар тізбегі» ойыны.

Сөздердің түбір мен қосымшаларын ажырата білу.

#### 2. «Балқарағай, омарташы, қанағат, ұсынылатын» сөздеріндегі әріптерді пайдаланып, сөздер құрау.

Үлгі: «Балқарағай» сөзіндегі әріптерді пайдаланып, сөздер құрау

(Бал, қарағай, қара, бала, ағай, ара, ай, қар, балға, Арай, қарға, лақ, арал...)

#### 3. Жұрнақтар ойыны.

Қай жұрнақ жүр жайлауда?

Көп шалғынды қойнауда.

(сиыршы, қойшы, жылқышы, сауыншы)

Қай жұрнақ жүр құрылыста?

Қызып алған жұмыста.

(тас қалаушы, сылақшы, сүргілеуі)

Бір жұрнақ бар затқа қосылса,

Оның сапасына, сынына айналады. (ат-ты, көрік-ті, еп-ті, қоным-ды...)

Шарада.

Бұрыл десем тезірек,

Түбірін тауып алдағы.

Ыс-ты жалға басына,

Пішініңді сал дағы,  
 Жаңа ұғымды табасың,  
 Оны біліп аласың. (бет-бұр-ыс)

Бір ақынның атында  
 Үш буын мен екі сөз.  
 Үш дауысты тірегі,  
 Айтшы кімдер біледі? (Тұ-ман-бай)

Етістікке ал деген,  
 Қоссам өлім жазасын.  
 Ертегіден, аңыздан,  
 Оны тауып аласың. (Ал-дар)

#### 4.Тақырыпқа сай, тілдік қорын молайтуға, сөз мағынасын үйрететін ойын түрлері.

Мысалы: Үлгі.

«Өсімдік» сөзге байланысты, сонымен байланысқа түсетін сөздер.

*Кәрі емен, селдір селеу, бұйра тал, шашақты қарағай, желекті сасыр, сұлу қайың, қайыспас емен, топтанған тобылғы, боз қараған, бұйра көкпек, иісті жусан, шашылған ши, мөлдіреген долана.*

I топ **Бала** .....

II топ **Құс** .....

#### 5. Ұ, ү дыбыстарына мысал келтір.

Мысалы: Ұядан, үйге, ұмытшақ, үйірсек.

\* Мына сөздердің жазылуын есінде сақта!

Тәрбиелейді, дағдысынша, баулиды, көгілдірі, баулудағы.

#### 6.«Сәйкес сөзді тап» ойыны.

Берілген сөздерге сызық арқылы нақты жауабын сызу.

#### 7.Антонимін тауып жаз.

				К	Е	Ң							
			А	Р	А	З							
		Ж	А	Қ	С	Ы							
	Ж	А	Й	П	А	Қ							
Е	Л	Г	Е	З	Е	К							

#### 8.Мағынасы қарама-қарсы сөздерді жаз.

Жылы \_\_\_\_\_ Биік \_\_\_\_\_  
 Ақ \_\_\_\_\_ Үлкен \_\_\_\_\_  
 Жуан \_\_\_\_\_ Ойық \_\_\_\_\_

#### 9.Метаграмма

1. Ұ-дан бастасаң, темір түйген шебермін,  
 3-ны қоссаң, білім саған беремін. (...)
2. Әсем жермен, ұлы дүбір думанмын,  
 Қ-ны қоссаң пешке керек құралмын. (...)
3. Бұйырсаңыз, етістік боп кетеді,  
 С-ны қоссаң, айқасатын алаңда ол өтеді. (...)

#### 10.«Өз үйіңді тап» ойыны.

Дұрыс жазылған сөздерді киіз үйге орналастыру.

#### 2.3. Сөз таптары.

Мағынасына қарай бірнеше сөз табына бөлінеді. Қазақ тілінде 9 сөз табы бар. Заттың атын білдіріп, Кім? Не? Кімдер? Нелер? сұрағына жауап беретін сөз табын **зат есім** дейміз.

**Кім? деген сұраққа жауап беретін сөздер:** адамның аты – жөні, мамандық атаулары, атақ, дәрежеге қатысты сөздер, туыстық атаулар.

**Не? деген сұраққа жауап беретін сөздер:** аңдар, жануарлар, құстар, заттар мен құбылыстар.

Зат есім екіге бөлінеді: **жалқы есім және жалпы есім.**

Кісінің аты – жөні, жер – су аттары, жан – жануарларға қойылатын атаулар **жалқы есім** деп аталады. Жалқы есім бас әріппен жазылады.

Жалқы есімдерден басқа зат есімдерді **жалпы есім** дейді. Жалпы есімдер кіші әріппен жазылады.

Заттың қимылын, іс – әрекетін білдіріп, не істеді? қайтті? не қылды? деген сұраққа жауап беретін сөз табын **етістік** дейміз.

Етістіктер құрамына қарай **дара және күрделі** болып екіге бөлінеді.

Бір ғана сөзден тұратын етістікті **дара етістік** дейміз.

Екі немесе үш сөзден құралған етістікті **күрделі етістік** дейміз.

Заттың сынын, түсін, сапасын, көлемін білдіріп, қандай? қай? сұрағына жауап жауап беретін сөз табын **сын есім** дейміз.

Заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, қанша? неше? нешінші? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табын **сан есім** дейміз.

**1.«Есіңе сақта!»Белгілі уақыт ішінде қандай зат есіңде суретін сал,атын жаз.**

**2.Ребусты шешу.**

**3.«Артық затты сыз».** Суретте көрсетілген заттың артығын сызып,сөздерге дыбыстық талдау жасау.

**4. Дидактикалық ойын**

**Мақсаты:** Зат есім туралы түсініктерін кеңейте отырып, балалардың сенсорлық қабілетін (сипап сезу, иіс сезу, дәм сезу) дамыту.

**Ойын шарты:** Оқушының көзі байланады. Қорапшаның ішінен түйме, бор, бет орамал, алма, ермексаз, сақина т. б заттарды оқушылар кезек-кезек көзі байланып тұрған оқушыға ұстатады. Оқушы баланы да, затты да дұрыс таба білу керек.

**5. «Сөз тіркесін тап» ойыны.** Мақсаты: етістік табу. Оларды сызық арқылы қос.

Әкем	оқушы
Анам	балабақшада
Ағам	құрылысшы
Қарындасым	дәрігер
Інім	студент
Әпкем	тігінші

**6.Суретке қарап, әңгіме құрап, сөйлемдегі зат есімдердің астын сыз.**

---

---

---

**7.Сәйкестендіру тесті**

1. Кім?	1.Сәкен, Ертіс, Байшұбар
2. Кімдер?	2. домбыра, гүл
3. Не?	3. оқушы , ана
4. Нелер?	4. әндер, құстар
5. Жалқы есім түрі	5. оқушылар, аналар
6.Жалпы есім түрі:	6. Қобыз, ән, құс

**8.Өлеңнен зат есімдерді теріп жазып, мағынасын аш.**

**Мәз болады болысың**

Мәз болады болысың,  
Арқаға ұлық қаққанға.  
Шілтірейтіп орыстың,  
Шеңді шекпен жапқанға.  
Үйі мәз боп, қой сойды,  
Сүйіншіге шапқанға.  
Әуре қылды, салды ойран,  
Үйдегі тыныш жатқанға.  
Еш нәрсе емес жұбанар,  
Ақыл көзбен баққанға.  
Жас баладай қуанар,  
Бір дәмдіні татқанға.

**Үлгі:** «Екі жақты түсініктеме күнделігі» стратегиясы



Өлеңнен таңдап алынған сөз	Түсініктеме
Болыс	Ел басқаратын адам. Өз қарамағындағы бүкіл халықтың қамын жейді. Оларға көмектеседі...

### 9.Қайсысы зат есім, қайсысы етістік?

Жақын қалды көмбе,  
Бұл жерге оны көмбе!

### 10.Сәйкестендіру тесті

- |                      |           |
|----------------------|-----------|
| 1. Қандай?           | 1. таза   |
| 2. Қай?              | 2. ақылды |
| 3. Негізгі сын есім: | 3. қара   |
| 4. Туынды сын есім:  | 4. ойлы   |

### 11.Өлеңді оқып, сан есімдердің астын сыз.

Он саусақ

Жалғыз саусақ тіпте де,  
Ұстай алмас жіпті де.  
Екі саусақ бірікті,  
Ине қолға ілікті.  
Үш саусағым орамды,  
Жүгіртеді қаламды.  
Өнерлі екен он саусақ,  
Қала салсақ, жол салсақ.  
2. Өлеңді қара сөзге айналдыр.

### 12.Сәйкестендіру тесті

- |                      |                      |
|----------------------|----------------------|
| 1. Қанша? Неше?      | 1. жиырма сегіз      |
| 2. Нешінші?          | 2. екеу, жетеу.      |
| 3. Нешеу ?           | 3. жеті, он бір.     |
| 4. Дара сан есім:    | 4. он, алты.         |
| 5. Күрделі сан есім: | 5. бесінші, алтыншы. |
| 6. Есептік:          | 6. бірінші, оныншы   |
| 7. Реттік:           | 7. бір, екі, үш      |

### 13.Сан есімге байланысты мақал-мәтел жаз.

- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_

### 14.Лексикалық ойын.

Көп нүктенің орнына сан есімді қойсаң мақал толық шығады.  
Білімді..... жығады, білекті..... жығады.  
.....ауыз сөздің тобықтай түйіні.

### 15.Орны ауысқан сөздерден сөйлем құрап жаз.

1.Айжан, бара жатты, Мәрия, мен, фермаға. 2.Олардың, ұша жөнелді, бір, үйрек, алдынан. 3.Ұшқан, жерге, олар, үйрек, келді. 4.Ұяда, жатыр, жері, жұмыртқа. 5.Олар, алмады, жұмыртқаны.  
*Етістіктерді тап. Олардың түбірін, қосымшасын тауып, мағыналық түріне ажырат. Соңғы сөйлемдегі сөздердің байланысын сызба арқылы көрсет.*

### 16.Өлеңнен адамның қимыл –қозғалысын бейнелейтін сөздерді теріп жазып, мағынасын түсіндіруге тырыс.

**Күлембай** Күштілерім сөз айтса,  
Бас изеймін **шыбындап**,  
Әлсіздің сөзін салғыртсып,  
Шала ұғамын **қырындап**,  
Сияз бар десе жүрегім  
Орнықпайды **суылдап**...  
Сыртқыларға сыр бермей,  
Құр күлемін **жымыңдап**...  
Жай жүргенде бір күні,



**Керекті сөздер:** келді, кетті, ойнап, мектептен.

**6.Берілген сөйлемдерді мазмұнына қарай топтап мәтін құрастыр.**

- Алманы үзіп алдым.
- Мен ағаш суардым.
- Көшет салдым.
- Көшет үлкен ағаш болды.
- Күрекпен жер қаздым.
- Ағашта жеміс пайда болды.

**7.Берілген сөздерден сөйлем құрап жаз. Мәтінге ат қой.**

- Балалар, жиналды, алаңға.
- Топқа, екі, ойнады, бөлініп, доп.
- Тобы, жеңді, жарастың.
- Мұраттың, жеңді, тобы, соңынан.
- Аяқталды, ойын, тең.

**8. «С»-дан басталатын сегіз сөз. Шыққан сөздерді қатыстырып сөйлем құра.**

Ол сөздер төмендегі заттардың атауы болсын:

- 1.Сұйық зат
- 2.Зат немесе құбылыс атауы
- 3.Дақыл атауы
- 4.Жеміс аты
- 5.Қарудың аты
- 6.Жоғары оқу орнының оқушысы
- 7.Өсімдік атауы
- 8.Студентке төленетін айлық

**9.Жаңылтпашты оқы.**

**Ою ою** ойым бар-ды,  
Ойналмастан ойын қалды.  
Орындалмай ойымдағы,  
Ойылмады ою-дағы.  
Орашолақ,  
Олақпын ба,  
Оя алмадым оюларды.

**10.Мақал- мәтелдің соңын тап.**

1. Әрбір ғалым – хақим емес, әрбір хақим -.....
- 2.Досы жоқпен сырлас, досы көппен.....
3. Шәкіртсіз ғалым-.....
4. Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала.....

**Қорытынды**

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі – білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, логикалық ойлауы дамыған жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру.

Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың жаңа бір нәрсені ашуы, яғни оқушы өзін белгілі бір жаңалықтардың авторы ретінде сезінеді. Бұл оған белгілі бір пән төңірегіндегі қызығушылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Яғни, оқушыны өзіне тарта, баули түседі. Демек, логикалық тапсырмалар арқылы жүргізілген жұмыстардың нәтижесін оқушыларымыздың алған жетістігі мен басылым беттеріндегі жарық көрген жұмыстарынан көрінері анық.

Өзіміздің ойымызды қорыта келіп, мынадай түйін түюге болады.

1. Оқушылардың сабаққа қызығушылығы артады;
  2. Оқушылардың танымдық белсенділіктері артады;
  3. Осы шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданудан, оқушылардың оқушылардың пәнге деген қызығушылығы молаяды;
  4. Оқушылардың логикалық ойлауы, шығармашылық іс-әрекетке қабілеті артады;
- ¶ . Оқушылардың білім сапасы көтеріледі.

**ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Б.Сайлаубаева. Қазақ тілінен оқу дидактикалық құрал.
2. Г.Х. Сейсекенова. «Қазақ тілінен әдістемелік құрал» 2007 жыл
3. Ж. Кәрімқызы «Қазақ тілінен дидактикалық жаттығулар» Алматы. «Өлке» 2001 жыл.
4. М.Шәбжантайқызы. Ана тілім–азығым, адастырмас қазығым. Көкшетау. 2002 жыл.
5. «Айгөлек» журналы №3. 2009 жыл
6. “Қазақ тілі дидактикалық материалдар”. Алматы. Атамұра.1999 жыл
7. «Менің алғашқы әліппем» Алматы. 2006 жыл

\* \* \* \* \*

**Әбіш негізгі жалпы білім беретін мектебінің  
химия- биология пәнінің мұғалімі В.С. Нсанбаева**

**Биология 7 сынып**

**Сабақтың тақырыбы:**Кенелерден қорғану шаралары. Кенелердің табиғаттағы және адам өміріндегі рөлі.

**Сабақтың мақсаты:Білімділік:** Кенелерден қорғану шаралары, кене шаққан кезде алғашқы көмек көрсету және кенелердің табиғаттағы, адам өміріндегі пайда-зияны туралы оқушыларға білім беру.

**Дамытушылық:** Оқушылардың ізденімпаздық қабілеттерін талап ететін тапсырмаларды пайдалана отырып, білімдерін кеңейту, өз бетінше білім алу және практикалық дағдыларын жетілдіру, сөздік қорларын молайту;

**Тәрбиелік:** Салауатты өмір сүруге, денсаулықты күтуге, жеке бас тазалығына көңіл бөлуге, ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу;

**Сабақтың түрі:** дәстүрлі, аралас сабақ

**Сабақтың әдісі:**Жеке жұмыс, сұрақ-жауап, топтық жұмыс, ойындар.

**Көрнекілігі:**слайд, суреттер, ойындар.

**Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі**

А) Сәлем, сәлем, сәлем деп

Қолымды мен бұлғаймын.

Ыстық, ыстық жүрекпен

Сәлемімді жолдаймын.

**Ә) Оқушыларды топқа бөлу**

**2.Өткен сабақты пысықтау; «Биологиялық диктант»**

1. I- топ

Кенелер - ..... жататын ұсақ жәндіктер.

Сондай – ақ ..... жолмен тіршілік ететін кенелердің ..... астам түрлері бар. Көптеген кенелердің ..... және ..... салада мәні бар. Олар бірқатар қауіпті ауруларды .....

..... тасмалдауға бейімделген. Сондықтан ..... мен ..... ауруға шалдықтырады. Кенелер ..... немесе ..... арқылы тыныс алады.

**Керекті сөздер;** өрмекшітәріздестерге, паразиттік, 20 мыңнан, медициналық, малдәрігерлік, жануарлардан адамға, адам мен үй хайуанаттарын, терісі демтүтік.

II - топ

Кенелердің дене бөлігі - ..... өзгеше. Тек қарапайым құрылысты кенелерде ғана болмаса, өзгелерінде үш бөлік:..... , ..... , ..... тұтасып кеткен. Қатты затпен қоректенетін кененің ауызы .....

..... затпен қоректенетіндерініңкі ..... бейімделген. Кенелер - ..... жәндіктер , ..... арқылы , кейбіреуі ..... көбейеді. Жұмыртқадан үш жұп аяғы бар .....

пайда болады. Ол жыныс жүйесі жоқ, ..... айналады.

**Керекті сөздер;** өрмекшілерден; бас, көкірек, құрсақ; кеміруші, сұйық шаншып соруға; даражынысты, жұмыртқа, тірілей туу; дернәсіл; нимфаға.

2.Сәйкестендіру;

Тайгалық кене	энцефалит
Қышыма кене	қотыр
Мамықкене	Әкааяқ
Нәзікбас кене	Қансигек
Берішкене	беріш

4.Нашар оқитын оқушымен жұмыс; Топтастыру «Кененің түрлері»

3. " Бейнені танып біл " Суретте жасырынған кенелердің аттарын табу.

**3. Жаңа сабақты түсіндіру;**

**Жұмбақ;**Ойлайсың,

Көрсең түйме деп,

Тұмсығын тығып қадалып,

Шағады бадалып,

Ақыры өлер тоқтықтан,

Жан берер оған соқтыққан. (Кене)

**Кене туралы кеңес берсек;** Күн жылынып, жер көгере бастағаннан-ақ адамдар тауға шығуға, көгалға демалуға ағыла бастайды. Мұндай жағдайда таза ауада тынығушыларға, саяжайда жұмыс жасаушыларға, малды күтіп, баптаушыларға, жеміс-жидек терушілерге кенелерден абай болуын ескертеміз. Кененің шағуы – адамды қауіпті ауруларға және көп жағдайда өлімге апаруы мүмкін. Кене үйге гүл шоғымен де, иттің жүніне ілесіп те келеді. Кененің қауіптілігі сонда, олар адамның киімінің астарына байқатпай кіріп, денесіне қадалып алып сорғанда мүлде ауырмайды. Көп жағдайда адам кенені келесі күні немесе тіпті одан да кейін байқайды. Ауру сәуір айынан қазан айына дейін кездеседі, бірақ ең қауіпті кезең – мамыр, маусым айлары. Өйткені кененің көбейетін кезі – осы уақыт. Ауру белгілері кене шаққаннан кейін 2 аптадан (7-14 күн) соң біліне бастайды, кейде 1-2 күннен немесе 45 күннен кейін білінеді. Себебі, ол ағзаға түскен вирустың көлеміне байланысты. Көпшілік жағдайда аурудың жеңіл және орташа түрлері кездеседі. Бұл жағдайда науқас адамның дене қызуы 38 С-қа дейін көтеріледі, басы қатты ауырып, бұлшық еттері сыздайды. Бірақ, оның ауыр түрлері де кездеседі. Бұл кезде дене қызуы 39-40 С-қа дейін көтеріледі, құсқысы келеді, мойнының, қолы мен аяғының бұлшық еттері сыздап, ауыр тартады.

Кенелерден сақтану үшін төмендегі ережелерді есте ұстағаныңыз дұрыс. Егер кенелер өмір сүретін қауіпті аумақта болсаңыз, ашық түсті киім киіңіз. Шалбарыңыздың балағын носкидің ішіне, жейдеңізді шалбардың ішіне салып және міндетті түрде кененің бар-жоғын білу үшін бір-біріңізді мұқият тексеріңіздер. Егер денеңізден кенені байқап қалсаңыз, саспаңыз. Кенеге өсімдік майын тамызу қажет. Кененің тұмсығын жіппен орап алып, маятник тәрізді ырғақты қозғалыспен жайлап денеден шығарып алу керек. Кенені денеден күрт тартып алу – вирус жұқтыру қаупін арттырады. Шаққан жерін йодпен немесе спиртпен сүрту қажет. Тез арада жақын маңдағы медициналық мекемеге барып көрініңіз. Кенені сақтап қойыңыз және санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мамандарына көрсетіңіз. Олар кененің қаншалықты қауіпті екенін анықтайды. Үй жануарларының жүнін қырыққан кезде абай болыңыз. Өзіңізді қауіптен қорғау үшін қолыңызға резіңке қолғап киіңіз. Себебі, қауіпті вирусты жаншылған (кесілген) кененің қаны арқылы жұқтыруға да болады. Сонымен қатар, кене шаққан малдың шикі сүтін ішкен кезде немесе оларды қолмен мыжыған кезде кене энцефалитімен ауыруы мүмкін.

**Ит кенесі және тайга кенесі** адамға ең қауіпті ауру – энцефалитті жұқтырады. Бұл табиғатта әртүрлі жануарлардың денсінде орнығып, бір жануардан екінші жануарға сорған қаны арқылы энцефалит қоздырғышын таратады. Бірақ бұдан жануар ауырмайды.

**Кене энцефалиті** – орталық жүйке жүйесін зақымдайтын ауру. Ауру белгілері кене шаққаннан кейін 1-2 аптадан кейін немесе 30 күннен кейін біліне бастайды. Аурудың белгілері: дене қызуы 39 С-қа дейін көтеріледі, басы қатты ауырады, жүрегі айнып құсады, бұлшық еттері сыздайды. Ауыр түрімен ауырған дененің бұлшық еттерінің салдануы мүмкін, бұл өз кезегінде мүгедектікке әкеліп соғады. Аурудың алдын алу үшін кенелер белсенділігі басталғанға дейін кене энцефалитіне қарсы екпе алу керек. Ағзадағы иммунитетті арттыру үшін екпені күздің соңында немесе қыстың басында алған дұрыс. Егер денеге жабысып тұрған кенені байқасаңыз, уақыт өткізбей күні-түні жедел көмек көрсететін травматологиялық бөлімшелерге қаралып, кене энцефалитіне қарсы иммуноглобулин алу керек.

Адам үшін **қышыма кене** өте қауіпті жәндік. Оның мөлшері 0,2 – 0,5 мм – ден аспайды, сондықтан ұлғайтқыш әйнек арқылы ғана көруге болады. Қышыма кене адамның терісіне еніп, денені қышытады, себебі оның түлеген кездегі қабыршақтары мен бөлінді заттары денеге сіңеді. Адамға көбінесе жылқыдан жұғады. Кененің әрекетінен денеде қотыр пайда болады. Адам немесе мал қотырдан мазасызданып, арып – талып, әлсірейді. Қотырды денеге дәрі - дәрмек жағу арқылы емдейді. Малдың қотырын емдегенде ерекше газ камерасына ұстайды. Паразитті өлтіретін улы күкіртті ангидридпен ыстайды.

Иксодид - елімізде кездесетін кенелердің ішіндегі ең ірісі. Толық жетілген ересек аналық кенелердің тұрқы не бары – 3мм. Түстері ақшыл қоңыр немесе қара түсті. Тұмсықтары қан соруға өте жақсы бейімделген.

Шығыс Қазақстан мен Алматы облыстарындағы орманды алқаптарды мекендейді. Өте қауіпті, кене энцефалитін жұқтырушының негізгі түрі.

Кененің бәрі бірдей ауру таратпайды. Дегенмен, вирус жұқтырғыш кене мен жұқтырмайтын кенені ажырату қиын. Сондықтан ең дұрысы, кененің денеге жабысып, теріге тереңдеп еніп кетуінен сақтанған жөн.

**Сөздікпен жұмыс; Акарология-кенелер туралы зерттейтін ғылым.**

#### **Кенелерден қорғану шаралары:**

Даладан немесе орманды жерлерден келген соң киімді дұрыстап тексеру, қағып – сілкіп, ауыстыру қажет. Кене энцефалитін жұқтырғанда температура лезде 40 – 41 градусқа көтеріліп, дене жансызданады.

Егер денеңізден сорып тұрған кене көріп қалсаңыз, алдымен сұйық май немесе вазелинмен өңдеп, пинцетпен ептеп сағат тіліне қарама – қарсы бағытпен бұрап алу керек. Содан соң ауыз бөліктері қалып қоймағанын тексеру керек.

**Кененің шағуы;** Белгілері: қал сияқты қара дақ. Шаққан жері білінбейді, ауырмайды (немесе қызыл көпіршік, - қанды сорған кене). Сенің әрекетің: кенемен терінің төңірегіне сұйық май тамызып, сәлден соң оны қысқыштың ұшымен теріден баяу қозғалыспен алып таста. Егер қысқыш жоқ болса, кененің басы терімен түйіскен жерге жай жіп ілгекпен байланады. Жіптің ұшын тартқанда оның ілгегі кенені ақырындап тартып шығарады. Шыққан

жерін йодтың ерітіндісімен, зеленке немесе спиртпен сұрт. Теріні тілуге және күйдіруге болмайды. Қалаға келгеннен кейін емханаға қарал.

#### **Видео материалдар көрсету**

#### **«Оқиғалар ізінен» Аудиозапис тыңдату**

Кене малдың үстінде болатындығын ескере отырып, малды күту барысында сақтық ережелерін орындау керек.

- Малдағы кенені қолмен жұлуға, оны езіп өлтіруге болмайды.
- Табиғат аясында демалғанда кенеден сақтану керек, денені және киімдерді көзбен, қолмен сипап тексеру керек.
- Кене шаққан жағдайда тез арада дәрігерге көріну керек.
- Денеге жабысқан кенені өзіңіз алған болсаңыз, келесі ережелерді сақтау қажет:
- Кене жабысқан жерге сұйық май тамызып, кенені тұмсық тұсынан қысып, алу керек. Ал, кенені қақпақты шыны ыдысқа салып, емханаға алып барыңыз (зертханалық тексеру жүргізу үшін).
- Кененің шаққан жерін міндетті түрде йодпен залалсыздандыру қажет.
- 14 күнге дейін дәрігердің бақылауында болу керек.

#### **4. Сабақты бекіту; «Қате және дұрыс»**

- Кенелер шаянтәрізділер класына жатады қате
- Қанға тойған кене мөлшерінің 30 мм –ге дейін жетуі мүмкін- дұрыс
- Кене шаққан кезде иммуноглобулин екпесін салады-дұрыс
- Дернәсілдері 6 аяқты, ал ересектерінде 8 аяқтары болады-дұрыс
- Ауыздары: жалаушы-қате .
- Мұртшалары болады-қате.
- Елімізде кездесетін кененің ең ірі түрі Иксодид –дұрыс

**5. Сабақты қорытындылау.** Қазақ халқы ежелден мал шаруашылығымен айналысқандықтан жан-жануарларға байланысты есімдерді көптеп беріп отырған. Қай қазақ ханының есімі бунақаяқты жәндікке байланысты қойылған?

Олай болса мен айтайын қазақтың соңғы ханы Кенесары ханның есімінің қойылуы туралы қызық уақиға бүгінгі күнге жетіп отыр. Болашақ хан өте кішкентай болып туылыпты. Шоқай би жаңа туған сәбиді қолына алып: – Өзі кенедей кіп-кішкентай екен, аты Кенесары болсын, – деген екен.

#### **6.Рефлексия.**

Кенелердің ішінде кейбіреулері ауыл шаруашылығына орасан зор зиян келтірсе, ал кейбір зиянкестің табиғи жауы ретінде көптеген пайдалы жақтары бар. Паразитті түрлерінің ішінде түрлі жан - жануарлардың денесіне жабысып, қанын сорып тіршілік ететіндері және көптеген жұқпалы ауруларды таратушылары да бар.

**7.Үйге тапсырма беру;**Кенелер туралы қосымша ақпарат көздерінен оқып танысу

#### **8.Бағалау;**

### **Абишская основная общеобразовательная школа учительница русского языка и литературы А.Е.Базарова**

**Тема урока:** «Наречие» 7 класс

#### **Цели и задачи урока:**

1. Дать определение наречию. Акцентировать внимание учащихся на общем грамматическом значении наречий. Объяснить отсутствие непостоянных морфологических признаков, доказав, что наречие – неизменяемая часть речи. Напомнить о синтаксической роли наречий. Объяснить на примерах, со словами какой части речи можно перепутать наречия, и выстроить алгоритм рассуждения во избежание дальнейших ошибок.
2. развивать различные виды речевой деятельности, обогатить словарный запас учащихся, а также уметь делать выводы : развивать орфографическую зоркость, творческие способности учащихся
3. воспитывать взаимопонимания и уважения среди школьников, способствовать достижению успеха в деятельности каждого ученика, воспитывать положительное отношение к знаниям ;

**Тип урока:** урок формирования новых знаний.

**Метод урока:** словесный (рассказ, беседа, сообщения учащихся), наглядный слово учителя, выполнение задания.

**Межпредметная связь:** казахский язык, литература, история

**Форма урока:** урок-открытие новых знаний.

**Наглядность:** таблица, кластер, доска, карточка с заданиями, мини – тест;

**Технология:** критическое мышление

**Ход урока I. Орг. Момент**

**А) приветствие учителя:**

**Б) Эмоциональный настрой**

Долгожданный дан звонок,  
Начинается урок.  
Ну-ка проверь, дружок,  
Ты готов начать урок?  
Все ль на месте  
Все ль порядке –  
Книжка, ручка и тетрадка?  
Все ли правильно сидят?  
Все внимательно глядят?  
Каждый хочет получать  
Только лишь оценку «5»!

### II. Проверка дом. Зад.

( предложение с деепричастными оборотами)

### III. Изучение нового материала :

А) Прежде чем начать наш необычный урок , ребята , давайте вспомним о теме с которой мы познакомились на прошлом уроке.

-Ребята, совсем недавно мы познакомились на уроках русского языка с особой, неизменяемой формой глагола. Как она называется?

Признаки каких двух частей речи она объединяет?

Назовите глагольные признаки у деепричастия?

Перед вами прекрасное цветущее апельсиновое дерево, символизирующее человеческие знания. На каждом апельсине скрыто надпись с вопросом. Учащиеся срывают плоды, читают вопрос и дают ответ.

- Что такое деепричастие? Что она обозначает?
- На какой вопрос отвечает?
- При помощи каких суффиксов образуется?
- Какие признаки имеет деепричастие?
- От какой части речи образуется?
- Как называются деепричастие с зависимыми словами?
- Как обособляется деепричастный оборот?

### Б) Объяснение новой темы:

**Девиз урока:** « Если знаешь части слова,  
то напишешь их толково»

**Наречие** – это часть речи, обозначает признак действия или признак другого признака. Отвечает на вопросы Где? Куда? Откуда? Как?

**Например:** Я живу в городе ( где?). Ребята серьезно, внимательно и бережно ( как?) относятся к природе.

В предложении наречие находим поставив вопрос от глагола

Наречия образуются от прилагательных.

Например красивый – красиво, светлый – светло.

При помощи суффиксов о, е, ее. Наречие с приставкам с, до, из

имеет суффикс

а

а приставки

в, на, за

имеет суффикс

о

В предложении являются обстоятельством.

Наречие не изменяется по числам!

Наречие не изменяется по родам!

Наречие не изменяется по временам!

Наречие не изменяется по лицам!

Наречие не изменяется по падежам!

**Наречие неизменяемая  
часть речи.**

### В) Работа с учебником:

- чтение текста учащимися « Фольклор»

- «Мешок с крупой » ( ответить на вопросы касающиеся к тексту)

### Составление кластера

#### Цветовой тест Макс Люшера

**Красный цвет** обычно предпочитают физически здоровые, сильные люди, они живут сегодняшним днем и испытывают желание получить все, что хотят сегодня.

**Желтый цвет**-дети , выбирающие отличаются тем, что нередко уходят в мир фантазий.

**Зеленый цвет** обычно ,выбирают люди, самоуверенные, настойчивые, стремящиеся к обеспеченности.

**Синий** отражает потребность человека в стабильности порядке.

**Коричневый** часто предпочитают люди ,неустроенные в жизни.

#### IV. Выполнение упр:

– А сейчас мы будем выполнять различные упражнения используя наши знания о наречий .

Упр 3 ( подчеркнуть наречия)

- Давайте поиграем в игры. Первая игра называется « **Без запинки**» без запинки образовать от прилагательных наречие.

Скорый, жаркий, строгий, низкий, хороший, высокий, храбрый, краткий, чудесный, веселый.

Встаем в круг « **Переводчик**», я кидаю вам мячик говорю слова на казахском и вы поймав его отвечаете мне на русском.

Ыссы- горячо, салқын- холодно, әдемі- красиво, ерте- рано, алыс- далеко, қатал –строго, жылдам- быстро, жаман – плохо, қатты – твердо.

#### « Разминка»

( учитель читает наречия, команды пишут ответы в столбик на листочках)

Завтра, вечер, осенью, по моему, досыта, сейчас, вниз, здесь, наверх, влево, ежедневно)

Где? Куда? Когда? Как?

**Работа с фразеологизмами.** Замените фразеологизм наречием. Спит как убитый – крепко. Знать как свои пять пальцев – хорошо. Кот заплакал – мало. Ни свет ни заря – рано

Упр 4 дописать словосочетания

#### V. Словарная работа:

Побережье – жағалау

Доспехи – сауыт

Колчаны – қорамсақ

VI. Дом. Зад. Упр : 5 стр 112

#### VII. Закрепление:

##### Мини- тест

8. Наречие обозначает:

а\ признак предмета в\ признак действия с\добавочное действие

9. Наречие изменяется:

а\ по родам, числам, падежам в\ не изменяется с\ по временам

10. В предложении наречие является:

а\ обстоятельством в\ определением с\ сказуемым

11. Наречие отвечает на вопросы:

а\ какой? какая? какое? в\ как? когда? с\что делать? что сделать?

5.В предложении наречие выполняет функцию:

а\ определения в\ обстоятельства с\ дополнения

6.Наречие изменяется:

а\ по родам в\ по числам с\ не изменяется

##### Слово учителя:

Если будет вам желательно

Действие или признак пояснить,

Это значит: нужно обязательно

Вам наречие на помощь пригласить

**Настроение определяется по смайликам.**

VIII. Оценивание: ( за каждый правильный ответ ученику дается жетон)

\*\*\*\*\*

Есекенова Айнура Болатқызы  
Казталов ауданы, Әбіш негізгі жалпы білім беретін  
мектебінің қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі



## Сабақтың тақырыбы: Қ. Әбдіқадыров «Қажымұқан»

### Мақсаты:

1. Қ. Әбдіқадыров өмірі мен шығармалары жөнінде мәлімет беру. Дүниежүзілік спорт аренасына шығып, шетелдердегі жарыстарда атақ, даңққа ие болған тұңғыш қазақ Қажымұқан Мұңайтпасұлының өмір жолымен, бейнесімен, ерен еңбегімен таныстыру.
2. Оқушылардың тіл мәдениетіне, ойын толық, дәлелді жеткізе білуіне жетелеу, көркем шығарманы талдай білу дағдысын дамыту.
3. Спортты сүйеге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа білімді меңгерту

**Пәнаралық байланыс:** дене тәрбиесі, география

**Әдістері:** түсіндіру, болжау, талдау, жинақтау.

**Көрнекіліктері:** электронды слайдтар, суреттер, видеоролик

### Сабақтың барысы:

#### I. Ұйымдастыру

«Сәлемдесу» тренингі

I. Сабақтың мақсатымен таныстыру

#### 1 Үй тапсырмасын тексеру.

С. Бегалин «Бала Шоқан» әңгімесі Берілген кестені толтыр.

Үзінді	Қай кейіпкердің сөзі?	Мінездеме
1. –Не бересің, бауырсақ бересің бе, қант бересің бе?		
2. –Өй, жынды, әрі кет, мұнда нең бар?		
3. –Ей, кәдуілгі түйе? Өй, өзің қандай шеберсің! Жүр, менімен. Апама ұрыстырмаймын.		
4. –Мына шіркінді қайдан ертіп жүрсің? Даусы қалай ащы еді, әкетші әрі.		
5. –Өй, кет былай, жолдан!		
6. –Иә, дәл өзі. Бірақ мына қойының құлағы тым үлкен екен.		
7. –Түк те қойға келмейді, пәлі, құйрығын қара, тап иттің құйрығы.		
8. –Уәде беріп, артынан алдасам, ұят емес пе? Бұдан былай ол менің сөзіме сенбейді ғой.		
9. –Мә, Шоқан, істеп қойдым. Мен сені келмей қалар деп ем!...		
10. –Мына Мысыққа менің ана қоңыр шапанымды, жеңіл етігімді беріңізші, кисін.		

Топтастыру.

Әдебиетші Саяхатшы

Балалар «Балуан» деген сөзді айтқанда ойларыңызға не түседі, оның мағынасын қалай түсінер едіңдер?

Қажымұқан Мұңайтпасұлы туралы **видеоролик көрсету**

#### III. Жаңа сабақты түсіндіру.

**Кіріспе сөз. Мұғалім.**

Қара күште әлі ешкім жоқ сенше биік шырқаған.  
Өнерге де өзгелерден жақын ең ғой бір табан,  
Рух қашып бара жатыр өзің өскен қырқадан...  
Бүгін мені қайта көтер жарты ғасыр өткен соң,  
Қанатсызды мойындамас мінезіңмен бұрқаған.  
Сол бір салтың тірі тұрса, тұрар әр кез ұлт аман,  
Қазақтың бас бұлшық еті, құлагер төс, піл табан...

Мұхтар Шаханов

Повесть (хикаят) — баяндау түрінде қара сөзбен жазылған оқиғалы көркем шығарманың түрі. Ол көлемі жағынан әңгімеден ұзақтау, романға жақындау болады.

Әңгімеде көбіне өмірдің бір мезеті, қысқа оқиғалар суреттелсе, романда аса күрделі әрі көлемді, бүкіл бір кезеңнің оқиғалары тұтастырыла суреттеледі. Ал повестегі оқиғалар жинақы, сюжеттік желі негізінен бір арнада өрістейді, кейіпкерлер саны да аса көп болмайды.

— Балалар, бүгін біз сіздермен Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» атты әңгімесімен танысамыз.

#### Қ. Әбдіқадыровтың өмірінен хронологиялық кесте

##### Мерзімі

##### Болған оқиғалар

- 1903 жыл Қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кентінде дүниеге келген
- 1925 жыл жыл Алғашқы «Сырдария» деген өлеңі «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған
- 1928 жыл Тұңғыш өлеңдер жинағы «Жалшы» деген атпен жарық көрді
- 1935-51 ж.ж. «Май», «Батыр», «Сәтбаев», «Еділ-Дон», «Келес қызы» поэмалары жарық көрген

1954, 1956, 1959 ж.ж. “Қажымұқан” повесі қайта басылды  
 1970 жылы “Қажымұқан” повесі орыс тілінде жарық көрді  
 1935, 1936, 1937ж.ж. “Алатаудың бауыры”, “Амантай”, “Тапқыш” кітаптары жарық көрді. Қызылорда облысы, Шиелі ауданына қарасты «Қарғалы» кеңшарында зәулім мектепті өз қаржысына салдырған. Өз балалық шағында жоқшылық тақсыретін көп тартқан Қалқаман «Кеңес заманында туған жас ұрпақ білім нәрімен еркін сусындасын» деп мектепті салдырған екен. Қалқаман — ақын, жазушы, аудармашы.  
 — Қажымұқан Мұңайтпасұлының өмір жолы, жетістіктері туралы әңгімелеу. (Оқушылардың пікір-ойын тыңдау)

**Қажымұқан Мұңайтпасұлы** — қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан. Тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұланғайыр жері мен өршіл халқын бірінші болып өзге жұртқа паш еткен, өзінен бұрынғы қаңдастары баспаған топырақты басып, көрмеген елді көріп, өзге қазақ тақпаған алтын, күміс медальдарды мойнына тұңғыш ілген.

Орасан күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы! Теңдессіз өнерімен жер шарын аралаған, 28 мемлекетте күреске түсіп, 56 медаль олжалаған Қажымұқандай мықты XX ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде қазақта ғана болды. Дүние жүзінің чемпиондары Иван Поддубный, Иван Шемякин, Алекс Аберг, Иван Заикин, Георг Лурих, Поль Понс сынды жампоздармен қатар жүру, боз кілемдегі айқастарда осы балуандарды шетінен жығып, бәйге алу — сол заманда нағыз ерлік еді.

Тарихи деректерге сүйенсек ол 1871 жылғы 7 сәуірде Ақмола уезі, Сарытерек болысына қарасты Жәдік деген жерде дүниеге келген. Қажымұқан кедей шаруаның баласы болғандықтан, орыс байларына және дәулетті адамдарға жалданған. Сөйте жүріп, күреске түсіп, той томалақтарда елге көрініп, бала балуан деген атқа ие болған.

Қажымұқанның тұңғыш рет әлемдік деңгейде көрінген шағы — 1906 жыл. Алманияда өткен дүниежүзілік сайыста ол әлем чемпионы атанады. Бірақ орыс әкімшілігіне бұратана халықтың атын шығарған палуан онша ұнай қоймайды. Сол үшін де Қажымұқан орыс палуандарының атымен күресуге мәжбүр болды. Қажымұқанға неше түрлі лақап аттар беріледі. Қажымұқанды «Ямагата Мухунури» деген лақап атпен күрестіреді. Сонымен қатар, Мухан, «Иван Чёрный» сияқты лақап есімдері болған.

1909 жылғы халықаралық палуандар жарысына ол «Қара Мұстафа» деген атпен шыққан. Сөйтіп бүкіл дүние жүзіне Мұқанның неше түрлі лақап аттары тарай бастайды.

1910 жылы Мұқан тұңғыш рет Оңтүстік Америка құрлығына табан тірейді. Аргентинаның астанасы Буэнос-Айрес қаласында өткен еркін күрестен болған біріншілікте чемпион атанады.

1911 жылы Мұқан Мұңайтпасов Ыстамбұлға барады. Сол кезеңде әлемде түрік палуандарынан мықты палуандар жоқ сияқты көрінетіндігі соншалық, ол жаққа орыс палуандары аяқ баспайтын-ды. Осы ретте намысқой Қажымұқан өзі түркі халқының өкілі ретінде Түркияға баруға бел буады.

Ұлы Отан соғысы басталған кезде Қажымұқан ҚКСР Жоғарғы кеңестің төрағасы Қазақбаевқа жолығып, оған «Ел аралап, цирк өнерін көрсетсем, сол арқылы ақша тауып, майданға көмектесем» — деген ұсыныс айтады. Бұл ұсынысты үкімет қолдап, екі жылға жуық жүріп цирк өнерін көрсетіп, 100 мың сомдай ақша тауып майданға жолдайды.

Ол 1948 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданында қайтыс болды. Темірлан деген ауылда, қабырының басына ескерткіш орнатылған.

Егер ол өз заманында тәуелсіз елдің азаматы болса, оның Мұқан Мұңайтпасұлы деген шын есімі әлемдік спорт тарихында алтын әріптермен жазылар еді. Өмірінің 55 жылын күрес пен цирк өнеріне арнап, жеңіс тұғырынан түспеген дара тұлға — қазақтың нағыз хас батыры.

#### «Болжау кестесі» стратегиясы

Не болады деп ойлайсыз?	Оған қандай дәлеліңіз бар?	Шын мәнінде не болды?

Мәтінді бөліктерге бөліп, сұрақтар арқылы жұмыс жүргізу.

1-

мәтін. Жас бала сарайға не себепті қайта-қайта қарай берді деп ойлайсыз? Бұл кім болуы мүмкін?

2-мәтін. Шын мәнінде не болды?

3-мәтін. Бала Орлий Масликовқа жұмысқа жалданады деп ойлайсыз ба?

4-мәтін. Мұқан қандай әрекет жасайды деп ойлайсыз?

5-мәтін. Әңгіме әрі қарай қалай өрбиді деп ойлайсыздар?

6-мәтін. Мұқан шанаға жеккен ат өліп қалып, оны шанының үстіне салып жаяу сүйретіп әкелуіне тура келді. Бұл жағдайға бай қандай көзқарас танытады деп ойлайсыз?

	<b>Мұқан</b>	<b>Қойма басқарушысы</b>	<b>Масликов</b>	<b>Иван Васильевич</b>	<b>Иван Лебедев</b>
--	--------------	--------------------------	-----------------	------------------------	---------------------

*Сен онда неге қарайсың? Қарыңды күре де, тиісті тиын-тебенінді алып, құры.					
-Жиырма тиынды мен берейін.					
- Жоқ деген атың шананың үстінде, бір атың шөптің артында байлаулы, қожайын, далада қалған еш нәрсе жоқ					
...Баланың күші менен гөрі басым жатыр. Мұндай жасымда менің күшім бұл мөлшерде болған жоқ еді.					
-Ей, сонша тулағаның не? Өзің үркек екенсің ғой...					
	<b>Дубный</b>	<b>Мұқан</b>	<b>Иван Лебедев</b>	<b>Масликов</b>	
- Ағын су көлге құймай дамылдай ма, мырзам.					
-Бұл мені жығады. Білмей жүрген бір әдісі бар еді, оны үйренеді. Енді Иван біреу емес – екеу.					
- Самара балуаны Иван Васильевичтің жіберген кісісі					
-Мұқан енді көп ұзамай Парижге жүреміз. Онда жер жүзінің атақты балуандары қатысатын болыпты					
Мұңайтпасов , мұның қалай, мейрамда неге демалмайсың?					
- Шақырыңдар городовойды. Мына шошқаға ақт жасасын					

Мұғалім: Ал, енді балалар, тақтаға назар аударсақ, ол жерде сендерге берілген бөлімдерің бойынша тапсырмаларды орындайсыңдар. Оқулықтарыңдағы мәтіндермен жұмыс істейміз. Мына берілген кімнің сөзі екен, соны табамыз. (Топқа бөлінген бөлімдер бойынша, төл сөздерді жазып, жанына кейіпкерлердің есімдері жазылып тұрады. Оқушылар соны тауып, жанына дұрыстап қояды)

«Кімнің сөзі? Қай кезде айтылды?» деген сұрақтар беру. («Семантикалық карта»)

Дәптермен жұмыс «Күш атасы-Қажымұқан». Бес минуттық эссе.

Сабақты бекіту:

«Жуан және жіңішке сұрақтар» стратегиясы.

Балалар, біз олимпиаданың символын білеміз бе? . Ол үшін мына сұрақтарға жауап беріп олимпиаданың символын жасайық. (Мына сақиналардың артында сұрақтар жасырылады)

- 1.Мұқанның балалық шағы қайда, қандай жағдайда өтті? (көк)
- 2.Отыз пұт май қатырған кеспекті, бала шанаға қалай салды? (қара)
- 3.Мұқан бір шана шөпті бай үйіне қалай жеткізді? (қызыл)
4. Мұқанның шығармада қандай бейнесін көреміз ? (сары)
- 5.Қажымұқан жайында не білеміз? (жасыл)

**Қорытынды:** Мұғалім: балалар, Қажымұқан балуанның өмір тарихы алып күшінің арқасында әлем спорт тарихына енді. Қазақ халқы осы тумасы арқылы әлі талай ғасыр мақтана алады «Көп бейнеттің зейнеті

болады» демекші, бірде дастархандас болып отырған жерлесі

-Қажеке,сіздің арманыңыз жоқ шығар ?-деген екен

Сонда Қажымұқан :

Армансыз адам болмайды.Мен сол арманды орындау үшін қанша әрекет етсем де ,күш өнеріндегі биікке шыққан қандастарымды көруді армандаймын.-, депті.

Қажекеңнің бұл арманын кейінгі ұрпақ жүзеге асыруда .Із басарлары Жақсылық Үшкемпіров Шәміл Серіков ,Дәулет Тұрлыханов сынды қазақ таланттары спорт тарихына енді. Бейбіт Ыстыбаев,Мұхит Тұрсынов , т.б.

— Сонымен,балалар,Қажымұқан аталарындай палуан болғыларың келсе,палуандар тілі-спорт.Денсаулықтарың шымыр болсын десеңдер-спортты сүйелерің керек.

«Қаласын кездім талай дүниенің,

Таныттым мен туған қазақ елін.

Үстімнен жүк автобус жүрген уақытта,

Сонда да қайыспаған қайран белім» дегендей,өмірде белдерің қайыспайтын батыл,шымыр,еліміздің ертеңінің тірегі болыңдар.

Келесі сабақта оның күрес алаңына шығуымен танысатын боламыз.

Үйге тапсырма: «Қар күреген бала», «Жаяу сүйреген шана» бөлімдерін мазмұндау.

Бөлімдерге жоспар құру

**Бағалау.**

\* \* \* \* \*

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Беспішен ауылы  
Беспішен бастауыш жалпы білім беретін мектебі  
Табылдиева Ботакөз Мирасқызы**

**Зсынып. Әдебиеттік оқу**

<b>Пәннің аты Әдебиеттік оқу</b>	<b>Уақыты:</b>	<b>Кабинет:</b>	<b>Мұғалім Табылдиева.Б.М</b>
<b>Сабақтың атауы</b>	Т. Жароков Күз		
<b>Мақсаты Күтілетін нәтиже</b>	1) Білімділік: күз мезгілінің ерекшелігі, істелінетін жұмыстар жайында, молшылық туралы түсініктерін кеңейту . 2) Дамытушылық: өз ойын ашық білдіріп, пікірлерін қорғай білуге, шығармашылық ізденістерін арттыруға, ізденуге дағдыландыру. Дүние танымын кеңейту 3) Тәрбиелік: еңбекшіл болуға , кәсіптік бағдар беру . Патриоттық тәрбие беру . Көрнекілігі: күзге байланысты жасалған слайдтар . Сабақ түрі: деңгейлеп оқыту		
<b>Психологиялық ахуал</b>	<i>Психологиялық дайындық.</i> Қазір қай мезгіл? 2. Топқа бөлу : « <i>Шашылған әріптер</i> » ойынын ойнату. ( <i>Әр топ басшысы шашылған әріптерден өз тобының атын жинақтап шығады</i> ) <b>1-топ:</b> «Береке күз» <b>2-топ :</b> «Алтын күз» <b>3-топ :</b> «Қара күз»		
<b>Қызығушылықты ояту</b>	<b>II. Үй тапсырмасын сұрау.</b> <ul style="list-style-type: none"><li>• Үйге не берілді ?</li><li>• «Күз» әңгімесін оқып , түсінік айту .</li><li>• Бұл әңгімені кім жазды ?</li><li>• Міржақып Дулатов</li></ul> <i>Шығармашылық жұмыс:</i> <ul style="list-style-type: none"><li><b>8.</b> топ: Күз мезгілін салып келу</li><li><b>9.</b> топ: « Күз» туралы өлеңдер жаттап келу</li><li><b>10.</b> топ : «Киіз үйдің кереметі » тақырыпта эссе жазып келу</li></ul> <b>Шығармашылық тапсырмалардың орындалуын тексеру</b> <ul style="list-style-type: none"><li>1-топ : «Күз» тақырыбындағы суреттерін көрсетеді .</li><li>2-топ : «Күз» атты тақырыпта жаттап келген өлеңдерін айтып береді .</li><li>3-топ : «Киіз үйдің кереметі » тақырыпта жазып келген эсселерін оқып береді .</li></ul>		
<b>Мағынаны тану</b> <b>а. Жұмбақ шешу</b> Жиын терін болатын , Қамбаға астық толатын . «Қызыл қырман » ойнайтын			

Қай мезгіл деп ойлайсың ? «Күз мезгілі »

**б. Топтастыру «Күз мезгілі қандай болады ?»**

**3. Тайыр Жароковтың өмірі және шығармаларымен таныстыру .**

Тайыр Жароков- ақын , аудармашы ,майдангер .  
Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы  
Жетісай ауылында дүниеге келген .  
Алғашқы өлең жинағы «Жұлдыз жарығы » ,  
деген атпен басылып шықты . «Тасқын » ,  
«Тастағы жазу » , «Құмдағы дауыл» деген  
сияқты кітаптары жарық көрген . Көптеген туындыларды аударды .

**ІІ. Ұнтаспадан Т.Жароковтың «Күз» өлеңін тыңдау .**

Бұл өлеңді кім жазды ? Қалай аталады ?

**ІІ. Поэзия минуты**

Т.Жароковтың «Күз» өлеңін мәнерлеп оқу.

**ІІ. Өлеңнің әр шумағын оқытып , шумақтың мазмұнын ашу .**

- 1- шумақта не туралы айтылған ? - Аспанда бұлт , жаңбыр жауды ,тамщы күміс моншаққа ұқсайды
- 2- шумақта не туралы айтылған ? -Қайың ,терек тің жапырақтары сарғаып , жерге түсіп , шашылып жатыр ,жел үрсе қалтырайды .
- 3- шумақта не туралы айтылған ? - Жемістер балбырап пісіп тұр . Піскен алма албырап ,өзіне көз тартады
- 4- шумақта не туралы айтылыпты? - Беті күнге күйген балалар асыр салып ойнап жүр. Анасындай болған мектебі қоңырауы сылдырлап. балаларды оқуға шақыруда .

- Күзде неге жапырақтар түседі ?

**«Күзде жапырақ неге сарғаяды?»**

Жапырақтың түсі неге жасыл? Себебі жапырақта оған жасыл түс беретін, «хлорофилл» деп аталатын заттар бар. Осы хлорофилл затында күн қуатының (жылуының) қатысуымен тамырдан келген су мен ауадан қант, крахмал сияқты аса маңызды қоректік зат түзіледі.

Салқын түскен кезде жапырақтағы хлорофилл жойылады. Оған себеп – күн көзі қызуының азаюы.

Жапырақтар бозарады, қурап сарғаяды.

Жапырақта басқа да түстер шығаратын заттар бар. Жасыл бояу басым болған кезде олар көрінбей қалады.

Жасыл бояу азайғанда олар айқын көрінеді. Сөйтіп, жапырақ сап-сары, қып-қызыл түске еніп, қурап түсе бастайды. Мұндай құбылыс күзде болады.

**8. Оқулықпен жұмыс**

**1. Тізбектей оқыту .**

**2. Жалғасын тап : Мақалды аяқта**

Еңбек етсең ..... (емерсің)

Еңбек етсең ерінбей, .....(Тояды қарын тіленбей )

Еңбектің наны тәтті, .....(Жалқаудың жаны тәтті )

**14. Суретке мәтін құрату**

**15. Дәптермен жұмыс . Мына сөздердің ішінде қай сөз артық ?**

Қоңыр күз , алтын күз , берекелі күз , жемісті күз , бәйшешекті күз , салқын күз, қара күз .

**Сергіту сәті**

Орманда кірпі келеді,  
Саңырауқұлақ тереді.  
Кездесті, міне, керегі:  
Екеуі қайың астынан.  
Біреуі терек қасынан.  
Қанша олар болмақ есепте,  
Тоқылған салса себетке?

Ой  
сергітеді,шашағандары  
басылады

**Ой толғаныс**

**Венн диаграммасы :**

**Жаз**

**Күз**

**Қорытынды :**

- Балалар бүгін біз не өттік ?
- «Күз » өлеңін кім жазды ?
- Тайыр Жароков кім ?

<b>Үйге тапсырма</b>	Мазмұндау	Күнделіктеріне жазып алады
<b>Бағалау</b>	<u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u>	Бағалау парақшасын толтырады.
<b>Кері байланыс</b> Оқушыларға екі түрлі смайликтер Оқушыларға екі түрлі смайликтер таратылады. Сабақ соңында алған әсерлерін смайлик арқылы көрсетеді.таратылады. Сабақ соңында алған әсерлерін смайлик арқылы көрсетеді.Оқушыларға екі түрлі смайликтер таратылады. Сабақ соңында алған әсерлерін смайлик арқылы көрсетеді		

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Бостандық ауылы  
Бостандық орта жалпы білім беретін мектебінің  
өзін-өзі тану пәні мұғалімі Адиева С.З**

Тақырып: **Талаптыға нұр жауар**

Құндылық: Дұрыс әрекет

Қасиеттер: сыйластық, бақыт, мейірімділік, сүйіспеншілік, талаптану

Класс: 4 Оқушылар саны: 14

<p><b>Сабақ мақсаты:</b> Оқушыларға жақсылыққа талаптану арқылы дұрыс әрекет жасауға болатынын түсіндіру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқушыларға бақыт, сыйластық, мейірімділік қасиеттері адамға дұрыс әрекет жасауға ықпал ететінін түсіндіру;</li> <li>- сыйластық, мейірімділік, бақыт, талаптану қасиеттерін дамыту.</li> <li>- оқушыларды ізетті, ілтипатты, табанды болуға тәрбиелеу.</li> </ul>	<p><b>Ресурстар:</b> (құралдар, мәліметтер)</p>
<p><b>Сабақ барысы:</b></p> <p>Ұйымдастыру кезеңі. (Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеріледі)</p> <p>5-т Татулық, Тәртіп, Талап, Тыныштық, Тазалық Тыныштық сәті. (баяу әуен) «Су асты тапшалығына ойша серуен» Балалар ыңғайланып отырады;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>•Қолдарын тізесіне қояды;</li> <li>•Аяқтарын айқастырмайды;</li> <li>•Арқаларын тік ұстайды;</li> <li>•Жайлы әуен тыңдайды;</li> </ul> <p>3. Үй тапсырмасын тексеру. №18 сабақ Қанат пен Жанат Б.Әділов -Жанат пен Қайраттың әрекеттері туралы не айтары едіңдер? -Қанат домбыраны үйрену ниетіне қалай жетті? -Талапты бала қандай болады, деп ойлайсыңдар? -Талапты баланың бойында қандай қасиеттер болады.</p>	
<p><b>4.Дәйек сөз.</b> <b>Талаптан да білім мен өнер үйрен,</b> <b>Білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл</b> <b>Ш.Құдайбердіұлы</b></p> <p>Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858—1931) — ақын, жазушы, аудармашы, композитор, тарихшы және философ. Кейбір деректерде оның есімін «Шаһкәрім» деп те көрсетеді.</p> <p>Туған жері қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Шыңғыстау бөктерінде 1858 ж. шілденің 11де дүниеге келген. Оның әкесі Құдайберді Құнанбайдың үлкен бәйбішесі Күнкеден туған, Абаймен әкесі бір, шешесі бөлек. Шәкәрәм сонда Абайға немере іні болып келеді Құдайберді отыз жеті жасында дүниеден өткенде, атасы Құнанбайдың тәрбиесінде болған Шәкәрім жетімдік тауқыметін тарта қоймаған. Өзінің «Мұтылғанның өмірі» атты ғұмырнамалық өлеңінде бес жасында ауыл молдасынан сабақ ала бастағанын жазады. Атасы оның көңіліне қаяу түсірмей, бетінен қақпай,</p>	

<p>еркелетіп өсіреді: ол жөнінде ақынның өзі: «қажы марқұм мені „жетім“ деп аяп, қысып оқыта алмай, жетімді сылтау етіп, ойыма не келсе, соны істеп ғылымсыз өстім» деп өкіне еске алады. Алайда ақылды бала өсе келе тез ес жиып, жеті жасынан бастап өлең сөзге бейімділігін танытады.</p>	
<p align="center"><b>Әңгімелеу (сұхбат) /мұғалім сыйы/</b></p> <p><b>4.Аңыз әңгіме:</b></p> <p>Ертеде бір кісі баласын әбден есіртіп,еркелетеді. Өсе келе тілі удай ащы, есерсоқ, бейәдеп жігіт атанады. Жұрт безердей болғандықтан, оның қасына ешкім жүрмеуге тырысады.</p> <p>Әкесі әбден ойланып, мынадай айла жасайды. Баласын шақырып алып, бір жалпақ тақтай береді. Күніне қанша адамды ренжітсең, мына тақтайға сонша шеге қақ дейді. Бірінші бала тақтайға 37 шеге қағады. «Балам,өзіңді тежеп ұстап, шегенді азайтуға тырыс» депті. Баласы әкесінің сөзін тыңдап, азайта отырып, бір күні ешкіммен ұрыспайтын, шеге қақпайтын да күнге жетіпті. Сол күні әкесі былай деп ақыл айтады: «Енді балам, ешкіммен ұрыспайтын болдың. Бір адамды қуантқанда бір шегеден суырып отыр». Бала әкесінің сөзін орындауға тырысып, тақтайдағы шегені де күндердің бір күнінде таусыпты. Әкесі қуанып «Балам мен сені дұрыс адам болмайтын шығар деп қорқып едім. Міне өзіңді өзің тәрбиеледің, жақсы адам болып жолға түстің. Бірақ балам, мына тақтайға қарашы,бұрынғысындай тегіс әдемі емес. Беті шұрық тесік. Сен қанша кешірім сұрасаң да олар қанша кешірдім десе де кезінде айтылған сөздерді қалай өшіресің? Бәрібір ол жүректің түбінде қалады ғой. Әрине, бұл күндердің әркіммен бір ұрысып жүргеннен жақсы. Бірақ бұл саған өмірлік сабақ болсын, тіліңе ие бол», -дейді.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Баланың іс әрекетіне қарап, мінез құлқына қандай баға беруге болады?</li> <li>- Әкесі қандай айла ойлап тапты?</li> <li>- Бала өзін тежеп ұстауға қалай үйренді?</li> <li>- Әкесінің «Бұл саған өмірлік сабақ болсын» дегенін қалай түсіндіңдер?</li> </ul> <p><u>Бала дұрыс әрекет жасады деп ойлайсыңдар ма?</u></p>	
<p><b>Шығармашылық жұмыс, топтық жұмыс</b></p> <p>Сынып 3-топқа бөлінеді</p> <p>1-топ.Талаптану тақырыбына өлең шығару.</p> <p>2-топ. (өзіңнің жасаған жақсылығыңды есіңе түсіріп көр) суреттеп, суретті дәптерге сал.</p> <p>3-топ. «Талапқа жетер мұратқа» тақырыбына шығарма жазу</p>	

<p><b>5. Топпен ән айту</b> <b>Ақ көгершін</b> Сөзі Н.Баймұхамедов. Әні А.Жұбанов.</p> <p>Ақ көгершін , көгершін, Қолқанат құс сен едің. Бар кезіп қайт ел үшін. Кең дүниенің көлемін. Әділеттің құсы деп, Көз алмастан жолыңнан , Бақыт құсы болсын деп Ұшырамын қолымнан. <b>Қайырмасы.</b> Ел тілегін алып ұш, Адамзаттың бағына Қара бұлтты жарып ұш Мұхиттың арғы жағына.</p> <p>Көзін сенен алмайды Ақ ниеті бар адам. Ақ қанатың талмайды Әділеттен жаралған. Тыныш бейбіт өмірдің Белгісі боп қанат қақ. Әлемге ортақ көңілдің Қайт шыңына қонақтап. <b>Қайырмасы.</b></p>	
<p><b>Үй тапсырмасы</b> №19 сабақ «Қорада малың болсын, көшеде талың болсы» С.Ақаев /93-94 бет</p>	
<p><b>16. Соңғы тыныштық сәті.</b> Баяу әуен қойылады. Оқушылар денесін, басын тік ұстап, көзін жұмып отырады. Мұғалім жәй дауыспен: - Әрқайсымыз оң қолымызбен жүрегімізді ұстап көрейік. Өз жүрегіміздің жылылығын сезініп, жүрек жылуымызды адамдарға, айналамызға жеткізу үшін іштей оларға жақсы тілектер тілейік. Жақсы ой ойлайық, жақсы сөз сөйлейік, жақсы іс жасайық! Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңізді жүректеріңізге түйіп алыңыздар. Рахмет!</p>	

**БҚО, Казталов ауданы, Бостандық ауылы,  
Бостандық орта жалы білім беретін мектебінің  
бастауыш сынып мұғалімі Хамзина Жеміс Анесқызы**

**Сыныбы:** 4А

**Сабақтың тақырыбы:** Күнделік- менің құжатым.

**Сабақтың мақсаты:** Диалогтік оқыту (сұрақ- жауап)әдісін қолдана отырып, оқушылардың қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту; жіктік жалғауды еске түсіре отырып, оны сөйлемдерде қолдана білу .

**Сабақтың міндеті:** Күнделік – менің құжатым тақырыбы бойынша жаңа сөздермен танысу, сұрақ- жауап арқылы өз ойын, пікірін еркін жеткізе білуге үйрету, жеке, жұптық, топтық жұмыс барысында ынтымақтастыққа, өзінің оқуына деген жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу.

**Қолданылатын модульдер:**

Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдер.

Оқыту үшін бағалау, оқуды бағалау әдістері.

Оқытуда АКТ- ны пайдалану.

Сыни тұрғыдан ойлау.

Оқудағы басқару және көшбасшылық.

Стратегиялық іс- әрекеттер: «Ой тастау», «Кластер»әдісі (АКТ), жеке,жұптық, топтық жұмыс, «Сөйлемді дұрыс құрастыр» (АКТ), «Алтын балыққа арналған аквариум» (3 ойын), (қорытындыға) - «Инсерт» тәсілі, «Бесбармақ» әдісі. 3 оқушыны зерттеу үшін «Lesson Stadi» әдісі.

Күтілетін нәтиже:Диалогтік оқыту барысында оқушылар тілді түсінеді, қазақ тілінде сөйлеу дағдылары



қалыптасады және өмірде қолдана алады, жіктік жалғауды сөйлемде таба алады. Ынтымақтастық әрекеті арқылы топта өзіне-өзі, өзгені бағалауға үйренеді. Оқушылар мұғалімнің жетелеуімен сабақтың тақырыбын анықтай алады. Топта жұмыс жасауға үйренеді, өз оқуларына деген жауапкершілік пайда болады. Бағалау парағы. «Бағдаршам» әдісі бойынша.

Бөлімі Уақыт өлшемі.	Бөлімнің мазмұны	Мұғалім іс- әрекеті	Оқушы іс- әрекеті	Бағалау (формативті, жиынтық)	Ресурстар	Кедергілер
I. Кіріспе 7 мин.	1. Ұйымдастыру кезеңі. 2. Психологиялық атмосфера құру.  3. 3 топ құру.	Амандасу. Оқушылар тұрғызып, «Көңілді би» сергіту сәтін өткіземін. Оқушыларға буынға бөлінген қима қағаздар беремін. Оқушыларға бүгінгі күнге сәттілік тілеп, «Алтын ережені» еске түсіреміз.	Оқушылар амандасады, шеңберге тұрып, сергіту сәтін орындайды.  әрбір оқушы буын арқылы өз жартысын тауып, шыққан сөз бойынша тиісті орнына отырады. Оқушылар ережені өздері айтады. - тәртіп сақтау; - белсенділік таныту; - ұйымшылдық; - Жауапкершілік;	«жақсы, өте жақсы».	«Көңілді би» сергіту сәтінің бейнеролигі. <b>1 слайд.</b> Буынға бөлінген сөздер (кі-тап, дәп-тер, сөз-дік) 2 дана «Алтын ереже» жазылған слайд <b>2 слайд.</b>	оқушылардың өз пікірін айта алмауы; қазақ тілінде сөздік қорының аздығы; өз ойын қазақ тілінде толық жеткізе алмауы; бір-бірінің пікір білдіруін сұрай алмауы (мысалы, «Сен неге олай ойлайсың?» -деп.
II. Тұсауке сер. 10 мин.	4. Өткенді еске түсіру, бекіту.  Өткен тақырыпты еске түсіру үшін оқушыларға А3 форматты қағаз таратылады, олар «Кластер» әдісі арқылы бойынша «Менің оқу құралдарым» тақырыбын постерге салады. Кейін АКТ-да әр топ кезекпен шығып, тақтадағы Кластерді толтырады.	бүгінгі сабақтың ерекше екенін айтамын, сәттілік тілеймін. Өткен сабақта не өттік? Дұрыс.  Оқушыларға А3, маркерлер таратамын. Шыққан топқа сұрақ қойып отырамын.  Тақырыпты бекіту үшін <b>СТО сұрақтарын қоямын</b> <b>I топқа- Сен оқу құралдарың қалай ұстайсың?</b> <b>II- топқа Оқу құралдары не үшін қажет?</b>	□□. Оқу құралдары  Оқушылар А-3 форматына салады. Дайын болған топ шығып, қорғайды.	Формативті бағалау. Оқушыларға өздерін, өзгелерді бағалау парақтарын таратамын, түсіндіремін. Әр тапсырма сайын оқушылар өздерін, өзгелерді бағалап отырады.	А3 форматы, түрлі түсті маркерлер, стикерлер.	жалпы топтық шешім қабылдар алдында өз идеяларым ен бөлісе алмауы; - Уақыт тапшылығы; - Топқа жұмыла алмауы; - Кейбір оқушылардың қысқа жауап беруі; - Бірінші кезекте ұялшықтық, сенімсіздік сезімдері

<p>III. Негізгі бөлім.</p>	<p>5. Үй тапсырмасын сұрау.</p> <p>Жаңа тақырыпты анықтау үшін сұрақ қойылады. Оқушыларға көмек ретінде <b>ребус</b> беріледі.</p> <p>Сабақтың мақсаты айтылады. «Диалогтік оқыту әдісін қолдана отырып, оқушылардың қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту; Тақырып туралы мағлұмат беру.</p>	<p><b>III- топқа Оқу құралдарын неліктен таза ұстау керек?</b></p> <p>Үйге не берілді? Үй тапсырмасын 1-2 баладан сұраймын.</p> <p>Бүгінгі сабағымыздың тақырыбын анықтау үшін сендерге ребус беріледі. Оқушыларға ребусты шешкен кезде сөз және жұрнақ шығатынын айтамын.</p> <p>Сонымен тақырыбымыз қандай екен? Дұрыс. Сабағымыздың тақырыбы «Күнделік- менің құжатым». Оқушыларға слайд көрсетемін, тақырып туралы мағлұмат беремін.</p>	<p>Тақпақ жаттау. 1-2 оқушы шығып, жаттаған тақпақтарын айтады.</p> <p>Оқушылар ребусты топта шешеді. Шешкен кезде «Күнделік» сөзі шығады. Оқушылар шыққан сөзді қағазға жазады. Әр топтан бір-бір оқушы сөзімен шығады, осылай сөз оқылып, тақырып анықталады. «Күнделік».</p>	<p>Жақсы. Өте жақсы. Жиынтық бағалау.</p>	<p>Ребустар.</p> <p>№3 слайд. күнделік.</p>	
	<p>Жаңа сөздермен танысу.</p> <p><b>17. Тапсырма.</b> Жаңа сөздерді қолдана отырып, диалог құрастыру.</p>	<p>Жаңа сөздерді ең алдымен өзім оқимын.</p> <p>Оқушыларға жаңа сөздер жазылған қағаз беріледі.</p> <p>Мұғалім 1-тапсырманы түсіндіреді.</p>	<p>Оқушылар бірнеше рет оқиды.</p> <p>Оқушылар топта жаңа сөздерді қолдана отырып, диалог құрастырады. Постерге жазып 2 оқушы шығып қорғайды.</p>	<p>Топта оқушылар өзара бағалап отырады.</p>	<p>Интерактивті тақтадағы жаңа сөздер слайды. <b>4 слайд.</b></p>	

5 мин	<p><b>27. Тапсырма.</b> АКТ. «Сөйлемді дұрыс құрастыр. Интерактивті тақтадағы тапсырма.</p>	<p>Мұғалім тапсырманың ережесін түсіндіреді.</p>	<p>Интерактивті тақтада әр топқа 2 сөйлемнен беріледі, олар сөйлемді дұрыс орналастырулары тиіс.</p>	<p>Бағалау парақтары АКТ</p>	<p><b>5 слайд</b></p>	
5- мин.	<p><b>Сергіту сәті.</b> <b>«Қара жорға» биі.</b></p> <p><b>5. Тапсырма.</b> «Алтын балыққа арналған аквариум» әдісі.</p>	<p>Мұғалім тапсырманың ережесін түсіндіреді. Оқушыларға жасырын суреттер таратылады, кімге балық түссе, сол алтын балық болады.</p>	<p>оқушы шығып басына алтын балықтың маскасын киеді, орындыққа отырады. Қалған топтың оқушылары кез келген сұрақтар қояды, жауап бере алмаса, топ мүшелеріне көмектесуге болады.</p>	<p>Қай топтан шықса, сол топтың балалары сол баланы бағалайды.</p>	<p>«Алтын балыққа» арналған маска, орындық.</p>	
ІҮ. Қорытынды бөлім. 5 мин.	<p>Сабақты бекіту.</p> <p>Сөздерді сипаттау</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>□. Не туралы</li> <li>□. 2-3 сын есім</li> <li>□. Етістік</li> <li>□. Жалпы фраза</li> </ul> <p>Үйге тапсырма. «Менің күнделігім» тақырыбына шағын эссе жазу. «Инсерт» әдісі «Бесбармақ» әдісі бойынша рефлексия жүргізіледі. Тақырыпты жақсы түсінсе бармақты жоғары, орташа түсінсе, бармақты көлденең, түсінбесе, бармақты төмен түсіреді.</p>	<p>Мұғалім сабақты қорытындылайды. <b>«Синквейн» әдісі</b> бойынша тақырыпты қорытындылаймыз.</p> <p>3. Әр топқа бір сөз беріледі, оқушылар сол сөзге сипаттама береді. 1-2 оқушының Бағалау парағын алып, неге олай бағалағанын дәлелдейді.</p>	<p>Әр топқа бірдей тапсырма. Оқу құралдары оның ішінде I-топ- «Кітап» II топ- «Күнделік» III топ- «Дәптер» Әр топ өз сөздеріне сипаттама береді. <b>Мысалы:</b> <b>I топ- Кітап-</b> оқимыз, ашамыз, баға қойылады қызық, әдемі, үлкен қағаздан жасалған <b>II топ-Күнделік</b> ашамыз, жазамыз әдемі, үлкен қағаздан жасалған <b>III-топ- Дәптер</b> ашамыз, жазамыз, баға қойылады әдемі, таза қағаздан жасалған</p>	<p>Формативті бағалау.</p>	<p>бағалау парағы.</p> <p>Постер, маркер</p>	

<b>Пән</b>	Алгебра және анализ бастамалары
<b>Мұғалім</b>	Ибатов Женис Ермекович
<b>Мектеп, сынып</b>	БҚО, Казталов ауданы, Бостандық орта жалпы білім беретін мектебі. 10-сынып
<b>Сабақ тақырыбы</b>	Күрделі функцияның туындысын табу

<b>Сілтеме</b>	Блум таксономиясы, оқулық.
<b>Жалпы мақсаттар</b>	а) оқулық: оқушыларға күрделі функцияның туындысын табу ережелерін таныстыру, ережелерді қолдану тәртібін меңгерту, дәрежелік функцияның туындысын табу формуласын таныстыру, күрделі функцияның туындысын табу есептерін шешуді үйрету. ә) дамытушылық: оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, ой өрістерін кеңейту; б) тәрбиелік: оқушыларды таза жазуға, ұқыптылыққа, көп еңбектенуге тәрбиелеу.
<b>Оқыту нәтижелері</b>	- Күрделі функцияның туындысын табу ережелерін жазып бере алады; - Дәрежелік функцияның формуласын қолдана біледі; - Күрделі функцияның туындыларын таба алады; - Есептер шығару кезінде осы жоғарыда айтылған білімдерді сабақтастырады.
<b>Негізгі идеялар</b>	- Күрделі функцияның туындысын табу ережелерін қолдана отырып қарапайым дәрежелік функциялардың туындыларын анықтау; - Уәжді ынталандыру, бірлесе отырып орындалатын жұмыстар негізінде материалды меңгеру, бір-біріне көмек беру; - Өзіндік ойын айта білуге дағдыландыру.
<b>Сабақтың кезеңдері:</b>	
	<b>I. Ұйымдастыру кезеңі:</b> а) оқушылармен сәлемдесу, тізім бойынша түгендеу; ә) оқушылардың сабаққа дайындықтарын тексеру; <b>Оқушыларды 3 топқа бөлу және топ көшбасшыларын таңдау. Топтық жұмысты бақылау, сұрақ-жауап сәгін ұйымдастыру, оқушылардың бірін-бірі бағалауына мүмкіндік туғызу және тапсырмаларды талқылап, ортақ шешімге келуіне жағдай жасау.</b> <b>II.1. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру.</b> <i>Интербелсенді тақтадан үйге берілген тапсырманың дұрыс жауабы беріледі. Жұптасып отырған оқушылар бір-бірімен дәптерлерін алмасып, экрандағы есептің дұрыс жауабымен салыстырады. Дұрыс жауапқа 1 балл қойып отырады. Мұғалім оқушылардың үй тапсырмасы бойынша жинаған ұпайларын оқып кетеді. Оқушылардың дәптерлерінен үй жұмыстарының орындалуын тексеріп өтеді.</i> <b>II.2. Білімдерін сұрақтар қою арқылы тексеріп өту:</b> <a href="http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/855-analiz_bastamalary#lesson=11276">http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/855-analiz_bastamalary#lesson=11276</a> <b>III. Жаңа сабақ материалын Блум таксономиясының кезеңдері бойынша игеру.</b>
	<b>Білу.</b> Күрделі функцияны құрастыру ережесі: <a href="http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/855-analiz_bastamalary#lesson=11604">http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/855-analiz_bastamalary#lesson=11604</a> <b>1-мысал:</b> $g(x)=x+1$ $f(x)=x^2$ 1) $y=f(g(x))$ $y=(x+1)^2$ 2) $y=g(f(x))$ $y=x^2+1$ <b>Күрделі функцияның туындысын табу ережесі:</b> $Y=f(g(x))$ $Y'=(g(x))'(f'(g(x)))'$ <a href="http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/855-analiz_bastamalary#lesson=11604">http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/855-analiz_bastamalary#lesson=11604</a> <b>2-мысал: туындысын табыңыз.</b>

<b>Жалпы топтарға ортақ тапсырма</b>	<b>Түсіну.</b> Қарапайым функциялардың туындысын табуға арналған тапсырмаларды орындау. Жалпы сыныппен жұмыс. Талантты балалардың белсенділіктері арқылы келесі есепті тақтада екі оқушыға орындату. Экраннан: <a href="http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/855-analiz_bastamalary#lesson=11604">http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/855-analiz_bastamalary#lesson=11604</a> 5-жаттығуды орындайды. <b>№ 213. №214</b>
<b>Топтық жұмыс жүргізу</b>	Топтық жұмыс жүргізу. Бөлінген топтарда топ көшбасшысының басқаруы арқылы топпен жұмыс жүргізу. № 215 а) ә) б) есебін топтаса отырып орындату. Бірінші аяқтаған топтан оқушылар жұмыстарын интербелсенді тақтада қорғап түсіндіреді. Басқа топтар өз ойларын айтады.
<b>1-тапсырма</b>	<b>Синтездеу</b> <b>Топтарға сыни тұрғыдан ойланып, шешімдерін анықтауға берілген есептер:</b> №216 есептің а), ә), б) нұсқасын топтаса отырып орындату.
<b>2-тапсырма</b>	<b>Қолдану:</b> Топқа есептер: №217 а), ә), б) нұсқасын орындау, жұппен талқылау. Ойларды ортаға салу.
<b>Қорыту</b>	IV. Сабақты қорытындылау. <b>V. Бағалау.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Топ көшбасшысының бағалауы;</li> <li>• Оқушылардың оқытуды бағалауы;</li> <li>• Оқушыларға бағалар қою.</li> </ul>
<b>Ұй тапсырмасы</b>	II тарау, §16, №218,219

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Бостандық ауылы  
Бостандық орта жалпы білім беретін мектебінің бастауыш  
сынып мұғалімі Серғалиева Мадина Қыдырғалиқызы**

**Пәні: Әдебиеттік оқу**

**Сабақтың тақырыбы: «Табиғатпен табысу» Оразақын Асқар**

**Мақсаты:** Оқушыларға өлеңді мәнерлеп, түсініп оқуға үйрету. «Табиғатпен табысу» өлеңі арқылы адам, табиғатты аялауға, қамқорлық жасауға, мейірімділікке баули отырып танымдық қабілетін дамыту.

**Міндеттер:** Өлең мазмұнымен таныстыру, өлеңнің мағынасын ашу, ой түйіндей білуге үйрету;

Ой қозғау стратегиясын пайдалана отырып, оқушылардың сұрақ қою арқылы жан-жақты ойлауы, еркін пікір айта білуі;

Топпен жұмыс, болжау, ТВ шоу стратегияларын пайдаланып оқушылардың өзіндік жұмыс істей білуі;

Табиғатты қастерлей білуге және байқағыштыққа, қамқорлыққа, мейірімділікке, табиғаттың таңғажайып сырларын таныту;

**Ресурс:** 2-сыныпқа арналған Әдебиеттік оқу оқулығы, интербелсенді тақта, маркерлер, көңіл-күйді білдіретін стикер.

**Модуль:** Білім беруде АКТ-ны пайдалану, «Білім берудегі басқару және көшбасшылық», «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету», «Талантты және дарынды балаларды оқыту».

**Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер мен стратегиялар:** «шаттық шеңбері», топтасу, «ментальді картамен» жұмыс, «Миға шабуыл» стратегиясы, «Болжау» стратегиясы, аудиовизуалды айғақтар, «ТВ шоу», «Ғажайып бақ» стратегиясы, Сергіту сәті, Рефлексия «Екі жұлдыз, бір тілек», Формативті бағалау, отшашу, өзін – өзі бағалау, топ аралық бағалау

**Сабақтың барысы:**

**Ұйымдастыру бөлімі:**

Психологиялық дайындық

Алақанмен айналаға,

Шуақ нұрын шашайық.

Сәттілік тілеп күлімдеп,

Біз сабақты бастайық.


Оқушыларды топқа бөлу

*I топ*

*II топ*

*III топ*

*IV топ*



Үй тапсырмасын қайталау:

- Сыбаға дегеніміз не? (Қонаққа арнайы сақталған ет)
- Бауыржан Момышұлының анасының есімі? (Рәзия)
- Ы. Алтынсарин қай жылдар арасында өмір сүрді? Ыбырайдың атасының есімі? (1841-1889ж, Балғожа)
- «Түрмеден қашқан», «Кісен ашқан», «Адай» күйлерінің авторы кім? (Құрманғазы Сағырбайұлы)
- Мүсінші бала (Мысық)
- Арман қып туған елінің

Бақытқа қолы жеткенін

Ұрпаққа артып сенімін,

Ашты ол тұңғыш мектебін- өлең жолдары кім туралы айтылған?

Жаңа сабақ: Оразқын Асқар

**Табиғатпен танысу**

Келдім, тауым, тағы да,

Асылайын мойныңа.

Жеміс толы бағыңа

Қараудан көз тойды ма?!

Табиғатпен табысып,

Тас бұлақты сүйемін

Қайыңмен төс қағысып,

Гүліңе бас иемін.

Еліңді атпайын,

Үркітпеймін құсыңды.

Қорғауға адамзат дайын,

Қателігін түсінді.

Табиғат сөзін топтастыру

Топтық жұмыс

*I топ*

Табиғатты қалай қорғауға болады?

*II топ*

Құстарға қандай көмек берер едіңдер?

*III топ*

Табиғаттың адамға пайдасы туралы не білесіңдер?

*IV топ*

Табиғат тамашаларына нелер жатады?

Дәптермен жұмыс

Жұмбақ

Ақ сандығым ашылды,

Ішінен маржан шашылды.

"Жалғасын тап" ойыны

Мақал-мәтелдердің жалғасын тап

1 Жаңа айдан жақсылық

2 Жауынмен жер көгереді

Батамен ел көгереді

1 Сәуір болмай тәуір болмас

2 Таумен тасты су бұзар,

Дос арасын қу бұзар.

1 Ағаш жапырағымен,

Жер топырағымен сәнді.

2 Құс қонбаған көл жетім,

Ел қонбаған жер жетім.

**11.** Қыстың көзі қырау

**12.** Таулы жер бұлақсыз болмас,

Сулы жер құрақсыз болмас

**Жұмбақтар**

Көз жасты – жылауық,

Келе жатыр бір алып.

Жабырқаса жылайды,

Жадыраса тарайды.

**Жауабы:** Бұлт

Аппақ, бірақ сүт емес,

Аппақ, бірақ бор емес,

Аспаннан ол түседі,

Даланы ақпен жабады.

**Жауабы:** Қар

Гүілдейді құлаққа

Оны ешкім көрмейді.

**Жауабы: Жел**

Мұрныннан кеудеге өтеді,

Одан кері кетеді,

Өзі көзге көрінбейді,

Онсыз өмір сүрілмейді.

Сабақты қорытындылау

Үйге тапсырма: Табиғатты аялайық атты шығарма жазу

Оқушыларды бағалау

**Жауабы: Ауа**

Тоңғақты таниды,

Беті — қолын қариды.

**Жауабы: Аяз**

\* \* \* \* \*

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Әжібай ауылы.**

**Бірік орта жалпы білім беретін мектебі**

**Музыка пәнінің мұғалімі: Козина Айгуль Васильевна**

<b>САБАҚ:</b> <b>Ойыншығыма арналған бесік жыры</b>		
Күні: 12.09.2017ж		
<b>СЫНЫП: 2</b>		<b>Қатысқандар саны: 19</b>   <b>Қатыспағандар: 0</b>
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)</b>		2.2.1.2 - қарапайым музыкалық-шығармашылық жұмыстарды шығару үшін музыкалық көркемдеуші құралдарды қолдану;
<b>Сабақ мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар:</b>	
	Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді.	
	<b>Оқушылардың басым бөлігі:</b>	
	Тақырыптың маңызы туралы дәлелдеп айтып бере алады.	
<b>Сабақ мақсаттары</b>	<b>Кейбір оқушылар:</b>	
	Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алады.	
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.	
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.	
Пәнаралық байланыс	Музыка, қазақ тілі, тарих.	
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған жаттығулар мен тапсырмалар.</b>	<b>Ресурстар</b>
Басталуы 5 минут	Топқа бөлу 2 минут <b>Психологиялық ахуал қалыптастыру:</b> <b>«Көрші»</b> Мақсаты: әрбір қатысушының сол топтың бір мүшесі екендігін сезінуі, бір-біріне жылылық сыйлау. Нұсқаулық: Көршіңді оң жақтан құшақта, Көршіңді сол жақтан құшақта. Оң жақтағы көршіңе бір жымыып, Сол жақтағы көршіңе бір жымыып, Бүгінгі тренинг барысы, Біз үлкен отбасы.	Жіпте жайылған фотосреттерді алып, түріне сай топтарға бөлінеді.  (Көршілер қимыл – қозғалыстар арқылы жаттығуды жасайды)
Ортасы 10 минут	<b>Білу және түсіну 10 минут</b> <b>Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады.</b> Дәптермен жұмыс. Ойыншығыма арналған бесік жыры. <b>«Бесік жыры»</b> әнін тыңдайды үйренеді. Ән адам өмірінің қай кезеңін сипаттап тұр. Ән қандай сезімдерді оятады? Осындай әндерді ана баласына тәуліктің қай мезгілінде айтады? Сұрақтары арқылы ой бөліседі.	<b>«Әлемді шарлау»</b> әдісі арқылы түсіндіріледі. Аудио жазбадан тыңдайды.
Сергіту сәті	<b><u>Сергіту сәті «Қыдырып қайтайық»</u></b>	Видео

2 минут		жазбадағы би
Аяқталуы 20 минут Бағалау	<b>Синтез</b> <b>«Алтын балыққа арналған аквариум» әдісі</b> Оқушыларға жасырын суреттер таратылады, кімге балық түссе, сол алтын балық болады, оқушы алтын балықтың маскасын киіп, ортаға шығады. Басқа оқушылар оған сұрақтар қояды. Егер жауап бере алмаса топ мүшелері көмектесуіне болады.	<b>«Алтын балыққа арналған аквариум» әдісі</b>
<b>Үйге тапсырма: оқу, «Бесік жыры» әнін жаттау.</b>		
<b>Рефлексия (3 минут)</b> Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	Сабақтың оқу мақсаттары орындалды. қарапайым музыкалық-шығармашылық жұмыстарды шығару үшін музыкалық көркемдеуші құралдарды (екпін, ырғақ, жылдамдық т.с.с) танып білуге және қолдана алуға машықтанды. Кейбір оқушылар сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алатындарын байқатты.  Оқушылар сабаққа белсенді, қызығушылықпен қатысты. Сабаққа жоспарланған тапсырмалар орындалды. Оқушыларды тапсырма орындауда әлі де жылдамырақ жұмыстануға үйрету	
<b>Қорытынды бағамдау</b> Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. Оқушыларға көп қосымша ақпараттар беру 2: Ән айту бөлімі Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: Сабақта қолданған әдістер арқылы топтық жұмыстар 2: Музыка тыңдағанда және орындағанда музыканың көркемдеуші құралдарын ести алулары ұнады. Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім? Баланың жас ерекшелігіне байланысты әдістерді пайдалану арқылы сабақтың мақсаттарына жетуге, және оқушылардың сабаққа қызығушылығы артатынын, тыңдауға арналған музыкаларды тиімді пайдалану керектігін білдім.		

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Әжібай ауылы  
Бірік орта жалпы білім беретін мектебі  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Мажекерова Нургуль Умурзаковна**

Пәні/сыныбы/ күні: 20.10.2017 ж.	қазақ әдебиеті 9 – сынып
Тақырыбы	«Айтыс»
Мақсаты	Айтыс, айтыс түрлері мен ерекшеліктері мен тәрбиелік маңызы туралы біледі.
Күтілетін нәтиже	А. Айтыстың түрлері мен ерекшеліктері және тәрбиелік маңызы жайлы түсінеді.
	В. Айтыстың тәрбиелік маңызы мен ерекшеліктерін салыстыра отырып, олардың түрлерін ажыратады.
	С. Айтыстың тәрбиелік маңызын бағалай отырып, өмірмен байланыстырады, өз ойларын көркем тілмен жеткізеді



Қолд.әдіс– тәсілдер	«Ақылдың алты қалпағы», «ойлан, жұптас, талқыла», «Бес саусақ» әдісі	
Дереккөздері, құрал - жабдықтар	Оқулық, көркем әдеби кітаптар , ресурстар, интерактивті тақта, алты қалпақ,	
Сабақтың барысы	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	Амандасу. Тренинг «Жүректен жүрекке»  Топқа бөлу айтыс ақындарының суреттері арқылы 6 топқа бөлінеді.  Суреттерді құрастырып, қай заманның ақындары екенін айтып таныстырады.	Амандасады, оқушылар шеңберге тұрып бір – біріне бүгінгі сабаққа жақсы тілектер тілейді. Айтыс ақындарының суреттерін құрастыру арқылы алты топқа бөлу. Суретті құрастырып, айтыс ақындарының атын айтып, қай заманның ақыны екенін айтып таныстырады.
Тұсаукесер	Бұл не? Бейнеролик «Айтыс»	Оқушылар айтыс туралы бейнероликті көре отырып, өз ой-пікірлерін айтады.
Негізгі бөлім	1.Айтыс туралы дереккөздерінен, ресурстардан оқып танысады.  2.«Ақылдың алты қалпағы» әдісі	1.Оқушы алдында тұрған ресурстардан оқып тақырыппен танысады. Қысқаша өз түсініктерін топта талқылап, бір шешеімге келеді. Әр топ өздеріне ұсынылған тақырып бойынша то болып жұмыстарын қорғайды. Топтың жұмысын «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалау 1.Сары қалпақ:айтыстың тәрбиелік маңызы мен қоғамдағы рөлі мен тиімділігі. 2.Жасыл қалпақ: шығармашылық топ 3.Қара қалпақ: тақырып бойынша жағымсыз жақтарын айтады. 4.Ақ қалпақ:тақырып бойынша жағымды жақтары айтады. 5.Қызыл қалпақ:Тақырып бойынша болжам жасайды, өз идеяларын жеткізеді. 6.Көк қалпақ:тақырыпқа сараптама жасайды, топтың жұмысына баға береді.
Қорытынды	Кері байланыс: «Бес саусақ» әдісі  Үйге: Айтыс, айтыс түрлерін оқу, қосымша деректер жинақтау.	Бүгінгі сабақтан алған әсерін, көңіл – күйін, білімін «Бес саусаққа» жазып, ой қорытыды.

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы  
Бірік орта жалпы білім беретін мектебі  
жанындағы интернат тәрбиешісі Н.М.Рамазанова**

**Тақырыбы:** Жайық жырлары /әдеби кеш/

**Мақсаты:** Жайық өңірінен шыққан тарландарымыздың өнегелі өмір жолын , өнерін оқушыларға насихаттау.

Поэзия әлеміне ,сөз өнеріне сүйіспеншілігін арттыру. Аяулы ақын апа- ағаларымызға , ана тіліне деген оқырмандар құрметін, махаббатын одан әрі үстей түсу.

Ә.мәнерлеп оқу, жатқа айту дағдыларын дамыту

Б.мемлекеттік тілді қастерлейтін ,Отанын құрметтей білетін , болашақта Қазақстанды өркендетуге өз үлестерін қосатын азамат тәрбиелеу.

**Көрнекілігі.** Суреттер ,тіл туралы қанатты сөздер ,мақал-мәтелдер

**Кеш барысы:**

**Жүргізуші:** құрметті ұстаздар , оқушылар ! Қазақстан Республикасы халықтарының Тілдер мерекесіне арналған «Жайық жырлары» атты әдеби кешке қош келдіңіздер!

**Жүргізуші:** Бұл мерекеміз Елбасымыз Н.Ә Назарбаевтың «22 қыркүйек –Тілдер мерекесі күні болып аталып өтсін» деген бастауын қолдап , оқушыларымыздың бойында ана тіліне деген сүйіспеншілікті арттырып , мемлекеттік тіл –қазақ тілінің мәртебесін көтеру бағытында алынып отыр. Ана тілі –әр халықтың өзінің төл белгісі. Адам өз ана тілімен бақытты болады.Өз халқының өткенін ,тарихын салт дәстүрін білу үшін ана тілін білу, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру және жасұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеу бағытында елбасының «**Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» мақаласы аясындағы «Туған жер»** бағдарламасы бойынша интернат оқушылары арасында «Жайық жырлары» атты кеш өткізгелі отырмыз .

Кеш барысында ана тіліміздің туын жоғары да нық ұстап жүрген , Жайық өңірінен шыққан ақын ,жерлестеріміз –Ақұштап Бақтыгереева, Фариза Оңғарсынова , Хадиша Бөкеева және Қадыр . Жұбан сынды ақын аға – апаларымыздың өмір жолымен таныс боламыз . Жалғыз Отан –мекенім –деп тайға таңба басқандай жазып кеткен ойлары , бүгінгі,болашақ ұрпақтың бәріне айтылған ақыл-өсиет.Бұл ғақлияны әрбір қазақ жүрегіне үкі етіп тақса да артық етпейді.Отанды сүюдің,оған құлай берілудің-асқақ үлгісі бұл.

**Жүргізуші:** Азаматтық лирикасында әлеуметтік өмірдің кем-кетігін,тұрмыс-тауқыметін,жалпы қазақтың мұң-шерін жырлап,жоғын жоқтаған азамат ақын-Ақұштап деп айта аламыз.Ол өзі өмір сүріп жатқан қоғамның өткені мен бүгінгіне көз жібереді.Олай болса бірінші кезекті Ақұштап Бақтыгерееваның өмір жолына береміз.\Слайд\

### **1.Сүйінішкалиева Г**

**1-жүргізуші:**Ендігі кезекте ақын апамыздың поэзия әлеміне саяхат жасасайық

1. «Ақжайықтың айдыны» Ерасыл
2. «Ақ шағала көршілер» Ақгүл,Наргиза

**Жүргізуші:** Ақұштап өзінің бір сөзінде Жұбан Молдағалиевпен дастархандас болып жырын таңдадым.Қадыр ағамен көп жыл көршілес болдым.Бірі «ұлттыңды айтпа» деген қыспақ заманда «Мен - қазақтың» деп жар салды,бірі орыс тілінсіз күнің жоқ деген кезеңде «өз тіліңді құрметте» деп батыл ойларын жазды.Осындай ағаларым өміріме де, өнеріме де үлгі болды-дейді.

**Жүргізуші:**келесі кезекті Жұбан ағамыздың өмір жолына береміз \слайд\ 1.Аймаг Утешов

**Жүргізуші:**Міне Жұбан аға шығармашылығынан қазақтың нағыз ұлттық поэзиясын көреміз.Қазақ жері мен суынан,желі мен көгінен нәр алған даладай тынысты,пәрменді поэзияны танимыз.

**Жүргізуші:**олай болса келесі кезекті Жұбан ағамыздың өлеңдеріне береміз.

1. «Мен-

қазақтың» Қаламқас

**Жүргізуші:**Адам әдебиетке сұлудың бұрымындай өрілген екі мақсатпен, келеді.Бірі:өзінен бұрын ешкім айтпағанды айту,екінші:өзге ешкімге ұқсамай,тек өзінше айту.Осы екі мақсат орындалғанда ғана шын мәніндегі әдеби туынды болады.

Иә,тек қана өзіне тән өзгеше мазмұн ашқан,тек қана өзіне тән өзгеше пішінін тапқан шын мәніндегі шынайы талант біреу болса-ол-Қадыр ағамыз.Олай болса келесі кезекті Қадыр ағамыздың өмірі мен шығармашылығын зер салайық.\Слайд\

**Жүргізуші:**

келесі кезекті Қадыр

ағамыздың өлеңдеріне береміз

1. «Түн кірпігін ілмеді»

Вероника

2. «шығар» Баянсұлу

3. «Ана»Нұсұлтан

**Жүргізуші:**Киелі поэзия әлемінде

өзіндік ун,өзіндік сыр,өзіндік бояу,ажары бар,сырлы да нәзік өлеңдерімен оқырман қауымын елең

еткізіп,жырмен тербеп жүрген һәм есімі республикаға танымал дарынды қазақ қыздарының бірі «Жыр-менің жалғыз тарланым» деп жырлайтын ақын апамыз кім еді?

Олай болса Фариза

Оңғарсынованың өмір жолына береміз.\слайд\

1.Қаламқас

**Жүргізуші:**

Ақын-өз заманының ар-ұжданы.Ол болашақ үшін өмір сүреді.Әлденеден мұңайған кезінде,біреудің пасықтығынан жүрегі мұздаған кезінде,кешегі досының бүгін теріс айналғанын көргенде Фаризаның досы,сенері,мұңдасы,берер дәрі-дауасы-поэзия.Олай болса кезекті Фариза апамыздың поэзия бөліміне кезек береміз

1.«Таң» Жоламан

2.«Шаңырақ» Сандуғаш

**Жүргізуші:**

«Сөз-жібек жіп,өлең-кесте» деген әдемі тіркес бар, «Өлең-сөздің патшасы,сөз-сарасы» дейді дана Абай.Олай болса,Ақұштап апамыздың да өлеңге өзіндік бағасын береді.Өлеңді ұғыну үшін талант керек,жүрек,сезім керек,ой керек деген екен.

Ендеше кезекті ақынның жанына жақын болған,үлгі тұтқан,аға-апаларына арнаған өлеңдеріне кезек берсек.\оқушылар шығармашылығынан\

**Жүргізуші:**

Ақын болу оңай емес.Ақынды

ақын ғана түсінеді.Ақындар бірде көл,бірде шөл.Өлең күнде құйылып келе бермейді.Кейде көрікті ойлар,жыр шумақтары қағаз бетіне түсіп жатса,кейде сызып тастайсың,жыртасың.Бірақ ақын қайтсе де көптің көңілінен,оқырман көңілінен шықсам дейді.Ендігі кезекті көрермендерге беріп көрелік.Олар Жайық өңірінен шыққан ақындарымыз туралы не біледі және осы кештен не түйді екен?!

1.Дильназ

2.Наргиза

Жүргізуші:Құрметті қонақтар,ұстаздар,оқушылар!Осындай жан дүниемізді байтатын,қиналғанда рухани байлығымызды кеңейтетін поэзияның падишасы болып,халықтың сүйікті ақыны болып жүрген,өмірін өлең деп ұққан,қазақ жырында өзіндік ақындық әлемімен аты шыққан ақындарымызға арналған кешіміз де өз мәресіне жетті.

Кітаптар көрмесі: кітапханашы Көбеева Т.Х.

Қоытынды сөз беріледі.

**Ән: «Атамекен»**

\* \* \* \* \*

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Әжібай ауылы  
Бірік орта жалпы білім беретін мектебі  
Уалиденова Мирабәлла Уалиденқызы – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі**

Theme: English with friends

Aims:

- to teach students to express their own points of view and work in competition;
- to develop skills of reading, listening, speaking and unprepared speech;
- to enlarge country studying knowledge and educate the feeling of love towards our motherland.
- to learn the language of other country and to respect it.

Lesson type: an intellectual competition lesson.

Tours:

I. Introduction

II. Grammar town

III Who is it?

IV Sights of the world.

V Crocodile

VI Music battle

VII Riddles to friends

VIII Find the rhyme

I speaker - Hello, boys and girls and dear teachers! We are glad to see you on this game. We hope all of you will enjoy our game and also we'll see who will be the winner. Language is the main means of communication. There are nearly 3000 languages in the world. English and Russian are the languages of an international communication, they are languages of Pushkin, Shakespeare, Lermontov, Byron, Esenin, Burns, whom we love and respect for their poems, sonnets and novels.

II speaker - In this tour we will meet with our tams and their mottoes.

I speaker - Excellent my friends! And now let's start our game! We wish you good luck and we hope that today we will not only have a good time, but also receive a lot of new information and knowledge of English grammar and vocabulary.

II speaker - Yes! I agree with you. Now let's talk about the second round. Imagine that we got into the world of grammar and faced with the weeping inhabitants of this city. Let's help them! What should we do?

I speaker - We must correct the proposals with grammatical errors and help the people of this city become merry literate again. Good luck to you my dear!

I went to hospital next morning.

You can do your homework on time!

If I were you I will be more concentrated.

If I lose my wallet, I would go to police office.

II speaker - Wow, what good fellows! coped with all errors immediately. I hope our jury will appreciate our aspirations.

I speaker - Of course! they carefully observe the players and are ready to make a fair verdict. now let's plunge into the world of famous people in the whole universe. Some of them created wonderful works, which still excite readers. And some have helped mankind to open a new world.

II speaker - Yes, I could say with confidence that we all know in the face of these people. Do our players know them? This we are now going to wreck. You will be shown portraits of different artists or genius. And you and your team must guess their names and their contribution to our world.

William Shakespeare Harry Potter Joanne Rowling

Leonard da Vinci Mona Lisa Mukagali Makataev

Zhambyl Zhabaev Vladimir Putin Nursultan Nazarbaev Lev Tolstoy

I speaker - Well done boys. I'm sure we've learned a lot of new faces. I hope now you will remember them. I love puzzles with childhood. Always loved to collect them for hours.

II speaker - Of course! Every small and even big inhabitant of our country loves puzzles. Let us remember this fun activity! We will give you puzzles. You must not only collect them quickly, but also to guess what place on it is depicted.

I speaker - Well! And now my favorite stage of our game! game - Crocodile. I do not even need to explain the rules of this tour. We all know how to play it!

II speaker - But I think all the same let's go for a run! We'll give you cards with words. One player holds cards and explains them to another player. Good luck to you guys!

headache thorethroat hat reading a book  
hot water lemon ring computer rabbit  
banana jeans pen crying like a wolf

I speaker - I knew that you will manage to cheer! Now let's digress a bit and check out our musical talents. You will be playing music from some movie or maybe your favorite song.

II speaker - You must guess the name of the music. And if you sing it along with the players then this will give you an extra score. Good luck!

I speaker - Do you remember the mysterious of our favorite cartoons? We will now play the role of this mysterious person. The guys stand up after each other.

II speaker - The first player, standing at a distance, should scream the words of the riddle to the second player. And he must do it correctly, without dictionary and grammatical errors to write down and guess. Good luck, guys!

I speaker - And now! Our last stage! Find the rhyme!

II speaker - Only captains of teams will participate in this round. They will have to come up with rhymed words each other. For each pair we will give 1 point.

I speaker - Now our jury will count the points and in the end will tell us the winners.

II speaker - Winners take our congratulations! At the end of our wonderful game, I want to tell you that you were very active today. You gave us a lot of mood and fun. I wish you all the best in your studies and many good and excellent grades. I declare the game closed! Spaiso and all our viewers, for their support and applause.

\* \* \* \* \*

**Мухаева Зауре Мендихановна бастауыш сынып мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы, Әжібай ауылы. Бірік ОЖББМ**

**Тақырыбы:** «Өміріңді сақтау қолыңда, жол тәртібін орында»

**Тақырыбы:** «Өміріңді сақтау қолыңда, жол тәртібін орында»

**Мақсаты:** Жолда жүру ережелерімен таныстыру. Оның адам өмірі үшін қажеттілігін түсіндіру. Жол ережесін, белгілерін есте ұстай білуге үйрету. Көшеде жүру ережелерін білдіру, жолда жүру мәдениетін үйретіп, сақтыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Бағдаршам макеті, жол белгілері, оқушылар шығармашылығы (салған суреттері)

**Барысы:**

**Ұйымдастыру бөлімі:**

**Мұғалім:** Жұмбақты шешейік.

**Жоқ өзінде бас та, ауыз, құлақ та,  
Бақырайған үш көз бар бірақ та. (бағдаршам)**

Қазіргі таңда балалар өмірін кездейсоқ жол – көлік оқиғаларынан қорғау мәні зор келелі мәселелердің бірі болып отыр. Біздің бүгінгі, көрсеткелі отырған бастамамыз да балалар арасында жол жүру ережелерін насихаттау, олардың өмірін, денсаулығын қорғаудың бірден – бірі кепілі деп білеміз.

**Мұғалім:**

**Сұрақ – жауап:**

14. Балалар көшеде жүру ережесін білу бізге не үшін керек?


15. Жаяуға қай жолмен жүруге болмайды?

16. Көшеде жүру тәртібін кім басқарады?

Оқушылар үш түс туралы тақпақтарын айтады.


**Қызыл көзі:**

Мен көзімді ашқанда,  
Ешқашанда баспа алға.  
Орнында тұр қозғалма,  
Ереже бұл «Сен тоқта!»




**Сары көзі:**

Мен көзімді ашқанда,  
Қарап қалма аспанға.  
Жүруге әлі болмайды,  
Дайындықта сақтайды.



**Жасыл көзі:**

Мен көзімді ашқанда,  
Көліктер саған тоқтайды.  
Ережені білгендер,



Өтуге еш қорықпайды.

### Бағдаршам:

Жолды кесіп өтерде,  
Сол жағыңа қарайла,  
Жарты ортаға келгенде  
Оң жағыңа қарайла  
Білгеніңді басқаға  
Үйрете жүр, жарай ма?

**Ойын:** Бағдаршамның қызыл түсін көрсе, балалар тыныш тұра қалады, сары түсін көрсетсе, оң аяқтарын көтереді, ал жасыл түсін көрсеткенде аяқтарын топ – топ басады. (ойын бірнеше рет қайталанады)

### Топқа бөлу:

Оқушыларды бағдаршамның түстеріне сәйкес қызыл, сары, жасыл түстерді таңдап, топқа бөлінеді.

### I кезең: «Кім шапшаң?»

Тақтада суреттер көрсетіледі. Топ оқушылары кезекпен жауап береді.



### II кезең:

#### сұрақтары:»

Әр топқа бір сұрақтан қойылады.

#### Қызыл

1.Жаяу жүргіншілер қандай жерлермен жүреді?

#### Сары

1.Бағдаршам жарықтарының қызметі қандай?

#### Жасыл

1.Бағдаршам қойылған жол өткелі қауіпті ме, әлде бағдаршам қойылмаған жол өткелі қауіпті ме?

### III кезең: «Жол белгілерін еске түсірейік»

Жол ережесіне байланысты мазмұнды сурет құрастыру.

Ойынның мақсаты: жол белгілерін еске түсіру, шатастырмауға үйрету.

Тақтадан өлең шумақтары көрсетіліп тұрады.

#### Ескеру белгісі

Қып – қызыл үшбұрыш

Ескерту белгісі мен болам

Қауіптен сақ бол деп

Сәт – сапар жолдаған

Аман – сау жүреді жаяу да, көлік те,

Мен берген белгіні сақтаған, қолдаған.

#### Тыйым салу белгісі

Қызымен боялған шеңберім аумақты,

Тыйымшыл белгімін, қаталмын, салмақты.

Мен тұрған жерлерде хақын жоқ жүруге,

Қауып тұр, бағдарла, көз салып жан - жаққа

#### Міндеттеу белгісі:

Белгімін көрсетер, жылдамдық, бағыты,

Міндетті бұрылыс, айтпесе қауіпті.

Барлығын анықтап тұрамын жолында,

Абай бол, шартымды мүлтіксіз орында.

#### Нұсқау белгісі:

Баратын жеріңнің бағытын, тұрағын,

Үн – түнсіз жол сілтеп, жол нұсқап тұрамын.


Күндіз де, түнде де от болып жанады,

Көк түске боялған, төртбұрыш шырағым.

### VI кезең: Жағдаяттар шешу

**Қызыл** Сең жолдың арғы жағында анағ атыңды атап шақырды. Сен не істейсің? Көшеде көлік өте көп.

**Сары** Саған апаң жаңа доп сатып алып берді. Оны көшеге ойынға алып шықтың. Кенет допты қатты тепкенде, доп көшеге қарай ұшып кетті. Ал көшеде автобус келе жатыр. Осы кезде сен не істейсің?



**Жасыл** Сенбі күні анаңмен үйге асығып бара жатырсыңдар. Жаяу жүргінші өтпесінен өтіп бара жатып, алдыңнан әрең жүріп келе жатқан әжені көресіңдер. Сондағы сендердің іс – әрекеттерің.

**V кезең: «Кім жылдам» «Орныңды тап» ойыны**

**Ойынның шарты:** оқушыларға әріптер таратылады, ұйымдасқан түрде жылдам, өз орнын тауып, сол әріптерден «Бағдаршам» сөзін дұрыс құрап шығу. Сонымен қатар бағдаршамның үш түсін сәйкес емес түсті табу.

Әріптер жинағынан «Бағдаршам» деген сөз құрастыру.

**VI кезең: «Кім тапқыр»**

**17. Ал енді балалар, білімдеріңді тексеру үшін жұмбақтар жасырайын:**

- 1.Көзін ашып жұмады,  
Бағыт сілтеп тұрады. (бағдаршам)
- 2.Ала таяқ ұстаған,  
Жол тәртібін нұқаған.  
Өміріңді күзеткен,  
Ысқырығы күшті адам. (май қызметкері)
- 3.Екі аяқты, бір ізді,  
Үстіне адам мінгізді. (велосипед)
- 4.Көше бойы аяңдайды,  
Адам тасып аялдайды. (автобус)

**Қорытынды.**

\* \* \* \* \*

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қошанкөл ауылы  
Г.Бегалиев атындағы ОЖББМ  
Батаева Гүлнара Ғабитқызы Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі**

**Тақырыбы: «Дарындылар додасы» /зияткерлік сайысы/**

**Мақсаты:** Оқушылардың танымдық – тапқырлық дағдысын жетілдіру, ой-өрісін және танымдық қабілетін дамыту, шығармашылыққа баулу, өз ойын еркін жеткізе білу және өткенді жылдам еске түсіру дағдыларын қалыптастыру.

**Түрі:** сайыс сабақ

**Көрнекілігі:** слайд, АКТ

Құрметті ұстаздар, оқушылар және ойынға қатысушы сайыскерлер! Бүгінгі 6-сынып оқушыларының арасынан үздіктердің қатысуымен өткізілгелі отырған «Дарындылар додасы» атты зияткерлік сайысқа қош келдіңіздер! «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім қажет» деп Шоқан Уәлиханов айтқандай «Білім – ақылдың ажар-көркі». Білімді үйрену үшін еңбекқор болып, дененді жалқаулыққа билетпеуің керек. Ия, білім – алтын қазыналы сандық. Оны ашатын кілт еңбек. Олай болса, білімді, дарынды оқушы – ұлт болашағы. Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалады. «Адам ұрпағымен – мың жасайды» демекші, болашағы бар ел ғана тарих бетінде ұлт болып жазылмақ.

Сайысқа түсуші оқушылармен таныс болыңыздар

- 1-оқушы: Ұраны: «Еңбек бәрін жеңбек»
- 2-оқушы: Ұраны: «Білдім деп тасымаймын, білмедім деп жасымаймын»
- 3-оқушы: Ұраны: «Денсаулық-зор байлық»
- 4-оқушы: Ұраны: «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады»
- 5-оқушы: Ұраны: «Тәні саудың жаны сау»
- 6-оқушы: Ұраны: «Оқу инемен құдық қазғандай»
- 7-оқушы: Ұраны: «Биікке самға, алға, тек алға»
- 8-оқушы: Ұраны: «Ізденген жетер мұратқа»

**Сайыс кезеңдері:**

**I кезең «Бәйге» (8 оқушы)**

**II кезең «Тіл-өнер» (7 оқушы)**

**III кезең «Ғажайып жетілік» (6 оқушы)**

**IV кезең «Ең, ең, ең...» (5 оқушы)**

**V кезең «Сурет жұмбақ» (3 оқушы)**

**VI кезең «Дода» (2 оқушы)**

Сонымен сайысымызды бастайық. Сайысымыздың алғашқы кезеңі – «Бәйге»

Қарап тұрмай, бәйгеге еріңіз,

Шәкірттерге әділ шешім беріңіз,

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығарар,

Бәйге, бәйге, бәйге бір көріңіз.

Бұл тур бойынша сайысқа қатысушы тұлпарларға 5 сұрақтан қойылады. Жауап нақты, тез болу керек. Әрбір дұрыс жауапқа – 5 ұпай беріледі.

- 1.ҚР-ның мемлекеттік тілі(қазақ тілі)
- 2.Жаңа әнұран қай кезде шырқалды? (2006жыл, 1қаңтар)
- 3.ҚР-ның ақшасы(теңге) қашан енгізілді (1993 жыл 15 қараша )
- 4.Кел, балалар, оқылық өлеңінің авторы? (Ы.Алтынсарин)
- 5.Басты байлық(денсаулық)
- 6.12 ай(жыл)
- 7.Күйді орындаушы адам(күйші)
- 8.Ұя салмайтын құс(көкек)
9. Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ата(Туы, Елтаңбасы, Әнұраны)
- 10.ҚР-ның Тәуелсіздігін қашан жариялады?(1991 жыл 16 желтоқсан)
- 11.Көксерек кімнің әңгімесі?(М. Әуезов)
- 12.Әбу Насыр әл-Фараби қай қалада туылды?(Отырар қаласы)
- 13.Құстар қалай көбейеді?(жұмыртқа салу арқылы)
- 14.Ең үлкен үш таңбалы сан(999)
- 15.Айтқан кезде созуға келмейтін дыбыстар(дауыссыз)
- 16.Жұмадан кейін қай күн?(сенбі)
- 17.Бір заттың көлемін кішірейткенін көрсететін сан(масштаб)
- 18.Ел басқару саласындағы ең жоғарғы лауазымды тұлға(Президент)
- 19.Қара алтын(мұнай)
- 20.100жыл(1ғасыр)
- 21.Абайдың әжесі(Зере)
- 22.Жер бетінің қағазға кішірейтіп салынған бейнесі(карта)
- 23.Заттың сынын білдіретін сөз табы(сын есім)
- 24.9 мамыр қай күн?(жеңіс күні)
25. 1-желтоқсан қандай мереке? (Тұңғыш президент күні)
26. Жеті қазына? (сұлу әйел, ер жігіт, қыран бүркіт, берен мылтық, ақыл-білім, жүйрік тазы, жүйрік ат)
27. Тұсау кесер қандай дәстүр? (сәбиді қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым)
- 28.Ас қорыту мүшелерін ата(ауыз,өңеш,асқазан,ішек)
- 29.Қазақстаннан шыққан тұңғыш ғарышкері (Тоқтар Әубәкіров, 1991 ж.)
30. Киіз үйдің жабдықтарын ата? (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық)
31. 2015 жыл Қазақстанда қандай атаулы мерекелермен ерекшеленеді? (қазақ хандығына 550 жыл, ҚР Конституциясына 20 жыл)
32. Атақты суретші? (Әбілхан Қастеев)
33. Ұлттық салт-дәстүрлерді ата? (беташар, тұсау кесер, шілдехана)
34. Ереуіл атқа ер салмай, Егеулі найза қолға алмай,- деп басталатын өлеңнің авторы кім? (Махамбет)
35. Қазақтың ұлттық ойындарын ата? (аудасырпақ, бәйге, қыз қуу, көкпар, күміс алу)
36. Ұлы Отан соғысы қай жылдар аралығында болды? (1941-1945 жж)
37. Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақтың батыр қыздары кімдер? (Әлия, Мәншүк)
38. Сезім мүшелері? (құлақ, мұрын, көз, тері, тіл)
39. Сөйлем неден тұрады? (сөз тіркесі мен сөздерден)
40. Қазақстан БҰҰ-на қашан мүше болды? (1992 жылы)

«Ана тілің - арың бұл

Ұятың боп тұр бетте

Өзге тілдің бәрін біл

Өз тілінді құрметте»-дей келе сайысымыздың келесі **II кезеңі «Тіл өнер»** бөлімін бастаймыз. Бұл бөлім бойынша сайыскерлерімізге жұмбақ және мақал-мәтелдерден сөз жасырылады. Жауабын үш тілде аудару керек. Жауабын дұрыс тауып үш тілде аударса, 30 ұпай, екі тілдегі аудармаға 20 ұпай, еш аудармасы жоқ болса, 10 ұпайға ие боласындар. 1 оқушы сайыстан шығады.

**1-оқушы:** 1. Бар ма, жоқ па оны анық білмейсің,  
Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің (Ауа, воздух, air )

2. Білекті .... жығады,  
Білімді мыңды жығады. (бір, один, one)

**2-оқушы:** 1. Жоқ өзінде бас та, қас та, мойын да,  
Ұзындығы жазулы тұр бойында. (сызғыш; линейка; ruler)

2. ... жылда ел жаңа (елу, пятьдесят, fifty)

**3-оқушы:** 1. Үй үстінде алтын тас,  
Алайын десем табылмас. (Жұлдыз; звезда; star)

2. Айдағаны ... ешкі, ысқырығы жер жарады (бес, пять, five)

**4-оқушы:**

15. Тұмсығымен қозғалар, Артында аппақ із қалар. (бор; мел; chalk)

16. ... –білім бұлағы, білім-өмір шырағы. (кітап, книга, book)

**5-оқушы:**

□□. Бір-бірімен жарысқан-

Төрт аю, бір арыстан,

Екі қой мен бір түлкі.

Бәрі нешеу, кім білді? (сегіз, восемь, eight)

□□. ... жылатып айтар, дұшпан күлдіріп айтар. (дос, друг, friend)

**6-оқушы:**

1. Өзі сөйлей білмейді, Салған ізі сөйлейді. (қалам; ручка; pen)

2. Білім-теңіз, ...– кеме. (мектеп, школа, school)

#### 7-оқушы:

18. Тар шеңберді айналып,

Тұр құдықта байланып.

Қаға берер таңдайды

Әдетінен танбайды. (сағат, часы, clock)

19. Жеті жұрттың тілін біл, ... түрлі білім біл. (жеті, семь, seven)

**III кезең «Ғажайып үштік».** Бұл кезеңде математика, қазақ тілі, география пәнінен ұпайлы сұрақтар келеді. Ұпайы төмен сайыскер ойынды бастайды. Бұл кезеңде ұяшықтарды таңдау арқылы сұраққа жауап береді. Егерде сайыскер таңдаған ұяшықтағы сұраққа жауап бере алмаса, онда қарсыластары жауап бере алады. Сайысқа 6 оқушы қатысады. Ұпайы аз 1 оқушы сайыстан шығады.

Қазақ тілі

20 ұпай: Қазақ тілінде неше септік бар? (7 атау, ілік, барыс, табы, жатыс, шығыс, көмектес)

30 ұпай: Жалаң сөйлем деп қандай сөйлемді айтамыз? (бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлем)

40 ұпай: Ашық, қысаң дауысты дыбыстарды атап бер. (ашық а,ә,е,э,о,ө. Қысаң ы,і,у,ұ,ү,и)

Математика

20 ұпай: Нәрселерді санау үшін қолданылатын сандар (натурал сандар)

30 ұпай: Қандай түзулердің ортақ нүктесі жоқ? (параллель)

40 ұпай: Орыс тілінде сандарды тура және керсінше сана. (Один, два, три, четыре, пять, шесть, семь, восемь, девять, десять)

География

20 ұпай: Глобус дегеніміз не? (жердің нақты үлгісі)

30 ұпай: Табиғатта су неше күйде кездеседі? (3 газ, сұйық, қатты)

40 ұпай: Көкжиектің негізгі неше тұсы бар? (оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс)

**IV кезең «Ең, ең, ең...»** деп аталады. Бұл кезеңде әрбір оқушыға 3 сұрақтан қойылады. Сайысқа 5 оқушы қатысады. Ұпайы аз 2 оқушы ойыннан шығады.

- Әлемдегі ең жыртқыш аң? (аю)
- Әлемдегі ең ірі сүтқоректі? (піл)
- Жер бетіндегі ең алып құс? (африка түйеқұсы)
- Ең жүйрік сүтқоректі? (гепард)
- Қазақстанның ең ірі өзені? (Ертіс)
- Ең көп тараған жабайы мысық? (сілеусін)
- Ең кішкентай құс? (колибр 1,5 г)
- Әлемдегі ең ірі теңіз жануары? (кит)
- Ең ірі пингвин? (император пингвині)
- Эму түйеқұсының жұмыртқасының салмағы? (170 г)
- Қазақстанның ең биік нүктесі? (Хантәңірі шыңы, 6995 м)
- Ең терең көл? (Байкал)
- Әлемдегі ең үлкен жылан (торлы питон)
- Суыққа ең төзімді құс (пингвиндер)
- Әлемдегі ең ірі қоңыз (титан ұзындығы 15-18 см)

**V кезең «Сурет жұмбақ».** Бұл кезеңде суреттің бір бөлігі көрсетіледі, суретті тауып, шығармашылық тапсырма орындайды. Жоғары ұпай 10. V кезең бойынша ұпайы төмен қатысушы сайыстан шығады

1-тапсырма: «**Кітап-алтын қазына**» ойтолғау жазу.

2-тапсырма: «**Күн нұры**» деген сөзге сөзжұмбақ құрастыру

3-тапсырма: «**Отбасым-бақыт мекенім**» 4 жол өлең шығару.

Ең қиыны жарыстың «Дода» келді

Мықтылары қалыпты жеңсін енді.

Осы ойыннан көреміз ерен ерді.

Сайысымыздың соңғы кезеңі «Дода» дей келе, сайысымыздың **ең шешуі кезеңі «Дода»** бөліміне көшейік. Бұл кезеңде жалпы сайыскерлерге 10 сұрақ қойылады. Қалақшаларын көтеру арқылы сұрақтарға шапшаңдықпен жауап беруі керек.

1. 3 байлық? (денсаулық, ақ жаулық, он саулық)

2. Қазақ хрестоматиясын жазған кім? (Ыбырай)

3. Бөле деп кімдерді айтамыз? (апалы-сіңлілердің балалары)

4. Шаршы дегеніміз не? (барлық қабырғалары тең тік төртбұрыш)

5. Жер қабықтарын ата? (атмосфера, литосфера, гидросфера, биосфера)

6. Сөз таптарын ата? (зат есім, сан есім, сын есім, есімдік, етістік, одағай, шылау, үстеу)

7. Үш арсыз? (ұйқы, күлкі, тамақ)



8. Шығыстың қос жұлдызы? (Әлия мен Мәншүк)  
 9. Байғазы деген не? (балалардың жаңа киімі, заты үшін берілетін заттай, ақшалай сыйлық)  
 10. 9 планетаны атаңдар? (Меркурий, Шолпан, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон)  
 Сайысты қорытындылап, жеңімпаз оқушыны марапаттау үшін сөз кезегін қазылар алқасына береміз. Көп ұпай жинаған оқушыға «Ең Дарынды оқушы» атағы беріліп, марапатталады.

\* \* \* \* \*

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қошанкөл ауылы  
 Г.Бегалиев атындағы орта жалпы білім беретін мектебі  
 Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Браун Арайлым Шуриковна**

<b>Сыныбы: 3</b>	<b>Күні: 29.11.16</b>	<b>Lesson 5</b>
<b>Сабақтың тақырыбы</b>	My school things	
<b>Жалпы мақсаты</b>	Тақырыпқа қатысты оқушылардың сөздік қорын дамыту, have got/ has got құрылымын түсіндіру. Сөйлеу, есте сақтау дағдыларын қалыптастыру.	
<b>Күтілетін нәтижелер</b>	Тақырыпқа қатысты оқушылар сөздік қорын дамытады, have got/ has got құрылымын түсінеді. Сөйлеу, есте сақтау дағдыларын қалыптасады.	
<b>Сабақ түрі</b>	Жаңа сабақты меңгерту.	
<b>Сабақ әдісі, тапсырмалар</b>	Топтық жұмыс, жеке жұмыс. Сөзжұмбақ шешу, сұрақ жауап, сәйкестендіру.	
<b>Керекті жабдықтар</b>	тақырыпқа қатысты суреттер, үлестірмелі карточкалар	
<b>Сабақ барысы:</b>		
<b>Сабақ кезеңдері</b>	<b>Мұғалім әрекеті</b>	<b>Оқушы әрекеті</b>
<b>Кіріспе</b>	Сәлемдесу, түгелдеу. Ауа-райын сипаттау. Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақты бастамас бұрын оқушыларды 3 топқа бөлу. Өткен сабақты қайталауға арналған тапсырмалар орындау.	Оқушылар амандасып, сабаққа әлірленеді.  Топқа бөлінеді Берілген тапсырмаларды орындайды.
<b>Тұсаукесер</b>	Сөздіктермен жұмыс: Book-книга, кітап Pen-ручка, қалам Pencil-карандаш, қарындаш Pencil case-пенал, Rubber- стерка, өшіргіш Ruler-линейка, сызғыш	Оқушылар мұғалім соңынан жаңа сөздерді қайталайды.
<b>Негізгі бөлім</b>	<i>Барлығы сәйкестендіру тапсырмасын орындайды.</i> <b>Work in group.</b> 1 топ сөздерді бояу және айту 2 топ сөзді толықтырып жазу. 3 топ мозайка құрастыру <b>Pair work</b> <i>Сөздерді сандар арқылы бояу және сөздер мен сандарды сәйкестендіру.</i>	Оқушылар әр топ берілген тапсырмаларды орындайды және талқылайды.  Оқушылар жеке жұмыстанады.
<b>Қорытынды</b>	<b>Crassword</b>  Топтық бағалау	Оқушылар сөзжұмбақ шешеді.  Стикерлер арқылы топтар бірін бірі бағалайды.
<b>Кері байланыс (оқушылар рефлексиясы)</b>	-Бүгін мен не үйрендім? рефлексия жазу. -Маған не ұнады/ұнамады? -Жаңа сабақ бойынша сұрақ немесе пікірің	«Бүгінгі сабақтан әсерім....»

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қошанкөл ауылы  
Г.Бегалиев атындағы орта жалпы білім беретін мектебінің  
I санатты интернат тәрбиешісі Рысты Джаманбаева**

**Тақырыбы: « Білімі жоқ ұл – жұпары жоқ гүл»**

**Әкелермен жұмыс**

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі әкелердің беделін арттыру. Ұлдың бойында ұлттық қазақы адами құндылықтар қалыптастырудағы әкенің ролін анықтау.

Міндеті: Әкелермен ағартушылық жұмыстарын жүргізіп, тәрбиелік әлеуеттерін белсендіру, рухани жағынан өмірлік құндылық дағдыларын қалыптастыра отырып, дамыту

Бағдарлама

Концерттік бағдарлама ұйымдастыру

Баяндама: « Әкелі бала жаужүрек,әкесіз бала сұмжүрек »

Тренинг

- Әке беделі неге байланысты?
- Үлестірмелі карталар «көңілді ромашка»

А) өлеңді жалғастыр... ( әке туралы)

Б) мақалды жалғастыр ...

В) жұмбақ шешу...

Жағдаяттық сұрақтар

□□. « Ұлы барларды ақ отауда күтеді,

Қызы барларды қызыл отауда күтеді?! »

Қорқыт баба

« Ұлға отыз үйден тыйым»

Халық даналығы

Тәрбиенің қандай түрін тиімді деп санайсыз?

- Заттай сыйлық
- Сөзбен мақтау
- Ұру
- Сөзбен соғу
- Әңгімелесу

**Ұсыныс: « Әкелерге жадынама»**

Әкелер ережесі

- Әкелік ,отағасылық рольді өз мәнінде ұстау;
- Отбасында бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, « Әкеге қарап,ұл өсер» деген қағиданы естен шығармау;
- Ауыл мәдениеті мен абыройын көтеруді азаматтық борыш деп түсіну;
- Ағайын- туыспен бауырмалдық ,ынтымақта болу;
- Оқыған,естіп – білген даналық ойлар мен шешендік сөздердің, мақал-мәтелдердің мәнін балаға айтып,мағынасын түсіндіріп отыру;
- Айтылған жақсы сөздерді өз үлгісімен көрсете білу;
- Баланың көзінше бейпіл сөйлеу,біреуді кемсіту,дауыс көтеру сияқты жат қылықтардан аулақ болу;
- Ұлдарының қайырымды,кішіпейіл,еңбекқор,шыншыл,адал да парасатты адам болып өсу үшін өз ісімен үлгі жасау;
- Балабақша,мектеп,мәдениет ошақтары т.б. қоғамдық орындарымен тығыз байланыста болу;
- Ақсақалдар ақылын тыңдап,өзімізден кейінгі жастарға дұрыс бағыт беру;
- Бала мінезіндегі өзгерістерді дер кезінде байқап,оғаш қылықтарына әділ шара қолдану,жазалап жазғырушы емес,өнеге шашар ақылшы болу;
- Ауылда «Әке мектебі» тәрбие орталығын құрып, мектеп жасындағы балалармен,жастармен жүйелі тәрбиелік іс жүргізуге ат салысу;
- Балаларды сөз мағынасын дұрыс түсінуге , дұрыс сөйлей білуге, сөз қадірін бағалай білуге дағдыландыру

\* \* \* \* \*

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қошанкөл ауылы**  
**Г.Бегалиев атындағы орта жалпы білім беретін мектебі**  
**Ильясов Ернар Аккалиевич**  
**I санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі**

**«Ата-бабам ардақтаған дәстүрім»**  
**Наурыз мерекесіне орай мұғалімдер арасында өткізілетін сауық кеші**

Безендірілген зал. Жабдықталған киіз үй іші. 5 үстелде дөңгелене отырған 5 бірлестіктің мүшелері.

«Сарыарқа» күйі ойналып, ортаға 3 әже шығып, той бастамасы «Шашу» ырымын жасайды.

Домбыра ұстап, тойшы жігіт «Тойбастар» айтады.

Той басталды. «Қаражорға» әуенімен жиынға қатысушылар билейді.

Жүргізуші.

Уа, халайық!

Үйлену салтында айтылатын өлеңдердің бірі – «Жар-жар». Қыздың ұзатылу тойындағы бұл өлең түрін қыздар тобы мен жігіт тобы болып екіге бөлініп айтылады. Қыздар әке-шешесін, өскен жерін қимаса, жігіттер оларды жұбатып, игі тілектерін айтып, бақытты болуын түлеген. Алдарыңызда «Жар-жар» айтысы үлгісі.

Қыздар:

Үйлену салтындағы дәстүрлердің бірі – жаңа түскен келіннің бетін ашып, «Беташар» жасау. «Беташар» арқылы жігіттің туған-туыстары таныстыру және келінге насихат айту көзделеді.

«Беташар» айтылады.

Рәсімнен кейін жаңа түскен келінге бата беріледі.

Қазақта жиын-той үстінде, дастархан басында «Қара өлең» айту дәстүрге айналған. Мұқағали ақынымыз айтқандай,

«Қазақтың қара өлеңі құдіретім,

Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.

Қазақтың "қара" ұғымына негізделген қара өлеңдерді жандандырып, ауылымыздың көнекөздерінен жазып алған өлең жолдарын көпшілікке насихаттай отырайық!

Әр стол 2 шумақтан қара өлең айтады.

Сырттан «Сүйіншілеген» дауыс шығады. Бір мезет ішке «сүйінші» хабар алып бір жас бала кіреді.

Сүйінші! Сүйінші! Бала келді! Дүниеге бала келді! - Апа-ау, ұрпағыңыздың жалғасы ғой бұл!

Айналайын! Көп жаса, қарағым!

-Ойбай, мен сүйінші бермеппін ғой! Мынау сүйінші хабар жеткізгенің үшін. Ала ғой!

Рахмет, апа!

Сүйінші – қазакемнің ертеден келе жатқан кәделерінің бірі ғой! Ол кәдені жасамасам, ісім оңға баса қоймас.

«Бесікке салу» рәсімі. «Отпен аластау» дәстүрі

Бесіктегі сәбиге бата.

Күн артынан күн өтіп, ай артынан ай өтіп, жыл да толды. Біз бесікке салған сәби апыл-тапыл жүруге талпына бастады.

«Тұсау кесу» рәсімі

«Тұсау кесу» батасы

Ән

Би

Құрметті халайық! Біздің халқымыз үшін биылғы жыл мерейлі белестер жылы. Керей мен Жәнібек хан бастап іргесін қалаған Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толып, тарихымыз айқындалды.

Жасы үлкен Керей ақ киізге салынып, хан тағына отырса, кейін Жәнібек елді ірілендіріп, халықтың ықыласына бөленіп, әз-Жәнібек хан атанды. Әз Жәнібек хан бір күні ордасында сұлтан-билерін ортаға алып, кеңес құрыпты.

Көрініс «Дүниеде не өлмейді?»

Керей мен Жәнібек бастаған қазақ халқы қай уақытта да елі мен жері үшін, азаттық үшін күресіп өтті.

Сондай бір жаугершілік, ел басына күн туған сәтте Төле би Сыр бойы қазақтарын жаудан қорғап қалыпты.

Көрініс «Төле бидің толғауы»

Монолог. «Поэзия топтамалары»

5 мұғалім

Ән «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру»

Наурыз батасы

\* \* \* \* \*

**Западно-Казахстанская область Казталовский район**  
**СОШ им.Г.Бегалиева**  
**Учитель I категории русского языка и литературы**  
**Табылдиева Шынар Насекеновна**

<b>Дата:</b>	ФИО учителя: Табылдиева Шынар Насекеновна	
<b>Класс:</b> 5	Количество присутствующих: отсутствующих:	
<b>Урок</b>	<b>Тема: « Дружба-это дар»</b>	
<b>Цели обучения:</b>		
5.1.3.1- понимать основное содержание произведений фольклора и литературы/ фрагментов, содержащих знакомые лексические и грамматические единицы, определять тему. 5.2.5.1- участвовать в диалоге, правильно понимая реплики и предоставляя обратную связь; 5.2.4.1- 5.5.2.2- использовать необходимые синтаксические конструкции для выражения своего мнения, уверенности/, согласия \ несогласия.		
<b>Предполагаемый результат</b>	<b>Все учащиеся смогут:</b>	
	определять основную мысль текста; определить тему текста; составлять и разыгрывать диалог; правильно употреблять существительные с прилагательными; передавать события, соблюдая последовательность; указать стили текста;	
	<b>Большинство учащихся смогут:</b>	
	согласовывать имена прилагательные с именами существительными; составлять предложения, используя данные слова; высказывать простые оценочные суждения; различать родственные слова и формы одного и того же слово;	
	<b>Некоторые учащиеся смогут:</b> Делать морфемный разбор слово;	
<b>Языковая цель</b>	<b>Полиязычие:</b> <i>однокоренные слова-түбірлес сөздер</i> ; Форма одного того же слово-бір сөздің түбірі; Корень слово-сөздің түбірі <b>Основные термины и словосочетания:</b> <i>дар – подарок, друг ,подруга,подружка дружный,дружить,подружиться, дружба,дружно</i>	
<b>Цель урока:</b>	Обеспечить формирование интереса к изучению русского языка.	
<b>Привитие ценностей</b>	помочь учащимся понять необходимость и ценность понятия "дружба";	
<b>Межпредметные связи</b>	Взаимосвязь с предметами: казахский язык, английский язык	
<b>Навыки использования ИКТ</b>	Слайд «Части слова»	
<b>Предварительные знания</b>	Учащиеся имеют определенную базу знаний по теме на русском языке. Формулируют простые вопросы по содержанию текста, используя глаголы нужного времени.	
<b>Ход урока</b>		
<b>Этапы урока</b>	<b>Запланированная деятельность на уроке</b>	<b>Ресурсы</b>
<b>Начало урока</b>	<b>I. Организационный момент.</b> <b>Эмоциональный настрой.</b> Человеческая доброта - самое удивительное явление в мире. Попробуйте с помощью улыбки передать своё настроение. Я вижу настроение у вас хорошее, деловое, итак, за работу. <b>Проверка домашнего задания.</b> <b>II. Актуализация знаний.</b> Какое слово зашифровано: РАДБУЖ? Расставьте	Учебник. Часть 1, §1

	<p>буквы так, чтобы получилось слово. Подумайте, что каждый из вас знает об этом слове и что вы хотите узнать.</p> <p><b>(Деятельность учащихся) К</b> Прогнозирование учащимися темы урока.</p>	
<b>Середина урока</b>	<p><b>III. Изучение нового материала</b></p> <p><b>(К,И) упр 192</b> Ознакомьтесь со значением слова <i>дружба</i>. Как называется словарь, в котором можно узнать значение слова?</p> <p>1. Рассмотрите рисунок и назовите имена героев. Что вы знаете о них, из какого они мультфильма?</p> <p>2. Послушайте весёлую песню «У друзей нет выходных». Почему у друзей нет выходных?</p> <p>Упр.193 Прочитайте предложения. Сравните выделенные слова. Почему такие слова называются родственными?</p> <p>Работа с «Вашим помощником» <b>Корень слова. Однокоренные слова.</b> Слайд «Части слова»</p> <p><b>(К) упр. 194</b> Послушайте стихотворение Ю. Белоусовой. О чём в нём говорится? Как надо читать стихотворение вслух: печально, весело, бодро, торжественно? Почему вы так думаете?</p> <p>Работа с учебным словообразовательным гнездом (УСГ) <b>(И) (Деятельность учащихся)</b> ученики подбирают к УСГ (<i>дар – подарок, друг, подруга, подружка, дружный, дружить, подружиться, дружба, дружно</i>) подходящие по смыслу слова.</p> <p><b>Деление на группы.</b> На столе лежат карточки желтого и зеленого цвета, учащиеся выбирают определенные цвета, делятся на группы.</p> <p><b>(Г) Работа в группах.</b></p> <p><b>Физминутка</b></p> <p><b>IV. Освоение изученного материала.</b></p> <p><b>(К) (Деятельность учащихся)</b></p> <p>(К) Лингвистическая игра. Являются ли данные ряды слов родственными?</p> <p>Исправьте ошибки.</p> <p>Упр 197 Поисковое чтение текста «Ежик и Звездочка». Работа с карточкой-информатором. Учитель на базе текста задает вопросы, использует прием «Атака вопросами».</p> <p>Задание к тексту: подумайте и скажите, почему этот текст является сказкой. Сформулируйте её основную мысль. Найдите и выпишите из текста однокоренные слова.</p> <p><b>(П) Работа в парах.</b> 1. Разыграйте диалог по ролям, передавая голосом настроение героев. 2. На каких языках вы можете поздороваться, попрощаться с другом (подругой) или сказать «мои друзья»?</p>	<p>Учебник. §2</p> <p><a href="https://www.youtube.com/watch?v=B2Cj7ycxiYw">https://www.youtube.com/watch?v=B2Cj7ycxiYw</a></p> <p>Загадка.</p> <p><b>Физкультурная минутка.</b></p> <p><b>Родственные слова</b></p> <p>Если я назову пару родственных слов, вы хлопаете в ладоши. Если назову пару слов, которые не являются родственными, вы приседаете. Постарайтесь сосчитать, сколько пар родственных слов будет названо.</p> <p><i>Лес — лесник, река — ручей, стена — потолок, кот — котик, сад — садовый, дом — домашний, дом — дым, поле — полюшко, гриб — грибой, обед — стол.</i></p> <p>Разноцветные карточки</p> <p>Метод «Джигсо»</p>
<b>Конец урока</b>	<p><b>(И)</b> Прием «Верные и неверные утверждения» выявляет уровень усвоения полученной информации на данном уроке.</p> <p>Для самостоятельного изучения предлагается «УС».</p> <p><b>Рефлексия</b></p> <p>Как проходило занятие?</p> <p>Что было удачно?</p>	Учебник

	Что было неудачно? Что Вы хотите изменить? В какой поддержке Вы нуждаетесь? <b>(И) (Деятельность учащихся)</b> После рефлексии учащиеся заполняют таблицу.	
--	---	--

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Ғ.Қараш атындағы  
 Қараоба мектеп-гимназиясы  
 Медетова Назерке Капиетоллиевна қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

**Пән:** қазақ әдебиеті

**Сынып:** 9 сынып

**Сабақтың тақырыбы:** С.Торайғыров "Таныстыру" поэмасы

**Сабақтың мақсаты:** С.Торайғыровтың "Таныстыру" поэмасының мазмұнымен таныса отырып, Алашорда үкіметінің құрылудағы мақсатын білу, поэманың көркемдік ерекшелігін ұғыну, оқушылардың сыни тұрғысынан ойлауын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

**Сабақтың түрі, типі:** жаңа сабақ, пленарлық жиын

**Күтілетін нәтиже:** Оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды.

**Модульдері:** СТО (сын тұрғысынан ойлау), ОЖЕ (оқушылардың жас ерекшеліктері), "Диалогтік оқыту", "АКТ", "Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер", "Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау", "Оқытуды басқару және көшбасшылық".

**Бағалау:** Өзара бағалау

Сабақ кезеңдері	Уақыт	Мұғалімнің әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Ресурстар
<b>Ұйымдастыру кезеңі</b>	2 мин	Амандасу, оқушыларды түгелдеу. Оқушыларды қағазда жазылған етістіктер арқылы үш топқа бөлу. "Жас ғалымдар" тобы: зерттейді, тұжырымдайды, анықтайды, жинақтайды, қорытады, бекітеді, ашады. "Журналисттер" тобы: ізденеді, жеткізеді, мәлімдейді, меңгереді, хабарлайды, табады, түйіндейді. "Сыншылар" тобы: сынайды, білдіреді, айтады, талдайды, бағалайды, таразылайды.	Оқу құралдарын дайындап, сабаққа назарларын аударады. Үш топқа бөлініп отырады. Топ басшыларын сайлайды. Топ басшыларына бағалау парақтары таратылады.	Бағалау парақтары
<b>Үй тапсырмасы</b>	10 мин	Үй тапсырмасын "Сиқырлы ұяшық" арқылы сұрау. 20- ұяшық: Жамбылдың ақындық атын шығарған өлеңін ата! 20-ұяшық: Жамбылдың дастандарын ата! 30-ұяшық: Абай дәстүрінде жазылған сатиралық лирикасын ата! 30-ұяшық: Қоршауда қалған ленинградтықтарға, қаланы қорғаушыларға арналған Жамбылдың жыры 40-ұяшық:"Қорғауға елді кім шықпас, Аттанды қалам, далам да. Кәрі дүние килікті Жайнаған біздің заманға" Үзінді Жамбылдың қай шығармасынан алынған? 40-ұяшық:"Алатауды айналсам, Алғадайды табам ба? Сарыарқаны сандалсам,	Ұяшықты таңдап, сұрақтарына жауап береді.	Интербелсенді тақта

		Саңлағымды табам ба?" Үзінді Жамбылдың қай шығармасынан алынған? 50-ұяшық; Жамбылдың "Ленинградтық өренім" өлеңін жатқа айт! 50-ұяшық; Жамбылдың "Ата жаумен айқастық" өлеңін жатқа айт!		
<b>Тұсаукесер</b>	5 мин	Оқушыларға шағын видеосюжет көрсетіледі. Талдау сұрақтары: Алаш автономиясы қай жылы құрылды? Алаш автономиясының орталығы қай қала болды? Алашорда үкіметінің төрағасы болып кім сайланды? Алашордашылардың көтерген мәселелері?	Видеосюжетті көреді, мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап бере отырып, талдау жасайды.	Интерактивті тақта
<b>Негізгі бөлім</b>	5 мин  7 мин	<i>Модельдеу әдістемесін жүргізу</i> I. Шығарманың тақырыбы: II. Шығарманың идеясы: III. Шығарманың негізгі кейіпкерлері: IV. Шығарманың қосалқы кейіпкерлері: V. Шығарма жазылған әдеби бағыт:  Флипчарт қорғауға тапсырма беру	"Жас ғалымдар" тобы Алашорда қайраткерлеріне таныстырылым жасайды. "Журналисттер" тобы Алашордашылар туралы мақала жазады. "Сыншылар" тобы "Таныстыру" поэмасына пікір жазады. Топтар өзара "Екі жұлдыз, бір тілек" ұсынады.	Постер, маркер, стикерлер
<b>Қорытынды</b>	3 мин + 3мин	<i>РАФТ стратегиясы</i> Р – рөл (оқушы) А – аудитория (Алаш арыстары) Ф – форма (хат) Т – тақырып (ризашылық)	Оқушылар Алаш арыстарына тәуелсіздік жолында көрсеткен ерліктері үшін ризашылықтарын білдіріп хат жазады. Оқып береді.	Үлестірмелі парақтар
<b>Кері байланыс</b>	2 мин	<i>"Алма ағашы" әдісі</i> Тақтаға алма ағашы ілінеді. Оқушыларға екі түсті алманың суреттері таратылады. <i>Жасыл түсті алма</i> – мен бүгін бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын: менің көңіл – күйім көтеріңкі. <i>Қызыл түсті алма</i> – мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл – күйім жоқ.	Оқушылар екі түсті алманың біреуін таңдап, алма ағашына іледі.	Алма ағашы, екі түсті алманың суреттері
<b>Үй тапсырмасы</b>	1 мин	"Қазақтың бағына біткен арыстары" тақырыбында шағын <i>ойтолғау</i> жазу, "Таныстыру" поэмасын оқу.	Күнделіктеріне жазу	Күнделік
<b>Бағалау</b>	2 мин	Топ басшысы арқылы сыныпты бағалау	Топ басшысы топ мүшелерін бағалайды	Бағалау парақтары, күнделік

**Молдашева Л.Д.**  
**Западно Казахстанская область Казталовский район**  
**Караобинская школа – гимназия имений Г.Караша**  
**учительница русского языка и литературы**

**Тема:** «Пушкин и Абай»

**Цель:**

А) Показать учащимся глубинные связи, пронизывающие творчество двух великих деятелей культуры – русского поэта Пушкина и казахского просветителя и поэта Абая;

Б) умение анализировать поэтическое произведение;

В) навыки выразительного чтения и умение свободно излагать свои мысли.

**Оборудование:** Эпиграф, портреты Абая и Пушкина, выставка книг, песня Абая (в исполнении учеников), романсы на стихи Пушкина (в исполнении ученицы)

**Тип урока:** интегрированный

**Ход урока:**

**1. Оргмомент.**

**2. Вступительное слово учителя:**

- Ребята, сегодня мы с вами проведем урок по теме: « Пушкин и Абай », и сегодня мы с вами поговорим о творчестве двух великих поэтов: Пушкина и Абая.

Эпиграфом к уроку возьмем строки из стихотворения А.С.Пушкина:

Издrevле сладостный союз

Поэтов меж собой связует

Единый пламень их волнует...

18. Откройте тетради, запишите число и тему, эпиграф урока.

**3. Беседа с классом**

-Итак, ребята, мы с вами продолжаем изучать творчество А.С.Пушкина и влияние его творчества на межнациональную литературу. Не зря мы сегодня связали имена двух поэтов, потому что и тот и другой – искренние борцы за светлую жизнь, за свободного, счастливого человека. Именно от этого их творчество овеяно лучшими надеждами, чаяниями народа.

-Пушкин и Абай...два великих поэта...две звезды...два лучезарных огня... сравнивать их можно бесконечно...

Какие сравнения приведете вы, ребята... (две планеты, два горящих цветка, два величия, две эпохи... )

А.С.Пушкин-великий русский национальный поэт. Как М.В.Ломоносов, был «отцом русской науки», так и Пушкин стал родоначальником новой русской литературы, потому что поэзия Пушкина носит подлинно народный характер. По мысли Пушкина, литература станет народной тогда, когда она будет выразителем народной культуры, отражением культурных интересов нации, и основной темой возьмёт судьбу народа. Точно такое же понятие я хотела бы отнести и к творчеству Абая.

Жизнь и человек – это центральная любимая тема как у Пушкина, так и у Абая.

Абай – это человек, который возродил казахскую литературу, придал казахской поэзии новое звучание, предельно расширил её границы. Если до Абая в казахской поэзии существовали только две-три формы стиха, то великий акын ввёл и навсегда утвердил в ней больше десяти новых стихотворных форм.

(Деление на группы)

А сейчас, ребята, запишите себе в тетради всё, что вы знаете о поэтах.

-А.С.Пушкин с восхищением изучал русский народный фольклор, гениально используя в своём творчестве его богатые образы и живой колоритный язык. Точно так же и Абай – родоначальник новой казахской литературы и создатель литературного языка – был редким знатоком богатейшего устного творчества казахского народа.

- Итак, ребята, давайте попытаемся найти сходства и различия между великими гениями.

**4. Работа по Венн диаграмме**



А. С. Пушкин		Абай	
Детские годы и воспитание			
Дворянская семья. Воспитывали няньки и дядьки		В семье богатого Кунанбая, воспитывала бабушка	
Общность тематик стихов			
Борьба с крепостничеством			
«Здесь стонет человек от рабства и цепей...»		« О, казахи мои, мой бедный народ...»	
Природа в стихах поэтов			
«Зима», « Зимнее утро»		Цикл стихов о временах года («Зима», «Весна», «Лето», «Осень», «Ноябрь- преддверие зимы»)	

Любовь и дружба	
«Я помню чудное мгновение» (А.П.Керн)	«Джигиты, дорог смех не шутовство»
Музыка	
Музыка в творчестве поэта занимала большое место. Так как стихи были положены на музыку и известны как музыкальные произведения. М.И.Глинка (портрет художника К.Брюшева) написал оперу «Руслан и Людмила», он написал 10 романсов на стихи Пушкина. Самые известные из них: «Я помню чудное мгновение». Интересна история создания романа. Первая встреча Пушкина с А.Керн произошла в доме Олениных в Петербурге. (1819 г) Во время второй встречи (1825 году) Пушкин отдает Керн стихотворение «Я помню...». В доме Олениных произошла встреча Керн с Глинкой, который был влюблен в ее дочь Екатерину Ермолаевну Керн. Именно ей посветил композитор свой романс «Я помню чудное мгновение», который связан воедино 3 имени: Пушкин – Керн – Глинка	Исполнение песни Абая «Көзімнің қарасы» учителем музыки под звуки домбры Олжас Сулейменов вспоминал: «когда с дипломатической миссией посетил Францию, меня попросили исполнить Гимн Казахстана, то я исполнил песню Абая...» Итак песня Абая явилась мостом, соединяющим народы.

- А что вы можете сказать о романе «Евгений Онегин»?

«Евгений Онегин» - вершина творчества Пушкина. Это роман в стихах. Поэт освещает вопросы жизни молодого дворянина – Онегина. Молодость и любовь – понятия взаимосвязанные. В романе автор показывает любовь в дворянском обществе.

Абай обращается одним из первых в своих переводах к отрывкам из романа Пушкина. «Письмо Татьяны» стало своеобразным гимном любви. Подобрал мелодию Абай распространил письмо в виде песни.

**Чтение наизусть стихотворения «Письмо Татьяны» на русском и казахских языках.**

**6.Беседа с классом:**

- Как вы понимаете смысл эпиграфа? (Издревле сладостный союз

Поэтов меж собой связует

Единый пламень их волнует...)

- Почему А.С.Пушкина называют родоначальником новой русской литературы?

-Какое влияние оказало творчество А.С.Пушкина на развитие казахской литературы?

**Составление синквейна на темы: «Пушкин», «Абай»**

**7.Заключительное слово учителя:** Гении всегда и во все времена созвучны. Они духовные братья. Они говорят об общем, всечеловеческом.

**8.Оценки**

**9.Домашнее задание:** Написать сочинение «Абай и Пушкин – созвучие двух эпох».

\* \* \* \* \*

<b>Сабақ тақырыбы:</b>	<b>Ондықпен санау</b>	<b>Мектеп: Ғ.Қараш мектеп-гимназиясы</b>	
<b>Күні :</b>	Математика	<b>Мұғалімнің есімі: Онгарова В</b>	
<b>СЫНЫП: 1 «Ә»-сынып</b>		<b>Қатысқандар саны:</b> 19	<b>Қатыспағандар саны:</b>
<b>Оқу мақсаты:</b>	20-ға дейінгі сандар тізбегін/ондықтармен 100-ге дейінгі сандар тізбегін құрастырады;		
<b>Барлық оқушылар:</b>	100 көлеміндегі сандар, суреттер, фигуралар, символдардан тұратын тізбектердің заңды-лықтарын анықтайды;		
<b>Оқушылардың басым бөлігі:</b>	санның жаңа бірлігі — ондық туралы түсінігі болады, 100-ге дейін ондықтармен санайды, жазады, салыстырады.		
<b>Кейбір оқушылар:</b>			
<b>Ресурстар:</b>	санау таяқшалары (бірнеше қорап); кеңсе резеңке баулары; 10-нан 90-ға дейінгі дөңгелек сандар жазылған парақшалар (4 топтама).		
<b>Тірек сөздер</b>	ондық.		
<b>Сабақтың мақсаты:</b>	Оқушыларға ондықты шығарып алу жолын түсіндіру, ондықтармен санауды үйрету, оларды дөңгелек ондықтардың атауымен таныстыру.		
<b>Сабаққа байланысты деректі материалдар</b>	<b>Сабаққа қатысты ескертпелер</b>		
<p>Ондық — он бірліктен тұратын сандық өлшем бірлігі.</p> <p>1 онд. = 10 бірл., 2 онд. = 20 бірл., 3 онд. = 30 бірл., 4 онд. = 40 бірл., 5 онд. = 50 бірл., 6 онд. = 60 бірл., 7 онд. = 70 бірл., 8 онд. = 80 бірл., 9 онд. = 90 бірл., 10 онд. = 100 бірл.</p> <p>Нөлмен аяқталатын сандар дөңгелек сандар деп аталады. Ондықтар бойынша санауға, дөңгелек сандарды тура және кері ретпен санауға және кез келген ондықтан бастап санауға ерекше көңіл бөлу.</p> <p>Сабақты өткен тақырыптарды қайталаудан бас-таңыз.</p> <p>Оқушыларға мынадай сұрақтар қойыңыз:</p> <p>— Қандай сандар бір таңбалы сандар деп ата-лады? Мысал келтіріңдер.</p> <p>— Екі таңбалы сандар дегенміз қандай сандар?</p> <p>— Өткен сабақта қандай санмен таныстың-дар? (10)</p> <p>— 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 сандарынан ол санның</p>	<p>Үй салуға көмектес. Тапсырманы сыныптағы барлық оқушыларға орындатыңыз. Тапсырма заттарды жаңа тәсілмен өз беттерінше санауды бекітуге және ондықтармен санау дағдысын жетілдіруге бағытталған. Оқушылардың дөңгелек ондық сандардың атауын нақты айтып жаттығуларын ұйымдастырыңыз.</p> <p><b>Жауабы:</b> 20 немесе екі ондық бөрене және 40 немесе төрт ондық шеге. Түсіп қалған сандарды ата. Тапсырманы жұппен орындатыңыз. Тапсырмада сандар қатарын реті бойынша ондықтармен толықтыру керек. Тапсырманы орындау барысын бақылаңыз. Бұл бақылау арқылы ондықпен санау дағдысының қандай дәрежеде екенін байқауға болады.</p> <p><b>Жауабы:</b> 20, 40, 60, 80.</p> <p>Шығарып көр. Мүмкіндігінше көп оқушының ой-пікірлерін тыңдаңыз. Оқушылардан осыған ұқсас есептерді өз бетінше құрастыруды өтініңіз.</p> <p><b>Жауабы:</b> әкем 20 шеге сатып алды. Сен білесің бе? Оқушылар дөңгелек сандар туралы біледі. Олар неге олай аталатындары туралы өз пікірлерін айтады. Кім дұрыс санады? Оқушылардан жұпта жұмыс жасай отырып, дұрыс жауабын табуды сұраңыз. Тапсырмада анасы мен қызының қолындағы па-рақшалар жазылған цифрлар мен жұмыртқа салынған науалардың санын салыстыру керек. Қиыншылық туындаған жағдайда санау таяқшаларын, яғни буылған ондықтарды пайдалануды ұсыныңыз. Дөңгелек сандарды ата. Тапсырма дөңгелек сандарды анықтау машығына жаттықтырады. Оқу-шыларға тапсырманы өз беттерінше орындауларына уақыт беріңіз де, одан кейін өзара тексеруді ұйымдастырыңыз.</p> <p><b>Жауабы:</b> 20, 80, 50, 10.</p> <p>Орындап көр. Оқушылар заттардың санын ондықпен санауына болады. Санаудың нәтижесін олар ламинатталған қағазға жазып, өзара тексеру</p>		

айырмашылығы қандай?	кезінде бір-біріне көрсетулеріне болады. Ойлан. Оқушылар сурет бойынша аяқкіімдердің жұп санын анықтап, аяқкіімдердің жұп саны мен оқушылар саны бірдей екеніне көз жеткізеді. Дәл осылай оқушылар баскіімдер саны мен балалардың санын салыстырады.
<b>Тілдік құзыреттілікті қалыптастыру</b>	<b>Қосымша тапсырмалар</b>
Оқушылардың “ондық”, “дөңгелек сандар” ұғымдарын дұрыс пайдалануына көңіл бөліңіз. Ондықтармен тура және кері ретпен санап кө-ріңіздер.	Жұмыртқаларды қалыбына сал. Әрбір қалыпта неше ондықтан жұмыртқа болды? Оқушылар алғашында қалыптар санының қанша екенін санады да, жұмыртқалардың санының да сонша болатынын ұғады. Жұмыртқалардың санын ондықпен тауып, жауабын бос торкөзге жазады. Жауабы: бірінші қалыпта — 2 ондық жұмыртқа; екіншіде — 1 ондық жұмыртқа. Кинотеатрдағы орын саны неше ондық болады? Орындардың нөмірі көрсетілмеген. Сондықтан да оқушылар өздігінен санап, орын санын бос торкөзге жазуы керек. Жауабы: бес ондық орын бар. Барлығы 50 орын. Керіктің бойы. Оқушылар ондықтармен тура санап отырып, түсіп қалған сандарды жаза алады. Олар бұл сандарды суреттегі бос торкөздерге жазады. Осы сияқты тапсырманы оқушылар ауа шарында да орындайды. Мұнда олар ондықтармен кері бағытта санау дағдысын тексере алады.
<b>Бағалау</b>	Оқушылар сабақ соңында: ондықты шығарып алуды; ондықтарды атауды; ондықтармен санауды; дөңгелек сандарды атауды меңгереді. Оқушылардың тақырыпты қаншалықты түсінгенін білу үшін мынадай сұрақтар қойып, жауаптарын тыңдаңыз: — Бір ондықта неше бірлік бар? — Ондықтармен сана. — Дөңгелек сандарды ата. Оқушылармен жұмыс дәптеріндегі “Жетістік баспалдағымен” өзін-өзі бағалауға байланысты жұмыс өткізіңіз.

**Көпкүтір бастауыш жалпы білім беретін мектеп  
Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі: Байбалина Айнұр Серікқызы**

**Сабақтың тақырыбы: «Ғарышқа математикамен бірге»**

Сабақтың мақсаты: балалардың сандар, геометриялық пішіндер туралы білімдерін беркіту, үлкен-кіші ұғымдарын ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. Ғажайып саяхат арқылы балалар қиялдарын шыңдау. Қисынды есептерді шығара отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру.

Сабақтың әдістері: саяхат, қисынды есептер, дидактикалық ойындар.

Қажетті құралдар: зымыран, «жұлдызды қалашық», ғаламшарлар, жұлдызшалар, жатпланеталықтар бейнесі, қисынды есептер.

Алдын-ала жұмыс: ғаламшарлармен танысу, жатпланеталықтар ұғымымен танысу.

Сабақтың барысы:

-Балалар біздер бүгінгі сабақта ғарыш әлеміне саяхатқа барамыз, яғни ғарышкерлер боламыз.

- Ғарышқа бару үшін бізге не керек?

- Зымыран.

-Олай болса біздер барлығымыз бірлесіп зымыран құрастырайық.

Балалар геометриялық пішіндерді пайдалана отырып, тақтаға зымыран суретін құрастырады.

Зымыран құрастыру кезінде қандай пішіндерді пайдаландық.

Үшбұрыш – төбесі, кеудесі – төртбұрыш, 2 қанаты көпбұрыш –деп балалар жауап береді.

Міне, балалар зымыранымыз да дайын. Енді біздер «Жұлдызды қалашықта» даярлықтан өтуіміз керек. Ол үшін бізге «Жұлдызды қалашық» мынадай тапсырма даярлаған екен. Тапсырма аты: «Орныңды тап». Бұнда біздер «Жұлдызды қалашықтағы» үйлерді дұрыс орналастыра білуіміз керек. Сіздердің алдарыңда үйлер тұр, үйлер артында сандар тығылып тұр, сол сандар арқылы шытырман жолдан өтіп өз орыныңды табуың керек.

Өте жақсы ғарышкерлер, сіздер берілген тапсырманы жақсы орындадыңдар. Енді дайындалыңдар ғарыш әлеміне ұшуға рұқсат берілді. 10,9,8,7,6,5,4,3,2,1 Кеттік! (музыка ойналады)  
Ғарышқа да келдік. Біздің алдымызда аспан әлемі және ғаламшарлар. Ғаламшарлардың біздерге даярлаған құпия тапсырмалары бар.

Тақтаға аспан әлеміндегі ғаламшарлар көрінісі бейнеленген сурет ілінеді.

- Күн: кемпірқосақта неше түс бар? (7)
- Жер: бағдаршамда неше көз бар? (3)
- Ай: қолғапта неше саусақ бар? (5)
- Шолпан: адамда қанша көз бар? (2)
- Марс: жұлдыздың неше бұрышы бар? (5)
- Сатурн: аспанда неше күн бар? (1)
- Нептун: бір жылда неше ай бар? (12)
- Плутон: бір аптада неше күн бар? (7)
- Уран: адамда қанша саусақ бар? (10)

-Балалар ғаламшар тапсырмаларын мүлтіксіз орындадық. Енді өзімізге естелік ретінде ғаламшардан жұлдыздар алып кетейік. Ол үшін сіздердің алдарыңдағы даярланған конверттер ішінен пішіндерді пайдалана отырып жұлдыздар құрастыру керек.

Құрастыру жұмысы болады. Жәй әуенде музыка ойналып тұрады.

Тәрбиеші: - Балалар, өте әдемі жұлдыздар құрастырылды. Жұлдыздар қандай пішіндерден тұрады екен?

Балалар: - 5 үшбұрыш, 1 бесбұрыш.

Өте жақсы. Жұлдыздарымызды қалташаларымызға салып алайық. Мында қараңдар балалар біздер жұлдыздарымызды құрастырумен айналысып жатқанымызда біздің ғаламшарға жатпланеталықтар келіп қалыпты. Мынау солардың іздері ғой. (музыка ойналады). Жатпланеталықтар құпиясын ашу үшін іздерді рет санымен орналастырып көрейік.

Балалар табан іздеріне салынған сандарды рет санымен қатар орналастырады.

17. Балалар сіздер рет санымен сандарды орналастырдыңдар бірақ сандар құпиясы ашылған жоқ. Олай болса барлығымыз бірлесіп, күш жинап ,жаттығу жұмысын жасап көрелік.

Балалар бой сергіту жаттығуын жасайды.

17. Күшімізді жинап келдік,қайтадан іздер құпиясын ашуға кіріселік.

18. Олай болса сандарды жұбымен қойып шығайық.

Балалар сандарды жұбымен қояды.

- . Өте жақсы. Бізге арнап жатпланеталықтар іздері келесі тапсырманы беріп отыр. (Қисынды есептер )
- . 1- тапсырма: (суреттерін іле отырып) Мен жүріп келе жатып, еменнің тасасынан екі ұзын құйрық және төрт ұзын құлақ көрдім. Олар нелер және нешеу? (2 түлкі, 2 қоян)
- . 2- тапсырма: Дарбаза артынан 8 дөңгелек көрініп тұр. Дарбазаның артында неше машина тұр деп ойлайсың? ( 2 машина)
- . 3 тапсырма: Екі мысықтың аяғы нешеу? ( 8)
- . 4 тапсырма: Үш сиырдың мүйізі нешеу? (6)
- . Балалар, өте жақсы сіздер бұл тапсырманы да жақсы орындай білдіңдер. Қараңдаршы біздің ғаламшардан іздер ғайып болып кетті ғой.
- . Балалар сіздерге енді соңғы тапсырма беріліп отыр. Біздің ғаламшарда жатпланеталықтардың 3 түрі бар екен. Мына алдарыңдағы суреттің әр қатарында 1 түрі жетіспейді соны дәл тауып орналастыруымыз керек.

Дидактикалық ойын «Не жетіспейді».

20. Барлық тапсырманы жақсы орындадық, енді балабақшамызға қайтуға жиналайық. Қане бәріміз бірге: 10,9,8,7,6,5,4,3,2,1 Кеттік. (музыка ойналады)

Тәрбиеші: - Балалар сіздердің білімдерің арқасында, бүгінгі ғарышқа сапарымыз сәтті аяқталды. Сіздерге көп рахмет.

Балаларды мадақтау, бағалау.

\* \* \* \* \*

**БҚО Казталов ауданы Қайыңды ОЖББМ  
Ибатова Н.Г бастауыш сынып мұғалімі**

<b>Пән: Әдебиеттік оқу</b>		
<b>Бөлім: Өзім туралы</b>		
<b>Сабақтың тақырыбы: Ахмет Байтұрсынұлы. Алғаш рет оқуға келген күнім</b>		
<b>Сынып: 2</b>	<b>Қатысқан оқушылар саны:</b>	<b>Қатыспаған оқушылар саны:</b>
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаттары</b>	2.1.3.1 - күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеумәдениетін сақтап, диалогке қатысу 2.2.1.2 - шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу 2.3.2.1*- мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру	
<b>Сабақ нәтижесі:</b>	<b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. <b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. <b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.	
<b>Бағалау критерийі</b>	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
<b>Ресурстар</b>	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.	
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Музыка, қазақ тілі,өзін-өзі тану.	
<b>Сабақтың жоспары</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Сабақ барысы :</b>	<b>Бағалау түрлері</b>
<b>Басталуы</b> 3 минут	<b>Бағалау парақшасымен таныстыру</b> <b>Топтарға бөлу.</b>  <b>Психологиялық ахуал қалыптастыру:</b> <b>«Аялы алақан»</b> Мақсаты: жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту. Нұсқаулық: қатысушылар шеңбер болып отырады. «Бүгінгі сабақтан не алғыңыз, не көргіңіз келеді?» — сұрағын оқушыларға қойып, сұрақтарға жауап алу. Бастапқы қатысушы жанындағы көршісінің қолын ұстайды. Тренинг шеңбер бойымен жалғасады. (Тренинг соңында қатысушылар дөңгеленіп қолдарын ұстайды)	Оқушылар қорапшадан өздеріне ұнайтын түске сай маркерлер алады.  <b>«Аялы алақан»</b> Тренинг.
<b>Жаңа білім</b>	<b>Мағынаны ажырату</b> <b>Ой қозғау.</b>	

<p><b>10 минут</b></p>	<p>Бірінші қыркүйек күнімен! Аңқыған жұпар гүлімен Келіп ем, қарсы алар мектебім, Сүйкімді қоңырау үнімен. <b>Білу.</b> -Білімді қайдан аласың? -Ал мектепке алғаш келген күнің есіңде ме? -Сол күні көңіл күйің қандай болды? т.б <b>Түсіну</b> <b>Тыңдалым.</b> А. Байтұрсынұлының «Мен қалай оқуға бардым?» мәтіні тыңдалады.</p>	
<p><b>Ортасы</b> <b>10 минут</b></p>	<p><b>Қолдану</b> <b>Дәптермен жұмыс.</b> Мен қалай оқуға бардым? Менің Әбіш деген құрдасым бар еді. Әкесі оны оқуға берді. Бір күні ойнайын деп бардым. Әбіш кітап оқып отыр екен. Тыңдасам, кітабында жұмбақ, мақал, өлең, басқа да жақсы сөздер көп екен. Оқу үйренсем, мен де сондай оқыр едім деп, ойға қалдым. Үйде қайтып келдім. Оқуға барамын дедім. Әкем мен анам бұл ойымды ұнатты. Ертеңіне әкем мені оқуға апарып берді. <b>Топтық жұмыс.</b> Берілген сөздерден мақал құрап жаз. <b>Бағалау:</b> Оқушылар сағат тілімен ауыстыра отырып, бірін-бірі тексереді. <b>Талдау</b> <b>«Ыстық орындық»</b> орындық әдісі (Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады. Жаттығудың сипаттамасы: Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. -Сен оқуға қалай бардың? т.б  <b>Бағалау:</b> «Бас бармақ» әдісі бойынша бағалау.</p>	<p>Оқулық, қабырғаға ілінген ватмандар, түрлі-түсті маркерлер .  <b>«Айналым шеңбері»</b> әдісі  <b>«Ыстық орындық»</b> әдісі, сұрақтар, орындық</p>
<p><b>Сергіту сәті</b> <b>2 минут</b></p>	<p><b>Сергіту сәті "Күміс құмған-ай"</b></p>	<p>Би билеп сергіп қалады</p>
<p><b>Аяқталуы</b> <b>Сабақты бекіту</b> <b>10 минут</b></p>	<p><b>Жұптық жұмыс.</b> Айтылым. Мәтіндегі оқиғаның аяғын болжату. <b>Бағалау:</b> смайликтерді беру арқылы бір-бірін бағалайды. <b>Синтез</b> Ой толғаныс <b>Жеке жұмыс</b> Жазушыға еліктеп, берілген ойды әрі қарай жалғастыр. Оқу үйренсем..... <b>Бағалау:</b> «От шашу» әдісі бойынша бағалайды.</p>	<p><b>«Болжау»</b> әдісі  <b>«От шашу»</b> әдісі</p>

<p><b>Бағалау</b> <b>Кері байланыс</b> <b>5 минут</b></p>	<p><b>«Жетістік» баспалдағы.</b> Ауызша. Сабақтың жетістік критерийін еске түсіріп, бүгінгі сабақтың мақсатына жеткен, жетпегендері туралы айтады.</p> <p><b>Рефлексия.</b> «Бағдаршам» әдісі арқылы. Сабақты түсінгендігін көрсету үшін бағдаршамның түстерін пайдаланады. Оқушыларда қызыл, сары, жасыл түсті карточкалар бар, соларды көтереді. Қызыл-түсінбедім, жасыл-барлығы да түсінікті сары-түсіндім, бірақ сұрағым бар.</p>	<p>«Жетістік» баспалдағы.</p> <p>«Бағдаршам» әдісі</p>
<p><b>Үйге тапсырма: оқу, дәптермен жұмыс.</b></p>		
<p><b>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</b></p> <p>А, А+ оқушылары мәтіндегі оқиғаның аяғын болжау, мәтіннің атауына назар аударып, тез жауап беру.</p>	<p><b>Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</b></p> <p>Жетістік критерийлері арқылы.</p>	<p><b>Пәнаралық байланыс</b> <b>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері</b> <b>АКТ-мен байланыс</b> <b>Құндылықтардағы байланыс</b></p> <p>Құндылықтарды дарыту: ынтымақтастық, құрмет. Пәнаралық байланыс: өзін-өзі тану. АКТ-ны қолдану дағдылары: Осы сабақ барысында оқушыларға тақырыпқа қатысты көрнекі құралдар интербелсенді тақта арқылы көрсетілді. Тәрбиелік мәні: оқу, білімнің қадірін түсінуге тәрбиелеу.</p>
<p><b>Ойлану</b> Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p><b>Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз.</b> <b>Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.</b></p>	
<p><b>Қорытынды бағамдау</b> Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2: Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2: Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?</p>		

\* \* \* \* \*

<p>Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 5.3 В Күні:  Сынып: 5</p>	<p>Мектеп: Қайыңды ОЖББМ  Мұғалімнің аты-жөні: Каюпова Қ.Е</p>	
<p>Сабақтың тақырыбы</p>	<p>Ондық бөлшектерді қосу</p>	
<p>Осы сабақта қолжеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p>	<p>5.1.2.27 Ондық бөлшектерді қосу (4 сағат- 1 сағаты)</p>	
<p>Сабақтың мақсаты</p>	<p>Оқушылардың барлығы ондық бөлшектерді қосуды үйренеді. Оқушылардың көпшілігі ондық бөлшектерді тиімді тәсіл және қосудың қасиеттерін қолданып қосуды үйренеді. Оқушылардың кейбіреуі ондық бөлшектерге байланысты теңдеулерді және мәтін есептерді шешіп үйренеді.</p>	
<p>Бағалау критерийі</p>	<p>Білу – оқушылар тақырыпқа сай терминдері, түсініктерді, ондық бөлшектерді қосу ережесін біледі. Түсіну – ондық бөлшектерді қосу алгоритмін қолдануды ауызша түсінеді. Қолдану-ондық бөлшектерді қосу алгоритмін есептер шығаруда қолданады. Теорияны практикалық жұмыстарда қолданады. Талдау-ондық бөлшектерді разрядтары бірдей, әртүрлі болуына қарай қосуды талдап орындай алады. Жинақтау-ондық бөлшектерді тиімді тәсілмен, қосудың қасиеттерін қолданып сауатты шеше алады, мәтін есептерде жан-жақты талқылап, талдап, жоспарлар шығарады. Бағалау-оқушылар бір-бірімен ойларымен, есептер шығаруда тиімді тәсілдерді қалай қолдану керектігі туралы көзқарастарымен бөліседі, өз ойларын жақтап, дәлелдей алады.</p>	
<p>Тілдік мақсаттар</p>	<p>оқушылар: -тақырып бойынша түсініктер мен терминдерді сауатты қолданады; -ережелерді нақты, түсінікті жеткізеді; -мысалдардың шешімін түсіндіреді; -тапсырмалардың шешімін талқылайды; Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер арқылы: -таңба, қосу, өрнек, айнымалы, мағына, теңдеу, тәсіл, мән сөздерді пайдалану арқылы тақырыпты түсіндіре алады; -байланысын көрсете алады; -ойын дәлелдей алады; Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер: -ондық бөлшектерді қосу үшін..; -үтірді жылжытамыз..; -разрядтар бойынша қосу..; -ондық бөлшектерді қосуда мән берілу керек...;</p>	
<p>Құндылықтарға баулу</p>	<p>«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша; - Жалпыға бірдей еңбек қоғамы (жеке жұмыс, жұптық жұмыс); - Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім (топтық жұмыс);</p>	
<p>Пәнаралық байланыс</p>	<p>Өзін-өзі тану (көңіл-күй, топта жұмыстана білуі), қазақ тілі (ережелерді дұрыс жеткізу, тапсырмалардың шешімін дұрыс талқылай білуі, түсіндіре білуі), жаратылыстану (географиялық терминдермен жұмыс)</p>	





	<p>Ал, келесі қосындыларды ше?  <math>1,1+1,2?</math>  <math>2,2+3,2?</math>  -Иә, бұл қосындыларды бүгін қалай қосу керектігін үйренеміз. Бізге бұл қызық па?білгіміз келе ме?  Оқушылардың алдына таразы қойылады. Таразының бір жағына мұғалім өзі қойған сұрақтар жазылған қағаздарды бүктеп салады.  -Оқушылар, таразыны теңестіру үшін сабағымыздың соңында алған білімдерімізбен, жұмыстарымызбен теңестіретін боламыз.</p>	
<p>Сабақтың ортасы  Жаңа сабақ,  Білімді бекіту.  25 минут</p>	<p><b>ІҮ. Жаңа сабақ.</b>  Бөлінген 2 топқа 2 тапсырма беріледі. «Гугл» әдісі арқылы  Топтар (оқулық бойынша ):  - ондық бөлшектерді қосу алгоритмін қалай жасайды?  -разрядтары бойынша ондық бөлшектерді қосудың ережелері қандай?  -дәлел ретінде қандай мысал келтіруге болады? деген сұрақтар қойылады, әр топ плакаттарын қорғайды.  Болу керек:  -ереже;  -жоспар бойынша алгоритм;  -мысал;  <b>ҚБ: топтар бірін-бірі шапалақпен бағалайды, мұғалім жұлдызшалармен бағалайды.</b></p> <p><b>Білімді бекіту.</b>  «Карталар» тәсілі бойынша жұптасып тапсырмаларды орындайды.  №1 ондық бөлшектерді қосыңдар:  <math>0,07+13,23=</math>  <math>9,03+4,28=</math>  <math>18,36+7,14=</math>  <math>85,07+3,03=</math>  <math>56+0,37=</math>  <math>6,3+2,5+0,7=</math>  <math>9,2+3,3+1,6=</math>  <math>0,1+9,9+1,5=</math></p>	<p>Плакат</p> <p>карталар</p> <p>Үлестірме парақшалар</p> <p>Сұрақтар жазылған куб</p> <p>Плакат, бояу</p>

$$25,6+0,41=$$

$$2,9+1,1=$$

**ҚБ: мұғалім уақытқа байланысты оқушыларды жұлдызшамен бағалайды.**

№2 деңгейлік тапсырмалар. Жеке жұмыс.

18. Ондық бөлшек түрінде жазыңыз:

$$27:10; 81:100; 319:100; 919:100;$$

19. Есептеңіз.

$$A) 2,83+15,2;$$

$$Ә) 45,6+7,35;$$

$$Б) 0,5+5,5;$$

20. Тапсырманы орындаңыз:

Көйлекті тігу үшін 2,35м мата қажет, жейдені тігу үшін 1,2м-ге артық мата қажет. Көйлекті және жейдені тігу үшін барлығы қанша метр мата қажет?

21. Теңдеуді шешіңіз.

$$(x-22,02)-4,08=17,3$$

22. Жұлдызшаның орнын теңсіздік дұрыс болу үшін қажет бірдей цифрмен алмастырыңыз.

$$0,*8<0,8* \text{ және } 0,*5>0,5*$$

**Дескриптор :**

№	Тапсырма атауы	Тексерілетін бөлігі	Орындалған тапсырма үшін ұпай саны
1	Ондық бөлшек түрінде жазу	Ондық бөлшектің жазылуы-1 ұпай	1 ұпай
2	Ондық бөлшектерді қосу	Ондық бөлшектерді қосу-1 ұпай	1 ұпай
3	Мәтін есепті шешу	Есептің қысқаша берілгенінің жазылуы-1 ұпай Есептің шешуі-1 ұпай Жауабы-1 ұпай	3 ұпай
4	Теңдеуді шешу	Теңдеуді шешу алгоритмі-1 ұпай Теңдеуді жазудың дұрыс рәсімделуі-1 ұпай Ондық бөлшектерді қосу-1 ұпай	3 ұпай
5	Ондық бөлшектерді салыстыру	Ондық бөлшектерді салыстыру ережесі-1 ұпай Бірінші теңсіздіктің шешімі-1 ұпай Екінші есептің шешімі-1 ұпай Барлық жауаптарды дұрыс табуы-1 ұпай	4 ұпай
	Барлығы:		12 ұпай

**«Толқын» әдісі арқылы тексеру.**

**Мұғалім бір оқушының жұмысын тексеріп, ол оқушы келесі оқушыны тексереді,**

**ҚБ: мұғалім жұлдызшамен бағалайды**

6 ұпай- 1 жұлдызша

9 ұпай – 2 жұлдызша

12 ұпай-3 жұлдызша

**ҚБ: мұғалім ауызша мадақтау сөздерін қолданып бағалайды**

№3Топтық жұмыс. Екі топ есептің шешімін параққа сурет салу арқылы түсіндіріп, жеткізу.

□□. Іле өзені-Балқаш көліне құятын ағысы қатты өзендердің бірі. Оның біздің республикамыздың аумағынан өтетін ұзындығы

	<p>814,75 км , ал республикамыздан тыс жерден өтетін ұзындығы 624,25км. Іле өзенінің ұзындығы неше километр?        // . үшбұрыштың бірінші қабырғасы 6,3 см. Үшбұрыштың екінші қабырғасы бірінші қабырғасынан 2,5см артық. Үшбұрыштың үшінші қабырғасы екінші қабырғасынан 1,1 см артық. Үшбұрыштың периметрін табыңыздар.  <b>ҚБ:«Қолтаңба» тәсілі бойынша топтар өзара бағалайды.</b></p> <p>№4 «Куб» әдісі. Өтілген тақырып бойынша ауызша сұрақтарға жауапты сауатты, тиянақты жеткізуін тексеру.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ондық бөлшектерді қосу қалай орындалады?</li> <li>• Ондық таңбалар саны әр түрлі ондық бөлшектерді қосу қалай орындалады?</li> <li>• 1,25+2,561?</li> <li>• Ондық бөлшектерді қосуды білудің қоғамда тиімділігі неде?</li> <li>• Жай бөлшектер мен ондық бөлшектерді қосудағы ұқсастықтары?</li> <li>• Жай бөлшектер мен ондық бөлшектерді қосудағы айырмашылықтары?</li> </ul> <p><b>ҚБ: жұлдызшамен бағалау, ауызша мадақтау.</b></p>	
<p>Сабақтың соңы        Үйге тапсырма        Рефлексия        8 минут</p>	<p>Оқушылар стикерге бүгінгі сабақта        -нені үйрендім?        -не маған қызықты болды?        -неден қиналдым?        -нені әлі де үйренуім керек? деген сұрақтарға қалаулары бойынша жауап жазып таразыға салады.        «Эверест» әдісі арқылы қолдарындағы жалаушаларды сабақ үрдісі кезінде жинаған жұлдызшаларды санай отырып, тақтада тұрған таудың әр деңгейлеріне іледі.        Үйге тапсырма №1276, 1,4 №1283</p>	<p>Стикерлер, су рет, жалаушалар</p>
<p><b>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</b></p>	<p><b>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</b></p>	<p><b>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</b></p>
<p>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтуы мүмкін (Гарднер бойынша көптік зият теориясы).        Уақытты тиімді пайдалана отырып,</p>	<p>Бұл бөлімде оқушылардың сабақ кезінде нені үйренгендерін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдерді жазыңыз.</p>	<p>Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолдану. Осы сабақта қолданылатын <b>Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары</b></p>

саралауды сабақтың кез келген кезеңінде қолдануға болады.		
---	--	--

<p><b>Сабақ бойынша рефлексия</b></p> <p>Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?          Барлық оқушылар оқу мақсатына қолжеткізді ме?          Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?          Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?</p>	<p>Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.</p>
--	--

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қараөзен мектеп-лицейі**  
**дене шынықтыру пәнінің мұғалімі**  
**Тукина Гүлзахира Құрманғазықызы**

<b>Пәні:</b> Дене шынықтыру Зсынып		<b>Күні:</b>
<b>Тақырыбы:</b>		Қимыл қозғалыс ойындары
<b>Мақсаты:</b>		Иілгіштікті, ептілікті, төзімділікті күшті дамыту. Қимыл –қозғалыс аппараттарының дұрыс қалыптастыруын дамыту.
<b>Күтілетін нәтиже:</b> Доптын үш қйындысн алған оқушы бес ,ал екуің алған оқушы төрт,ал біреу алған оқушы үш деген баға алады.		а) Қимыл қозғалыс ойындарынын адамға тигізер пайдасын біледі.ә )Қимыл-қозғалысты орындай алады б)күрделі қозалыс әрекеті орындайды
<b>Керекті жабдықтар</b>		Кедергілер,доп,ысқырық,.
<b>Сабақ кезеңдері</b>	<b>Мұғалім әрекеті</b>	<b>Оқушы әрекеті</b>
<b>Кіріспе</b>	Оқушылармен амандасу. Психологиялық дайындық. «Тлек шенбері» әдісі арқылы оқушыларға бір-біріне тілектер айтқызамын.	Мұғаліммен амандасады. Оқушылар бір-біріне арналған тілектердін айтады,
<b>Тұсаукесер</b>		Оқушылар өз ойларын болжап айтады.
	Суреттен нені көріп тұрмыз?	
<b>Негізгі бөлім</b>	Оқушыларға қозғалмалы ойындардын түрлерын түсіндіремін.Оқушыларды доптын қиындысы арқылы екі топқа бөлу. «Қимыл қозғалыс ойындары» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? Қимыл қозғалыс ойындарынын адамға тигізер пайдасы? Қимыл қозғалыс ойндары деп нені	Тақырыпты оқып, топта талдайды.Тақырыптың мағынасын ашады. Оқушылар конверттегі сұрақтарды алып, оқып жауаптарын береді

	айтамыз? Қандай қимыл қозғалыс ойындарын білесіндер? Сергіту жаттығулары Аңшылармен үйректер ойынын ойнату.	Ойынға барлық оқушылар қатысада.
<b>Қорытынды</b>	Нені білемін? Нені білгім келеді? Нені білдім?	Оқушылар өз қорытындыларын айтады.
<b>Үйге тапсырма</b>	§Қозғалмалы ойындар туралы біліп келу	Үй тапсырмасын күнделіктеріне жазады. Доптын үлгісі н көп алған оқушылар бағаланады.
<b>Бағалау</b>		



**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы  
Қараөзен мектеп –лицейі «Айгөлек» шағын орталығының  
«Қызғалдақ» тобының тәрбиешісі  
Суюншкалиева Данагул Хамзиевна**

**Тақырыбы:** «Үй жануарлары»

**Мақсаты:** Балаларға үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, олардың пайдасы

маңызы, туралы түсінік беру. Олардың түрлерін бір – бірінен ажыратуға, айтқандай зейін қойып тыңдауға үйрету көзделіп үй жануарларына байланысты

тақпақтар мен мақал мәтелдер айтқызу сұрақ – жауап, жұмбақ шешу арқылы тіл байлықтарын дамытумен бірге олардың бізге тигізер пайдасын айтып, ұлттық тәрбие негізін еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру қарастырылады.

**Тәрбиелік:** Үй жануарларына қамқорлық жасау.

**Әдіс - тәсілі:** Сұрақ - жауап, түсіндіру, көрсету

**Көрнекілік:** Үй жануарларының суреттері, слайд

**Тәрбиеші:**

Балалар, «Амандасу - адамгершіліктің, әдептіліктің баспалдағы»

сондықтан да, алдымен қонақтармен амандасып алайық.

Білер қазақ баласы

Сәлем сөздің анасы

Көп танасты көреміз

Алдымыздан кезіккен

Бәріне де ізетпен

Иіліп сәлем береміз

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс мезгілінде неше ай бар?

- Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?

- Сендер қыс мезгілінде қандай ойындар ойнайсыңдар?

- Өте жақсы. Жарайсыңдар!

- Балалар, тыңдаңдаршы, нелердің даусы?

- Дұрыс айтасыңдар, балалар, осы сиыр, қойды үй жануарлары деп атайды. Үй жануарларына сонымен бірге жылқы, түйе, ешкі және ит пен мысық жатады. Мысық - ол үйде тұрады. Ал, ит үйдің сыртында, үйшікте тұрады. Ол үйді күзетеді. Ит - жеті қазынаның бірі.

- Балалар, сендерді ата - әжелерің қандай сөздермен еркелетеді?

- Балалар: Ботақаным, қозым, құлыным, еркем, кішкентай лағым, қошақаным.

Сендерді ата - әжелерің жақсы көріп, сүйкімді жануарлардың аттарымен еркелетеді екен, қандай тамаша!

**Тәрбиеші:** Балалар, осы сүйкімді жануарлар төрт түлікке жатады. Олар: түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі. Түйенің баласы - бота, сиырдың баласы - бұзау, қойдың баласы - қозы, ешкінің баласы - лақ, жылқының баласы - құлыншақ. Халқымыздың байлығы да, берекесі де осы малдар. Адамға пайдасы өте көп. Сүтін ішеміз, етін жейміз, киім қыламыз. Сиырдың, қойдың, сүтінен май,

құрт, айран, ірімшік жасайды. Адамдар да оларға қамқорлық көрсетеді. Бағады, шөп, жем, су береді, сауады, көптеген күтім жасайды. Үй жануарлары өздері күн көре алмайды. Ата бабамыздан келе жатқан қасиетті жануарларды өте жақсы көрген, күтіп, қасиеттеп қараған.

Төрт түлік туралы көп жырлар, өлеңдер, мақал - мәтелдер шығарған.(Слайдтан көрсету)

(Осы кезде боран соғып, есік ашылып бақташы кереді)

Бақташы ата: Аманыңдар ма, балалар, ғафу етіңдер.

- Бұл қай жер екен?

- Балабақша.

- Қандай балабақша?  
-Айгөлек» балабақшасы.  
- Естілмейді қандай балабақша?  
-«Айгөлек» балабақшасы.  
- Мен, боранда ығып кеткен төлдерімді іздеп жүр едім, осы балабақшаның жанынан өтіп бара жатыр деп еді.  
Тауып берсеңдер сыйлығым бар. Көрмедіңдер ме?

Балалар:- Жоқ

**Тәрбиеші:** Келіп қалған екенсіз. Ата төрлетіңіз! Бүгінгі оқу ұйымдастылырған

іс - әрекетінде үй жануарлары туралы айтып жатыр едік.

**Бақташы ата:** Жарайды, балалар ендеше мен сендерге жұмбақ жасырайын шешуін кім табады екен?

Кішкене ғана бойы бар

Айналдырып киген тоны бар.

(Қой)

Қане, балалар ендеше қойдың дыбысын салыңдаршы.

**Балалар:** Қой - мә - мә маңырайды

**Бақташы ата:** Ой, бәрекелді балалар жарайсыңдар!

Кезекті бір жануар

Үстінде екі тауы бар

(Түйе) Түйе - бө - бө боздайды

Басында екі таяғы бар

Төрт аяғы бар

Бірақ тағы сақалы бар

(Ешкі) Ешкі - бе - бе бақырады

Екі айнасы бар

Екі найзасы бар

Төрт жылтырмағы бар

Бір шыпыртқысы бар

(Сиыр) Сиыр - мө - мө мөңіреді

Екеуі елеңдеп келеді

Төртеуі төбелесіп келеді

(Жылқы) Жылқы - е - е - е кісінейді

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар, Ата уайымдамаңыз, төлдеріңіз табылады шаршаған шығарсыз бәріміз бірге сергіту сәтін орындап жіберейік, балалар бойымызды сергітіп алайық.

**Сергіту сәті:**

Тіктеп титтей құлағың

Ботам былай жүреді

Сыртылдатып тұяғын

Бұзау былай жүреді.

Алға созып мойынын

Ойнақтайды ботақан

Көкке қарай мұрынын

Шүйіреді бұзауқан.

**Бақташы ата:** Жарайсыңдар балалар! Көңілім көтеріліп сергіп қалдым.

**Тәрбиеші:** Ендеше бақташы атамызға тақпақтар айтып берейік!

**Перизат:** Ақ бұзауым ұнайды

«Мө - мө» деп сүт сұрайды

Келеді өсіп күн сайын

Тұмсығын созып қарайды

Тілімен мұрнын жалайды

**Сабина:** Кіп - кішкене момақан

Қошақанды ұнатам

Сүйеді апам қозым деп

Қошақаным өзім деп.

**Нұрислам:** Құлыншағым құндызым

Құлдырайды шабады

Жылтылдаған жұлдызым

Құстай қанат қағады.

Жаңгүлім: Шөре - шөре лағым

Тентек болма шырағым

Секектеме демінді ал

Селтеңдемей құлағың Мейірбек: Айналайын, ботам

Қандай күлте жотаң  
 Табаңдарың жалпақ  
 Теріп жейсің жантақ  
 Тәрбиеші: Қане, балалар Бақташы атамызбен бірге «Сиқырлы қалташа» ойын ойнайық.  
 (Төрт түліктің даусы естіледі)  
 Тәрбиеші: Балалар тыңдайықшы бір төлдердің дыбысы естілетін сияқты  
 Бақташы ата: Ой, балалар менің төлдерімнің даусына ұқсайды.  
 Бала: Сүйінші, сүйінші ата сіздің қозыңызды тауып алдым  
 Бақташы ата: Рахмет, балам өркенің өссін! Сүйіншіңді ала ғой. Балалар, менің қозым Қане, балалар ұстап көріңдерші. Қандай екен?  
 Балалар: Сүйкімді, әдемі, кішкентай.  
 Бақташы ата: Мен сендерге сыйлығымды беріп кетейін, мұны ауылдан әжелерің беріп жібірді дәм татыңдар балалар. Жақсы сау болыңдар!  
 Тәрбиеші: Рахмет, бақташы ата сіз келіп, біздің көңіліміз көтеріліп қалды. Жолыңыз болсын! Соу болыңыз!  
 - Балалар, сонымен үй жануарларына нелер жатады?  
 - Үй жануарларының төлдерін не деп атаймыз?  
 - Малдың дыбысталғанын қалай атайды?  
 Жылқы - кісінейді  
 Сиыр - мөңірейді  
 Қой, ешкі - маңырайды  
 Түйе - боздайды.  
 Тәрбиеші: Қане, балалар, орнымыздан тұрып жылулық шеңберін құрайық жылқы жылына арналған тілектерімізді айтайық!  
 Еліміз аман болсын!  
 Аспанымыз ашық болсын!  
 Деніміз сау болсын!  
 Ата - анамыз қасымызда болсын!  
 Жылқы жылы бақыт әкелсін!  
 Төрт түлігіміз түгел болсын!  
 Ақ мол болсын!  
 Бәріміз дос болайық!  
 Бәріміз бақытты болайық!  
 Тәрбиеші: Осы тілектеріміз қабыл болсын! Балаларымыздың апайларына дайындаған сыйлықтары бар екен. Бұл сыйлық биылғы жылқы жылының күн тізбесі. Алдағы күндері сәтті, табысты болсын деген тілекпен сіздерге тарту етеміз.  
 Қане, балалар орнымыздан тұрып келген қонақтармен қоштасайық  
 Біз ақылды баламыз  
 Айтқан тілді аламыз Бүгінгі келген қонаққа  
 Сау болыңыз деп, айтамыз.

\* \* \* \* \*

**Г.Б. СЕЙТКАЛИЕВА,**  
**Мирон НЖББ мектебінің мектепалды**  
**даярлық тобының тәрбиешісі**

<b>Қысқа мерзімді сабақ жоспары</b>		
<b>Күні:</b>	24.04.2017ж	<b>Мектеп:</b> Мирон НЖББ мектебі
<b>Сыныбы:</b>	Мектепалды	<b>Мұғалім:</b> Сейткалиева Г.Б
<b>Сабақ тақырыбы:</b>	«Мамандықтың бәрі жақсы»	<b>Қатысқандар:</b> 3
<b>Оқу мақсаттары:</b>	Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту; Берілген тақырып аясында диалогке қатысу;	<b>Қатыспағандар:</b> 0
<b>Сабақ мақсаттары:</b>	<b>Барлық оқушы:</b> мамандықтар иелері туралы түсінік алады; <b>Оқушылардың басым көпшілігі:</b> тақырыпты түсініп, тыңдап, сұрақтар арқылы талқылайды; <b>оқушылар:</b> алған білімді өмірде қолдана алады; <b>Кейбір</b>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Өз ойын айта біледі, өзге топтарды тыңдауға үйретіледі.	
<b>Тірек сөздер мен тіркестер:</b>	Инженер, кәсіпкер	
Сыныптағы диалог жазылым үшін пайдалы	Топтық тапсырмалар	





15-17 минут 17-20 минут 20-22 минут	Ойын: « <b>Әріпті мамандық</b> » Мамандық иелерін атап, қандай дыбыстан басталып тұрғанын тауып, сол әріпті жапсыру. Бір-бірінің жұмысын бағалайды. <b>Дәптермен жұмыс.</b>	
Аяқталуы 22-25 минут	Кері байланыс.	Стикерлер
Қосымша ақпарат:		
Саралау қабілетті оқушылар мен үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс: үлгерімі төмен оқушыларды үнемі назарда ұстау, деңгейіне қарай жеке тапсырмалар беру	Бағалау Топтар бір-бірін өзара бағалайды.	Пәнаралық байланыс: сауат ашу Қауіпсіздік және еңбекте қорғау ережелері: балаларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. АКТ ноутбук

**Дуйсенова А.Ж Бастауыш сынып мұғалімі**  
**Мирон НЖББМ**

<b>Бекітемін:</b>	<b>Қысқа мерзімді жоспар</b>	Мектеп: Мирон НЖББ мектебі
<b>Күні</b>	20.04.2017.	
<b>Сыныбы:</b>	3	Мұғалім: Дуйсенова А.Ж
<b>Сабақ тақырыбы:</b>	Сан есім	<b>Қатысқандар:</b>
<b>Оқу мақсаттары:</b>	Сан есімнің түрлері туралы түсінік алады ,жаттығулар орындау арқылы сөйлем ішінен есептік және реттік сан есімдерді ажыратады. Сауатты, әдемі,таза жазады. Ойын еркін жеткізеді	<b>Қатыспағандар:</b>
<b>Сабақ мақсаттары:</b>	<b>Оқушылардың барлығы:</b> Сан есімнің сұрақтарына қарай ажыратады, сұрақ қою арқылы сөйлем ішінен таба алады Тақырыпты ашып талдайды,дәлелдейді. <b>Оқушылардың көбі:</b> Жаттығу тапсырмаларды орындап,талдайды <b>Кейбір оқушылар:</b> Берілген тапсырманы орындай алады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Ойды жүйелі жинақтауға үйренеді,өз біліміне есеп беріп,бағалауға үйренеді,өзіндік ойын ортақ пікірге тоғыстыра біледі,бір-бірің тыңдауға үйретіледі.	
<b>Тірек сөздер мен тіркестер:</b>	сан есім ережесі, сұрақтары және сөздері.	
<b>Сыныптағы диалог жазылым үшін пайдалы бірліктер талқылауға арналған тапсырмалар:</b>	Топтық,жұптық,жекелей тапсырмалар , Сөздерді қатесіз, көркем, таза жазу	
<b>Алдыңғы тақырып</b>	Сыныпта ынтымақтастың ахуал қалыптастыру. Оқушылардың сабаққа қызығушылығын ояту. Алдыңғы тақырыпты еске түсіру,талқылау.	
<b>Жоспарланған уақыт:</b>	<b>Жоспарланған жаттығулар:</b>	<b>Ресурстар:</b>
<b>Басталуы</b>	Ұйымдастыру сәті	Амандасу Ұран
<b>5 мин</b>	<b>Үй жұмысын тексеру</b> <b>14-жаттығу.</b> Құрамында сан есім бар сөздерді сөзбен жаз. К+2+лік,7+к,тү+1,к+3+ік, жел+90,6+бақан,8+көз. Кекілік,жетік,түбір,күшік,желтоқсан,алтыбақан, сегізкөз. <b>Өткенді пысықтау</b>	<b>Үй жұмысы:14-жаттығу</b> жұптық тексеріс слайд бойынша

<p>Ортасы : <b>10 мин</b></p>	<p><b>Жаңа сабақ:</b> Ерте, ерте, ертеде «Сөз табы» деген елде бір ақсақал өмір сүріпті. Ол ақсақалдың аты – «Сан есім» екен. Оның екі ұлы болыпты. Ұлдарының аты – «Есептік» және «Реттік» екен. Есептік сан есім әр затын санап, ал Реттік сан есім әр затын ретімен қойып, ретімен айтып, бақытты өмір сүріпті. Және де бір-бірінен ажырамай өздерінің мақсат мұраттарына жетіпті.</p> <p><b>Топтық жұмыс</b> <b>Олар қалай өмір сүріпті ? Олар бір-бірімен ажырамай өздерінің мақсат мұраттарына қалай жетіпті? Оның құпиясын топ болып табыңдар.</b></p> <p>Ресурс Сан есім</p> <p>Сан есім <i>есептік</i> және <i>реттік</i> болып екіге бөлінеді. Қанша? Неше? Сұрақтарына жауап беретін сан есімдерді есептік сан есім деп атайды: екі, алты, жеті. Нешінші? Сұрағына жауап беретін сан есімдерді <i>реттік сан</i> есім деп атайды: екінші, алтыншы, жетінші. Реттік сан есім есептік сан есімге –<b>ыншы, інші, ншы, нші</b>, жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.</p> <p><b>Оқулықпен жұмыс</b> <b>Тақтамен жұмыс</b> 17-жаттығу. Сан есімдерді теріп жазу, сұрақ қою. Сан есімдерді салыстыру, есептік не реттік екенін Біз үш қабатты жаңа мектепте оқимыз. Менің сыныбым үшінші қабатта. Бүгін сыныптан екі оқушы қалалық жарысқа қатысты. Айбар бірінші орынды жеңіп алды. Айсұлу екінші орынға ие болды.</p> <p><b>Дәптермен жұмыс</b> <b>Жұптық жұмыс</b> <b>I-жұп Бағалау</b> 18 – жаттығу. Көп нүктенің орнына есептік сан есімді реттік сан есімге айналдырып жаз. Реттік сан есімдердің құрамындағы жұрнақтарды тиісті белгімен белгіле. Бір қатар – бірінші қатар Үш орын – үшінші орын Тоғыз мектеп – тоғызыншы мектеп Алты сынып – алтыншы сынып Мағыналық өзгешелігін айту.</p> <p><b>Бағалау II-жұп</b> 19 – жаттығу. Реттік сан есімді сөз құрамына талдау. Жалғанған жұрнақтардың әртүрлі болуын айту. Бірінші, екінші, бесінші, алтыншы, жетінші, тоғызыншы, оныншы, отызыншы.</p> <p><b>III-жұп Бағалау</b> <b>20-жаттығу. Жұмбақтың шешуін тап.</b> Сан есімдерді тауып, реттік не есептік сан есім екенін айт. Қос сөзін қандай сан есіммен алмастырып айтуға болады? Отыз екі – бәрі алып, Тұрар іште қамалып. Ашылғанда қос есік, Көрінеді ағарып</p> <p><b>Сергіту сәті Видеоролик</b> <b>Жеке жұмыс Бағалау</b> <b>«Кім тапқыр»</b> Сіздерге мақал - мәтел берілген, сіздер жоқ сөздердің орнына керекті сан есімдерді жаз. .....атасын білмеген жетесіз.</p>	<p>Үнтаспадан тыңдау Стоп-кадр</p> <p>Ресурс Сан есім Постер қорғау</p> <p>Бағалау Ресурс</p> <p>Оқулық, жұмыс дәптері</p>
-----------------------------------	--	--

	<p>Білекті ..... жығады,білімді ..... жығады.  ..... теңгең болғанша, ..... досың болсын. Қызға  ..... үйден тию.  Бала ..... келгенше, жерден таяқ жейді. Ер жігіттің  .....сөйлегені – өлгені.  ..... ауыз сөздің тобықтай түйіні бар.  ..... рет өлшеп,..... рет кес.  Жігітке ..... өнерде аз.  Ел құлағы ..... .  <b>Бұлар қандай сан есімдер?</b></p>	
Қосымша ақпарат:	Оқушы аңықтамалығы,Ресурс	
Саралау қабілетті оқушылар мен үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс: 5 мин	<p><b>Қабілетті оқушыларға:</b>  Тапсырмаларды орындау:үнемі  Үлгерімі төмен оқушыға:  Жеке тарсырманы орындау</p>	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекте қорғау ережелері. АКТ Құндылықтар байланыс
Аяқталуы 7 мин	<p><b>Рефлексия:</b>  <b>Кері байланыс:</b>  <b>Қорытынды:</b></p>	
<b>Үйге тапсырма:</b>	20-жаттығу	

**БҚО, Казталов ауданы, Мирон НЖББ мектебі**  
**Пәні: Химия Қысқа мерзімді сабақ жоспары**  
**Пән мұғалімі: Отаров Н Х**

<b>Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы.</b>	<i>Химия пәніне кіріспе.Таза заттар және қоспалар.</i>	
	<b>Сынып:</b> 7	
	<b>Қатықандар саны:</b> 5	
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>	№1 Практикалық жұмыс«Қауіпсіздік техникасының ережелерімен және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу. »	
<b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</b>	7.1.12 химиялық лабораторияда және кабинетте жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну;	
<b>Сабақ мақсаттары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- білім алушылар химия пәні туралы біледі</li> <li>- зертханалық құралдарды қолдануды біледі</li> <li>- қауіпсіздік техникасының ережелерін түсінеді және біледі</li> </ul>	
<b>Бағалау критерийі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- химия пәні туралы біледі</li> <li>-қауіпсіздік техникасының ережелерін біледі және түсінеді</li> <li>-химиялық реактивтерді мен зертханалық құралдармен жұмыс жасауды біледі</li> </ul>	
<b>Тілдік мақсаттар</b>	<p>Диалог құруға арналған сөйлемдер мен сұрақтар  Химия пәні қандай ғылым?  Химия пәні не үшін қажет деп ойлайсыз?  Химия пәнінің міндеттері қандай?  (Қауіпсіздік техникасын қолдану туралы айтады және тыңдайды. Қауіпсіздік техникасының ережелері туралы өз ойларын жазады)  Химия- химия- chemistry  Қауіпсіздік техникасы – техника безопасности- Safe technology  Белгі- знак- Sign.</p>	
<b>Құндылықтарға баулу</b>	Практикалық жұмыстарды орындату барысында ынтымақтастыққа, ашықтық, еңбек және шығармашылыққа тәрбиеленеді. Топтық, жұптық жұмыстар орындату барысында оқушылар бір- біріне құрмет көрсетуге дағдыланады.	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Жаратылыстану	
<b>Алдыңғы білім</b>	Жаратылыстану пәні бойынша оқушылар ақпарат алды.	

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы**  
**Талдықұдық ауылы С.Есетов атындағы ОЖББМ**  
**Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Беккалиева Альмира Бакытжыновна**

Тақырып: Отбасы татулығы  
 Құндылық: «Сүйіспеншілік»  
 Қасиеттер: Бауырмалдық, жанашырлық, мейірімділік.  
 Мұғалім: Беккалиева А Сыныбы: 5

<p><b>Сабақ мақсаты:</b> «Оқушыларға отбасы татулығы мен үйлесімділігі туралы ұғындыра отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-оқушыларды отбасы татулығын сақтауға үйрете отырып, мейірімділік қасиеті туралы түсінік беру .</li> <li>-оқушылардың өз отбасына деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, бауырмалдық, жанашырлық қасиеттеріне баулу.</li> <li>-оқушыларды мейірімділікке, жанашырлыққа және өзара сыйластыққа тәрбиелеу</li> </ul>	<p>Ресурстар: (құралдар, мәліметтер)</p>
<p><b>Сабақ барысы:</b></p> <p style="text-align: center;"><b>23. Ұйымдастыру кезеңі.</b></p> <p>5"Т" ережесін еске түсіру (Тәртіп, талап, тазалық, тыныштық, татулық)</p> <p><b>Тыныштық сәті. Нұрға бөлену</b> (баяу әуен)</p> <p>Көзімізді жұмып, Зрет терең демалыңыз.</p> <p>Енді көз алдыңызға жұлдызды аспанды елестетіңіз. Жұлдыздар үлкен және кішкентай, жарық және әлсіз жарық. Біреулер үшін бұл бірнеше жұлдыз, біреулер үшін сансыз ұсақ, небір жарық, жымыңдаған нүктелер болуы мүмкін. Қол созғанда жететіндей біресе алыстап, біресе жақындап көрінуі мүмкін. Жұлдыздарға көңіл қойып қарап, ішінен өзіңізге ұнаған тамаша жұлдызды таңдаңыз. Мүмкін ол сіздің балалық шағыңызға ұқсайтын шығар мүмкін ол сіздің қуанған, табысқа жеткен, өзіңізді бақытты сезінген кезіңізді еске түсірген шығар. Өз жұлдызыңызға жақсы көріп қараңыз да, оған жетуге тырысыңыз. Бар күшіңізбен ұмтылыңыз! Сіз міндетті түрде өз жұлдызыңызға жете аласыз. Оны аспаннан алыңыз да, алдыңызға жайлап қойыңыз, жақынырақ қараңыз және ол қандай екенін, қандай түс шығаратынын есте сақтаңыз. Ал, енді тізеңізді сипаңыз, аяғыңызға қарай, жеңіл керіліңіз де, көзіңізді ашыңыз. Түсті қарындаш, қағаз алып, жұлдызыңыздың суретін салыңыз. Оны қиып алып сақтап қоясыз. Жұлдызыңыз сізге достық, қайырымдылық, өзара көмек шұғыласын шашады және білім жолында, емтихан кезінде, өмір жолында қолдау көрсетеді. Түнгі жұлдыздарды қарасаңыз, олар бірдей емес екенін көресіз. Олар әртүрлі, сіз бен біз сияқты.</p>	<p>Сабақ барысын талқылау:</p>
<p>Оқулықтағы Мәдіхат Төрежановтың "Әжесін қайсысы жақсы көреді?" әңгімесін оқып, талдау.</p> <p>Талдау сұрақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Дәрігер Болаттың іс-әрекетіне неліктен риза болды?</li> <li>-Болаттың әжесіне деген сүйіспеншілігі қандай әрекеттер арқылы көрінеді?</li> <li>-Отбасында сыйластыққа қалай қол жеткізуге болады?</li> <li>-Отбасындағы татулықты қалай сақтауға болады деп ойлайсың?</li> </ul>	<p>Әңгімені оқып, сұрақ арқылы талдау жасау.</p>
<p>Дәйек сөз «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» (Отбасында баланы жақсы тәрбиелесе ол әдепті, ақылды азамат болып шығатыны түсіндіру.)</p> <p>Дәптерлеріне жаздырып, дауыстап оқыту, балалардан қалай түсінетінін сұрау.</p>	<p>Естеріне сақтау</p>
<p>Сахналау «Сыйластық»</p> <p>I топ: Ата, әже болып ақыл айту</p> <p>II топ: Әке болып еркелету, ана болып мейірімді болу.</p>	<p>2 топқа бөлініп, сахналау</p>
<p>«Отбасы татулығы» аңыз әңгімесін оқып, талдау.</p> <p>Баяғыда бір үлкен отбасы өмір сүріпті. Отбасындағы адамдар саны өте көп екен, бір қауым ел болып, бірге тұрыпты. Ол отбасы ерекше екен, отбасынан өз ара келісімде, татулықта өмір сүруі елді таңқалдырады. Оларда ұрыс-керіс, дау-жанжал деген атымен болмайды екен.</p> <p>Бұл отбасы жайлы патшаның құлағына да жетеді. Патша естігенінің ақ-қарасын анықтау үшін ауылға келеді. Ауылда тап-таза, барлығы да жеткілікті, тыныштық пен</p>	

<p>береке қонған. Патшаның көңілі толып, ерекше бір шаттыққа бөленеді. Сыйластығы жарасқан бақытты отбасында қариялардың орны төрде, уайым-қайғысыз, балалары бақытты, мәз-мейрам екен. Бұған патша таң-тамаша болады. Отбасының қалайша бақытты, тату-тәтті өмір сүруінің мәнісін білгісі келеді. Ол ауыл ақсақалына келіп, отбасындағы татулық пен бірлікке қалай жеткендерін айтуын өтінеді.</p> <p>Қарт үнсіз ғана жүз рет «сүйіспеншілік», жүз рет «кешірім», жүз рет «бірлік» деп қағазға мұқият жазып шығады. Үш сөзді оқыған патша таң қалып:</p> <p>-Осы-ақ па?</p> <p>-Иә,-деді ақсақал.</p> <p>-Барлық жақсы отбасылары тек осы қасиеттерден құралады,-деді де, сәл ойланып, «және шыдамдылық» деген сөзді қосып қойды.</p> <p>*Өсиет әңгіменің мәні неде?</p> <p>*Отбасының татулығын ұстап тұрған нендей қасиеттер екен?</p>	
<p>Шығармашылық жұмыс, топтық жұмыс</p> <p>I топ. Тірек сөздерді пайдалана отырып, "Менің отбасым" тақырыбына әңгіме құрастыру.</p> <p>II топ. Мақал-мәтелдерді жалғастырып жазу</p>	
<p>Топпен ән айту.</p> <p>Отбасының алтын тірегі - әке. Әкеміз асқар тауымыз, ендеше асқар тауымыздың еңсесі биік болсын дейміз. Әке туралы ән тыңдайық.</p> <p>«Әкем әнім» Сөзі: О. Сүттібаевтікі Әні: Ә. Сүлейменовтікі</p> <p>Ұшырдың баптап ұядан, Кетпейсің ойдан, қиялдан. Арманға биік қол созсам, Тұрасың демеп жиі алдан. Көңілің бүгін алаңды, Күттің бе әке балаңды, Шаттықпен жарқын тойыңа Сыйлаймын сазды бұл әнді.</p>	
<p>Үй тапсырмасы.</p> <p>1) 74 беттегі Әбді Шынбатыровтың "Ағаның хаты" әңгімесін оқып келу.</p> <p>2) дәптердегі 3-тапсырманы орындау (кішілерге арнап хат жазу)</p>	
<p>Соңғы тыныштық сәті. (Музыка әуенімен)</p> <p>1,2,3... көзімізді жұмып, терең демаламыз. Біз барша тіршілікке жылуы мен жарық шашқан күннің көзіне айналдық. Күннің көзі болып жарқыраған басымыз тек жақсылық ойлайды. Күннің жылуымен рахаттанған қолдарымыз тек жақсы істер жасайды. Жап – жарық сәуле шашқан аяқтарымыз тек дұрыс жолмен жүреді. Күннің жарығы ауызымызға да кірді. Ол тек шындықты айтады. Ал құлағымыз жақсы сөздерді естиді. Маңдайымызға жеткен жарық сәулемен бірге ең сүйікті адамдарға, отбасына, әлемге, жануарларға, табиғатқа жылы сәулемізді сыйлай, іштей жақсы тілектер тілейік. 1,2,3, көзімізді ашайыз.</p>	

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы  
Тереңкөл орта жалпы білім беретін мектебі  
дене шынықтыру пәні мұғалімі: Габдулов Д.А**

**Сабақтың тақырыбы:** Акробатикалық жаттығулар «Көпір жасау»

**Сыныбы:** 6

**Мақсаты:** Көпір жасау жаттығуларын меңгерту.

**Міндеттері:**

А) Білімділік – Көпір жасау әдістерін көрсету, үйрету;

Ә) Дамытушылық – Оқушылардың икемділігі мен ептіліктерін дамыту;

Б) Тәрбиелік – Салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

**Құрал- жабдықтар:** Гимнастикалық төсеніш, ысқырық, секундомер

**Сабақтың барысы**

**1. Кіріспе дайындық бөлімі**

1. Сапқа тұру. Сәлемдесу. Сабақтың мақсатын айту. Саптағы жаттығулар. Оңға! Солға! Айна! (Нұсқау: Оқушылардың сабаққа дайындығына спорт киіміне көңіл бөлу).

2. Денені қыздыру: жүріс, жүгіру арқылы.

2.1 Жүріспен орындалатын жаттығулар:

а) қол жоғарыда аяқтың ұшымен;

- ә) қол желкеде аяқтың өкшесімен;
- б) қол белде табанның сырт жақ қырымен;
- в) қол белде табанның ішкі қырымен;
- г) қол алдыда жартылай отырып жүреміз;
- ғ) аяқ – қолды сілкену.

(*Нұсқау: Басты, денені, қолды түзу ұстап жүрулерін қадағалау*).

2.2 Жүгіруде орындалатын жаттығулар:

- а) қол белде оң жақ бүйірмен тіркеме адыммен;
- ә) қол белде сол жақ бүйірмен тіркеме адыммен;
- б) қол алдыда тізені жоғары көтеріп жүргізу;
- в) қол екі жанында төменде аяқты артқа сілтеп жүгіру;
- г) қол артта аяқты артқа сілтеп жүгіру;
- ғ) залдың оң жақ қабырғасынан жылдамдықпен жүгіру;
- д) арқамен алдына қарап жүгіру;
- е) жүріс пен демалысты қалпына келтіру.

(*Нұсқау: Денені тік, қолдарын дұрыс қойып ұстауларын, дұрыс демалуын қадағалау*).

Жұппен жасалатын жаттығулар жиынтығы:

**I.** Бастапқы қалыпта қол ұстасып, бір-біріне қарама – қарсы тұрады (2-4 рет):

1. Қолды екі жаны арқылы жоғары көтеру, сол аяқты артқа ұстау;
2. Бастапқы қалыпқа келу екінші аяқпен де осылай жасау, осы жаттығуды кезекпен орындау.

(*Нұсқау: денені түзу, жаттығуды сан арқылы орындау*).

**II** Бастапқы қалыпта қолдарын төмен ұстап бір – біріне арқаларымен тұрады: «Б», «А»-ның қолының басынан ұстайды. (2-4 рет):

\* Сол аяғының ұшымен жанға қояды, оң қолды жанға қояды, оң қолды жоғары көтеріп, солға еңкейеді;

\* Бастапқы қалыпқа келу. Екінші жаққа да осылай жасау.

**III** Бастапқы қалыпта қолдарын бір-бірінің иықтарынан ұстап, алға еңкейіп, қарама – қарсы тұрады, аяқтарының арасы алшақ ұсталады(*Нұсқау: Қолды құшақтау арқылы денені барынша созу*):

\* Алға қарай серпіле түрде еңкею;

\* Солға бұрылу. Екінші жаққа бұрылыс жасау, осылай істеу.

**IV** Бастапқы қалыпта қолдарын жоғары көтеріп ұстап, бір-бірлеріне арқаларын беріп тұрады(*Нұсқау: Денелері тік қолдарын көтеріп иілу арқылы аттау*):

- Сол аяқпен ілгері аттау, артқа шалқаю;
- Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау.

**V** Бастапқы қалыпта қолдарын шынтақтан іліпалып, бір-біріне арқаларын беріп тұру(*Нұсқау: Арқалары тік бірдей отырып тұру*):

1. Жартылай отыру; 2. Бастапқы қалыпқа келу.

**VI** Бастапқы қалыпта табандарын тіреп, аяқтарын тізеден бүгіп, қолдарынан ұстап, еденде қарама-қарсы отырады. (*Нұсқау: Бір-бірінің көмегімен аяқты жоғары созу*).

- Сол аяқты жоғары көтеріп, созып ұстайды;
- Бастапқы қалыпқа келу. Оң аяқтан осылай жасау.

**VII** Бастапқы қалыпта табандарын тіреп, аяқтарын алшақ қойып, бір-біріне қарама-қарсы отыру, оң қолдарымен ұстасады(*Нұсқау: Жаттығуларды алма кезек орындау*):

- Біреуі алға еңкейсе, екіншісі шалқаяды;
- Бастапқы қалыпқа келу;
- Екінші жаққа еңкейіп, шалқаю.

**VIII** Бастапқы қалыпта «А» тізерлеп отырып, сол қолын алда, оң қолын жоғары ұстайды; «Б» оған қарама-қарсы оң аяғын алға салып тұрады, оң қолымен «А»-ның сол қолын ұстайды; 1-2 артқа қарай шалқаю, 3-4 бастапқы қалыпқа келу(*Нұсқау: Жаттығулардағы сақтандыру: қолды дұрыс ұстауы, барынша иілу*).

**II. Негізгі бөлім.** Статистикалық қалыптарды – көпір жасау, баспен тұру, шатқа жартылай және толық отыруды үйрену оқушылардың бір-біріне көмек беру арқылы іске асады. Бұл тәсілдерді меңгергеннен кейін, оларды әрқайсысы өз беттерімен орындауларына болады. Көпір жасап тұру үшін екі аяқты алшақ қойып, жамбасты ілгері жіберіп шалқайғанда, бас пен екі қолды артқа қарай қатар иіп, қолды жерге тіреу керек. *Жіберілуі мүмкін қателіктер:* қол мен аяқтың бүгіліп кетуі, қол мен дене аралығы 180°-тан кем болуы, қол мен аяқтың арасы иық кеңдігінен не кең, не тар болуы, бастың артқа толық иілмеуі және т.б..

Көпірде 3 секунд тұру керек.

**III. Қорытынды бөлім.**

1. Сапқа тұру. Сабақты бағалау. Үйге тапсырма беру. (*Нұсқау: Оқушылардың сабақта жіберген қателіктерін айту, салыстыру*).

□□. Демалысты қалпына келтіру.

\* \* \* \* \*

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы  
Тереңкөл орта жалпы білім беретін мектебі  
Тарих пәні мұғалімі: Дузбаев Е.К.**

**8-сынып. Қазақстан тарихы**

**Сабақтың тақырыбы: § 33. Қазақстан аумағындағы қалалар**

**Сабақтың мақсаты:**

Білімділік: Қазақстан қалаларының даму тарихы, олардың қазақ халқының саяси, экономикалық, сауда-саттық өміріндегі алатын орны, сауда қатынастарының даму ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру;

Дамытушылық: Практикалық жұмыс машығын, талдау және қорытынды жасай алу біліктілігін жетілдіру, оқушылардың эстетикалық талғамын, сөйлеу мәдениетін дамыту, тарихи карталармен жұмыс істей білуге үйрету;

Тәрбиелілік: Мақсат қоя білуге, қиыннан жол таба білуге тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** аралас

**Сабақтың әдісі:** интерактивті

**Көрнекілік:** карта, плакаттар, карточка, сөзжұмбақ

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі

Оқу құралын тексеріп түгелдеу

Оқушы зейінін сабаққа аудару

**Үй тапсырмасын сұрау:**

Қоныс аударушы шаруалардың тұрғын үй салуының ерекшелігі неде еді?

Жаңа жерге келген орыс шаруалары қандай қиыншылықтарды басынан кешірді?

Өлкеге қоныс аударушы шаруалардың негізгі кәсібін атап көрсетіңдер.

Мал шаруашылығы, омарта, балық аулау және бау-бақша өсіру сияқты кәсіптер шаруалар арасында қалай дамыды?

Қоныс аударушы орыс шаруалары мен жоғілікті қазақтардың арасындағы шаруашылық қатынастардың қандай болғаны туралы айтып беріңдер.

Қазақ малшылары мен ресейлік шаруа диқандардың өмірі мен тұрмысын салыстырыңдар.

**Жоспар:**

Қазақстанның солтүстік-батысындағы қалалардың даму ерекшеліктері (Орал, Гурьев).

XVIII ғ. негізі қаланған қалалар.

XIX ғ. 1-жартысында Қазақстандағы әскери бекініс ретінде салынған қалалар.

Қазақстанда шаруаларды қоныс аудару кезінде салынған қалалар.

Жетісу мен Оңтүстік қазақстан қалалары

**№1 тапсырма: Сәйкестендіру.**

**1718 жылы** – Семей қаласы Ертістің оң жағалауына орналасты. Ол әскери бекініс ретінде қаланды.

**1720 жылы** – Павлодар қаласы Коряков бекінісінің атымен Керегезар деген жерде салына бастады.

**1752 жылы** – Петропавл қаласы Есілдің бойындағы Қызылжар деген жерде Сібірдің оңтүстік шебін көшпелі халықтың шабуылынан қорғау мақсатымен салынды.

**1775 жылы** – Солтүстік-Батыс Қазақстандағы ескі қалалардың бірі – Орал. Жайық қалашығы деп аталып келді.

**1824 жылы** – Қарқаралы қаласы Қарқаралы сыртқы округінің әкімшілік орталығы ретінде қаланды.

**1864 жылы** – Зайсан Ресей империясының қазақ-орыс шекарасындағы әскери күзет пункті болды.

**№2 тапсырма: «Қазақстан» атты сөзжұмбақтың шешімін табу.**

Негізі 1879 жылы қаланған, Торғай облысындағы ең үлкен қала? ( **Қостанай** )

Солтүстік-Батыс Қазақстандағы ескі қалалардың бірі, ол 1775 жылға дейін Жайық қалашығы деп аталып келді?

( **Орал** )

Негізі 1864 жылы қаланды. Ол Ресей империясының қазақ-орыс шекарасындағы әскери күзет пункті болды?

( **Зайсан** )

1752 жылы Есілдің бойындағы Қызылжар деген жерде Сібірдің оңтүстік шебін көшпелі халықтың шабуылынан қорғау мақсатымен салынған қала? ( **Петропавл** )

Бұл қаланың негізі 1824 жылы әкімшілік орталық ретінде қаланды, 1868 жылы қала мәртебесіне ие болды?

( **Қарқаралы** )

Қаланың негізі 1720 жылы бекініс ретінде қаланған. Бұл қала Ертістің оң жақ бетінде оған Үлбі өзені келіп

құятын жерде орналасқан. 1868 жылы Семей облысындағы уездік қала мәртебесіне ие болды? ( **Өскемен** )

Негізі 1845 жылы қаланды. Алғашқы кезде Орынбор бекінісі деп аталды.

( **Торғай** )

Гурьевтің негізі XVI ғасырда қаланды. Қала Жайық өзенінің оң жағалауында салынған. 1868 жылы Гурьев Орал

облысының уездік қаласына айналды. Сол кезде Гурьев аталған қазіргі қай қала? ( **Атырау** )

Зайсан қаласының алғашқы аты? ( **Жеменей** )

**Сабақты бекіту:**



Солтүстік-Батыс Қазақстандағы қалалардың даму ерекшеліктері туралы не айта аласыңдар?  
 Қазақ өлкесінде XVIII ғасырда қандай қалалар пайда болды?  
 XIX ғасырдың бірінші жартысында пайда болған қалалардың өзіндік ерекшелігі неде?  
 Шаруалардың ішкі Ресейден Қазақстанға қоныс аударуы барысында қашан және қандай қалалар пайда болды?  
 Оңтүстік Қазақстан және Жетісудағы қалалардың қалай дамығаны туралы айтып беріңдер?  
 Павлодар қаласындағы ең бай көпес?  
 Майра Шамсутдинова ( 1869 – 1927 жж. ) кім болған?  
 Ертістің оң жағында орналасқан қаланы ата?  
 Гурьев қала тұрғындарының негізгі шаруашылығын ата?  
 1775 жылға дейін Жайық қалашығы деп аталып келген қала?

**Бағалау:**


**Үйге тапсырма:**

XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы қалаларды оқып, қазіргі кездегі қалалармен салыстыру.  
 Өздерін ұнатқан қала туралы реферат жазып келу.

\*\*\*\*\*

**Кайбалиева Фаузия Ғизатуллаевна**  
**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы**  
**Сатыбалды негізгі жалпы білім беретін мектебінің**  
**химия-биология пәнінің мұғалімі**

Күні	9.11.17	
Сабақтың тақырыбы	Ағаш сабағының ішкі құрылысы	
<b>Оқу мақсаттары</b>	Сабақтың ішкі құрылысын зерттеу.	
<b>Сабақтың мақсаты</b>	-Ағаш сабағы қабығының қабаттарын ажыратады -Қабаттардың қызметін айқындайды -Қабаттардың қасиетін тұжырымдайды	
<b>Бағалау критерийі</b>	-Ағаш сабағы қабығының қабаттарын ажыратады -Қабаттардың қызметін айқындайды -Қабаттардың қасиетін тұжырымдайды	
<b>Тілдік мақсаттар</b>	- <b>Оқушылар</b> пікірталас, диалогтерге тарту, әдістерді үйрете отырып, өз білімін нәтижелі пайдалануға ынталандыру. <b>Пәнге қатысты терминология:</b> Флоэма, паренхима, ксилема <b>Диалогқа\ жазылымға қажетті тіркестер:</b> Жылдың әр мезгілінде қабаттардың қызметінің қарқындылығы туралы айта аласызба?	
<b>Құндылықтарға баулу</b>	Алған білімдерін кез-келген жағдайда тиімді қолдана білуіне ықпал ету	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Математика –жылдық сақиналарды санауда Физика сыртқы ортадағы құбылыстар Химия- ағаш қабығынан бөлінетін заттарды синтездеу	
<b>Алдыңғы білім</b>	Биология тірі ағзалар туралы ғылым екендігін біледі. Өсімдіктер курсынан түсініктері бар.	
<b>Сабақ барысы</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
<b>Сабақтың басы 3минут</b>	1. Психологиялық жағымды көңіл күй орнату. Күлейікші ,әрқашан күлейікші. Бұл дүниенің қадірін білейікші Бақытты боп жадырап жүрейікші. 13. «Қоржындағы сөздер » әдісі арқылы оқушыларды 2 топқа бөлу	Презентация  Топ ережесімен таныстыру
<b>Сабақтың ортасы</b>	«Қалпақ» әдісі. Әуен арқылы қалпақты бір-біріне кигізеді. Әуен тоқтап қалғанда , қалпақ басында қалған оқушы сұраққа жауап береді. <b>Заттар тасымалы деген не?</b>	Презентация
<b>I. Білу 10 минут</b>		

	<p><b>Жануарларда заттар тасымалы қалай жүреді? Өсімдіктерде заттар тасымалы қалай жүреді? Жануарлар мен өсімдіктер жасушалары үшін қажет заттарды ата? Өсімдік ағзасына түсетін заттар қалай өзгереді? Олар қай мүшелері арқылы ағзадан шығарылады? Жануар ағзасына түсетін заттар қалай өзгереді? Олар қай мүшелері арқылы ағзадан шығарылады?</b></p> <p><b>Транспирация дегеніміз не? Гуттация дегеніміз не?</b></p> <p><b>Бағалау:</b> Оқушылардың берген жауаптарына сәйкес «Тамаша», «Өте жақсы», «Жақсы» сөздері арқылы бағалаймын.</p> <p><b>1.Ой шақыру.</b> «Суретпен жұмыс» ұжымдық жұмыс. Мына суретте нені көріп тұрсыздар? Олай болса оқушылар біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы ағаш сабағының ішкі құрылысы туралы болмақ. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын айтып кетемін.</p>	<p>Жақсы сөз –жарым ырыс»</p>
<p><b>II . Түсіну</b> <b>10минут</b></p>	<p>Оқулықпен жұмыс. Мәтінмен жұмыс . «Табыс баспалдағы» ретімен жұмыс Білемін</p> <p>Қалаймын Үйренмін Оқимын Білгім келеді</p> <p>Жұптасып оқып, жұптан бір оқушыдан түсінік береді. 1-жұп. Қабық құрылысы мен қызметі туралы түсінік бере 2-жұп. Камбий қабаты туралы түсінік береді. 3-жұп. Сүрек пен өзектің құрылысы мен атқаратын қызметі туралы түсінік береді. <b>Кері байланыс:</b></p>	 <p>смайликтер арқылы топтық бағалау</p>
<p><b>III. Қолдану .</b> <b>Талдау</b> <b>10минут</b></p>	<p>«Ойтолғау» Постер дайындау. Ағаш сабағының қабаттары.</p> <p>Сергіту жаттығулары</p> <p>«Қызыл гүлім-ай» әуені</p>	<p>Оқулық</p>
<p><b>IV. Жинақтау</b> <b>10 минут</b></p>	<p><b>Ой тұжырымдамасы. Постер қорғау.</b> Адамзат қант алу үшін қазіргі кезде алып ағаштарды жоюдың пайдасыз әрі экологиялық тұрғыдан қылмыс екенін түсінді. Қазіргі уақытта қантты қант қызылшасынан алады.</p>	<p>Кері байланыс</p> <p>Екі жұлдыз, бір тілек</p>
<p><b>Сабақтың аяқталуы.</b> <b>Ү. Бағалау</b> <b>Рефлексия 2 минут</b></p>		<p>«Бас бармақ» тәсілі</p>

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы  
Сарықұдық негізгі жалпы білім беретін мектебінің  
музыка пәнінің мұғалімі Майжанова А**

**Музыка. 5 – сынып**

**Сабақтың тақырыбы: Домбыра үйрену әліппесі. Домбыраның құрылысы. «Домбырасыз сән қайда» үйрену.**

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік.** 1.Балаларды домбыраның құрылысымен таныстыру. Музыка сауатынынан білімін әрі қарай жетілдіру.

**Дамтушылық.** 2.Музыка тыңдау, ән айту дағдыларын дамыту .

**Тәрбиелік.** 3.Музыкаға, әнге деген қызығушылығын ояту. Ұлттық аспабымыз домбыраны құрметтеуге,қастерлеуге тәрбиелеу.

**Сабақтың әдісі:** баяндау, сұрақ – жауап

**Сабақтың түрі:** аралас сабақ.

**Көрнекілігі:** Домбыра, баян, күйсандық аспаптары, оқулық.

**I. Ұйымдастыру кезеңі.** Оқушыларды түгендеу.

**II. Үйге берілген тапсырма.** Қорқыт.Қобыз аспабы.Қорқыт кім,қай ғасырда өмір сүрді,оның қандай күйлерін білесіңдер? Қорқыт күйлері қандай аспапта орындалады?

1.Шығармашылық жұмыстарын тексеру /реферат 2 оқушы/

2.Деңгейлік тапсырмалар арқылы

Қызыл көк Сары

**III.Оқушылардың білімін жан – жақты тексеру.** «Туған жер», «Атамекен» әндерін хормен орындау.

**IV.Мақсат қою кезеңі.** Жаңа білімді меңгертуге дайындық.

а) Дауыс жаттығуын жасату.Дауыс жаттығуы кезінде үн тазалығын, дикция мен дыбысталу күшінің біркелкілігін қадағалау және бақылау.

**V.Жаңа білімді меңгерту.**

**Поэзиялық серпіліс.** Екі ішектің бірін қатты бірін сәл – сәл кем бұра

Нағыз қазақ – қазақ емес,

Нағыз қазақ – домбыра деп жерлес ақынымыз

Қ.Мырза –Әли айтқандай бүгінгі сабақтың тақырыбы

**Домбыра үйрену әліппесі.**Домбыраның құрылысы.Домбыра аспабы арқылы ата-бабаларымыз ән шырқап,күй орындаған,оны өзінің өмірлік серігі еткен.Домбыра ішекті аспаптарға жатады.Домбыра аспабы төмендегідей бөліктерден құралады: басы, мойны,,шанағы,беті,дыбыс ойығы,тиек,түймесі,екі құлақ,пернесі,ішегі. Домбыра – қағып,шертіп ойнайтын ішекті музыкалық аспап. ә)Домбыра тартуда дене мүшелерінің атқаратын қызметі.1.Орындақта тік отыру, сол аяқтың үстіне оң аяқты дұрыстап қою.Иық.Екі иықты сірестірмей бос ұстау керек. 3.Білек.Ішекті жоғары-төмен қаққандабілекті бос ұстап,бос қағу керек. 4.Шынтақ-қолтық.Шанақ оң қолтықтың астында болады. 5.Буындар. Сол қол саусақтары пернелерді тізбелей басады.Басу мен қағу кезінде екі қол буындарын күш салмай бос ұстау керек. б) «Домбырасыз сән қайда» әнін үйрену.

**Музыка тыңдау:** Халық күйі «Қоңыр».Нұрғиса Тілендиевтің күйі «Ата толғауы». Күйлердің екпінін, мінезін анықтау. Күй орташа екпінде орындалады.

**VI.Жаңа білімді меңгеруін тексеру.** Домбыра аспабы қалай ойналады? Домбыра аспабы қандай бөліктерден тұрады? Домбыра тартуда дене мүшелерінің атқаратын қызметі қандай?

**VII. Бекіту кезеңі.** Сабақты қорытындылау. Домбыра үні – жүрекке жылы , жанға жайлы, нәзік те әсерлі үн. Домбыраны үйрен!

«Домбырасыз сән қайда» әнін аспаптың сүйемелдеуінсіз хормен орындау.

**VIII.Үйге тапсырма.** . «Домбырасыз сән қайда» әнінің сөзін жаттап әуенімен айтып үйрену. ә) Музыка тыңдау.

\* \* \* \* \*

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы, Талдықұдық ауылы  
С.Есетов атындағы орта жалпы білім беретін мектебінің  
бастауыш сынып мұғалімі Утешева Мензипа Амировна**

Пән:Әдебиеттік оқу	Мектеп:С.Есетов атындағы орта жалпы білім беретін мектеп	
Күні:8.11	Мұғалімнің аты-жөні:Утешева Мензипа Амировна	
Сынып:2	Қатысқандар саны:10	Қатыспағаны:0
Бөлім	Менің мектебім	
Сабақтың тақырыбы	Әнуарбек Дүйсенбиев.Ақылшым-мұғалім	
Сабақтың оқу мақсаттары	2.1.3.1 шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне(бастапқы бөліміне)сүйеніп,оқиғаның соңын болжау; 2.2.2.1мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу;	

	2.3.3.1 шығармашылық жұмысын мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер арқылы ұсыну.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді.
	Оқушылардың көпшілігі: тақырыпты болжайды, ұстаз жайлы әңгіме құрастырады;
	Кейбір оқушылар: өз ұстазы жайлы әсерлі өлең құрастырады.
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Пәнаралық байланыс	Музыка, қазақ тілі, көркем еңбек
Өткен сабақтардан алған білім	Мектеп-біздің анамыз

**Сабақтың барысы:**

Жоспарланған Уақыт	Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстар				
Сабақтың басы 5 минут	<p><b>Топқа бөлу. 2 минут</b></p> <p>Себетпен конфет әкелу. Оқушылардан себеттен конфет алуларын сұраймын. Қыңғеттің түріне қарай топқа бөлемін.</p> <p><b>Психологиялық көңіл-күй.</b></p> <p>Қолдарыңды көтеріңдер-бір дейік, Көп отырып қатты шаршап жүрмейік. Қолды создық, басты бұрдық -екі деп, Қозғалыспен әрбір адам жетіледі. Алға, артқа қарадық та-үш дедік, Тағы жаңа жаттығулар істедік. Түсірейік қолды төрт пен бесті айтып, Отырайық көңілді енді марқайтып.</p>	кәмпиттер				
Сабақтың ортасы 30-35 минут	<p>1. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, мақал-мәтелдерді дұрыс оқы. Жұмбақ сөздермен торкөздерді толтыр. Жасыл жолақты торкөздегі сөзді дауыстап оқы.</p> <p>1. Оқу-білім ... 2. Қына тасқа бітеді, Білім ... бітеді. 3. ... өнері білінбес, Бәйгеге түсіп жарыспай. 4. ... -тозбайтын тон, Білім-таусылмайтын кен. 5. Оқу инемен құдық ...</p> <p>Аталған мақал-мәтелдерге ортақ тақырып ойлап тап. Осы ортақ тақырыппен ұстаз сөзінің арасында байланыс бар ма? Бар болса, дәлелде.</p> <p><b>Тақырыпты болжау.</b></p> <p>Сабақтың мақсатымен таныстыру. Мақсатқа сәйкес оқушылармен бірлесе отырып, жетістік критерийін анықтау.</p> <p>2. Оқылым.</p> <p>Өлеңді түсініп оқы. Әнуарбек Дүйсенов. Ақылшым-мұғалім. Сызбаға сүйеніп әңгімеле. Жұптық жұмыс. Тапсырма. Өлеңді әуенімен айтып үйрен. Ой сергек. Жеке жұмыс. Сурет бойынша әңгіме құрастыр. Үлгі: Менің ұстазым ... . Ол бізге ... түсіндіреді, ... айтады. Әрқашан ... киінеді. Ұстаздың сөзін ... тыңдаймыз.</p> <p>2. Өз ұстазы жайлы әсерлі өлең құрастыру. «Екі түрлі түсініктеме» күнделігі</p> <table border="1" data-bbox="375 1899 1209 1989"> <tr> <td>Өлеңдегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазу</td> <td>Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазу</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Өлеңдегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазу	Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазу			<p>Интербелсенді тақта</p> <p>«Интервью әдісі»</p>
Өлеңдегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазу	Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазу					

Бағалау.	«Бағдаршам» әдісі	
Сабақтың соңы 5 минут.	Үй тапсырмасы: ұстаз жайлы нақыл сөздер жазып келу, аппликация жасау.	
Кері байланыс.	Оқушылар өздерінің көңіл-күйін қарындаш, маркер, бояулармен салады. (смайлик, жапырақтар, гүл, өсімдік, жануар, геометриялық фигуралар, күн, бұлт т.б.)	

Саралау-Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілетті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? Ұстаздар жайлы өлең құрастыру	Бағалау- Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? «Екі түрлі түсініктеме» күнделігі «Бағдаршам» әдісі	<b>Пәнаралық байланыс.</b> Музыка, қазақ тілі, көркем еңбек <b>АКТ-мен байланыс.</b> Тақырыпқа қатысты көрнекі құралдар интербелсенді тақта арқылы көрсетіледі. <b>Құндылықтардағы байланыс</b> <b>Ынтымақтастық, құрмет</b> <b>Тәрбиелік мәні: ұстазға құрмет сезімге баулу</b>
---	--	--

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Жұлдыз ауылы.  
А.Хұсайынов атындағы орта жалпы білім беретін мектебінің  
информатика пәнінің мұғалімі Абдулкаримова Ляззат Махамбетовна**

**Сабақтың тақырыбы: Ақпаратты іздеу, жазу және санау. Ақпаратты тасымалдаушылар.**

**Сабақтың мақсаты:** Оқушыларға ақпаратты іздеу, жазу, жалпы жұмыс жасай білу, ақпаратты тасымалдаушылар туралы түсінік.

**Күтілетін нәтижелері:** Оқушылардың теориялық білімдерін практикалық жұмыспен ұштастыру. АКТ-мен жұмыс істеу барысында оқушылардың компьютермен жұмыс істей білулері. Ақпаратты тасымалдау білуі.

**Әдіс-тәсілдер:** Топқа бөлу, АКТ, жас ерекшелігіне қарай деңгейлік тапсырмалар беру, рефлексия.

Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушының әрекеті
Кіріспе уақыты	Шаттық шеңберін ұйымдастыру	Шаттық шеңберінде бір-біріне ізгі тілек, жақсы көңіл-күй тілейді.
Топқа бөлу	СТО сурет арқылы топқа бөлінеді. Берілген суреттердің бас әріптері арқылы үш топқа бөлінеді	«Қатты диск», «Дискета», «Флеш-жады» болып топтасады.
Үй тапсырмасын сұрау (пысықтау)	«Ыстық орындық» әдісі арқылы үй тапсырмасы сұралады: Объектілерде қолданылатын қандай амалдарды білесіз? Алмасу буфері дегеніміз не? Барлық жойылған объектілер орналасатын арнайы бума қалай аталады? Қоржындағы жойылған объектілерді қайта қалпына келтіруге бола ма? «жауаптары»: Көшіру, орнын алмастыру, жою, атын өзгерту Көшіру процесінде компьютер жадында уақытша сақталатын. Қоржын (себет), ия болады.	Әр топтан 1 оқушы шығып сұрақтарға жауап береді. Оқушылардың жауаптары тыңдалады.
Негізгі бөлім:	-Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Ақпаратты іздеу, жазу және санау. Ақпаратты тасымалдаушылар» барлығымыз бірлесе отырып сабағымыздың мақсатын анықтайық. Осы мақсатқа жету үшін қандай сұрақ туындайды.	
Жаңа сабақты түсіну	I топ: «Қатты диск» «Ақпаратты өңдеу тәсілдері. Сақтау, жөңелту» II топ: «Дискета» «Ақпараттың көлемі, оның өлшем бірліктері» III топ: «Флеш-жады» «Ақпаратты тасығыштар»	Мәлімет беру, постер қорғау. Сурет салу.
Практикалық	I топ: «Менің Отаным – Қазақстан» мәтінің теріп жазып,	Мәтінді, өлеңді теріп

жұмыс	Отан деген атпен сақтпау. II топ: «Өлеңді теріп жазып сақта» III топ: «Өлеңді теріп жазып, «Біздің балалар» деген атпен сақтаңдар.	жазып, сақтау, ақпарат тасығышқа көшіру.
Сергіту жаттығуы	Көзге арналған жаттығу орындау. «Ән шырқау» ойыны ойналады. Әр топқа кеңінен таныс әндердің бір шумағы мен қайырмасы жазылған карточкалар таратылып беріледі. Оқушылар тез арада дайындалып, кезекпен карточкадағы әндерді орындайды.	
Бағалау	«Ақша» әдісі арқылы әр топ қрасы топтарды бағалайды. (10.000, 5000, 2000 теңге). Қай топтың ұпайы басым болса, сол топ жеңіске жетеді.	
Рефлексия, кері байланыс парағы	«Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісі арқылы сабақ қорытындалады.	Қорытынды
Үйге тапсырма:	«Ақпаратты іздеу, санау және жазу. Ақпаратты тасымалдауыштар» туралы оқып келу. Өзіңді тексер тестіні орындап келу.	

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Жұлдыз ауылы  
А.Хұсайынов атындағы орта жалпы білім беретін мектебінің  
даярлық тобының тәрбиешісі Жұбаньшкереева Ақтоты Сүйеуғалиқызы**

**Мақсаты:** Болашақ ұрпаққа Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев туралы мағлұмат беру  
Елбасының өмірін, еңбек жолын үлгі-өнеге ете отырып, патриоттық сезімдерін арттыру.  
Ел Президентін құрметтеуге, егемен елімізге қамқор бола білуге тәрбиелеу.

**Жанәділ:** Алаулаған алабынан нұр тамып,

Қазақ елін бүкіл дүние жүр танып.

Көк байрағың желбірейді төріңде,

Әнұранның тұр көгіңде шырқалып. (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалады)

Мейірім:Бағдарлап елдің ертеңін,

Тыныштық тауып жатпаған.

Болашақ үшін тер төгіп,

Үмітін елдің ақтаған.

Гүлсана:Қиялы ұшқыр ойлы адам,

Әлемге болған аты аңыз.

Ұрпақтың қамын ойлаған,

Аман-сау жүрші, Атамыз.

Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, оқушылар!

Бүгінгі 1 желтоқсан Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тұңғыш Президент болып сайланған күніне арналған « Елін сүйген Елбасы » атты мерекелік іс-шарамызды ашық деп жариялаймыз.

**Тәрбиеші:** Құрметті бүлдіршіндер, бүгін біз үшін ерекше күн. Бүгін бүкіл қазақ елі болып, Қазақстан жері болып Тұңғыш Президент күнін тойлағалы отырмыз. Біз қазақ елі десек әрине, ең алдымен өз Елбасымыздың есімін айтамыз. Қазақ атын бүкіл әлемге танытқан Елбасымыздың салиқалы саясаты екенін мақтаньшпен атаймыз!

—Н.Ә.Назарбаев кім?

Сезім: Ол-еліміздің басшысы, халқымыздың жанашыры, өте білімді, терең ойлы тұлға.

Зарина: Н.Ә.Назарбаев 1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Шамалған ауылында дүниеге келген. Мектепті жақсы оқып, жақсы білім алды.Ата-анасын қатты құрмет тұтты.

**Ақниет:**Жасынан зерек, алғыр азамат өскенде металлург мамандығын алып жұмыс жасаған. Ол халық қалауымен 1991 жылы1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды. Содан бері 26 жыл өтті.

Кәусар: Нұрсұлтан ата-ақ пейілді, сезімтал жан және біз үшін нағыз үлгі болар тұлға.

Фатима: Атасының есімі-Назарбай, әкесінің есімі-Әбіш, Нұрсұлтан деген есімді әжесі Мырзабала беріпті.

Анасының аты-Әлжан екен.

**Ақерке:** Нұрсұлтан 5 жасқа толғанда Жамбыл атаның ақ батасын алған екен. Ол Қаскелең қаласындағы Абай орта мектебін бітірген. Мектепте озат, үлгілі оқушы болыпты.

**Ақерке Әлібекқызы:**Еңбек жолын Теміртау қаласында темір балқытушы болып бастаған

**Айсара:**Ол осы жетістігіне өзінің табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында жетті.

«Туған

жер» әні орындалады.

Сезім:

Нұрсұлтан ата құтты болсын мерей тойың,  
Сомданып, тұлғаланып, өскен бойың,  
Жер шары әлемдегі барлық елдер,  
Біледі Президентіміздің ақыл-ойын.

Ақниет:

Арманын орындадың бабалардың,  
Көтердің көкшіл туын даналардың  
Қазақтың асқақтатар өр рухын,  
Ақтадың аппақ сүтін аналардың.

**Айсара:** Қазақ елі –Қазақстан

Болашаққа үн қосқан

Жақсы күнге жетелер

Елбасым менің –

Назарбаев Әбішұлы Нұрсұлтан!

**Ақерке:** Елбасым бар халқым өзі сайлаған

Бар үмітін елбасына арнаған

Бүгін міне сол үміттер ақталып,

Орындалды алдан күткен ақ арман!

**«Отан» әнін тыңдайық.**

**Гүлсана:** Менің тұңғыш Президентім - Әбішұлы Нұрсұлтан

Еңбегімен еліне болған ол мақтан

Бүгінгі күн бүкіл әлем таниды

Қазақ елін, қазақ жерін Қазақстан!

**Ақерке:** Менің тұңғыш Президентім - Әбішұлы Нұрсұлтан

Нұрлы жүзін танимын мен алыстан.

Елбасының саясаты арқасы,

Өсіп жатса бар балалар бақшадан

**Фатима:** Менің тұңғыш Президентім - Назарбаев Нұрсұлтан

Озық ойлы алтын жүрек, ізгі адам

Біз бөбектер тілеуіңді тілейміз,

Елбасымыз болса екен дін аман!

Зарина:

Ұл едің қатарынан артық туған,

Еңбекке жастайынан белін буған.

Танытып әрбір елге белін буған,

Жастарға жалын бердің білім қуған.

Кәусар:

Отан деген-әр адамның жүрегі,

Оған ел де, жер де, су да кіреді.

Отанымды бар әлемге паш еткен,

Президентім-мақтанышым, тірегім.

«Қазақ биі» кішкентай бүлдіршіндер.

Шағын орталық балаларының тақпақтары.

**Ән «Туған жер» шағын орталық балалары.**

«**Қамажай**» қазақ биі мектепалды қыздарының орындауында.

Н.Ә.Назарбаевтың «Ой бөлістім халқыммен» деген жинағынан нақыл сөздері.

Сезім: Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол - тәуелсіз Қазақстан.

Мейірім: Көп ұлтты ел болуымыз-біздің байлығымыз, мақтанышымыз.

**«Қазақстаным» әні орындалады.**

**Жанәділ:** Сіз-әке барша қазақ бәрімізге,

Жас сәби үлкен-кіші кәрімізге.

Сіз –басшы, халқың-қосшы бола бергей,

Жарасып келе жатыр әніміз де, сәніміз де,-дей келе «Елін сүйген Елбасы» атты тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

Хормен: Тұңғыш Президент күні құтты болсын!

\* \* \* \* \*

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Жұлдыз ауылы.  
А.Хұсайынов атындағы орта жалпы білім беретін мектебінің  
орыс тілі пәнінің мұғалімі Кайратова Гулнур Кайратовна

**Тема урока:** Предлог- служебная часть речи. Предлоги производные и непроизводные

**Цели урока:**

Сформировать понятие о служебных частях речи; научить различать самостоятельные и служебные части речи, формировать умение различать предлоги; значение каждой служебной части речи .

Активизировать мыслительную деятельность учащихся, прививать навыки грамотного письма и речи; отработать навыки написания предлогов со словами.

Воспитать навыки общения; любовь к родному краю, бережное отношение к природе, к богатствам своей земли.

**Тип урока:** объяснение новой темы

**Работа по развитию речи:** выработать умение составлять связный текст.

**Методы и приёмы:** словесно-поисковый, практический метод, индивидуальная, групповая работа. Элементы новой технологии

**Оборудование урока:** учебное пособие, опорные схемы, диаграмма Венна, таблица.

### ХОД УРОКА:

#### I Организация учебного процесса.

Приветствие.

Психолого-эмоциональный настрой учеников к уроку.

Прозвенел опять звонок,

И мы начали урок.

Все готовы слушать и писать

И конечно отвечать.

**Рефлексия.** Определение настроения школьников в начале урока русского языка.

#### Постановка цели и задач урока.

-Сегодня, ребята на уроке мы обобщим полученные знания о самостоятельных и служебных частях речи.

Узнаем о значении предлогах.

#### II Актуализация прежних знаний.

Работа по опорным схемам

##### Морфология

раздел грамматики, в котором изучаются слова как части речи.

##### Самостоятельные части речи.

Имя существительное

Имя прилагательное

Имя числительное

Местоимение

Глагол

Наречие

Работа по обобщающим вопросам.

- какие части речи называются служебными?

- чем отличаются служебные части речи от самостоятельных?

- какую функцию выполняют служебные части речи?

самостоятельные

служебные

##### Служебные части речи

предлог

союз

частица

междометие

#### III Формирование новых знаний.

Отгадайте загадку

Он и поит, и кормит.

Он и (до) Киева (до)водит.

(Язык)

-Как вы поняли смысл этих слов?

-Что такое предлог?

Работа с карточками (индивидуально)

№1. Около входа в здание разбита клумбы стоят удобные скамьи для отдыха.

Рядом со зрительным залом находится читальный зал и библиотека.

№2. Дети самостоятельно перешли через улицу.

Газетный киоск находится на остановке.




№3. В лагере был прекрасный вечер.

В течение дня их ждал автобус.

Работа по схеме: **Предлог**

Служебная часть речи, которая выражает зависимость одних слов от других в словосочетании и предложении



#### **Производные**

вокруг, в, на, без, от, к,  
в течение,  
благодаря,  
в продолжение,  
согласно,  
не смотря на и тд

#### **непроизводные**

с, у, о, под, при и тд

Работа по учебнику. Упражнение №1 чтение

Найти в тексте сначала непроизводные, а затем производные предлоги.

Выписать из текста предлоги вместе с сущ-ми.

Работа в рабочих тетрадях

Работа по таблице на стр 287 учебника.

Альбом от (чего?) черчения.

Около входа –чего? Р п

Словарь для (кого?) школьника

Внутри здания- чего? Р п

#### **IV Закрепление урока**

Работа в группах

#### **Группа А**

(На) территории Кызылординской области находится национальный заповедник «Барса-Келмес» (что (в)) переводе (с) казахского означает «пойдешь (по) этому пути, обратно (не) вернешься»

#### **Группа Б**

Основной достопримечательностью заповедника является обитающий здесь кулан (азиатский дикий осел). (До) последнего времени стада куланов были типичны (для) этой местности.

#### **Группа В**

(На) грани исчезновения (также) находится (и) сайгак, истребляемый браконьерами (как) будто (из-за) их исцеляющих рогов.

Составить предложение с данными словосочетаниями и раскрыть скобки.

#### **Группа А**

(На) встречу мальчикам

(Не) смотря на запрет

#### **Группа Б**

(Не) смотря в глаза

(На) встречу с мальчиками

#### **Группа В**

(В) течение часа

Выйти (на) встречу

Заполнение диаграммы Венна

Упр 10 Чтение Письмо по памяти на двойных листочках.

#### **V Подведение итогов урока. Рефлексия.**

Определение настроения учеников в конце урока.

Карточка выхода:

-Чему научился на этом уроке?

-Какую тему изучил?

-Что повторил на уроке?

Оценивание учеников по работам в группе

**VI Домашнее задание** §72-75. Упр 3 стр227. упр4 стр233

Комментирование оценок

\* \* \* \* \*

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Жұлдыз ауылы.  
А.Хұсайынов атындағы орта жалпы білім беретін мектебінің  
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Өзенбаев Спартак Насиболлаұлы**

**Б А С К Е Т Б О Л**

Сабақтың мақсаты:

- а) Оқушыларға баскетбол ойынының ережесін үйретіп, добы, себет, ысқырық, техникаларын меңгерту. секундомер.
- б) Шапшаңдыққа, икемділікке, ептілікке тәрбиелеу.
- в) Ойын арқылы қимыл-қозғалыс сапаларын дамыту.

Өтетін: Спорт залы

Көрнекіліктері: баскетбол

Уақыты: 40 минут

	Сабақтың мазмұны	Жүктеме мөлшері	Әдістемелік нұсқау
<b>Дайындық бөлімі</b>	Сапқа тұрғызу. Мәлімет қабылдау. Сәлемдесу! Сабақтың мақсатын, қауіпсіздік ережесін түсіндіру.		Спорттық киімге көңіл бөлу
	Оң-ға, сол -ға, ай -нал. Жүру жаттығулары:		
	-Бір орында жүру. -Алға адымдай жүру.		Бұйрықты дұрыс орындау, денені тік ұстау.
	-Аяқтың ұшымен. -Аяқтың сыртымен. -Аяқтың ішімен жүру.	10 мин	Ара қашықтықты сақтау, жаттығуды саптан шықпай жасау.
	-Жартылай отырып жүру. -Толық отырып жүру.		Денені тік ұстау. Жаттығуды орындау жиілігі жоғары болу керек.
	Жүгіру жаттығулары: -Жеңіл, баяу жүгіру. -Оң, сол жанымен жүгіру.		Қол мен аяқ үйлесімді болуын қадағалау.
	-Кері, теріс жүгіру. -Аяқты артқа лақтыра баяу жүгіру. -Тізені алға, жоғары көтеріп жүгіру. -Жеңіл баяу жүгіру.		Жаттығуларды біркелкі жасау. Барынша тыныс алу.
	Жалпы дамыту жаттығулары: -Аяқ иық көлемінде, қол белде, басымызды оңға, солға айналдырамыз.		Әр жаттығуды талапқа сай орындау керек.
	-Аяқ иық көлемінде, қолымызды иыққа қоямыз 1-2-3-4 алға айналдырамыз, 1-2-3-4 артқа айналдырамыз.		Тізелерін бүкпей дұрыс ұстауын қадағалау.
-Аяқ иық көлемінде, оң қол жоғарыда, сол қол төменде, 1-2-3-4 артқа сермеу, 1-2-3-4 қолды ауыстырып, жаттығуды қайталау,		Қолдарын бүкпей дұрыс ұстауын қадағалау.	

<p><b>Негізгі бөлім</b></p>	<p>Сапқа тұрғызу. 1-2санағы бойынша екі топқа бөлу.  Өткен сабақты қайталау арқылы балалардың дене бітімін дағдыландыру және қалыптастыру.  Ойын техникасы элементтері.  - допты алып жүруді жетілдіру.  -допты бір орында соғу.  -допты оң қолмен алып жүру.  -допты сол қолмен алып жүру.  -оң,сол қолмен алма кезек алып жүру.  -оң жақпен сол қолмен алып жүру.  -сол жақпен оң қолмен алып жүру.  Допты қағып алуды және басқаға беруді үйрету.  -допты кеудеден екі қолмен беру  -допты иықтан бір қолмен беру  -допты екі қолмен бастын үстінен беру.  -допты екі қолмен жерге соғып беру.  -секіріп екі қолмен беру.  -екі жақты ойын.</p>	<p>25 мин</p>	<p>Оқушыларға тапсырманы орындату.   Жаттығулардың дұрыс орындалуына назар аударамын.   Қауіпсіздік ережесін есте сақтау.</p>
<p><b>Қортынды бөлім</b></p>	<p>Сапқа тұрғызу.  Сабақты қортындылау .  Бағалау.  Үйге тапсырма: Допты себетке тастау әдісін үйрену.Қоштасу.</p>	<p>5 мин</p>	<p>Сабақ барысында оқушылардың жіберген кемшіліктері мен жетістіктерін айту.</p>

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Жұлдыз ауылы.  
А.Хұсайынов атындағы орта жалпы білім беретін мектебінің  
физика пәнінің мұғалімі Оңдасынов Тілекжан Табылдыұлы**

**Сабақтың тақырыбы:** Электрқыздырғыш құралдар. Қыздыру шамдары

**Сабақтың мақсаты:**

- 1.Оқушыларға электрқыздырғыш құралдары жөнінде түсінік бере отырып, толық білімді қалыптастыру;
- 2.шығармашылық ойлау қабілетін дамыту,пәнге деген қызығушылығын арттыру;
3. шапшаңдыққа,ұйымшылдыққа, топ болып жұмыс жасауға тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** жаңа білімді меңгерту.

**Сабақтың әдісі:** топпен жұмыс, сұрақ-жауап әдісі,ББҮ кестесі.

**Құрал-жабдықтар:**қыздыру шамы,электр құралдары,слайдтар,компьютер,видеопроектор, экран,электрондық оқулық,суреттер топтамасы

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**Сәлемдесу.Оқушыларды түгелдеу. Сабаққа әзірліктерін байқау және оқушыларға жақсы көңіл-күй сыйлау.

**II. Үй тапсырмасын тексеру** Сұрақ –жауап әдісі арқылы жүргізіледі, әр жауап 2 түсті жетонмен белгіленеді, сол түстермен 2 топқа бөлінеді. Сұрақтар төмендегі бағытта:

**Электр тогының жұмысы неге тең?**

**СИ жүйесінде жұмыс немен өлшенеді?**

**Ваттметр неге арналған?**

**Токтың жұмысын өлшеуге арналған құрал?**

**Пәтерлерде электр желісі қалай жалғанған?**

**Токтың қандай түрлері бар және бізге келіп тұрған қандай ток?**

**III. Жаңа сабақ.**

**“ Не білеміз?”** бөлімінде оқушылар қойылған сұрақ аясында өз ойларын слайдта берілген суреттер бойынша жеткізеді.

**“Не білгім келеді?”** бөлімінде компьютер көмегімен демонстрациялық көріністі тыңдай отырып, оқулықтағы мәтінді түсініп оқып, 5-7 минут өзара топтың ішінде, сонан соң тақтаға шығып алдарына берілген сұрақтар ретімен түсіндіреді және жеткіліксіз жерлерінде топтар 1-ін-1-і толықтыра алады.

**Жаңа сабақты түсінуде қолданылған көмекші сұрақтар бағыты:**

**Электр қыздырғыш құралдар дегенді қалай түсінер едің?**

**Үй тұрмысында және өндірісте қандай электрқыздырғыш құралдар қолданылады?**

**Қыздырғыш элемент дегеніміз не және ол неден жасалады?**

**Температуралары 2500° С -3000 ° С температурада жасайтын қуатты электр пештері қай салада қолданылады?**

**Қыздыру шамдарын қолданған өнертапқыштар кім? құрама бөліктерін атау.**

**Қыздыру шамын желіге қосуға арналған патрон қалай жасалған?**

**Қыздыру шамдарының баллондарын неліктен инертті газбен толтырады?**

**Қыздырғыш элементтің спиралі жасалатын материалдың қандай қасиеттері болуы тиіс?**

Қазіргі кездегі техникада электр тогының жылулық әрекеті үлкен роль атқарады. Өртүрлі типтегі электрқыздырғыш құралдар практикада жиі пайдаланылады. Үй тұрмысында электр пеші, үтік, шәйнек, шаш кептіргіш фендер және т.б. қыздырғыш құралдар кеңінен қолданылады.

Өндірісте никель, тантал, молибден тәрізді меншікті кедергісі жоғары металдарды дәнекерлеу үшін контактілі электр дәнекерлеуші тетіктердің электрқыздырғыштары қолданылады.

Барлық электрқыздырғыш құралдарда қыздырғыш элемент болады. Қыздырғыш элемент дегеніміз меншікті кедергісі үлкен, жоғары температураға дейін қыздырғанда бүлінбейтін төзімді өткізгіш. Оны никель мен хромның құймасы-нихром немесе темір, хром және алюминийдің құймасы-фехраль тәрізді меншікті кедергісі үлкен және балку температурасы жоғары материалдардан жасайды.

Нихром ( $\rho=1,05 \cdot 10^{-6} \text{ Ом} \cdot \text{м}$ ) мен фехральдің меншікті кедергілері жоғары және температураға тәуелсіз болады. Бұл құймалар жоғарғы температурада аз тотығады.

Қыздырғыш элемент қыздыратын сыммен оралған керамикалық немесе слюда пластинасынан тұрады.

Ең алғашқы қыздыру шамын 1872 жылы Санкт-Петербургте орыстың электр-технигі және өнертапқышы А.Лодыгин ойлап тапты. Қыздыру шамдарын жетілдірумен Эдисон, Ленгмюр айналысты. Қыздыру шамында вольфрам спираль 3000° С-қа дейін қызады, бұл температурада спираль аппақ болып қызып, өте қатты жарқырап тұрады. Спираль шыны колбаның ішіне орналастырылады да, күйіп кетпес үшін колба ішіндегі ауа насоспен сорып шығарылады да, вольфрамның тез булануына жол бермеу үшін оны азотпен, кейде инертті газдармен-криптонмен немесе аргонмен толтырады. Газ молекулалары вольфрам бөлшектерінің сымнан шығуына, яғни сымның бүлінуіне бөгет жасайды. Қазіргі заманғы қыздыру шамының құрылысын компьютердің көмегімен электрондық оқулықтан демонстрациялық көріністі тыңдап отырып, түсінеді.

Қыздыру шамы:

1-вольфрам қыл 2-металл шығыс 3-шыны тірек 4-түтікше

5-металл цоколь 6-контакт.

Цоколь мен контакт шамды патронға кигізіп, бұрағанда, электр желісінің сымдарымен жалғасады. Қазіргі таңда қыздыру шамдарының қылдарына балку температурасы 3370° С болатын вольфрам сымдарын қолданады. Қылдың қызу температурасы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым шығатын энергияның көп бөлігі жарық түрінде таралады. Оларды бөлмелерді, үйлерді жарықтандыру үшін қолданылады.

**III. “ Не үйрендім” бөлімінде “Сергіту сәті” бүгінгі жаңа сабақты бекіту бағытында жүргізіледі:**

Барлығы дөңгелене тұрады. Мұғалім допты ұстап тұрып сұрақ қойған оқушыға лақтырады, оқушы жауап бере отырып кері лақтырады. Сұрақ бағыты төмендегіше:

**Үй тұрмысында және өнеркәсіпте қолданылатын электрқыздырғыш құралдарды атаңдар.**

**Қыздыру шамының баллондары неліктен газбен толтырылған?**

**Қыздыру шамының құрам бөліктері**

**Ең алғаш қыздыру шамын ойлап тапқан кім?**

**Қыздырғыш элемент дегеніміз ?**

**Қыздыру элементі қандай материалдан жасалады?**

**IV. Дидактикалық материалдармен жұмыс:**

Қыздыру шамы қосылып тұрғанда оның қылы жоғары температураға дейін қызады. Не себепті электр тогын жеткізетін сымдар салқын

**№22-6.** Электроплита 120В-тық кернеумен жұмыс жасайды. Плита сымның кедергісі 80 ом болса, онда 10 мин. ішінде одан қанша жылу мөлшері бөлінетіндігін есептеңдер.

**V. Сабақты қорытындылау** Сабақ барысында жинаған жетондары бойынша қорытындылап оқушыларды бағалау.

**VI. Үйге тапсырма:** §, 43. №1. №22-5. №22-3.

Өз пәтерлеріндегі барлық қыздыру шамдары қосылған уақытта жұмсалған электр энергиясын есептеп келу.

\* \* \* \* \*

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы, Әбіш ауылы  
Әбіш негізгі жалпы білім беретін мектебінің  
математика пәні мұғалімі Бахитова Гаухар Дилманқызы**

**Сабақтың тақырыбы :**Рационал сандарды азайтуға қайталау жаттығулары.

Сабақтың мақсаты:

1. Таңбалары әртүрлі сандарды азайту, таңбалары бірдей сандарды азайтуға есеп шығару жолдарын көрсету.
- 2.Логикалық ойлау, іздену-шығармашылық қабілетін дамыту, пәнге қызығушылығын арттыру.
- 3.Тазалыққа, ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа, өз бетімен жұмыс істеуге тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** Қайталау сабағы.

**Сабақтың ұйымдастырылу түрі:** есеп шығару

**Көрнекілігі :** слайдтар, карточкалар.

Сабақтың жоспары:

- 1.Ұйымдастыру.
- 2.Үй тапсырманы тексеру.
- 3.Өткен тақырыптан алған білімін тексеру,жүйелеу.
- 5.Бекіту, есеп шығару.
- 6.Өзін-өзі тексеру.
- 7.Үй тапсырмасымен таныстыру.
- 8.Қорытындылау,бағалау.

Сабақтың барысы

Білімге жетелейтін үш жол бар:

Еліктеу жолы- ең жеңіл жол,

Ойлау жолы- ең игілікті жол,

Тәжірибе жолы-ең қиын да,ащы жол. Конфуций

№ 523 Кестені толтырыңыз

**I. Қызығушылықты ояту**

- 1.Рационал сандар қалай азайтылады?
2. Екі теріс санды қосындысы қалай табылады?
2. Екі теріс санды қосындысы қалай табылады?

**1. (Бір саннан екінші санды азайту үшін, азайғышқа азайтқышқа қарама-қарсы санды қосу керек:)  
( 1)қосылғыштардың модульдерін қосу керек ; 2) шыққан санның алдына минус («») таңбасын қою керек )**

**(Қарама-қарсы сандардың қосындысы 0-ге тең )**

**Ауызша есептер**

- |                  |                  |
|------------------|------------------|
| $5 - 7 = -2$     | $2 - 10 = -8$    |
| $- 3 - 5 = -8$   | $6 - 8 = -2$     |
| $9 - 14 = -5$    | $4 - 9 = -5$     |
| $9 - 9 = 0$      | $3 - 0 = 3$      |
| $- 1 - 10 = -11$ | $8 - 14 = -6$    |
| $0 - 15 = -15$   | $0 - 100 = -100$ |
| $- 15 - 2 = -17$ |                  |



**Жұппен жұмыс. Сәйкес жауаптармен қос.**

- |                       |              |
|-----------------------|--------------|
| <b>1.-2,3 – 0,7</b>   | <b>1,5</b>   |
| <b>2.-8-(-9,5)</b>    | <b>-5</b>    |
| <b>3.3,85-5,3</b>     | <b>10</b>    |
| <b>4.-32-(-42)</b>    | <b>-3</b>    |
| <b>5. 10,5-(-9,5)</b> | <b>-1,45</b> |
| <b>6. -1,9-3,1</b>    | <b>20</b>    |

$3-(-2) = 5$

Үйге тапсырма:

1. Аукцион «Мен –сатушы, сіздер –сатып алушыларсыз» №523,530
2. Ережелерді қайталаймыз п.3.4

\* \* \* \* \*

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы, Әбіш ауылы**  
**Әбіш негізгі жалпы білім беретін мектебінің**  
**тарих пәні мұғалімі Ерекешева Назгүл Темірболатқызы**

«Біз тәуелді болып еңбектеп басымызды иген де халықпыз. Біз халқымызға мынаны түсіндіруіміз керек: тізіміз ендігі жерде ешкімге бүгілмейді, бұдан былай ешқашан еңкеймейміз де, тік тұрған қалпымыз бойынша тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін біз жанымызбен, тәнімізбен қызмет етеміз. Тіпті сол үшін жанымызды пида қылуға дайынбыз деп өзімізді де жастарды да тәрбиелеуіміз керек». Н.Ә.Назарбаев.

**«Алаш партиясы және тарих тағылымы»**

Еліміз тәуелсіздік алып, жариялылық самалы ескелі бері төл тарихымызда да жабық тақырыптарға жол ашылып, бұрынғы тоталитарлық жүйенің кейде айла-шарғысымен, кейде күштеп таңуымен мызғымастай орнығып келген қасаң тарихи әдіснаманың көбесі сөгілді. Қиғаш пікір, оғаш ойлардың бұрыстығы дәлелденіп, бір саусағын ішіне бүккен зымиян саясаттың бет пердесі сыпырылды. Тарихшыларымыз бір ауыз сөз айтуға батылы бармайтын бүкіл бір кезең, дәуір тарихы қайта қаралып, бірте-бірте ақтандақтардың да орны толтырылуда. Соның ішінде әлі де болса шынайы баға беріліп, тың деректердің негізінде қайта объективті зерттеуді талап етіп отырған нәрсе Алашорда үкіметі мен Алаш партиясының қызметі және ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының қызметі мен қайғылы тағдырлары. Бұл тақырыпты көптеген ғалымдарымыз зерттеп, өздерінің үлкенді-кішілі еңбектерін жазуда...

Алаш автономиялық үкіметі мен қазақтың тұңғыш ұлттық демократиялық партиясы - Алаш партиясының құрылғанына 100 жыл толды. Бүгіндері ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ халқы үлкен тарихи сынның алдында тұр. Ол аталарымыз аңсаған осы тәуелсіздігімізді баянды ету, мемлекетімізді әлемнің дамыған елдерімен теңестіру, қырғынды, қуғын-сүргінді, қорлық-зорлықты басынан аз кешпеген халықты бақытты ету, бүгінгі елде жүріп жатқан реформалардың нәтижесін, рахатын сезіндіру.

ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихының өзекті мәселелерінің бірі, әрине Алаш партиясының құрылуы, оның тарихи негіздері, саяси әлеуметтік сипаты және қазақ тарихында алатын орны болды.

ХХ ғасырдың басында Ресейде жаңа кезең өріс алды. Әсіресе, саяси өмірде қоғамды баурай бастаған революциялық қозғалысты, наразылықты тежеу, елді жалпы қамтыған энтузиазмды басқа арнаға бұру арқылы патшалық билік жаңа әдіс-айлаға көше бастады. Мысалы, 1905 жылғы «Қанды жексенбіден» кейін патшалық билік елде демократиялық еркіндікті кеңейту, бұқараның пікірін білу, халыққа еркін пікір білдіру құқың беруге әрекеттенді. Солайша патша Ресейде Мемлекеттік Думаны, яғни Ресей парламентінің шақырылатындығын хабарлады. Империя өміріндегі осындай үрдіс қазақтың да құлағына жетті. Осы кезде Ә.Бөкейханов бастаған зиялылар саяси өмірге белсене араласа бастады. Әрине, қазақ зиялыларының әрекеті бұдан бұрын-ақ басталып кеткен болатын. 1905 жылы Қазақстанның түкпір - түкпірінде дүниеге келген арыз - тілектер болашақ «Алаш» қозғалысының бағдарламалық негізі болатын. Кейін, 1917 жылы «Алаш» партиясы құрылған кезде 1905 жылы арыз-тілектерде айтылған талаптар бағдарламаға негіз болып енді.

1917 жылы бірінші төңкерістен кейін азаттық лебі есіп, Ресей құрамындағы азаттық аңсаған халықтар енді алдағы өз тағдырларын ойлай бастады. Болашақ Қазақстан қандай болуы тиіс. Халық арасындағы жағдай да үлкен жолайрықта тұрған тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындай еді. Тек қазақта ол кезде оқыған, білімді азаматтар аздау болатын. Еліміз деп еңіреген, ел болашағына терең толғанатын қазақ перзенттері жиналып, алдағы мақсат-міндеттерін айқындап алмақ болған.

1917 жылғы 21 - 28 шілдеде Орынборда І Бүкілқазақ съезі өтті. Күн тәртібіне 14 мәселе қойылды. Олар: мемлекеттік басқару жүйесі; қазақ облыстарының автономиясы; жер мәселесі; халық милициясын құру; земство; халыққа білім беру; сот; рухани-діни мәселелер; әйелдер мәселесі; құрылтай жиналысын шақыру және оған дайындық жайы; Бүкілресейлік мұсылман съезі; қазақ саяси партиясын құру; Жетісу облысындағы оқиғалар; Киевтегі Бүкілресейлік федеративтік кеңеске және Петроградтағы халыққа білім беру жөніндегі комиссияның жұмысына қазақтардың қатысуы туралы мәселелер. Делегаттар ұлттық автономия мәселесіне, жер мәселесінің шешілуіне, құрылтай жиналысына әзірлікке және қазақ саяси партиясын құруға баса назар аударды. Съезд шын мәнінде, қазақтың ұлттық саяси партиясы «Алаштың» съезі болып айқындалды. «Алаш» партиясына А.Байтұрсынов; М.Жұмабаев; Х.және Д.Досмұхамедовтер т.б. қазақтың алдыңғы қатарлы озық ойлы қоғам қайраткерлері кірді. Олар Қазақ халқын отарлық езгіден азат ету ұраны төңірегіне топтасты. Міне, олардың ең басты мақсаты өз халқын отарлық езгіден қайткенде де азат ету болатын.

Осы жылы екінші төңкеріс болды. Кәдімгі Қазан төңкерісі. Саяси жағдай ауырлап, күрделеніп бара жатты. Қазақстанда 1917жылғы Қазан төңкерісінен кейін қалыптасқан саяси ауыр жағдайда өздерінің іс-әрекеттерін айқындап алу үшін ұлттық интеллигенция бастап, жалпы қазақ қоғамы Орынборда (1917жылғы 5-13 желтоқсанда) ІІ Бүкілқазақ съезін өткізді. Оған Қазақстанның барлық облыстарынан дерлік өкілдер қатысты. Съезді М.Дулатов; И.Омаров, А.Байтұрсынов т.б. ұйымдастырды. Төрағасы Б.Құлманов болды.

Съезд делегаттары Уақытша үкімет құлағаннан кейін қазақтардың өмір сүруінің өзі күрделеніп кеткен анархия жағдайында елді аман сақтау үшін «Уақытша халық кеңесі түріндегі билік құру, оған «Алаш - Орда»

деген ат беру (төрағасы Ә.Бөкейханов, Ұлт кеңесі құрамына 25 адам кірді) сондай-ақ милиция жасақтау туралы қаулы қабылдады. Алаш астанасы Семей қаласы болды. «Алашорда» жетекшілері бір жағынан елдегі билікті өз қолдарына алған Кеңес өкіметімен байланыс жасауға тырысты. Ленин, Сталинмен келіссөздер жүргізді. Мұның нәтижесінде Қазақ автономиясының мәдени мұқтажына Орталықтың көмегі, Бүкілқазақ құрылтайын шақыру, өлкеде азаматтық бітімге келу туралы уәделер болды. Кешікпей елде азамат соғысы басталды. Алашорданың ұстанар бағытын айқындау қажет болды. Олар өлкеде әлеуметтік - саяси негізі жоқ Кеңес өкіметінің көптеген көзқарастарымен келіспеді. Олар ең алдымен таптық күрес, ел ішіндегі саяси қырқыс емес, ұлттық мүддені көздеді. Сондықтан, Кеңес өкіметі оларды буржуазияшыл-ұлтшылдар деп атады. Олар шын мағынасында қазақтың «ұлтшылдары» емес, ұлтжанды азаматтары еді.

Большевиктік билік қазақ халқына қисапсыз қасірет әкелетінін Алаш басшылары 1917 жылы ескертті. Қазан төңкерісін «найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен болған» зорлық әктісі ретінде қабылдаған Ә.Бөкейханов, әу бастан қазақ жұртын бас аمانдығын қамтамасыз етуге шақырды. «Есік алдынан дауыл, үй артынан жау келді!» - деп дабыл қақты ол. Алаштың баласы, Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан соң, 200жылда, басыңа бір қиын іс келді! Ақсақал аға, азамат іні, отбасы араздық дауды қой; бірік, жұрт қызметіне кіріс! Алаштың басын қорғауға қам қыл!». Бірақ Алаш көсемінің сақтандыруынан қорытынды шықпады. Большевиктер Алаш үнін тұншықтыру үшін күш қолданумен қатар, Қазақ автономиясы идеясын өз пайдасына ұтымды жарата алды. Ақиқатына келгенде, қазаққа мемлекеттік құрылымы автономиядан төмен мәртебені ұсынуға жол қалмады. Соның өзінде үдерісті үш жылға созды.

1920 жылы құрылған Қазақ АКСР-і түрі жағынан ұлттық мемлекеттік құрылым көрінгенімен, мазмұны, өкілеттігі, миссиясы бойынша қуыршақ мәртебесінде қалғанын тарих тағылымы сан рет дәлелдеді.

Ұлт мүддесін ойлайтын азаматтар әр кезде де, әр елден де табылады. Саяси көзқарасы үшін қуғындауды тоқтату мақсатында оларға Кеңес өкіметі қысым жасамауға уәде берген еді. Көптеген Алаш партиясының азаматтары Кеңес өкіметі кезеңінде де саяси жағдайлар мүмкіндік бергенше ұлт мүддесіне қарай жұмыс істеді. Қазақ өлкелік бірінші комитетінің бірінші хатшылығына 1925 жылғы қыркүйекте Ф.И.Голощекиннің келуімен республиканың қоғамдық-саяси өмірі күрт өзгеріп кетті. Республикада «Кіші қазан» төңкерісін өткізуге идеологиялық негіз жасалды. Нәтижесінде күшпен ұжымдастыру, қуғын-сүргін қазақ халқын зор қайғы – қасіретке ұшыратты. 1928 жылы осы айыппен 44 адам «буржуазиялық-ұлтшылдар» Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов бар бұрынғы Алашорда қайраткерлері тұтқындалса, 1930 жылы М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов бар тағы да 40-жуық адам түрмеге жабылды.

1937 - 1938 жылдары бұл үдеріс жаппай сипат алды. Қуғын-сүргінге енді тіпті большевиктерге мүлде қарсы болмаған Т.Рысқұлов, О.Исаев, О.Жандосов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, С.Асфендияров т.б. қазақтың бетке ұстар азаматтары ұшырап, барлығы да ату жазасына кесілді.

Осылайша ұлт үшін құрбан болған қазақ перзенттерінің кінәсіздігі тек Сталин қайтыс болғаннан кейін, ішінара ақтала бастады. Алайда бәрібір Алашорданың 1986 жылдан кейін ғана мүмкін болды. Сөйтіп, қазақ халқы А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М. Дулатов, М. Шоқай, Ж.Аймауытов, Жаханша және Халел Досмұхамедов, Ш. Құдайбердиев т.б. көптеген перзенттерімен, олардың шығармаларымен қайта қауышты.

Үлкенді – кішілі үздіксіз террор салдарынан толық салтанат құрған сталинизм ұлт зиялысын қаусатып салғанмен, Алаш мұратын дербес мемлекет құру идеясын өлтіре алмады. Ол хрущевтік «жылымық», брежневтік тоқырау тұсында да қазақ даласын елес болып шарлады. Әйткенмен, түбегейлі өзгерген қоғамдық қатынастар жаңа ұлттық идеяға сұранысты күн тәртібіне қойғанмен, оның «Оян, қазақ!», «Қазақ автономиясы» тәрізді кешенді нұсқасы түзілмеді, түзуге қылышынан қан тамған КОКП диктатурасы титтей де мүмкіндік туғызбады. Осындайда Ә.Бөкейханның айтқанын қапысыз ұққан тұлға шықпады. Әйтпесе сталиндік – голощекиндік зұлмат жылдары идеяға «Сақтан қазақ!» айналар ма еді, қайтер еді. Демографиялық апатқа ұрынбағанда тың игерумен жеткен мәдени – тілдік қысымға қарсы тұру әлдеқайда жеңілге түсер еді. Социалистік экономикадағы, халықтың өмір салты мен мәдени – тілдік жағдайындағы кереғарлықтар ұлттық идеясыздықтан туындаған деп есептейміз.

Сөйтіп, соңғы алпыстан астам жыл бойында Алаш партиясының тарихына байланысты тұжырымдалған ресми көзқарас та, объективтік шындыққа негізделген ғылыми көзқарас та жарық көрмеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап Алаш партиясының құжаттарымен танысуға ғалымдардың қолы жетті. Осының нәтижесінде аталмыш тақырыпқа байланысты екі іргелі монографиялық еңбек жарық көрді. Белгілі ғалым К.Нұрпейісов «Алаш хәм Алашорда» атты еңбек, М.Қойгелдиев «Алаш партиясы» атты еңбек жазды. Алаш қозғалысы, Алаш қайраткерлерінің өмірбаяны, қызметі, шығармашылығына арналған ғылыми және ғылыми – көпшілік мақалалар жарық көрді. Аталмыш еңбектердің ішінен бізге К.Нұрпейісовтың еңбектерінің үлкен көмек болғанын атап айту қажет. Осы еңбектерді пайдалана отырып, біз Алаш партиясының құрылуының алғышарттары, құрылуы, оның бағдарламасы жөнінде мәлімет алып отырмыз.

Халқымыздың екі ғасырға жуық уақытта өрістеткен ұлт азаттығы үшін күресте Алаш қозғалысы ерекше орын алады. Алашқа дейін Ресейдің отаршылдығына қарсы жүргізілген ұлт – азаттық қозғалыстар жеңіліске ұшыраумен келді. Мұның негізгі себептерінің бірі қозғалыстардың саналылығының жеткіліксіздігінде деп есептейді. Алаш қозғалысына келсек, оны қазақтың алдыңғы қатарлы ұлт зиялылары, яғни өздерінің алдында

тұрған мақсаттарына әбден пісіп жетілген күрес тәсілдерін дұрыс тұжырымдай білетін арыстай азаматтар басқарды. Алаш қозғалысы саяси сипатта болды, екіншіден Алаш қозғалысының тарихы Кеңес дәуірінде ерекше бұрмаланды. Сол себептен, Алаш қозғалысының тарихын зерттеуге құлшыныс барлық уақытта толастамады. Бүгінгі таңда Алаш қозғалысының негізгі мәселелері ғылыми шешімін тапты. Бұл Алаш тақырыбында алдағы уақытта да зерттелетін көмескі мәселелердің барын жоққа шығармайды.

### Қорытынды

1997 жылы Саяси қуғын – сүргін құрбандарын еске алу туралы Елбасының арнайы Жарлығы шыққан болатын. Содан бері елімізге ортақ құндылық, отаншылдық мақсатты өміріне Ту етіп көтерген Алаш арыстарының тәуелсіз жолындағы алғашқы тырнақалды істерін, есімдерін халық арасында кеңінен насихаттау, тарихымыздың ақтаңдақ беттерін қазақ жадында қайта жаңғырту шаралары басталып, үрдіс алып кеткенді. Белгілі алаштанушылар Алаш қозғалысының тарихына қатысты тың деректеріне негізделген ақиқаттардың бетін аша бастады. Алаш және ол дәйектеген ұлттық идеялар өткенімізді нұрландырып қана тұрған жоқ, болашағымызға да сәулесін шашуда.

Халқының бостандығы мен азаттығы, болашағы мен бақыты жолында жан сала күрескен, сол жолда құрбан болған Алаш ардақтыларының сан салалы идеялары бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында бірте – бірте жүзеге асуда. Сондай – ақ еңселі Елордамызда тәуелсіз ұлттық мемлекет құру жолында асыл ғұмырларын құрбандыққа шалған Алаш қозғалысының саси топ басшыларының алаң – аллеясы жасалып, онда ардақтыларымыздың мүсіндері лайықты орын тауып жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. К.Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда». Алматы – 1995 ж.
2. М.Қ.Қойгелдиев « Алаш қозғалысы» .Алматы – 1995 ж.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің Қазақстан халқына Жолдауы 2007 ж.
4. К.Аманжолов. « Түркі халықтарының тарихы» - Алматы, 1999 ж.
5. М.Қозыбаев, !.М.Қозыбаев «Қазақстан тарихы» - Алматы,1994 ж
6. М.Қ.Қозыбаев. «Ақтаңдақтар ақиқаты» . Алматы - 1992 ж.
7. М.Құл –Мұхаммед«Алаш бағдарламасы:қиянат пен ақиқат – Алматы – 2002 ж.
8. К.Әбуев.« Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттерінен» - Алматы.
9. Егемен Қазақстан. 13 маусым – 2008ж.
10. Қазақстан тарихы, әдістемелік журнал. 8 тамыз 2007 ж.
11. Егемен Қазақстан. 23 қыркүйек 2008 ж.
12. Қазақтар. Тарихи тұлғалар. I том Алматы – 2003 ж.
13. Орал өңірі. 30 қыркүйек, 2008 ж.
14. Дала мен қала . 20 қараша 2008 ж.

\* \* \* \* \*

### Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Жаңажол орта жалпы білім беретін мектебінің орыс тілі пәнінің мұғалімі Алипова Шара Жанаевна

Класс: 11 урок 18			
Тема:	Обобщающие слова при однородных членах предложения		
Цель урока:	- повторение и закрепление ранее полученных знаний по теме: «Обобщающие слова при однородных членах предложения». - закрепить знания учащихся об обобщающих словах при однородных членах предложения - формирование умения находить обобщающие слова при однородных членах, отработать навыки постановки знаков препинания при обобщающих словах		
	Дать понятие термину «слова», обобщающие слова при однородных членах предложения. Правильно задавать вопрос и составлять предложение. Находить главное и зависимое слово в с/с,		
	Деятельность учителя	Деятельность обучающихся	наглядности
3 мин.	<b>I. Организационный момент.</b> Приветствует учеников, проверяет готовность к уроку, желает успеха. Для создания психологической атмосферы проводит игру «Рисунок на спине»	Ученики осмысливают поставленную цель. Ученики на бумагах А4 рисуют рисунки на спине своих одноклассников.	Бумага А4
5 мин.	<b>II. Мотивация к изучению нового.</b> С помощью наводящих вопросов, учитель подводит учащихся к теме нового урока. Раздает ученикам	Ученики отвечают на вопросы учителя. Делают запись в своих тетрадях.	Таблица «З-Х-У»



	<p>таблицу. Найти предложения, соответствующие схемам, прочитав их ( на доске - схемы с слайдами)</p> <p>1.( и О, и О, и О, и О ) – предложение с однородными дополнениями, связанными между собой повторяющимися соединительными союзами И</p> <p>2. ( О да О ) - предложение с однородными дополнениями, связанными между собой одиночными союзом ДА ( в значении НО)</p> <p>3. ( Ни О, ни О, ни О - Об. сл.) – предложение с однородными дополнениями, связанными повторяющимися соединительными союзами Ни-Ни и обобщающим словом НИЧЕГО ( в это время ученик выполняет индивидуальное задание у доски)</p>	Заполняют таблицу.	
25 мин.	<p><b>III. Актуализация знаний.</b> С помощью метода «Кластер» осуществляет усвоение данного материала. – <b>ИГРА "ЧЕТВЕРТЫЙ ЛИШНИЙ".</b></p> <p>1. Левитан оставил около ста осенних картин, изображающих русскую природу: стога сена, почернелые от сырости, маленькие реки, кружащие в водоворотах палую листву, одинокие березы и небо, похожее на тонкий лед.</p> <p>2. <i>Босоногие деревенские мальчишки, сумрачные рыбаки, сапожники в черных фартуках, мастеровые и богомольцы – все с восхищением смотрели на картину, рождающуюся на их глазах.</i></p> <p>3. Во время работы для Левитана не существовало ничего: ни застывших на цветах шмелей, ни гула сосен над оврагом, ни ветра, разгуливающего над рекой.</p> <p>4. Художнику хотелось запечатлеть эту тихую красоту: величественную церковь на холме, часовенку, стоящую неподалёку, заволжский лесной простор, озаренный закатом.</p> <p>Запишите предложения.</p> <p>1. <i>А снаружи все: покойницы, и коньки, и ворота - оторочено кружевном грубоватой деревянной резьбы.</i></p> <p>2. <i>Вспышки жнивья и ромашки по меже, пламя подсолнечника и желтеющая рожь - все ликовало и пело вокруг меня.</i></p> <p>3. <i>Владелец тщательно осведомляется о ценах на разные крупные партии товара, как-то: пеньку, мед - и делает пометки в маленькой потрепанной донельзя тетрадке.</i></p> <p>— Чем осложнены данные предложения? — Что есть при однородных членах? — Какое значение вносят в предложение обобщающие слова? — Объясните расстановку знаков препинания при однородных членах с обобщающими словами. — Какими членами предложения являются обобщающие слова? — Какие части речи чаще всего выступают в роли обобщающих слов? — Какие слова могут сопровождать обобщающие слова? — Начертите схемы предложений с обобщающими словами. Составьте схемы предложений:</p>	Демонстрируют свои знания. вопросы.	Учебник

	<p>1. В человеке всё должно быть прекрасно: и лицо, и одежда, и душа, и мысли.</p> <p>2. Зима чувствовалась во всем: в коротком дне, запахе снега и рано зажигающихся сигнальных фонарях.</p> <p>3. С опытным проводником нам не страшно ничего: ни броды через бурные реки, ни сплошная тайга, ни перевалы.</p> <p>4. Сад, степь, двор- все было в холодной тени.</p>		
5 мин.	<p><b>IV. Закрепление урока.</b> Работа по группам: 1 группа «Поезда»Задания группе: - Произвести синтаксический разбор 1-го предложения и выполнить морфемный разбор слова <i>выглядывали</i> 2 группа «Самолеты»Задания: - Дать характеристику 2-му предложению, подчеркнуть грамматические основы, определить виды простых предложений 3 группа «Ракеты»Задание: - Написать мини-сочинение о первом снеге, используя картину</p>	Один ученик работает у доски. Выполняют творческую работу.	Карточки
5 мин.	<p><b>V. Итог урока.</b> Организует индивидуальную работу над текстом. Проводит рефлексию. Стратегия «Телеграмма» - Что нового я узнал на уроке? - За что я могу похвалить себя? - Что мне не удалось сделать? Над чем надо поработать?</p>	(Находить ошибки и исправлять их по алгоритму) (Для того, чтобы видеть ошибки, различать их и исправлять в соответствии с правилами русского языка.)	фишки стикеры
2 мин.	<p><b>VI. Домашняя работа.</b> Объясняет особенности выполнения домашней работы:</p>	Записывают домашнюю работу в дневниках.	

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Жаңажол орта жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі  
Досалиева Гульдария Абаевна**

Математика 4 – сынып

Сабақтың тақырыбы: Ауызша көбейту және бөлу тәсілдері

Мақсаты :

- 1.Сандарды ауызша көбейту және бөлу тәсілдері туралы ақпарат беру.
2. Сандарды ауызша көбейтуге берілген есептерді шығаруға дағдыландыру, тиімді тәсілмен есептеуді үйрету. дамыту. Ұқыпты, ретті жазу дағдысын қалыптастыру.
3. Есептеулер арқылы оқушыларды бір - біріне көмек бере білуге, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тапқырлыққа, бірлікке, өз бетінше тапсырма орындауға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: жаңа сабақ

Сабақтың әдісі: Түсіндіру, орындату, салыстыру, есептеу.

Пәнаралық байланыс: әдебиеттік оқу , қазақ тілі , дүниетану, өмірмен байланыс

Оқыту құралдары: оқулық, тақта, бор, интерактивті тақта, үлестірмелі материал.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі

Амандасу, түгендеу;

оқу-құралдарының дайындығын, кезекшінің жұмысын тексеру;

Психологиялық дайындық:

**Бағалау парақшасымен таныстыру**

**Топтарға бөлу.**

Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын.Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады.

**1-топ «Сары кәмпиттер»**

**2-топ «Көк кәмпиттер»**



### 3-топ «Қызыл кәмпиттер»

### 4-топ «Жасыл кәмпиттер»

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Балалар, үйге берілген тапсырманы орындадық па? Орындасақ, сынып болып талдайық?!

III. Өткен материалды қайталай отырып, жаңа материалға дайындық

Математикалық диктант.

1. Ең үлкен бес таңбалы санды ата. 99 999

2. Ең кіші төрт таңбалы санды ата. 1 000

3. Ең үлкен төрт таңбалы сан мен ең кіші төрт таңбалы санның айырмасын тап.  $9\,999 - 1\,000 = 8\,999$

4. 450 635 санын разрядтық қосылғыштарға жікте.

$$450\,635 = 400\,000 + 50\,000 + 600 + 30 + 5$$

5. 3 тәул. = сағ. (72 сағ)

6. 1 км : 50 м = м. (20 м)

7. Жолаушы жолда 1 тәулік 6 сағат болды. Ол жолда барлығы неше сағат болды? 30 сағ

8. Көбейтудің қасиеттерін ата.

1. Ауыстырымдылық  $a \cdot v = v \cdot a$

2. Терімділік  $(a \cdot v) \cdot c = a \cdot (v \cdot c)$

3. Үлестірімділік  $(a + v) \cdot c = a \cdot c + v \cdot c$

III. Жаңа материалды меңгерту.

Оқушылар бүгінгі тақырыбымыз «Ауызша көбейту және бөлу тәсілдері». Барлығымыз оқулығымыздағы 73-бетті ашамыз

Оқулықтың 73-бетін ашып, күннің жадын және тақырыпты дәптерлеріне жазады.

№ 1 Сандарды разрядтық қосылғыштар түрінде жазыңдар.

Әрбір сандағы ондық мыңның жалпы санын табыңдар.

731 202; 120 009; 85 026; 80 054; 79 002.

Сандарды разрядтық қосылғыштарға жіктейді.

$$85\,026 = 80\,000 + 5\,000 + 20 + 6$$

$$731\,202 = 700\,000 + 30\,000 + 1\,000 + 200 + 2$$

$$120\,009 = 100\,000 + 20\,000 + 9$$

$$80\,054 = 80\,000 + 50 + 4$$

$$79\,002 = 70\,000 + 9\,000 + 2$$

№ 2 Есепте. Есептеудің қалай орындалғанын түсіндір.

$$241\,322 \cdot 2 = (200\,000 + 40\,000 + 1\,000 + 300 + 20 + 2) \cdot 2 = 400\,000 + 80\,000 + 2\,000 + 600 + 40 + 4 = 482\,644$$

$$482\,644 : 2 = (400\,000 + 80\,000 + 2\,000 + 600 + 40 + 4) : 2 = 200\,000 + 40\,000 + 1\,000 + 300 + 20 + 2 = 241\,322.$$

Ереже шығару.

Математикалық «Бинго ойыны»

Топпен жұмыс

$$\text{I топ. } 321\,102 \cdot 3 = (300\,000 + 20\,000 + 1\,000 + 100 + 3) \cdot 3 = 900\,000 + 60\,000 + 3\,000 + 300 + 6 = 963\,306$$

$$699\,033 : 3 = (600\,000 + 90\,000 + 9\,000 + 30 + 3) : 3 = 200\,000 + 30\,000 + 3\,000 + 10 + 1 = 233\,011$$

$$124\,231 \cdot 2 = (100\,000 + 20\,000 + 4\,000 + 200 + 30 + 1) \cdot 2 = 200\,000 + 40\,000 + 8\,000 + 400 + 60 + 2 = 248\,462$$

$$\text{II топ. } 213\,112 \cdot 3 = (200\,000 + 10\,000 + 3\,000 + 100 + 10 + 2) \cdot 3 = 600\,000 + 30\,000 + 9\,000 + 300 + 30 + 6 = 639\,336$$

$$842\,204 : 2 = (800\,000 + 40\,000 + 2\,000 + 200 + 4) : 2 = 400\,000 + 20\,000 + 1\,000 + 100 + 2 = 421\,102$$

$$488\,440 : 4 = (400\,000 + 80\,000 + 8\,000 + 400 + 40) : 4 = 100\,000 + 20\,000 + 2\,000 + 100 + 10 = 122\,110$$

$$\text{III топ. } 121\,220 \cdot 4 = (100\,000 + 20\,000 + 1\,000 + 200 + 20) \cdot 4 = 400\,000 + 80\,000 + 4\,000 + 800 + 80 = 484\,880$$

$$331\,223 \cdot 3 = (300\,000 + 30\,000 + 1\,000 + 200 + 20 + 3) \cdot 3 = 900\,000 + 90\,000 + 3\,000 + 600 + 60 + 9 = 993\,669$$

$$99\,099 : 9 = (90\,000 + 9\,000 + 90 + 9) : 9 = 10\,000 + 1\,000 + 10 + 1 = 11\,011$$

$$\text{IV топ. } 550\,150 : 5 = (500\,000 + 50\,000 + 100 + 50) : 5 = 100\,000 + 10\,000 + 20 + 10 = 110\,030$$

$$142\,231 \cdot 2 = (100\,000 + 40\,000 + 2\,000 + 200 + 30 + 1) \cdot 2 = 200\,000 + 80\,000 + 4\,000 + 400 + 60 + 2 = 284\,462$$

$$412\,321 \cdot 2 = (400\,000 + 10\,000 + 2\,000 + 300 + 20 + 1) \cdot 2 = 800\,000 + 20\,000 + 4\,000 + 600 + 40 + 2 = 824\,642$$

IV. Жаңа материалды бекіту.

№ 3. Ыңғайлы тәсілмен есепте. Мұғалімнің басшылығымен бекіту.

Қосындыны санға қалай көбейтуге және бөлуге болатынын түсіндіріп, сол тәсілді пайдалана отырып есептер шығарады.

$$(300\,000 + 60\,000 + 6) : 6 = 50\,000 + 10\,000 + 1 = 60\,001$$

$$(8\,000 + 400 + 20) : 2 = 4\,000 + 200 + 10 = 4\,210$$

$$(40\,000 + 20\,000 + 6\,000) : 6 = (60\,000 + 6\,000) : 6 = 10\,000 + 1\,000 = 11\,000$$

$$(36\,000 + 18\,000 + 9\,000) : 9 = 4\,000 + 2\,000 + 1\,000 = 7\,000$$

$$(490 + 14\,000 + 7\,000) : 7 = 70 + 2\,000 + 1\,000 = 3\,070$$



$(21\ 000 + 210 + 35) : 7 = 3\ 000 + 30 + 5 = 3\ 035$   
 $(1\ 000 + 200 + 50) : 5 = 200 + 40 + 10 = 250$   
 $(8\ 000 + 1\ 200 + 1\ 800) : 5 = (8\ 000 + 3\ 000) : 5 = 1\ 600 + 600 = 2\ 200$   
 $(10\ 000 + 2\ 000 + 300) : 2 = 5\ 000 + 1\ 000 + 150 = 6\ 150$   
 $(10\ 400 + 12\ 600 + 100) \cdot 4 = (23\ 000 + 100) \cdot 4 = 92\ 000 + 400 = 92\ 400$   
 $(5\ 600 + 1\ 300 + 30\ 000) : 6 = (6\ 900 + 30\ 000) : 6 = 11\ 500 + 5\ 000 = 16\ 500$   
 $(20\ 000 + 5\ 000 + 500 + 10) : 5 = 4\ 000 + 1\ 000 + 100 + 2 = 4\ 112$

Оқулықпен жұмыс № 4 Есепті шығар.

а) Саяхатшылар жүретін жолдың ұзындығы 135 км. Олар барлық жолдың бестен бір бөлігін жаяу, үштен бір бөлігін атпен, ал қалған бөлігін автобуспен қанша километр жүреді?

Есептің мазмұнымен таныстыру

**Ал енді есептің қысқаша белгіленуін тақтаға жазайық.**

Берілгені:

Барлығы – 135 км

Жаяу –  $1/5$

Атпен –  $1/3$

Автобуспен - ?

Шешуі:  $(135 : 5) + (135 : 3) = 17 + 45 = 62$

Жауабы: Автобуспен – 62 км

ә) Қысқаша жазылуы бойынша есеп құрастыр. Бейне таспаға назар аударайық.

Еңліктің анасының қолында барлығы 1 000 теңгеден 5 қағаз ақша болды. Ол оның 4 500 теңгесіне кітап сатып алды. Сонда оның қолында қанша теңге қалды.

Есептің мазмұнымен таныстыру

**Есептің қысқаша берілгенін жазу үшін негізгі сөздерді атайық?**

Болғаны - ?, 1 000 теңгеден 5 қағаз ақша

Жұмсалғаны – 4 500 теңге

Қалды - ? теңге

Шешуі:  $5\ 000 - 4\ 500 = 500$

Жауабы: Әсеттің қолында 500 теңге қалды.

V. Үйге тапсырма.

Балалар, үйге тапсырма ретінде 6-7 есепті аламыз?!

Үй тапсырмасын күнделіктеріне жазып алады.

VI. Қорытындылау. Бағалау.

Оқушыларға өз беттерімен орындауға тест беріледі.

Тест

1.59 жүздіктен тұратын санды көрсет.

А.59 000 Ә.5900 Б.590

2.781 санының оң жағына бір нөлді тіркеп жаз.Сан артты ма,неше есе артты?

А.10-ға артты Ә.10 есе артты Б.10-ға кеміді

3. «157 мен 940-тың қосындысынан 15 пен 2-нің көбейтіндісін азайт»өрнегінің дұрыс жазылуын көрсет:

А)157+940-15·2

Ә)157+(940-15)·2

Б)(157+940)-15·2

4.Куб дегеніміз не?

А)Бірдей үш көбейткіштің көбейтіндісі

Ә)Бірдей үш қосылғыштардың қосындысы

Б)Әр түрлі үш көбейткіштің көбейтіндісі

5.Тік төртбұрыштың ені 5 см,бұл оның ұзындығынан 2 есе кем.Осы тік төртбұрыштың ауданын тап:

А)30см<sup>2</sup> Ә)50см<sup>2</sup> Б)15см

6.Дұрыс берілген тұжырымды тап

А)Тік төртбұрыштың ауданын табу үшін,оның барлық қабырғаларының ұзындығын қосамыз.

Ә)Үштің кубы тоғызға тең.

Б)Тік төртбұрыштың ауданын табу үшін,оның ұзындығы мен енін көбейтеміз.

Тест кілті: 1.Б 2.Ә. 3.Б. 4.Б. 5.Ә. 6.Б.

VI. Қорытындылау. Бағалау.

Оқушылардың іс-әрекетін бағдаршам әдісімен бағалайды. Қойылған бағаларға түсінік береді.

\* \* \* \* \*

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Жаңажол орта жалпы білім беретін мектебінің физика пәнінің мұғалімі  
Садырова Айгерім**

**Тақырыбы:** Заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі.

**Сабақтың мақсаты:**

- Тығыздық ұғымынын терең меңгеру.
- Формуласын біле отырып, түрлендіру, оны есептер шығаруда қолдану.
- Түрлі заттардың тығыздығын экспериментте анықтап, құралдармен жұмыс барысындағы қауіпсіздік ережелерін сақтау.

**Сабақтың түрі:** Аралас

**Сабақтың әдісі:** Түсіндіру, сұрақ-жауап

**Көрнекіліктері:** Қағаз қиындылары, көбелек, таразы, мензурка

Сабақ барысы:

**Топқа бөлу:** қолдарындағы көбелектің артындағы сандар арқылы топқа бөлемін.

*Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз!*

*Ұйымшыл боламыз десек 2 рет Белсенділік танытамыз десек 3 рет шапалақтаймыз!*

**I топ. Масса II топ. Көлем III топ. Тығыздық IV топ. Лактометр**

**Сыныпта ынтымақтастықты қалыптастыру**

*(Топпен жұмыс)*

**«Миға шабуыл» әдісі**

*Бір кг мақта ауыр ма, әлде бір кг қант ауыр ма?*

*Суретке назар аударайық:*

**Ж:** бірдей

*Суретке қарасақ ше, көлемдері әртүрлі...*

**НЕГЕ?**

**Себебі:** Қант тығыз нәрсе, ал мақта сирек, жеңіл...

Ендеше осы сұрақтардың жауабын алу үшін жаңа физикалық шама енгіземіз.

**Заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі. Оқушыларға тығыздық туралы мәлімет беремін. Оқушылар сол мәліметтерді оқып, топта талқылайды.**

Жаңа сабақ бойынша оқыған мәліметтерімен әр топтан бір оқушыдан шығып, «Автобус аялдамасы» арқылы басқа топтармен бөліседі.

**ҚБ: Бас бармақ әдісі арқылы**

Топтарға деңгейлік тапсырмалар беремін. Есептерін планшеттерге жазып көрсетеді.

**Топтарды бағалау** (*От шашу әдісі бойынша*)

**Оқушыны бағалау** (*Бас бармақ әдісі бойынша*)

**Мақсатым:**

*-оқушылардың қаншалықты түсінгенін бақылау*

*-түсіне алмағандарға жеңіл тапсырмалар беру*



**II. Сөздікпен жұмыс:**

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
тығыздық	Плотность	density
масса	Масса	mass
көлем	Объем	volume
мензурка	Мензурка	beaker
таразы	Весы	scales
Газ	Газ	gas
Сұйық	Жидкость	liquid

**IV. Бекіту бөлімі**

**"Сөздер банкісі" әдісі.**

Оқушылар "Сөздер банкісінен" тақырыпқа байланысты сөздерді, формулаларды, анықтамаларды, керекті құрал - жабдықтарды "Біздің тақырып" банкасына салу керек.

**Есептер шығару**

№	$\rho$	$m$	$V$
1	19000 кг/м <sup>3</sup>	5кг	?
2	1800 кг/м <sup>3</sup>	?	3,75дм <sup>3</sup>
3	?	3кг	15 м <sup>3</sup>

ҚБ: Бағдаршам әдісі

**Бағдаршам арқылы бір- бірін бағалау.**

**Жасыл түс -4 қатеден көп жібергендер**

**Сары түс -2-3 қате жібергендер**

**Қызыл түс- барлығын дұрыс орындағандар**

**Үйге тапсырма: §12**

**«Білім ағашы» тәсілі бойынша: (жазбаша)**

- Сабақ барысындағы көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен?

- Бүгін нені білдіңіз?Сіз үшін не жаңалық болды?

- Сабаққа қатысуыңызды қалай қабылдайсыз?

- Сабақта қандай қиындықтар туындады?

\* \* \* \* \*

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Жаңажол орта жалпы білім  
беретін мектебінің география-биология пәнінің мұғалімі  
Оразаева Алия**

**Сабақ тақырыбы:** Қазақстанның түсті металлургиясы

**Мақсаты:**

**Оқыту мақсаты:** Оқушылардың төрт деңгейлік саты негізінде Қазақстанның түсті металлургиясы тақырыбы бойынша алған білімдерін бекіту.

**Дамытушылық мақсаты:** Оқушылардың білім-білік деңгейлерін анықтай отырып, картмен жұмыс жасауға дағдыландыру.

**Тәрбиелік мақсаты:** Қазақстанның пайдалы қазбаларының маңызын анықтай отырып, неғұрлым дұрыс және тиімді пайдалану керектігін оқытып-үйрету.

**Көрнекіліктер:** Қазақстан картасы,интерактивті тақта,постер

**Пәнаралық байланыс:** химия

**Әдіс-тәсілдер:** жеке жұмыс, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс

**Сабақта пайдаланылатын технологиялар:** оздыра оқыту технологиясы,Ж.Қараевтың деңгейлеп- саларалап оқыту технологиясы,сындарлы оқыту технологиясы

**Сабақ түрі:** Бекіту сабағы

**Негізгі терминдер:** флотация, шашыранды металл

**Сабақ кезеңдері:** 1. Үйренушілік (Репродуктивтік) кезең;

2.Эвристикалық кезең;

3.Алгоритімдік кезең;

4.Шығармашылық кезең;

**Сабақ ұстанымы:** «Естідім – ұмыттым, көрдім – еске сақтаймын, жасадым – мәңгілік менікі».

### С а б а қ    б а р ы   с ы :

**I. Ұйымдастыру сәті:** Оқушылардың сабаққа дайындығын және көңіл –күйін психологиялық тұрғыдан анықтап алу(оқушыларға геометриялық фигуралар беріледі, мұғалім оқушы көтерген фигураға анықтама береді.)

**II. Репродуктивті деңгей тапсырмалары:**

**A)«Серпілген сауал» (Слайд № 1)**

1. 1730 жылдан 1832 жылға дейін бір ғасыр ішінде Қазақстанның Алтайдағы ірі кен орындарын ата.

2.Мыс өндірумен Қазақстанда қандай компаниялар жұмыс атқарады?

3. Полиметалл кендері деп нені айтады?

4. Елімізде никель мен кобальттың неше кен орны бар?

5.Алюминий шикізаты?

6.»Посук Титаниум» зауыты не өндіреді?

7. ТМД бойынша өндірілетін алтынның неше пайызы Қазақстанда шығарылады?

8. Әлемде Қазақстанға уранның неше пайызы келеді?

9. Вольфрам кені қоры жөнінен Қазақстан дүние жүзінде нешінші орында?

10.Шашыранды және сирек металдарға қандай металдар жатады?

11. Уран өндіруде қандай кәсіпорындар жұмыс жасауда?

12. «Флотация» деген не?

**III. Алгоритімдік деңгей тапсырмалары:**

**А) «Мюнхаузеннің 11 қатесі» (Слайд № 2)**

1. Мыс өндірумен «Оңтүстікникель » компаниясы жұмыс істейді (Қазақмыс)
2. Баяу балқитын түсті металдар: вольфрам және уран. (уран емес молибден)
3. Қазақстан дүниежүзінде мыс кені қоры жөнінен 4-ші орында. (3-ші орында)
4. Қазақстан мырыштың 60-70 % экспорттайды.(85-88%)
5. Қазақстанда алтынның барланған қоры – 2000т. (1700 т)
6. ТМД-дағы тантал және оның ұнтағын , уран ұнтағын шығаратын Қазақстандағы жалғыз «Қазатомпром» компаниясы. (Үлбі металлургия комбинаты,Өскемен қаласы)
7. Шымкент қорғасын зауытында 1991ж. Дейін өнімнің 25 түрі өндірілді. Қазіргі кезде 15 түрі өндіріліп, шикізаттан 15 элемент алынады. (9 элемент)
- 8.Құрамында белгілі бір ғана элементі бар кен түрін полиметалл кендері деп атайды. (көп элементі бар болуы қажет)
9. Сирек және шашыранды металдар топтары: Уран,германий,тантал,алтын,галий, титан,теллур,цирконий,платина,қалайы. (алтын,титан, платина,қалайы)
- 10.Республикамыздағы ең алғашқы түсті металлургия комбинаттары: Риддер полиметелл комбинаты және Зырян комбинаты (Қарсақбай комбинаты)
11. Қаратау етегінде өндірілетін ванадий кені Жапонияның «Тошиба» компаниясына жіберіледі. (Ресейдің Чусовск металлургия комбинаты)

**Б) «Ойлан,тап!» (географиялық есеп) (Слайд № 3)**

А қаласы мен В қаласының арақашықтығы - 5000км. 1т алюминий алу үшін 2т глинозем және 18000кВт\*сағ.электр энергиясы қажет. Теміржолмен 1т глинозем тасудың өзіндік құны 3000тг. А қаласыда 1кВт\*сағ-тың құны – 2тг, В қаласында – 1тг. Егер А қаласы шикізат көзіне жақын , ал В қаласы электр энергетикасы көзіне жақын орналасқан болса, қай қалада алюминий зауытын салу қолайлы болар еді? (Жауабы: В қаласына, себебі алюминий зауыты электр энергетикасын көп қажет ететін металл).

**IV. Эвристикалық деңгей: (Слайд № 4)**

А) Салыстыр және мәлімет бер:

- 1) Қорғасын мен мыс
- 2) Алюминий мен титан
- 3) Алтын мен күміс
- 4) Уран және тантал

**Б) Картамен жұмыс: Кен орындарын анықтау (Слайд № 5)**

1. Соколов-Сарыбай
- 2.Зырян
- 3.Риддер
4. Жезқазған
- 5.Саяқ
- 6.Қоңырат
7. Мырғалымсай
8. Ащысай
- 9.Байжансай
- 10.Қараоба
- 11.Ақмола
- 12.Оңтүстік Қазақстан

**V. Шығармашылық деңгей.** (Оқушыларға алдын ала берілген тапсырма негізінде күнделікті тұрмыста қолданылатын заттардан түсті металды тауып, анықта беру тапсырылады).

**1.Фольга қағазы,лампочка,Алтын киімді адам суреті, термометр,кабель, күміс сақина,алтын сырға.**

**VI.Сабақты «ИНСЕРТ түртіп алу әдісімен» қорытындылау: (оқушылар кестеге алынған мәліметті жазып шығады.)**

<i>Білемін</i>	<i>Меңгердім</i>	<i>Нені түсінбедім</i>	<i>Мені таңқалдырды</i>

**VII. Үйге тапсырма беру:** «Қазақстан экономикасында түсті металлургияның маңызы» (эссе, презентация)

**VIII.Бағалау: Оқушылардың сабақ барысында жинаған ұпайларын есептеп шығару.**

\*\*\*\*\*

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қайшақұдық ауылы  
Қайшақұдық бастауыш жалпы білім беретін  
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі  
Атауова Жұмагүл Кенжеғалиқызы**

**Сабақтың тақырыбы:** «Не деу керек?» Буын

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділігі:** «Не деу керек» өлеңімен танысады.

**Дамытушылығы:** танымдық қызығушылығын арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

**Тәриелілігі:** Тақырыпты өмірмен байланыстыра отырып, кішіпейілділікке баулу.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Оқушылардың зейінін сабаққа аудару, топқа бөлу, сабақ ережесін еске түсіру.

**Шаттық шеңбері.**

– Балалар, біз енді шаттық шеңберіне жиналайық!

Шеңберге тұрайық, достарымызбен қол ұстасайық!

Барлығымыз жақсы көңіл-күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық!

Бір-бірімізге қарап күлкімізді сыйлайық!

-Балалар, біз неге шеңберге тұрып, сабақты бастадық?

Шеңбер – бұл әлемдегі мейірімділік, жақсылық. Шеңбер арқылы – бір – бірімізге күлімдеп қарап, бақыт,

қуаныш, жылылық тілейміз. Шеңбер – сонымен қатар, қай әріпке ұқсайды?

«О» - әрпіне ұқсайды. -Дұрыс айтасыңдар, жарайсыңдар.

**II. Үй тапсырмасын тексеру.**

«Көрші атам» өлеңін мәнерлеп оқыту.

-Сәлемдесуге байланысты қандай сөздерді білесіңдер?

**III. Қызығушылықты ояту. Топтастыру.**

-Біз кішіпейілділік жайлы не білеміз?

-Кішіпейілділік дегенде есімізге не түседі?

Мына партаның үстінде кішіпейілділікке байланысты да, байланысы жоқ та сөздер жатыр. Сендер тек

кішіпейілділікке байланысты сөздерді топтастыруларың қажет. Кім көбірек біледі екен?

Сыпайы Әділ Қайырымды Тәрбиелі

**Мағынаны тани білу.** Ендеше бүгін сабағымызда кішіпейілділікке байланысты Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Не деу керек?» өлеңімен танысамыз.

**Авторды таныстыру.** Әнуарбек Дүйсенбиев 1931 жылы 25 қазанда Алматы облысы, Жамбыл

ауданы, Қарақыстақ ауылында дүниеге келген. Балалар ақыны. Ұзақ жылдар «Балдырған» журналының жауапты

хатшысы, «Жалын» баспасында бөлім меңгерушісі, «Жазушы» баспасында аға редакторлық қызмет атқарған.

Топпен оқу. Өлең шумақтарын мұғалім оқиды, сұрақтарға оқушылар жауап береді.

**IV. «Сұрақты ұстап ал» Ситуациялық жағдаяттар.**

1. Автобуста сіз отырсыз. Үлкен қарт адам кірді. Бос орын жоқ. Не істер едің?

2. Көшеде бір қарт адам құлап қалды. Не істер едің?

3. Сен дүкенде тұрсың. Сенің артыңда әжей тұр.

4. Көшеде, мектепте, үйде таныс кісілер, мұғалімдер кездесе не деу керек?

5. Үлкен кісі қолындағы затын көтере алмай келе жатыр. Оған не деу керек?

**V. Сергіту сәті.**

Ереже. Сөзде қанша дауысты болса, сонша буын болады.

**VI. Дәптермен жұмыс.**

58 жаттығу. Бір оқушыдан тақтаға буынға бөліп жазып, неше буын деген сұраққа жауап береді. Қалғандары орындарында тексеру арқылы қол шапалақтайды.

А-па, ә-же, а-та, ше-ше, на-ға-шы, жи-ен.

**VII. «1тілек, 1сұрақ» стратегиясы.**

Әр топ бір-біріне және мұғалімдер:

-Менің де сендерге 1 тілек, 1сұрағым бар.

Сұрағым: Әдепті бала-

Ата-анасын мақтатар.

Әдепсіз бала-

Ата-анасын қақсатар, -дегенді қалай түсінесіңдер?

**Үйге тапсырма:** «Не деу керек?» өлеңін мәнерлеп оқу.

**Бағалау.**

Тілегім: -Өмірде әр кез жолдарың ашық болып, болашақтарың жарқын болсын!

-Сабақ аяқталды.

\* \* \* \* \*




**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қайшақұдық ауылы  
Қайшақұдық бастауыш жалпы білім беретін  
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Муканова Лариса Сериковна**

Сабақтың тақырыбы:	Менің отбасым. Ұ дыбысы мен әрпі.
Оқу мақсаттары:	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) 1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту. 1.3.8.1 Жазу жолын, жол аралық кеңістікті жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллеграфиялық талаптарға сай жазу.
Сабақтың мақсаттары:	Барлығы: Ұ дыбысы және әрпімен таныс. Көбі: Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды. Кейбірі: Алған білімді өмірде қолдана алады. Ұ дыбысына қатысты мысалдар келтіріп, сөйлемдер құрай біледі.
Бағалау критерийлері:	Оқудың түрлерін (буындап оқиды, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқи біледі, түсініп оқи алады) Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айтады.
Құндылықтарды дарыту:	Мәңгілік Ел, бұл- Тәуелсіздік және Астана.
Пәнаралық байланыс:	Көркем еңбек, музыка, орыс тілі, ағылшын тілі және математика
Тілдік мақсат:	Ұ дыбысы мен әрпі,
Денсаулық қауіпсіздік техникасын сақтау:	Көрнекіліктерді дұрыс қолдану, партада дұрыс отыру.
АКТ қолдану дағдылары:	
Алдыңғы білім:	Балалар Ұ дыбысын таниды, оқиды, мысалдар келтіре алады.

**Сабақтың барысы**

Сабақтың жоспарланған кезеңдері:	Сабақтың жоспарланған іс-әрекеті
<b>Сабақтың басы</b> Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру 3 минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Көрші» Мақсаты: әрбір қатысушының сол топтың бір мүшесі екендігін сезінуі, бір-біріне жылылық сыйлау. Нұсқаулық: Көршіңді оң жақтан құшақта, Көршіңді сол жақтан құшақта. Оң жақтағы көршіңе бір жымыып, Сол жақтағы көршіңе бір жымыып, Бүгінгі тренинг барысы, Біз үлкен отбасы. <i>"Мига шабуыл" әдісі арқылы өткенге шолу жасау</i> -Қане, кім айтады дыбыс дегеніміз не? - <b>Дыбысты</b> біз естиміз, айтамыз, ал <b>әріпті</b> біз жазамыз, көреміз. Қазір біз дауысты дыбыстарды өтіп жатырмыз. Психологиялық ахуал -Балалар тақтаның алдында нені көріп тұрсындар? Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфеттің түрлеріне қарай 2 топқа бөлініп отырады. Топтарға бөлу 1-топ «Сары кәмпиттер» 2-топ «Көк кәмпиттер»
<b>Сабақтың ортасы</b>	<b>Оқулықпен жұмыс</b> - Осы апта бойы не жайлы айтып жатырмыз? -Менің отбасым тақырыбында сабақ өтіп жатырмыз. Оқушылар өз отбасы туралы әңгімелейді. <b>Айтылым. ТЖ.</b> - Балалар, мен сендерге тақпақ оқимын, соның ішінде қай дыбыс жиі естіледі екен? «Ұлпабастың басына

<p><b>20минут</b></p>	<p>Ұлу шықты асыға.          Ұстап алмақ боп оны,          Ұзақ қонды қасына.          Ұмтылғанда ол еңді,          Ұлу қашты жөнелді»          Мына суреттегі қандай жәндік екен? /ұлу/          Дыбыстық талдау жасалады.          - Ұлу дегеніміз жәндік міне мынандай болады. Оның өзінің үйшігі болады.          Көбінесе сулы жерлерде тіршілік етеді.          * Балалар қай дыбыс жиі естіледі екен? (Ұ дыбысы)          * Ұ дыбысын бәріміз бірге айтайықшы!          * Ұ - ұ - ұ          * Ұ дыбысы қалай айтылады?          * Иә, әңдетіліп, созылып айтылады, екен.          * Ұ дыбысы қандай дыбыс?          * Иә, дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз?  <b>Тыңдалым:</b>  <b>1.Сөздік қор: Ұшақ-самолет-айрфлайн</b>  <b>Ұшқыш-летчик-пилот</b>  <b>Топтық жұмыс.</b></p> <p><b>2.Әр отбасы мүшелеріне тиесілі заттарды сурет арқылы болжа.</b>  <b>Дескриптор</b></p> <p><b>Білім алушы топқа</b></p> <p>Сурет бойынша заттардың кімге тиесілі екенін анықтайды.</p> <p>Сөздерді байланыстырып сөйлем құрайды.</p> <p>Сөздерді оқиды дыбыстық талдау жасайды.</p> <p><b>2. Тапсырма: Оқылым</b>  <b>1. Хормен оқу</b>  <b>2. Жеке оқу</b>  <b>Оқылым. Ж Ж.</b></p> <table border="1" data-bbox="486 1272 1257 1406"> <tr> <td>Ұр</td> <td>Ұн</td> <td>Ұт</td> <td>Ұс та</td> </tr> <tr> <td>Ұр шық</td> <td>Ұн тақ</td> <td>Ұт қыр</td> <td>Ұ сақ</td> </tr> <tr> <td>Құлын</td> <td>Құрақ</td> <td>Ұ ран</td> <td>Нұр лан</td> </tr> <tr> <td>Құ лан</td> <td>Құ лақ</td> <td>Ұ лан</td> <td>Ақ нұр</td> </tr> </table> <p>- Осы сөздердің ішінен адам аттарын тап?          - Олар қандай әріппен жазылады?  <b>«Орнын тап ойыны»</b>          - Сөздерді оқып ұ дыбысы қай жерде кездесе сол сандықшаға сал.  <b>Дискрептор</b>          -сөздерді қатесіз буындап,тұтас оқиды;          “Ұ” дыбысы сөздің қай бөлігінде кездесетінін ажыратады.</p>	Ұр	Ұн	Ұт	Ұс та	Ұр шық	Ұн тақ	Ұт қыр	Ұ сақ	Құлын	Құрақ	Ұ ран	Нұр лан	Құ лан	Құ лақ	Ұ лан	Ақ нұр
Ұр	Ұн	Ұт	Ұс та														
Ұр шық	Ұн тақ	Ұт қыр	Ұ сақ														
Құлын	Құрақ	Ұ ран	Нұр лан														
Құ лан	Құ лақ	Ұ лан	Ақ нұр														
<p><b>Сергіту сәті</b>  <b>2 минут</b></p>	<p>.</p> <p><b><u>Сергіту сәті «Қыдырып қайтайық»</u></b></p>																
<p>12 минут</p>	<p><b>Суретпен жұмыс:</b>  <b>1 - топ “Сары кәмпиттер”.</b>  <b>Мәтіннің басын құрастырып әңгімелейді.</b>  <b>2-топ “Көк кәмпиттер”</b>  <b>Мәтіннің шарықтау шегін құрастырып, әңгімелейді.</b>  <b>Сыныпқа тапсырма беру : Мәтіннің соңын</b>  <b>құрастырып әңгімелейді.</b></p>																

	<p><b>Дәптермен жұмыс</b>  <b>Жазылым. ЖЖ.</b>          - Ұұ әрпін ауада жазып үйрету, элементін пысықтау.          - Үлгі дәптерге әріптерді жазу,          - Сөздік диктант жазу.          Ұ Л          Ұ Л У          Ұ Ш А Қ          Ұ Ш Қ Ы Ш          Ұ Я          Ұ Л А Р          Ұ З А Қ</p>																
<p><b>Сабақтың соңы</b>  <b>5 минут</b></p>	<p>Бір айналым сәт.          Бүгінгі сабақтан не түйдік?          «Баспалдақ» ойынын ойнату</p> <table border="1"> <tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> </table> <p>Жауаптары; ұл, ұлу, ұшақ, ұшқыш</p>																
<p>Кері байланыс          3 минут</p>																	
<p>Саралау</p>	<p>Бағалау-оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>																
<p>Қабілеті жоғары оқушыларға Ұұ дыбысы бар сөздерден сөйлем құрату.</p>	<p>«Жетістік баспалдағы» әдісі арқылы бағалаймын</p>																

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қайшақұдық ауылы  
 Қайшақұдық бастауыш жалпы білім беретін мектебінің  
 бастауыш сынып мұғалімі Нұптығалиева Раушан Беккабыловна**

**Сыныбы: 1-сынып**

**Тақырып:** «Менің достарым»

**Құндылық:** дұрыс әрекет

**Қасиеттер:** адамгершілік, адалдық, әділдік, шыншылдық, сыйластық, кішіпейілділік, ізгілік, татулық

**Мұғалім:** Нұптығалиева Раушан Беккабыловна

<p><b>Сабақ мақсаты:</b>          Оқушыларға адам өміріндегі достықтың маңыздылығын ұғындыру арқылы дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу.  <b>Міндеттері:</b>          - Оқушыларға достық ұғымының мәнін түсіндіре отырып, сыйластық қасиеті туралы түсінік беру;          - Оқушыларды өзара сыйластықпен қарым-қатынас жасауға баулу арқылы түсіністік қасиетін дамыту;          - Оқушыларды достық жолында өзара түсіністікке, сыйластыққа, адалдыққа, кішіпейілділікке, ізгілікке тәрбиелеу;</p>	<p>Ресурстар:(құралдар, мәліметтер)</p>
<p align="center"><b>Сабақ барысы:</b>  <b>Ұйымдастыру кезеңі.</b>          Оқушылармен амандасып, «Өзін-өзі тану» сабағының ережесін «5-Т»-ны қайталап, сабаққа ынталандыру үшін әр балаға көңілді смайликтер сыйлаймын.</p>	<p>Сабақ барысын талдау</p>

<p style="text-align: center;"><b>Тыныштық сәті</b></p> <p>Біңғайланып отырыңыздар, денелеріңізді түзу ұстаңыздар. Аяқ-қолыңызды айқастырмаңыз. Қолыңызды тізеңізге немесе үстелге қоюға болады. Көздеріңізді жұмуларыңызды өтінемін. (баяу музыка ойнап тұрады)</p> <p style="text-align: center;"><b>Ғажайып</b></p> <p>Өмірде көп қой ғажайып  Қалмайтын ешқашан азайып  Ал, қане,саусақпен санайық  Дәптерге мәнерлеп жазайық  Атамның ән-күйі ғажайып  Әжемнің әлдиі ғажайып  Анамның мейірі ғажайып  Әкемнің пейілі ғажайып  Әпкемнің ақылы ғажайып  Ағамның нақылы ғажайып  Сіңлімнің ізеті ғажайып  Інімнің ниеті ғажайып  Бөпемнің күлгені ғажайып  Бәрін де білгенім ғажайып  Бөлмеген іргені ғажайып  Үлгі алып жүргенім ғажайып  Осындай жақсы әдет ғажайып  Қалмасын ешқашан азайып.</p> <p>Жаймен көзіңізді ашуға болады. Рахмет.</p> <p style="text-align: center;"><b>Үй тапсырмасын тексеру</b></p> <p><b>1.</b>«Отбасы татулығы» аңыз әңгімесінің мазмұнын оқушыларға мазмұндату.  <b>Қойылатын сұрақтар:</b>  -Отбасының татулығы, бірлігі неге байланысты деп ойлайсыңдар?  - Ақсақал отбасында жақсы қарым-қатынас орнату үшін қағазға қандай қасиеттерді жазды?  <b>2.</b> Отбасы туралы салып келген суреттерін әңгімелеу.</p> <p><b>Оқушыларды бағалау үшін гүл күлтелерін толықтыру.</b></p>	
<p><b>Дәйексөз.</b>  «Жақсымен жолдас болсаң,жетерсің мұратқа» (Мақал)  -Дәйек сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?  Жаңа тақырыпқа байланысты суретпен жұмыс. (Достар)</p>	
<p><b>Оқулықпен жұмыс. Достар</b>  Қазыбек пен Қалкен киноға бара жатты.Екеуі де көңілді.Қазыбек Қалкенге бұрылып:  -Қалкен есептен екі алғаныңды мамаң біле ме?-деп сұрады.  -Жоқ.Ақырын,деді Қалкен жан-жағына қарап алып,сыбырлап,-мамам оны білсе,мені киноға жібере ме?  -Мамаң сенің сондай қатал кісі сияқты емес қой.  -Баласы екілік баға алса,қандай мама ренжімейді?  -Қалкен мен саған есептен көмектесейін.  Алдымен бүгінгі екілікті жоятын болайық.  -Менің қарсылығым жоқ деп,Қалкен қуанып кетті.  Кешке міндетті түрде сенің үйіңе барамын.Сенің алған екілігің маған да қойылған баға деп есепте.  -Сен өміріңде екілік алып көрген жоқсың ғой-деп таңдана қарады Қалкен досына.  -Екі алмасам кеше алдым,оны ертең жоюға тырысамыз,-деп Қазыбек жолдасына сенім артып қолдау білдірді.</p>	
<p><b>«Ханталапай» ойыны</b>  Сұрақтар: Адамға дос не үшін қажет деп ойлайсыңдар?  Қандай адамдар бір-бірімен дос бола алады?  Досыңның бойынан қандай қасиеттерді көргің келеді?  Өз бойыңда нағыз досқа тән қандай қасиеттер бар?</p>	

<b>Сергіту сәті.</b>	
«Дос» сөзін топтастыру.  Топпен ән айту. <b>«Бала тілегі»</b> Бал-балалық балдырған шақ, сан арман, Барлық бала армандауға жаралған. Кел, достарым, әндетіңдер, билеңдер, Гүлденсін деп атамекен қара орман. Болашақтың иесіміз бәріміз, Туған жердің түрлендірер нәріміз. Алтын бесік-ұлан байтақ елімде, Жарқын болсын шырқап айтар әніміз.	
<b>Үй тапсырмасы.</b> «Достар» мәтінін мазмұндау. Өз достары туралы әңгіме құрау.	
<b>Соңғы тыныштық сәті.</b> Баяу әуен қойылады. Оқушылар денесін, басын тік ұстап, көзін жұмып отырады. Мұғалім жәй дауыспен: - Әрқайсымыз оң қолымызбен жүрегімізді ұстап көрейік. Өз жүрегіміздің жылылығын сезініп, жүрек жылуымызды достарымызға, асыныптастарымызға жеткізу үшін іштей оларға жақсы тілектер тілейік. Жақсы ой ойлайық, жақсы сөз сөйлейік, жақсы іс жасайық! Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңізді жүректеріңізге түйіп алыңыздар. Рахмет! Көздеріңді ашуға болады.	

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қосаба ауылы.  
Никонор бастауыш жалпы білім беретін мектебінің  
Бастауыш сынып пәнінің мұғалімі Кушекенова Алтынай Талаповна**

<b>Пәні</b>	Математика	
<b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі</b>	Сандар және цифрлар	
<b>Мектеп атауы</b>	Никонор бастауыш жалпы білім беретін мектебі	
<b>Мұғалімнің аты-жөні</b>	Кушекенова Алтынай Талаповна	
<b>Сынып: 1</b>	Қатысқандар саны: 4	Қатыспағандар саны:
<b>Сабақтың тақырыбы</b>	Заттарды санау	
<b>Оқу мақсаттары</b>	1.1.1.1 Натурал сандардың және нөл санының құрылуын түсіну; 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау; олардың натурал сандар қатарындағы орнын анықтау 1.5.2.1 Цифр мен санды бір-бірінен ажырату, бір таңбалы сандарды әр түрлі тәсілдермен (нүктелер жиынтығымен, таяқшалармен және т.б) және сан сәулесінде көрнекі кескіндеу	
<b>Сабақтың мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды; натурал сандар қатарындағы орнын анықтайды; 10 көлеміндегі сандардың құрылу ретін түсінеді. <b>Көптеген оқушылар:</b> Цифр мен санды бір-бірінен ажырата алады; суреттегі әр заттың санын анықтайды; заттардың санын сәйкес белгілермен көрсетеді. <b>Кейбір оқушылар:</b> Бір таңбалы сандарды әр түрлі тәсілдермен және сан сәулесінде көрнекі кескіндейді.	
<b>Тілдік мақсат</b>	<b>Түйінді сөздер мен тіркестер:</b> Қанша? Неше? Санау, сан, саны <b>Тірек сөздерді үш тілде қолдану:</b> Қанша?- сколько?-how many? Санау –считать- to count	
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	Құрмет: Оқушыларды ұжымдық, топтық жұмыс кезінде өзара сыйластыққа тәрбиелеу	

<b>АКТ қолдану дағдылары</b>	Ноутбук ,Ширату «Санамақ»-ты бейнеролик арқылы ұйымдастарамын
<b>Пән аралық байланыс</b>	Сауат ашу,бейнелеу өнері
<b>Алдыңғы оқу</b>	Күнделікті өмірде,отбасында немесе балабақшада сандар ретімен санауды үйрену тәжірибесі бар

**Жоспары**

<b>Жоспарланған уақыт есебі</b>	<b>Жоспарланған жаттығу түрлері</b>
<b>Сабақтың басы</b> 5минут	<p><b>Ширату</b>  <b>Ұ)</b> Оқушылармен шеңбер құру.  <b>Шеңберде тұрып санамақ айту :</b> Кел санайық санамақ,  Саусақтарды даралап.  Бас бармағым алғашқы -  Балаң үйрек жалғасы.  Ортан терек - кезекші,  Шылдыр шүмек - көмекші.  Шынашағым - балапан,  Бәріне ортақ алақан.  Шылдыр шүмек -мен,  Титгей бөбек - сен.  Бір үйде біз нешеуміз?  Бір үйде біз бесеуміз  <b>дирижер»</b> <b>Ойын: «Математикалық</b>  <b>I топ-</b> Тура санайды <b>II топ-</b> Бір сан аттап  <b>II топ-</b> Кері санайды санайды</p> <p><b>Балалардың білім білік дағдыларын тексеру үшін оқушыларға сұрақтар қоямын:</b> - Терезенің жанында  қанша бала отыр?  - Сенің алдында қанша бала отыр?  - Сенің артында қанша бала отыр?  - Сыныпта сенімен бірге қанша бала бар?  <b>Тірек сөздерді үш тілде қолдану:</b> Қанша?-сколько?-how  тауы? Санау –считать-to count</p> <p><b>ҚБ: «От шашу» өзіндік бағалау</b> .</p>
<b>Сабақтың ортасы</b> 25 мин	<p><b>Сабақтың мақсатымен таныстырамын. Сабақтың мақсатына жету үшін топтарға тапсырма беремін.</b></p> <p><b>А деңгейіндегі барлық оқушыларға:</b>  <b>Суреттегі заттарды санау.</b> Оқушылардан әр  топтағы заттар санын санауды сұраймын. –Неше ит?  –Неше мысық? –Неше гүл?  –Неше шар бар? <b>Жауабы:</b>екі ит; төрт мысық;  жеті гүл; тоғыз шар.</p> <p><b>В деңгейіне көптеген оқушыларға</b> <b>«Біздің сыныбымызда»</b>  Оқушылардың өздеріне сурет бойынша сұрақ ойлап тауып және оны басқа топқа қоюды ұсынамын.  Сыныпта қанша ұл бала отыр?  Қанша бала тақтаның алдында тұр?  Қанша қыздың шашы ұзын? т.с.с.</p> <p><b>С деңгейіне кейбір оқушыларға</b> <b>«Шығарып көр»</b>  Суретке қарап қанша дәптер, қанша альбом, қанша кітап, қанша түрлі түсті қарындаш екенін анықтау.  Жауабы:дәптер — 3 дана, альбом — 1 дана, кітап — 5 дана, түрлі түсті қарындаш — 10 дана.</p> <p><b>ҚБ:</b> Топтық жұмыста орындаған тапсырмаларын <b>«Бағдаршам» әдісі</b> арқылы бағалайды</p> <p><b>Сергіту сәті: «Көңілді жаттығу»</b>  - Мен қанша рет шапалақ ұрсам, сендер де сонша рет қайталап шапалақ ұрыңдар.  -Алақандарыңды төрт рет соғыңдар  -Аяқтарыңмен үш рет тарсылдатыңдар Алақай! -деп үш рет айқайлаңдар.</p> <p align="center"><b>Дәптермен жұмыс</b> <b>1 тапсырма.</b></p>
<b>10 мин</b>	

2 мин	<p>Нүктесінің саны суреттегі заттар санына сәйкес келетін кеспеқағазды анықтап, олардың арасын сызық арқылы қос.</p> <p><b>2 тапсырма</b> Суретте қанша ойыншық болса, сонша дөңгелекті боя.</p> <p><b>3тапсырма</b> Себеттен қанша көкөністі көріп тұрсың?Әрбір көгөністі санап шық.Шыққан санды тауып,тиісті көгөніспен сызық арқылы қос.Суретті боя.</p> <p>Жауабы: 5 дана — қияр, 9 дана — қызанақ, 10 дана — шалқан, 4 дана — қызылша, 7 дана — пияз, 4 дана — сәбіз, 1 дана — кәді.</p>
7 мин	<p><b>КБ: Мұғалімнің ауызша мадақтау қолпаштау әдісі</b></p> <p><b>Бағалау критерийі: Білім алушы</b> -</p> <p>Сандар мен цифрларды ажыратады. - Біртаңбалы сандарды әр түрлі тәсілдермен көрнекі кескіндейді.</p>
6 мин	<p><b>1-тапсырма</b> Суреттегі заттардың санын цифрмен жазыңыз және сандық сәуледегі орнымен байланыстырып сызыңыз.</p> <p><b>Дескриптор:-</b> Білім алушы - заттардың санын сәйкес цифрлармен жазады; - оларды сандық сәуледегі орнымен байланыстырады.</p> <p><b>2-тапсырма</b> Суреттегі көкөністерді санаңыз және санын әр түрлі тәсілмен жазып көрсетіңіз</p> <p><b>Дескриптор:-</b>Білім алушы - суреттегі әр заттың санын анықтайды; - заттардың санын сәйкес белгілермен көрсетеді</p>
<b>Сабақтың соңы</b> 5мин	<p><b>Рефлексия.</b> Бәрін жақсы түсіндім деген оқушы №1, әлі де сұрақтарым бар деген оқушы №2, ешнәрсе түсінбедім деген оқушы №3 суретті көтеру арқылы сабаққа кері байланыс жасайды.</p>

**Қосымша мәліметтер**

<b>Саралау оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түсіндіресіз?</b>	<b>Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</b>	<b>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</b>
<p>Оқушылар тақырыпты жетік меңгеру үшін тілдік мақсаттың диалогтік тармақтарын қолданамын.Сабақта «Санамақ белсенді оқу әдістерін қолданамын.Саралау тәсілдерінің ішінен:тапсырма(деңгейлік тапсырмалар), «Қарқын» (қабілетті оқушыларға қосымша тапсырма беру),Мысалы: <b>«Шығарып көр»</b> , «Диалог және қолдау көрсету»(көмекті қажет ететін оқушыларға қолдау көрсетемін)Мысалы: <b>Суреттегі заттарды санау</b> тәсілдерін қолданамын.</p>	<p>Оқушыларды ынталандыру және бағалау үшін «От шашу» «Бағдаршам»,мұғалімнің ауызша мадақтау әдістерін қолданамын.. Сабақ соңында қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмаларды бердім және «№1 Түсіндім», «№2 әлі де сұрақтарым бар», «№3 ешнәрсе түсінбедім» өзін-өзі бағалау әдісін қолданамын. .</p>	<p>«Санамақ» ширату жаттығуы,сергіту сәті «Көңілді жаттығу» ойыны арқылы өткіземін,АКТ қолдануда уақытын ескеремін,қауіпсіздік ережелерін сақтауын қадағалап отырамын.</p>

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Сарықұдық ауылы.  
Сарықұдық негізгі жалпы білім беретін мектебінің  
музыка пәнінің мұғалімі Майжанов Айбек Амантаевна**

**Сабақтың тақырыбы :** Жан аға – ән аға

**Сабақтың мақсаты:** Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылық өнерімен таныстыру; оқушылардың ой – өрістерін кеңейту, эстетикалық талғамын байыту; әуен арқылы әсемдікке тәрбиелеу. Оқушылардың патриоттық сезімдерін ояту.

**Сабақтың түрі:** сайыс сабақ

**Көрнекілігі:** Шәмші портреті, ұнтаспа, баян, нақыл сөздер, шарлар, гүлдер

Қайырлы кеш! Құрметті ән сүйер қауым! Бүгін міне тағы да бір әсем кештің куәсі болғалы отырсыздар. Музыкалық сайыс кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Әнсіз өмір, өмір ме, қаңсымайма?

Өзегіңді өртеп дерт шаншылмайма?

Махаббатқа арнап бір ән шығарсын

Шәмшіл – ау

Шәмші қайда? Шәмші қайда? Шәмшіге айт

Жандандырсын жүректі жандандырсын

Мәңгі өлмес махаббатын жандандырсын

Мәңгі өлмес махаббатын айта жүрер

Мәңгілік өлмейтұғын ән қалдырсын, - деп ақиық ақынымыз Мұқағали Мақатаев айтқандай өздеріңізге белгілі мектебімізде «Қазақстанның халық артисі » сазгер Шәмші Қалдаяқов шығармашылық өнерін дәріптеуге арналған «Жан аға – ән аға» атты музыкалық сайыс кешімізге қош келдіңіздер. Бүгінгі кешіміздің көңілде қаралықтай өтуі әсер қалдыруы сіз бен бізге байланысты.

Ендігі кезекте «**Жан аға – ән аға**» атты музыкалық сайысымыздың бағдарламасын таныстырып өтейін. «Жан аға – ән аға» атты музыкалық сайысымыздың бағдарламасы 5 түрлі турдан тұрады.

**Таныстыру.** /Әр топ өзін – өзін таныстырады.Өз топтарына таңдаған әндерінен бір шумақ өлең айту./

**Бәйге.** /Қойылған сұрақтарға тез жауап беруі керек/

«**Егер мен сазгер болсам**» сайыс /тақырыпты таңдайсыздар, өз ойларыңды қысқа да, тұжырымды мәнді жеткізесіздер. Топ мүшелерімен ақылдасасыздар, өз ұйғарымдарыңыз бойынша біреу айтады./

«**Кім көп біледі?**» /Алдарыңыздағы билетті суырасыздар, әннің сөзі берілген, сіздер осы әннің ырғағын тауып, бір жолын айтып әннің атын айтасыздар/

«**Кім жылдам**» /7 сазды әуен оналады./ Музыка бойынша жарысқа түсесіздер,қай топ көп жауап береді, сол топ жеңіске жетеді./

Алдымен сайысымызды бастамас бұрын оқушылар екі топқа бөлініп аламыз.

I топ II топ

Кешімізді бастамас бұрын әділ – қазылар алқасымен таныстырып өтейін.

1.Қарекенова Ақмарал Айдынғалиқызы – оқу ісі меңгерушісі

2.Ажкеева Салтанат Талапқызы – бірлестік жетекшісі

3.Темірғалиева Гүлфайруз Тілегенқызы – қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

4. Жұмағалиева Индира Ғажайыпқызы – мектеп тәлімгері

**I тур Таныстыру.** /Әр топ өзін – өзін таныстырады.Өз топтарына таңдаған әндерінен бір шумақ өлең айту./

**II тур Бәйге.** /Қойылған сұрақтарға тез жауап беруі керек/

- Шәмші ағамыздың азан шақырып қойған аты? /Әнәпия/
- Шәмші кім? /сазгер, ән майталманы/
- Шәмшінің қандай өлеңдерін білесіңдер? /5 өлеңін атау, қайталамау керек/
- Шәмшінің жұбайына арналған әні? /Сыр сұлуы/
- Анасына арнаған әнін нешінші жылы жазды? /1961/
- Сазгерлігін танытқан жазушы? /Оразбек Бодықов/
- Әндерінің тарихы туралы жазған жазушы? /Өмірзақ Айтбайұлы/
- «Шәмшінің жүрегі» атты музыкасын жазған кім? /Илья Жақанов/
- Шәмшінің қаншаға жуық әні бар? /300/

**III тур «Егер мен сазгер болсам»** сайыс /тақырыпты таңдайсыздар, өз ойларыңды қысқа да, тұжырымды мәнді жеткізесіздер. Топ мүшелерімен ақылдасасыздар, өз ұйғарымдарыңыз бойынша біреу айтады./

«Ана туралы жыр» «Әні сен едің» «Кешікпей келем деп ең» «Бақыт құшағыңда»\

«**Көрермендер көзайымы**» осы сайысқа қатысып отырған көпшілікке де Шәмші ағамыздың әндерінен музыкалық аспап арқылы үзінді ойналады, сол әннің атын тауып, бір шумағын шырқап берулеріңіз сұралады./

**«Қуаныш вальсі» «Ғашық күндер»**



**IV тур «Кім көп біледі?»** /Алдарыңыздағы билетті суырасыздар, әннің сөзі берілген, сіздер осы әннің ырғағын тауып, бір жолын айтып әннің атын айтасыздар/

- 00. Іздедім сен үшін, әлемнің асылын..... «Ана туралы жыр»
- 00. Ашылғандай айдын көлде..... «Қайықта»
- 00. Өзіңсің мәңгі ұнатқан..... «Жан аға»
- 00. Сен бізге ақ бесіксің тербетілген..... «Теріскей»
- 00. Жадырап жанымыз..... «Қуаныш вальсі»
- 00. Айналдым , ақ маңдайлым..... «Ақмаңдайлым»
- 00. Әйтеуір, нұр құштым..... «Бақыт құшағында»
- 00. Тұрғандай қарап толқынды сырға ..... «Сыр сұлуы»
- 00. Тулаған қаны бар..... «Сыған серенадысы»
- 00. Нұрлы бейнең қандай, жарқын..... «Ақ бантик»

**V тур «Кім жылдам»** /7 сазды әуен оналады./ Музыка бойынша жарысқа түсесіздер,қай топ көп жауап береді, сол топ жеңіске жетеді./

- Ақ бантик До 5
- Сыр сұлуы Ре 6
- Сыған серенадасы Ми 7
- Кешікпей келем деп ең Фа 4
- Қайықта Соль 7
- Қайдасың Ля 6
- Арыс жағасында Си 5

**Марапаттау. Қорытынды сөз**

*Сонымен бірге адамдар жүрегінен орын тапқан әуендерден мағұлмат алдық. Шәмші ағамыздың әндерінің қай ұрпаққа да берері мол, өмірі ұзақ. «Қазақ вальсінің патшасы» атанған аға, Қазақстан мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, осы заманға қазақ эстрадасының негізін салушылардың бірі, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқов 1992 жылы 29 ақпанда дүниеден өтті. Бірақ артына өшпестей із қалдырды. Ол – әні. Тек оны жүрекпен ұғып, жүрекпен айта білейік. Оны атушылар – сіздер мен біздер.*

\*\*\*\*\*

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Сарықұдық ауылы.**

**Сарықұдық негізгі жалпы білім беретін мектебінің**

**Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Темиргалиева Гульрайуз Тилегеновна**

<b>Пәні:</b>	Қазақ тілі.
<b>Сыныбы:</b>	8-сынып
<b>Уақыты:</b>	08:50 – 09:30
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>	Оқшау сөздер
<b>Қүзіреттілікке жеткізетін мақсат-міндеттері:</b>	Оқшау сөздер туралы ақпарат беру арқылы қолданылу орындарын меңгерту.
<b>а) ақпараттық</b>	
<b>ә) коммуникативтік</b>	Тақырып бойынша алған білімдерін практика жүзінде және өмірде пайдалана отырып, қарым-қатынас жасауға қалыптастыру.
<b>б) проблеманы шешу:</b>	Жаңа материал бойынша тапсырмалар мен жаттығулар беріп өз бетімен орындауға дағдыландыру.
<b>Сабақтың түрі:</b>	Аралас сабақ.
<b>Сабақтың әдісі:</b>	Көрнекілік, практикалық.
<b>Сабақта қолданылатын педагогикалық технологиялар:</b>	Білім беруді ізгілендіру.
<b>Сабақтың көрнекілігі:</b>	Оқулық , интербелсенді тақта, стикерлер, смайликтер, кесте - сызбалар
<b>Пәнаралық байланыс:</b>	Қазақ әдебиеті, өзін – өзі тану

<b>Сабақтың барысы:</b>	<b>Мұғалімнің қызметі:</b>	<b>Оқушының қызметі:</b>	<b>Күтілетін нәтиже:</b>
-------------------------	----------------------------	--------------------------	--------------------------

<p><b>I.Ұйымдастыру бөлімі</b></p>	<p>Оқушылармен амандасу. Жоқ оқушыларды тексеру. Сабаққа бейімдеу. Смайликтер арқылы оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. <b>Психологиялық дайындық</b> Қазақ тілім – өз тілім - ана тілім, Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім Қастерлейді ұл – қызың мәңгі сені, Болашағым бақытым, дара тілім! 24. Міне, балалар, кеменгер, ғұлама ақындарымыздың – туған тіліміз қазақ тілі сабағын бастаймыз.</p>	<p>Амандасады; Зейіндері н сабаққа аударады . Көңіл күйлерімен бөліседі</p>	<p>Оқушы сабақта жұмыс істеуге дайындалады.</p>
<p><b>II.Үй тапсырмасын тексеру</b></p> <p><b>III.Өткен материалды қайталау арқылы жаңа материалды қабылдауға дайындық.</b></p> <p><b>IV.Жаңа материалды меңгертуді ұйымдастыру.</b></p> <p><b>V.Жаңа материалды бекіту.</b></p> <p><b>VI.Үйге тапсырма.</b></p> <p><b>VII.Бағалау</b></p>	<p><b>Постер қорғау.</b> <b>«Шындық па, жалған ба?» әдісімен сұрақтарға жауап беру.</b> 1.Сөйлемнің бірыңғай мүшелері сұраулары мен қызметі ортақ , сөйлемнің бір ғана мүшесімен байланыс – атын кемінде екі сөзден тұратын мүше ме? Шындық. 2.Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері де , тұрлаусыз мүшелері де бірыңғай мүше болмайды.Жалған 3.Бірыңғай мүшелер жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Шындық. 4.Бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылмайды.Жалған 5.Бірыңғай мүшелердің алдында не соңында жалпылауыш сөздер келген жағдайда сызықша немесе қос нүкте қойыла ма ? Шындық Бағалау:Үй тапсырмасына жақсы, нақты ерекше жауап берген оқушыларға демеу сөздер айтылады. <b>Ой толғаныс Шығармашылық жұмыс.</b> Берілген оқшау сөздерді қолданып , сөйлем құраңдар. Оқушыларға оқшау сөздерді 5-6 сөйлемнен тұратын Елбасының <b>«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру»</b> атты мақаласын негізге ала отырып, эссе жазып тақтаға шығып оқу. <b>«Қар лақтырыспақ» ойыны</b> ( Оқшау сөздерді қатыстырып,ақ параққа жақсы тілек жазып, қар секілді домалақтап, бір-біріне лақтырады. <b>Семантикалық кесте.</b> (Көршілермен ауыстырып тексереді.) Сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды бағалау. Ереже жаттау. 133- жаттығу (Көшіріп жазып оқшау сөздердің астын сызу) 134- жаттығу (өз сыныптастарының жиі қолданылатын оқшау сөздерін жазу.) Мұғалім қорытынды бағаны өзі қояды.</p>		<p>Оқушылар үй тапсырмасын орындағанда өткен материалды еске түсіреді.</p> <p>Өткен материалды қайталау арқылы жаңа материалды еске түсіреді.</p> <p>Оқушылар мұғалімнің қолданған тәсілі арқылы жаңа материалды қабылдайды.</p> <p>Жаңа материалды меңгергенін жаттығулар орындау арқылы көрсетеді.</p> <p>Тапсырмалар арқылы оқушылар жаңа материалды тиянақты түсінеді.</p> <p>Үй тапсырмасын жазып алуын қадағалау. Қол шапалақтау. Оқушыларды бағалау арқылы ынталандыру. Оқушылардың үй тапсырмасын жазып алуын қадағалау. Оқушының сабақтағы белсенділігін бағалау.</p>

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Тереңкөл орта жалпы білім  
беретін мектебі биология пәні мұғалімі: Жумасейтова А.С.**

**Сыныбы: 6-сынып.**

**Сабақтың тақырыбы:** Гүлдің құрылысы мен тозаңдануы.

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:** Өсімдіктің тозаңдануы және ұрықтануы, көбею мүшелерін жүйелеу, көбею мүшелерінен түзілген өнімнің адамға, жан-жануарларға қажеттілігін түсіндіру.

**Дамытушылық:** Оқушылардың дүниетанымын, ойындар ойнау арқылы, логикалық танымын, биология пәніне деген қызығушылығын дамыту.

**Тәрбиелік:** Оқушыларды қоршаған ортаны аялап, қорғауға тәрбиелеу.

**Типі:**Түсіндірмелі

**Әдісі:** баяндау сұрақ-жауап

**К/к:** слайд, сурет, кесте, тапсырмалар.

**Сабақтың ұраны:**

Тіршіліктің тірегі өсімдікті қорғайық.

Тұқымдарын молайтып өсіруді ойлайық!

**Сабақтың барысы:**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.**

Оқушылармен сәлемдесу

Кезекшіні анықтау, түгендеу.

Оқу құралдарын тексеру.

Сынып оқушыларын 2 топқа бөлу. 1 - топ, «Жапырақ», 2 - топ «Сабақ»

**II. Үй тапсырмасын сұрау:**

**I. «Бұл мәлімет шындық па, жалған ба?» стратегиясы арқылы.**

**1-топ**

Жай гүлшоғырлардың ары қарай бірнеше қайтара бұтақтанудан пайда болатын гүлшоғыр күрделі шашақ, күрделі масақ, сырға, күрделі шатыр(**шындық**)

Жүзім, гүлшетен, тары, күріш күрделі масақ жатады(**жалған**)

Жай масақгүлшоғырдың жеке гүлдері орталықтан таралатын сабаққа гүл сағаттары арқылы кезектесіп орналасады (**жалған**)

**2-топ**

Гүл шығаратын өркенде белгілі ретпен орналасқан ұсақ гүлдер тобын жиынтығын гүлшоғыр деп атайды (**шындық**)

Күлте гүл табанынан кейін орналасқан (**жалған**)

Аналықтың ұшын мойын, ортаңғы жіңішке жерін ауыз, түп жағындағы жуандаған жерін тұқымбүршік дейді. (**жалған**)

**II. Суретпен жұмыс**

2. Аналықтың құрылысын түсіндіріңіз.

3. Гүлдің құрылысын түсіндіріңіз.

**III. Сергіту тренингі** (мұғалім мәтінді оқиды, оқушылар қимылмен көрсетеді):

Делфинде суда жүзеді. Кенгруле пружина секілді жұмыс жасайды. Өсімдіктер қосжарнақты және даражарнақты болып бөлінеді. Жирафтың биік бойы өсімдіктердің жоғары ярусындағы жапырақтармен, гүлдермен қоректенеді. Жас өсімдік бұтағы әлсіз болғандықтан жел болса біресе оңға, біресе солға қозғалады.

**IV. Жаңа сабақ:**

**Жынысты көбею** – аталық және аналық жыныс жасушаларының қосылуы. Гүлдің көбеюге қатысатын бөлімдері – аталық пен аналық.

**Тозаңдану** – аталық тозаңының аналықтың аузына түсуі. Тозаңдану өздігінен және айқас тозаңдану деп екіге бөлінеді.

**Өздігінен тозаңдану** – бір гүлдің өз аталық тозаңының сол гүлдің аналығының аузына (қос жынысты гүл) түсуі (1-сурет). Өздігінен тозаңданатын өсімдіктер гүл жарған кезде және гүл жармай (бітеу гүлде) тұрғанда тозаңданып үлгереді. Мысалы, жер жаңғағы (арахис), шегіргүл, саумалдық, бетеге, тары өсімдіктерінің гүлдері ашылмай тұрып тозаңданады.

**I топ Айқас тозаңдану** – бір гүлдің аталық тозаңының екінші гүлдің аналығының аузына түсуі. Айқас тозаңдануды – бунақденелілер арқылы және жел арқылы айқас тозаңдану деп екіге бөледі.


**II топ Бунақденелілер арқылы айқас тозаңданатын** өсімдіктердің гүлдері ашық реңді, хош иісті, тозаңдары өте ірі және тәтті шірне бөледі (1-сурет).



Өздігінен тозаңдану



Айқас тозаңдану



Аралар арқылы айқас тозаңдану

**1-сурет.** Тозаңдану түрлері.


Балара, жабайы ара, шыбын, көбелек, қоңыз, құмырсқалар гүлдің тозаңымен, шірнесімен қоректенеді (2,3-суреттер).

Қорегін іздеп, бір гүлден екінші гүлге қонғанда денесіне тозаңдар жабысады. Екінші гүлге қонғанда жабысқан тозаңдар аналықтың аузында қалып, тозаңдануға себепші болады.

2-сурет. Көбелек арқылы айқас тозаңдану.

**Бунақденелілер арқылы айқас тозаңданатын өсімдіктер:** шие, алхоры, алма ағаштары, лимон, шай, асқабақ.

**Жел арқылы айқас тозаңданатын** өсімдіктердің тозаңдары өте майда, жеңіл, көп болады. Гүлдің аталықтарының жіпшелері өте ұзын әрі төмен қарай иіліп тұрады. Соққан желге тербеліп, тозаңдарының таралуына бейімделген. Аналығының аузы қауырсын тәрізді үлгілдеп, тозаңды тез қабылдауға лайықтанған.



**Жел арқылы айқас тозаңданатын** өсімдіктер: қант қызылшасы, құлмақ, қарасора, жүгері, қарабидай, қайың, емен. Тозаңдануы ауа райына байланысты. Бұлтты, жаңбырлы күнде жаңбыр суы тозаңдарды шайып, өсімдік түсімін кемітеді.

**Ұрықтану** (4-сурет) – аталық және аналық жыныс жасушаларының қосылуы. Ұрықтану тозаңданудан кейін болады.

**4-сурет.** Гүлді өсімдіктердің ұрықтануы.

**Ү. Кестемен жұмыс.**

**Белгілері**

1. Тозаңдары майда, жеңіл, құрғақ.
2. Гүлі ашық реңді.
3. Тозаңдары өте ірі, жабысқақ.
4. Гүлдің аталық жіпшелері өте ұзын, тербеліп тұрады.
5. Гүлдері реңсіз, ұсақ.
6. Гүлдері хош иісті, өсімдік топтасып өседі.
7. Гүлдердің шірнеліктері болмайды.

**Ү. Жаңа сабақты бекіту.**

Жынысты көбеюге гүлдің қай бөлімдері қатысады?

Ұрықтану қай кезде жүреді?

Қосарлы ұрықтану дегеніміз не?

Ұрықтануға толық қанша жасуша қатысады?

Тозаңданудың қанша түрі бар?


**ҮІ. Үйге тапсырма:** Өсімдіктердің тозаңдану және ұрықтану. Тозаңданудың түрлері (өздігінен тозаңдану, жел, бунақденелілер, су, құстар арқылы айқас тозаңдану және қолдан тозаңдандыру).

**Тозаңдану әдісі**

\* \* \* \* \*

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Тереңкөл орта жалпы білім беретін мектебі бейнелеу және технология пәні мұғалімі Сарсенбаев Ж.Б**

<b>Сабақтың тақырыбы:</b> <b>Пластикалық пішіндер өнері. Мүсін өнері</b>		<b>Мұғалімнің аты-жөні: Сарсенбаев Ж.Б</b>
<b>СЫНЫП:</b> 5	<b>Қатысқан оқушылар саны:</b> 10	<b>Күні:</b>
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаттары</b>	5.1.1.1-Қоршаған ортаның ассоциативті мағынасы мен визуалды сипаттамасын зерделеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік) 5.2.1.1-Өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану 5.3.3.1-Пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдерді (техникасы) сипаттау	
<b>Сабақ нәтижесі:</b>	<p><b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.</p> <p><b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Топтық жұмысты брлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды.</p> <p><b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.</p>	
<b>Бағалау критерийі</b>	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
<b>Ресурстар</b>	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.	
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Музыка, қазақ тілі.	
<b>Сабақтың жоспары</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	Сабақ барысы :	
<b>Басталуы</b> <b>2 минут</b>	<b>Ұйымдастыру кезеңі</b> Оқушылар шаттық шеңберін құрып бір-біріне тілек айтады.	
<b>5 минут</b>	<b>Топтарға бөлу. «Қағаз қиындылары»</b> Бірнеше құттықтау қағаздарын топ құрамындағы оқушылар саны бойынша беске, алтыға жыртып, оларды араластырып, оқушыларға таратып беру керек. Оқушылар қиықтарды құрастырып бүтін сурет шығарады. Сол арқылы топтарға бөлінеді.	
<b>3 минут</b>	<b>Психологиялық ахуал қалыптастыру:</b> <b>«Өзі туралы кластер» тренинг</b> Оқушылар танысу үшін өздері туралы кластерлер құрастыруы керек. Олар парақтың ортасындағы шеңберге өз есімдерін жазып, одан таралатын шеңберлерге өздерінің өмірінде маңызы бар бес негізгі рөлін жазады. Мысалы: Жанұяның еркесі, адал дос т.б	
<b>Ортасы</b> <b>10 минут</b>	<p><b>Қолдану</b> Бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы: «Мүсіндеу өнері» Мүсіндеу - көркем өнердің бір түрі. Мүсіндеудің негізгі объектісі - адам. Мүсіндеудің түрлері: Жұмыр және рельеф. Жұмыр мүсіндеу үш өлшемдеуден тұрады. Олар кеңдік, биіктік, жуандық шығармашылығымызды айтамыз Рельеф: - мүсіндеу өнерінің кең тараған түрі. Рельеф Барельеф <b>Рельеф дегеніміз</b> - тек бір жағынан қарағанда жазықтық бетінен жақсы көрінетін мүсінді айтады. <b>Барельеф</b>- деп, жартылай сомдалған нәрсе жазықтық бетінен аз ғана шығып тұрса Барельеф болып табылады. <b>Горельеф</b>- жазықтық жартысынан көбірек дөңестеу шығып тұрған мүсінді айтады Мүсінші деп - сазбалшықтан қашап жасайтын адамды айтады Мүсіндеу техникасы - жабыстыру ою - шекіме, гольванопластика, металдау құю жатады. Алғашқы қазақ мүсіншісі Хакімжан Наурызбаев 1951 жылы Харьков көркем сурет</p>	

	<p>институтын бітіргеннен бері портрет портрет және монументальді сәндік мүсін төңірегінде жұмыс жасайды.</p> <p>Мүсіндеу әлемді пластикалық бейнеде меңгерудің кеңістік бейнелеу өнері. Мүсіндік бейнелеу объектісі - көбіне адам, ал кейде хайуанаттар, жансыз заттар болып келеді.</p> <p><b>Монументтік мүсіндеу</b> - бұл ұлы адамдарға немесе тарихи оқиғаларға орнатылған, асқақ келісті де мәнерлі өз бойына үлкен жалпы адамзаттық идеяны жинақтаған ескерткіштер.</p> <p>Қондырғылы (станокты) мүсіндеу көбіне портрет ретінде ұсынылады.</p> <p>Қондырғылы мүсіндеуде бір топ адамдарды немесе бір адамның тұлғасын бейнелейтін жанрлық мүсіндеу едәуір орын алады.</p> <p>Мүсін әртүрлі материалдардан фарфордан, ағаштан, сүйектен тастан мүсіндері түрлі - түсті болып келеді.</p>
<p><b>Видео ролик көрсету 2 минут</b></p>	<p>Қыш ыдысты мүсіндеу видео ролигі</p>
<p><b>3 минут</b></p>	<p>1. Ұлы адамдарға немесе тарихи оқиғаларға орнатылған мүсін?  2. Жұмыр мүсін неше өлшемнен тұрады?  3. Мектеп оқушылары мүсінді неден жасайды?  4. Бейнелеу өнерінің бұралы?  5. Қарындашпен тез орындалатын жұмыс?  1. <b>М</b> о н у м е н т т і к  2. <b>Ү</b> ш  3. Е р м е к С а з  4. Ө ш і р г І ш  5. <b>Н</b> о б а й</p>
<p><b>Сергіту сәті 2 минут</b></p> <p><b>Аяқталуы Практикалық жұмыс жасау 10 минут</b></p>	<p>Сергіту сәті "Қара жорға</p> <p>Практикалық жұмыс:  Оқушылар бүгін аттың мүсінін жасаймыз. Қазақ халқында жеті қазынаның бірі «Жүйрік ат» жылқы малын қазақ халқы аса жоғары бағалаған. Пластилинді алып жұмысты бастаймыз. Қанеки оқушылар тақтадағы яғни көрнекілік бойынша аттың мүсінін ұқыпты түрде жасаңдар.</p>
<p><b>Кері байланыс 3 минут</b></p>	<div style="border: 1px solid black; padding: 10px; background-color: #ffffcc;"> <p style="text-align: center;"><b>КЕРІ БАЙЛАНЫС</b></p> <div style="display: flex; justify-content: space-between;"> <div style="text-align: center;">  </div> <div> <ul style="list-style-type: none"> <li><input type="checkbox"/> Егер саған сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын сәтті орындаған болсаң, желкенді <b>жасыл түске</b> боя;</li> <li><input type="checkbox"/> Егер сен сабақта белгілі бір қиындықты кездестірген болсаң, желкенді <b>сары түске</b> боя;</li> <li><input type="checkbox"/> Егер саған сабақ барысында тапсырмаларды орындау қиын болып, мұғалімнің көмегі қажет болса, желкенді <b>қызыл түске</b> боя.</li> </ul> </div> </div> <p style="text-align: center;"><b>Егер қаласаң, кемені де бояуыңа болады</b></p> </div>




Үйге тапсырма: Жұмысты аяқтау.

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Сатыбалды ауылы.**  
**Сатыбалды негізгі жалпы білім**  
**беретін мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі**  
**Орынғалиев Үміткер Жұмакелдіұлы**

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 4 - бөлім. Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі	<b>Мектеп: БҚО, Казталов ауданы, Сатыбалды негізгі жалпы білім беретін мектебі</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Мұғалімнің аты-жөні: Орынғалиев Ү.Ж</b>	
<b>Сынып: 5</b>	<b>Қатысқандар:</b>	
<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Төрт түлік</b>	
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	5.Т/А6. Коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру. 5.Ж2. Жанрлық ерекшеліктеріне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу.	
<b>Сабақтың мақсаты</b>	<b>Барлық білім алушылар орындай алады:</b> 14. Тыңдалған мәтін негізінде сұрақтар құрайды; 15. Жазба жұмысында жанрлық ерекшелікті есте сақтайды. <b>Білім алушылардың көпшілігі орындай алады:</b> 16. Сұрақтар құрастыруда қыстырма, қаратпа сөздерді қолданады; 17. Рәсімделуі мен құрылымын сақтайды. <b>Кейбір білім алушылар орындай алады:</b> 18. Сұрақтарға жауап беру арқылы даярлықсыз диалогке қатысады, өз пікірін білдіреді 19. хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазады	
<b>Гілдік мақсат</b>	<b>Оқушылар орындай алады:</b> Жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіре алады. Жанрлық ерекшеліктеріне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жаза алады. <b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b> Хат, жарнама, хабарландыру, Шопаната, Ойсылқара, Зеңгібаба, Қамбарата, Шекшеката. <b>Диалог құруға/ шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:</b> <b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Төрт түліктің пірлерін атаңыздар?</li> <li>• Қазақ халқы не себепті жаратылыстың бәрінің иесі болады деп сенген?</li> <li>• Көшпенділер не себепті түйені қастерледі деп ойлайсыңдар?</li> </ul>	
<b>Бағалау критерийлері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тыңдалған мәтін негізінде сұрақтар құрастырады;</li> <li>• Сұрақтар құрастыруда қыстырма, қаратпа сөздерді қолданады;</li> <li>• Сұрақтарға жауап беру арқылы даярлықсыз диалогке қатысады, өз пікірін білдіреді</li> <li>• Жазба жұмысында жанрлық ерекшелігін ескереді;</li> <li>• Рәсімделуі мен құрылымын сақтайды</li> </ul>	
<b>Құндылықтарға баулу</b>	Ынтымақтастық, ашықтық, еңбек, Қазақстандық патриотизм	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Бейнелеу өнері, әдебиет, өзін-өзі тану	
<b>Алдыңғы білім</b>	Төрт түлік мал туралы жалпы ұғым бар. Хат, жарнама, хабарландырудың рәсімделуін біледі	

**Сабақ барысы**

<b>Сабақтың жоспарланған Кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы</b> 5 минут	<b>Ширату</b> «Жылқы шауып барады» Төрт түліктің дауысын, аудиодыбыс тыңдатып, төрт түліктің суреттері арқылы топқа бөлемін. (Жаңа тақырыпқа көшу)	<a href="https://www.youtube.com/watch?v=ed7jvcfq928">https://www.youtube.com/watch?v=ed7jvcfq928</a>
<b>Сабақтың ортасы</b> 25 минут		

<p>8 минут</p>	<p><b>1 – тапсырма</b>  <b>Т. «Ойлан. Жұптас. Талқыла»</b>  Мәтінді тыңдатып, оқушы 2 сұрақ құрастырады.  <b>Дескриптор:</b>  Құрастырған сұрақтарды топта талқылайды;  Үздік екі сұрақты ұсынады, басқа топтарға қояды.  <b>Қолдау көрсету мақсатында жетекші сұрақтар:</b>  Не себепті түйені «құмның қайығы» деп атаған?  <b>ҚБ: «Бас бармақ» әдісі</b></p>	<p><b>Топшамалар</b></p>  <p><a href="https://www.youtube.com/watch?v=4D9B8GU8MKM">https://www.youtube.com/watch?v=4D9B8GU8MKM</a></p>
<p>7 минут</p> <p>10 минут</p>	<p><b>2 - тапсырма</b>  <b>С. «Бістық микрофон» әдісі</b>  Қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді қолданып сұрақтар қою, жауап беру  <b>Дескриптор:</b>  Қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді қолдану арқылы сұрақ құрастырады;  Қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысады, өз пікірін білдіреді.  <b>ҚБ: «Қошемет сөздер»</b></p> <p><b>3 – тапсырма</b>  <b>Т. «Стоп-кадр» әдісі</b>  «Қошқар мен теке» мультфильмінен үзінді көрсету.  Әр топқа 3 түрлі тапсырма беремін.  – Мультфильмді жарнамалайды  – Хабарландыру жазады  – Осы мультфильмді көргендігі туралы досына хат жазады.  <b>Дескриптор:</b>  Жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтайды;  Мультфильм негізінде хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазады  <b>ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі</b></p>	
<p>Сабақтың соңы</p> <p>10 минут</p> <p>Кері байланыс</p>	<p><b>Қорытынды: 5-5-1 әдісі арқылы сабақта алған білімдерін қорытындылайды, жинақтайды.</b>  Оқушылар сабақ кезінде нені меңгергендері жайлы 5 сөйлем жазады. Одан кейін сол 5 сөйлемді 5 сөзге дейін қысқартады. Оқушылар өздерінің түйінді сөзін бүкіл сыныппен бөліседі.  <b>«Бағдаршам» әдісі арқылы рефлексия жүргізу</b>  <b>Жасыл түс – тақырыпты толық түсінді</b>  <b>Сары түс – жақсы түсінді</b>  <b>Қызыл түс – толық емес</b></p>	 <p>стикер</p>



**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Көктерек ауылы**  
**Көктерек орта жалпы білім беретін мектебі**  
**Мектеп директоры, тарих пәнінің мұғалімі**  
**Байжанов Қайырлы Сағындықұлы**

**Сабақтың тақырыбы: Кенесары Қасымұлы бастаған 1837-1847 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс**  
**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:** «Білген сайын келеді біле бергім, біле беру емес пе тілегі елдің»-демекші туған елдің тарихын, Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілісі жайлы жан-жақты мағұлмат беру және көтерілістің мақсатын, барысын, нәтижесі, тарихи маңызы жөнінде білім беру.

**Тәрбиелік:** «Туған жерді сүю парыз, сүю үшін тарихын білу парыз»-дегендей, өз отанының тарихына деген сүйіспеншілікке, Отанын құрметтеуге тәрбиелеу.

**Дамытушылық:** Бұл көтерілістің аса маңыздылығы қазақтың үш жүзін және бүкіл қазақ даласын қамтыған ірі көтерілістердің бірі болғандығын және қазақ халқының тәуелсіздікке бағытталған көтерілістерінің бірі екендігін ұғындыра отырып осындай қиындықтармен келген «Тәуелсіздікті» баянды етуге осы ұрпақтың әрқайсысы міндетті екенін ұғындыру.

**Сабақтың түрі:** Түсіндірмелі сабақ

**Сабақтың көрнекілігі:** Интерактивті тақта, электронды оқулық, оқушының өзіндік жұмыс парағы, карта.

**Сабақтың әдісі:** баяндау, сұрақ-жауап, тест.

**Сабақтың барысы:**

**1. Ұйымдастыру бөлімі.**

Оқушылармен амандасу, оқушылардың сабаққа қатысын тексеру.

**2. Өткенді қайталау** (тақтаға 10 сұрақ ашылады оқушылар жауап бергеннен кейін, төмендегі бағалау нормаларына қарап өзін-өзі бағалайды.)

**Қазақстанда отаршылдық езгінің күшеюі (тақырыбы)**

1. Жаңа елек шебі қашан құрылды?
2. Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліс қашан болды?
3. Жаңа елек шебін жасауда қазақтар қанша жерлерінен айырылды?
4. Патша үкіметі Ғұбайдулланы қайда, қандай қызметке тағайындады?
5. Қандай ережеге сай қазақтар тағыда 4 млн десятина жерінен айырылды?
6. 1825ж жазалаушы экспедиция қай өзендердің бойындағы қазақтарды аяусыз қырып жойды?
7. Жаңа елек шебі құрылғанға дейін Елек өзені бойында қандай рулар көшіп-қонып жүрді?
8. Елек өзені бойында негізі қаланған бекініс-қорғандарды ата.
9. Саржан Қасымұлының жасағы қашан патша үкіметінің әскеріне ашық шабуылға шықты?
10. Жаңа елек шекара шебінің құрылысы қашан аяқталды?

*Дұрыс жауаптар:*

1. 1810ж
2. 1822-1825жж
3. 600 мың десятина
4. Көкшетау округі, аға сұлтан
5. 1835ж 8-наурыз «Орынбор губерниясының қырғыз (қазақ) даласы мен шекарасында жаңа шекара шебін құру туралы»
6. Бұлдырты, Шиелі, Тамды
7. тама, табын
8. Изобильная, Боранды, Жаңа елек, Линев, Көмірлі, Вятлянская, Бердянская
9. 1826ж 31-қаңтар
10. 1822ж

**3. Жаңа материалдарды меңгеру**

Тақырып басталар алдында оқушыларға сұрақ қойылады:

**12. Миға шабуыл. (Еске түсірейік!)**

Патша үкіметіне қарсы қандай көтерілістермен таныстық?

**Міне сондай көтерілістердің бірі!**

Сабақтың тақырыбы:

1837-1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс

Жоспар:

Біз бұл сабақта мынадай мәселелерді қарастырамыз:

- 1.Көтерілістің себептері,мақсаты және қозғаушы күштері.
- 2.Кенесары Қасымұлы- аса көрнекті мемлекет қайраткері.
- 3.Көтерілістің басталуы.
- 4.Қазақ хандығының қалпына келтірілуі.
- 5.Ханның алым-салық және сауда саттық саясаты.
- 6.Қарулы күштердің құрылуы.
- 7.Патша үкіметінің жазалау әрекеттері.
- 8.Долгов және Герн бастаған елшіліктердің Кенесары ордасына келуі.
- 9.Кенесары Қасымұлының Қоқан хандығымен күресі.
- 10.Кенесары әскерлерінің Ұлы жүз аумағына қарай шегінуі.
- 11.Көтерілісшілердің Қырғызстан аумағындағы қимылдары.
- 12.Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістің жеңілу себептері мен салдары. Көтерілістің тарихи маңызы.

### 1.Көтерілістің себептері,мақсаты және қозғаушы күштері.

**Көтерілістің себебі:**

Хандық биліктің жойылуы  
Қазақтардан әскери бекіністер салу үшін  
жерлерін тартып алуы.

Салықтың көбеюі, өз жерін өзі жалға алуы.  
Казактардың қазақ ауылдарына жиі шабуыл  
жасауы

#### Көтерілісшілердің мақсаты

жерлерін қайтару                      округтерді тарату                      салықтарды жою

#### Кенесарының мақсаты

**Ресей құрамына кіріп үлгермеген қазақ жерлерін біріктіріп,  
атасы Абылайдың кезіндегі қазақ хандығын қалпына келтіру.**

#### Көтерілістің барысы

##### Сұрақтардың жауабын тап.(оқулықпен жұмыс)

- 1.Көтерілісті тезірек бастаудың себебі неде?
- 2.Қоңырқұлжа Құдаймендіұлы деген кім?
- 3.Көкшетау округіндегі ауылдарға шабуыл жасаған кім?
- 4.Ақмола бекінісіне басып кіру
- 5.Патша үкіметі осы әрекеттерді шешу үшін қандай амалдар қолданды деп ойлайсыңдар?

##### Қарулы күштердің құрылуы.(сөздердің мағнасын ашу өзіндік жұмыс)

- 20 мың сарбаз
- Жүзбасылар
- Мыңбасылар
- Айырым

#### Патша үкіметінің жазалау әрекеттері

Мерзімі	Басты оқиғалар
1842 ж	Орынбор генерал – губернаторы Обручев әскер жіберді.
1842 ж	Сібірден Сотников әскері жіберілді. (Күнімжан)
1843 ж 27 маусым	Лебедевтің 300 казактан тұратын тобы жіберілді.
1843 жылы	қазақ ханына қарсы жорық ұйымдастыру жөнінде жарлық шығарылды. ( Хан басына Змың сом)
1844 ж 20-21 шілде	сұлтан Жантөреұлының әскері жеңілді. 44 сұлтан мерт болды.

#### Кенесары Қасымұлының Қоқан хандығымен күресі

- 1.Кенесары Қасымұлы Қоқан хандығымен неге күресті?  
836 ж - бауыры Сержан сұлтанды өлтірді.  
1840 ж - әкесі Қасым төрені өлтірді.


## Күрестің нәтижесінде

Мерзімі	Басты оқиғалар
1845 ж қазан	Созақ, Жаңақорған, Жүлек бекіністерін алды.
1846 ж	Меркі бекінісін алды.

### Көтерілісшілердің Қырғызыстан аумағындағы қимылдары.

#### Кенесарының Қырғыздарға арнаған үндеуі:

«Менің мұна келгенімінің мақсаты-сендермен жауласу емес, керісінше қазақтар мен қырғыздардың басын қосып күшейту, оларды қоқандықтардың қол астынан құтқарып алу»



### Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістің жеңілу себептері мен тарихи маңызы.

1. Кенесары қалай қаза тапты?

**1847 ж Бішкекке жақын жердегі Майтөбе деген жерде Кенесары хан жеңіліс тауып, тұтқынға түсіп 32 сұлтанмен бірге қырғыздардың қолынан қаза тапты.**

№	Жеңілу себептері	№	Тарихи маңызы
1	Күш тең емес еді.	1	Үш жүзді қамтыған, аты Еуропаға мәлім болған тұңғыш көтеріліс.
2	Кенесары хан бірнеше бағытта соғысты.	2	Патша үкіметінің Орта Азияны отарлауын кешеуілдетті.
3	Қазақ халқының рулық-патриархалдық жіктелуі.	3	Халықтың ұлттық сана-сезімінің өскендігін дәлелдеді.
4	Ресей билеушілерінен жеңілдік алған сұлтандардың бір орталықтанған мемлекет құруға мүдделі болмауы.	4	Қазақ елінің ішкі қайшылықтарының Ресей саясатымен байланыстылығын көрсетті.
5	Кенесары ханның өзін қолдамаған ауылдарға озбырлық көрсетуі.	5	Хан билігі жойылғанның өзінде, Кенесары қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіре алды.

### Сабақты қорытындылау «сен - маған, мен – саған»

Әр топ бір біріне сабақта меңгерген білім мазмұнын пайдаланып сұрақтар қояды. Ескерту: сұрақтар қайталанбайды, берілген мерзімде неғұрлым нақты және көп сұрақтар қоя білген, дұрыс жауап бере білу керек.

#### Үй тапсырмасы:

1. Кенесары Қасымұлы жайлы зерттеушілердің қазіргі таңдағы зерттеулері жайлы мағұлматтар біліп келу.
2. Кенесары Қасымұлы газет-журналдардың қосымша деректер жинап келу.
3. Кенесары Қасымұлы туралы әдеби кітаптарды оқып келу.

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы**  
**Н.Дүйсенғалиев атындағы негізгі жалпы білім беретін мектебінің**  
**кітапханашы Жұбанышкереева Маржан Серікқызы**

**Тақырыбы: «Менің ертегімдегі сүйікті кейіпкерім»**

Мақсаты:

білімділігі: Оқушыларға ертегіні суреттеп, сахналап қою. Мән-мағынасын ашу. Халық ауыз әдебиеті шығарма кейіпкерлерінің істеріне баға беріп, өз көз қарастарын білдіруге үйрету.

дамытушылығы: Оқушы бойындағы адамгершілік қасиеттерді дамыту, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілетін дамыту.

тәрбиелігі: Эстетикалық талғам мен эстетикалық мәдениетін қалыптастыру; ертегі арқылы адамгершілік, достық, мейірімділік, еңбексүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеу. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге бейімдеу.

Көрнекілігі: слайд, тақырып жазылған плакат, ертегілерге қажетті жабдықтар

Шарты: Әр сынып ертегіден көрініс көрсетіп, сахналайды.

**Шараның барысы:**

I. Кіріспе сөз:

- Құрметті ата-аналар, ұстаздар, оқушылар! Барлығыңызда бастауыш 1-4 сынып оздырылғалы отырған «Менің ертегімдегі сүйікті кейіпкерім» атты шарамызға қош келдіңіздер! Ертегі - балалардың қиялын шарықтататын, балалық шақты елестетіп, келешекке сеніммен қарауға тәрбиелейтін ауыз әдебиетінің бір түрі. "Ертегі" деген ат ертеде, ерте күндегі деген сөздерден туған. Кейде "ертек" деп те айтылады. Әрқайсымыз балалық шағымызда таңғажайып сиқырға толы ертегілерді оқыдық. Ертегілер-тұнып тұрған қиял-ғажайып: жануарлар, жәндіктер адамша сөйлеседі, батырлар жау әскерімен ғана емес, айдаһарлармен, жын-перілермен шайқасады. Бүгін 1-4 сынып оқушылары өздерінің дайындаған ертегілерін біздің алдымызда сахналап көрсететін болады. Олай болса «Менің ертегімдегі сүйікті кейіпкерім» атты шарамызды бастауға рұқсат етіңіздер. Әр сыныптың ертегіні сахналау шеберліктерін анықтап, әділ бағасын беретін әділқазы мүшелерімен таныс болыңыздар:

1. Тәрбие ісінің меңгерушісі: Жакина А.

2.Кітапханашы: Жубанышкереева М.

3. Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі: Даулетқалиева М.

Көрсеткіштерге сұрақтар:

1. Қандай ертегілерді білесіздер?

2. Ертегілер неше түрге бөлінеді? /тұрмыс-салт, қиял-ғажайып, шыншыл./

3. Өзің білетін ертегі кейіпкерлерін ата?

4. Ертегілер қалай басталады? /«Баяғы өткен заманда бір шал мен кемпірдің ..... болыпты» немесе «Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөлтеде» деп те басталады./

5. Ертегілер қалай аяқталады? / Ертегі үнемі жақсылықпен аяқталады. «сөйтіп мұратына жетіпті»

Жүргізуші: Балалар, «Жұлдыз айы көркем,

Әдемі еді неткен, құстары сөйлейді,

Бұлттары билейді...» деген шумақтар нені еске түсіреді?

- Бұл әрине «Ертегілер әлемі» әні. Өлең ертегі әлеміндегі ғажайып көріністерге елес береді. Олай болса кезекті әсем әнге берейік.

Ән: «Ертегілер әлемі». Орындайтын: 2-сынып оқушысы: Ихсанова Дильназ.

Кел, көрейік ертегі,

Естіген жанды елтеді.

Талай ғажап оқиға,

Қызық сырын шертеді,- демекші алдарыңызға 1-4 сынып оқушыларын шақырамын.

1 - сынып – «Бауырсақ» ертегісі

2 - сынып –«Байлық пен ақыл» ертегісі

3 - сынып – «Мақта қызбен мысық» ертегісі

4 - сынып – «Тіл азар қыздар» ертегісі

Көрсеткіштерге: «Кім білгір?»

Шарты: Сурет бойынша ертегілердің атын табу керек.

1) Алдар көсе

2) Ер Төстік

3) Алтын балық

4) Күлше қыз

5) Маша мен аю

Жүргізуші: Балдырғандар көп біледі ертегі,

Ерінбестен ертегіні шертеді.

«Ерте,ерте, ертеде» деп, бастайды,

Бірнешеуін қабат айтып тастайды, демекші ендігі кезекті 3-сыныптың оқушыларына берейік.

1 - сынып – «Бауырсақ» ертегісі қояды.

2 - сынып – «Байлық пен ақыл» ертегісі

Көрермендерге: «Кім тапқыр?»

Шарты: Ертегіден үзінді және кейіпкерлер жасырынған жұмбақтар оқылады. Ертегінің атын және кейіпкерді атау.

1) «Үшінші рет салғанда, түсті, әйтеуір, бір балық. Балыққа тіл бітіп: « Жібер мені, қарт, еңбегінді жемеймін, қалауыңды айт», - деді. /«Алтын балық»/

2) «Тышқан өз бойына сеніп «күнді менен бұрын ешкім көрмейді» деген түйенің өркешіне мініп алып, күн сәулесін бұрын көріп қалды. Ал аңқау түйе бәрінен де құр қалды.» Қандай ертегіден алынған үзінді? / Жыл басына таласқан хайуанаттар/

3) Қу түлкі барлық балықты

Түсіріпті бір-бірлеп,

Түсіріп бәрін болған соң

Түсіп қапты бүлкүлдеп.

Суатқа барып құйрықты

Кешке қарай малып қой,

Таң атарда тартасың

Балыққа жарып қайтасың./Түлкі мен қасқыр/

4) «- Көкек-көкек! Қайырымды көкек! Балапандарымды жылан жейін деп жатыр, маған көмек бере гөр!» - дейді жан ұшыра. (Қарлығыш пен дәуіт )

5) «Жақсылыққа дұшпанмын.

Жамандыққа құштармын,

Тісімді жұлып, лақтырып,

Сыпырғышқа мініп ұшқанмын.

Жас емеспін, кәрімін,

Ертегінің сәнімін.» Кім туралы айтылған? / мыстан кемпір/

Жүргізуші: Еліктіріп, ертең бізді баурайды,

Қызықпасқа ешбір лажың қалмайды – дей отырып, ендігі кезек 4-сынып оқушыларында.

3 - сынып – «Мақта қызбен мысық» ертегісі

4 сынып «Тіл азар қыздар» ертегісі.

1-4 сынып оқушылары ән: «Достық жыры» .

Қорытынды: Құрметті жас достар, ертегілердің тілі көркем, қарапайым, түсінікті жеңіл келеді. Сондықтанда ертегілер сендердің қиялдарыңа қанат бітіріп, армандарыңды асқақтатады, қайратты істерге құлшындырады. Шешен сөйлеуге, өз ойларыңды әдемі баяндауға үйретеді. Тіл құдіреті сені небір құпия сырлар әлеміне жетелейді, көзінді ашып, кереметтерді танытады. Халық ертегілерін сүйе біл, сүйсіне оқы, одан тіл үйрен, мәнін, мазмұнын аңғар! Жақсы қасиеттерін бойға сіңір! Өйткені ертегі саған өмір бойы адал серік бола алады. Қатысқандарыңызға рахмет! Сау болыңыздар!

\* \* \* \* \*

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы  
№125 жалпы орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі  
Досетова Гулчехра Оразбековна**

**КІРІКТІРІЛГЕН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫ:  
НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚУ ЖҮЙЕСІ**

Еліміз өркениетті елдер қатарына қосыламыз деп қарыштап қадам басып жатқан тұста, білім жүйесіне де тың өзгерістер енуде. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау» делінген. Осы бағытта жұмыстану үшін білім сапасын арттыру ісіне ерекше мән беру қажеттілігі артады. Сапалы білім беру педагогтардың шеберлігі мен іскерлігіне байланысты. Ал педагогикалық шеберлік пен іскерлікті дамытуда жаңа технологияны қолданудың маңыздылығы зор.

Оқытудың жаңа технологиясы — оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануды, оқытудың әр түрлі әдістері мен формаларын біріктіруді, оқу материалын тиімді пайдалануды, оқудың сапасына білім мен біліктілікті жүйелеуді жүзеге асырады.

Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы — оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын кәсіби, білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Оқушылардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады.

Кіріктірілген білім бағдарламасының алға қойған мақсаты айқын, бағдары жүйелі. Зиялы азаматты – сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға

басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеуге ұмтылады. Аталмыш білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады.

Кіріктірілген бағдарлама бірнеше құндылықты негізге алады. Олар:

- құрмет;
- әріптестік;
- азаматтық жауапкершілік қалыптастыру;
- ашықтық;
- өмір бойы білім алу.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасын табысты жүзеге асыру үшін белсенді оқыту, командалық оқыту, пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL), т.б. озық педагогикалық әдістерді қолдану талап етіледі. Мектеп мұғалімдері инновациялық пәндік бағдарламалар және жоспарлармен жұмыс істеуге дайындық үшін ДББҰ Білім беру бағдарламалары орталығы филиалында, Кембридж кеңесшілері әр пән бойынша тәжірибелік сипатта ұйымдастырылған тренингтерден өз білімдерін толықтырып тұрады.

Ал жалпы кіріктірілген оқу дегеніміз не? Кіріктірілген оқу бағдарламасының артықшылығы неде? Осы сұрақтардың жауабын зерделеп көрелік.

Кіріктірілу – бұл бір оқу мазмұнының әр түрлі саладағы жан-жақты білімдермен тоғысуы, бір-бірімен араласып кетуі. Кіріктірілген сабақтар оқушыға әлем туралы, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат береді, олар құрылысы бойынша белгілі қалыпқа сыймайды, сондай-ақ, оқу сағаттарын барынша үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Осы тектес сабақтарда оқушылардың бейнелі ой-өрісі дамып, пәннің жалпы мазмұнын өмірмен байланыстыру арқылы шығармашылық мүмкіндіктері ашылады. Кіріктірілген сабақтардың құрылымы нақтылығымен, сыйымдылығымен, орамдылығымен, сабақтың әр сатысындағы оқу материалының логикалық өзара келісімімен, материалдың зор ақпараттық мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Оқу үрдісінде пәндерді кіріктіре оқыту:

- ерекше дарынды оқушыларға мәнді де саналы оқуға;

- сабақ құрылымында проблемалық жағдайлар үлесін ұлғайтуға;

- жеке тұлғаның зерттеушілік типін қалыптастыратын оқушының ойлау әрекетін белсендіруге;

- оқушыға бір мезгілде әрекетті орындауда барлық мақсат қоюдан нәтижеге дейінгі барлық процесіне бақылау жасауға;

- білім берушілік, дамытушылық және танымдық үшбірлікті ұстаздың шексіз шығармашылығы тұрғысынан жүзеге асыруға;

- сабақтың ақпараттық сыйымдылығын арттыруға;

- оқушылардың уәждемесін арттыруға, олардың оқу-танымдық әрекетін белсендіруге, шаршағандары мен қажуларын азайтуға;

- сабақ үрдісінде өтілетін тақырыптың адам және қоғам өмірімен тікелей байланысына мән беруге;

- оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға;

- олардың алған білімдерін өмірде қолдана білулеріне көмектеседі.

Кіріктірілген білім бағдарламасы негізінде оқушылардың білімі критериалды бағаланады. Критериалды бағалау дегеніміз – оқушының білімі мен білігін алдын ала белгіленген оқу жетістіктерімен салыстыра оқыту, соның негізінде оқушыны бағалау. Критериалды бағалау кезінде алдын-ала бағалау шкаласы белгіленіп, оқушының алдына соған жету жоспары қойылады. Бағалаудың мұндай жүйесі білім алушының кемшіліктерін өзіне түзетуіне мүмкіндік береді, оқушының өзін-өзі және өзгені бақылауына, бағалауына мүмкіндік туғызады, бағаның айқындылығын, адалдығын сақтайды, оқушының сабақ үрдісінде өткен тақырыпты қалай түсінгендігін мұғалімге күнделікті саралап отыруына жағдай жасайды. Осының барлығының негізінде мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс бағалаудың жалпы негізін ашады. Яғни, критериалды бағалау оқыту – тәрбиелеу, дамыту, ынталандыру төрттігін басшылыққа алады.

Критериалды бағалау жұмысы қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалау арқылы жүзеге асады. Оқушы оқыту жоспарындағы барлық мақсаттар түгел қамтылған бірнеше қалыптастырушы бағалаулардан өтіп, тақырыпты түсінбей «талпынған» оқушы түзету жұмыстары арқылы оқу мақсатына «жетіп», ішкі жиынтық бағалауға келеді. Ішкі жиынтық бағалау мазмұны барлық критерий тұтас қамтылады. Дескрипторға сай тапсырманы толық меңгергендігін көрсетуі шарт. Соның нәтижесінде тоқсан соңында жиынтық бағалау оқушы білімін анықтап береді. Оқушы білімі баллдық жүйемен есептеледі.

Әлемде білім беру ісінің нәтижесін бағалай білудің өзіндік тәжірибесі қалыптасқаны белгілі. Бұл ретте біз үшін оқушының қаншалықты білім алғандығы емес, оның алған білімін өмірлік тәжірибеде қаншалықты пайдалана алатындығы маңызды болып отыр. Ал біздің еліміздегі білім жүйесінде басым жағдайда оқушылар өздерінің алған теориялық білім деңгейімен бағаланып, сонымен ғана шектеліп жататыны белгілі. Осы орайда оқушы білімін критериалды бағалау - педагогтарға нақтылық алып келетін бірден-бір жүйе.

Қорыта айтқанда, кіріктірілген білім бағдарламасы, ондағы оқушыларды критериалды бағалау - заман талабына сай шәкірт білімін дәл айқындауға мүмкіндік беретін бақылау жүйесі.

\* \* \* \* \*

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы  
«Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебі» КММ  
бастауыш сынып мұғалімі Мелдебекова Перизат Алшынбаевна**

**Бастауыш сынып сабақтарында ойын элементтерін қолдану  
арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту**

Әрбір ұстаздың мақсаты - білім сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай технологияның бір түрі - ойын арқылы оқыту.

Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Кез - келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп оқушы ой - өрісін ойын арқылы дамытады.

Ойын әрекеті сәби кездегі қарапайым сылдырмақтардан басталып, бірте-бірте әртүрлі ойындармен ұласып, видео-компьютерлік ойындарға айналады. Ойынның табиғилығы сонша, ол оқу элементінің таптырмас бөлігі. Ойын үрдісі кезінде сыныптағы топтардың әлеуметтік рөлі және ойын тәртібі игеріледі. Ойын мақсаттарына жету жолында ұжымның бірлескен іс-әрекетінің дағдысы, оқушылардың жеке мінез-құлқы қалыптасады. Ақыл-ойды дамыту ойындарынан бастап бизнеске, мәдениетке, қоғамтануға және басқарудың барлық салаларына сәйкес мамандар даярлауға қатысты бағдарламаларды меңгеруге көмектеседі.

Оқушылардың қызығушылықтарын туғызатын ойындардың бірі - дидактикалық ойындар. Дидактикалық ойындар – көп салалы, күрделі педагогикалық құбылыс. Оны - балаларды оқытудың бір әдісі, оларды жан-жақты тәрбиелейтін құралдардың бірі деп айтуға болады.

Дидактикалық ойынның негізгі мақсаты баланы қызықтыра отырып, жаңа сабақты немесе өткен материалды берік меңгерту болып табылады. Дидактикалық ойындар барысында балалардың есте сақтау, көру, сезіну, қабылдау, ойлау, сөйлеу процестері дамып, заттарды пішініне, көлеміне қарай іріктеуге әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді.

Дидактикалық ойындар оқушылардың ой - өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Оқушылар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да біледі. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Сабақтың ойын түрінде өтуін жүзеге асыру үшін төмендегі бағыттар айқындалған:

Оқушыларға дидактикалық мақсат ойын түрінде қойылады.

Оқу материалы ойын құралы ретінде қолданылады.

Оқу іс-әрекетінде дидактикалық мақсатты ойын мақсатына айналдыратын жарыс элементтері енгізіледі.

Дидактикалық тапсырманың табысты орындалуы ойын қорытындысымен байланыстырылады.

Ойын – адамдардың қарым-қатынасы, кәсіби және жанұялық өмірдің мектебі болып табылады. Адам ойын арқылы өзінің бір нәрсені үйреніп жатқанын білмейді. Мектепте мұғалім монолог, диалог түрінде балаларға білім береді. Бір-бірімен белсенді байланысу арқылы ойынға қатысушылар бір-бірін үйретіп, өздері де үйренеді. Ойын түрінде оқыту жалықтырмайды, қызықты және ерікті түрде жүреді.

Ойын элементтері мен оқытуды ұштастыру мұғалім шеберлігіне байланысты. Кез-келген ойынның өзіндік пайдасы бар. Ойынның бірнеше маңызды функцияларына тоқталайық.

- Ойынның әлеуметтік-мәдени белгілері.
- Ұлтаралық қарым-қатынас функциясы.
- Ойында адамның өзін іс жүзінде көрсетуі.
- Коммуникативтік ойын.
- Ойынның диагностикалық функциясы.
- Ойынның емдеу функциясы.
- Ойынның түзету функциясы.
- Ойынның көңіл көтерту функциясы.

Енді әр функцияны қысқаша сипаттайық.

- Ойынның әлеуметтік-мәдени белгілері. Ойын - баланы әлеуметтендірудің бірден-бір құралы. Ол бір жағынан тұлғаның қалыптасуына, құрбы-құрдастарына, қоғамға тән рухани құндылықтар мен нормаларды, білімді игеруге мақсатты түрде бағытталса, екінші жағынан адамның қалыптасуына аяқ астынан әсер ететін әлеуметтік бақылау үрдістері болып табылады

- Ұлтаралық қарым-қатынас функциясы. Бұл функцияның мақсаты ұлтына, нәсіліне қарамастан барлық адамдарға тән әлеуметтік-мәдени құндылықтарды меңгерту болып табылады. Ойындар арқылы кез-келген ұлт өкілдері өз ұрпақтарын өмірдегі әртүрлі жағдаяттардан жол таба білуге, кикілжіңді қатыгездіксіз шешуге, әр қилы эмоцияларды дұрыс қабылдай білуге үйретеді. Ойында шекара жоқ. Ұлттық ойындар, ұлтаралық ойындар, әртүрлі салалық ойындар, бүкіл адамзатқа тән ойындар көптеп саналады.
- Ойында адамның өзін іс жүзінде көрсетуі. Бұл ойынның функцияларының бірі. Адамға ойынның өзін іс жүзінде көрсетіп, тұлға ретінде қалыптасуы үшін маңызы зор. Сол себептен ойын үрдісі адам үшін маңызды. Ойын барысында бала өзін іс жүзінде көрсетеді. Адам өмірінде үнемі ойын жағдаятына кездесіп тұрады. Соны шешу арқылы адамның ой-мірінің дамуы көрінеді.
- Коммуникативтік ойын. Белгілі бір ережесі болса да ойын коммуникативті әрекет. Ойын оқушыларды адам қарым-қатынастарының әр түрлі жағдайларында болдырады. Осы әр түрлі қиыншылықтан жол таба білуге итермелейді. Топтық ойынға қатысушылар ойыншылар қоғамын құрайды. Осы қоғамның мүшелері бір-бірімен коммуникативті байланыс орната алмаса, ешқандай ойын болуы мүмкін емес.
- Ойынның диагностикалық функциясы. Диагностика - диагноз қою үрдісі, білу қабілеті. Адамның басқа іс-әрекетімен салыстарғанда ойынның немен аяқталатынын болжауға болады. Тұлға интеллект, шығармашылық жағынан өзін-өзі іс жүзінде көрсетеді.
- Ойынның емдеу функциясы. Ойын адамның тәртібіндегі өзін қоршаған басқа адамдармен қарым-қатынасын және оқудағы туындаған әртүрлі қиындықтарды жеңу үшін де пайдаланылады. Д.Б.Эльконин ойын тәсілдерінің емдік мағынасын бағалай келе, былай деді: «Ойын емінің эффектісі бала рөлдік ойын кезінде алған жаңа әлеуметтік қарым-қатынастың тәжірибесімен анықталады». Рөлдік ойындар баланы үлкендермен, құрдастарымен нағыз қарым-қатынасқа үйретеді. Әр түрлі сатыдағы қарым-қатынастың емдік эффектісі болады.
- Ойынның түзету функциясы. Ойынның әрбір қатысушысы өз рөлі ғана емес басқалардың да рөлін жақсы білсе, ойын ережесімен жақсы таныс болса, онда психологиялық түзету табиғи жағдайда жүреді. Түзету ойындарының тәртібі нашар, психологиялық көмекті қажет ететін оқушылар үшін көмегі зор.
- Ойынның көңіл көтеру функциясы. Көңіл көтеру - түрлі нәрсеге, әртүрлі әрекеттерге ұмтылу. Ойын қиялды дамытып, көңіл көтеруге итермелейді.

Сухомлинский ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятады «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы жоқ және болуы мүмкін де емес,- деген. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе, ол арқылы баланың рухани байлығы жасампаз өмірмен ұштасып, айналасындағы дүние туралы түсінік алады.

Ойынның қандай түрі болса да балаларды өзіне тартады. Математикалық ойын тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін адамға қиялмен қанат бітіретін осындай ғажап нәрсе, ақыл-ой жетекшісі. Жас ұрпаққа жан-жақты білім беру әрбір ұстаздың міндеті. Қай әдісті пайдалансақ та алға қойылған мақсат біреу. Ол оқу бағдарламасының материалдық мазмұнын оқушы бойына сіңіру. Сыныптағы оқушының ойлау қабілеті бірдей болмайды.

Адамның ойын әрекеті негізгі үш түрлі даму деңгейлерінен тұрады: кәсіптік ойындар, әуестену ойындары, оқу-жаттығу ойындары. Оқытудың ойын формасын қолдануда екі жақты дидактика байқалады: ойнау үшін білу, үйренудің қажеттілігі, екіншіден адамның ойнай отырып өзіндік білім алуы, өмір тәжірибесін жинақтаудың қажеттілігі.

Орфографиялық лотоны қолдану арқылы ілгерінді, кейінді ықпал заңын, ерекше дыбыстардың айтылуын оқушылардың берік меңгеруіне ықпал жасайды, оларды шығармашылық ізденіспен жұмыс істеуге үйретеді. Орфографиялық лото үлгісі: күлг..н, тұрм..с, қолға..ы, саба..ы.

«Кім тез» ойыны оқулық аттарын қатесіз тез жазып әкелу. 1.дебәйте 2.аткамайтем 3.үйеднатук 4.ейбнлеуе 5.ңебкеек абулу 6. азақ ітіл 7.росы ітіл 8. ендейшнытқыру. Бұл ойын оқушылардың буынға бөлу дағдысы мен сауатты жазуға үйретеді.

«Бұл қалай өзгерген» ойыны қазақ тілінің ерекше дыбыстарының айтылуын және әріп түрінде жазылуын оқушыларға меңгерту үшін жүргізіледі. Ойын барысында сөз ішіндегі әріптердің дұрыс жазылуына, бір әріптің өзгеруінен сөздің басқа мағынаға ауысып кететіндігіне оқушылардың назарын аударуға болады: нан-нән, таң-нән, сан-сән, қала-дала, дода-жоба.

Қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға тілі келмейтін оқушылармен жұмыс жасағанда, халық ойындары жаңылтпаш, санамақтарды ұтымды пайдалануға болады. Алдымен олардың жеңіл түрін, кейін біртіндеп күрделендіріп берген өте тиімді. Мүмкіндігінше бастауыш сыныптарда ойын, сөзжұмбақ түрлерін қолданып, салт-дәстүр элементтерін кіргізуге тырысу керек. Ойын түрлерін қолдану – сабақты түрлендіру деген сөз. Ойын элементтерін пайдаланудың негізгі бетбұрысы оқушы білімінің сапасын арттыру, ол дегеніміз- түпкі нәтижені көре білу, яғни оқушыға берген білімнің қайтарымын көру.

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектеп жаңа қоғам мектебі, яғни саналы халықтық мәдениетке бағытталған, баланың жеке басының дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайтын бәсекеге қабілетті, елдің ертеңі болатын жас ұрпақты өсіріп, дамытатын мектеп болуы тиіс.

\* \* \* \* \*



Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы, Жетісай қаласы  
«№119 жалпы орта мектебі» КММ  
математика пәнінің мұғалімі Саидова Айнур Майлибаевна

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:7.3.1: Статистика элементтері		Мектеп:№119												
Күні: 18.12.2017ж		Мұғалімнің аты-жөні: Сайдова А												
Сынып: 7 "А"		Қатысқандар:20												
Сабақтың тақырыбы:		Вариациялық қатар												
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары(оқу бағдарламасына сілтеме)		Оқушылар: 7.4.4.1 бас жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдарын игереді;												
Сабақтың мақсаты:	<p><b>Барлық оқушылар:</b> басты жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдарын меңгереді;</p> <p><b>Оқушылардың көпшілігі:</b> кесте арқылы басты жиынтықты атайды, вариациялық қатарды жазады;</p> <p><b>Кейбір оқушылар:</b> тақырыпқа байланысты хабарлама дайындайды;</p>													
Бағалау критерийі:	<p>-таңдама көлемі;</p> <p>-деректерді үлестіру кестесін құрастырады;</p> <p>- алынған деректерді вариация қатары кестесі түрінде көрсетеді;</p>													
Тілдік мақсат:	<p>Сабақ соңында оқушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тізбектелген қатар;</li> <li>• Қатар элементі;</li> <li>• Бас жиынтық;</li> <li>• Нұсқалық (варианта);</li> <li>• Вариациялық қатар;</li> <li>• статистикалық қатар;</li> <li>• таңдама.</li> </ul>													
Құндылықтар-ға баулу	Оқи білу, өздік мәлімет жинақтау, жағдайды талдау, жаңа жағдайға бейімделу, проблеманы қою және оны шешу, өз жұмысына және өз тобының сапалы нәтижесіне жауап беру, өз уықытын ұйымдастыра білу, сабақтағы ұсыныстарға және көпмәдениеттілікке құрмет көрсету.													
Пәнаралық байланыс:	Әдебиет,география, физика,информатика													
Алдыңғы білім:	Сан тізбегінің құлашын модасын, медианасын, арифметикалық ортасын біледі.													
<b>Сабақ барысы:</b>														
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабаққа жоспарланған жаттығу түрлері													
Сабақтың басы 3-минут	<b>Ұйымдастыру кезеңі:</b>													
3-мин	Шаттық шеңбер құрып " <b>Мозайка</b> " құрастыру арқылы сыныпты 4 топқа бөлемін . Әр топқа бағалау критерийімен дескрипторларды беремін. "Жұптық жұмыс "әдісі арқылы оқушылардың үй тапсырмасын тексереді. Мұнда оқушылар жұптар өзара бір-бірінің дәптерлерін ауысып, слайд арқылы тексеріп, смайликтер арқылы бағалайды.													
2-мин	<p><i>Ауытқу (белгілеуі R) - ....</i></p> <p><i>Мода (белгілеуі Mo) -....</i></p> <p><i>Медиана (белгілеуі Me) – ...</i></p> <p><i>Кездейсоқ таңдаманың орта мәні (белгілеуі X ) деп – ... атайды</i></p>													
Сабақтың ортасы 25-минут	<p>"<b>Жеке жұмыс</b>" арқылы өткенге шолу жасап, бүгінгі сабақпен байланыстырамын. Осы сынып оқушыларының ішінен бес оқушының жастарын тізіп жазыңдар;мысалы:</p> <table border="1" style="width: 100%; text-align: center;"> <tr> <td>Арман</td> <td>Марат</td> <td>Дина</td> <td>Абзал</td> <td>Нурлан</td> </tr> <tr> <td>13</td> <td>12</td> <td>13</td> <td>13</td> <td>13</td> </tr> </table> <p>Жастардың модасын, өзгеріс ауқымын, медианасын, арифметикалық ортасын көрсетіндер.</p>				Арман	Марат	Дина	Абзал	Нурлан	13	12	13	13	13
Арман	Марат	Дина	Абзал	Нурлан										
13	12	13	13	13										

Бағалау критерийлері:	Дескрипторлар:
Берілген мәлімет бойынша арифметикалық ортасын, медиана-сын, модасын, ауытқуын анық-тайды	1. Арифметикалық ортасын табады, 2. Медианасын табады, 3. Модасын табады, 4. Ауытқуын біледі.

Жаңа тақырыпты түсіндіру:  
Жаңа ұғымдарды (басты жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық) енгіземін.

**Анықтама:** белгілі бір ортақ белгі-қасиеттермен сипатталатын мәліметтерді, деректерді жинақтау, өңдеу, талдау және нәтижелерін түсіндірумен айналысатын ғылымды **статистика** деп атаймыз;

**Анықтама:** Зерттеуді қажет ететін жалпы сипаттамасы бар барлық объектілер мен құбылыстар жиынын **басты жиынтық** деп атаймыз.

**Сұрақ:** басты жиынтық қандай объектілерден тұруы мүмкін?

**Жауап:** Бас жиынтық элементтері кез келген объектілер болуы мүмкін: заттар, адамдар, табиғи құбылыстар және т.с.с.

**Анықтама:** егер бас жиынтықтан кейбір элементтері кез келген ретпен таңдап алынса, онда шыққан жиынтық **кездейсоқ шама** деп аталады.

**Мысалы,** 12 жастағы балалар бойының ұзындығын зерттегенде кездейсоқ таңдау өдерің оқитын мектептегі 12 жастағы балалары болады.

**Анықтама:** объектілер жиынтығының өсуі немесе кемуі бойынша реттелуі **вариациялық қатар** деп аталады.

Мысал:  $-3^\circ, 0^\circ, -3^\circ, -6^\circ, -7^\circ, -12^\circ, -11^\circ, 0^\circ, 0^\circ, -7^\circ, -9^\circ, -10^\circ, -12^\circ, -10^\circ$  тізбегінде 5-ші - 18 қараша аралығындағы ауа температурасы жазылған.

«**Жүреміз, ойланамыз**» интербелсенді тәсілі арқылы оқулықтан есептер шығаруға нұсқау беру. Әр топ берілген тапсырманы оқушы өзіндік жұмыс жасап, жұпта ой бөлісіп, топта талқылайды. Есептерді флипчартқа әр топ бөлек түсті маркермен түсіреді. Топтар жұмыстарымен алмасады. Қателіктерді туралайды.

Оқушыларға оқулықтағы тапсырмаларды беремін. I-топқа  
41.1 -тапсырма. Берілген тізбектерінің арасынан вариациялық қатарды көрсетіңдер.  
1) 1, 12, 13, 15, 16, 21, 22, 24, 26;  
2)  $-17, -15, -13, -11, -10, -9, -8, -5, -4$ ;  
3) 111, 112, 113, 125, 126, 121, 122, 124, 126;  
4) 101, 102, 103, 105, 216, 221, 222, 224, 326, 334, 339.

**II-топқа**  
41.2 тапсырма  
Тізім бойынша сыныпта 24 оқушы бар. Тізімге сәйкес әр баланың бойының ұзындығын жазыңдар. Жазылған мәндер вариациялық қатар бола ма? Жауаптарыңды түсіндіріңдер.

**III-топқа**  
41.3 тапсырма.  
Астана қаласында 10 қарашадан 20 қарашаға дейін болған ауа температурасының қатары берілген:  
 $+2^\circ, +1^\circ, -2^\circ, -6^\circ, -2^\circ, -3^\circ, -13^\circ, -14^\circ, -10^\circ, -5^\circ, -3^\circ, -7^\circ$ .  
Осы қатар вариациялық қатар бола ма? Жауабын түсіндіріңдер.

**IV-топқа**  
41.4  $-12^\circ, -12^\circ, -11^\circ, -10^\circ, -10^\circ, -9^\circ, -7^\circ, -7^\circ, -6^\circ, -3^\circ, -3^\circ, 0^\circ, 0^\circ, 0^\circ, 0^\circ, 0^\circ, -3^\circ, -3^\circ, -6^\circ, -7^\circ, -7^\circ, -9^\circ, -10^\circ, -10^\circ, -11^\circ, -12^\circ, -12^\circ$ . тізбегі вариациялық қатары бола ма. Ең көп варианттарды жазыңдар. Ең аз қайталанатын вариантаны жазыңдар. Вариантаның ең кіші және ең үлкен мәндерін жазыңдар.

Бағалау критерийлері:	Дескрипторлар:
-----------------------	----------------

Берілген мәлімет бойынша вариациялық қатар құрайды және нұсқалықты анықтайды.	Вариациялық қатар құрайды Нұсқалықты анықтайды
---	---

*Жекелей жұмыс.*  
*А-деңгейі А деңгейі*

**III. Өздік жұмыс – 10 мин**

*Жақсы баға алуға тырысамын деп оқушы мақсатқа жету, еңбексүйгіштік, акаемиялық адалдық дағдыларын қалыптастырады.*

*Өздік жұмыс тапсырмалары үш деңгейден (А – ортадан төмен, В – орта, С – жоғары) тұрады.*

**А деңгейі**

1) Тәжірбие жасау үшін 1000 жәндік ішінен ғалымдар 115 жәндік таңдап алды. Бас жиынтық пен таңдаманы анықтаңыз.

2) Оқушыларға бірнеше сандық заңдылықтарды шешіп және бос төркездерге жетіспейтін сандарды жазу ұсынылды. Бағалау дұрыс жауап санымен жүргізілді және мынадай нәтиже берді:

3; 2; 4; 6; 6; 2; 1; 3; 4; 5; 6; 2; 2; 6; 4; 4; 1; 2; 5; 3.

Вариациялық қатарды құрастырыңыз. Қатардың ауытқуын, модасын, медианасын және арифметикалық ортасын табыңыз.

Жауабы:

1) 1000 жәндік–бас жиынтық, 115жәндік – таңдама.

2) Вариациялық қатар:1;1;2; 2; 2;2; 2;3; 3; 3; 4; 4; 4; 4; 5; 5; 6; 6; 6; 6.

Ауытқу –5; Мода – 2; Медиана – 3,5; Арифметикалық орта – 3,55.

**В деңгейі**

1) Жасөспірімдер жасаған телефон қоңырауларының санын зерттеу үшін, жетінші сынып оқитын 50 оқушыдан сұхбат алындыБас жиынтық пен таңдаманы анықтаңыз.

Жауабы:

Жасөспірімдержиынтығы - бас жиынтық, жетінші сынып оқитын 50 оқушы - таңдама.

2)Төменде берілген Абай Құнанбаевтың төрт жол өлеңіндегі сөз ұзындығын (әріп саны) өлшеңіз.

Ұлым-ау, сенде өсерсің,  
Арманды қанат етерсің,  
Орындалып түстерің, Көкке  
самғап жетерсің.

а) ауытқу; б) мода; в) медиана; г) сөз ұзындығының орташа мәнін анықтаңыз.

Жауабы:а)4; б)5,7; в)7; г)6,63.

**С деңгейі**

**6.15\*.** Көлемі 10-ға тең таңдалым құрамында екі элемент бар:  $x_1$ ,  $x_2$ . Мұнда  $x_1 < x_2$  және  $x_1$  элементінің абсолюттік жиілігі 6-ға тең. Егер таңдалымның арифметикалық орта мәні  $X = 1,4$ , ал модасы  $M_0 = 1$  болса, онда  $x_1$  мен  $x_2$ -ні табыңдар.

Жауабы: \*.  $x_1=1$ ;  $x_2=2$

2)Көлемі 10-ға тең таңдалымның арифметикалық ортасы 25-ке тең.

Таңдалымның ең кіші мәні 7-ге тең және өзге нұсқалықтардан әлдеқайда кіші. Сондықтан бұл мән таңдалым құрамынан алынып тасталды. Енді қалған мәндердің арифметикалық ортасы қандай болды?

Жауабы:

а)  $x:10=25$

$x=250$

$250-7=243$                        $10-1=9$

$247:9=27$  жауабы: 27

<b>Бағалау критерийлері:</b>	<b>Дескрипторлар:</b>
Берілген мәлімет бойынша статистикалық түсінікті анықтайды.	Бас жиынтықты анықтайды Нұсқаулықты анықтайды Вариациялық қатарды құрайды. Моданы анықтайды.

	<p>Медиянаны анықтайды. Ауытқуды анықтайды. .Арифметикалық ортаны анықтайды.</p> <p><b>IV.</b> Сабақтың бұл кезеңінде оқушылар <b>мәселені қою және шешім қабылдау, өз және өз тобының сапасы үшін жауап беру, өз уақытын ұйымдастыра білу, сабақтағы әр алуан мәдениеттер мен пікірлерге құрмет сезімін тәрбиелеу</b> құндылығын дамытады <b>1 топқа тапсырма:</b>Өз сыныптастарыңан әрқайсысы үйден, мектепке дейін жолға қанша уақыт жұмсайтынын сұрастыр. а) Уақыт таңдамасын құрастыр. б) Таңдамаға ранжирлеу жүргіз. <b>2 топқа тапсырма:</b> Сыныбыңда өз зерттеуіңді жүргіз. Сыныптастарың киетін аяқ киімнің өлшемін зертте. Аяқ киімнің вариациялық қатарын құрастыр. Нәтижеге түсініктеме бер. <i>Берілген тапсырмаларды орындау үшін алдын ала дайындық қажет. Ол үшін оқушылар алдынт ала мәлімет жинайды, бірақ қай топта болатындарын білмейді. Сосын сабақта мұғалім оқушыларды кездейсоқ екі топқа бөледі: бірінші, екіншіге санап, немесе бір топқа қыста немесе көктемде дүниеге келгендер; ал екінші топқа жазда немесе күзде дүниеге келгендер және т.б.</i> <i>Жұмысты қағазда рәсімдейді немесе презентация жасап, сынып алдында сөз сөйлейді</i> <i>Берілген тапсырманы бағалау үшін оқушылар өздері бағалау критерийлері мен дескрипторларды ұсынады, ал мұғалім оларды тақтаға жазады. Содан кейін бірлесе отырып, жұмысты бағалауға олардың қайсысын қолданатынын анықтайды.</i></p> <p><b>V. Нәтижені қорытындылау – 2 мин</b> (сабақтағы әр кезеңдегі тапсырманың орындалуына байланысты әрбір оқушының орташа пайызы қойылады). Оқушыларда <b>жағдайды талдау, жалпылау, атқарылған жұмыс бойынша қорытынды жасау</b> дағдысы қалыптасады .</p> <p><b>IV. Үй тапсырмасы – 1 мин.</b> Жақсы баға алуға тырысамын деп оқушы <b>мақсатқа жету, еңбексүйгіштік, акаемиялық адалдық</b> дағдыларын қалыптастырады. Математика пәнінен мектепшілік олимпиадада жетінші сынып оқушылары келесі ұпай жинады: 64 35 91 63 52 54 37 68 58 62 48 83 83 68 57 56 66 47 79 78 73 52 68 65 Таңдамаға ранжирлеу жүргіз.Берілген таңдамаға түсініктеме бер.</p>
<p>Сабақтың соңы 5-минут</p>	<p>«<b>П</b>» - <b>«плюс»</b> Сабақта не ұнады, қандай да бір мақсатқа қол жеткізу үшін пайдалы ақпарат, жұмыс формалары немесе оң эмоция жазылады. «<b>М</b>» - <b>«минус»</b> Сабақта не ұнамады, не қызықсыз болды, жаман әсер қалдырды немесе қай ақпарат, сіздің болжамыңыз бойынша өмірлік жағдайларды шешуге қажетсіз екені жазылады «<b>Қ</b>» - <b>«қызықты»</b> Сабақта болған барлық қызықты фактілер және осы мәселе бойынша тағы не білгіңіз келеді, мұғалімге қойылатын сұрақ жазылады. Оқушылар өздерінің жұмысы мен сыныптастарының жұмысын белгілі бір критерийлер бойынша бағалай алады.  Үйге тапсырма:Оқушылар қоршаған ортадан алынған деректерді жинау, өңдеу және оларды сандық деректермен көрсетуді қарастырыңдар. Бағалау парағы таратылады. Рефлексия:</p>
<p><b>Саралау-Сіз қандайтәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</b></p>	<p><b>Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</b></p>
<p><i>Сабақта жеке жұмыс істеу барысында саралау болды Оқулықпен, қосымша ақпарат көздерімен мәліметтер жинақтау арқылы және кесте құру .</i></p>	<p><i>Смайликтер арқылы. Критерийлер бойынша бағалау.</i></p>
<p><b>Рефлексия</b></p>	<p><b>Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз</b></p>
<p><b>Сабақ бойынша рефлексия</b> Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары шынайы, қол</p>	<p><i>Сабақ нәтижесі бойыншақорытындылау жүргізілді, сабақта жоспарланған жұмыс орындалды,</i> Сабақ мақсаттары шынайы және қол жетімді болды. Саралау, алдымен әлдері төмен оқушылардың сөйлеуіне, одан кейін, қажеттілік туындаса, жоғары</p>

жетімді болды ма ? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақ барсында саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?	деңгейлі оқушылардың үлес қосуына көмектесті.
<p><b>Жалпы баға</b></p> <p><b>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?</b></p> <p>1: Оқушының өз жобасын презентация көмегімен жариялауы</p> <p>2: Тапсырмалар түсінікті және қол жетімді</p> <p><b>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?</b></p> <p>1: Оқушылардың қалауы бойынша, сабақ сонында рефлексияның кез келген бір кестесін оқуға уақыт бөлу</p> <p>2:</p> <p><b>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</b></p> <p>Сабақ сонында рефлексияны оқу, сабақта жасалған жұмысты талдауға мүмкіндік береді. Оқушылар өздерінің және сыныптастарының іс-әрекеттеріне ой жүгіртеді.</p>	

\*\*\*\*\*

**Орал қаласы №7 жалпы орта білім беретін мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Саймова Ардақ Тимуровна**

<b>САБАҚ:</b> Қазақ тілі мен әдебиеті		<b>Мектеп:</b> Орал қаласы №7 ЖОББМ	
<b>Күні:</b>		<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b> Саймова Ардақ	
<b>Сынып:</b> 5 Т2		<b>Қатысқан оқушылар саны:</b>	<b>Қатыспағандар:</b>
<b>Бөлім атауы</b>	Ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтары.		
<b>Сабақтың тақырыбы</b>	Туған жер табиғатын білесің бе?		
<b>Жүзеге асатын оқу мақсаттары</b>	Т1.Тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау. Ж1 Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау.		
<b>Сабақтың мақсаты</b>	<p><b>Барлық оқушылар орындай алады :</b> Тірек сөздер қолданады,туған жер табиғатын біледі.</p> <p><b>Көптеген оқушылар орындай алады:</b> Мәліметтерді жинақтап, өз ойларын айтады.</p> <p><b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> Өз ойын тақырып бойынша еркін жеткізеді.</p>		
<b>Бағалау критерийлері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтіннің мазмұнын түсінеді</li> <li>• Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.</li> <li>• Өз ойларын еркін жеткізе алады.</li> </ul>		
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Білу, түсіну, ойлау, жинақтау		
<b>Тілдік мақсаттар</b>	<p><b>Оқушылар:</b> Оқушылар сөздік қорларын кеңейтеді. Өз ойын жүйелі де еркін жеткізе отырып, өзгенің пікірін тыңдай біледі.</p> <p><b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b> көлемі, мемлекет ,үңгірлер, әлем,қапырықты жерлер, шөл далалар,қар басқан шың,құмды жерлер,көне түркілер.</p>		
<b>Құндылықтар</b>	Зайырлы қоғам және жоғарғы руханият. Құрмет, ынтымақтастық.		

<b>Пәнаралық байланыс</b>	Жаратылыстану,әдебиет
<b>Осыған дейін меңгерілген білім</b>	«Қорғалжын» қорығының көркі. «Бабл Габл» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұраймын. АӘБВГҚОРЫҚДЕЖИНЕҚОРҒАУ

### Жоспар

Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер																								
Сабақтың басы  5 мин	<p>Сәлемдесу, сергіту сәті, топқа бөлу. Жаңа сабаққа кіріспе: «Миға шабуыл» стратегиясы арқылы оқушылардың қызығушылықтарын ояту.</p> <p><b>Қызығушылықты ояту кезеңі</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Балалар, бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтау үшін мына сандықшаны ашуымыз қажет. Оқушылар ортаға шығып, сандықшаның ішінен шыққан қиынды суреттер арқылы топқа бөлінеді. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбын анықтауға тырысып көрейік.</li> <li>Жаңа сөздер сыныпта қабырғаларда, шкафтарда ілініп тұрады.</li> <li>Оқушылар соны тауып жинап әкеледі, әркім өзі тауып әкелген сөздерді кезекпен оқып отырады.</li> <li>Оқылған жаңа сөздерді мұғалім тақтаға жазады. Мағынасы түсіндіріледі.</li> <li>Оқушылар бұл сөздерді сөздікке жазады.</li> </ul> <p><b>(Оқушыларға сабақ мақсаты айтылады)</b> «Туған жердің табиғаты» бейне жазба көрсетіледі.</p> <p>1-тапсырма «Прожектор» моделі арқылы ақпаратты анықтап, сөйлем құрайды.</p> <p><b>Дискриптор:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Мәтін мазмұнын түсінеді.</li> <li>Негізгі ақпаратты анықтайды.</li> <li>Сөйлем құрайды.</li> </ol> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қолпаштау</li> </ul>																								
Сабақтың ортасы  3 + 3 мин	<p><b>2-тапсырма</b> <b>Көбірек қолдауды қажет ететін оқушыларға:</b> 1 Сәйкестендіру кестесі</p> <table border="1" data-bbox="379 1272 1217 1559"> <thead> <tr> <th>қазақша</th> <th></th> <th>орысша</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>көлемі</td> <td></td> <td>государство</td> </tr> <tr> <td>Мемлекет</td> <td></td> <td>объем</td> </tr> <tr> <td>Шөл дала</td> <td></td> <td>пустыня</td> </tr> <tr> <td>Көне түркі</td> <td></td> <td>испаряющийся</td> </tr> <tr> <td>Құмды жерлер</td> <td></td> <td>пещера</td> </tr> <tr> <td>үңгірлер</td> <td></td> <td>Древне тюркская</td> </tr> <tr> <td>Қапырық</td> <td></td> <td>Песчаные земли</td> </tr> </tbody> </table> <p><b>Орташа қолдауды қажет ететін оқушыларға:</b> Сөйлемдерді оқып, кестені толтырады. (Дискуссия картасы) 1.1</p>	қазақша		орысша	көлемі		государство	Мемлекет		объем	Шөл дала		пустыня	Көне түркі		испаряющийся	Құмды жерлер		пещера	үңгірлер		Древне тюркская	Қапырық		Песчаные земли
қазақша		орысша																							
көлемі		государство																							
Мемлекет		объем																							
Шөл дала		пустыня																							
Көне түркі		испаряющийся																							
Құмды жерлер		пещера																							
үңгірлер		Древне тюркская																							
Қапырық		Песчаные земли																							
15 мин	<p><b>Аз қолдауды қажет ететін оқушыларға:</b> Торлы диаграмманы толтырады</p> <p><b>Дискриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li><b>Қолдауды барынша қажет ететін оқушыларға :</b> Жаңа сөздерді түсінеді. Сөздердің аудармасын кестеден таба біледі</li> <li><b>Қолдауды орташа қажет ететін оқушыларға:</b> Сөйлемді түсінеді. Сөйлемнің дұрыс, дұрыс еместігін анықтайды.</li> <li><b>Қолдауды аз қажет ететін оқушыларға:</b> Ақпаратты іріктеп, диаграммаға түсіреді.</li> </ul>																								

	<p><b>Бағалау</b> Смайликтер арқылы</p> <p><b>3-тапсырма</b>          Әр топқа стикерге тірек сөздер жазылып, беріледі.          Тірек сөздер арқылы тыңдалым мазмұны бойынша постер қорғайды.  <b>Туған жер табиғатын қалай қорғаймыз?</b> сұрағына әр топ постер қорғайды.  <b>Дискриптор:</b>          ➤ тыңдаған мәтінді түсінеді          ➤ сұрақтарға жауап береді.  <b>Кері байланыс</b>  <b>«f» бағалау. Топтар бір-бірін бағдаршам арқылы бағалайды.</b> Жасыл – жақсы          Сары – орташа          Қызыл – нашар</p>
Сабақтың соңы 3 мин	<p><b>«Таңдау» рефлексиясы</b></p> <p>Үй тапсырмасы          Табиғат туралы 5 мақал-мәтел жазып келу.</p>
1 мин	






#### Қосымша ақпарат

Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?	Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)
	Тапсырманың орындалуын, және өздерінің берген жауаптарын дәлелдей алу.	Пәнаралық байланыс –
Ойлану	<p><b>Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.</b></p> <p>Бүгінгі сабақтың мақсаты – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау болды. Бұл мақсат жүзеге асырымды болды. Бүгін оқушылар өз ойын жеткізе алуды, мәтіннің тақырыбы мен идеяны анықтауды үйренді. Оқу атмосферасы жағымды болды. Оқушылар сабаққа белсене қатысып, көптеген жаңа ойлар қосты. Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді, себебі оқушылардың барлығы мәтіннің тақырыбын түсінді. Негізгі және қосымша ақпаратты таба алды. Және кейбірі осы ақпараттың идеямен байланысын дәлелдеп көрсетті. Мен жоспарланған уақытымды ұстандым. Жоспарыма ешбір өзгеріс енгізген жоқпын.</p>	
<p><b>Жалпы баға</b>  <b>Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?</b>          1: Топтық жұмыс          2: Бағалау  <b>Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?</b>          1: Берілген уақыт бойынша жұмыс жасау          2: Белсенді әдістерді қолдану  <b>Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?</b></p>		

<b>Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:</b> Адамның сырт келбеті мен мінезі	<b>Мектеп:</b> «Кеңғарын орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	
<b>Күні:</b>	<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b> Б.Е. Исакова	
<b>Сынып:</b>	<b>Қатысқандар:</b> 8	<b>Қатыспағандар:</b>
<b>Сабақтың тақырыбы</b>	Адамның сыртқы келбеті	
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	5.Ж5 Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу	
<b>Сабақтың мақсаты</b>	<b>Барлық оқушылар орындай алады:</b> Адамның сыртқы келбеті тақырыбы бойынша мәтін мазмұны негізінде негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады.	
	<b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> Адамның сыртқы келбеті туралы жазған жинақы мәтіннен негізгі ойды анықтайды.	
	<b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> Негізгі ақпаратты сақтай отырып, мәтінді жинақтауда өзіндік стильді қолданады.	
<b>Тілдік мақсаттар</b>	<b>Оқушылар орындай алады:</b>	
	<b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b>	
	<b>Тірек сөздер:</b> дене бітім, өмір салты, ішкі әлем	
	<b>Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:</b> Сыртқы келбет	
	<b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b> Адамның сыртқы келбеті дегенді қалай түсінесіңдер?	
	<i>Не себепті ... деп ойлайсыз?</i>	
	Не себепті адамның сыртқы келбеті маңызды деп ойлайсыз? Әлде ішкі жан дүниесі маңызды деп ойлайсыздар ма?	
	<i>Ишара:</i>	
<b>Құндылықтарға баулу</b>	3) жауапкершілік; 4) шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Бейнелеу өнері, өзін –өзі тану	
<b>Тақырып бойынша алдыңғы білім</b>	Адамның сыртқы келбетіне байланысты не білетіндері туралы өз ойларын айтады.	
<b>Сабақ барысы</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>



<p><b>Сабақтың басы</b> 3 минут</p> <p>1 минут</p> <p>1 минут</p>	<p><b>1. Жағымды психологиялық ахуал тудыру «Жүректен -жүрекке»</b> оқушылар бір- біріне жақсы тілектер білдіреді.</p> <p><b>2. Топқа бөлу</b> «Мақал -мәтелдер» Қима қағаздар арқылы мақал –мәтелдерді құрастыру арқылы 3 топқа бөлінеді. «<b>Бұл кім?</b>» әдісін сабақтың тақырыбын ашу үшін қолданылады. Сыныптағы оқушының сырт пішінін, әдеттерін мұғалім оқып береді. Мұғалім: - Бұл кім деп ойлайсыңдар? деп сұрайды . Оқушылар оны тауып, сырт келбеті, әдеттері арқылы анықтағандығын айтып, тақырыпты ашады. <b>Оқу мақсатымен таныстыру:</b> 5.Ж5 Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу.</p>	<p>А.Әлімов Интербел сенді әдістемені мектепте қолдану Алматы 2015</p> <p>Таныстырылым</p>								
<p><b>Сабақтың ортасы</b> 13 минут</p>	<p><b>1-тапсырма.</b> Мәтінді <i>INSERT</i> тәсілімен оқиды.</p> <p><b>(Ө)</b> Мәтінді түсінуге арналған тапсырма. Оқушылар мәтінді оқып, төмендегі <i>INSERT</i> кестесін толтырады.</p> <table border="1" data-bbox="379 801 1058 1171"> <thead> <tr> <th>V</th> <th>+</th> <th>-</th> <th>?</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Бұрыннан білемін.</td> <td>Мен үшін жаңа ақпарат.</td> <td>Менің ойлағаным а ұқсамайды.</td> <td>Келісе алмаймын. Білгім келеді.</td> </tr> </tbody> </table> <p>Адамның сыртқы келбетімен киім киюі оның ішкі дүниесінен де хабар беріп тұратыны ертеден мәлім. Кез келген адамды бір көргенде-ақ оның көзі, қасы, беті, дене бітімі, қылығы, киім киісі саған әрқилы әсер етеді. Онымен танысып, әңгімелесіп, араласып кетпей тұрып-ақ, ол адам жөнінде өзіндік пікір де қалыптастырып үлгересің. Бұл – адамды адамның сыртқы келбеті арқылы-ақ танып білу қасиеті. Сондықтан әлдекімді бір көргенде-ақ: «Әлем-жәлем киінуді ұнататын сәнқой сымақ екен», «Түрі қандай тұрпайы», «Киімі қымбат болғанмен, үсті-басы таза емес екен» деп те жатамыз. Әйтеуір, адамның сыртқы келбеті бір қарағанда не сүйсіндіреді, не одан жиіркендіреді, тіпті, таң-тамаша да қалдырады.</p> <p>Адамның қадір-қасиеті, көпшілік жағдайда, мінез-құлқына қарай бағаланады десек те, оның талғамы мен өмір салтын сыртқы келбеті аңғартатыны анық. Кейде адамның сыртқы келбеті оның талай-тағдырына да әсер етеді. Өйткені адамның сырт келбеті тартымды болмаса, ішкі жан дүниесі де көбімізді қызықтыра бермейтіні белгілі.</p> <p>«Кітапты қабына байланысты бағалама» деген сөздердің адамға қатысты да көп айтылатынын бәріміз білеміз. Алайда, осы арада адамдардың пікірі екіге бөлінеді. Біреулері «сырт келбеттің ішкі әлемге еш қатысы жоқ» десе, екінші топтағылар «адамның сырт келбеті оның мінезін, ойын анықтайды» деп жатады. Адам баласы өмірге келгенде өзінің түрін, келбетін өзі таңдамайды. Бірақ өмір сүру барысында сырт келбетін дұрыс қалыптастырып, күтім жасауының арқасында бақыт құсын қолына қондырса, келбетінің кесірінен армандарын желге ұшырып алуы да әбден</p>	V	+	-	?	Бұрыннан білемін.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Менің ойлағаным а ұқсамайды.	Келісе алмаймын. Білгім келеді.	<p>А.Әлімов Интербел сенді әдістемені мектепте қолдану Алматы 2015</p> <p>5-сынып «Қазақ тілі» оқулығы «Атамұра» баспасы 2017 жыл</p> <p>«Оқыту үшін бағалау құралдары»<i>Майк Гершон</i></p>
V	+	-	?							
Бұрыннан білемін.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Менің ойлағаным а ұқсамайды.	Келісе алмаймын. Білгім келеді.							

7 минут	<p>мүмкін. Сондықтан сыртқы келбетке аса мән берген жөн. Талғамды, әманда, ақылға жүгіндіру қажет.</p> <p><b>(К)</b> Өзара бағалау. Оқушылар жұптық жұмыс арқылы бір-бірінің кестелерін «Екі жұлдыз, бір тілек» тәсілі арқылы бағалайды. Екі жетістігі және бір ұсыныстарын жазады.</p> <p><b>(Т) 2-тапсырма «Ақпаратты сүзу»</b> әдісі. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды. Маңызды емес ақпараттар құбырға ағып кетіп, тек маңызды деген сөздер «сүзгіде» қалады.</p> <p>Топтар жасаған графикалық органиайзерлерін қорғайды  <b>Дескриптор;</b>  - Берілген мәтін бойынша қосымша ақпараттарды жазады;  5) Негізгі ақпаратты анықтайды;</p> <p><b>(К)</b> «Бас бармақ» әдісі арқылы топпен өзара бағалайды.</p>	<p>Үлестірме материалдары. 2017 жыл</p> <p>флипчарт, маркер</p> <p>«Оқыту үшін бағалау құралдары»<i>Майк Гершон</i></p>
8 минут	<p>«Өте жақсы жауап» - </p> <p>«Жақсы жауап»-  </p> <p>«Жауапқа қанағаттанбадым»- </p> <p><b>(Ө) 3- тапсырма «Бес сөйлеммен түйіндеу»</b> әдісі  Оқушылар тақырып бойынша білімдерін түйіндейтін бес сөйлем жазады. Бес сөйлемде мәтіндегі негізі ақпарат сақталады. Содан кейін сөйлемдерді сыныптастар бағалай алады немесе көшіріп жазады, т.б. Әр оқушы оқып шығады.</p> <p><b>Дескриптор;</b>  - Негізгі ақпаратқа сүйене отырып, жинақтап жазады;  - Орфографиялық нормаға сай жазады;</p> <p><b>Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма</b>  <b>(К)</b> Дескрипторлар бойынша оқушылар өзін- өзі бағалайды.</p>	<p>Үлестірме материалдары 111бет 2017 жыл</p> <p>«Оқыту үшін бағалау құралдары»<i>Майк Гершон</i></p>
7 минут	<p><b>Сергіту сәті:</b> Ән« Мен ұқыпты баламын» Би қимылдарын жасайды</p> <p><b>4-тапсырма</b>  <b>(Ө) Саралау тапсырмасы .</b>  "Крест-нөл" әдісі беріледі. Оқушылар қызығушылықтары бойынша өздері таңдап алады.</p> <p><b>(К)</b> Топпен «От шашу» қол шапалақтау тәсілі арқылы топпен бағалайды </p>	

<p><b>Сабақтың соңы</b> 5 минут</p>	<p><b>“Аяқталмаған сөйлемдер”</b> әдісі арқылы көп нүктенің орнына сабақтан алған әсерлерін қорытындылап жазады. Бүгін мен..... білдім. ..... қызықты болды. ..... қиын болды. ..... тапсырманы мен орындадым. ..... екенін түсіндім. Мен енді..... білемін. Мен..... сезіндім. Мен..... білім алдым. Мен..... үйрендім. ..... менің қолымнан келді. Мен..... жасай алдым. Мен..... жасап көруге талпынамын. ..... мені таң қалдырды. Сабақ менің өміріме..... берді. Менің..... жасағым келді.</p>	
<p><b>Қосымша ақпараттар</b></p>		
<p><b>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</b></p>	<p><b>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</b></p>	<p><b>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</b></p>
<p><i>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтуы мүмкін (Гарднер бойынша көптік зият теориясы). Уақытты тиімді пайдалана отырып, саралауды сабақтың кез келген кезеңінде қолдануға болады. Оқушылардың қызығушылығын арттыруға байланысты «Крест-нөл» әдісі беріледі.</i></p>	<p><i>Бұл бөлімде оқушылардың сабақ кезінде нені үйренгендерін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдерді жазыңыз. «От шашу» әдісі, «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі, «Бас бармақ» әдісі, өзін-өзі бағалау, дескриптор арқылы бағалау</i></p>	<p><i>Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолдану. Осы сабақта қолданылатын <b>Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары</b></i></p>



## «МУЗЫКАЛЫҚ КӨРКЕМДІК»

**БҚО, Казталов ауданы, Казталов ауылы  
Казталов аудандық балалар саз мектебінің  
сольфеджио пәнінің мұғалімі  
Байгунакова Розагул Гумаровна**

Музыкалық көркемдік – көпшілікке айтарымыз - ляззат алар көркемдіктен хабар беру. Адам баласының сезім мүшесімен түрлі дыбыс қасиеттерін тыңдап, олардың бірінен-бірін ажырата білу бойға біткен ерекше дарындылығы бар. Әркім күнделікті өмірде қаншама жағымды, жағымсыз дыбыстарды естіп, сезім мүшелерімен қабылдап отырады. Соның ішінде адамның дауысын бірінен-бірін ажырату қабілеті өте жоғары. Мысалы, 10 жыл бірге оқыған балалар ауылға бөлек кеткен соң да өзіне таныс жолдасының дауысын еске түсіріп, қайта жаңғырта алады. Міне, адам баласының өзіне тән даусының тембры, әсемділігі, сөйлеу, жүру, өлең айту ерекшелігімен қатар, дауыс пен дыбыс ерекшеліктері де көп уақытқа дейін есте сақталады. Әр халықтың өз мәдениетіне сай музыка аспаптары бар. Осы музыка аспаптарының да өздерінше бас ерекшеліктері мен музыкалық сазы болады. Оған сәйкес халық музыкасының да өзіндік ерекше қасиеттері мол. Мысалы: қазақтың әндері мен күйлерін, грузин, өзбек, украин, үнді, венгриялық халық музыкасымен салыстырсақ, өзіндік алшақ үн айырмашылығын байқаймыз. Радио мен теледидардан беріліп жатқан халық музыкасын қай халықтың музыкасы екенін тыңдаушылар ажырата алады.

Музыка көркемдік, әсем саздар шығаруында музыканың көптеген заңдары, ерекшеліктері, көркемдік қасиеттерінің бір салада, бір бағытта үн қосып, адамға эстетикалық азық беруі – өзінше бір табиғи құбылыс. Музыканың негізгі әсемдік үн беретін көркемдік қасиеттерін айтар болсақ, олар мыналар: мелодия, гармония, ритм, метр, темп, регистр, тембр, фоктура, тональность, интервал және лад т.б.

Мелодия – грек халқының екі сөзінен пайда болған. Мелос –ән және одс-айту деген сөздердің қосындысы ән айту деген ұғымды анықтайды. Әннің мелодиясы текстімен сәйкес үндеседі.

Мелодия – музыканың жаны, негізгі арқауы. Адам ән айтқанда, музыкалық аспаптар баян, қобыз, скрипкада ойнағанда, мелодияның дыбысы естіледі. Орыстың музыка зерттеушісі А.Н.Серов мелодияның атқаратын рөлі жайлы былай деген: «Мелодия да негізгі көркемдік музыка дыбыстары ішіндегі таң қалдыратыны, бұнсыз барлығы өнсіз, түссіз, жансыз...»

Көлемі үлкен музыкалық шығарманың да, әндердің де қайсысында болмасын, құлаққа жағымды мелодиясы болады. Композиторлар А.Жубанов пен Л.Хамидидің «Абай» атты операсынан абайдың ариясын мысалға алуға болады. Егерде музыкалық шығарма тыңдаушыға ұнаса, оның есінде көп сақталады. Құлағынан кетпей ызындап тұрғандай болады. Мелодия, негізінде әр жақты болып келеді. Ол музыканың негізі болғандықтан, басқа әсемдік беретін салаларымен тығыз байланыста болады.

Дыбыс-мелодияның ең бір кішкене бөлігін айтамыз. Негізгі дыбыстарымыздың барлығын фортепиано музыкалы аспаптан байқау қиын емес. Бұнда ең төменгі дыбыс пен ең жоғары дыбыстарды кездестіру болады.

Дыбыстар көп болғандықтан олар оқтын-оқтын түрлі жоғарлықта қайталанып отырады. Музыкадағы негізгі дыбыстар жетеу, олардың өзіне тән аттары бар: до, ре, ми, фа, соль, ля, си. Ал қалған дыбыстар көмекші дыбыстар деп аталады. Олардың аттары до-диез немесе ре бемоль, фа-диез немесе соль-бемоль деп аталады. Осы айтылған дыбыстардың өзіне тән жоғарылығы болады.

Интервал (аралық) деп биіктігі әр түрлі екі дыбыстың ара қашықтығын айтамыз. Интервалдардың өздеріне тән аттары бар: секунда – ең жақын екі дыбыстың ара қашықтығы, терция – үш дыбысты қамтиды, кварта – төрт дыбыстан, квинта – бес дыбыстан, секста – алты дыбыстан, септима – жеті дыбыстан, октава – сегіз дыбыстан алынып, екі дыбыстың арасын мелодия үнмен жалғастырады. Интервалдардың мелодияға беретін әсемдік қасиеттері шексіз. Мысалы: «Совет одағының гимні» - кварта интервалымен, «Қазақ ССР-нің гимні», «Интернационал» мен «Марсельда» әндері осы интервалмен басталады. Қазақтың халық әні «Япурай» секунда интервалымен басталса, композитор Вармаловтың «Қызыл сарафан» романсын секста интервалымен, композитор А.Жубановтың «Қарлығашы» квитамен әуендете жөнеледі.

Лад – деп тұрақты және тұрақсыз дыбыстардың үндесуінен пайда болған үндесу қатынасын айтамыз. Негізгі дыбыстар тұрақты және тұрақсыз болып бөлінеді. Әрбір мелодия сол тұрақты, тұрақсыз дыбыстардың байланысынан туады. Түрлі әндерді ырғағына келтіріп ойнау үшін оның заңдарын білу керек. Күнделікті айтып жүрген әндеріміз, тыңдап жүрген музыкалық шығармаларымыз, көңілді, шатты, марш екпінімен, көтеріңкі немесе көңілсіз, күнгірт, қайғылы және мұнды болып орындалады. Міне, осыған байланысты музыкада негізгі екі лад бар. Біріншісі – мажор (қатаң) дыбыстар үндестігі арқылы шатты сезімді, ашық көңілді білдіретін лад, екіншісі минор (ұяң) дыбыстар үндестігі арқылы күнгірт, жұмсақ, мұнды ой туғызатын лад.

Глинканың «Руслан және Людмила» операсының увертюрасы, Бизенің «Кармен» операсының увертюрасы, Хамидидің «Қазақ вальсі» мажор ладтарымен жазылса, Чайковскийдің «Алтыншы симфониясының» соңы, Вердидің «Гравиата» операсының кіріспесі, Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып», Соловьев Седойдың «Москва маңындағы кештер» сияқты шығармалары минор ладтарымен жазылған.

Гармония – деп аккордты көп дыбыстардың бір-бірімен үндесуін айтамыз. Мелодияға көркемдік үн беретін – гармония. Музыкалық шығармалардың барлығына кең дауыс, әсем үн беріп тұрған музыканың әсемдік әсемдік тілінің бірі – гармония. Гармония үлкен-кішілі музыкалық шығармалардың эмоциялық жалынды мазмұнын терең сезініп түсінуге көмек береді.

Тональность (қалыптылық) деп лад дыбыстарының өз ара бірлестігінің қандай биіктікте тұрғанын білдіретін ұғымды айтамыз. Қандай музыкалық шығарма болмасын, әр уақытта бір тональностыда жазылады. Ол жазылған тональностерінің аты сол шығарманың ішіндегі дыбыстардың негізгі тұрақтыларының атымен аталады. Мысалы Шопеннің ноктюрні до-минор тональдігінде десек, бұл шығармадағы негізгі тұрақты дыбыс до болады да, лад жағынан минорлық лад болады. Міне, музыкалық шығармаға әсем және көркемдік сән беріп, оны толықтырып отыратын әсемдік тілдің бірі тональность боп есептеледі.

Ритм (ырғақ) деп дыбыстардың әр түрлі ұзақтық ара қатынасын айтамыз. Ритмнің музыкада атқаратын рөлі өте зор. Музыканы үйренуге негізгі көңіл аударатын нәрсенің бірі – ритм. Адамның күнделікті өмірінің бәрі әр түрлі ритммен тұрады. Адам жүрісінің, сөзінің қозғалыстарының нотаға түсіретін болса, музыка ырғағы әр түрлі болып келеді. Нәрлей айтсақ, ритм музыкалық шығарманың тамыры деп аталады.

Темп (жылдамдық, шапшаңдық) деп музыкалық шығарманың ойналу жылдамдығы желісін айтамыз. Композитор қандай музыка жазбасын, әр уақытта оның ойналу немесе айтылу жылдамдығын шығарманың басында көрсетеді. Музыкалы шығармалардың ойналу барысында темп өте көп болғанымен, олар негізгі үш бөлүмге бөлінеді. Бірінші – өте жай, салмақпен ойналатын шығармалар, екіншісі – орта жылдамдықпен, үшіншісі шапшаң және тез жылдамдықпен орындалатын шығармалар.

Тембр (әсем, сүйкімді) деп музыкалы аспаптар мен адам дауыстарының өздеріне тән әсемдік ерекшеліктерін айтамыз. Қандай музыкалық аспаптар болмасын, оның өзіне тән ерекшелігі бар. Қобыз бен домбыра, фортепиано мен аккордион, балалайка мен гармон, труба мен клорнеттің өздеріне тән дауыстарының ерекшелігі бар. Атап айтсақ, СССР халық әртісі К.Байсейтованың тамаша дауысын радиодан тыңдаса, екіншісі бірі бұл айтып тұрған Күләш деп тани кетеді. Ал симфониялық халық аспаптар оркестрінде орындалатын музыкалық шығармаға қатысты барлық аспаптардың тембрлері бар. Сондықтан үлкен оркестрді тембрдің энциклопедиясы деуге болады.

Полифония деп екі немесе бірнеше тәуелсіз мелодиялардың бір мезгілде теңдес ойнауын айтамыз. Полифонияның жәрдемімен композитор шығарманың мазмұнды терең және әр жақты етіп көрсете алады. Мысалы, үш дауысты болып өңделген халық әні «Қара торғай» мен Чайковскийдің

« Пиковая дама» операсынан Лиза мен Полинаның дуэті осы полифонияның заң тәртібімен жазылған. Бұл дуэте екі дауыс бір-біріне бағынышты емес, екеуі жеке – жеке өзіндік әсемділігі бар мелодиялардан құралып, бір толық ойды білдіріп тұрады. Осындай екі, үш, төрт т.б. дауыстардан пайда болатын көркем шығармаға әсемдік, сәндік үн беретін музыка жанрының бірі – полифония.

Музыкалық фраза. Біз күнделікті өмірде адамдардың бір-бірімен тілдесіп сөйлесетінін білеміз. Адам сөйлескенде азды-көпті сөздерді, сөйлемдерді пайдаланады. Музыканың негізі, мелодияның құрылысы да дәл осындай болып келеді. Музыканы тыңдай отырып, мелодияның өзі бірнеше бөлімдерден құралатынын байқаймыз. Музыкалық тілмен айтқанда осы мелодияның бөлімдерін фраза деп атаймыз. Мелодияның әсемділігі мен көңілге қонымдылығы, сезімділік әсері фразаның құрылысына байланысты болып отырады.

\* \* \* \* \*

**БҚО , Казталов ауданы, Казталов ауылы  
Казталов аудандық балалар саз мектебінің  
І санатты хор пәнінің мұғалімі  
Мерғалиева Гаухар Рыскалиевна**

**Сабақтың тақырыбы: Ән – хор айту дағдылары**

**Сабақтың мақсаты:**

1. Ән – хор айту дағдыларымен таныстыру, дауыс жаттығуын жасауға дағдыландыру.
2. Оқушыларды дауыс үйлесімділігіне баулу, музыкалық сауаттылығын дамыту.
3. Ән мазмұны арқылы туған жерін сүюге, құрмет тұтуға тәрбиелеу.

Сабақтың типі: аралас сабақ

Сабақтың түрі: дәстүрлі сабақ

Сабақтың әдісі: көрнекілік, сұрақ - жауап, жаттығу

Көрнекілігі: Суреттер, тірек - сызбалар

Қолданылатын технологиялық құралдар: интерактивті тақта, баян

Пәнаралық байланыс: әдебиет

**Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі

1. Әнұран тыңдау

2. Оқушыларды ән айтуға бейімдеп отырғызу

II. Өткен сабаққа шолу жасау.

1. Ән тыңдау. «Прекрасное далеко»

Хор дегеніміз не? (Анықтама беру, тақтадан сызба арқылы түсіндіру)

Хор – әншілердің қосылып, ән салатын үлкен тобы

2. Аралас хордың дауыстарын атаңдар.

Сопрано – әйелдердің жіңішке, биік даусы

Альт – әйелдердің төмен даусы

Тенор - ерлердің биік даусы

Бас – ерлердің жуан даусы

3. Дауыс жаттығуын орындау.

А) Лад дыбыстарын жоғары, төмен гамма бойынша орындау

Ә) Жабық ауызбен жасау

Б) А, о, ля, лё, лю дыбыстары арқылы жаттығулар жасау.

В) Негізгі дыбыстарды ұстап тұру. До, ми, соль

4. Тренинг. «Мимика»

Қуанышты бет - әлпетпен айту

Ренішті бет - әлпетпен айту

III. Жаңа сабақ.

1. Тыныштандыру сәті. Музыка тыңдау.

2. Ән айту ережелерін еске түсіру

3. Ән – хор айту дағдылары

1) Әнді отырып орындағанда, орындыққа жартылай, екі аяқты жерге тең басып, қолды екі тізенің үстіне қойып, түзу еркін отыру.

2) Тұрып орындағанда екі аяққа тең тұрып, қолды жанына түсіріп, еркін тұру

3) Басты тым жоғары көтермей, тым төмен түсірмей, өз деңгейінде ұстау

4) Әнді орындағанда иықты көтермей денені еркін ұстау керек.

5) Хор шығармасын біркелкі көркем орындау, үшін мұғалімнің қол қимылын түсініп, ұқыптылықпен іске асыру.

6) Хор шығармасын орындағанда әнші өзгелерден ерекшеленбей, бірін - бірі тыңдап біркелкі орындау.

4. Ән үйрену. «Гүлдей жайна Қазақстан»

а) Әнді тыңдату

ә) Авторы жайлы мағлұмат беру

Әні: И. Нүсіпбаевтікі

Сөзі: Н. Әлімқұловтікі

б) Сөзінің мағынасын түсіндіру.

5. Дәптермен жұмыс.

Жаңа сабақты бекіту.

Әңгіме кестесін толтыру.

IV. Қорытындылау.

1. Ән - хор айту дағдыларына нелер жатады?

2. Аралас хордың дауыстарын атаңдар.

V. Үйге тапсырма беру

\*\*\*\*\*

**Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы  
Мұкарама орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі Алимбаева Гүлайым Зарипхановна**

<b>Дата:</b>	ФИО учителя:	
<b>Класс:</b>	Количество присутствующих: отсутствующих:	
<b>Урок</b>	<b>Тема: « Дружба-это дар»</b>	
<b>Цели обучения:</b>		
5.1.3.1- понимать основное содержание произведений фольклора и литературы/ фрагментов, содержащих знакомые лексические и грамматические единицы, определять тему. 5.2.5.1- участвовать в диалоге, правильно понимая реплики и предоставляя обратную связь; 5.2.4.1- 5.5.2.2- использовать необходимые синтаксические конструкции для выражения своего мнения, уверенности/, согласия \ несогласия.		
<b>Предполагае мый результат</b>	<b>Все учащиеся смогут:</b>	
	определять основную мысль текста; определить тему текста;	

	составлять и разыгрывать диалог; правильно употреблять существительные с прилагательными; передавать события, соблюдая последовательность; указать стили текста;	
	<b>Большинство учащихся смогут:</b>	
	согласовывать имена прилагательные с именами существительными; составлять предложения, используя данные слова; высказывать простые оценочные суждения; различать родственные слова и формы одного и того же слово;	
	<b>Некоторые учащиеся смогут:</b> Делать морфемный разбор слово;	
<b>Языковая цель</b>	<b>Полиязычие:</b> <i>однокоренные слова-түбірлес сөздер</i> ; Форма одного того же слово-бір сөздің түбірі; Корень слово-сөздің түбірі <b>Основные термины и словосочетания:</b> <i>дар – подарок, друг ,подруга,подружка дружный,дружить,подружиться, дружба,дружно</i>	
<b>Цель урока:</b>	Обеспечить формирование интереса к изучению русского языка.	
<b>Привитие ценностей</b>	помочь учащимся понять необходимость и ценность понятия "дружба";	
<b>Межпредметные связи</b>	Взаимосвязь с предметами: казахский язык, английский язык	
<b>Навыки использования ИКТ</b>	Слайд «Части слова»	
<b>Предварительные знания</b>	Учащиеся имеют определенную базу знаний по теме на русском языке. Формулируют простые вопросы по содержанию текста, используя глаголы нужного времени.	
<b>Ход урока</b>		
<b>Этапы урока</b>	<b>Запланированная деятельность на уроке</b>	<b>Ресурсы</b>
<b>Начало урока</b>	<b>I. Организационный момент.</b> <b>Эмоциональный настрой.</b> Человеческая доброта - самое удивительное явление в мире. Попробуйте с помощью улыбки передать своё настроение. Я вижу настроение у вас хорошее, деловое, итак, за работу. <b>Проверка домашнего задания.</b> <b>II. Актуализация знаний.</b> Какое слово зашифровано: РАДБУЖ? Расставьте буквы так, чтобы получилось слово. Подумайте, что каждый из вас знает об этом слове и что вы хотите узнать. <b>(Деятельность учащихся)</b> К Прогнозирование учащимися темы урока.	Учебник. Часть 1, §1
<b>Середина урока</b>	<b>III. Изучение нового материала</b> <b>(К,И) упр 192</b> Ознакомьтесь со значением слова <i>дружба</i> . Как называется словарь, в котором можно узнать значение слова? 1. Рассмотрите рисунок и назовите имена героев. Что вы знаете о них, из какого они мультфильма? 2. Послушайте весёлую песню «У друзей нет выходных». Почему у друзей нет выходных? Упр.193 Прочитайте предложения. Сравните выделенные слова. Почему такие слова называются родственными? Работа с «Вашим помощником» <b>Корень слова. Однокоренные слова.</b> Слайд «Части слова» <b>(К) упр. 194</b> Послушайте стихотворение Ю. Белоусовой. О чём в нём говорится? Как надо читать стихотворение вслух: печально, весело, бодро, торжественно? Почему вы так думаете? Работа с учебным словообразовательным гнездом (УСГ) <b>(И) (Деятельность учащихся)</b> ученики подбирают к УСГ ( <i>дар – подарок,</i>	Учебник. §2  <a href="https://www.youtube.com/watch?v=B2Cj7uscxUw">https://www.youtube.com/watch?v=B2Cj7uscxUw</a> Загадка. <b>Физкультурная минутка.</b> <b>Родственные слова</b> Если я назову пару родственных



	<p><i>друг , подруга, подружка , дружный, дружить, подружиться, дружба, дружно</i>) подходящие по смыслу слова.</p> <p><b>Деление на группы.</b> На столе лежат карточки желтого и зеленого цвета, учащиеся выбирают определенные цвета, делятся на группы.</p> <p><b>(Г) Работа в группах.</b></p> <p><b>Физминутка</b></p> <p><b>IV. Освоение изученного материала.</b></p> <p><b>(К) (Деятельность учащихся)</b></p> <p>(К) Лингвистическая игра. Являются ли данные ряды слов родственными? Исправьте ошибки.</p> <p>Упр 197 Поисковое чтение текста «Ежик и Звездочка». Работа с карточкой-информатором. Учитель на базе текста задает вопросы, использует прием «Атака вопросами».</p> <p>Задание к тексту: подумайте и скажите, почему этот текст является сказкой. Сформулируйте её основную мысль. Найдите и выпишите из текста однокоренные слова.</p> <p><b>(П) Работа в парах.</b> 1.Разыграйте диалог по ролям, передавая голосом настроение героев. 2.На каких языках вы можете поздороваться, попрощаться с другом (подругой) или сказать «мои друзья»?</p>	<p>слов, вы хлопаете в ладоши. Если назову пару слов, которые не являются родственными и, вы приседаете. Постарайтесь сосчитать, сколько пар родственных слов будет названо.</p> <p><i>Лес — лесник, река — ручей, стена — потолок, кот — котик, сад — садовый, дом — домашний, дом — дым, поле — полюшко, гриб — грибной, обед — стол.</i></p> <p>Разноцветные карточки Метод «Джигсо»</p>
<p><b>Конец урока</b></p>	<p><b>(И)</b> Прием «Верные и неверные утверждения» выявляет уровень усвоения полученной информации на данном уроке. Для самостоятельного изучения предлагается «УС».</p> <p><b>Рефлексия</b></p> <p>Как проходило занятие? Что было удачно? Что было неудачно? Что Вы хотите изменить? В какой поддержке Вы нуждаетесь?</p> <p><b>(И) (Деятельность учащихся)</b> После рефлексии учащиеся заполняют таблицу.</p>	<p>Учебник</p>



**Зиенгалиева Толганай Сериковна**

**Қайшақұдық бастауыш жалпы білім беретін мектебінің 4-сынып оқушысы  
Батыс Қазақстан облысы  
Казталов ауданы Қайшақұдық ауылы**

**«ЕЛІ ҮШІН ТУҒАН ЕЛБАСЫ»**

Тәуелсіздік қадірлі сөз, киелім,  
Бейбіт жатқан байтақ елді сүйемін.  
Елбасымыз Нұрсұлтандай дананың,  
Арқасында ен байлыққа иемін.



Байлығым - сол өркендеген еліміз,  
Қасиет пен өнер тұнған жеріміз.  
Елбасының салған сара жолымен  
Алға қарай қарыштаймыз, сеніңіз!

Көк аспанда көк туымыз самғасын!  
Алтын қыран қанат қағып талмасын!  
Ұрпағымыз ұлы дала көшімен,  
Болашақтың нұрлы жолын жалғасын!

\* \* \* \* \*

**Талгатов Канат Талгатович**

**Қайшақұдық бастауыш жалпы білім беретін мектебінің 4-сынып оқушысы  
Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы  
Қайшақұдық ауылы**

**«АУЫЛЫМ-АЛТЫН БЕСІГІМ»**

Ауылым алтын бесігім,  
Айқара ашқан есігін.  
Ержетіп, үлкен болсам да,  
Сақталар есте есімің,  
Советтік заман кезінде,  
Еңбек ері атанған.  
Ауылымның атауы,  
Қайша апаммен аталған.



\* \* \* \* \*

**Хабаров Ерсин Турсынғалиевич**


**Қайшақұдық бастауыш жалпы білім беретін мектебінің 4-сынып оқушысы  
Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы  
Қайшақұдық ауылы**

**«ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒА»**

1-желтоқсан адамзат үшін ерекше күн. Өйткені, бұл күн «Тұңғыш Президент» күні. 1991 жылдан осы күнге дейін 26 жыл ел басқарып келе жатқан Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атамиздың күні. Қазақстанды қазір танымайтын, білмейтін ел кемде-кем. Еліміз дағдарысқа түскенде қиындыққа мойымай, бүкіл адамзатты бірлікке шақырып, қиындықпен күресті. Бұның барлығы Елбасымыздың табандылығының, еңбекқорлығының, тапқырлығының арқасы.

2012 жылы 1 желтоқсан «Тұңғыш Президент» күні болып жарияланды. Сол күннен бері атаулы мереке болып тойланып келеді. Биыл бұл мерекенің тойланғанына 5 жыл толып отыр. Қазақстандықтарды мерекелерімен құттықтай отырып, Нұр атама мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбекте жетістіктерге жетіп, еліміз әлі де дамып, көркейе берсін. Еліміз тыныш, әр күніміз нұрлы болсын!

\* \* \* \* \*



## МЕНИҢ ПРЕЗИДЕНТИМ

### Азамат Рафаэльұлы 7 сынып оқушысы Қарасу ОЖББМ

Кең байтақ Отаным, кең пейілді дана халқым, кең жазирадай көсілген далам, елін басқарған көшбасшы, дана Елбасым барда мен шексіз бақыттымын!

Бүгінгі таңда еңсемізді көтеріп, тәуелсіздіктің көк туын желбіретіп, етек – жеңімізді қымтап, ержеткен баладаймыз... Оңымыз бен солымызды ажыратар тұста Н.Ә.Назарбаев атамыз жүрекке қатқан жараны аялы алақанымен емдеуде. «Көрегенді басшы ел қамын ойлар болар» - деп бабаларымыз тегін айтпаса керек. Бізге берген Алланың сыйы шығар. Жүректегі жарамыз жазылып, езуімізге күлкі үйірілтіп ХХІ ғасыр табылдырығын нық сеніммен аттадық.

Жарқын болашаққа бастаған біздің Президент «Қазақтардың ұлттық статусы, ұлттық бағасы бүгінде нағыз мемлекет қалыптастырушы ұлт статусына лайық» - деген болатын. Еліміздегі қалыптасқан ұлыстардың арасындағы береке мен бірлік, сыйластық, достық қарым – қатынастың орын тебуі, қазақ жұртының руға, жүзге бөлінбей, тәуелсіздіктің нұрлы шапағымен бойындағы адамгершілік деген дегдар сезімін өмірлік жарық жұлдыз етіп тұтынуы президентімнің сындарлы саясатының арқасы екені хақ.

«Тамшы телегей теңізге айналады» деген сөзді қазақ атам тауып айтқан сияқты. Сонау XV ғасырдағы жер көлемі алақандай ғана қазақ елі бүгінде телегей теңізге, әлем мойындаған патшалыққа айналды. Ел болып, еңсемізді көтеріп, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, өркениетке қанат жаю үшін әлемдік табыстарға қол созып, дамыған елдер қатарынан көріндік, көсегемізді көгертіп, тәуелсіздік жалауын жалтаң өмірдің атжал айдынында асқақ биікке көтеріп, айбынымызды жаһанға таныттық. Осының мәні - Керей мен Жәнібек бастаған сара да дара жолды, елді бір тудың астында ұстай білген білгір саясатын Елбасымыздың асқан көрегенділікпен жалғай білуінде десем, артық айтқаным емес.

Көш басындағы Елбасының асыл қасиеттеріне, ел билеудегі небір дана ойларына қарап, ел болашағының жарқын болатынына, жас ұрпақтың қисық емес, түзу ағаш болып өсетініне сенімім мол.

Адам баласы тәуелсіз, еркін, дербес өмір сүргенде ғана жан рахатына бөленеді. Елбасы сол рахатты халқына сыйлай білді. Соның арқасында біз бүгінгі күнде тәтті шәрбаттің дәмін татудамыз.

Елбасының жүргізген саясаты мен ел өміріне арналған бастамалары арқылы жарқын болашақтың есігін айқара аштық. Елбасы назарынан ештеңеде тыс қалмады. Тіпті қандас бауырларымыздың өзі президенттің арқасында Отанына, Қазақстанға оралуға мүмкіндік алды. Өзінікін қойып, өзге ұлттың баласын емірене бауырына басқан қазақ елінің жан жылуы, президенттің сындарлы саясаты, елі үшін жасаған батыл қадамдары қандас ұландарын еліне шақырды. Қазіргі күні еліне оралған оралман бауырларымыз туған жердің жұпар ауасымен тыныстап, бақытты ғұмыр кешуде.

Ақыл парасатымен, есті істерімен еліне ұйтқы болған қазақтың күре тамырына нәр берген менің Президентім мәңгі жасай берсін дегім келеді.

\* \* \* \* \*



**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы  
Қарасу орта жалпы білім беретін мектебі  
2-сынып оқушысы Айтжан Айару Дидарқызы  
Жетекшісі: Насибулина Менсулу Магзомовна**

**АНА**

Менің мейірімді әжем бар. Ол маған әрқашан қамқор болып жүреді. Мен әжемді өте жақсы көремін. Ол кісі маған ертегілер айтып береді. Мен алыс жолға шығатын болсам, үнемі батасын беріп шығарып салып отырады. Әжемнің жүрегі өте мейірімді, қолдары сондай жұмсақ, құшағы сондай жылы. Оның «Қошақаным балапаным» деген сөзіне ештеңе тең келмейді.

Анам Фариза да өте жақсы адам. Мен ауырып қалсам, әрдайым жанымда болады. Күнде сабақ орындауыма көмектеседі. Киімдерімді тазалап, алдымнан дәмді ас дайындап қояды.

Әжем мен анам-әлемдегі ең қадірлі, қасиетті жандар. Аналарым тек аман болсын, ауырмасын деп тілеймін және әр күні аналарымды қуантуға асығамын. Әжем мен анам менің жақсы оқып, бойжетіп, әдемі қыз болып өсуімді қалайды. Мен олардың сенімін ақтауға тырысамын.

Мені жақсы көретін,

Еркелетіп жүретін.

Көп жасасын аналар,

Үйге шуақ төгетін - аяулы аналарымды үнемі силап, құрметтеймін.

\* \* \* \* \*



## XXI ҒАСЫР - САЛАУАТТЫ ҚОҒАМ ҒАСЫРЫ

**Аты-жөні:** Асылбеков Аңсар Айбарұлы

**Туған күні, айы, жылы:** 27.10.2002 ж

**Сүйікті пәні:** тарих, биология, дене тәрбиесі, қазақ тілі

**Сүйікті ісі:** спорт, кітап оқу

**Ұстанымы:** «оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ»

**Жетістіктері:** Мектеп президенті, мектепшілік, аудандық пәндік олимпиада биология пәні бойынша III орын, аудандық волейбольдан «**Үздік шабуылшы**» мақтау қағазы, Аудандық қазақша күрестен I орын, Аудандық, аймақтық КТА ойындарының «**Үздік ойыншы**» номинациясы.

**Жетекшісі:** Ажкенова Эльмира Махмутовна

Біз бүкіл адамзатпен бірге үлкен тарихи кезең – XXI ғасырға аяқ басып отырмыз. Бұның маңызы ерекше. Өйткені келер ғасырда өркениетті елдер қатарынан орын аламыз десек, біздің халқымыз салауатты қоғамда өмір сүруі тиіс. Қазіргі уақыттағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасындағы бүкіл халыққа, әсіресе өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жолдауларындағы ұзақ мерзімді басымдықтың бірі – «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты» тармағында азаматтарымыздың өмірі аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін оларды салауатты өмір салтына әзірлеу қажеттігі көрсетілген. 1995 жылы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті денсаулықты кең көлемді насихаттау мақсатында «Халық денсаулығы» атты ұлттық бағдарлама жасап, оны кешенді түрде жүйемен жүзеге асыруға тиісті орындарға міндеттеген болатын. Бұл саланың мақсаты – адам денсаулығын сақтау. Елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесін елбасы үлкен проблема етіп қойды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру – жеке адамның өз денсаулығына жаңаша көзқараспен қарауын қалыптастыру мен бүтіндей қоғамның тіршілігі мен мекен ортасының сапасын көтеру арқылы халық жағдайын жақсартуға бағытталған шара. Адам қоғамның қарапайым мүшесі, этикалық және эстетикалық ұстанымдарын жеткізуші жеке тұлға ретінде қарастырылады. Тек осындай жиынтық тәсіл оның негізгі қасиеті – адам денсаулығын сипаттауға мүмкіндік береді.

«Денсаулық дегеніміз – ауру және дене кемістіктерінің болмауы ғана емес, денеде рухани әлеуметтік есен-саулықтың толық сақталуы». Халқымыз қашаннан денсаулықты алдыңғы орынға шығарып, «бірінші байлық» деп есептеген. «Дені саудың – жаны сау» - дейді халық даналығы.

XXI ғасыр медицинасы – гомеопатия, яғни адамның ішкі табиғатын, психологиясын, оның өзгеден бөлек құрылысын зерттеп барып емдеуді қолдау ғасыры. Салауатты өмірді әркім өз отбасынан бастауы керек. Халқымыз ұрпағын «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп тәрбиелеген. Жас кезінен спортқа, салауатты өмірге тәрбиелеген, зиянды әдеттерден аулақ өскен жанның, өскенде де сол бағыттан айнып қоймасы анық. Халық денсаулығын нығайтуда дене тәрбиесі мен спорттың, оларды өмірге енгізудің маңызы зор. Аристотельдің «жанды дене қозғалмаса, өледі» деген пайымдауын әр адам күнделікті тіршілігінің бағдарламасы деп түсінген жөн. Уақыт тауып, тұрақты түрде дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылдану – салауатты өмір сүрудің негізгі көзі. Өркениет деген ұлы ұғымның деңгейінен табылатындай ұлт болуға күш салу үшін жаман әдет, жат қылықтардан аулақ болуымыз керек. XXI ғасырдың табалдырығын аттаған қазіргі кезеңде есірткі дерті қоғамдық – әлеуметтік қауіпті дерт болғандықтан, оған қарсы күрес жалпы қоғамдық маңызды іске айналып отырғанымен, есірткінің таралуы күннен-күнге жайыла түсуде. Онымен күресу тек құқық қорғау органдарының ғана емес, қоғамдық ұйымдардың, әрбір адамның міндеті болуға тиіс.

Қазақстан аумағындағы бүгінгі экологиялық жағдай әр адамның қаншалықты салауатты өмір сүремін дегенімен оған мүмкіншілік бере бермейді. Қоршаған ортаның зиянды әрекеті – ағзаның дұрыс тынығуына, тепе-теңдіктің бұзылуына, жүрек қанайналым қызметінің бұзылуына, ақыр аяғында орталық жүйке жүйелерінің ауруға шалдығуына әкеп соқтырады. Салауатты өмір сүру негізі идеологиялық бағытта жүретін болғандықтан, адам баласы табиғат заңымен бірге діни қағидаларды да мойындауы тиіс. Дін адамды тазалыққа, қоршаған ортамен және басқа адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, зиянды әдеттерден аулақ болуға үйретеді. Адамдар толықмәнді өмір сүріп тіршілік жасау үшін оларға материалдық және рухани байлық керек. Егер адам өмірінде бақытқа жеткісі келсе, қажеттік, мүдде, мақсат, мұрат, арман секілді бірнеше асулардан өтуі керек.

Жаңа өмір салтымыздың негізгі ұстанымы – «Имандылықты сақтап, заңды орындап, парасаттылықпен өмір сүру». Егер біз осы қағиданы басшылыққа алып, өмір сүрсек, келешек ұрпақ санасына осыны сіңіре білсек, еліміздің болашақ тағдырына үлкен сеніммен қараған болар едік.

Лұқман Хакімнен «Өмірде байлық қымбат па, жоқ даңқ қымбат па?» деп сұраған екен. Сонда ол: «Байлық та, даңқ та адам баласын бақытты ете алмайды. Біле білсеңдер, ауру ханнан дені сау қайыршы бақытты.

Ал бақыт дегеніміз не? Әрбір адам өзінің күш-жігерін халқына, өз еліне, ұрпақ тәрбиесіне жұмсап, ақылды, парасатты және денсаулығы зор болса сол ғана бақытты» деген екен. Қалай болғанда да ел, ұлт қамы үшін әр адамның саулығын жақсартуға, сөйтіп салауатты өмір орнатуға бәріміз атсалысуымыз керек.

\* \* \* \* \*





**Мектеп:** БҚО, Казталов ауданы, Қарасу ОЖББМ.

**Аты-жөні:** Бақытжан Гүлназ Әлібекқызы

**Туған күні, айы, жылы:** 03.05.2006


**Сыныбы:** 6

**Сүйікті пәні:** көркем еңбек, қазақ әдебиеті

**Сүйікті ісі:** сурет салу

**Ұраны:** Талаптыға нұр жауар!

**Сынып жетекшісі:** Құлбаева Гүлнұр Сағындыққызы  
(математика пәнінің мұғалімі)



**Аты-жөні:** Мұхамбетов Оралхан Өтемісұлы

**Туған күні, айы, жылы:** 04.03.2006

**Сүйікті пәні:** дене шынықтыру, қазақ әдебиеті

**Сүйікті ісі:** спортпен айналысу, өлең шығару

**Ұраны:** Еңбек етсең ерінбей тояды қарның тіленбей!

**Сынып жетекшісі:** Құлбаева Гүлнұр Сағындыққызы  
(математика пәнінің мұғалімі)

### ӘКЕ-АНА!

Әкешім анашым биік шыңым,  
Сендерсіз қайтер едім  
Үйреткен мына өмірдің барлық сырын  
Әрқашан бірге болсаң  
Жер бетін кезгенменен  
Түгел ғой бар керегің.  
Сендердің көздеріңнен  
Төгілген жылулықты  
Ешкімнен сезбедім мен.

Анашым ақ сүт беріп мәпелеген  
Кешірген көп кетсе де қате  
Анамның алақаны  
Әкемнің қарағаны  
Ұқтырды біз екенін  
Бақытқа балағаны  
Сендердің арқаларың жүргеніміз  
Алаңсыз бұл өмірде күлгеніміз  
Менің қос бәйтерегім

\* \* \* \* \*



## «ЭКСПО ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК»

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қарасу ауылы  
Қарасу орта жалпы білім беретін мектебі  
10- сынып оқушысы Ғылымбеков Нұрлыбек Ғылымбекұлы

**Аты-жөні:** Ғылымбеков Нұрлыбек Ғылымбекұлы

**Туған күні, айы, жылы:** 10.10.2001ж

**Сүйікті пәні:** тарих, география, дене тәрбиесі, қоғамтану.

**Сүйікті ісі:** спорт, кітап оқу

**Ұстанымы:** «жігітке жеті өнерде аз»

**Жетістіктері:** Қазақстан тарихтан аудандық олимпиададан I орын ,  
«ЭКСПО-2017» республикалық сырттай байқау I дәрежелі дипломы эссе жазу,  
мектепшілік, аудандық пән олимпиада жүлдегері

**Жетекшісі:** Куанышкалиева Камшат Бериковна

Мен Ғылымбеков Нұрлыбек Ғылымбекұлы Қарасу орта жалпы білім беретін мектебінің 11 – сынып оқушысымын. Менің арманым осы жазда орындалды деп ойлаймын. Мен осы жазда Астанада өткен «ЭКСПО-2017» көрмесіне бардым. Астана өте әсем қала екен, табиғаты да, ауасы да тамаша. Зәулім- зәулім ғимараттары қалаға сән беріп тұр. «ЭКСПО-2017» көрмесіне бару екінің біріне беріле бермейтін мүмкіндік. ЭКСПО көрмесінен үлкен әсер алдым болашақты көріп қайттым десем артық емес еді. Болашақ энергия көздерін қалай алу жолдарының барлығын өз көзіммен көрдім.

ЭКСПО көрмесіне кіріп келгенде қақ ортада сфера тәріздес шар тұрады, ол Қазақстан Республикасының павильоны «Нұр Әлем» деп аталады және оны қоршай әрбір елдің павильоны және Энергия жолы ғимараты, Ұлттық күн сахнасы, Дю Солей циркі, Арт- Орталық, Shell павильондары, балалар паркі мен ЭКСПО паркі және тағы басқада ғимараттар қоршап тұр.

«Нұр Әлем» павильоны сегіз қабаттан тұрады. Маған ең қатты ұнаған павильон осы «Нұр Әлем» павильоны. Бұл павильоннан Қазақстан Республикасының тарихы, мәдениеті, салт – дәстүрі, Қазақстанның ең көрікті де, әсем жерлері мен елдің жетістіктерін көрдім, мен де осындай елде , жерде тұрғаныма мақтанамын және мақтанышпен айта аламын.

«Болашақ» мұражайы бар. Ғимарат үстіндегі шолу алаңына лифт арқылы көтеріліп, бүкіл ЭКСПО көрме кешенінің ең танымал жері. Павильонның кіре берісінде көрме келушілері жиналатын басты алаң орналасқан. Алғашқы қабатпен ең жоғарғы сегізінші қабатта кешегісі мен келешегі жайлы кең мағлұмат береді. Қалған алты түрлі қуат туралы тоқталатын болсам: екінші қабат - Су энергиясының әлуетін паш етеді, үшінші қабат кинетикалық энергияға арналған, төртінші қабат - биомассаға арналған, бесінші қабат жел энергиясы, алтыншы қабат күн, ал жетінші қабат ғарыш энергиясына арналған.

Басқада елдердің павильондары өздеріне тән энергия алу жолдары мен ерекшеленеді, қай елдің павильонына кірсеңде өз дәстүрі мен тарихы жайлы бейнелейді

Көрме ішіндегі волонтерлардың қызмет көрсетуі ерекше, өте жоғары деңгейде. Волонтерлар көрмені аралап жүрген қай азамтақа да жүрер бағытың мен әрбір елдің павильондарын нақты жақсы етіп түсіндіріп таныстырады. Мен үшін «ЭКСПО-2017» көрмесі естен кетпес қызықтарға толы болды.

Көрме сондай -ақ, елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту жолында қуатты серпін береді.. Сонымен қатар, Астананың көркін одан әрі толықтыратын, көз тартатын павильондар әлем туристерінің назарынан тыс қалмады.

Менің ойымша біздің елде ЕХРО-2017 жобасының өтуі бұл біріншіден,біздің елдің мәртебесі- дер, едім.Екіншіден,бұл қазақ елінің өткен тарихын бүкіл әлемге мойындату.Қазақ елі өте жас мемлекет. Жаңа дамушы ел. Менің ойымша бұл жоба өте жоғары дәрежеде өтті. .ЕХРО-2017 көрмесі бұл біздің дамуымызға үлкен әсерін тигізеді. Осы жобадан кейін біздің шарықтап дамуымызға ешкім кедергі келтіре алмас еді.Көптеген шетелдік компаниялар біздің елімізді дамыту мақсатында инвестициялар құйып өздеріне де ,бізге пайдасын тигізеді. Бұл тәуелсіздік тұғырында жеткен үлкен жетістік болар еді. Қазақстанның жетістіктері мен жеңістері ел тұрғындарының өлшеусіз еңбегінің арқасы-дер,едім.Әрине, төрткүл дүние көз тіккен халықаралық шараны абыроймен өткізу біз үшін зор мақтаныш, биік белес екені сөзсіз

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуынша, дүниежүзінде дағдарыстың жалғасып, ал әлем елдерінің қиындық кешіп жатқандығына қарамастан, Қазақстан өз халқының өмірін жақсартып, әл-ауқатын арттырып келеді- деген,сөз шындық.ЕХРО-2017 бұл - тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның халықаралық сахнадағы ең үлкен жетістігі! Мен өз елімді шексіз сүйем. Отан үшін отқа да,суға да түсетін азаматтардың бірімін. Мен үшін өз елімнің дамыған 30 елдің қатарына кіруі маңызды. Қазақ елінің дамуы ол қазіргі жастардың қолында.ЕХРО-2017 бүкіл елдің басын қосқан дүбірлі дода. Қазақ елі Тәуелсіздігін алғаннан бері қуатты мемлекет ретінде қалыптасып, әлемнің алдыңғы қатарлы еліне айналу жолында талай белестерді бағындырды, тамыры тереңде жатқан төл тарихымыздың жаңа беттері ашылатынына мол сеніммен қараймын.

## АЯУЛЫ АТА-АНАМ

**Аты жөні:** Жасболат Дильназ Әлібекқызы.  
**Туған күні, айы, жылы:** 23.07.200

**Сынып жетекшісі:** Нұрмуханова Сандуғаш Талғатқызы.  
(Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі)

**Сүйікті пәні:** Әдебиеттік оқу, музыка.

**Сүйікті ісі:** өлең шығару ән айту

**Жетістігі:** мектепшілік мәнерлеп оқу ІІ,ІІІ орын 2015-2016ж

**Ұстанымы:** Өнерлі өрге жүзер

Ата-ана бізге өмір сыйлаған, отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Ана есіміне қатыссыз дүниеде қасиетті ештеңе жоқ. Сондықтан, ананы ардақтамайтын халықта жоқ. Ата-ана бізге ең алғаш беретін ақыл кеңесі қайырымды, еңбексүйгіштікке тәрбиелеп, шынышыл болуды, әдепті болуды үйретті. Әкешім - бәйтерегім, мен үшін әкенің орны бөлек. «Әке» деген сөді айтқанда өзіңе пана болар, қиындыққа қалдырмас ақ батасын беріп, ақ жол тілейтін адамың екенін бала жүегі сезгендей, әке әркімге қымбат. Әкені ардақтай білу қажет, өйткені, ол отбасының ең басты отағасы «Әке-асқар тау» деп бекер айтпаған. «Әке және ана» иә, біз өмір бойы алақанымызға салып, аялап, мәпелесекте бұл анамыз бен әкеміздің алдындағы перзенттік парызымызды өтей алмайтын шығармыз. Мына жарық дүниені сыйлады, одан кейін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірді. Менің әкешім 15 жыл полиция қызметкері болды. Мен әкемді мақтан етемін, әлі есімде ол кезде 4-5 жастамын, бірақ, есімде қалғаны үйге өзімен жұмыстас полиция ағалары күн-түн демей жұмыс бабымен жүріп үйге келгенде, анашым оларға шауып жүріп тамақ әзірлеп жүргені. Анашым бәріміздің бабымызды тауып, тыным таппайды. Анашым-Әкешім, сіздер барда ұл – қыздарыңыз бақытты. Әке-ана мен сіздерге мәңгі бақи қарыздармын! Мен өзім әке мен анама шағын ғана өлең шумағымды арнаймын.

### Анашым!

Ақ сүтін берген анашым,  
Мейірбан жақсы перзентін  
Қасымда болшы мәңгілік  
Жанашыр менің анашым!

### Әкетайым!

Жан әкем менің, жан әкем!  
Қамқор болған әрдайым  
Мақтанамын өзіңмен  
Аман болшы жан әкем!

\*\*\*\*\*

## ЕШКІ МАЛЫНЫҢ ПАЙДАСЫ



**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы**  
**Қарасу орта жалпы білім беретін мектебі**  
**2-сынып оқушысы Жұмагелді Әлинұр Асылбекұлы**  
**Жетекшісі: Насибуллина Менсулу Магзомовна**

Қойды көсем бастайтын,  
Өткелден үркіп саспайтын  
Қарағай мүйіз серкелі.  
Сексек ата баласы

Ешкі бассын үйінді - деп халық айтқандай. Ешкі де қазақ халқының ежелден келе жатқан төрт түлігінің бірі. Ешкі - өте өсімтал мал. Ешкінің мүйізі қырлы, дене бітімі жеңіл, құйрығы қысқа келеді. Ертеректе халқымыз ешкіні негізінен сүті үшін өсіргендігін «сойса еті - қалақтай, сауса сүті – бұлақтай», «ешкі сойып жесең – бір күндік, сауып ішсең – мың күндік»- деген мақалдардан айқын білініп тұр. Ешкі өте өсімтал болғандықтан тез өсіп, жылдам көбейеді. Ешкінің еті де, терісі де, сүті де, қылшығы мен түбіті де, тіпті мүйізі де күнделікті тұрмыс кәдесіне жарай береді.. Ешкінің еті аздау болғанымен ерекше күтімді қажет етпейді. Ешкі бір – екі, кейде үшеуден лақтайды. Жақсылап күтсе жылына екі рет төлдейді. Ешкілерді көктемде, жылы аудандарда екінші рет тамыз, қыркүйек айларында қырқады.

Ешкінің жаңа сауылған сүтінің емдік қасиеті өте күшті болады. Күн сайын тамақтың алдында жарты сағат бұрын бір кесе шикі ешкі сүтін ішіп алған адамның ағзасы сау болады, түрлі жұқпалы ауруларға бой алдырмайды. Әсіресе, асқазан ауруларында, қан аздыққа, көздің нашар көруіне пайдалы. Емшек жасындағы балаларды қоректендіру үшін аса қолайлы. Балаларды қоректендіруде сиыр сүтіне қарағанда, ешкі сүті жарамды келеді.

Қазіргі таңда мал шаруашылығы саласында, ата – бабамыз ешкі өсірумен ертеден – ақ айналысқанын, сүтінің адам ағзасына пайдасын түсіндіріп қоймай, өз елімізде ешкіні өсіріп, дамыту қолға алынып хатыр. Тәуелсіз елімізде ата - бабамыздың қалдырған асыл мұрасын қадірлеп жоғалтпай қайта жаңартатын ендігі болашақ - ұрпақ, біздер деп ойлаймын.

\*\*\*\*\*



## АНА-ҚАСИЕТТІ ДЕ КИЕЛІ ЕСІМ!!!



**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қарасу ОЖББМ  
Нұрланұлы Дәулет 4 сынып оқушысы  
Сынып жетекшісі: Мухамбеткалиева Самал Сабитовна**

«Ана» үш әріптен құралған киелі де қастерлі сөз. Әркімнің анасы бар. Сол аналарды құрмет тұтып, қастерлеу біздің борышымыз. Ана түн ұйқысын төрт бөліп біздерді әлпештеп өсіреді. Біздерді басқа балалардан кем болмасын деп алдымызға барын тосады.

Біздер аналарымыздың қадірін білуіміз керек. Ана сүтін ақтамағанды ешкім мақтамайды. Ана бір қолымен бесікті тербетсе, енді бір қолымен әлемді тербетеді. «Алып анадан туады, ат биеден туады» демекші біздің елбасымыз да, елге белгілі әншілеріміз де, жұдырығы балғадай палуандарымыз да, қайтпас қайсар спортшыларымыз да анадан жаралған.

Бұл айтылған тұлғалардың барлығы дерлік қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген аналарының арқасында осындай дәрежеге жетіп отыр. Аналарының қолдау болмағанда олар бұндай болар ма еді? Ана алдындағы борыш анаңды меккеге үш рет арқалап апарсаңда өтелмес деген осы. Оқырмандарға белгілі жазушыларымыздың бірі Ғабит Мүсірепов ана туралы көп қалам тербеген. Оның бізге «Өлімді жеңген Ана», «Ғазиз анна», «Ананың анасы», «Ер ана», «Ақлима» тәрізді әңгімелері белгілі. Шығармашылығының басым бөлігі анаға арналғандықтан жазушының әйел адамға, анасына деген көзқарасы ерекше болғаны айқын байқалады.

Менің де анам бар. Ол мектепте психолог болып жұмыс істейді. Мен анамды қатты жақсы көремін. Себебі, ол мені өмірге әкеліп, барын алдыма тосып, әлпештеп өсірді. Мен анама ризамын. Мен мына өлең шумақтарын аяулы анама арнаймын:

Нұрын шашқан күніміз,

Айжұлдызды түніміз.

Мәпелеген қамқоршым,

Ана біздің гүліміз.

Мен бұл сөзімді «Адам «адам» болғысы келсе, алдымен анасын құрметтей білуі керек»-дер едім. Себебі, анасын сыйламаған адам болып жарытпас. Анадан батыр да туған, ақын да туған, дана да туған, бала да туған. Осынау жүрекжарды сөзді қалай айтсақ та жарасады. Әлемдегі барлық аналарға денсаулық тілеймін. Ананы-баласынан, Баланы-анасынан айырмасын!

\* \* \* \* \*

### МЕНИҢ АРМАНЫМ



**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қарасу ОЖББМ  
Өтеген Айболан Еркебұланұлы 4 сынып оқушысы  
Сынып жетекшісі: Мухамбеткалиева Самал Сабитовна**

Адам баласының арманы көп болады ғой. Арман адамды алға жетелеп, көптеген ерліктерге, адал, батыл әрекеттерге итермелейді. Армансыз адам – ормансыз бұлбұл дейді қазақ халқы. Ал мен «арманы жоқтың – жаны жоқ», - деп айтар едім. Себебі, менің ойымша, жаны нәзік адамдар ғана армандай біледі. Шынымен де, Адамға Алланың берген ерекше қасиеті — армандай білу. Ал, нені, қалай армандайсың — ол әр адамның өз өресіне, өзіне деген сеніміне байланысты. Асыл арман дейміз, асқақ арман деп, арасында орындалмас арман деп те қоямыз. «Арманың орындалсын», — деген тілекті жиі естиміз.

Өз арманым туралы айтып өтетін болсам, менің армандарым көп. Саралай отырып, ең бастысын айтсам – жер бетіндегі адамдардың бәрі мейірімді болса екен, жер бетінде тыныштық пен бірлік болса екен деймін. Сол жағдайда ғана барлық адамдардың арманы орындалады. Менің басқа армандарыма тоқталатын болсақ, олар өте көп. Мен отбасымның мәңгілік бақытты өмірі туралы армандаймын. Келешекте білікті маман болғым келеді, әнші де болғым келеді, дәрігер де болғым келеді, мұғалім де болғым келеді. Адамдарға жақсылық пен ізгілік сыйлағым келеді. Көптеген жетістіктерге жеткім келеді. Жер шарын аралап, саяхат жасауды да армандаймын. Менің арманым көп. Қай арманым қолым жетіп, қай арман мені өмір бойы жетелейтінін білмеймін. Бірақ, бір білетінім – арманымның орындалуы өз қолымда. Ол үшін жақсы оқып, алға ұмтылу керек. Бір орында отыра берген адамның арманы түгіл, ісі де алға баспайды. Сондықтан, менің өмірлік ұстанымым – «Тек алға!!!»

\* \* \* \* \*

## МЕНИҢ ТҰҢҒЫШ ЕЛБАСЫМ!

**Аты-жөні:** Сағидоллина Динара Рафхатқызы  
**Сынып жетекшісі:** Нұрмуханова Саңдуғаш Талғатқызы  
**Туған күні, айы, жылы:** 23.02.2007  
**Сыныбы:** 5  
**Сүйікті пәні:** Математика  
**Сүйікті ісі:** Кітап оқу, сурет салу  
**Ұстанымы:** Тек қана алға!

1940 жылы 6-шілдеде Іле Алатауының баурайындағы Үшқоңыр жайлауында Әбіш пен Әлжан Назарбаевтардың шаңырағында көптен күткен ұл дүниеге келеді. Оған әке-шешесі Нұрсұлтан деп ат қояды. Бұл сәбиге ат табу қиынға түседі. Бәрі жер – жерден түрлі есімдер айтып жатады. Ең соңында Нұрсұлтан деген есімді әжесі қояды. Нұрсұлтанның азамат болып қалыптасуына оның әжесі көп еңбек сіңіреді. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сияқты талантты тұлғаның, халық сүйетін ұлтжанды азаматты білмейтін адам баласы жоқ шығар деп ойлаймын. Алты жастағы баладан алпыс жастағы қартта амандығын тілеп, тілеулес болып отырады. Осындай қазақ елін басқарып отырған елбасымыздың барына қуанамыз. Нұрсұлтан ағамыз Қазақстанды көптеген елдерге танытты. Сонымен қатар қазақ елінің алып отырған жетістіктерінің барлығы осы елбасымыздың арқасы. Сондықтанда сізге айтар алғысымыз шексіз. Әнге толсын барлық қала, ауыл бар, Қағылсын бір барабандар, дабылдар Елбасының туған күнін ардақтау, бәріміздің борышымыз, бауырлар, - деп 1-желтоқсан Нұрсұлтан ағамызды президент күнімен шын жүректен құттықтаймын. Жұмысыңызға табыс тілеймін. Сіздің алар белестеріңіз әлі алда деп ойлаймын. Ешқашанда ауырмаңыз. Менде еліме кішкене болса да үлсімді қосуды армандаймын. Және сол арманымға жетуге тырысып бағамын. Сіздің аман – есен жүруіңізді барлық қазақ елі тілейтіні сөзсіз. Нұрсұлтан ағамыз бала кезінде әжесінің қолында тәрбиеленеді. Нұрсұлтан ағамыздың сабағын әжесі қадалаған. Нұрсұлтан ағамызда біз секілді қарапайым адам, ол жайлауда өскен. Біз сіздің арқаңызда осындай жетістіктерге жетіп отырмыз. Сіз болмасаңыз біз осындай жетістіктерге жете алмайтын едік. Менің жалғыз арманым сіз секілді қазақ еліне көп еңбек сіңіру. Менде сіз секілді ақылды болғым келеді. Бәйтерекке кіргенде сіздің қолыңыз бейнелеген. Сіздің қолыңызға қолымызды қойсақ тілегіміз орындалады дейді. Мен болашақта сіз секілді президент боламын. Мен сізді көргім келеді. Астана қаласында өзіңіздің Ақ одаңыз бар. Нұрсұлтан ағамыз ЕХРО-2017 көрмесіне көп еңбек сіңірдіңіз. Сіздің арқаңызда ЕХРО-2017 көрмесіне жер-жерден әртүрлі елдер келді. Біз сізді ешқашан ұмытпаймыз!

\* \* \* \* \*

## МЕНИҢ ӘКЕМ- ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ЖАҚСЫ АДАМ

Тілеген Диас 3-сынып оқушысы



Әке-асқар тау. Отбасында әкенің орны бөлек. Әке-сол шаңырақтың бар ауыртпалығын көтеретін, тәрбие беруге де міндетті адам. Менің әкем Ғажап-өте керемет адам. Сондықтан, мен әкемді сыйлап, оған үлкен құрметпен, ілтипатпен қарау парызым деп санаймын. Менің әкем маған қашанда қамқор болып жүреді. Әке-ұрпақ панасы, үйдің басшысы, әрі тәрбиешісі. Өмірге келген баланың қадамына мәз болып қуанады. Сондықтан, әке ақылымен жүру, ешкімнің ала жібін аттамай адам болып ғұмыр кешу баланы тек жақсы болашаққа ғана әкеледі. «Әкеге бағыну-Аллаға бағыну» депті Мұхаммет пайғамбарымыз. Демек, әкені ренжітпей, оның айтқанының үдесінен шығып отыру әрбір перзенттің басты парызы екен. Ақылы мен пайымы терең аналар балаларын үнемі әкесін сыйлап, құрметтеуге бейімдеп отырады. «Әкең ренжіп қалар», «Әкең жіберсе барағой», «Әкеңе барып сәлем бер», «Әкеңнің керегін дайында» деп әкеге құрмет, қызмет етуге баланы жасынан дайындап отырса, мұндай отбасында әрдайым тәртіп, ынтымақ пен бірлік болуы сөзсіз. Әке ұл-қызын намысшылдыққа, елі, руы, қала берді өз бауырлары үшін еңбек етіп, өмір сүруге баулып отырады. Әкенің мейірімі мен талап қойғыштығының, еңбеккерлігінің бала тәрбиесіне ықпалы көп.

Жаным әке, сен мен үшін пірімсің,  
Айтылатын әсем әуен, жырымсың,  
Өзің барда қысылмаймын қашанда,

Мейірімді шуағымсың, күнімсің!-деп ақын аталарымыз жырлағандай асқар тау әкелеріміз аман болсын!

\* \* \* \* \*





**Фатима Алтынбекқызы**  
**1-сынып оқушысы**

**Туған ауылым !!!**

Ауылым мақтанышым кең далам,  
Ауылымның түтіні қымбат маған.  
Қараөзен, Сарыөзендерім бар сарқыраған,  
Мақтан етіп ауылымды шаттанам!

Ауылым – алтын бесік тербетілген,  
Құшағы анашымдай сен деп білем.  
Сағынып алысқа кетсем дағы,  
Мен үшін орнын бөлек Қарасуым!

\* \* \* \* \*

### **ҚҰСТАР-ТАБИҒАТТЫҢ КӨРКІ**

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қособа ауылы**  
**Никонор бастауыш жалпы білім беретін мектебінің ІІ санатты**  
**оқытушысы Базарғалиева Турсынгуль Абухановна**

**Никонор бастауыш жалпы білім беретін мектебінің**  
**3-сынып оқушысы Жумалиев Даурен Айбекович**



Құстарға қызығып қарамау мүмкін емес. Өйткені құстар, сымбатты да сұлу, алуан түрлі сыртқы бейнесімен орманның, саябақтардың, шалғындардың сәнін келтіреді, Құс атаулының бәрі пайдалы. Құстардың қайсысын болса да қорғау керек. Құстардың саябаққа, бау-бақшаға, егістіктер мен бақтарға үйірілуіне мүмкіндік жасап, ұсақ құстарға жем шашу, жазда ұялайтын үйшіктер дайындау арқылы қамқорлық жасау - табиғатты көркейтіп, құстарды аялай білудің негізгі шарты. Құстардың ұясын бұзып, жұмыртқасын жарудан аулақ болуымыз керек. Міне, қыс айы келді. Бұл кезде жылы жаққа ұшып кетпей, қар жауып, аяз түссе де туған жерінде қалған қанаттыларға ерекше мейіріммен қарау керек.

Құстарды қорғайық! Құстар - біздің досымыз. Бізде құстарға жем шашып достығымызды білдіреміз.

\* \* \* \* \*

### **ТУҒАН АУЫЛЫМ**

**Батыс Қазақстан облысы**  
**Казталов ауданы Қособа ауылы**  
**Никонор бастауыш жалпы білім**  
**беретін мектебінің оқытушысы**  
**Тулепбергенова Сагадат Алибаевна**

**Никонор бастауыш жалпы білім**  
**беретін мектебінің 3-сынып оқушысы**  
**Кожеева Амина Адиетовна**



Мен ауылым туралы айтып жырлағым да,  
әндеткім де келеді. Мен Батыс Қазақстан

облысы, Казталовка ауданы, Қособа ауылында дүниеге келдім. Кішкентай кезімнен осы ауылымның таза ауасымен, хош иісі аңқыған гүлдердің иісімен, ауылымның ыстық түтінімен демалып келемін. Әр адамның өз ортасы, өз ауылы ыстық қой?! Менің ауылымда кітапхана,фельдшерлік пункт,мектеп бар. Ауылымызға «Ақбұлақ» бағдарламасымен су әкеліп жатыр. Кейде бос уақытымда кітапханадан алған кітаптарымды оқып отырамын. Ауыл маңында малдар су ішетін көбік бар. Менің ауылымда достарым да көп. Олармен татумын. Ауылымның кешкі табиғаты мүлдем өзгеше. Алыстан шаңдарын көтеріп малдар өрістен келеді. Барлығы төлдеріне сүттерін толтырып ала келеді. Бұл көріністі анамыздың бізге дүкеннен тәттілерді әкелгеніне ұқсайды. Өзге ауылға қыдырып бара қалсам, туған ауылымды сағынамын. Тез елге қайтқанша асығамын. "Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас."- деп, аталарымыз бекер айтпаған екен ғой. Сондықтан, достар мен үнемі туған елім, жерім, ауылым туралы жырлауға еш ерінбеймін. Сіздерді де осыған шақырамын. Өскенде өз ауылымның көркеюіне өз үлесімді қосамын. "Ауылымның гүлденгені - Қазақ елінің гүлденгені "- деп ойлаймын. Менің ауылымның табиғаты көркем, тамаша, керемет!



Батыс Қазақстан облысы  
Казталов ауданы Қособа ауылы  
Никонор бастауыш жалпы білім  
беретін мектеп жанындағы  
«Жансая» шағын  
орталықтың тәрбиешісі  
Жанбуршиева Орынай Батырбековна

Батыс Қазақстан облысы  
Казталов ауданы Қособа ауылы  
Никонор бастауыш жалпы білім беретін  
мектеп жанындағы «Жансая» шағын  
орталықтың ІІ кіші топтың тәрбиешісі  
Сатым Сезім Кенжеғалиқызы

\*\*\*\*\*

### « КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРҒА ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ»

А.Хұсайынов атындағы орта жалпы білім беретін  
мектебі 11 – сынып оқушысы  
Қайырғалиева Гүлсезім Дастанқызы

Жетекшісі: математика пәнінің мұғалімі  
Сергазиева Эльвира Есейқызы



Компьютердің пайда болуымен бірге компьютерлік ойындар пайда болды. Компьютердің жетілуіне байланысты ойындар да жетіліп, көптеген адамдарды өзіне еліктіре түсті. Компьютерлік технологиялар саласының жетілуіне байланысты халық арасында «компьютерлік табынушылар» немесе «гамерлер» (ағылшын сөзі «game» - ойын) деп аталатын адамдар саны артуда.

Бұл адамдардың басты іс – әрекеті компьютердегі ойын болып табылады, әлеуметтік қарым – қатынас аймағы өте тар, өзге іс – әрекеті күн көруге, физиологиялық қажеттіліктерін өтеуге, ең бастысы – компьютердегі ойындарға деген қажеттіліктерін өтеуге бағытталады. Бұл мінездеме компьютерлік ойындарға әбден берілген, патологияға, жақын келетін адамдарға сәйкес келеді. Алайда адамның компьютерлік ойындарға деген психологиялық тәуелділік феномені біздің қоғамда орын алып отырғаны сөзсіз.

Компьютерлік ойынға психологиялық тәуелділіктің 4 даму сатысын бөліп қарастыруға болады.

Жеңіл қызығу сатысы. Адам бір немесе бірнеше рет рольдік компьютерлік ойынды ойнаған соң, оның «дәмін сезе бастайды», оған компьютерлік графикасы, дауысы ұнай бастайды, шындық өмір мен фантастикалық мазмұндарды ұқсастыра бастайды.

Бұл сатыда ойынға деген тұрақты қажеттілік қалыптаспайды, ойын адам үшін басты құндылық болып табылмайды.

Қызығу сатысы. Адамның бұл сатыға өтуінің басты факторы компьютерлік ойынға деген жаңа қажеттіліктің пайда болуы. Компьютерлік ойынды ойнау бұл сатыда жүйелі сипат алады.

Тәуелділік сатысы. Тәуелділік келесідей екі форманың біреуінде көрінуі мүмкін. Ойынға тәуелділіктің әлеуметтенген формасында қоршаған адамдармен әлеуметтік қарым – қатынас жасау (бірақ көбіне өздері сияқты ойыншылармен) орын алады.

Компьютерлік ойынға тәуелділіктің қалыптасу механизмі жартылай санадан тыс ұмтылыстар мен қажеттіліктерге, атап айтсақ шындық өмірден кету және рольді қабылдауға негізделген. Бұл механизм адамның сана – сезіміне және ойын іс – әрекеттің мотивациясының сипатына тәуелсіз жұмыс жасайды. Яғни адам компьютерлік ойындарды не себеппен бастап ойнаса да, тәуелділіктің қалыптасуының механизмдері іске қосылады.

Шындық өмірден кету механизмінің негізі адамның күнделікті күйбең тіршілігінен, проблемаларынан «кетуі», күш – қуаты сақтап қалу қажеттілігінің өзіндік трансформациясы болып табылады. Механизмнің психологиялық аспектілері адамның күнделікті өмірдегі түрлі мәселелері мен жағымсыз жақтарынан құтылуға деген табиғи ұмтылысына негізделген.

Адамның компьютермен әрекет етуінің психологиялық аспектілерін зерттеу болашақта бұл мәселенің шешу жолдарын табуға және алдын алуға мүмкіндік береді.

## ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАҒЫ ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАР ЖАСАУ

БҚО, Казталов ауданы, Бостандық орта жалпы білім беретін мектебі  
Есенгелдина Айзере Еділбекқызы 10 сынып  
Жетекшісі: Технология пәні мұғалімі Ескендірова Жайнагүл Болатқызы

**Тақырыбы:** Ұлттық нақыштағы әшекей бұйымдар жасау (фетра )

**Мақсаты:** балаларға қосымша білім беруде оқушының білімін, шеберлігін көрсету. Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалып тастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту.

**Түйінді идеялар :** Қазақ халқының сәндік – қолданбалы өнері барынша дамыған, бағалы әрі мол мұра. Сәндік қолданбалы өнер – даналық пен әсемдіктің таусылмас қайнар көзі. Қолөнер туындылары қайталанбас және алуан түрлі. Пішіндердің ықшам да мәнді үйлесімі, түстердің жоғары талғамы, өрнектердің әсемдігі, композициялық шешімі, көздің мүлтіксіздігін, қолдың дәлдігін және қиял ұшқырлығын ұштастырып, шебердің өзіне тән тәсілдермен орындауына жеткізеді.

Жүн - жануарлардың тері жамылғысы. Жүн дегеніміз жануарлардың мата, киіз-шұға бұйымдарын жасауға жарамды және белгілі бір физикалық қасиеттері бар түк. Жүннен жасалған бұйымдар гигиеналық тазалығымен, сыртқы түрінің әдемілігімен көзге түседі және оларды халық көп тұтынады.

Фетра – талшықтан жасалған маталық емес материал. Фетра матасын өңдеу технологиясы жүнді өңдеу технологиясымен бірдей болып келеді. Фетраға көбіне синтетикалық маталар көп араластырылады. Фетрадан әр түрлі бұйымдар жасауға болады. Олардан: түйреуіш, алқалар, сырға, жилет, яғни қыздар аксессуарларын жасауға болады. Фетра әр түрлі болады: таза жүннен жасалған, жартылай жүннен, эко фетра, акрилді фетра, жасанды, синтетикалық қоспасы бар фетра.

Ұлттық нақыштағы әшекей бұйымдар жасау

**Құрал- жабдықтар мен материалдар:**

- Фетра
- Ою-өрнектер
- Қайшы
- Ыстық клей
- Сызғыш
- Карандаш
- Сумоншақ түрлері
- Әйнек көздер
- Ине
- Жилка



Ұлттық нақышта сырға жасау үшін ою- өрнек түрлерін тандап аламыз.

- Сырғаның көлемін алу үшін қағаз бетіне сызғышпен 6x8,5 см өлшеп сызып алып, ою- өрнектің суретін саламыз.
- Ою- өрнекті қиып және ақ түсті фетра матасына дайын үлгімізді бастырып қиып алу.
- Фетра матасынан қиылған сырғамызды әсемдеу үшін әйнек тастар қажет. Қызыл түсті әйнек тасты ыстық клеймен жапсыру керек.
- Жапсырылған әйнек тастың айналасын сумоншақ пен тігу.
- Сумоншақтың арнайы жіңішке инесімен және жилкамен тігеміз
- Екі сумоншақты инеге түйреп алып тігіп, инені тігілген екі сумоншақтың арасынан алып бір сумоншақтың ортасынан өткізіп, кері екі сумоншақты тігеміз. Осылайша сумоншақты қайталап тігіп шығу керек.
- Ою-өрнектің екі қанатын сумоншақ пен кестелеп шығамыз. Ақ түсті сумоншақтан тігеміз. Бір сумоншақтан бастап тігіп, келесі қатарын екі сумоншақтан аламыз көлемі ұлғайған сайын сумоншақты көбейте береміз.
- Ортанғы қабатын қызыл түсті сумоншақпен тігеміз
- Сумоншақтарды тігіп болғаннан кейін сырғаның илмегін тігеміз.
- Барлығын аяқтаған соң сырғаның артқы жағын екінші үлгіні қиып алып жапсырып тастаймыз.
- Дайын болған ұлттық нақыштағы сырға







## КӨҢІЛІМНІҢ СЫРЫ - МҰҚАҒАЛИ ЖЫРЫ

Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы,  
Ақпәтер ауылы, Ақпәтер орта жалпы білім беретін мектебі  
Амангелдина Айкөркем Бейбітқызы 6 - сынып  
Жетекшісі: Жумагазиева Балия Сарсенгалиевна

Бір халықтың мақтанышына айналған азаматтың өр тұлғасынан үлгі-өнеге алар асыл қасиеттер көбірек табылған сайын сол елдің мерейі өсе беретінін тарих талай дәлелдеген. Елдің мақтанышына айналған Мұқағали ақынның жұлдызы ерекше. Сезімтал жанды, өткір ойлы, асыл адам.

Менің осы шығармамды жазудағы ой-толғанысымды жандандырғандай болады. Мектеп қабырғасында ілулі тұрған жансыз бейнесіне ұзақ қарап

тұрып, Хантәңірінің биік шыңын, қазақ даласында қалықтаған ән әуенін естігендей боламын. Бұл менің асырып мақтауым емес. Мұқағали сияқты адамдар мәңгі өшпес тұлғалар.

Ол өмірден өтседе, қазақ халқының жүрегінде, киелі қазақ даласында шарықтап келеді.

«Соңында жоқтай алар ұрпағы барлар ғана ұлылар санатына қосыла алады. Енді, міне, ақынның қаламынан шыққан әр сөз, әр сөйлеміне үңіле қарап, өзімізше түсінуге тырысатын кезеңге біз де жеттік» деп Фариза Оңғарсынова айтқандай, Мұқағали атамның өлеңдерінен өмірінің күнделігін көруімізге болады. Ұлы Отан соғысы басталғанда Мұқағали өмірі балалықтың балын татпай, тұрмыс қиындығы, еңбектің тері, елдің мұңын көруімен ұласты.

Бала Мұқағали әжесі Тиынның алтын бесігінде тербеліп, елін, жерін, халқын сүюді үйренді. осындай өнегелі тәрбиесінің арқасында, кірін жуып, кіндігін кескен туған жері Қарасазды жырға қосуы осындай тәрбиеден болса керек.

Ол-өз ұлтын шексіз сүйді, ешқашан жағымпаздықты білмеді. Қоғамдағы келеңсіз жағдайларды шыңғырған шындықпен баяндап отырды.

Өзге басшылар сияқты дүние-байлық қумады. Ақынның ақиық жырлары ғана бар жиған-тергені болды.

Осындай рухы мол байлық қазақ баласына керек екенін әуелден білді. Көзі тірісінде бағаланбаған еңбегі түбінде жаңа ғасырмен аты жер жарып тұратынын білгендей болды.

Айтқандай-ақ, Мұқағали ата өлеңдері еріксіз ән салып кететіндей, құнды әндерге айналды.

Мен өзім аруақты ата өлеңін оқып отырып, жыл мезгілдерін адам өмірінің кезеңдерімен теңестіріп, көктемді балалық шақ, жазды жастық шақ, күзді есейген шақ, қысты кәрілік шақ деп қарастырады.

Ақының «Өмір сүрейік алмасып» өлеңінде ақын жаны табиғатпен астасады.

Жапырақ-жүрек, жас қайың!

Жанымды айырбастайын.

Сен адам бола бастасаң,

Мен қайың бола бастайын,

Келісесің бе, жас қайың?

Төбіреніске толы ақын жаны табиғаттың бір бөлшегіне айналғандай. Ақиық ақын өзінің жанын табиғаттың тамаша көркі-жас қайың жанымен ұштастырады. Жаңаша жақсылыққа толы өмірді тілейді.

Менің әжем-татар, әкем, анам-қазақ Мұқағали ата өлеңдерін әндетіп, өмірінен үлгі аларлықтай өнегелі сөздерін жиі-жиі айтып отырады. Ал, әжем атаның жырларын үнемі жаттап жүреді.

Мен өзімнің шығармамды қорыта отырып, ақын өлеңінен талай белестерде жұмбақ сырларды таба алатынымды айтқым келеді

Күйінішті, сүйінішті өлеңің,

Татып дәмін мен де өсіп келемін.

Өлген жоқсың, сен әрдайым тірісің,

Біздер үшін, қазақ деген пенденің! - деп сіздің маржан жырларыңыз мәңгі жасай беретіне мақтанамыз...

Қазақ даласының мақтанышына айналған рухыңа бас иемін...

\* \* \* \* \*

## МЕНИҢ ӘКЕМ – ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ЖАҚСЫ АДАМ

Хайнешева А.Айнұр Айғожақызы  
Ордабай бастауыш жалпы білім беретін мектебі  
Ордабай ауылы Казталов ауданы Батыс Қазақстан облысы

Менің әкем бар. Оның аты-жөні Хайнешов Айғожа Халелұлы. Менің әкем әлемдегі ең жақсы адам. Менің әкем біз үшін қатты уайымдайды және бізге өте қамқор болып жүр. Ол біз өскенде қиналмас үшін еңбек етіп жүр. Менің әкем өте еңбекқор адам. Әруақытта бар ақылын айтып отырады. Әр адамның да әкесі болу тиіс. Сонда ғана бала әкесінен үлгі алып, әкесіне ұқсау үшін барын салады. Соның тәрбиесін тәлімін алады. Сол үшін мен әкемді жақсы адам деп санап, үлгі тұтамын.



## ҚАЗАҚ ЕЛІ

Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы, Ақпәтер ауылы,  
Ақпәтер орта жалпы білім беретін мектебі  
Нариманова Асыл Ерланқызы 10 - сынып  
Жетекшісі: Даулетқалиева Ләззат Амантайқызы

Текті елдің ұрпағымыз талай баба қан кешкен,  
Ұлыңқызың бәріңді де батыр ана тербеткен.  
Бабаларымыздың шоқпарымен, аналарымыздың жанымен,  
Міне, бізді жарқын өмір тәуелсіз күнге жеткізген.  
Аруағына сиынам ата-бабам қан кешкен,  
Оқ жаудырған, қара күнді бастарынан өткізген.

Нәубет болып, талай қазақ жан тапсырды сол жерде,  
Жарқын өмір сыйлау үшін келер ұрпақ біздерге.

Соғыс деген жалмап өтті, тілсіз жауы секілді,  
Сапқа тұрды елі үшін барша қазақ ерлері.  
Қарша жауған оқтар келіп өр кеудесін тессе де,  
Қазақ ұлы жасымады, жеңіс туын бермеді.

Намыс кернеп шықты тіпті батыр ана, қыздар да,  
Қайтсін енді туған жерін бермеу үшін жауларға.  
Қарсы тұрды ермен қатар кеуделерін оққа ұстап,  
Ыза кернеп елі үшін қарсы шыққан жандарға

Қанша жанның жаны пида болды осы соғыста,  
Қанша бала, қанша бала жетім қалды сағына,  
Жалауын да желбіретіп, келіп жетті Жеңісім  
Ел тілеуі қабыл болды қазағымның бағына.

Соғыс, соғыс, атың мәңгі жоғалсын,  
Әр үйде қуаныш пен бақ орнасын.  
Қазағым биікке өрлеп дами берсін,  
Көк туым мәңгі аспанда жарқырасын!

\* \* \* \* \*

## ЖҰМБАҚТАР

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қошанкөл ауылы  
Гали Бегалиев атындағы орта жалпы білім беретін мектебі  
жанындағы 10 - сынып интернат оқушысы Хайнешова Гүлнұр Айғожақызы

Символы боп Астананың  
Қандай ағаш тұр гүлдеп?  
Армандарды орындаған  
Зәулім ағашты кім біледі? ( Бәйтерек)  
Бес жыл еңбек сіңірді,  
Қаншама ақша төгілді?  
Жария болып әлемге,  
Қандай көрме түрілді? (ЭКСПО-2017)  
Таудың төмен төрінде,  
Үлкен айдын салынды.  
Алматының төсінде,  
Бұл несімен әйгілі? ( Медеу мұзайдыны)  
Көкшетаудай қалада  
Екі қайың билеген.  
Сол қайыңды халықтар  
Қалай атауды қалады? (Биші қайыңдар)  
Ең алғаш құрып Орданы  
Ие болыпты беделге.  
Халықтың қалып есінде  
Хандықтың 550 жылдығы  
Ақ киізге көтерді  
Кімдерді санап өнеге? (Хандар)

\* \* \* \* \*



## МОЯ РОДИНА – КАЗАХСТАН

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қошанкөл ауылы  
Г.Бегалиев атындағы орта жалпы білім беретін мектебі  
8-сынып оқушысы Мухитова Аида Мержановна**

Ведь у меня есть ты –  
Красивый, словно ранняя весна,  
Там детством пахнут дикие цветы.  
Мой дом, моя судьба, Мой Казахстан! Абай Кунанбаев

Мой Казахстан, моя Родина, моя Отчизна! О, если бы знали, каким согревающим теплом наполняет душу, живо беря за сердце, эти родные и близкие слова!

Лишь раз воды у родника пригубишь,  
К нему всегда душой тянуться будешь.  
Всего лишь раз в родном лесу побудешь,  
К нему всегда тянуться будешь.  
И это все, покуда сердце бьется,  
Для нас так просто Родиной зовется!

Это и отчий дом, и мама, и родные необозримые поля с налитыми колосьями пшеницы, и березовые колки. Моей Отчизной является Казахстан.

У каждого человека есть фамилия, имя, отчество. А что является фамилией, именем, отчеством моей страны? Гимн, флаг, герб! Флаг голубого цвета означает мир и благополучие. Золотое солнце с лучами – покой и богатство. А парящий орел олицетворяет щедрость и зоркость, высоту помыслов.

Сколько доброго хочется сегодня сказать о своем Казахстане. Скоро моя Родина отметит юбилей – двадцатилетие независимости. За двадцать шесть лет независимости Казахстан получил всеобщее признание, занял достойное место в мировом сообществе. Во многом это стало возможным благодаря нашему Президенту. Он оправдал доверие народа. Я не перестаю удивляться тому, как славно уживаются в нашей стране люди разных национальностей, говорящие на разных языках, исповедующие разные религии. Я думаю, что неважно, на каких языках говорят дети Казахстана. Всех нас, независимо от цвета кожи и разреза глаз, объединяет чувство любви и благодарности родной земле. Люди стали больше интересоваться происходящим в государстве, выросло поколение молодежи с активной жизненной позицией. В истории Казахстана уже есть немало примеров, когда не по годам мудрая молодежь демонстрировала нежелание оставаться равнодушной к судьбе своей родины. Так было в декабре 1986 года, когда группа студентов пыталась остановить произвол властей и защитить интересы народа. Именно эти события стали мощным толчком для демократических преобразований. В жизни нашей страны шестнадцатое декабря останется навсегда Днем государственной независимости Республики Казахстан. А взаимопонимание и уважение друг к другу всех народов помогут сохранению мира и стабильности. Хочется, чтобы стабильность и дальше сопутствовала народу Казахстана.

Мы молодежь XXI века, верим, что нам удастся продолжить демократические преобразования, начатые нашими отцами. Я люблю свой народ, родную землю, бескрайнюю казахстанскую степь. Священная земля Казахстана будет жить и расцветать и без нас, а вот нам, духу нашему, без нее никогда не взлететь высоко.

Воистину: пока жива родная земля, живы и мы!

Мы перешагнули порог XXI века, перед нами необозримое будущее. И то, как будет развиваться суверенный Казахстан, зависит от нас. Хватит ли нам терпения, мудрости, знаний, опираясь на опыт предков, совершить преобразования, начатые отцами. Сможем ли мы сделать нашу Республику Казахстан демократическим, высокоразвитым государством? Время покажет. Но очень хотелось бы, чтобы мой народ и моя страна миновали все препятствия и Казахстан стал сильным, процветающим государством.

Моя Родина – это земля, на которой родился великий Абай. Этот человек сумел возвеличить Казахстан своим именем, которое признано мировой культурой.

«Традиции Абая – это традиции служения своему народу с полной отдачей своих сил и способностей», - писал Мухамеджан Каратаев. К его словам я хотела бы добавить, что возвеличивать Родину должен каждый человек, любящий ее.

\* \* \* \* \*

**Батыс Қазақстан облысы  
Казталов ауданы Қошанкөл ауылы  
Гали Бегалиев атындағы орта  
жалпы білім беретін мектебі  
жанындағы интернат оқушысы 6-сынып**

**Нұрланұлы Нұрсұлтан**

Салтымыз көп, тым ғажап,  
Жас ұрпақты шыңдамақ.  
Ауыл болып қуанар,  
Атқа мінсе, бір қазақ!



\*\*\*\*\*

### **MY FAVOURITE SEASON - AUTUMN**

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қошанкөл ауылы  
Г.Бегалиев атындағы орта жалпы білім беретін мектебі  
Қатысушы: 6-сынып оқушысы Айболатов Нұрдаулет Асқарұлы  
Жетекшісі: Браун Арайлым Шуриковна  
Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі**

Nature has its own twelve months of the year and the creation of four seasons combined. Each time enchanting beauty of their own. Decreased in the autumn sun, the night life. Solar heat is rarely seen. For example: winter feather-soft, pure white garments fun attractions, and streams of water flowing in the spring, the plant won a title shot trees bloom in the bud beads. Green carpet around the bed summer. In addition to a place for the fall weather - and congenial. Yes, the ancient city was different from my other seasons appearance in the midst of the fall came. Yellow leaves, cool weather, gloomy mood, dark brown cold wind characteristic of the autumn. Autumn abundance, wealth, prosperity months. Current cleared up head, a garden gathered, that time, when market of bird goes away. When autumn season came, we were glad. At school rings first ring. Met day with by friends, that not looked three month. At school by an autumn paid measures different business. Participating, when on initial read, to “Gold autumn to the weekly”, our the class possessed first to the place.

Nature by an autumn enters special to the melody. Leaves being yellow, red, green, brown rather yellow to dinner, that litter on the field, are dyed. Sun is not shining and very it's raining often. People autumn talk “colds autumn”, “black autumn” and “rain autumn”. Not and we him talk “Gold autumn”. Autumn a weather talks “brown autumn” to the soul comfortable time. She autumn first month September. Not and second month October people wind, moist, talks that time, when leaves go down much. Autumn last month November “half winter” or “ice names blacksmith”. My favourite season is autumn season. Because breathing, that in it autumn beautiful firmly liked the phenomena of nature to me.

\*\*\*\*\*

### **АУЫЛЫМ – АЛТЫН БЕСІГІМ. Эссе**

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қошанкөл ауылы  
Қамешова Ақерке 8-сынып оқушысы**

Ауыл – табиғаты әсем, ауасы таза мекен. Өз туған жерің – өзіңе ыстық. Менің ауылым мақтануға тұрарлық. Табиғаты әсем. Мал тоярлық шөптің шүйгіні, ат үйірі шапқанда мына шеті мен ана шетіне жетпес сар даласы, суы сылқылдаған өзені, тап-таза саф ауасы менің ғана ауылымда. Маған ауылымның әр мезгілі өзіндік ерекшелігімен есте қалады. Қысты күні шағылысқан көз қаратпас қарларымен, көктемде жаңа ғана еріп, сылдырлаған мөлдір суымен, жаз жайма шуақ күнімен, кей-кездегі аптап ыстығымен, күзде сарғайған сары алтындай жапырақтарымен санама ұялайды.

Ауылым күннен-күнге көркейіп келеді. Мектебім жақын арада жаңарды. Осы мектепте білім алып жүргеніме қуанамын. «Сәйгүлік» мұражайы, «Қарлығаш» бөбекжайы, емхана, дүкендер, «Жерұйық» мейрамханасы, мәдениет үйі, жаңарған мектеп – менің, ауылдастарымның мақтаншы. Жас достарым, өзіміздің ауылымыздың атын, «Қошанкөл» атауын қай жерде жүрсек те, асқақтатып жүрейік!

\*\*\*\*\*





## МЕН ТУҒАН МЕКЕНІМДІ СҮЙЕМІН



Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы  
Сарықұдық негізгі жалпы білім беретін мектебі  
4-сынып оқушысы Исмағұл Жұлдызай Жасұланқызы  
Пән мұғалімі: Құмарғалиева Раушан Ғаділқызы

Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық. Мақал

«Туған жер-алтын бесігім» дегендей туған жерсіз адамның күні жоқ. Туған жердің суы, ауасы, даласы, жусаны, бәрі-бәрі мен үшін ыстық. Алысқа кетсек, үйімізді, жерімізді сағынып, барған жерден елге қайтуға асығамыз. Осы туған жерімізде біздің балғын балалық шағымыз, мектептік өміріміз, өсіп-өркендеуіміз жалғасады. Аспана қалықтап ұшқан құстар, бүршік атқан ағаш гүлдері, самалда жері, күннің қызыл шапағаты, айналадағы өзен-көлдер, осылардың барлығы дерлік туған жерді құрайды. Бұл ұлы мекенде анамыз да, әкеміз де, бауырларымыз да, ата-әжелеріміз де ғұмыр кешуде. Міне, осы сипаттардың барлығы дерлік туған жерге арналған. Мен елімді, туған жерімді, ұлттық тілімді, қасиетті дінімді, ата-анамды, қоршаған ортаны, достарымды, ағайын-бауырларымды және білім нәрімен сусындатқан ұстазымды мақтан тұтамын.

Туған жер-адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенімен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да осы балалық шағымнан бастап-ақ менде Отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше немесе туған ауыл. Менің кішкентай Отаным-Сарықұдық ауылы. Мен үшін аса қымбат, аса қадірлі мекен. Туған жеріммен, киелі мекеніммен әрқашан мақтанамын. Ержетіп есейген кезде де жүрегімнің бір түкпірінде туған жерге деген сүйіспеншілігім мәңгі сақталады. Елімнің алдындағы перзенттік борышымды өтеуге әзірмін.

\* \* \* \* \*

### ЕЛІМ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІМ

Нәси Мейрамбек Мейірбекұлы  
Жетекшісі: Г.Ж.Ажуова

Ордабай бастауыш жалпы білім беретін мектебі  
Ордабай ауылы Казталов ауданы Батыс Қазақстан облысы

Менің елім Қазақстан. Мен Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы, Ордабай ауылында 2008 жылы дүниеге келдім. Менің ауылымның табиғаты өте әдемі, тамаша! Біздің өлкеде басқа ұлттар да бар. Біз олармен тату тәтті тұрамыз. Біздер бір-бірімізбен сыпайы, мейірімді сөйлесеміз. Алысқа кетсек те ауылымызды сағынамыз. Өйткені осы өлкеде жалаң аяқ топырақта құлын тайдай тебісіп өстік. Біздің халық қонақжай. Мерекелерді ұйымдасып, ауыл болып атап өтеміз. Ауылдың адамдары төрт түлік мал ұстайды. Әсіресе біздің өлкеде жылқы малы ерекше ұсталады. Одан қымыз алып, оны сусын ретінде және түрлі ауруларға емге шипа ретінде қолданады. Ауылымыздың қасында Көктерек деп аталатын демалыс орны бар. Арнайы мектеп оқушыларына ұйымдастырылған «Алау» лагері бар. Мен ауылыммен мақтанамын. Өскенде елге үлесімді қосамын деп ойлаймын.

\* \* \* \* \*

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы

Көпкүтір бастауыш мектебінің мектепалды даярлық

сынып оқушысы Сапар Аязбидің «Орман»

тақырыбындағы суреті

Жетекшісі: Мектепалды даярлық сынып  
тәрбиешісі Байбалина А.С





## МАЗМҰНЫ

1. Досетова Гулчехра Оразбековна
2. Мелдебекова Перизат Алшынбаевна
3. Саидова Айнур Майлибаевна
4. Саймова Ардақ Тимуровна
5. Қойшыбаева Алтын Боранбайқызы
6. Сарсенова Гүлмира
7. Б.Е. Искакова
8. Байгунакова Розагүл Гумаровна
9. Мерғалиева Гаухар Рысқалиевна
10. Алимбаева Гүлайым Зарипхановна
11. Қойшыбаева Алтын Боранбайқызы
12. Сарсенова Гүлмира
13. Лысенко М.А
14. Аханова Кулима
15. Ахметова Жанар Абаевна, Омарова Маржан Кайдарқызы
16. Глубоких Ольга Геннадьевна
17. Мадиева К.Қ.
18. Ныгметова Еркеш Нурдильдиновна, Калтаева Алия Алдановна
19. Хуанган Аягул, Мырзаканова Тогжан Мейіржановна
20. Жұмағұлова Шынар Абдуллақызы
21. Кулова Айнур Оразовна
22. Мәделханова Әйгерім Хұсайынқызы
23. Воробьев Борис Борисович
24. Имантаева Наталья Романовна
25. Возниковцева О.Н.
26. Боранова Алия Юсуповна
27. Мухамеджанова А.К.
28. Амантаева Райхан Данатаровна
29. Берсүгірова Нұрсұлу
30. Алағөзова Ардақ Жарылғапқызы
31. Сагинова Гулмира Орунбасаровна
32. Балахметов Есен Есілбайұлы
33. Джанзакова Гүлбану Каттибековна
34. Балкыбекова Бактыгүл Карамановна
35. Қанадбек Ғабит
36. Даукенова Раушангүл Төкеновна
37. Искакова Сауле Оразкановна
38. Мақаулова Айман Капасовна
39. Есенбаева Светлана Орынбаевна
40. Мырсеитова Алмагүл Секербаевна
41. Тлеуова Алима Есимхановна
42. Калиева Жазира Гизатовна
43. Есентаева Алтынай Алдибаевна
44. Азикенова Лаура Азикеновна
45. Жеткерген Сенім
46. Айтжанова Анаргүл Қойшықызы
47. Даулеткалиева Раушан Амантаевна
48. Иманалиева Айнур Талапқызы
49. Каженов Мирхан Сансызбаевич
50. Құспанова Гүлмира Қайнешқызы
51. Сарсекенов Айтқали Ибатович
52. Сейтова Гүлбану Жумашевна
53. Файзуллина Кулян Батырбековна
54. Габдуллина Гулдария Губашевна
55. В.С. Нсанбаева
56. А.Е.Базарова
57. Есекенова Айнур Болатқызы
58. Табылдиева Ботакөз Мирасқызы

59. Адиева С.З
60. Хамзина Жеміс Анесқызы
61. Ибатов Женис Ермекович
62. Сергалиева Мадина Қыдырғалиқызы
63. Козина Айгуль Васильевна
64. Мажекерова Нургуль Умурзаковна
65. Н.М.Рамазанова
66. Уалиденова Мирабәлла Уалиденқызы
67. Мухаева Зауре Мендихановна
68. Батаева Гүлнара Ғабитқызы
69. Браун Арайлым Шуриковна
70. Рысты Джаманбаева
71. Ильясов Ернар Аккалиевич
72. Табылдиева Шынар Насекеновна
73. Медетова Назерке Капиетоллиевна
74. Молдашева Л.Д.
75. Онгарова В
76. Байбалина Айнұр Серікқызы
77. Ибатова Н.Г
78. Каюпова Қ.Е
79. Тукина Гүлзахира Құрманғазықызы
80. Суюншқалиева Данагул Хамзиевна
81. Г.Б. СЕЙТКАЛИЕВА
82. Дуйсенова А.Ж
83. Отаров Н Х
84. Беккалиева Альмира Бакытжыновна
85. Беккалиева Альмира Бакытжыновна
86. Габдулов Д.А
87. Дузбаев Е.К.
88. Кайбалиева Фаузия Ғизатуллаевна
89. Майжанова А
90. Утешева Мензипа Амировна
91. Утешева Мензипа Амировна
92. Абдулкаримова Ляззат Махамбетовна
93. Жұбаньшкереева Ақтоты Сүйеуғалиқызы
94. Кайратова Гулнур Кайратовна
95. Өзенбаев Спартак Насиболлаұлы
96. Оңдасынов Тілекжан Табылдыұлы
97. Бахитова Гаухар Дилманқызы
98. Ерекешева Назгүл Темірболатқызы
99. Алипова Шара Жанаевна
100. Досалиева Гульдария Абаевна
101. Оразаева Алия
102. Садырова Айгерім
103. Атауова Жұмагүл Кенжеғалиқызы
104. Муканова Лариса Сериковна
105. Нұптығалиева Раушан Беккабыловна
106. Кушекенова Алтынай Талаповна
107. Майжанов Айбек
108. Темиргалиева Гульфайруз Тилегеновна
109. Жумасейтова А.С.
110. Сарсенбаев Ж.Б
111. Орынғалиев Үміткер Жұмакелдіұлы
112. Байжанов Қайырлы Сағындықұлы
113. Жұбаньшкереева Маржан Серікқызы

## Оқушылар

1. Зиенгалиева Толганай Сериковна
2. Талгатов Канат Талгатович
3. Хабаров Ерсин Турсынгалиевич
4. Азамат Рафаэльұлы
5. Айтжан Айару Дидарқызы
6. Асылбеков Аңсар Айбарұлы
7. Бақытжан Гүлназ Әлібекқызы
8. Ғылымбеков Нұрлыбек Ғылымбекұлы
9. Жасболат Дильназ Әлібекқызы
10. Жұмагелді Әлинұр Асылбекұлы
11. Мұхамбетов Оралхан Өтемісұлы
12. Нұрланұлы Дәулет
13. Өтеген Айболан Еркебұланұлы
14. Сағидоллина Динара Рафхатқызы
15. Тілеген Диас
16. Фатима Алтынбекқызы
17. Жумалиев Даурен Айбекович
18. Кожаева Амина Адиевна
19. Сатым Сезім Кенжеғалиқызы
20. Қайырғалиева Гүлсезім Дастанқызы
21. Есенгелдина Айзере Еділбекқызы
22. Амангелдина Айкөркем Бейбітқызы
23. Нариманова Асыл Ерланқызы
24. Хайнешова Гүлнұр Айғожақызы
25. Мухитова Аида Мержановна
26. Нұрланұлы Нұрсұлтан
27. Айболатов Нұрдаулет Асқарұлы
28. Қамешова Ақерке
29. Кожаева Амина Адиевна
30. Жумалиев Даурен Айбекович
31. Исмағұл Жұлдызай Жасұланқызы
32. Сапар Аязби
33. Нәси Мейрамбек Мейірбекұлы